

P2018
521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮНГІНШІ ПРЕЗИДЕНТІ - Е.НАСЫРҒЫН ҚОРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИАЛЫҚ КЕҢЕСІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Ғылыми-практикалық түсіндірме



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Ғылыми-практикалық түсіндірме

Астана
2018

ӘОЖ 342 (035.3)

КБЖ 67.400.1

Қ 18

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры
Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі**

Редакциялық алқа:

Жетекшісі – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті –
Елбасының Қоры Атқарушы директорының орынбасары,
заң ғылымдарының докторы, профессор

И.И. Рогов

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің

Қ.Ә. Мәми

Төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор

М.Б. Бекетаев

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі,

В.А. Малиновский

заң ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің экс-мүшесі,

С.Н. Сәбікенов

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының

академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі,

У. Шапак

заң ғылымдарының докторы, профессор

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

Б.М. Нұрмұханов

Аппаратының басшысы, заң ғылымдарының кандидаты

М. Мұртазин

Конституциялық Кеңес Аппаратының бас консультанты

Жұмыстарды үйлестіру және Қазақстан Республикасының
Конституциясына түсіндірмені топтастыру жөніндегі кеңесші
(Үйлестіруші), заң ғылымдарының докторы, профессор

Е.М. Абайділинов

Қ 18 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме.

– Астана, 2018. – 664 б.

ISBN 978-601-06-4945-3

«Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме» монографиясын шығару қажеттігі елімізде 2015 жылы басталған ірі өзгерістерге, атап айтқанда, 2017 жылғы конституциялық реформаға сәйкес мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлуге, жаңа заңдар қабылдануына және «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру бойынша қолданыстағы құқықтық актілерге түзетулер енгізілуіне, өзге де түрлендірулерге байланысты туындады.

Монографияны Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының, Президент Әкімшілігінің, Парламент Палаталарының, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың, өзге де орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметкерлерінен, сондай-ақ конституциялық құндылықтарды іске асырумен тікелей айналысып жүрген отандық және шетелдік ірі заңгер-ғалымдардан, тәжірибелі практиктерден құралған авторлық ұжым дайындады.

Түсіндірмеде жаңа заңнама мен заманауи заң теориясы ескеріле отырып, Конституция құндылықтарының, ережелері мен нормаларының ғылыми-құқықтық мазмұны ашылған.

Кітап конституционализм, қолданыстағы заңнама және оларды қолдану практикасы мәселелерімен қызығатын кең оқырман қауымына арналған.

ӘОЖ 342 (035.3)

КБЖ 67.400.1

ISBN 978-601-06-4945-3

© Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры, 2018

© Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, 2018

© Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, 2018

Конституция баптарына түсіндірменің авторлары:

- Айтқожин Қ.К.* – 5 (*Ө.Ш.Жалаиримен* тең авторлықта);
Артемяева Е.А. – 18 (*Ұ.М.Стамқұловпен* тең авторлықта);
Арутюнян Г.Г. – 17;
Асанов Ж.Қ. – 83;
Әбдірахманов Қ.Қ. – 8;
Әбішев Х.Ә. – 21;
Әлібаева Г.А. – 88;
Байбек Б.Қ. – 87;
Байділдинов Д.Л. – 31, 38;
Балтабаев Қ.Ж. – 13;
Бекетаев М.Б. 64 – 70;
Белоруков Н.В. – 39;
Біртанов Е.А. – 29;
Бычкова С.Ф. – 14;
Вельчев Б. – 15;
Дауылбаев А.Қ. – 16;
Дәуленов М.М. – 30 (*Т.М.Нәрікбаевпен* тең авторлықта);
Донақов Т.С. – 40;
Дүйсенев Е.Е. – 3;
Дүйсенова Т.Б. – 28;
Ермекбаев Н.Б. – 22;
Жайылғанова А.Н. – 23;
Жақаева Л.С. – 90, 91 (*М.А.Сәрсембаевпен* тең авторлықта), 92,98;
Жалаири Ө.Ш. – 5 (*Қ.К.Айтқожинмен* тең авторлықта);
Жанұзақова Л.Т. – 89;
Жұмақанов В.З. – 36;
Имашев Б.М. – 41, 51, 52;
Исекешев Ә.Ө. – 85;
Қасымбеков М.Б. – Кіріспе, 9;
Қасымов Қ.Н. – 34;
Қаудыров Т.Е. – 6;
Қожамжаров Қ.П. – 35;
Құл-Мұхаммед М.А. – 7, 93;

- Малиновский В.А.* – 44 (*Р.Ж.Мұқашевпен және Д.Қ.Мыңбаймен тең авторлықта*) 45,46 (*Ә.А.Темірбековпен тең авторлықта*), 94, 94-1;
Мәми Қ.Ә. – 75– 80;
Меркель И.Д. – 11;
Мұқашев Р.Ж. – 44 (*В.А.Малиновскиймен және Д.Қ.Мыңбаймен тең авторлықта*);
Мұхамедиұлы А. – 37;
Мұхамеджанов Б.Ә. – 42, 43, 47, 48;
Мыңбай Д.Қ. – 44 (*В.А.Малиновскиймен және Р.Ж.Мұқашевпен тең авторлықта*);
Назарбаева Д.Н. – 27;
Нәрікбаев Т.М. –30 (*М.М.Дәуленовпен тең авторлықта*);
Нығматулин Н.З. – 50, 53, 56, 57, 59, 61;
Нұрмағамбетов А.М. – 24;
Нұрмұханов Б.М. – 25;
Папуашвили Г. – 26;
Рақышева Ә.Ф. – 10;
Рогов И.И. –71-74;
Сәбікенов С.Н. – 1;
Сәбитова А.Ә. – 32;
Сәрсембаев М.А. – 91 (*Л.С. Жақаевамен тең авторлықта*), 95;
Сартаев С.С. – 2;
Смолин А.С. – 82;
Стамқұлов Ұ.М. – 18 (*Е.А.Артемяевамен тең авторлықта*);
Темірбеков Ә.А. – 46 (*В.А.Малиновскиймен тең авторлықта*), 19;
Тоқазев Қ.К. – 49, 54, 55, 58, 60, 62, 63;
Ударцев С.Ф. – 4;
Федотова З.Л. – 33;
Хабриева Т.Я. – 81;
Шәкіров А.О. – 12;
Шапак У. – 20;
Шәріпова З.Т. – 96, 97.

Қабылданған қысқартулар:

ҚР – Қазақстан Республикасы;

1995 жылғы ҚР Конституциясы – Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған;

1993 жылғы ҚР Конституциясы – Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған;

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан;

«100 нақты қадам» – Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы;

Қазақстан – 2030 – Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына 1997 жылғы Жолдауы;

Мемлекеттік егемендік туралы декларация – 1990 жылғы 25 қазандағы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация;

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;

ҚР Президентке уақытша қосымша өкілеттік беру туралы заңы – «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы;

2011 жылғы 2 ақпандағы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңы;

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңы;

Қазақстан Республикасының Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 15 маусымдағы Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 15 маусымдағы Конституциялық заңы;

Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 3 шілдедегі ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 3 шілдедегі Конституциялық заңы;

Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 3 шілдедегі ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы;

Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 11 шілдедегі ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 11 шілдедегі Заңы;

Президент туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңы;

Тұңғыш Президент – Елбасы туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 20 шілдедегі Конституциялық заңы;

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Конституциялық заңы;

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы Конституциялық заңы;

Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңы;

Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және

судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы;

Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы;

Республикалық референдум туралы ҚР Конституциялық заңы – «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы Конституциялық заңы;

Мемлекеттік рәміздер туралы ҚР Конституциялық заңы – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы Конституциялық заңы;

АХҚО туралы ҚР Конституциялық заңы – «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңы;

ҚР АҚ – «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Кодексі;

ҚР АҚ (ерекше бөлім) – «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Кодексі;

ҚР ҚК – «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі;

ҚР ҚПК – «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Кодексі;

ҚР ҚАК – «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі;

ҚР АПК – «Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Кодексі;

ҚР ӘҚТК – «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі;

ҚР Жер кодексі – «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексі;

ҚР Орман кодексі – «Қазақстан Республикасының Орман кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Кодексі;

ҚР Су кодексі – «Қазақстан Республикасының Су Кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексі;

ҚР Экологиялық кодексі – «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексі;

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі – «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі;

ҚР Еңбек кодексі – «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Кодексі;

ҚР Кәсіпкерлік кодексі – «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кодексі;

ҚР Салық кодексі – «Салық және бюджетке төленетін басқа да

міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі;

ҚР Бюджет кодексі – «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексі;

ҚР Халық денсаулығы туралы кодексі – «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі;

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ҚР Заңы – «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы;

Тұрғын үй қатынастары туралы ҚР Заңы – «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңы;

Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы ҚР Заңы – «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Заңы;

Азаматтық туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы;

Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы ҚР Заңы – «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңы;

Қоғамдық бірлестіктер туралы ҚР Заңы – «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңы;

Коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚР Заңы – «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңы;

Саяси партиялар туралы ҚР Заңы – «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңы;

Кәсіптік одақтар туралы ҚР Заңы – «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 27 маусымдағы Заңы;

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы ҚР Заңы – «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңы;

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңы – «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы;

Кәсіпкерлер палатасы туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңы;

Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР Заңы – «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы;

Ақпараттандыру туралы ҚР Заңы – «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңы;

Өзін-өзі реттеу туралы ҚР Заңы – «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңы;

Прокуратура туралы ҚР Заңы – «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 маусымдағы Заңы;

Адвокаттық қызмет туралы ҚР Заңы – «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы;

Нотариат туралы ҚР Заңы – «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңы;

Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңы;

Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы ҚР Заңы – «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы;

Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы;

Ішкі істер органдары туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы;

Тұрғын үй қатынастары туралы ҚР Заңы – «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңы;

Парламенттің комитеттері мен комиссиялары туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңы;

Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 17 қарашадағы Заңы;

Тіл туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы;

Нормативтік құқықтық актілер туралы ҚР Заңы – «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы;

Ұлттық қауіпсіздік туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңы;

Жедел-іздістіру қызметі туралы ҚР Заңы – «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы;

Мемлекеттік шекара туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы Заңы;

Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңы – «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы;

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы ҚР Заңы – «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңы;

Мемлекеттік бақылау туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы;

Мемлекеттік қызмет туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңы;

Әкімшілік рәсімдер туралы ҚР Заңы – «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы;

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы;

Дипломатиялық қызмет туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңы;

Төтенше жағдай туралы ҚР Заңы – «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңы;

Соғыс жағдайы туралы ҚР Заңы – «Соғыс жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 наурыздағы Заңы;

Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңы;

Қайырымдылық туралы ҚР Заңы – «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы;

Мәдениет туралы ҚР Заңы – «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы;

Астананың мәртебесі туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңы;

Білім туралы ҚР Заңы – «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңы;

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР Заңы – «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы;

Құқық қорғау қызметі туралы ҚР Заңы – «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы;

Халықтың көші-қоны туралы ҚР Заңы – «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы;

Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы – «Терроризмге

қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы;

Азаматтық қорғау туралы ҚР Заңы – «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңы;

Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы;

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы ҚР Заңы – «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңы;

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы ҚР Заңы – «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңы;

2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасы – Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы;

Парламент Регламенті – «Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 жылғы 20 мамырдағы қаулысы;

Сенат Регламенті – «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламенті» Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 1996 жылғы 8 ақпандағы Қаулысы;

Мәжіліс Регламенті – «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті» Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1996 жылғы 8 ақпандағы Қаулысы;

Үкімет Регламенті – «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы Қаулысы;

АҚЖД – «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы № 217 А (III) резолюциясымен қабылданған;

АСҚХП – Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы № 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданған, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 Заңымен ратификацияланған;

ЭӘМҚХП – Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы № 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданған, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы №87 Заңымен ратификацияланған;

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы;

БҰҰДБ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы;
ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым;

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;
ЕАЭО – Еуразиялық Экономикалық Одақ;
БҰҰБК – Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры;
ХЕҰ – Халықаралық еңбек ұйымы;
ҚР ОСК – Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы;
ҚР ӘМ – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
ҚР КК – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі;
ҚР ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;
ҚР БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;
ҚР ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі;
ҚР Есеп комитеті – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті;

ҚР Ұлттық банк – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
ҚР ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;
ҚР ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы;
ҚР ЖСК – Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі;
ҚР ҰҒА – «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі;

ҚР ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар;
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;
ҚР ККҚ – Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы;

ҚР ККҚҚ – Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қосымша қаулысы;

ҚР ККНҚ – Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулысы;

ҚР ЖСНҚ – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы;

б., т., т.), бөл. - бап, тармақ, тармақша, бөлік.

Нормативтік құқықтық актілер, халықаралық шарттар, 2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасы және басқа да құжаттар «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Ақпараттық-құқықтық жүйесі («Әділет» АҚЖ) бойынша беріледі.

ҚР Конституциялық Кеңесінің шешімдері сондай-ақ Конституциялық Кеңестің <http://www.ksrk.gov.kz/> ресми сайтында орналастырылады.

Қолданыстағы құқық көздері 2017 жылғы шілдедегі жағдай бойынша берілген.

Оқырманға

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы ұлттық саяси-құқықтық жүйенің тірегі, еліміздің мемлекеттік пен егемендігінің, қолданыстағы заңнама мен құқық қолдану практикасының, заңдылық пен құқықтық тәртіптің құқықтық негізі болып табылады.

Халық тілегін білдіре отырып, жиырма жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің жемісті дамуының берік іргетасы болды.

Негізгі Заң қағидаттарын қатаң сақтау және Республиканың Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздіктің жарқыраған таңында терең ойланып, пысықталған конституциялық процестің әдістемесі арқасында Қазақстан тарихи өлшем бойынша қысқа мерзім ішінде егеменді және тең құқылы қуатты мемлекет ретінде танылып, әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруі жөніндегі «Қазақстан - 2050» стратегиясының негізгі мақсатына қол жеткізу үшін алға жылжуда.

Өз кезегінде, Республика Конституциясы қатып қалған құжат емес, қоғамдық қатынастарды конституционализациялаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ете отырып, қажетті саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да жағдайлардың пісіп жетілу шамасына қарай қазіргі сынақтар мен трендтерге сәйкес түзетулерге ұшырайды.

Осылайша, Негізгі Заңның серпінділігі мен орнықтылығы арасында қажетті теңгерімге қол жеткізіледі; оның жасампаздық мүмкіндіктері кезең-кезеңімен барынша кеңінен ашылады; азаматтар мен мемлекеттік органдарға оның қажеттілігі өзектілендіріледі.

2017 жылғы конституциялық реформа тарихи шарттылықтың, қатаң жүйеліліктің, жан-жақты ғылыми және кең халықтық сараптаманың талаптарын кезекті рет іске асырған кезекті ауқымды түрлену болды. Ол мемлекет пен қоғамның саяси-құқықтық дамуында жаңа парақты ашты.

2017 жылғы 10 наурызда Республиканың Президенті ағымдағы жылы 6 наурызда Республика Парламенті қабылдаған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

Мемлекет басшысының өтініші бойынша Конституциялық Кеңес аталған Заңның ережесін Конституцияға сәйкестігіне қарады және ол

Негізгі Заңмен келіседі және оның негіз қалаушы идеялары мен институттарын дамытады деп қаулы етті.

Реформаның мәні президенттік басқару нысаны шеңберінде Президент, Парламент және Үкімет арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу, елдегі істердің жай-күйіне мемлекеттік билік тармақтарының дербестігін және жауапкершілігін арттыру, конституциялық бақылауды күшейту, ерекше қорғалатын конституциялық құндылықтарды, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін нығайту, құқық қорғау және жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйесінің негіздерін жаңғырту болып табылады.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына қазақстандық ғалымдар және қарапайым адамдармен қатар біздің еліміздің шетелдік серіктестері де жоғары баға берді.

Еуропа Кеңесінің құқық арқылы демократия үшін Еуропа комиссиясы (Венеция комиссиясы) өзінің 110 – пленарлық сессиясында қабылдаған қорытындыда Қазақстандағы конституциялық өзгерістер мемлекетті демократияландыру процесіндегі алға басылған қадам деп атап өтті. Реформа елдің одан ары дамуына дұрыс бағыт береді және айқын ілгерілеуінің куәсі болып табылады. Комиссия пікірінше, тұтас алғанда Парламенттің және атап айтқанда Парламент Палаталарының рөлін арттыру, Республика Президентінің кейбір қызметтерін Үкіметке беру, оның Парламентке есеп беруі және бақылауында болуын күшейту 1998 және 2007 жылдары жүргізілген конституциялық реформалардың логикасына сәйкес келетін оң өзгерістер болып табылады.

ҚР Конституциясына түсіндірмені әзірлеуде алғаш рет қазақстандық авторлармен қатар Венеция комиссиясының Президенті Джанни Букиккио, Венеция комиссиясының мүшелері мен сарапшылары Г. Арутюнян, Б. Вельчев, Г. Папуашвили және Т. Хабриева ат салысты.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Конституцияның 25 бабына (2, 4, 10, 39, 41, 44, 45, 49, 53, 55, 57, 61, 64, 66, 67, 70, 72-74, 79, 81, 83, 86, 87, 91 – баптары) түзетулер енгізілді. Аталған өзгерістер мен толықтырулар конституциялық құндылықтар мен Республика қызметінің негіз қалаушы қағидаттарын жаңа мазмұнмен толықтырды.

Заңға жасалған жүйелі талдау көрсеткендей, түзетулер өз жиынтығында өзгерген нормалардың мазмұнын айқындап қана қоймайды, сонымен бірге бірқатар жағдайларда түзетуге ұшырамаған Конституцияның ережелері мен нормаларының құқықтық мәнін жаңартады.

Заң новеллаларын тиісті іске асыру мақсатында Мемлекет басшысы елдің қолданыстағы құқығының бүкіл ауқымын жаңартылған Конституцияға сәйкес келтіру бойынша міндеттер қойды. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы» Қазақстан Республикасы

Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы №437 Жарлығында уәкілетті мемлекеттік органдарға заңнамалық, ұйымдастырушылық және өзге де шаралар қабылдау тапсырылды.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, Конституциялық Кеңес және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі шығаратын Қазақстан Республикасының Конституциясына осы ғылыми-практикалық түсіндірме Негізгі Заңның жанарған мазмұнын ашып көрсетеді және жаңа конституциялық болмысты ескере отырып, оның ережелері мен нормаларын кешенді талдауға негізделеді, бұл оларды дұрыс түсініп, орындалуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

**И. Рогов – Қазақстан Республикасы
Тұңғыш Президенті –
Елбасының Қоры Атқарушы
директорының орынбасары**

Кіріспе

Венеция комиссиясы жиырма жылдан астам уақыт бойы Қазақстанмен ынтымақтасып келеді. Сіздің еліңіз 1998 жылдан бастап қадағалаушы мәртебесі бар ел ретінде танылса, 2012 жылдан бастап сіз тең құқылы мүше ретінде комиссияға кірдіңіз. Бұл әрекет Қазақстан билігінің Комиссиямен бірге маңызды реформалар бойынша жұмыс істеу ниетін растады. Осы жылдар ішінде Венеция комиссиясы Қазақстанмен белсенді ынтымақтастық қарым-қатынас жасады және біз жұмыспен бірге сондай-ақ достық, сенім мен өзара түсіністікке негізделген, жалпы мүдделерге қол жеткізетін екіжақты келісімді орнаттық.

Қазақстан өзінің егемендігіне қол жеткізгеннен бастап халықаралық стандарттар мен еуропа елдерінің озық тәжірибелеріне негізделген өз заңнамасын құруға және жаңғыртуға бағытталған бірқатар маңызды реформаларға бастамашылық жасады. Мен Венеция комиссиясы секілді институттар Қазақстанды және оның институттарын демократияландыруға бағытталған реформалар жүргізу жолында елге көмек көрсете алады деп есептеймін. Әрине, жоғарыда атап көрсетілген стандарттарды іске асыру бойынша біздің көзқарасымыз үнемі бір жерден шықпайтыны шындық; бірақ, түптеп келгенде, біздің тұрақты диалогымыз Қазақстанның конституциялық – құқықтық базасын еуропалық стандарттарға барынша жақындатуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Біз жұмыс атқарып отырған мәселелер саны күн сайын өсуде. Венеция комиссиясына 2007 жылдан бастап бірнеше заңнамалық актілер бойынша өз пікірін білдіру ұсынылды. Бірінші пікір 2007 жылы Омбудсмен туралы заңнама бойынша әзірленді. 2009 жылы Конституциялық Кеңес бізге Белоруссия, Ресей Федерациясы және Қазақстан арасындағы Кеден одағы актілерінің заңдық күші туралы сұрау салды. Комиссия 2011 жылы ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ-мен ынтымақтастықта «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң бойынша қорытынды берді. 2016 жылы Судья этикасы кодексінің жобасы бойынша пікірін білдірді.

Қазақстан үкіметі Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы бойынша қорытынды дайындау туралы Венеция комиссиясына 2017 жылғы ақпанда өтініш білдірген кезде бұл сындарлы диалог қосымша серпін алды.

1995 жылы қабылданған кезден бастап Қазақстанның Конституциясы қазіргі мемлекеттік құру үшін тұрақтылық пен берік негізді қамтамасыз етті, және біз Қазақстандағы егемендік алған күннен бастап қол жеткізген маңызды прогресті көріп тұрмыз. Бірақ күштердің тепе-теңдігі, адам және тәуелсіз сот органдарының құқықтарын пәрменді және тиімді қорғауға қатысты бірқатар маңызды мәселелер, бұрынғыша конституциялық күн тәртібінде қалуда. 2017 жылғы конституциялық реформа соңғы 20 жыл ішіндегі үшінші болып табылады. Ол 1998 және 2007 жылдардағы конституциялық өзгерістер логикасын жалғастырады және Президент, Үкімет өкілеттіктерінің арасында ең үздік теңгерімге қол жеткізуге бағытталған. Сондай-ақ, ол Конституциялық Кеңеске қабылданғанға дейін референдумға ұсынылуы тиіс конституциялық түзетулер мен мәселелер жобасын зерделеуге мүмкіндік берді. Бұл конституцияны және конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қорғауды арттыруда жасалған маңызды қадам ретінде қаралуы тиіс.

Біз, конституциялық түзетулердің қайта қаралған мәтінін Венеция комиссиясына сұрау жасалғаннан кейін бір айдан соң Парламент өте жылдам қабылдағандықтан, әзірлеушілерге Комиссия пайымы бойынша ұсыныстарды қарау үшін уақыттың жетпей қалғанына өкініш білдіреміз.

Қабылданған мәтінде оң баға берілген жобаның бірқатар ережелері өзгеріссіз қалдырылды. Өзгертілген Конституция заңды күші бар жарлықтар шығару құқығының күшін жоюды қоса кейбір президенттік өкілеттіктерді қысқартты. Сонымен бірге баяндамашылар айтқан кейбір маңызды сыни ескертулер назардан тыс қалды. Президенттің қандай заңдар басым болуы тиістігін анықтау бойынша өкілеттілігін алып тастау туралы пікірге қатысты ұсыныс ескерілмеді. Прокуратура және оның өкілеттіктерін толық сипаттау осы мекемеге жалпы сілтеме жасаумен ауыстырылды; бірақ жаңа мәтін бұрынғыша оның қадағалау өкілеттілігіне жатады, сондықтан аталған ұсыныс күшінде қалады. Болашақта Конституцияны реформалаудың кез-келгеніне пайдалы болатын басқа да ескертулер бар.

1990 жылы құрылған кезден бастап Венеция комиссиясы өз конституцияларын әзірлеу бойынша көптеген елдермен бірлесіп жұмыс істеді. Комиссия әуел бастан-ақ мұның елдерге конституция қабылдауда және олардың жалпы стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуде көмек көрсету үшін жеткіліксіз болатынын білді. Егер практикада қолданылмайтын болса, дайындалған бап өзі басып шығарылған қағазға сәйкес келмейді.

Сондықтан, мен жаңа конституциялық мәтінде осы түсіндірмені жарыққа шығару қажеттігін қолдаймын, бұл, сөз жоқ, оның ережелерін жақсы түсінуге және дұрыс іске асыруға көмектеседі. Оның үстіне, осы түсіндірме оны еуропа стандарттары мен озық тәжірибеге жақындататын болашақ конституция реформаларын әзірлеуде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Қазақстанның демократия жолында жасауы тиіс әлі де маңызды қадамдар бар. Демократия жағдайында тұрақтылық қоғамды ілгері жылжыту мақсатында ашық пікірталастар, саяси диалогтар және идеялармен

алмасу арқылы толықтырылуы және нығайтылуы тиіс. Қазақстан осы жолда одан әрі прогреске қол жеткізетініне сенімдімін. Венеция комиссиясы оның конституциялық-құқықтық базасын одан әрі жетілдіруге бағытталған реформалау процесін жалғастыру үшін Қазақстанға көмектесуге дайын.

**Д-р Джанни Букиккио,
Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін
Еуропалық комиссиясының
(Венеция комиссиясының) президенті**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

(1998 жылғы 7 қазандағы № 284-I, 2007 жылғы 21 мамырдағы №254-III және 2011 жылғы 2 ақпандағы № 403-IV Қазақстан Республикасының заңдарымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен)

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз.

Негізгі Заңның кіріспесі: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» деген сөздерден басталады.

Біздің халқымыздың ділі мен құқықтық дәстүрлері жан-жақты ескерілген Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспе бөлігі маңызды саяси – идеологиялық рөл атқарады әрі Негізгі Заң мәтінінің мәнін түсіну үшін елеулі маңызға ие.

Кіріспе Конституцияның және тиісінше бүкіл заңнаманың ортақ логикасын айқындайды. Нақ сондықтан да, көптеген заңгерлердің пікірінше, «кіріспені өзгерту – елдің бағыт-бағдарын өзгерту.

Кіріспе Қазақстан Республикасы мемлекетінің, оның егемендігінің, тәуелсіздігі мен конституциялық құрылысының өзегі Қазақстанның халқы болып табылатындығын белгілеп береді. Әрі мұның өзі кездейсоқ емес. 1995 жылғы 30 тамызда болып өткен республикалық референдумның барысында-ақ Конституцияны қабылдау үшін азаматтардың 89,14% дауыс беріп, Негізгі Заңның толық мағынадағы «халықтық Конституция» болып табылатындығын дәлелдеп берді.

Сонымен бірге, бұл басты тарихи оқиғаның алдында қиын әрі қауырт жұмыс атқарылды, оған елдің таңдаулы құқықтанушылары атсалысты. Осымен бір мезгілде өзге мемлекеттердің конституциялары мақсатты түрде оқылып, зерттелді. Мемлекет басшысының жеке өзі әлемнің 20-дан астам елінің конституцияларын оқып және сараптап шықты. Бүкілхалықтық талқылаудың барысында 30 мыңнан астам ұсыныстар мен ескертулер келіп түсті, 1100-ден аса түзетулер мен толықтырулар енгізілді.

Сол арқылы Конституция тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының заңды қорытындысы әрі бір мезгілде Қазақстан қоғамын жаңғыртудың өзегі болды. Негізгі Заң түпқазық етіп ажырамас құқықтарымен қоса адам мен азаматты алды, оның шын мәніндегі сөз және ар-ождан бостандығына кепілдік берді, өз ережелерінде жаппай танылған демократиялық құндылықтарды бекітті.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен әзірленген Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы Қазақстан табысының аса маңызды факторы болды деп сеніммен айтуға болады. Конституция экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістер үшін берік іргетас бола отырып, мемлекет пен қоғамда болып жатқан барлық процестерді жандандырды.

Осы орайда Қазақстанның Негізгі Заңы қатып қалған нәрсе емес, жанды, шығармашылық құжат болып табылатыны маңызды, қоғам соның аясында уақыт талабына жауап беретін құқықтық және әлеуметтік инновацияларды одан әрі дамыта түсуі тиіс.

Осы мағынада Кіріспенің сөздері бүкіл Конституция үшін халықтың еркіне сай бағыт береді.



І Бөлім
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

1.1. Егеменді мемлекет – Қазақстанның басқару формасы Республика болып табылады. Басқарудың республикалық формасы бойынша, қоғамдағы мемлекеттік билік демократиялық жолмен халық сайлаған жоғары және жергілікті өкілді және атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарапынан жүзеге асырылады.

Конституцияның осы бабында жазылған «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деген ұғымға айрықша мән берген жөн. Осы конституциялық бап бізді мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына бағыттайды. Бұл дәрежеге жету үшін мемлекет дамудың ұзақ эволюциялық жолын жүріп өтуі қажет.

Қазақстанда демократиялық, құқықтық мемлекетті қалыптастыру процесі әлеуметтік, экономикалық, саяси, заң және өзге де кепілдік жүйелерін құру арқылы конституциялық қағидалардың заң мен сот алдындағы тепе-теңдігін, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігін қамтамасыз ету дегенге меңзейді. Өзіміз құрып жатқан заманауи демократиялық құқықтық мемлекет – азаматтық қоғамды қалыптастыруды қажет етеді. Онда түрлі қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар өзара бірігіп әрекет етеді. Онда ешқандай идеология ресми мемлекеттік идеология түрінде орныға алмайды. Құқықтық демократиялық мемлекеттегі саяси өмір идеологиялық, саяси саналуандылық (плюрализм), көппартиялық негізінде құрылады. Сондықтан демократиялық құқықтық мемлекетті қалыптастыру

жолдарының бірі жеке тұлға мен мемлекет арасында маңызды тізбек ретіндегі, адам құқығы мен еркіндігінің көп бөлігі жүзеге асырылатын, саяси плюрализм қағидаларын бекітетін азаматтық қоғам қалыптастыру болып табылады.

Тұрғындардың салыстырмалы түрдегі ортақ жоғары мәдениеті демократиялық құқықтық мемлекет құрудың міндетті алғышарты. Халық мәдениетінің анағұрлым жоғары деңгейі білім жүйесі мен тәрбие, әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қамту, ғылым мен өнер, көркем шығармашылықты дамытумен байланысты. Сондай-ақ оған адамдардың өзара сыйластығы, зиялылығы, парасаттылығы, қайырымдылығы, адалдығы, жеке тұлғаның, ең алдымен оның рухани жан дүниесінің жан-жақты дамуы кіреді. Мәдениеттің, яғни өркениетті қоғам өзегінің қайта жаңғыруы мен дамуы – демократиялық құқықтық мемлекет құрудың алғышарты.

Атап айтқанда, Елбасының еліміздің халқына арналған 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында баяндалған іргелі идеялар және әр қазақстандық азаматтың және жалпы қоғамның бәсеке қабілеттілігін арттырудың негізгі шарты ретінде қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі шараларға арналған.

Біз Қазақстанда құрып жатқан құқықтық мемлекет ұғымын адам құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ету аясында әрекет етіп, дамитын биліктің ашық формасы деп түсіну керек. Құқықтық мемлекет билікті құқықпен шектеу дегенді білдіреді. Мемлекет пен құқықтың арасалмағы мәселесін шешкен кезде, басымдық құқыққа беріледі.

Демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды факторы – ел экономикасы дамуының жоғары деңгейі мен тұрғындардың материалдық жағынан қамтылуы. Экономикалық даму деңгейі төмен, халқы әлеуметтік жағынан жеткілікті қорғалмаған кедей елде демократиялық, құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Сондықтан Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты ретінде азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқығын жүзеге асыруға айырықша көңіл бөледі. Сонымен бірге экономиканың өркендеуі, тұрғындардың материалдық ауқаттылығы және қалыпты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы халықтың ортақ мәдениетін дамыту жолында қызмет етеді. Азаматтық қоғам орнатып, демократиялық, құқықтық мемлекет құруға ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасы – сипаты жағынан зиялы мемлекет. Мұнда дін мемлекеттен бөлінген. Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған. Конституцияға сәйкес, Қазақстанның барлық азаматтарының ар-ождан бостандығына құқығы бар, яғни дін ұстану еркі мен діни рәсімдерді орындауға құқылы. Қазақстанда ар-ождан бостандығы құқығы

бірлескен түрде, сондай-ақ жеке түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ар-ождан бостандығы құқығын ұжымдық түрде діни бірлестіктер мен ұйымдар іске асырады. Мемлекет діни қауымдардың ішкі ісіне араласпайды. Ол ар-ождан бостандығы, төзімділік қағидасы және дін еріктілігі қағидаларын қатаң ұстануы тиіс.

2011 жылдың соңында қабылданған, дін саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырып және деструктивті құбылыстардың қаупін азайтуға бағытталған діни қызмет туралы заң уақыт сынынан ойдағыдай өтті. Жаңа заңның қабылдануы қазақстандықтар өмірінің рухани дамуында, діни бірлестіктердің қызметін реттеп, олардың мемлекетпен өзара іс-қимылын нығайтуда маңызды қадам болғаны анық.

Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Бұл мемлекеттің Негізгі Заңында адам құқықтары мен бостандықтарын жариялаумен бірге, экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдай жасау деген сөз. Сонымен бірге мемлекет тарапынан адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, осы құқықтарға қандай да бір нұқсан келтіруден қорғайтын арнайы заң кепілдігі қарастырылған.

1.2. 1-баптың осы тармағында егеменді мемлекет ретіндегі Республика қызметі тұтас мемлекет және әсіресе, оның институттары қызметінің негізін құрайтын қағидалар конституциялық тұрғыда бекітілген. Қазақстандық қоғам құрылымы түрлі әлеуметтік қабаттан, этникалық және конфессионалдық топтардан тұрады. Олар мүдде, көзқарас, идея мен наным жағынан ерекшеленеді. Мемлекет өзі жүргізетін саясатында осы жағдайды жеткілікті түрде есепке алмаса, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты шайқалтуға ықпал ететін қандай да бір кикілжіңге, қақтығысқа әкеп соқтыруы мүмкін. Осындай жағымсыз құбылыстарды болдырмау үшін мемлекет пен қоғамның барлық институттары қызметтері қағидаттарының негізін қалаушы ретінде Негізгі Заң айқындайтын қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қалыптастыру қажет.

Осы қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық қағидаларына қоса тағы бір маңызды қағиданы ұмытпаған абзал. Бұл – қазақстандық патриотизм. Қазақстандық патриотизм қоғам және мемлекет өмірінің барлық саласындағы ұлттық, әлеуметтік және басқа да айырмашылықтарға қарамастан, ортақ мүдделерді түйсіну мен жүзеге асыру негізінде азаматтардың бәрінде қалыптасады.

Мемлекет пен оның органдары қызметінің негізінде мынадай қағида жатыр: мемлекет өмірінің ең маңызды мәселелері демократиялық тәсілдермен жүзеге асырылады. Конституцияға сәйкес, тұрғындардың барлық қабатының мүддесін қозғайтын маңызды мәселелер референдумда жалпыхалықтық дауыс беру жолымен немесе Республиканың жоғары өкілді органы – Парламентте өз шешімін табады.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады.

2-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңның редакциясында жазылған.

3-1. Астана қаласының шегінде конституциялық заңға сәйкес қаржы саласында ерекше құқықтық режим белгіленуі мүмкін.

Бап 2017 жылғы 10 мамырдағы Заңға сәйкес 3-1-тармақпен толықтырылған.

4. Қазақстан Республикасы және Қазақстан атауларының мәні барабар.

2.1. Осы бапта Қазақстан Республикасының басқару нысаны және мемлекеттік құрылысының нысаны туралы негізгі идеялар бекітілген.

Қазақстан Республикасында басқарудың президенттік нысаны белгілі бір объективті мән-жайларды ескере отырып енгізілді. Осындай мән-жайларға кеңес дәуіріне дейінгі Қазақстанның мемлекеттік дамуы дәстүрін, Қазақ КСР мемлекеттік құрылысы тәжірибесін, сондай-ақ әлемнің экономикалық және саяси дамыған елдерінде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің жетекші үрдістерін жатқызуға болады.

Қазақстанда президенттік институтты енгізуге саясаттағы, экономикадағы, идеологиядағы терең дағдарыс әсер етті. Ол 1985–1990 жылдары Кеңес Одағын және оған кіретін республикаларды қамтыды. Ол Кеңес Одағының құлауына және өз алдына дербес мемлекеттердің құрылуына әкеп соқты.

Белгілі болғандай, 1990 жылы Қазақстан өзін егемен республика деп жария етті. Осы кезеңде елімізде қолайсыз әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайдың орын алғанын атап өткен жөн. Ол қоғамдық өмірдің барлық саласында, әсіресе, мемлекеттік басқаруда кезек күттірмейтін ауқымды реформаларды талап етті. Саяси және экономикалық тұрақтылықты орнату үшін үлкен беделге ие, күшті, тәуелсіз билік қажет болды. Осы сәттен бастап, Қазақстанның мемлекеттік жүйесінің басты буыны ретінде президенттік мықты билік аренаға шықты¹.

Бұрын КСРО-ның құрамына кірген Орта Азияның басқа елдерінде де мемлекеттіліктің осындай нысаны қолданыла бастады. Осы таңдау өңірлік

¹ С.С.Сартаев. Президентство целесообразно// Казахстанская правда. 1990. 13 сәуір.

саяси мәдениеттің ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлерге, сондай-ақ билікті анық түрде көрсететін кеңестік мұраға байланысты болып отыр. ТМД елдері мемлекеттік құрылымы егемендік алған соң да биліктің тігінен атқарушылық және иерархиялық шыңға шоғырлануының сақталуы кездейсоқ емес. Сонымен бірге, өзге де жағдайлар кезінде саяси процестің туындауы белгілі болғандай көп жағдайда саяси-мәдени нормаларды, құндылықты және орнықтылықты айқындайды.

Қазақстанда біртұтас биліктің бөлінуі жүйесінде және тежемелік әрі тепе-теңдік механизмінде Президенттің ерекше орны бекітілген. Президент мемлекеттік билік органдарының келісіп жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Президентті бүкіл халық сайлайды, ол жалпыұлттық мүдденің көрінісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Мемлекет басшысы ретінде, мемлекеттік билікті жүзеге асыра отырып, заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдарымен тікелей өзара іс-қимылда біртұтас мемлекеттік биліктің әр тармағының өз функцияларын жүзеге асыруға қатысады.

Қазақстан Республикасының Президенті тәуелсіздіктің, аумақтық тұтастықтың және ел қауіпсіздігінің кепілі болғандықтан, қаралып отырған жүйенің біріктіруші элементі болып табылады, Конституцияның сақталуын және мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Президенттік басқару нысаны Мемлекет басшысының рөлін жалпыұлттық саяси көшбасшы ретінде күшейтуге негізделеді, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесіне, олардың тиімді өзара іс-қимылына негізделген бірыңғай жұмыс істеп тұрған тетіктегі заңнамалық және атқарушылық билік тармақтарын шоғырландыруға мүмкіндік береді. Салмақты жағдайға ие бола тұра, парламенттік көпшілікке бағыт алады және саясатын осыған сәйкес құрады. ҚР Конституциясында ҚР Президентінің тегеурінді бақылау өкілеттігі, Үкімет қызметін тиімді бақылауға алу әдістері және басқалары мазмұндалған. Қазақстан Республикасында 1995 жылғы Конституциямен белгіленген басқарудың президенттік нысаны көшпелі кезеңнің нақты уақытына жауап береді және елімізді кезең-кезеңмен саяси жаңғырту бағытының тұрақтылығына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының егемен мемлекет болу тарихына үңілейік. Оны Қазақстан қоғамының көз алдында заңдастырған Қазақстан Республикасын басқарудың президенттік нысанының негізгі шешуші артықшылығы өтпелі кезең жағдайында еліміздің саяси тұрақтылығын Мемлекет басшысының қамтамасыз етуі болып табылады. Мемлекеттік биліктің дағдарысына, тұтастай алғанда, саяси қысымның қалыптасуына, еліміздің құқықтық мұрасының толық бөлінуіне әкеп соққан Кеңес Одағының құлауы жағдайында Қазақстан қоғамының барлық қабатын күшті президенттік билікке біріктіру бірден-бір дұрыс және заңнамалық апелляция болды. Саяси биліктің және мемлекеттік басқару жүйесінің жаппай дағдарысы кезеңінде президенттік билік қана саяси процестің конституциялық сипатын сақтап, оның құқықтық өріс шегінен шығуға

мүмкіндік бермей, мемлекеттік егемендіктің жасампаздығы болды. Басқарудың тиімді президенттік нысанын қалыптастыру едәуір дәрежеде авторитарлық үрдістерді де бәсеңдетті, төтенше жағдай режиміне сүйенетін әскери-саяси диктатураның туындануынан жалтаруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасында басқару нысанының қалыптасуы мен дамуының кезеңділігі туралы айта келе, бірнеше кезеңдерді бөліп алуға болады.

Қазақстанда президенттік республиканы бекітудің алғашқы кезеңі он екінші шақырылымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында 1990 жылғы 24 сәуірде қабылданған «Қазақ КСР Президентінің қызметін бекіту және Қазақ КСР-нің Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданғаннан кейін басталды. Заң Президентті КСРО-ның құрамдас бөлігі – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының басшысы ретінде айқындады. Ол Республика Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесінің ерекшелігін айқындады. Президентке Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметіне кандидатура ұсыну құқығы берілді. Бұл ретте, Президент атқарушылық биліктің басшысы ретінде танылған жоқ. Республикада мемлекеттік билікті жүзеге асырудағы өзіндік дуализмді осы кезеңге тән сипат деп тануға болады.

Екінші кезең 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация болды. Декларация Қазақ КСР мемлекеттік билігіне үстемдік, дербестік, Республика ішіндегі, сондай-ақ Одақтық шартпен белгіленген сыртқы қатынастардағы толыққандық берді.

Келесі (үшінші) кезеңге көшу барынша жылдам болды. Ол Кеңес Одағында да, тұтастай алғанда Қазақстанда да орын алған түрлі жағдайлардың дамуының жалпы үрдісімен шартталды. Осылайша көшу 1990 жылғы 20 қарашада «Мемлекеттік билік құрылымын жетілдіру, Қазақ КСР-нің Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңын қабылдауға байланысты болып отыр. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның ережесі «Қазақ КСР-інде Мемлекеттік биліктің құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР-нің Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң арқылы 1990 жылғы 20 қарашада Қазақ КСР Конституциясы мәтініне біріктірілді. Өзгерістерге сәйкес Қазақ КСР-нің Президенті жоғары атқарушылық және өкімдік билік басшысы болды, республика Президентінің ұсынысы бойынша Жоғарғы Кеңеске сайланатын Қазақ КСР вице-президентінің қызметі бекітілді. Министрлер Кеңесі Министрлер кабинеті болып қайта құрылды, премьер-министр, министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары қызметтері құрылды.

Дегенмен, осы кезеңді Қазақстанда квазипарламенттік республика болған кезең деп қарастыруға болады. Бұл жерде, Қазақстан Республикасы

Президенті институтының болғанына қарамастан, Жоғарғы Кеңес қана формалды-заңды тұрғыдан қарағанда ішкі және сыртқы саясаттың негізгі мәселелерін шешу бойынша өкілеттікке ие болды және мемлекеттік биліктің атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асырды. Осылайша, Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті парламенттік республика жағдайында сайланды, ол оның өкілеттігі тізбесін және мемлекеттік биліктің басқа институттарымен қатынасын айқындады.

Төртінші кезең 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауға байланысты болып отыр. Осы кезең ел Президенті тікелей басшылық жасайтын билік ретінде, атқарушылық билік жүйесін күшейтумен сипатталады. Осы кезде Министрлер Кеңесінің орнына Министрлер Кабинеті келді, Президент Аппараты мен Министрлер Кабинетінің Аппаратын біріктірген бірыңғай аппарат қалыптастырылды.

Осылайша, Қазақстан Республикасында президенттік биліктің қалыптасуы туралы айта отырып, оның бастауында президенттік биліктің басқарудың парламенттік нысанына жақын жүйеде жұмыс істегенін атап өткен жөн: Жоғарғы Кеңес президентті сайлады және оған есеп беретін үкіметке бақылау жасады. 1990 жылғы қарашада өкілетті атқарушы биліктің бүкіл көлемі Президентке көшті. Президенттің басшылығымен біртұтас атқарушылық билікті қалыптастыруға ұмтылыс жасалды, Президент пен Министрлер Кабинетінің Аппараттары біріктірілді. Осы кезеңнің саяси жүйесінің негізіне президенттік республикаға өте ұқсас классикалық үлгісі қаланды. Тұтастай алғанда, президенттік биліктің қалыптасуы кезеңінде ол Республиканың тәуелсіздігін, еріктілігін қамтамасыз ететін маңызды саяси институт ретінде қалыптасты және нығайтылды. Бірақ, осы жаңалықтармен қатар мемлекетте көптеген өткеннің қалдықтары орын алып, республиканың ескірген құқықтық базасы мен заңнамалары осы тізімде соңғы орын алып отырған жоқ. Жаңа мемлекет, биліктің жаңа институтын құра отырып, оларды қисынды аяқталған нысанға келтіру қажет. Осы мән-жайлардың барлығы Жоғарғы Кеңестің 1993 жылғы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын бірауыздан (312 дауыстың 309-ы) қабылдауға әкеп соқты.

Бесінші кезең. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Осы кезеңді Қазақстанда президенттік республиканың құрылуы мен қалыптасуы кезеңі ретінде қарастыруға болады. Қазақстанның басқару нысанын дамытудың осы кезеңінде оған елеулі түзетулер енгізілді. Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясы атқарушылық органдар жүйесінде билікті шоғырландыруға және мемлекеттік реттеуіштерді елеулі түрде орталықтандыруға ықпал етті. Осындай шешімдер өзін-өзі толық ақтады және мемлекеттік-биліктік қатынастарды тұрақтандыруға әкеп соқты. Осы тұрақтылыққа қол жеткізілгеннен кейін тікелей басқару процесінде заң шығарушы (өкілді) органдардың ықпал ету жүйесін кеңіту үшін жағдайлар жасалды.

Қазақстан Республикасында басқару нысанын дамытудың алтыншы

(қазіргі заманғы, ағымдағы) кезеңі 2001 жылдан басталады. Ол мемлекеттік-құқықтық жүйенің саяси реформалануымен байланысты болып отыр. Мемлекеттік басқару тетіктерінің еліміздегі экономикалық өсу сұраныстарына толық көлемде жауап бере алмайтынын атап өтеміз. Осы қайшылықтар әсіресе, өңірлерде көрініс ала бастады. Жағымсыз үрдістерді жою үшін «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң қабылданды. Осы кезеңді басқарушылық процестерді жүзеге асыруды орталықтан арылту кезеңі, оның түрлі тармақтарына қатысы бар мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қимылының жаңа сапасына көшу кезеңі ретінде сипаттауға болады. Осы кезеңде мемлекеттік билікті орталықтандырудан арылту жүзеге асырылды.

2007 жылғы 21 мамырда ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Республика басқарудың президенттік нысанынан президенттік-парламенттік нысанына қарай елеулі қадам жасады, ол Қазақстанда демократиялық және азаматтық қоғамды дамыту бойынша саясаттың қисынды нәтижесі болады. Осылайша, Қазақстанда президенттік билік институтын қалыптастыру процесі аяқталды.

Аталған беталыс 2017 жылғы конституциялық реформада дамуына бастау алды. Осылайша, Қазақстанда президенттік билік институтының түрлену процесі жалғасты.

Президенттік билік идеясы өзінің дамуында әлемнің жүзден астам мемлекетінде іске асырудың түрлі нысандарын тапты. Олардың әрқайсысында бір-бірінен ерекшеленетін саяси режим қалыптасқан, ал президенттік биліктің өзі болса, өзінің ерекшеліктерімен сипатталады. Мемлекет басшысының институты кез келген елде маңызды мәнге ие. Бүгінде мемлекеттердің біліктілігі (монархия немесе республика, абсолюттік, дуалистік немесе парламенттік монархия, президенттік, президенттік-парламенттік, парламенттік республика және т.б.) мемлекет басшысының өкілеттігі көлеміне, оны сайлау жүйесіне және тағы да бірқатар сипаттарға байланысты болып отыр. Мемлекет басшыларының институтын зерделеместен қандай да бір елдің мемлекеттік немесе саяси билігінің жүйесін елеулі түрде зерттеу туралы айту мүмкін емес. Қандай да бір елдің саяси режимінің ерекшеліктері оның саяси және тарихи дамуының ерекшеліктері, оның саяси мәдениеті мемлекет басшыларының институттарында ғана барынша айқын және анық көрсетіледі.

Мемлекетті және азаматтық қоғамды дамыту үшін күшті президенттік биліктің жағымсыз және жағымды жақтары туралы мәселеге үңілейік. Демократиялық елдердің тәжірибесі дамыған азаматтық қоғам кезінде ел Президентінің мүмкіндігі тіпті ең орасан өкілеттігі елдегі билікті бір қолға алуды жокқа шығаратынын көрсетеді. Алайда, күрделі саяси жағдайларда біртұтас биліктің ғана мемлекеттің дамуы үшін жеке-дара жауапкершіліктің неғұрлым артықшылығын және көп жағдайда еліміздің жай-күйін тұрақтандыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Мемлекеттік билікті персондайтын және істердің жай-күйі үшін жауапкершілікте

болатын мемлекет басшысы ретінде ел Президенті осындай мемлекеттік институтты білдіреді.

Президенттік жүйенің қадір-қасиеті мен артықшылықтары арасынан мыналарды бөліп алуға болады: 1) Мемлекет басшысына елдегі істердің жағдайы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі; 2) Президент қандай да болмасын артық кедергісіз және келісімсіз күрделі жағдайларда тәртіпті ұстану үшін жедел шаралар қабылдай алады, ішкі және сыртқы саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді, елдің қауіпсіздігі үшін жауап береді; 3) Президент мемлекеттік аппараттың басында тұрады, оның қызметіне айқындама енгізеді, оның жұмысына бағыт-бағдар береді; 4) елдің қарулы күштеріне басшылық жасайды, осылайша мемлекеттің және әскери басшылықтың біртұтастығын қамтамасыз етеді; 5) біртұтас мемлекеттік қызметті қамтамасыз ете отырып, биліктің түрлі тармақтарын үйлестіру мүмкіндігіне ие болады¹.

Мемлекет басшысының билікке сайлау арқылы келу фактісі демократияның мәні болып табылады. Мемлекет басшысы сайланатын мерзім сайлау жүргізілетін кезеңділікпен айқындалады. Мемлекеттік биліктің нақты көлемі және әлеуметтік процеске мемлекет басшысы ретінде Президенттің әсер ету дәрежесі конституциялық-бекітілген өкілеттіктерге ғана емес, сонымен бірге басқару нысаны мен саяси режимнің ерекшеліктерін таңдауға да байланысты. Мемлекет қайраткері ретінде Мемлекет басшысының – ҚР Президентінің жеке сапасы мен қабілетінің маңызы зор.

Билікті үш тармаққа бөлуді білдіретін билікті бөлудің классикалық теориясы мынадай: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Соңғы уақытта ғылыми әдебиеттерде атқарушы билікке толық көлемде жатқызылмайтын, ал конституциялық өкілеттіктерден туындай отырып, биліктің жеке-дара тармағын білдіретін билікті бөлу жүйесінде ерікті ретінде президенттік билікті қарастыратын ұстаным барынша көп қолдауға ие болып келеді. Мәселен, классикалық теорияның тепе-теңдігінде мемлекеттік басқаруға арналған және елімізде әрекет ететін мемлекеттік биліктің нақты институттары сипатталған конституциялық нормалар салыстырылған 1995 жылғы Конституцияның бөлімдерін талдау мемлекеттік биліктің құрылымдық институционалдық компоненттерінің көп санын бөліп алуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, биліктің оқшауланған институттарын айқындайтын конституциялық нормалар тобы биліктің үш «классикалық» тармақтарына ғана емес, сондай-ақ «президенттік билік институты» ретінде Қазақстан Республикасының Президентіне де арналған.

Біздің көзқарасымыз бойынша осындай ұстаным толықтай негізделген. «Президенттік билік» («президентура» – институты ретінде Қазақстан Республикасының Президенті) туралы ұсыныс мемлекеттік биліктің

¹ Мұхамеджанов Б.А. Қазақстан Республикасының басқару нысаны: конституциялық модель және мемлекеттік басқару практикасы – М.: 2007. – 246 б.

ерекше институционалды компоненті ретінде конституциялық бекітілген құзыреттермен бірқатар компоненттерге арналған билікті құрылымды бөлу түрінде өзінің құқықтық ресімделуін алатын мемлекеттік басқарудың белгілі бір функцияларымен соңғысын байланыстыратын мемлекеттік биліктің институционалдық-функционалдық теориясы шеңберінде туындайды. Яғни, бүгінде Қазақстан Республикасында дербес президенттік билік туралы айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы болып табылады. Н.Ә.Назарбаев өзінің саяси қызметінің алғашқы күнінен бастап, жаңа мемлекеттің демократиялық іргетасын құруға бағыт алды, ол өзара тиімді жағдайларда әлемнің барлық мемлекеттерімен еркін, демократиялық өзара қатынастарды орнатуға бағыт алды. Біздің халқымыздың және мемлекетіміздің көшбасшысының осындай саясаты ғана БҰҰ біріктіретін мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды орнатуға мүмкіндік берді.

Қазақстан – келешекке деген анық мақсаты бар ел, ол өзінің болашағына сеніммен қарайтын ел. Бұл әлемнің бәсекеге қабылетті 30 елі қатарына қосылуға біздің ұмтылуымызда көрініс табады. Біздің Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кіршіксіз беделі, оның бай тәжірибесі мен терең білімі, халықаралық мойындалуы осы биікке қол жеткізу үшін қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылым нысаны бойынша унитарлық мемлекет болып табылады.

Унитарлық мемлекет – дәстүрлі мемлекет, оның аумағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге бөлінеді. Бұл бөліктер мемлекет құраушы мәртебеге ие болмайды. Бұл жерде бүкіл ел үшін біртұтас мемлекеттік биліктің жоғары органдары, біртұтас құқықтық жүйе, біртұтас конституция әрекет етеді. Қазіргі таңда егемен мемлекеттердің көпшілігі унитарлық болып табылады.

Қазақстан унитарлық мемлекет ретінде өзінің меншікті мемлекеттілігіне ие емес әкімшілік-аумақтық бірліктерден тұратын біртұтас саяси біркелкі құрылым болып сипатталады. Қазақстан Республикасында біртұтас азаматтық, біртұтас заңнама, мемлекеттік органдардың біртұтас жүйесі бар. Унитарлық тұжырымдамасы өзінің ұлттық мемлекеттілігін құруды жүздеген жылдар бойы армандаған қазақ халқының барлық мақсаттілегіне жауап береді. Унитаризм сондай-ақ Қазақстанның көпұлттылығын ескереді.

ҚР Конституциясы 91-бабының 2-тармағында мемлекеттің біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайды деп тікелей айтылған.

Ол Парламенттің де, Президенттің де Қазақстанның мемлекеттік құрылымының унитарлық нысанын өзгерту туралы мәселеге бастамашы бола алмайтынын білдіреді. Егер саяси партия немесе қоғамдық бірлестік Қазақстан мемлекетінің құрылымын унитарлық нысанынан өзгерту туралы

мәселе қоятын болса, онда ол конституциялық құрылымды өзгертуге оқталу ретінде сараланатын болады.

Академик Ғ.С.Сапарғалиев Қазақстан Республикасындағы унитаризмнің мынадай қағидаттарын айқындады: 1) аумақтық тұтастық; 2) мемлекеттік билік органдарының біртұтас жүйесі; 3) мемлекеттік биліктің жоғары органдары мен мемлекеттік биліктің жергілікті органдары арасындағы жүргізу және өкілеттік нысандарының ара-жігін ажырату; 4) ішкі және сыртқы егемендіктің біртұтастығы; 5) біртұтас конституциялық және жалпы заңдылық; 6) біртұтас ұлттық құқықтық жүйе; 7) біртұтас азаматтық¹.

2.2. Егемендік дегеніміз ішкі істерде де, сыртқы істерде де мемлекеттің тәуелсіздігі. Егемендік шынайы құқықтық санатты, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар мен процестердің айқын сыртқы нысанын білдіреді. Сонымен бірге, егемендіктен саяси және мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды көру қажет.

Қазақстан 1991 жылғы 16 желтоқсанда толыққанды егемен мемлекетке айналды.

1992 жылғы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-на мүше болды. Бүгінде біздің еліміз халықаралық ұйымдардың, екітарапты және көптарапты халықаралық шарттардың, келісімдердің және конвенциялардың қатысушысы, әлемнің ондаған елдерімен дипломатиялық және консулдық өкілдіктерін ауыстырады. Егемендік – термині біздің еліміз үшін өзіндік символ болып табылады. Бүгінде мемлекеттің егемендігі, ұлттың егемендігі, халықтың егемендігі туралы айту жалпы қабылданған.

Бұл ретте, мемлекеттің егемендігі деп ел ішіндегі мемлекеттік биліктің үстемдігі және сыртқы қатынастарда оның тәуелсіздігі ұғылады, ол қандай да болмасын шетелдік биліктің мемлекеттің ішкі істеріне араласуын болдырмайды, сондай-ақ мемлекет өзінің егемендігін шектеуге өз еркімен келісім берген жағдайларды есептегенде, халықаралық қатынас саласында шетел мемлекетінің билігіне мемлекеттің бағынбауын білдіреді.

Ұлттық егемендік деп ұлттың толыққанды билігі, саяси бостандығы, дербес мемлекетті айқындағанға және құрғанға дейін саяси өзін-өзі айқындауға қабілетті қоса алғанда, өзінің ұлттық өмірінің сипатын айқындауға шынайы мүмкіндікке ие болу ұғылады.

Халықтың егемендігі халықтың толық биліктілігін, яғни, қоғамның және мемлекеттің істерін басқаруға нақты қатысу үшін халықтың әлеуметтік-экономикалық қаражаттарға ие болуын білдіреді. Халықтың егемендігі барлық демократиялық мемлекеттерде конституциялық құрылым қағидаттарының бірі болып табылады. Халықтық егемендік мемлекеттік биліктің егемендігін негіздейді, қамтамасыз етеді. Егер халық өзінің егемендігін жоғалта бастаса, онда оның мемлекеттік билігі де егемендік сипатын жоғалтады.

¹Сапарғалиев Ғ.С. Конституциялық құқық. Оқулық. – Алматы, 2007. –209-б.

Қазақстан Республикасында мемлекеттікпен қатар ұлттық және халықтық егемендік іске асырылып келеді. Ұлттық егемендік ұлттың өз тағдырына өзі иелік ету, мемлекеттік, экономикалық және діни салаларда өзін-өзі айқындау мүмкіндігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы қазақ халқының сан ғасырлық мемлекеттілігі мен оның саяси және мемлекеттік құрылымының табиғи жалғасының жалғыз құқықтық және тарихи мұрасы болып табылады. Қазіргі заманғы Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері тұрады, олар: қазақтар, орыстар, өзбектер, немістер, украиндер, кәрістер, ұйғырлар және т.б..

Халықтың даналығы мен толеранттылығы этникалық шығу тегіне, әлеуметтік, діни немесе өзге де тиесілілігіне қарамастан жаңа мемлекеттің барлық азаматтарын шоғырландыруға арналған біріктіруші бастамаға айналды.

Тәуелсіздікті қалыптастырудың ең қиын жылдарында Халықтың даналығы мен Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саясаты арқасында Қазақстанда этносаралық алауыздық теке-тірестерді және қоғамның бөлінуін болдырмауға қол жеткізілді. Сол кездері, кеңестік дәуірден кейінгі дағдарысты еңсеру жағдайында жаңа саяси және экономикалық қатынастарды құра отырып, жария етілген ішкі саяси тұрақтылық, азаматтық бейбітшілік және этносаралық келісім қағидаттары негізінде қоғамды шоғырландыруға қол жеткізілді.

Қазақстанның Ел бірлігі доктринасында (сәуір 2010 жыл) «Егер мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде негізгі міндет этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісім негізінде қоғамды шоғырландыру болса, онда елдің дамуының жаңа кезеңінде құндылықтар мен қағидаттар жүйесіндегі барлық азаматтар үшін жалпы танылғанға негізделген Ел бірлігіне қол жеткізу стратегиялық басымдыққа айналады» деп атап өтілген. Осы тағдыр шешуші құжатта Қазақстанның ел бірлігінің мынадай қағидаттары жария етілген: «Бір ел – бір тағдыр», «Тегі басқа – теңдігі бір», «Ұлт рухының дамуы».

Ел бірлігін қамтамасыз ету демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты болып табылады. Қоғамның бірлігін шоғырландырған және сақтаған кезде ғана елдің экономикалық өсуі, әлеуметтік процесі және демократиялық дамуы мүмкін. Осы міндеттерді шешу үшін Қазақстанда әлем тәуелсіз, егеменді деп таныған мемлекет ретінде саяси ерік және барлық қажетті экономикалық және әлеуметтік ресурстар бар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзінде бес институттық реформаның бірі ретінде Болашағы біртұтас ұлтты, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайту қажет деп атап өтілген.

«Мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Қазақтар Жаңа Қазақстанның болмысын қалыптастыруда барша ұлыстарды ұйыстырушы рөлге ие. Бұл – қазақтың ұлттық сипатын сақтап, дамытудың және еліміздің қазақы болмысын нығайтудың басты

факторы, – деп сенім білдірді Н.Ә.Назарбаев. – Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтар жаңа жалпыұлттық құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтарды – өздерінің этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюлары керек. Барлық қазақстандықтар үшін қазақстандықтың бойында азиялықтың да, еуропалықтың да озық сапаларын шынайы сүзгіден өткізетін еуразиялық идеясы біріктіруші болып табылады»¹.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің XXIV сессиясында жалпыұлттық «**Мәңгілік ел» патриоттық актісін** қабылдады. Онда Мәңгілік Ел жалпыұлттық патриоттық идеялардың жеті баянды негізі ретінде мыналар анықталды: «Тәуелсіздік және Астана»; «Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім»; «Зайырлы мемлекет және Жоғары Руханият»; «Инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім»; «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы»; «Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы»; «Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы».

ҚР Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының (2025 жылға дейінгі) даму тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама мынадай басты қағида-тарға негізделеді: 1) негізгі бағыт – ел Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы; 2) «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының біріктіруші құндылықтары – азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғылым мен білімге құрмет, зайырлы ел; 3) қазақстандық бірегейлік пен бірліктің іргетасы – мәдени, этностық, тілдік және діни әралуандылыққа негізделген жалпыұлттық құндылықтар; 4) қазақстандық бірегейлік пен бірлік – ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасатын процесс. Ол әрбір азаматтың этностық тегіне қарамастан өзінің тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстыруына негізделеді. Ортақ тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, болашаққа деген ортақ жауапкершілігіміз қоғамды біртұтастыққа бастайды: «Біздің бір ғана атамекеніміз, бір ғана Отанымыз бар – ол Тәуелсіз Қазақстан». Бұл таңдаудың мәнін ұғыну – бірігудің басты негізі.

Осылайша, Қазақстан жағдайында қазақ ұлтында ғана емес, Қазақстанның бүкіл халқында мемлекет саласында өзін-өзі басқару туралы айту керек. Саяси қатынастарда ұлттық егемендік халықтық егемендікпен бірігеді және мемлекеттік биліктің, мемлекеттік егемендіктің көзі болып табылады. Осылайша ұлтаралық қатынастағы қауіпті шиеленіс көзі алып тасталды².

¹Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет. Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі. Казахстанская правда, 2015 ж., 12 наурыз.

²Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. – Алматы, 2007. – 178–179 б.

Аумақтық тұтастықтың конституциялық құндылығын ұғыну бөлігінде ҚР КК ҚР Конституциясының 2-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме бергенін атап өткен жөн¹.

Осы түсіндіруге тоқталып өтейік. Мемлекет аумағы сол мемлекет өмір сүретін және егемен билік ұйымы ретінде қызмет істейтін кеңістік шегін білдіреді, бұл билік осы аумақтағы ең жоғары, біртұтас және тәуелсіз билік болып табылады. Республика кеңістігі қамтитын жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар Қазақстанның жария-құқықтық меншігіне жатады. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді. Осы шаралар мемлекеттің экономикалық ықпалдастықтағы иммунитетін нығайтуға; Қазақстан Республикасы өз аумағының бір бөлігін өзге мемлекетке біржақты тәртіппен беруі заң жүзінде мүмкін болмауына; Республиканың аумағын басып алуға, қосып алуға немесе бөлуге жол берілмеуіне; мақсаты немесе іс-әрекеті Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салуға; жер-жерлердегі мемлекет органдарының біржақты тәртіппен мемлекет құрамынан шығу және өзінің құқықтық мәртебесін өзгерту туралы мәселені қою құқығы болмауына; мемлекеттік органдарға Республиканың егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау және сақтау жөніндегі қажетті және жеткілікті шараларды қабылдау жөніндегі міндеттерді жүктеуге бағытталған экономикалық, саяси, әскери, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешенін әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді.

Көріп отырғанымыздай, аумақтық тұтастық – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін айқындаушы шарт болып табылады. Мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен қол сұғылмауы халықаралық құқықтың түбегейлі принциптерімен де, ҚР Конституциясымен де қорғалады.

Мемлекеттің аумақтық тұтастығы оларды өзгертуге бағытталған сыртқы және ішкі қауіптерге олардың қарсы тұру қабілетімен айқындалады.

2.3. Әкімшілік-аумақтық құрылым, басқаша айтқанда – ҚР саяси-аумақтық ұйымы унитарлық мемлекет ретінде әкімшілік-аумақтық құрылым туралы Заңмен айқындалған.

Елді тиімді басқару мақсатында мемлекеттік аппараттың пәрменді құрылысы, мемлекеттік билікке азаматтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, республикалық және жергілікті мүдделердің оңтайлы үйлесімі, жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік қызмет көрсетулерді олардың тиісінше алуы, экономиканы дамыту және қоғамдық өмірдің басқа да салаларында нәтижелерге қол жеткізу бастауында ел аумағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге бөлінеді: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс.

¹Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 2-тармағын және 6-бабы 3-тармағын ресми түсіндіру туралы. ҚР КК 2003 жылғы 23 сәуірдегі № 4 қаулысы.

Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы ҚР Заңымен мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру негізгі екі санатқа – аймақтарға және елді мекендерге бөлінеді.

Аймақ – республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын республика аумағының бір бөлігі. Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ аймақтар болып табылады.

Елді мекен – республика аумағының халық жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі.

Қазақстан Республикасы аумағындағы елді мекендер қалалық және ауылдық елді мекендерге бөлінеді. Біріншісіне – республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер; ал екіншісіне – олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан қалған барлық елді мекендер жатады. Өз кезегінде, елді мекендердің құрамдас бөліктері болады: шағын аудандар, алаңдар, даңғылдар, бульварлар, көшелер, тұйық көшелер, саябақтар, скверлер, көпірлер және басқа да бөліктер. Халқының саны 400 мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаладағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аудан қаладағы аудан болып табылады.

Қалалар мен басқа да елді мекендер осы Заңда белгіленген өлшемдер бойынша алты санатқа бөлінеді: республикалық маңызы бар қалалар; облыстық маңызы бар қалалар; аудандық маңызы бар қалалар; кенттер, оларға емдік маңызы бар жерлерде орналасқан саяжай кенттері; ауыл, сондай-ақ шаруа қоныстары мен өзге де қоныстар.

Қазіргі таңда, Қазақстан аумағында 6841 ауыл, село және кент; 176 аудан; 87 қала ұйымдастырылған, олардың қатарына республикалық маңызы бар екі қала Астана және Алматы, 14 облыс кіреді.

Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы ҚР Заңымен мемлекеттік органдардың құзыреттері айқындалды – ҚР Президенті мен Үкіметі, жергілікті өкілді және атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру және тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, оларға ат қою мен олардың атын өзгерту туралы шешімдер қабылдайды.

ҚР аумағындағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне, әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол станцияларына, метрополитен станцияларына, автовокзалдарға, автостанстанцияларына, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру және оларды қайта атау, олардың

атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімдерін беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі жұмысты ретке келтіру мақсатында республикалық (Президент жанында), облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың (жергілікті атқарушы органдар жанында) онамастикалық комиссиялар құрылды және жұмыс істейді.

Қазақстанның алғашқы астанасы 1920 жылдан бастап Орынбор қаласы болды (қазір Ресей Федерациясында). 1925 жылы Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына көшірілді. Түрксіб құрылысын салу астананың Алматыға көшірілуіне негізгі себеп болды. Заңды тұрғыдан ол 1927 жылғы 3 сәуірде орын алса, нақты көшіру 1929 жылы болды.

1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша еліміздің астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді. Осы шешім қаланың Қазақстанның орталығында және Еуразиялық континентте, қажетті көліктік және коммуникациялық инфрақұрылымдары бар маңызды геосаяси орналасуынан туындады. Жаңа астананы таңдаған кезде қаланың дамуы үшін бос жерлердің болуы ерекше рөл атқарды. Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру туралы шешім стратегиялық тұрғыдан ақталды, экономикалық, экологиялық, географиялық мақсаттылықпен шартталды.

1998 жылы жаңа елорданы «Астана» деп атау туралы шешім қабылданды, ол қазақ тілінде елорда ұғымын білдіреді.

Астананың орналасқан орны Қазақстанның мақсатына сәйкес келуі керек. Астананың ыңғайлы географиялық жағдайы кең байтақ елімізді басқару деңгейін арттыруға мүмкіндік берді. Еліміздің орталығынан ішкі саясат тиімді жүзеге асырыла бастады, таяу және алыс шетелдермен геосаяси мәселелер шешіле бастады. Жаңа елордада ауқымды транзиттік әлеуетте бар.

Астана Тынық мұхит жағалауынан бастап Европаға дейінгі негізгі коммуникациялық желінің қиылысында орналасқан. Астананың Еуразия кіндігінде орналасуы – ерекше фактор. Ол біздің еліміздің көпвекторлы бағытының, сыртқы саясаты көрінісі болып табылады.

Астана — Азиядағы ең солтүстік елорда, планетадағы ең суық елордалардың бірі, ол Улан-Батордан жылырақ болғанымен, Оттавадан суығырақ. Әлемде екі елорданың атауы ғана «астана» деп аударылады – Астана және Сеул. Дүние жүзінде мемлекеттердің екі елордасы ғана Солтүстік мұзды мұхиты бассейніне орналасқан, олар – Улан-Батор (Енисей өзенінің бассейнінде) және Астана (Обьқа құятын Ертіс өзенінің бассейніне тиесілі Есіл өзені).

2007 жылғы 21 шілдеде «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аста-

нада Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақорда» Резиденциясы, ҚР Парламенті, Үкіметі, Конституциялық Кеңесі, Жоғарғы Соты және өзге де орталық мемлекеттік органдары бар. Астананың өз рәміздері: гербі, туы және әнұраны бар.

Еуропа және Шығыс мәдениетінің ең үздік дәстүрлері өрілген қазіргі сәулет стилі экономика, саясат пен мәдениеттің орталығы ретінде жаңа елорданың бейнесін барынша толық бейнелейді.

Қазіргі уақытта қала халқының саны 1 млн. адамнан асты. 2 млн. қала халқына арнап есептелген елорданы дамытудың шебер – жоспары әзірленуде. Астанада ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесі жоғары деңгейде өтті, бітімгершілік келіссөздер жүргізіледі. 2012 жылы Астана ТМД және Түрік әлемінің мәдени елордасы болды. 2010 жылы елорда ЕҚЫҰ тарихи саммитін қабылдады. 1999 жылы шілдеде қала ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығына ие болды. Астана хроникасы әлемдік және өңірлік ауқымдағы бірқатар маңызды оқиғалардан тұрады.

Бүгінде жас және нық сенімді Астана өзінің барлық орны бойынша Н.Ә.Назарбаев берген «мемлекет дамуының бағытын айқындайтын және қоғамды жаһандық үрдістерге сәйкес құрылымдауға мүмкіндік беретін» геосаяси құрылым ретінде сипаттамаға ие болды¹.

Астана – «..Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулеттік ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтан тұтатын көп ұлтты және көп дінді халқы бар әсем де мейірлі астанамыз, міне, осындай»².

2.3-1. Конституцияны толықтыру елорда аумағында «Астана» халықаралық қаржы орталығын құрумен және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігімен байланысты.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде 2015 жылғы 7 желтоқсанда «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданғанын еске саламыз. АХҚО қызметі үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық-құқықтық алғышарттар құрылды.

2.4. «Қазақстан Республикасы» және «Қазақстан» атауларын ресми пайдаланған кезде олар бірдей, яғни, мағынасы бірдей қолданылады. Арнаулы зерттеулерде және олардың ерекшеліктерін ескере отырып, гуманитарлық білімдерде «Қазақстан Республикасы» мемлекеттік басқарудың нақты нысаны, мемлекеттік билік және саяси режимді ұйымы бар ел ретінде көбінесе мемлекетті сипаттайды, ал «Қазақстан» физико-географиялық, тарихи-мәдени, этностық, экономикалық және өзге де ерекшеліктері бар ел ретінде сипатталады.

¹Н.Ә.Назарбаев. Еуразия жүрегінде. – Алматы, Атамұра, 2005.

²Сол жерде.

3-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

4. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

3.1. Негізгі Заңның түсінік беріліп отырған бабының бұл тармағында Қазақстан халқының мемлекетті және оның органдарын құрудағы басшы рөлі айқындалған. Мемлекеттік билікті құрудың жалғыз көзі ретінде халықтың ерік білдіруін бекіте отырып, осы ереже мемлекеттік биліктің легитимділігін болжамдайды, себебі Қазақстан халқы ғана Президентті сайлайды, Парламентті және жергілікті өкілді органдарды құрады.

Бұған қоса, аталған ережеден шығатыны, қалыптасқан қазақстандық құқықтың тұрақты жүйесі негізінде халықтың еркі білдірілген. Расында, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған еліміздің Негізгі Заңында мемлекеттік құрылысты, басқару нысанын, мемлекеттік биліктің жоғары және жергілікті органдар жүйесін айқындауда халықтың еркі білдірілген, сондай-ақ олардың қызметі мен ұйымдастырудың негізгі қағидаттары белгіленген. Сондай-ақ, халықтың еркі Конституцияда қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу негіздерін бекіту арқылы білдірілген.

Негізгі Заңда негізгі идеяларды, нормалар мен қағидаттарды бекітуден көрінген халықтың еркін білдіруі ҚР қолданыстағы құқығының бүкіл жүйесі құрылған құқықтық негізін құрды деп пайымдауға болады.

Конституцияның 3-бабы 1-тармағының мағыздылығы мен мәнділігі онда құқықтық мемлекет қағидаттарына толық сәйкес келетін мемлекеттің және оның органдарының халық алдындағы жауапкершілігі туралы құқықтық идеяға негізделетінін атап өткен жөн.

3.2. Осы тармақ оған сәйкес Негізгі Заң халықтың мемлекеттік билікті іске асыруға тікелей қатысуының екі нысанын көздейтінін айқындайды:

– тікелей – республикалық референдумға қатысу арқылы, Президентті сайлау, Парламентті, жергілікті өкілді органдарды құру. Бұл тікелей демократияның нысандары, онда халық еркін ерік білдіру арқылы маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге қатысады.

– жанама, яғни халық өз билігін мемлекеттік органдарға табыстау арқылы жүзеге асыру. Осы аспектіде «мемлекеттік органдар» деп мемлекеттің барлық органдары туралы сөз болып тұрған жоқ деп пайымдайтын академик Ғ.С.Сапарғалиевтің ұстанымымен келісу қажет. Жалпы, халық өз билігін ол өзі таңдайтын субъектілерге – Президентке және сайланған Парламент депутаттарына (Мәжіліс депутаттарына) ғана табыстайды. Көрсетілген субъектілерге халық өз билігін жүзеге асыруды табыстайтындықтан, халық оларға өз атынан сөйлеу құқығын береді. Конституцияның қарастырылып отырған ережесінде, біріншіден, мемлекеттік биліктің жалғыз көзі ретінде халық туралы, екіншіден, халық өз билігін жүзеге асыруды табыстауы мүмкін жоғары мемлекеттік билік туралы сөз болып отыр¹.

3.3. Негізгі Заңның түсінік беріліп отырған осы тармақта Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билікті ешкім иелене алмайтындығы белгіленген. Көрсетілген ереженің маңыздылығы – тек халық Президентті сайлауға және Парламентті құруға құқылы. Мәселен, халық немесе халық өкілдері сайлаған Парламент депутаттары және Президент Конституция негізінде халық атынан мемлекеттік билікті жүзеге асыруға құқылы.

Конституция ҚР Президентіне және Парламентіне оның конституциялық өкілеттіктері шегінде халық пен мемлекет атынан билік жүргізу құқығын береді, себебі осы субъектілер ғана халық еркін білдіре алады.

Республика Президенті мемлекет атынан оның басшысы және егеменді Қазақстанның негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ретінде қызмет етеді. Аталған ережемен мемлекет қызметінің түбегейлі принциптері мызғымайтынына кепілдік белгіленеді. ҚР Президентінің мәртебесі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы Конституциялық заңда бекітілген және Президент билік тармақтарының бірде-біреуіне жатпайды, бірақ сонымен бірге олардың бәріне де қатысты екені әбден қисынды. Аталған ереже ҚР Президентінің Конституция және басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің шеңберінде жүзеге асырылатын әрекеті, акциялары, оның мәртебесі ҚР мемлекеттік органдарының барлығы үшін міндетті болып табылатынын білдіреді.

ҚР Парламентіне де халық мүддесін білдіретін алқалы орган ретінде

¹Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғ.С.Сапарғалиевтің редакциялауымен нормативтік-құқықтық түсініктемелер.- Алматы: Нұр-пресс, 2004, 25-б.

мемлекет атынан билік жүргізуге конституциялық өкілеттілік берілген. Осы ереже оның мынадай құрамдас бөліктеріне негізделген:

- 1) бұл тежемелік әрі тепе-теңдік тұтас тетігінің құқықтық негізі;
- 2) Парламент мәртебесіне және оның қызметінің рәсімдеріне арналған нормативтік-құқықтық ауқым оның өкілеттіктерін кеңейту туралы нормалардан тұрмайды.

Конституция нормаларына сәйкес мемлекет атынан Үкімет және өзге де мемлекеттік органдар билік жүргізуі мүмкін. «Өзге де мемлекеттік органдар» деп орталық, жергілікті мемлекеттік органдар түсініледі. Мәселен, Үкіметке және өзге де мемлекеттік органдарға оларға табыс-талған өкілеттіктер шегінде мемлекет атынан билік жүргізу құқығы берілген. Демек, «өкілеттікті табыстау» – Үкімет пен өзге де мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын Негізгі Заңда, арнайы құқықтық актілерде, сондай-ақ өзге нормативтік құқықтық актілерде бекітілген өкілеттіктер жиынтығы.

Бірақ Қазақстан Республикасындағы билікті иеленуге үміткер азамат, қоғамдық бірлестік немесе қандай да бір ұйым билік өкілінің немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды тұлғаның билігін өз еркімен иеленіп алған жағдайда ҚР ҚК нормаларына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

3.4. Қарастырылып отырған тармақта мынадай бір ереже айқындалған, оған сәйкес Негізгі Заң Қазақстан Республикасының егемендігімен, оның мемлекеттік және аумақтық тұтастығымен етене байланысты мемлекеттік биліктің біртұтастығын көздейді.

Өзінің нысаны бойынша унитарлық болып табылатын Қазақстан Республикасындағы біртұтас мемлекеттік биліктің жоғары органдары: Парламенттің, Үкіметтің, Жоғарғы Соттың біртұтас жүйесі барлығын білдіреді. Көрсетілген мемлекеттік органдар мемлекет функциясын жүзеге асырады, біртұтас мемлекеттік билік жүйесінің әр түрлі тармақтарына жатады, өзара тығыз қарым-қатынаста болады және өзіне тиісті құралдармен ортақ бір мақсаттарға қол жеткізу үшін әрекет етеді.

Мемлекеттік билікті жоғары және орталық билік органдарынан басқа біртұтас жүйе болып табылатын жергілікті мемлекеттік органдар да жүзеге асырады. Академик Ғ.С.Сапарғалиевтің біртұтас мемлекеттік билік оны деңгейлес, сол сияқты сатылы тармақтарға бөлу қағидатына негізделген деген ережесі дұрыс деп тану қажет. Қазақстан Республикасында билікті бөлу өкілеттіктерді шектеу саласында ерекшеліктері бар¹.

Заң шығарушы билікті – Парламент, атқарушы билікті – Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, сот билігін – Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар жүзеге асырады. Көрсетілген біртұтас мемлекеттік билік баспалдақтарында ерекше орынды биліктің барлық көрсетілген тармақтарынан жоғары тұрған ҚР Президенті иеленеді.

¹Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғ.С.Сапарғалиев редакциялығымен нормативтік-құқықтық түсініктемелер.- Алматы: Нұр-пресс, 2004, 27-б.

Биліктің барлық тармақтарының өзара іс-қимылы Конституция және басқа да нормативтік құқықтық актілердің құқықтық негізінде жүзеге асырылады. Осы ережеге сәйкес Негізгі Заңда тежемелік және тепе-теңдік жүйесі базасында биліктің осы немесе өзге тармағының өкілеттілігін жүзеге асыру шектері көзделген, өкілеттіктер шеңберінде біртұтас мемлекеттік билік тармақтарының қызметін қамтамасыз ететін, бұл ретте оларды асыра пайдаланғаны үшін жауапкершілік көзделген белгіленген ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар кешені түсініледі

Тежемелік жүйе – билік тармақтарының қызметін заң шеңберінде ұстаудың конституциялық әдісі. Демек, Парламент, Үкімет, Жоғарғы Сот өз қызметін өз өкілеттіктері және құзыреті мәселелері бойынша ғана жүзеге асырады. Мәселен, Парламент заң шығару қызметін жүзеге асырады, Үкімет – атқарушы органдар жүйесін басқара отырып, атқарушы билікті жүзеге асырады. Жоғарғы Сот сот практикасы саласында ғана нормативтік қаулылар қабылдайды.

Тепе-теңдік деп өзінің конституциялық өкілеттіктерін сақтау және ҚР конституциялық заңнамасында толық қарастырылған Конституцияны бұзуға жол бермеу мақсатында бір билік тармағының екінші билік тармағына қарсы іс-қимылының конституциялық бекітілген әдісін түсіну қажет. Мәселен, Президентке Парламенттің конституциялық емес заңдарды қабылдауына қарсы іс-қимыл жасау мақсатында вето құқығы берілген. Осы қатарда олардың өз өкілеттіктерін сақтауын қамтамасыз ете отырып, үш таған билік жүйесінен тыс тұрған Конституциялық Кеңеске ерекше орын берілген¹. Сөзсіз, бұл Конституция бойынша берілген өкілеттіліктерге сәйкес құқықтық шешімдер қабылдауға тартылған юрисдикциялық орган. Бір мезгілде, бұл өзінің құрылу тәртібі, құрамы, шешетін істер сипаты бойынша саяси орган. Кез келген конституциялық мәселенің мазмұнында саяси табиғат бар, өйткені саяси билікті бөлу және жүзеге асыру проблемаларын қозғайды².

Осылайша, тежемелік және тепе-теңдіктің кешенді жүйесі Қазақстан Республикасындағы біртұтас мемлекеттік биліктің осы немесе өзге тармағының билікті тартып алуын болдырмайды.

4-бап

1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық

¹Салыстырмалы конституциялық құқық.-М., 1996. – 165-б.

²Сол жерде, 166-б.

Кенесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

3. Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

4-баптың 3-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңның редакциясында жазылған.

4. Барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

4.1. Құқық – өзіне мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінен басқа, сондай-ақ объективті бар түпкілікті құқықтың табиғи негіздерін, дәстүрлі құқықты, прецеденттік құқықты, халықаралық-құқықтық актілерді, нормативтік-шарттық құқықты, құқықтық доктринаны қосатын күрделі және көпаспектілі құбылыс. Түрлі тарихи кезеңдерде құқық нысанының рөліне (соның ішінде, ресми танылған) судьялардың құқықтық санасы, белгілі заңгерлердің пікірлері және т.б. иелік етеді.

Құқықты заң шығаруға, түсінік беруге және құқықты іске асыруға қатысатын қоғам, мемлекет және жекелеген адамдар құрады. Адамзат дамуына, олардың табиғат пен қоғам заңдарын танып білуіне, жер шарын игеруіне қарай құқықтық реттеу ауқымы өседі, құқықтың ғылыми-техникалық, экологиялық, ғарыштық және өзге де аспектілері маңызды мәнге ие болады, осы күрделі дамиды құбылысты түсіну тереңдейді. Адамзат өркениетінде құқық орталығында адам, оның басқа адамдармен және табиғатпен қарым-қатынасы, оның бостандығы, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудан жаһандық экономикалық, қаржылық, саяси, құқықтық және өзге де жүйелерге дейін – адамзат қоғамының тіршілік өміріндегі барлық деңгейінде қарым-қатынастардың үйлесімдігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік институттар мен саяси жүйелердің құзыретін, құрылымы мен қызметін айқындайтын қағидаттар мен нормалар орналасқан.

ҚР Конституциясының 4-бабының 1-тармағында конституциялық құқық теориясы үшін түбегейлі мәні бар ережелерді бекітілген: «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес

заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.»

Осы тармақта Қазақстандағы қолданылып жүрген құқықты теріске шығаруға әрекет жасалған. Осы әрекет құқықты құқықшығармашылығы субъектілерін ішінара ресми кеңейту үшін заңнамалық және атқарушылық биліктің нормативтік актілеріне ғана құқық мәліметтерінің қалдығы ретінде дұрыс, ол заң практикасы үшін де, әсіресе, қазіргі заманғы қарқынды кезеңде маңызды. Дегенмен, нақты құқық ҚР Конституциясының 4-бабының 1-тармағында сызылған ауқымнан неғұрлым кеңірек. Мысалы, егер кез келген Азаматтық кодекстің, соның ішінде, ҚР АҚ Жалпы бөлімін ашса, онда бірқатар баптардан дәстүрлерге, азаматтық-құқықтық қатынасты реттейтін іскерлік айналым дәстүрлеріне жасалған сілтемелерді көруге болады. Дәстүрлі құқық – ұзақ уақыт бойы бағаланбай келген құқықтың дербес көзі, ол осы күнге дейін толық ақталмаған күйде қалып отыр. Дәстүрлі құқық – заңнамалармен салыстырғанда аз қалыптасқан және өте икемді құқық, бұл ретте – ол құқықтың дамушы нысаны. Қазіргі заманғы дәстүрлі құқық азаматтық, отбасылық, әкімшілік құқықта бұрынғы ғасырлар мен онжылдықтардың дәстүрлі құқықтарынан елеулі түрде ерекшеленеді.

Қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерде құқықты түсінуге синтетикалық (интеграциялық) көзқарас таралған. Осындай көзқарас нысанның және мазмұнның біртұтастығын білдіреді, сондай-ақ құбылыс ретінде құқықтың күрделі құрамы мен көпаспектілігін ескереді. Бұл ретте, құқыққа құқықтық сананың (құқықтық доктринаның) және құқықтық қатынастың, дәстүрлі және прецеденттік құқық нормалары, заңнамалардың құқықтық принциптері мен құндылығы, мәтіні, табиғи-құқықтық негіздердің, халықаралық-құқықтық актілердің элементтері қосылады¹

С.С.Алексеев негізі конституция болып табылатын құқықтық реттеу мен позитивтік құқықтың өзінше бір алдыңғы негізін *табиғи құқықтың* құрайтынына назар аударған². Табиғи құқық құқықтық реттеу жүйесінің негізіне жатқызылған, «табиғи, экономикалық, саяси ортаның,

¹Қараңыз, мысалы: *Мальцев Г.В.* Құқықтық түсіну. Көзқарастар және проблемалар. М., 1999. – 419 б.; Пісіп өнген проблемалар ретіндегі интегралды юриспруденция (*В.Г. Графский, А.В. Поляков, И.Ю. Козлихин, И.Л. Честнов, В.В. Лазарев* мақалалары) // Ресейдегі құқық философиясы: тарих және бүгінгі заман. Академик В.С. Нерсисянцты еске алу бойынша үшінші философиялық-құқықтық оқу материалдары/ жауапты. ред. *В.Г. Графский*. М.: 2009. 220-270 б). *А.В.Поляков, Е.В.Тимошина*. Құқықтың жалпы теориясы: Оқулық. – СПб: Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің баспа үйі, 2005.-472-б. – 58-б және т.б.; *А.В.Поляков* Коммуникативтік құқықтық түсіну: таңдамалы еңбектер. – СПб: «Алеф-Пресс» Баспа үйі ЖШҚ, 2014–575.

²*Алексеев С.С.* Құқық: әліпби – теория – философия: Кешенді талдау тәжірибесі. М.: 1999. 420-б.

бүкіл әлеуметтік өмірдің пісіп жетілген талаптары» кейбір бастапқы нормативтік бастамалары «ақылдың арқасында күш алады»; табиғи құқық арқылы «заңды нормативтік ұйғарымдардың тініне адамдардың табиғи өмірлерінің түпкілікті талаптарына негізделетін ой-сана идеясы енгізілуде»¹.

Табиғи құқық онсыз олардың тіршілік етуі мүмкін емес адам табиғаты және қоғаммен байланысты құқықтың іргелі қағидаттарынан, адамның негізгі құқықтарынан, әлеуметтік топтар және адамзаттан тұрады. Табиғи құқық жазылмаған ауызша нысанда (оның ішінде жазылмаған дәстүрлі құқық нормалары), сол сияқты құқықтық доктринада, саяси-құқықтық құжаттарда жазылып, оның адамгершілік бөлігін күшейтіп, заңнамада көрініс табатын жазбаша нысанда беріледі. Құқықтың табиғи бастауын тану – құқық жүйесін, оның жұмыс істеуін, заңнамалардың көпжоспарлы байланыстарын түсіндірудің, оны іске асырудың және құқықтық сананың маңызды элементі.

ҚР Конституциясының 12-бабының 2-тармағында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» деп жазылған. Осы конституциялық нормада оларды туғаннан бастап иеленуі және олардан айыруға болмайтындығы сияқты адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының маңызды қасиеттері, іс жүзінде – олардың табиғи құқықпен байланысы тіркеледі².

¹ Сол жерде. 420 – 421-б. Сондай-ақ, қараңыз: *М.Н.Марченко*

² Әдебиетте табиғи құқықты әлеуметтік-мәдени түсіндіру кездеседі. «Әдетте, адам құқығы – табиғи деп аталады, деп жазады В.А.Четвернин, бірақ бұл олардың тікелей мәнінің – табиғи, алдын-ала немесе әркімге туғаннан берілгендігін білдірмейді. Адамның құқығы, жалпы басқа да құқықтар сияқты әлеуметтік-мәдени құқық, бірақ табиғи құбылыс емес, сол немесе басқа да құқықтар адамға «адам боп туғаннан бастап» тиісілі емес, ал осындай құқықтар әрбір адамға танылатын осындай социумда (осындай социумда болуына байланысты) туғаннан бастап тиесілі». Қараңыз: В.А.Четвернин. Адам құқықтарын либертарлық-құқықтық түсіндіру// Ресейдегі құқық философиясы: тарих және бүгінгі заман. Академик В.С. Нерсесянцты еске алу бойынша үшінші философиялық-құқықтық оқу материалдары/ жауапты. ред. В.Г. Графский. М: Норма, 2009. 181-182-б.

Ю.В.Тихонравов табиғи құқықты құқықты өзін-өзі регламенттеу негізі ретінде қарастырады: «Табиғи құқық құқық үшін құқық немесе метақұқық, яғни оған адамды мәжбүрлеуге болатын (немесе тіпті қажет), ал оған мәжбүрлеу ешқандай мүмкін емес (сондай-ақ мәжбүрлеу әдістері мен рәсімдерін іріктеу) – құқықтық жүйелерді орнату үшін жалпы қағида болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл – құқықтың өзін-өзі регламенттеуі». Қараңыз: Ю.В.Тихонравов Құқық философиясының негіздері. Оқу құралы. М:Вестник, 1997. 399-б.

В.Д.Зорькиннің адам құқықтары мен бостандықтарының және адамның табиғи құқықтары мен бостандықтарының арақатынасы туралы, индивид құқықтары мен бостандықтарын шектеу және оның міндеттері туралы ойлары қызығушылық тудырады. Қараңыз: В.Д.Зорькин Құқық қиялы жөнсіздікті тудырады//Ресей газеті. 2017 жылғы 6 маусым. <https://rg.ru/2017/06/06/valerij-zorkin-son-prava-rozhdaet-proizvol.html> (28.06.2017 ж.).

Қазақстанда соңғы он жыл ішінде құқық жүйесін дамыту, оны жаңғырту үшін көптеген істер атқарылды. 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында «Сонымен қатар, әлемдік экономика мен саясатта болып жатқан іргелі өзгерістер, жаһандану процестері, сондай-ақ елдің ішкі даму серпіні қол жеткізгенге тоқмейілсуге мүмкіндік бермейді. Ұлттық құқықтың уақыттың жаңа талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ХХІ ғасырдың перспективаларына сай келмейтін құқықтық догмалардан түпкілікті арылып, мемлекеттің норма түзушілік және құқық қолдану қызметін одан әрі жетілдіру қажет» деп көрсетілген. Бұл іргелі теориялық проблемаларды әзірлеу қажеттігіне және құқықтың жалпы теориясы мен құқық философиясын дамытудың қазіргі үрдістеріне мұқият қарауға қатысты.

Ғылыми әдіснама мен ғылыми білімді дамытудың жалпы үрдісінде, мысалы, құқықтың икемділігіне, өзгергіштігіне, көпнұсқалылығына, қатыстылығына ерекше назар аударатын постклассикалық құқықтың теориясы, оның табиғи жалпы заңдылықпен байланысы елеулі қызығушылық тудырады. Ол құқық саласын, оның ішінде құқықтық түсінуді теориялық мәнін түсінуде кейбір жаңа мүмкіндіктерге жол ашады¹.

Мемлекеттік құқықтық реттеу мен заң практикасы үшін позитивті құқық заңнаманың маңызы зор². Бұл ретте, қазіргі құқық теориясы заңнама құқықтық мемлекеттің қолданыстағы құқықтың негізгі бөлігі ретінде конституцияға, құқықтың негізгі қағидаттары мен құндылықтарына сәйкес келуі, яғни *құқықтық заңнама* болуы тиіс. Тарих, әсіресе ХХ ғасыр тарихы, құқықтық емес, негізсіз, заңдар нысанындағы құқық емес заңнаманың талай мысалдарынан тұрады (атап айтқанда, фашистік Германия кезеңінде, 1930 – 1950 жылдары КСРО-дағы, кейбір басқа тоталитарлық мемлекеттердегі жаппай қуғын-сүргін). Тарих айыптаған осындай теріс практика мүмкіндігін алып тастау үшін қазіргі конституциялар адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдықтарын, құқықтық, әлеуметтік, демократиялық және зайырлы мемлекеттің, биліктерді бөлу тұжырымдамасын, заңнаманың халықаралық-құқықтық бағдарын және

¹Қараңыз: мысалы: И.Л.Честнов 16-дәріс. Постклассикалық құқық теориясының негізгі сипаттамалары// Қазіргі заманғы құқықтық түсіну: дәрістер курсы/жауапты ред. М.Н.Марченко.М.: Норма: ИНФРА-М., 2016. 283-308-б.; И.Л.Честнов Постклассикалық құқық теориясы. Монография. СПб: «Алеф-Пресс» Баспа үйі, 2012.-650-б.

²Қазіргі конституциялық бақылау органдарының құқықтық түсіну тәжірибесін қорыта отырып, Н.С.Бондарь табиғи және оң құқықтың бастауын есепке алу, «ұлттық конституциялық-құқықтық жүйедегі табиғи-құқықтық және оғ бастаудың теңгерімделген үйлесіміне» ұмтылу және «мүмкін болғанша көбірек, атап айтқанда заңдағы құқықтың неғұрлым толық көрінісін (осы сөздің кең мағынасында)» бір мезгілде қажеттігін тануды атап көрсетті. Қараңыз: Н.С.Бондарь Сот конституционализмі: доктрина және практика: монография. 2-басылым, қайта өнд. М.: Норма: ИНФРА-М, 2016. 95-б.

басқа бекітеді (ол қалай бекітілген, мысалы, Қазақстан Конституциясының 1 және 3-баптарының нормаларында).¹

ҚР Конституциясының 4-бабының 1-тармағында қолданыстағы құқықтың, соның ішінде, өзге де нысандарды санкциялайтын құқықтардың негізді заңды мәні бар элементтері бекітілген. Баптың ережелері Конституцияны түсіндірген және оған құқық шығармашылығы мен құқық қолданудың сәйкес келуін бағалаған кезде жалпы ұстанымдарды пысықтау үшін маңызды.

Конституцияның 4-бабының мазмұны жүйелі көзқарасқа және құқықты неғұрлым кең ұғынуға бағыттайды. *Барлық жоғары мемлекеттік органдар және елдің мемлекеттік органының барлық жүйесі құқықшығармашылығына – заңнамаларды жасауға және дамытуға қатысады.* Халық биліктің көзі ретінде референдумдарда Конституцияны қабылдайды, құқықтың және мемлекеттің өзге де маңызды мәселелерін шешеді, тікелей сайлау барысында өздерін білдіретін жоғары және жергілікті мемлекеттік органдарды қалыптастырады, мемлекеттік құқық шығармашылық тетігін іске қосады. Парламент Конституцияны, конституциялық заңдарды, кодекстерді, заңдарды және т.б. қабылдайды, өзгертеді. Президент нормативтік жарлықтарды, соның ішінде белгіленген жағдайларда заң күші бар жарлықтар шығарады. Үкімет, Жоғарғы Сот және Конституциялық Кеңес – түрлі нормативтік қаулылар шығарады. Аталған мемлекеттік органдар (мемлекеттік өкілді, атқарушы және сот билігі және өзге де орталық атқарушы және түрлі жергілікті органдар секілді) олардың үстемдігі мен құзыреттілігіне сәйкес нормативтік құқықтық актілердің – кеңінен айтқанда заңнамалардың жүйесін жасау, қолдау, дамыту процесіне қатысады. Нормативтік актілердің осы жүйесі Конституцияға сәйкес келуі және Құқықтық актілер туралы ҚР заңының 7-бабына сәйкес заңдардың үстемдігін ескере отырып жасалуы тиіс.

Конституцияның нормаларын және сот практикасына қолданылатын заңнамалардың мағыналық жағының бағыттарын қорыту және айқындау бойынша ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын түсіндіру бойынша ҚР КК нормативтік актілерінің ерекше заңды мәні бар². Бұл ретте, «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты заңдардың нормаларын, оның ішінде сот тәжірибесіне қатысты Конституция нормаларын қолдану

¹ В.Д.Зорькин бейнелі байқағандай, – «Сағат тілдері уақытты алға жылжытпайтыны сияқты, заңдар да құқықты құрмайды, – олар тек оның табиғи жүрісін өлшейді. Кейде құқық ретінде қабылдайтын, кездейсоқ мақсаттар мен мезеттік пайда үшін асығыстықта ойлап табылған және қабылданған, басқа ештеңе емес заңдық «спам» болады». Қараңыз: В.Д.Зорькин В.Д.Зорькин Құқық қиялы жөнсіздікті тудырады//Ресей газеті. 2017 жылғы 6 маусым.

²Толығырақ қараңыз: С.Ф.Ударцев. Конституциялық Кеңестің құқықтық позициялары және қолданыстағы құқықты қалыптастыру // [кітаптағы. 3, 3.2-тарау] Қазақстандағы конституциялық бақылау: бекітілген конституционализмнің доктрина және практика: Монография /И.И.Рогов және В.А.Малиновский ред. Алматы: Паритет, 2015. – 135–161б.

мәселелері жөніндегі нормативтік қаулыларды шығаруға өкілетті»¹. Сот практикасының кең және шексіз әралуандығын, оның құқықты іске асырудағы мәнін ескере отырып, ҚР Жоғарғы Соты – осы қызметті дамытудың елеулі әлеуеті бар құқықтарды негізгі шығарушылардың бірі.

ҚР Конституциясының 4-бабының 1-тармағында қолданыстағы құқықты айқындаған кезде «өзге де нормативтік құқықтық актілер» туралы айтылады. Осы ережені неғұрлым нақты түсіндіру ҚР КК 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысының 2-тармағында берілген: «Конституцияның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген құқық нормалары бар басқа нормативтік актілерге мынадай актілер жатады: республикалық референдумда қабылданған актілер, Республика Президентінің 1995, 1996 жылдары шығарған конституциялық заңдар мен заңдардың күші бар жарлықтары, сондай-ақ заң күші бар², Қазақстан Республикасы Конституцияның 61-бабының 2-тармағымен қабылданған жарлықтар, Президенттің жарлықтары, Парламенттің, оның Палаталары мен Республика Үкіметінің қаулылары, министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық, атқарушы органдардың, сондай-ақ ҚР Президентінің конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлығының 23 және 24-баптарына сәйкес салааралық үйлестіруді, басқа да атқарушылық және өкім шығару қызметін, арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асыратын ведомстволардың актілері, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың шешімдері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдері, сондай-ақ басылуы заңмен белгіленетін актілер».³

Заңнамаларда құқық тараптарының – субъектілерінің қатынасын, олардың топтарының қол жеткен келісімге сәйкестігін реттейтін түрлі деңгейдегі және күрделі үстемдіктегі *шартты құқық* орын алған. Халықаралық жеке құқықта (ҚР АҚ қараңыз) түрлі елдердің заңнамаларымен тараптардың келісімі бойынша таңдау құқығы ретіндегі шартты құқықтың элементі бар, ол бойынша тараптар халықаралық коммерциялық төрелікті басшылыққа алуға құқылы және т.б. Олар санкцияланған жағдайда, нақты *сот прецеденттерін*, мысалы, ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысын қолдану мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Сот прецеденттері АХҚО аумағында қолданылатын «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) Сотында қолданылуы мүмкін (Қазақстанның астанасында құрылған).

¹ҚРКК 1997 жылғы 6 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын; 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» № 3 қаулысы.

²2017 жылғы Конституциялық реформамен бұдан былай ҚР Президентінің заңды күші бар жарлықтарды немесе конституциялық заңдарды шығару мүмкіндігі алынып тас-талды.

³Сол жерде.

2015 жылы 7 желтоқсанда АХҚО туралы Конституциялық заң қабылданды, оған сәйкес құрылатын «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында қолданылатын құқықтың Ұлыбритания құқықтық жүйесінің ядросы – Англия мен Уэльстің құқығымен байланысы көзделген. Аталған Конституциялық заңның 4-бабында Орталықта қолданылатын құқық ҚР Конституциясына негізделген және осы Конституциялық заңнан; Англия мен Уэльс құқықтарының қағидаттарына, нормалары мен үлгілеріне және (немесе) өз өкілеттіктері шегінде Орталықтың органдарымен қабылданатын әлемдік жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін оған қайшы келмейтін Орталықтың актілерінен; Конституциялық заң және Орталықтың актілерімен реттелмеген бөлігінде ҚР қолданыстағы құқығынан тұрады деп жазылған.

Тәжірибе үшін қандай актілердің нақты қолданылатыны туралы мәселенің маңызы зор. ҚР КК 1996 жылғы 28 қазандағы №6/2 қаулысында қолданыстағы құқыққа мынадай нормалар жатады деп белгіленген «нормалары мен Республиканың басқа да осы бапта келтірілген нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ бұзылмаған халықаралық міндеттемелері түсінілуі тиіс. Бұрынырақ қабылданған актілерге белгіленген тәртіпте өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, сондай-ақ жаңа актілер қабылданған жағдайда, бұл актілердің нормасы қолданылып жүрген құқық құрамына енгізіледі, ал күші жойылды деп танылғандар – ол қатардан шығарылып тасталады. Жаңадан қабылданған нормалар өз күшіне Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында бекітілген Заңның кері күші туралы ережелер сақтала отырып енгізілуі тиіс». Қолданыстағы құқыққа заң күші бар және қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілер жатады.

Заңдылық режимін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық акт мәтінінің мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдарда қолданылатын ресми тілдегі нормативтік құқықтық акт мәтінімен бірдей болуы және қайшы келмеуі қажет.

4.2. Конституцияның – мемлекеттің негізгі заңы немесе жоғары заң күшіне ие екендігі туралы әлем елдерінің барлық конституцияларында тікелей көрсетілмеген. Ол туралы, мысалы, Жапония Конституциясының 98-бабында айтылады: «Осы Конституция елдің Жоғарғы заңы болып табылады және оның ережелеріне тұтастай немесе ішінара қайшы келетін қандайда болмасын заңдар, жарлықтар, рескриптілер немесе басқа да заңнамалық актілердің заң күші жоқ»¹. ҚР Конституциясының 4-бабының 2-тармағында «Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» деп жазылған.

Батыстың әдебиеттерінде «әрбір елде іс жүзінде бір емес, бірнеше конституция бар, олардың әрқайсысы қандай да бір саланы қамтиды. Дер-

¹ Буржуазиялық мемлекеттердің конституциялары: Оқу құралы /Құрастырған В.В. Маклаков. М.: 1982. 262 – 263-б.

бес акт ретінде, атап айтқанда, экономикалық, саяси, заң, әлеуметтік конституция және «қауіпсіздік жөніндегі конституция» (security constitution) қарастыру ұсынылатындығы»¹ туралы көзқарастар кездеседі. «Теориялық-әдістемелік ретінде де, саяси-құқықтық көзқарас ретінде де ол ақталмайды, – деп жазады М.Н.Марченко. – Қалыптасқан және өмірдің өзі бірнеше рет растаған өзін-өзі ақтамайтын айғай-сүрең көптеген сұрақтар туындатады және оларға қанағаттанарлық жауап бермейді»². Батыстық авторлардың осы плюралистік көзқарасының ұтымды дәнегі әлеуметтік нормалардың әрбір саласында әлеуметтік нормалар мен құқықтық актілердің иерархиясы қағидатын енгізуге олардың ұмтылуы болу керек. Алайда, бұл конституцияның нормативтік құқықтық акт ретінде ұлттық құқық саласында барлық нормативтік құқықтық актілер арасында иерархиясы бойынша жоғары болып табылатынын жоққа шығармайды. Бұдан басқа, мемлекет ресми конституцияны ғана заңнамаларға, мемлекеттік билікке және басқаруға, экономикалық және саяси негіздерге, қоғамның жүйелеріне, түрлі салаларда адам құқықтарына жатқызылған ережелер мазмұндалған жоғары заң күші бар нормативтік құқықтық актілерді ғана таниды. Бұл жерде ұлттық құқық саласында ешқандай да өзге актілер, соның ішінде, өздері жатқызылатын әлеуметтік нормалардың тиісті топтары арасында маңызды рөл атқара алатын өзге де әлеуметтік нормалар (саяси, экономикалық), құқықтық емес басқа да салаларда актілер ресми түрде конституциямен бәсекелесе алмайды.

Конституция – саяси-құқықтық нақтылықтың заңдық құрылымдық-функционалдық тірегі, заңнамалар жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуының жинақталған ақпараттық бағдарламасы.³ Сол үшін Конституцияға *ең жоғары заңды күші бар* акт сипаты бөлінген, олар бұлжытпай орындалуы, Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылуы керек. Мемлекеттік органдардың бүкіл нормативтік және құқық қолданушылық актілері, мемлекеттің бүкіл лауазымды тұлғаларының, ел аумағындағы заңды және жеке тұлғалардың қызметі Конституцияға сәйкес болуы керек. Солай дегенмен де, Конституцияның ережесі өзінің нақтылығымен және мағыналық мазмұнының көлемімен ерекшеленеді. Осыған байланысты, конституциялық нормаларды қоғамдық қатынастарда іске асыру үшін жоғарғы және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері нормаларының тармақталған желілері, қосымша жүйелері,

¹ Қараңыз: FuoriKandSankariS. (eds.) The Many Constitution of Europe. London, 2010. P. 9-11; МарченкоМ.Н. Посткеңестік Ресейдің Конституциясы: теория проблемасы және таным әдістемесі // Мемлекет және құқық (М.). 2013, № 12. С. 31.

²МарченкоМ.Н. Посткеңестік Ресейдің Конституциясы: теория проблемасы және таным әдістемесі // Мемлекет және құқық (М.). 2013, № 12. С. 32.

³ Конституция мен қоғам дамуының байланысы туралы толығырақ. Қараңыз: С.Ф.Ударцев Конституция және қоғам эволюциясы (құқық теориясы мен философия мәселелері). СПб: Университеттік баспа консорциумы. 2015. -388-б. С.Ф.Ударцев Конституциялық реформа: теорияның кейбір мәселелері //Құқық және мемлекет. 2015. №3 (68). Тақырып нөмірі: Қазақстан Конституциясына 20 жыл. – 44-49-б.

буындары, сондай-ақ олардан туындайтын құқық қолдану актілері тізіліп қойылуы мүмкін (ал кейбір жағдайларда тиіс).

Конституция – қоғам өмірін қолдауға және дамытуға бағытталған, өзінде қаланған мақсаттарын, құндылықтарын, принциптерін, идеяларын, нормаларын ескере отырып, белгілі бір мағынаға рұқсатты дамытудың әлеуеті бар саяси-құқықтық шынайылықтың үлгісі.

Конституцияның тікелей қолданылуы және іске асырылуы – біржолғы әрекет емес, қоғам эволюциясының, Конституцияның және заңнамалардың және нақты қоғамдық қатынастардың өзара іс-қимылы қоғамдық эволюция контекстін дамытатын күрделі, көпжоспарлы, шексіз процесс.

Конституцияның тікелей қолданылуы заңнама жүйелерінің қағидаттарды, Конституцияның нормаларын, олардың мәнін, олардың ресми түсіндірмелерін сіңіруі. Бұл ретте, оны іске асыру сатысына дейін барлық қолданыстағы заңнамалардың конституциялық нормалармен қосылуы, ұластырылуы жүргізіледі. Кері байланыстың осы процесінде, өкінішке орай, түрлі бағыттағы әсерлер және көптеген өзге ішкі және халықаралық факторлар – экономикалық, саяси, құқықтық және саяси мәдениеттің жай-күйі, құқықтық және саяси сананың дамуы деңгейі, қалыптасқан дәстүрлер, әдет-ғұрыптар көрсетіледі.

Қазақстанда Конституцияның жоғары заңды күші туралы конституциялық ережеге сәйкес ол Республиканың бүкіл аумағында қолданылады, соттар істерді қараған кезде барлық қажетті жағдайларда Республика Конституциясын тікелей әрекет ету актісі ретінде қолдануы тиіс. Конституцияның 78-бабында көзделген жағдайларда («Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса») ҚР КК жүгінуі тиіс (оны олар түрлі себептермен жиі жасайды)¹.

4.3. Жаһандану жағдайындағы Қазақстанның құқықтық саясатында «күннен-күнге көбейетін халықаралық-құқықтық аспекті бар». 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында «ұлттық заңнаманы қабылданған халықаралық міндеттемелер мен халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жұмысын жалғастыру керек. Сонымен бірге

¹ *Әбдірасулов Е.Б.* пікірі бойынша ҚР Конституциялық Кеңесі жүгінуге соттардың құқықтарын байланыстыру «қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акті Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірген» жағдайларда ғана Конституциялық Кеңестің қызметін тарылтады және Конституциялық нормаларды тікелей қолдану және басқа жағдайларда оны қорғау бойынша соттардың мүмкіндіктерін кішкене шектеді. Қараңыз: *Әбдірасулов Е.Б.* Заң және Конституция нормаларын түсіндіру: теория, тәжірибе, рәсімдер / *С.З. Зимановтың жалпы редакциясы.* Алматы: Өркениет, 2002. 377-б.). Жоғары мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жағдайында және конституциялық бақылау органын нығайту қажеттігімен байланысты, сот органдарының Конституциялық Кеңеске олардың жүгінуі бойынша құзыретін белгілі бір кеңейту биліктердің оңтайлы теңгерімі үшін оң мәні болуы мүмкін.

аталған жұмыста, ең алдымен, ішкі қажеттіліктер мен елдің дамуындағы басымдықтарды басшылыққа алу қажет».

1993 жылғы ҚР Конституциясының 3-бабында Республикада танылған адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты барлық халықаралық құқықтық актілер заңдар алдында басымдыққа ие болатыны туралы норма қамтылған болатын.

1995 жылғы ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағында¹ Республика ратификациялаған, яғни Парламенттің белгіленген рәсімдерді сақтай отырып, *тиісті заңды қабылдау арқылы бекіткен* халықаралық шарттардың оның заңдарынан басымдығы болады деп белгіленген.

2017 жылғы конституциялық реформа барысында 1995 жылғы Конституцияның 4-бабы 3-тармағына маңызды толықтыру енгізілді, ол туралы төменде айтылады. Бірақ, алдымен ҚР Конституциясы бойынша бекітілген халықаралық шарттардың басымдығы туралы сақталған нормаға тоқталайық.

Халықаралық шарттар туралы Заңның 11-бабына (Ратификациялауға жататын халықаралық шарттар) сәйкес, мынадай: 1) нысанасы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатын; 2) орындалуы қолданыстағы заңдарды өзгертуді немесе жаңа заңдарды қабылдауды талап ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге ережелерді белгілейтін; 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының өтуі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше экономикалық аймағын және құрлықтық қайраңын межелеп бөлу туралы халықаралық шарттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен аумақтық межелеп бөлінуі туралы; 4) мемлекетаралық қатынастардың негіздері туралы, қарусыздану немесе қару-жараққа халықаралық бақылау жасау, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ бітімгершілік халықаралық шарттар мен ұжымдық қауіпсіздік туралы халықаралық шарттар; 5) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарға қатысуы туралы, егер мұндай халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының егемендік құқықтарының бір бөлігін жүзеге асыруды оларға беруді көздейтін болса немесе олардың органдары шешімдерінің Қазақстан Республикасы үшін заңдық тұрғыдан міндеттілігін белгілесе; 6) мемлекеттік қарыздар туралы; 7) гуманитарлық көмектен және дамуға ресми көмектен басқа, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы; 8) қол қою кезінде келіссөздерге қатысушы тараптардың кейіннен оларды ратификациялау туралы келіскен; 9)

¹ ҚР Конституциясының 4-бабының алдыңғы редакциясына ресми түсіндірме. Қараңыз: Ударцев С.Ф. [Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-баптың түсіндірмесі] // Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. Редакциялық алқа: М.Т. Баймаханов, В.А. Малиновский, С.Н. Сәбікенов, С.С. Сәртаев, М.К. Сүлейменов, И.И. Рогов. 30-бап түсіндірмесі. – Алматы: Раритет, 2015. – 552 с. – 36–49 бб.

егер халықаралық шарттарда мұндай келісім ратификациялау арқылы білдірілетіні көзделсе, халықаралық шарттар ратификациялауға жатады.

Халықаралық құқық (римдік құқықта «халықтың құқығы», ХІХ ғасырдағы заң білімінде «жалпыхалықтық құқық» термині пайдаланылды) өзінің табиғаты мен нысанасы бойынша құқықтың неғұрлым жоғары тәртібінде болады. Халықаралық құқықтың жалпы сипатына байланысты халықаралық шарттарға сәйкес көбінесе түрлі тараптардың қарама-қарсы мүдделеріне ол ұлттық құқықтың нормаларына қарағанда қолданыстағы құқыққа неғұрлым жақынырақ болады¹. Г.Гроцийдің өзі барлық халық үшін ортақ құқықты анықтай отырып, салыстырмалы құқық арқылы қолданыстағы құқықты табуға болады деп жазып кеткен. Халықаралық құқық атап айтқанда, алдымен осындай негіздерде қалыптасады. Бірақ ол да халықаралық қауымдастықтың мұқтаждығынан қалуы мүмкін, адамзаттың даму процесінде өзгереді және жетіледі, құқық дамуының шекті деңгейі болып табылмайды. Белгіленген беталысты ескеріп, құқықтық дамудың келесі деңгейлері – планетарлық және одан ары – әзірге, болжалды өркениетаралық (егер бүкіл адамзатты біртұтас ретінде, әйтсе де күрделі ұйымдастырылған өркениет ретінде қарастырсақ) болуы мүмкін. Осының барлығы жасалатын халықаралық шарттарға, мүмкін оларды түсіндіру және ұлттық мүдделерді ескеру тұрғысынан перспективасына мұқият және жан-жақты сараптама жасауды талап етеді.

ҚР КК 2000 жылғы 11 қазандағы № 18/2 қаулысында мына маңызды тұсына назар аударады: «Бекітілген халықаралық шарттардың заңдардан басымдығы және Республиканың аумағында тікелей қолданылуы дегенде, мұндай шарттар нормаларының заң нормаларына қайшы келетін реттерде басымдығы көзде тұтылады». Заңдар мен бекітілуге жатпайтын шарттардың үйлеспеушілігі туындаған кезде заңдар басымдыққа ие болады. Бұл ретте, үйлеспеушілік Қазақстандағы қолданыстағы заңнамалары шегінде халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес келісім рәсімдері арқылы шешіле алады.

ҚР КК 2000 жылғы 11 қазандағы № 18/2 осы қаулысында заң алдында басымдығы бар 1993 жылғы Конституцияға сәйкес Республикада бұрын жасалған (олардың ратификациялануына қарамастан) және 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдағаннан кейін қолдануын жалғастырған халықаралық шарттар туралы мәселе қаралған.

ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағының ережесі планетадағы адам өмірінің экономикалық, саяси, құқықтық, ақпараттық, мәдени, өзге де саласын қамтып алған жаһандандудың дамып келе жатқан процесі жағдайында құқық эволюциясының жалпы заңдылығын көрсетеді, теңқұқылы серіктес ретінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы ин-

¹«С.В.Черниченконың пікірі бойынша қолданыстағы құқық пен позитивті халықаралық құқық арасындағы шегара көбінесе байқалмайды. Мемлекет ішіндегі құқықтан қолданыстағы құқықтың іздерін табу қиындық туындатады» Қараңыз: Черниченко С.В. Философия және халықаралық құқық бойынша очерктер. М.: 2009. 702-б.

теграциясын қамтамасыз етеді. *Жаһандану жағдайында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажеттігі мен мүмкіндігін көрсететін шоғырландыру* ретінде барлық халықаралық шарттарға қатысты Конституция нормаларының басымдық принципінің сақталуының да маңызы зор. Осыған байланысты, ратификацияланған шарттар санының едәуір өсіп келе жатқанын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін тексеру құқығына ие (ҚР Конституциясының 72-бабы 2-1-тармағының 3) тармақшасы).

Тарихи даму барысында ұлттық құқық ғана емес, сонымен бірге халықаралық құқық та сөзсіз дамиды. Халықаралық құқық та қатып қалған, біржолата мәлім және өзінің барлық элементтері жетілген болып табылмайды. Халықаралық алаңда күштер арақатынасының өзгеруі, әлемдік көшбасшы елдердің немесе олардың топтарының – тарихи ауысуы, әлемдік саясатта күштер орталығының жаңа конфигурациясының туындауы, халықаралық жанжалдар мен дағдарыстар халықаралық құқыққа, оны түсіндіруге және қолдануға, халықаралық ұйымдардың қызметіне ықпалын тигізеді. Әртүрлі елдердің құқықтық дамуының түрлі жылдамдығы мен ерекшелігін ескере отырып, халықаралық құқық өз дамуында ұлттық құқықты басып озуы, сол сияқты одан артта қалуы мүмкін. Ұлттық құқықта жаңа буын заңнамасының элементтері жиі пайда болуы мүмкін, ал халықаралық құқықта күрделі және ұзақ талқылау рәсімдерін, көпжақты келісуді, бекітуді кейде талап ететін халықаралық қатынаста бұрынғы жағдайды көрсететін бұрынырақтағы шарттардың қолданылуы жалғасын табуы мүмкін. Дамудың қандай да бір кезеңдерінде әртүрлі себептер бойынша әртүрлі елдердің халықаралық және ұлттық құқығының кезеңдер динамикасының, қозғалыс бағытының, даму бағытының үйлеспей және сәйкес келмеуі орын алуы мүмкін.

Сонымен бірге, ұлттық құқыққа қарағанда халықаралық құқық нормалары (оларды ерікті орындауға есептелген) алуан түрлі жағдайларды, әртүрлі қарқынды дамитын жайларды одан көбірек қорыту мен қамтуды болжайды. Нәтижесінде көптеген нормалар өте икемді, кең, ал кейде әр түрлі мәні болады. Құқықты түсіндіру теориясында және сот практикасында да (атап айтқанда, халықаралық соттар судьяларының арасында) оларды түсіндіру мен қолдану кезінде осы немесе өзге нормалардың неғұрлым кең мағынасын анықтауды ұмтылудан неғұрлым тар мағынасын іздеуді белгілегенге дейінгі әртүрлі тәсілдер бар¹, бұл жекелеген халықаралық-құқықтық нормаларды әртүрлі түсіндіруге әкеп соғуы мүмкін.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, мемлекет, оның ішінде қазіргі мемлекет, әсіресе олардың ішіндегі ең күштісі, олардың одақтары,

¹Қараңыз, мысалы.: А.А.Қараев Конституцияны құқықтық қорғау: демократиялық конституционализм дәстүрлері және Қазақстанның тәжірибесі: Монография. Алматы, 2010. – 159-161-б. Сондай-ақ, қараңыз: Абдрасулов Е.Б., Абдрасулова Г.Э. Азаматтық-құқық нормаларын соттық қолдану және түсіндіру: Монография/К.Ә.Мәми жалпы ред. Астана, 2007. – 304-б.

халықаралық қатынастарда және халықаралық құқықта заң үстемдігін үнемі сақтай бермейді. «Қосарлы стандарттар», «күштінің құқығы» өзі туралы жиі білдіріп тұрады, оның үстіне – әсіресе ХХІ ғасырдың басында дезинтеграцияға, фрагментацияға байқалған үрдістер және «түсті революция» арқылы өткен бірқатар елдерде басқарылмайтын жағдайы кезінде ресми бейбіт уақытта жаһандық «турбуленттік», «гибридтік соғыстар» жағдайында кейде басымдық көрсете бастайды¹.

Мұндай жағдайда халықаралық құқық нормаларында және оларды түсіндіруде, халықаралық соттардың шешімдерінде белгілі бір көшбасшы елдердің немесе елдер тобының мүдделері ерекше айқын байқалуы мүмкін. Осыған байланысты оларға қол қою және бекіту кезінде халықаралық-құқықтық құжаттарды барынша мұқият зерделеу, сондай-ақ тарихи мәнмәтін динамикасын ескеріп, оларды іске асырудың ықтимал салдарын, нормалардың ықтимал мағынасын ескере отырып, мұндай жағдайда халықаралық-құқық құжаттардың нормаларын барынша мұқият қолданысқа енгізу қажеттігі туралы мәселе көкейкесті болып табылады.

Халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық актілерімен және т.б., сол сияқты ұлттық құқықпен, мысалы, әлем елдерінің ұлттық құқығындағы азаматтық, сауда, кәсіпкерлік, азаматтық процестік кодекстерінің тиісті тарауларымен тікелей байланысты халықаралық жеке құқық белсенді жетілдіріледі және одан әрі дамитын болады.

Халықаралық құқықтың жедел дамуы және ұлттық құқықпен оның өзара іс-қимылының нысандары әлемдегі іргелі ғылыми-техникалық, экономикалық және саяси өзгерістер аясында дамудың жалпы беталысын анық түсінуді, халықаралық құқық нормаларының басымдығын кеңейтуді және арттыруды талап етеді. Сонымен бірге, бұл ұлттық экономиканы дамыту, ұлттық дәстүр мен мәдениетті сақтау үшін қолайлы және тиімді жағдайды құру, ұлттық қауіпсіздікті, экологияны қамтамасыз ету көзқарасы тұрғысынан нақты тарихи мәнмәтінде халықаралық және ұлттық құқықтың жекелеген нормаларының ситуациялық өзара іс-қимылына барынша мұқият қарауды талап етеді. 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына қол қою рәсімінде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы «қарқынды технологиялық революция қазіргі әлемде жаһандық экономикадағы жаңа нақты ахуалды құрады... Жаңарған Конституция – бұл уақыт сын-қатеріне біздің жауабымыз» деп атап көрсетті.²

¹ Ол туралы толығырақ қараңыз. Мысалы: Марочкин С.Ю. Дамудың жалпы бағдары ретінде құқықтық жүйелердің өзара іс-қимылы (халықаралық қауымдастықтың құқық үстемдігі қағидатына қатынасы: ниеті және нақты шындық) // Ресей заң журналы. № 5 (98), 2014. 15-25-б.

² Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға жария қол қою рәсімінде сөйлеген сөзі. 2017 жылғы 10 наурыз. // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-nursultana-nazarbaeva-na-ceremonii-publicnogo-podpisaniya-zakona-o-vnesenii-izmenenii-idopolnenii-v-konstituciyu-respubliki-ka (13.06.2017 ж.).

ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағының жаңа редакциясында (2017ж.) заңдарға қатысы бойынша халықаралық шарттарды ратификациялау басымдығы туралы ереже қалдырылды, бірақ халықаралық шарттардың қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстанда заңнамамен айқындалатындығы туралы жаңа ереже енгізілді.

ҚР Конституциясының қолданыстағы редакциясының 4-бабы 3-тармағының екі сөйлемін *бірлікте, біртұтас ретінде* қарау және түсіндіру қажет.

Жаңа норма халықаралық құқыққа қарамастан халықаралық шарттарды өз еркімен орындамауды білдірмейді. Қазақстанның сонау 1993 жылдың наурызында-ақ¹ халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясына қосылған болатын.

Халықаралық шарттарды қолдану тәртібі мен талаптарын заңнамамен анықтау туралы жаңа ереже бас тарту немесе жаһандандудың объективті процесіне қарсы тұру үшін қабылданған жоқ. Ол халықаралық қатынастардың шиеленісуінен туындаған салдарды мүмкін болатын және қажетті жерде белгілі бір жеңілдету, біртіндеп пайдалану, қарқынды, мерзімдерді, шарттардың мазмұнын және оның ілесімі жағдайларын ескеріп, халықаралық шарттармен байланысты синхронды немесе жүйелі процестердің өту нысандарын түзету, әртүрлі нормалар әрекетін енгізу үшін енгізілді.

Вена конвенциясының 26-бабына (*Pacta sunt servanda*) сәйкес «қолданыстағы әрбір шарт оның тараптары үшін міндетті және олар адал орындалуға тиіс».²

ҚР КК 2006 жылғы 18 мамырдағы №2 өзінің қаулысында осыған байланысты: «Вена Конвенциясының 26-бабымен белгіленген «*pacta sunt servanda*» принципіне сай қолданыстағы әрбір шарт оның тараптары үшін міндетті және адал орындалуға тиіс. Бұл принцип сондай-ақ, БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес мемлекеттердің алған міндеттемелерін адал

¹Қазақстан Республикасының 1969 жылғы халықаралық шарттар туралы Вена конвенциясына қосылуы туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысы.

ҚР КК 2006 жылғы 18 мамырдағы № 2 қаулысында ратификация және қосылу мәні бойынша тепе-тең деп арнайы атап көрсетілген: «Вена Конвенциясының нормалары халықаралық шартты ратификациялау мен халықаралық шартқа қосылу арасында құқықтық салдары жағынан айырмашылық белгілемейді (11, 14 және 15-баптар). Біріккен Ұлттар Ұйымының Құқықтық мәселелер жөніндегі басқармасының Келісім-шарт секциясының түсіндірмесіне сай, «қосылу да, ратификациялау секілді сол бір құқықтық салдарға әкеп соқтырады».

Халықаралық құқық пен Республиканың ұлттық заңнамасының нормаларынан келіп шығатыны, халықаралық-құқық аспектісінде қосылу, егер Парламент оны заң қабылдау арқылы іске асырған болса, онда ратификациялау секілді сол бір құқықтық салдарға әкеп соқтырады.

²Сол жерде. Сондай-ақ, ҚР КК 2000 жылғы 11 қазандағы №18/2 қосымша қаулының қараңыз Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы.

орындау принципі ретінде, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес Мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық принциптері туралы 1970 жылғы 24 қазандағы декларацияда да бекітілген.

Сонымен бірге, Конституциялық Кеңес 2000 жылғы 11 қазандағы № 18/2 қаулыда көрсеткеніндей, Вена Конвенциясы «шарттың орындалу тәртібін айқындамайды. Бұл мемлекеттердің конституциялық және заң шығарушылық төтенше құзырына жатады және халықаралық құқықтың жаппай танылған принципі – мемлекеттердің егемендік теңдігінен келіп шығады».

Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенцияның 27-бабында (Ішкі құқық және шарттарды сақтау) «Тарап шартты орындамауы үшін ақтау ретінде өзінің ішкі құқығының ережесіне сілтеме жасай алмайды. Бұл қағида 46-бап үшін зиянсыз қолданылады». Осында атап көрсетілген Вена конвенциясының 46-бабында мынадай қағида белгіленген:

1. «Мемлекет ол үшін шарттың міндеттілігіне оның келісімі, егер аталған бұзушылық анық болмаса және ішкі құқығының аса маңызды мәні бар нормаларына қатысты болмаса, оның келісімінің күші жоқ негіз ретінде шарттарды жасау құзыретіне қатысты оның ішкі құқығының осы немесе өзге ережесін бұзудан көрінген мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

2. Егер ол осы мәселеде адал және кәдімгі практикаға сәйкес әрекет ететін кез келген мемлекет үшін объективті анық болса, бұзушылық айқын болып табылады».

1995 жылғы ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағының бұрынғы редакциясы мынадай нормадан тұрады: «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады». Осы тармақтың жаңа редакциясында, бұдан бұрын атап өтілгендей, сөйлемнің екінші бөлігінің орнына «заңдарынан» сөзден кейін мынадай ереже жазылған: «Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады».

Конвенция халықаралық шарттарды қолдану тәртібі мен жағдайлары туралы арнайы баптардан тұрмайды. Олар шарттарды сақтаудың халықаралық қағидаларына, нақты шарттардың мазмұнына сәйкес келуі тиіс. Әртүрлі жағдайларды ескеріп, 1969 жылғы Вена конвенциясы 31-33-баптарда оларды түсінуге және қолдануға қатысы болуы мүмкін халықаралық шарттарды түсіндіруге жалпы тәсілдемені белгіледі.

Жаһандық және өңірлік интеграция процестерінің, сондай-ақ халықаралық алаңда күштер арақатынасы динамикасының өте жылдам дамуы жағдайында, әсіресе әлемдік дағдарыс және әлемдік тәртіптің кейбір

негіздерін қайта пішімдеудің болып жатқан қайшы процесі жағдайында,¹ осы ереже ұлттық мемлекет үшін аса маңызға ие болады. Осы жағдайларда ұлттық мемлекет мемлекетті нығайту, тұрақты дамытуды және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылдауға мәжбүр.

ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағындағы жаңа конституциялық норма жаһандық және өңірлік интеграция жағдайында ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталған. Сонымен бірге, өзінің ресми шешілуін талап ететін мәселелер де бар, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің халықаралық шарттардың қолданылуы туралы мәселелерді жаңадан түсіндіруі.

Расында, «тәртіп» және «жағдайлар» жеткілікті дәрежеде, әсіресе олардың үйлесімінде кең мағыналы ұғымдар. Оның үстіне, қазіргі құқық теориясы құқықты түсіндіруде мәтінге ғана емес, сонымен бірге оны іске асыруға, нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына ерекше мән береді.

«Заңнама» да мәні бойынша кең мағынасында әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар шығаратын нормативтік құқықтық актілердің бүкіл ұлттық жүйесін қамтитын өте кең ұғым.

Бұл жағдайда «заңнама» сөзінің мағынасын түсіндірген кезде Конституцияның 4-бабы 3-тармағының жаңа редакциясында ҚР Конституциясының 3-бабын ескеру қажет сияқты. Республика Конституциясының 3-бабына сәйкес «мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» (3-баптың 1-тармағы) және «халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді» (3-баптың 2-тармағы). Сондай-ақ, Негізгі Заңның 3-бабының 3-тармағында мыналар көзделген: «Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді». Халықаралық шарттар бүкіл

¹ Канада саясаткері және экономисі Петр Дуткевич және оның тең авторлығы Д.Б. Казаринова, әлемдік жүйенің дезинтеграцияға байқала бастаған беталысына маңыз бере отырып, былай деп жазды: «Біз хаостың, түбегейлі басқа әлемнің туындап келе жатқанын түсінеміз. Осы әлемде халықаралық шарттардың нормалары мемлекетаралық қатынастарды айқындамайтын болады, ішкі және мемлекеттер арасындағы қатынастар өзгереді, жаңа блоктар құрылады. Ұлттық мемлекеттер көзқарасы тұрғысынан сирек басқарылатын немесе мүлдем басқарылмайтын ахуалдар туындайды». Қараңыз: Дуткевич П., Казаринова Д.Б. Жаһандану кезеңінің аяғы: себептері және салдары. Рельстен шығып кеткен пойыз // Халықаралық Лихачевский ғылыми оқулар – 2017. «Жаһандық әлем: болашақтың жүйелі жылжуы, сын-қатерлері және контурлары». Сайт: Д.С. Лихачев алаңы – http://www.lihachev.ru/pic/site/files/lihcht/2017/dokladi/Dutkevich_Kazarinova_plen_rus_izd.pdf (23.06.2017 ж.).

халықтың мүддесіне қатысты болғандықтан, оларды ең алдымен халық өкілдерінің бірінші конституциялық мәртебесі бар субъектілер, яғни халықтың өзі референдум арқылы, сондай-ақ Президент пен Парламент шеше алады. Осылайша, «заңнама» ұғымының кең мағынасын құрайтын кез келген нормативтік құқықтық актілермен халықаралық шарттарды қолдану тәртібі мен жағдайлары және осылайша ұлттық заңдармен оның арақатынасы анықтала бермейді. ҚР КК осы мәселе бойынша «заңнама» сөзінің кең мағынасын шектеп, ресми түсіндірмеде кейбір нақтылау жасауына тура келеді.

Айта кететіні, ҚР КК осы бағытта өз ұстанымын бірнеше рет тұжырымдаған болатын. Мәселен, ҚР КК 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысында былай жазылған: «Конституциялық Кеңес, Республика Президенті мен Парламентінің бұл көрсетілген конституциялық өкілеттіктері халықтың ерік-жігері мен мемлекет егемендігін жүзеге асырудың, сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын, халықаралық қатынастар саласында Республика Конституциясының ережелері мен нормалары іске асырылуын қамтамасыз етудің нысаны болып табылады деп есептейді (ҚР КК 2006 жылғы 18 мамырдағы №2 және 2008 жылғы 26 маусымдағы № 5 қаулылары)».

ҚР КК 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 осы нормативтік қаулысында: «Конституциялық Кеңес, халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының, Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтитындығы, және Конституцияда белгіленген мемлекеттің біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайтындығы туралы Конституцияның 2-бабы 2-тармағының және 91-бабы 2-тармағының ережелерін бұзатын шешімдері Қазақстан үшін міндетті деп танылмайды деп есептейді. Адамды және адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп паш ететін Негізгі Заңның 1-бабының 1-тармағын негізге алып, Комиссияның (Кеден одағының комиссиясы туралы сөз болып тұр – С.У.) адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін шешімдері республика заңдарынан басым тұратын және тікелей қолданылатын сипатқа ие болмайды» деп атап көрсетілген.

Осыған байланысты Конституцияның 4-бабы 3-тармағының жаңа нормасы жаһандану және көпжоспарлы интеграция жағдайында, дағдарысты қоса барлық жағдайларда ұлттық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету үшін барлығын істеуі қажет. Сонымен бірге жаңа норма ұлттық заңнамаға жоғары тәуекелі бар¹ (оны елемеуге болмайды және ескеру қажет) жаһандық турбуленттік кезең жағдайында дамитын халықаралық құқық нормаларын және оларды қолдану, оның ішінде адам құқықтары бойынша нормаларды

¹Ол туралы В.Д.Зорькин жаһандық тәуекелді қоғамда құқық туралы және болашақты құқықтық игеру туралы ойлана отырып, жақсы жазды. Қараңыз, мысалы: В.Д.Зорькин Жаһандық өзгерістер жағдайындағы құқық: монография. М: Норма, 2013. 437-452-б.

қалыпты енгізуді қамтамасыз етуі тиіс. Тарихи жаһандық жағдайлардың ерекшеліктерін түсіне отырып, норманы ресми түсіндіру ұлттық құқықтық саясат стратегиясының, заңнама негіздерінің, халықаралық-құқықтық міндеттемелерді орындаудың және Қазақстан кепілдерінің тұрақтылығына күмәндануды барынша болдырмауы, халықаралық серіктестердің, оның ішінде инвесторлардың елдің құқықтық дамуының және сот жүйесінің болжамдығына сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Жаһандық және өңірлік халықаралық интеграция жағдайында халықаралық қатынастың түрлі салаларындағы қызметті үйлестіретін және ұйымдастыратын жаңа халықаралық органдар мен ұйымдар құрылады және бұрынғылары күшінде қалады, халықаралық соттар дами береді. Планетамыздың түкпір-түкпіріндегі жанжалдарды, төтенше жағдайларды реттейтін халықаралық қауымдастықтың рөлі арта береді. Қазақстан қатысатын халықаралық органдар мен ұйымдар олардың мүшелері үшін міндетті немесе дұрыс болуы мүмкін түрлі шешімдер қабылдайды.

ҚР КК 2009 жылғы 5 қарашадағы №6 нормативтік қаулысында Конституцияның 4-бабы 1-тармағының қолданыстағы құқыққа жатқызылған және «өздерін туындатқан халықаралық шарттар шеңберінде» туындайтын «Республиканың басқа да міндеттемелері» туралы ережеге назар аударылды¹.

2009 жылғы 5 қарашадағы аталған Нормативтік қаулының қарар бөлігінде, ҚР Конституциясы 4-бабының нормаларын қарау нысанасына қатысты қолдану Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес құрылатын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдеріне...ҚР Конституциясының 4-бабының Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және мұндай шешімдер тікелей қолданылады деген нормалары қолданылатынын білдіреді. Бұл ретте, Қазақстанның халықаралық шарттарына сәйкес құрылатын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері ҚР Конституциясына қайшы келмеуі тиіс деп белгіленген.

2017 жылғы конституциялық реформа барысында сондай-ақ ҚР Конституциясының, мемлекетінің және саяси жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін қосымша ережелер енгізілді. Конституцияның 91-бабының 2-тармағында енді былай деп жазылған: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді».

¹ Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы ҚР КК 2009 жылғы 5 қарашадағы №6 Нормативтік қаулысы.

Қазіргі таңда, Қазақстан адам құқықтары туралы шамамен 60 халықаралық құжаттарға қосылды. Бұл ретте, М.А.Сәрсембаевтың есептеуі бойынша 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Адам құқықтары туралы екі халықаралық пактіде адамның 78 құқығы мен бостандығы мазмұндалған. ҚР 1995 жылғы Конституциясында олардың 27 бекітілген және 51 құқық пен бостандық Негізгі Заңда көрсетілмеген. Сонымен бірге, ҚР Конституциясының 10-33-баптарында адамның және азаматтың 69 құқығы мен бостандықтары жазылған. «Олардың ішінде кем дегенде 37 құқық пен бостандық Адам құқықтары туралы екі Халықаралық пактіде бекітілмеген»¹. Осылайша, қазіргі таңда ұлттық құқықты одан әрі дамыту үшін де, қалыптасқан конституциялық нормаларды ескере отырып, халықаралық құқықты жетілдіру үшін де белгілі бір резервтер бар. Сонымен бірге, халықаралық құқықтан ұлттыққа имплементацияланатын кейбір құқықтар мен бостандықтардың Конституциядан айналып өтіп, заңдарға, әсіресе халықаралық-құқықтық құжаттарды бекіткен соң қабылданатын, атап айтқанда, құқықтық реттеудің неғұрлым арнаулы саласына жатқызылған заңдарға қандай да болмасын нысанда бекітілуі мүмкін екенін назардан тыс қалдырмау керек. Оның үстіне, өзіне өзгерістер мен толықтырулар енгізудің күрделі рәсімдері бар бұрын қабылданған Конституцияда заңға тиісті ережелерді тікелей қосу үшін тыйым салулар мазмұндалмаған.

Халықаралық ұйымның және (немесе) оның органының Қазақстан үшін міндетті шешімі мен Республиканың нормативтік құқықтық актілері арасында қарама-қайшылық туындаған жағдайда, алдағы уақытта мұндай қайшылық жойылғанға дейін халықаралық ұйымның және (немесе) оның органының шешімі қолданылады. Осыған байланысты, Е.М.Абайділдинов «бірқатар еуропалық мемлекеттердің Конституцияларында көрсетілгендей, барлық қатысушылар үшін міндетті шешімдер қабылдайтын ұлттық органдар үстінен өз егемендігінің бөлігін берместен қатысушы елдердің ешқандай да нақты интеграциялануы мүмкін емес»² деп атап өтті. Соны-

¹ Қараңыз: Сәрсембаев М.А. Қазақстандық Конституциядағы және халықаралық-құқықтық жүйедегі адам құқықтарының қатынасы // «Конституция – қоғамды және мемлекетті әлеуметтік жаңғырту негізі» атта халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (30-31 тамыз 2012 ж.) / Астана, Алматы: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ: ИИО, 2012. 208 – 209-б. Адам құқықтары бойынша БҰҰ комитеті және осы Комитеттегі Қазақстанның тұңғыш өкілі – профессор М.А.Сәрсембаев қызметі туралы, сондай-ақ қараңыз: М.А.Сәрсембаев Қазақстан: халықаралық құқықтың практикалық шындырына // Құқық және мемлекет. №1(58), 2013.-39-42; М.А.Сәрсембаев БҰҰ кіру. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ комитеті: сезіну, әсер, талдау. Астана: КТ «Болашақ», 2014.-456 б.

² Қараңыз: Абайділдинов Е.М. ҚР Конституциясының жалпы қабылданған қағидаттармен және қолданыстағы халықаралық құқық нормаларымен қатынасы // Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің және қорғаудың халықаралық-құқықтық нысандарының үйлесімі. Жауапты редактор М.Т.Баймаханов. Астана, 2007. 121-б.

мен бірге, «Халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін шешімдері тікелей қолданылмайды, және, тиісінше, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен басымдығы болмайды.»¹.

2017 жылғы Конституциялық реформа тағы бір жаңалық енгізді. Енді Конституцияның 44-бабының 10-1) жаңа тармақшасына сәйкес ҚР Президенті адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды, халықаралық шартты (құқықтық акт ретінде) Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды.

Жаһандану процестерінің дамуы шарасына қарай халықаралық құқық түрлі салаларға, тараптарға және ұлттық құқық нормаларына неғұрлым белсенді түрде әсер ете бастайды. Осыны ескере отырып, қазіргі жағдайда халықаралық шарттарға конституциялық бақылау жасау аса маңызды.

Жалпы, жаһандану процестерінің объективті жағдайында халықаралық және ұлттық құқықтың арақатынасы туралы құқықтық доктрина, сөзсіз дамып келе жатқан халықаралық құқықтың басымдық тұжырымдамасы қалыптасады. Бірақ, осы басымдық механикалық болмауы тиіс. Жаһандық «турбуленттік», әлемнің саяси картасының және күштердің жаһандық орталықтарының өзгеруі, әлемдік дағдарыстар, әркелкілік, ал кейде халықаралық және ұлттық құқық дамуының үйлеспеуі ұлттық мемлекеттерді, олардың зиялыларын мұндай жағдайда өз егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша конституциялық сақтандыруды құруға мәжбүрлейді. Осындай сақтандыру нормалары геосаяси ахуалдардың ықтимал динамикасын және елдің жағдайын, тарихи ерекшеліктерін, тұрақты экономикалық, саяси және құқықтық дамудың қабылданған және іске асырылатын стратегияларын ескеріп енгізіледі.

4.4. ҚР Конституциясының 4-бабының 4-тармағында Конституцияда барлық заңдар (Конституция, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар, конституциялық заңдар, кодекстер, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар, өзге де заңдар, конституциялық заң күші немесе заң күші бар жарлықтар) оны шығарған субъектіге (халық, Парламент, Мәжілісті тарату жағдайында Сенат, Президент) қарамастан жариялануы тиіс деп көзделген.

ҚР Конституциясының 1-бабының 1-тармағында, белгілі болғандай, мемлекеттің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. ҚР Конституциясының 12-бабының 3-тармағында аза-

¹Қараңыз: Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы ҚР КК 2009 жылғы 5 қарашадағы №6 Нормативтік қаулысы.

мат өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқаратыны жазылған. Осыны ескеріп, ҚР Конституциясының 4-бабының 4-тармағында сондай-ақ азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты деп белгілейді. Бұл азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін қозғайтын барлық нормативтік құқықтық актілерге – негізгі және туынды (соның ішінде, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына, регламенттерге, ережелерге, нұсқаулықтарға және негізгі нормативтік құқықтық актілермен бекітілетін және олармен біртұтас болып табылатын басқаларына), олардың қосымшаларына (тізбе, есеп кестесі, сәйкестік кестесі және т.б.) қатысы бар.

Осындай жарияланымдар Құқықтық актілер туралы заңның 37-бабына сәйкес мынадай: «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы», «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы», сондай-ақ «Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы» сияқты ресми басылымдарда жүзеге асырылады. Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау ҚР Үкіметі белгілеген тәртіпте қатысты конкурстық негізде осындай құқық алған басқа да мерзімді баспа басылымдарында және электронды түрде ҚР нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жүзеге асырылады. Нормативтік құқықтық актілерді алғашқы ресми жариялау олар күшіне енген күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылуға тиіс екендігі туралы қағида қолданылады (Құқықтық актілер туралы заңның 30-бабының 3-тармағы).

Нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін кейіннен ресми жариялауды баспа басылымдары ҚР Үкіметі айқындайтын тәртіппен және олар жариялайтын мәтіндер әділет органдарының бақылауымен ҚР нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне сәйкестігі сараптамадан өткізілген жағдайда жүзеге асырады. Нормативтік құқықтық актілердің бейресми жариялануына олар ресми жарияланғаннан кейін ғана жол беріледі. Құқықтық актілер туралы заңның 37-бабының 5-тармағына сәйкес құқық қолдану тәжірибесінде нормативтік құқықтық актілердің ресми жарияланымдары пайдаланылуға тиіс.

Ақпараттық қоғамда құқықтық мемлекетті қалыптастыру заңдар мен халықаралық шарттардың, сондай-ақ өзге де қолданыстағы нормативтік актілердің ашық, қолжетімді, тұрақты түрде жаңартылып тұратын мемлекеттік электронды банкін құруды талап етеді. Соңғы жылдары Қазақстанда тегін әрі жалпы қолжетімді «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі (АҚЖ) құрылды және жұмыс істейді.

Құқықтың дамуына қарай заңдардың мәні де артуда. Ақпараттық қоғам жағдайында заңдар – құқықтық ақпаратты сақтау үшін қолайлы және жинақы, оны лезде таратуға, көшіруге, жаңартуға және планетаның

кез келген нүктесіне жіберуге мүмкіндік ашатын электронды нысанға ие болды. Осылайша, құқықтың электронды нысаны құқықтық реттеу және басқарудың кез келген ауқымына, сондай-ақ жаһандану кезеңінде ұлттық және халықаралық шарттардың жылдам дамып келе жатқан қарқынына жауап бере алады.

5-бап

1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады. Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

5-баптың 1-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңның редакциясында жазылған.

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

5-баптың 2-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңның редакциясында жазылған.

3. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

4. Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

5. Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

5.1. Қазақстан Республикасының өмір сүру сапасының стандарттары жоғары, қазіргі заманғы, серпінді мемлекет ретінде дамуы постиндустриалдық ақпараттық қоғамды қалыптастырудың негізгі факторы ретінде оның барлық мүшелерінің рухани және саяси еркіндігі жағдайында адами әлеуетті, азаматтардың іскерлігін жандандыру, азаматтық қоғамды одан әрі қалыптастыру негізінде ғана мүмкін бола-

ды. Сондықтан идеологиялық және саяси әралуандылық азаматтық қоғам институттарының қызмет етуінің институционалдық және рәсімдік кепілі бола отырып, әрі құқықтық мемлекеттілік құрылысының шарты ретінде Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы негіздерінің бірі болып табылады.

Идеологиялық әралуандылық конституциялық принцип ретінде, қоғам мен мемлекеттің өмір сүруі және дамуы мәселелері бойынша әртүрлі саяси көзқарастардың, тұжырымдамалардың, идеологиялардың, көп партиялы жүйенің қоғамда еркін өмір сүруі мүмкін екенін көздей отырып, қандай да бір идеологияны ресми, мемлекеттік идеология деп тануға салынған тыйым болып табылады. Идеология дегенде, әдетте, әлеуметтік ақиқатқа, тұлғаға, қоғам мен мемлекетке, олардың өзара қарым-қатынасына, тұлғаның қоғамдағы және мемлекеттегі орнына, қоғам дамуының жолдары мен болашағына деген құқықтық, саяси, философиялық діни және өзге де көзқарастардың жүйесін түсінеміз. Азаматтар және олардың бірлестіктері қандай да бір идеологияны ұстануға, өмірде оны іске асыру бойынша заң шеңберінде ерікті және саналы шаралар қабылдауға құқылы.

Идеологиялық саналуандылықтың конституциялық танылуы мемлекеттік, ресми идеология ретінде қандай да бір идеологияны айқындауға құқығы жоқ мемлекет пен оның органдары қызметінің құқықтық шектерін белгілейді. Қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар және қоғамның өзге де институттарының да қандай да бір өзге идеологияны саясат, білім беру, көркем шығармашылық саласында және қоғамның тыныс-тіршілігінің басқа да салаларында міндетті ретінде жария етуге құқығы жоқ.

Идеологиялық саналуандылықтың конституциялық деңгейде танылуы, жеке адамдар мен олардың бірлестіктері қоғам мен мемлекеттің өмір сүріп, қызмет атқаруының саяси, экономикалық, құқықтық, діни және өзге де салаларындағы осы немесе өзге бір қоғамдық құбылыстарға өздерінің көзқарастарын, идеяларын еркін түрде әзірлеп, көпшіліктің назарына жеткізе алатынын білдіреді. Олар сол идеяларды жеке өзі немесе басқа бір адамдармен және солардың бірлестіктерімен қосылып еркін түрде басшылыққа алатынын; өздерінің идеологиялық тұғырнамаларын кез келген заңды тәсілмен, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып ешбір кедергісіз тарата алатынын, мемлекеттік органдар тарапынан қудалауға ұшыраудан қауіптенбей, өздерінің идеологиялық көзқарастарын көпшілік алдында білдіруге құқылы. Осы мақсаттарда ҚР Конституциясының 20-бабының 1 және 2-тармақтарында «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар...» деп белгіленген.

Идеологиялық саналуандылықты тану оның құрылымдық жағынан көрінетін және түрлі саяси партиялар мен қоғамдық-саяси бірлестіктер түрінде ресімдеуді білдіретін саяси саналуандылықты танумен сүйемелденеді. Саяси саналуандылық – саяси көзқарастар мен іс-

әрекеттердің бостандығын, саяси партиялар және өзге де қоғамдық-саяси ұйымдар, қозғалыстар құрып, қызмет істеуінің заң жүзіндегі мүмкіндігін жария ететін конституциялық қағидат.

Мемлекеттің саяси саналуандылықты тануы идеология бостандығынан қисынды түрде туындайды, себебі идеологияларының ортақтығы негізінде азаматтар әртүрлі қоғамдық бірлестіктер, солардың ішінде саяси партиялар құрады. ҚР КК 2002 жылғы 11 шілдедегі «Саяси партиялар туралы» Заңның Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестілігін тексеру туралы» № 6 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси партияларға еркін бірігу құқығы «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылықтың танылатындығы туралы Конституцияның жалпы ережелерінің 5-бабы 1-тармағынан туындайды. Демек, азаматтардың саяси партияларға еркін бірігу құқығы олардың бірлесу бостандығы құқығына сәйкес келеді, бұл бірлестіктердің ерекше түрлері жекелеген заңдармен реттелуі мүмкін».

Саяси саналуандылық Қазақстанда іс жүзінде көппартиялы жүйені орнықтырудың, әртүрлі саяси ағымдар болуының, оларда әртүрлі әлеуметтік топтар өкілдік етуінің негізі болып табылады. Көппартиялық әртүрлі саяси партиялар құру және еліміздің саяси өміріне олардың іс жүзінде араласу мүмкіндігіне Конституцияда берілген кепілдікті білдіреді, ол туралы көппартиялық негізде өтетін парламенттік және президенттік сайлаулар куәландырады. Саяси саналуандылықты конституциялық деңгейде тану мемлекетке адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып табылатын демократиялық сипаттағы саяси режимді қолдау жөнінде белгілі бір міндеттер жүктейді.

Қазіргі таңда, Қазақстанда көппартиялық мемлекеттің тұрақты институтына, қоғамдық өмірдің бөлінбес атрибуттарына айналды. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында 28 саяси партия жұмыс жасады. Қазіргі жұмыс істейтін партиялар («Нұр Отан», «Ақжол» Қазақстанның демократиялық партиясы, Қазақстанның Коммунистік халық партиясы (ҚКХП), сондай-ақ Мәжілісте өкілдігі жоқ «Ауыл» Қазақстанның әлеуметтік-демократиялық партиясы, Жалпыұлттық әлеуметтік-демократиялық партия, «Бірлік» саяси партиясы өздерінің әлеуметтік-саяси орнын қазақстандық қоғамнан тапты, олар негізінен танымал, демократиялық заңнамалық база жағдайында жұмыс істей отырып, белгілі бір әлеуметтік беделге ие.

Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 1-бабының 1-тармағына сәйкес «азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылады».

Саяси партияларға еркін бірігу құқығы Республика азаматтары бірлесіп және олардың әрбірінің жеке таңдауы бойынша жүзеге асырылатын

ұжымдық құқық ретінде абсолютті болып табылмайды және заң шығару арқылы шарттастырылуы мүмкін. Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 5-бабы 1-тармағының нормаларына сәйкес: «Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптеріне негізделеді. Осы Заңмен белгіленген шектеулерді қоспағанда, саяси партиялар ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін еркін анықтайды». Мемлекет саяси партиялардың құқықтары мен заңды мүдделері сақталуын қамтамасыз етуге, олардың қызметін қолдап отыруға, саяси партиялардың құрылтайшылық және бағдарламалық құжаттарында баяндалған идеологияларына, мақсаты мен міндеттеріне қатыссыз, олардың заң алдындағы теңдігіне кепілдік беруге міндетті.

Конституция мемлекеттік органдарда саяси партия ұйымдарын құруға жол бермейді. Негізгі Заңның талаптарына сәйкес, Саяси партиялар туралы Заңның 4-бабының 2-тармағында мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында бастапқы саяси партия ұйымдарын құруға тыйым салу белгіленген. Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 4-бабы 2-тармағының нормаларында: «Мемлекеттің саяси партиялардың істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейді. Саяси партияларға мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге де жол берілмейді» деп бекітілген. Мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттемелерін орындаған кезде ҚР заңнамаларының талаптарын басшылыққа алуға және саяси партиялар мен олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмауға міндетті. Парламент депутаттарының, мемлекеттік қызметшілердің саяси партияларда ақылы қызметпен айналысуға құқықтары жоқ.

5.2. Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі азаматтық қоғам институттарын (саяси партиялар, кәсіби одақтар және өзге де қоғамдық бірлестіктер) дамыту үшін қолайлы жағдай құру болып табылады, олар халық билігі тетігін іске асыру процесінде маңызды рөл атқарады. Саяси партиялар мен әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің рөлі ҚР Президенті мен Парламентті сайлау кезінде толық көлемде көрініп, мемлекеттік билік органдарына сайлаулар өткізу кезінде ерекше жоғары.

Қоғамдық бірлестіктер туралы Заңның 2-бабының нормаларына сәйкес саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады.

Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен де, саяси партияларды және кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылады. ҚР азаматтары және (немесе), саяси партияларды және кәсіптік одақтарды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) бола алады. Сая-

си партиялардан басқа, қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында оларға шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың мүшелігі (қатысуы) көзделуі мүмкін.

Қазіргі таңда Қазақстанда елде болып жатқан әлеуметтік процестердің толық құқылы субъектілері ретінде қоғамның тыныс-тіршілігінің көптеген салаларында белсенді түрде жұмыс істейтін 27 мыңнан астам қоғамдық бірлестік тіркелген. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар бола тұра, азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық, құқықтық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; ҚР заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып, жұмыс істейді.

Бұл ретте, адам құқықтарын қорғау, әлеуметтік қорғалмаған халық тобын қолдау, халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру, гендерлік теңдік, шығармашылық бастамаларды дамыту және т.б. әлеуметтік саланың әртүрлі көкейкесті мәселелерін шешу процесінде мемлекет пен қоғамдық бірлестіктердің ынтымақтастығын нығайту мәселесіне ерекше мән береді.

Қоғамдық бірлестіктер туралы Заңның күші азаматтардың бастамасымен құрылған барлық қоғамдық бірлестіктерге қолданылады, бұған діни бірлестіктер, құрылу тәртібі мен қызметі өзге заң актілерімен белгіленетін өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық ынталы органдар кірмейді. Заңның күші Қазақстан Республикасы аумағында құрылған және жұмыс істейтін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметіне қолданылады, бұған діни бірлестіктер кірмейді. Қоғамдық бірлестіктер өз қызметін ҚР Конституциясына және қоғамдық бірлестіктер туралы, кәсіптік одақтар туралы және коммерциялық емес ұйымдар туралы және басқа да заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Идеологиялық және саяси саналуандылықты конституциялық таңудан мемлекеттің заң шеңберінде әрекет ететін кез келген қоғамдық бірлестіктерге тең қарайтыны туындайды. Конституциялық нормаларды дамытуда ҚР Қоғамдық бірлестіктер туралы Заңымен заң алдында қоғамдық бірлестіктердің тең және өз қызметін Конституцияға және ҚР өзге де заңнамалық актілері шеңберінде жүзеге асыратындығы белгіленген. Мемлекет қоғамдық бірлестіктерді құру тәртібіне, олардың жарғыларына, оларды тіркеу тәртібіне, қызметін тоқтатудың негіздері мен тәртібіне бірдей талап қояды. Конституциялық қатынас субъектілері ретінде қоғамдық бірлестіктер саяси қызметке қатысуға, өздерінің жарғыларында

көзделген өзге де мақсаттарды жүзеге асыруға арналған тең құқықтарға ие. Оларға сондай-ақ мемлекет, өздерінің мүшелері және басқа да құқықтық қатынастар субъектілері алдында тең міндеттемелер жүктеледі.

Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, Республика Конституциясы 5-бабы 2-тармағының нормаларына сәйкес: «Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге жол берілмейді».

Қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы тиісті жағдайлар кезінде қылмыстық-құқықтық тәртіпте қудалануы мүмкін. Мәселен, ҚР ҚК 403-бабының 1-бөлігінде «Қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің мемлекеттік органдардың заңды қызметіне кедергі жасауы немесе мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын иемденіп алуы, сол сияқты мемлекеттік органдарда саяси партиялар ұйымдарын құру, егер бұл іс-әрекеттер азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» деп белгіленген.

Сонымен бірге, қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен келісім жасай отырып, олармен ынтымақтастықта және өзара іс-қимылда бола алады, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңнамалармен көзделген белгілі бір жұмыстарды орындай алады. Бұдан басқа, қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін қозғайтын мәселелер заңнамалық актілермен көзделген жағдайларда қоғамдық бірлестіктермен келісім бойынша мемлекеттік органдар шеше алады.

2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында «Қазақстанның өмір сүру сапасының стандарттары жоғары, серпінді, қазіргі заманғы мемлекет ретінде қарышты да орнықты дамуы адами әлеуетті, азаматтардың іскерлігін жандандыру, азаматтық қоғам институттарын нығайту негізінде ғана мүмкін болады» деп атап өтілген. Осыған байланысты, мемлекеттің азаматтық қоғам институттарының жан-жақты дамуы, мемлекет пен қоғам қатынастарының үйлесімділігі бағдарының нәтижесінде 2007 жылғы конституциялық реформа барысында мемлекеттік және қоғамдық институттардың неғұрлым белсенді өзара іс-қимылына конституциялық тыйымдар мен шектеулердің алынып тасталғанын білеміз.

ҚР Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі №154 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы елімізді демокра-

тияландырудың маңызды ресурсы болды. Осының негізінде азаматтық институттардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірқатар мақсатты бағдарламалар, заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілер әзірленді және іске асырылды.

Мемлекеттік тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанда қоғамдық бірлестіктерден, қорлардан, мемлекеттік емес коммерциялық емес мекемелер және әлеуметтік мәселелермен айналысатын басқа да ұйымдардан тұратын үкіметтік емес сектор құрылды. Осыған байланысты Қазақстанда азаматтық қоғам құрудағы маңызды жетістіктердің бірі үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) түрінде қоғамдық бірлестіктердің кең желісін қалыптастыру болып табылады. Олар мемлекет және азаматтар арасында делдалдық рөл атқарады, қоғамдағы әлеуметтік қайта құрылымдардың көптеген функцияларын өзіне алады, әлеуметтік саладағы түрлі проблемаларды шешуге үлесін қосады: экология, қоғамда әйелдердің рөлін арттыру, тұтынушылардың, жастардың, көп балалы және жалғыз басты аналардың, жетім балалардың, мүгедектердің, заңсыз қуғын-сүргін құрбандарының және т.б. құқықтарын қорғайды.

Жалпы Қазақстанда мемлекет пен ҰЕҰ өзара іс-қимылы елдің қоғамдық өмірінде әлеуметтік маңызды оқиға болып табылатын 2003 жылдан бастап екі жылда бір өтетін үкіметтік емес ұйымдардың Азаматтық форумы оның негізгі тетігі болып табылатын жалпыұлттық диалог шеңберінде тең құқылы әріптестік қағидаттарына негізделеді. Азаматтық қоғам институттарын, олардың мемлекетпен өзара қарым-қатынасын дамытуда үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың беделді диалогтық алаңы ретінде көрсеткен Азаматтық форумның мақсаты азаматтық қоғам институттарын және мемлекет және елдің бизнес-секторымен тең құқылы әріптестігін жан-жақты дамыту үшін заңнамалық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық-әдістемелік базаны жетілдіру болып табылады. Азаматтық форум барысында үкіметтік емес секторды дамыту мен қоғамның тіршілік қызметінің әлеуметтік саласының стратегиялық мәселелері тұрақты талқыланады, тиісті ұсынымдар және Қазақстанда азаматтық қоғамды одан әрі дамыту мәселелері бойынша бірлескен іс-қимылдар жоспары әзірленеді.

Мысалы, 2016 жылғы қарашада есеп бойынша жетінші Азаматтық форум өтті, оның негізгі тақырыбы болашақтағы қазақстандық ҰЕҰ қызметінің негізгі басымдықтарын анықтау және «Шешімдерді қабылдауда азаматтарды тарту құралы ретінде қоғамдық кеңестерді қолдау және дамыту» жобасын іске қосу болды. Аталған жоба азаматтарды Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы және ҚР Дін және азаматтық қоғам істері жөніндегі министрліктің мемлекеттік гранттары шеңберінде іске асырылатын қоғамдық кеңестер арқылы мемлекет органдарының шешім қабылдау процесінде азаматтарды белсендіруге және тартуға бағытталған.

ҚР Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңы елдің тіршілік қызметінің қоғамдық процестеріндегі коммерциялық емес ұйымдардың рөлі мен орнын тануға жасалған нақты қадамы болып табылды. Аталған Заңның

4-бабының ережелеріне сәйкес «Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту, заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысушылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін».

ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы № 85 қаулысымен ҚР үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы мақұлданған, оның стратегиялық мақсаты Қазақстанда ҮЕҰ тұрақты дамуы үшін жағдай жасау және мемлекеттік билік органдары тарапынан өзара іс-қимыл және қолдау негізінде әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуде олардың рөлін күшейту болып табылады. Заңнамалар, президенттік және үкіметтік тұжырымдамалар негізінде кезең-кезеңмен мемлекет пен ҮЕҰ-ның нақты ынтымақтастығының көрсеткіші болатын үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау бағдарламасы қабылданып келеді. 2003 жылдан бастап елімізде әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешу үшін коммерциялық емес ұйымдарды тарту мақсатында ҮЕҰ әлеуметтік маңызы бар жобаларының салалық конкурстары өткізілуде. ҮЕҰ жыл сайын мемлекеттік органдармен, бизнес құрылымдарымен, халықаралық ұйымдармен серіктестікте ел тұрғындарының нақты проблемаларын шешуге бағытталған көптеген жобаларды іске асыруда.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының және үкіметтік емес ұйымдарының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруы процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар ҚР 2005 жылғы 12 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» № 36 Заңмен реттелген. Қазіргі таңда Үкімет «Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау туралы» Заң жобасын әзірлеу үстінде, онда мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылының маңызды аспектілерінің көрінісін табуға болады.

Осылайша, Қазақстанда азаматтық қоғамның жұмыс істеуінің, еліміздің тұрақты демократиялық жолмен эволюциялық және кезең-кезеңімен жылжуының, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың негізгі өлшемдерінің бірі ретінде үкіметтік емес секторды дамыту бойынша үлкен жұмыстар жүргізіліп келеді.

5.3. Конституцияда белгіленген құндылықтарды қоғамда демократияға қарсы идеологиялардың таралуынан және олардың түрлі ұйымдасқан нысандарынан мемлекет қорғауы қажет. Мемлекет конституциялық құрылым негізін зорлықпен немесе басқа да заңсыз тәсілдермен өзгертуге тырысатын азаматтық қоғамның саясиландырылған институттары қызметіне жол бермейді. Демократиялық мемлекет сондай-ақ қоғамда әлеуметтік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға негізделген идеоло-

гияларды таратумен айналыспайды. Мемлекет халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес қоғамдық бірлестіктердің қызметтеріне шектеу қоя алады.

Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға салынған конституциялық тыйым АСҚХП 22-бабы нормаларына сәйкес келеді. Мәселен, АСҚХП 22-бабының 2-тармағында әрбір адамның өзгелермен бірге ассоциациялар бостандығы құқығын пайдалану «мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектеуге жатпайды» деп бекітілген.

Халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары негізінде белгіленген конституциялық тыйым салулар жеке бастың, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үшін қажет және Республиканың конституциялық құрылымының негізі ретінде жария етілген демократиялық құндылықтарды сақтауға, мемлекеттің тұтастығын, қоғамның тұрақтылығын және әлеуметтік бейбітшілікті сақтауға бағытталған. ҚР КК «Саяси партиялар туралы» Заңның Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестілігін тексеру туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 6 қаулысында: «Мемлекет, саяси партиялардың, оның ішінде заңды тұлғалар ретінде, құқықтары мен заңды мүдделері сақталуын қамтамасыз ете отырып, сонымен бір мезгілде олардың құрылу және қызмет істеу жағдайлары мен тәртібін заң арқылы белгілеуге хақылы, бұл адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандарттарға жауап береді» деп белгіленген.

Негізгі Заңның 5-бабы 3-тармағының нормаларына сәйкес мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған қоғамдық бірлестіктер құру және олардың қызметі конституциялық емес болып табылады. Сондықтан, ҚР конституциялық құрылымын күштеп өзгерту туралы сөз болып отырғанын ескере келе, қоғамдық бірлестіктердің Конституциямен және заңдармен белгіленген рәсімдерге сәйкес еліміздегі конституциялық құрылымды өзгерту туралы талабын конституциялық емес деп тануға болмайтындығы туралы қорытынды жасауға болады. Конституцияға қарсы сипаттағы және Негізгі Заңның ережелерімен сыйыспайтын әрекеттер ғана (немесе осындай әрекеттерге үгіттеу) күштеп өзгерту бола алады.

Халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес ҚР Конституциясы 5-бабының 3-тармағында қоғамдық бірлестіктер құру мен олардың қызметіне тыйым салатын негіздердің түбегейлі тізбесі келтірілген. Конституциялық норманы дамыту үшін Қоғамдық бірлестіктер тура-

лы Заңның 5-бабында экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құруға тыйым салу белгіленген. ҚР аумағында әскерилендірілген құрылымы, түрі, арнаулы айырым белгілері, гимндері, жалаулары, вымпелдері, ішкі тәртіп пен басқарудың ерекше ережелері, қаруы, соның ішінде қару іспеттес заттары бар әскерилендірілген құралымдар үлгісіндегі қоғамдық бірлестіктер құруға тыйым салынады.

ҚР Саяси партиялар туралы Заңының 5-бабының нормаларымен де мақсаттары немесе іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға бағытталған саяси партияларды құру мен олардың қызметіне; әскерилендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құрамалар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы Заңының 21-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес азаматтардың, оның ішінде саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің: конституциялық құрылысты құлатуға немесе күштеп өзгертуге, оның ішінде терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және ҚР біртұтас құрылысына, оның аумағының тұтастығына, қол сұғылмаушылығына және бөлінбестігіне қол сұғатын өзге де іс-әрекеттерге; билікті басып алуға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына сәйкес құрылған немесе сайланған (тағайындалған) ҚР органдары мен лауазымды адамдарының өкілеттігін күштеп тоқтатуға немесе қызметіне кедергі келтіруге; орын алып отырған конфессиялық айырмашылықтар мен түрлі діни көзқарастарды саяси, экстремистік және террористік мақсаттарға пайдалануға шақыруы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады деп танылады.

Көптеген демократиялық елдердің конституцияларымен осыған ұқсас ережелер бекітілген. Мысалы, Испанияның 1978 жылғы Конституциясының 22-бабында: «2. Қылмыс ретінде сараланатын мақсаттарды немесе құралдарды пайдаланатын ассоциациялар заңсыз болып табылады...5. Құпия қоғам мен әскерилендірілген сипаттағы бірлестіктерге тыйым салынады» деп бекітілген. Нидерланды Корольдігінің 1983 жылғы Конституциясының 8-бабында былай бекітілген: «Қоғамдық бірлестіктер құру құқығына кепілдік беріледі. Көрсетілген құқық қоғамдық тәртіп мүддесінде Парламент актісімен шектелуі мүмкін». Германияның 1949 жылғы Негізгі Заңының 21-бабының 2-тармағында сондай-ақ: «Өз мақсаттары немесе өз жақтастарының мінез-құлқы бойынша еркін демократиялық құрылыстың негіздеріне зиян келтіруге не оны жоюға ұмтылатын немесе Германия Федеративтік Республикасына қауіп-қатер туғызатын партиялар конституциялық емес болып саналады» деп айтылған.

Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығы мен адамгершілік негіздеріне қастандық жасайтын қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді. Мәселен, ҚР ӘҚТК 489-бабының нормаларымен Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген қоғамдық, діни бірлестіктердің қызметіне басшылық жасау, қатысу, олардың қызметін қаржыландырғаны үшін тиісті әкімшілік жауапкершілік енгізілген.

ҚР ҚК 267-бабында: «1. Заңсыз әскерилендірілген құралымды құру, сол сияқты осындай құралымға басшылық ету – екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2. Заңсыз әскерилендірілген құралымға қатысу – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп белгіленген. ҚК 267-бабының ескертуіне сәйкес: «Заңсыз әскерилендірілген құралымға қатысуын өз еркімен тоқтатқан және қаруы мен әскери жарағын тапсырған адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады».

Бұдан басқа, ҚР ҚК «Заңсыз қоғамдық және басқа да бірлестіктер құру, олардың қызметіне басшылық ету және қатысу» 404-бабының 1-бөлігінде қызметі азаматтарға зорлық-зомбылық жасаумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен ұштасқан не азаматтардың азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуына немесе құқыққа қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауына түрткі болған қоғамдық бірлестікті құрғаны немесе оған басшылық еткені үшін қылмыстық жауаптылық енгізілген.

Демек, ҚР заңнамаларымен тыйым салынбаған кез келген басқа да мақсаттарды ұстанатын қоғамдық бірлестіктердің қызметтерін жүргізу құқықтары бар.

5.4. ҚР егемендігін және тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан аумағында басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметтеріне жол берілмейді. Осындай конституциялық тыйым салудың мақсаты тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде ҚР қоғамдық және мемлекеттік құрылысын қорғау, өйткені, саяси партиялар мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға өздерінің өкілдері – мемлекет саясатшылары арқылы тікелей қатысады. Әлеуметтік-экономикалық мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктер ретінде кәсіптік одақтар да еліміздің жалпы қоғамдық саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

«Барлық қоғамдық бірлестіктердің ішінде партиялар мен кәсіптік одақтар азаматтардың өз-өзі ұйымдасуының ең жоғары нысаны болып, саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсатты көздейтін жеткілікті дәрежеде құрылымдалған бірлестік болып табылады, – деп атап өтілген ҚР ҚК 2000 жылғы 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Конституция-

сы 5-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы» № 4/2 қаулысында. Оларға ынтымақтастықтың жоғары деңгейі, азаматтардың саяси дүниетанымына және мемлекеттің өмірдің әр саласындағы саясатына елеулі түрде әсер ете алу мүмкіншілігі тән. Сондықтан, Республика Конституциясы 5-бабының 4-тармағында, бірінші кезекте, саяси партиялар мен кәсіптік одақтар сияқты субъектілерді шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.».

Түсінік беріліп отырған норманың мазмұны Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын, тәуелсіздігі мен аумақтық біртұтастығын қорғау туралы болып отырғандықтан, Конституцияның Негізгі Заң ретінде мемлекеттің және қоғамның мүдделері мен құндылықтарын ерекше қорғайтындығын растайды. Қазақстанда басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметтеріне жол беру қазақстандық саяси партиялардың, кәсіптік одақтардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің істеріне олардың тікелей араласқанын, Қазақстан Республикасы егемендігінің бұзылғанын білдірген болар еді.

Азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі, саяси қауіпсіздіктің түрі ретінде ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңының 4-бабының 3) тармақшасына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтиды.

Қазақстан Республикасы конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтары сақталатын және құрметтелетін зайырлы мемлекет болып табылады. Әлеуметтік келісім мен бейбітшілікте 17-ден астам діни конфессия өкілдері өмір сүріп және еңбек етіп жатқан қазіргі Қазақстанның маңызды жетістіктерінің бірі конфессияаралық келісім. Қазіргі таңда, Қазақстанның елордасы – Астана әлемдік картада конфессияаралық диалогтың әсерлі орталығы мен ғаламдық алаңы ретінде белгілі болды.

Ашық мәдениаралық және діниаралық диалог Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Республика Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша 2003 жылдан бастап тұрақты негізде үш жылда кемінде бір рет әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезді өткізіледі, оған барлық халықтардың тату өмір сүруіне бағытталған жалпы құндылықтары бар барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің көрнекті өкілдері қатысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі әлемдегі дінаралық өзара түсіністікті нығайта отырып, өркенитеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы диалогты жүргізуде барынша маңызды тұжырымдамалық рөл атқарады.

Зайырлы мемлекет конституциялық қағидатынан туындай отырып, Қазақстанда діни негіздегі партиялардың қызметіне жол берілмейді. Аталған конституциялық тыйым салудан шығатыны, Қазақстанда діни дүниетанымды басшылыққа алатын саяси партияларды құруға тыйым салынады. Құрылған және тіркелген партиялардың діни идеологияны басшылыққа ала отырып, өз қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Діни негіздегі саяси партиялардың қызметтерін ұйымдастыруға тыйым салу мемлекеттің зайырлы сипатынан және діни бірлестіктердің өз мүшелерінің ғана рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын және кең көпшіліктің мүдделерін білдіре алмайтындығынан (дінге сенбеуші адамдар, басқа діндердің адептері) туындайды. Ар-ождан бостандығының мағынасы адамның өзінің еркі бойынша өзінің дүниетанымын еркін қалыптастыруынан, көзқарасынан, өзінің жеке ішкі нанымына сәйкес тәртібі желісін таңдауынан тұрады. Адамның өз дүниетанымы мен тәртібін осылайша еркін таңдауы мемлекетті қоса алғанда, ешкім мәжбүрлей алмайды, тікелей және жанама жазаланбайды. Бірақ осындай жағдайларда, әрине, дүниетанымның, діни идеялардың, нанымдардың бәсекелестігі туындайды, олар заңнамаларды бұзуға әкеп соғатын қолайсыз жағдайларда қоғамды діни сенімі бойынша бөлуі мүмкін. Бұдан басқа, Қазақстан үшін кейбір дәстүрлі емес конфессияның және жаңа діни ағымдардың идеологиясы көбінесе ел халқының діни және этномәдениеттік тұрмысы мен саяси біртұтастығына тікелей қауіп төндіруі мүмкін.

Діни негіздегі партия құру «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» делінген ҚР Конституциясының 39-бабының 2-тармағында белгіленген нормаға қарамастан қоғамдағы конфессияаралық келісім мен бейбітшілікті бұзып, діни саясатқа еріп кетуге, қоғамды діни белгісі бойынша бөліп тастауға жол ашар еді.

Діни қызмет туралы ҚР Заңының 10-бабының нормаларына сәйкес «Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады». Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 5-бабының 8-тармағымен «Азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруына, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруына жол берілмейді» деп белгіленген.

Діни негіздегі саяси партиялардың қызметіне тыйым салу мүмкіндігі шет елдердің конституцияларымен де белгіленген. Мәселен, Қырғыз Республикасы Конституциясының 4-бабы 4-тармағының 3-тармақшасында Қырғыз Республикасында діни негізде саяси партияларды құруға тыйым салынады деп белгіленген. Египет Конституциясының 74-бабының

2-бөлігінде былай деп бекітілген: «Діни негізде саяси қызмет жүзеге асырылуы және саяси партиялар құрылуы мүмкін емес...». Түркіменстан Конституциясының 30-бабының 2-бөлігі, сондай-ақ: «Ұлттық немесе діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға және қызметін жүзеге асыруға тыйым салынады» деп жазылған. Ұлттық немесе діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға және қызметін жүзеге асыруға тыйым салу туралы ұқсас норма Өзбекстан Конституциясының 57-бабының 1-бөлігінде де белгіленген.

Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды, оларға қаржылық көмек көрсетпейді, саяси қызметпен араласпайды. Саяси партияларға діни бірлестіктерден келіп түскен қайырмалдықтар соттың шешімі бойынша мемлекет кірісіне есептелуге жатады. Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын ҚР азаматтары саяси өмірге ҚР барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

ҚР Заңына сәйкес, діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысқаны, саяси партиялардың қызметіне қатысқаны, оларға қаржылық қолдау көрсеткені, діни бірлестіктің мемлекеттік органдардың қызметіне араласқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген. ҚР ӘҚТК 490-бабы 5-бөлігінің нормаларына сәйкес, «Діни бірлестіктің саяси қызметпен айналысуы, сол сияқты саяси партиялардың қызметіне қатысуы және (немесе) оларға қаржылық қолдау көрсетуі, мемлекеттік органдардың қызметіне араласуы не мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының функцияларын діни бірлестіктер мүшелерінің иемденіп алуы – қызметті үш ай мерзімге тоқтата тұрып, үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады».

ҚР ӘҚТК 490-бабының 8-бөлігінде де, Осы баптың бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – қызметке тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, деп белгіленген.

Бұдан басқа, ҚР ҚК 404-бабының 1-бөлігінде, Қызметі азаматтарға зорлық-зомбылық жасаумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен ұштасқан не азаматтардың азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуына немесе құқыққа қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауына түрткі болған діни немесе қоғамдық бірлестік құру немесе оған басшылық ету, сол сияқты діни негіздегі партия не Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған көздерден қаржыландырылатын саяси партия немесе кәсіптік одақ құру немесе оған басшылық ету – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан алты жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не

алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады деп көзделген.

ҚР ҚК 404-бабы 2-бөлігінің нормаларына сәйкес: «Нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, тектік-топтық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде іске асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғуға шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық ету – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

ҚР ҚК 404-бабы 3-бөлігінің нормаларына сәйкес, ҚР ҚК 404-бабының бірінші немесе екінші бөліктерінде көрсетілген діни бірлестіктердің қызметіне белсенді түрде қатысу – «алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Қазақстанда шетелдік заңды тұлғалардың және азаматтардың, шетел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдардың саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды қаржыландыруға жол берілмейді. ҚР ҚК «Қазақстан Республикасы Конституциясы 5-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы № 4/2 қаулысында «Республика Конституциясы 5-бабының 4-тармағында, бірінші кезекте, саяси партиялар мен кәсіптік одақтар сияқты субъектілерді шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді» деп айтылған норманы – саяси партиялар мен кәсіби одақтардың ақшалай және өзге де материалдық қаражаттарды алуына құқықтық тыйым салу ретінде ұғынуы керек.

Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 18-бабы 2-тармағының нормаларына сәйкес саяси партияға және оның құрылымдық бөлімшелеріне (филиалдары мен өкілдіктеріне) шет мемлекеттерден, шетелдік заңды тұлғалардан және халықаралық ұйымдардан; шетелдіктерден және азаматтығы жоқ адамдардан; шетел қатысатын заңды тұлғалардан; мемлекеттік органдардан және мемлекеттік ұйымдардан; діни бірлестіктерден және қайырымдылық ұйымдарынан; иесі көрсетілмеген қайырмалдық жасаушылардан; халықаралық немесе шетелдік үкіметтік емес ұйымдардан гранттар және өзге де қаражаттар алатын Қазақстан Республикасының азаматтарынан немесе мемлекеттік емес ұйымдарынан қайырмалдық алуға жол берілмейді. Қандай да бір саяси партиялардан келіп түскен осы қайырмалдықтар соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне аударылады. Осылай қаржыландыру шетел мемлекетінің, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ

адамдардың біздің елімізде заңды негізде әрекет ететін саяси партиялар мен кәсіптік одақтардың істеріне тікелей араласуын білдірген болар еді. Шетел мемлекеттерінің, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың сырттай әсер етуі Қазақстан Республикасының егемендігіне оның конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, Республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру мақсатында жанама қол сұғушылықпен тікелей байланыста болуы мүмкін.

Саяси партиялар мен кәсіподақтар осы конституциялық тыйым салуларды бұзған жағдайларда заңнамада көзделген жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін. Мәселен, ҚР ӘҚТК 489-бабы 5-бөлігінің нормаларында: «Шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың, шетел қатысатын заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, қайырымдылық ұйымдарының саяси партияларды қаржыландыруы – заңсыз қайырмалдықтар тәркілене отырып, лауазымды адамдарға – төрт жүз, заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» деп белгіленген.

ҚР ҚК 406-бабында да шетел мемлекеттерінің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарына жәрдемдескені үшін жауапкершілік көзделген: «Басқа мемлекеттердің саяси партияларын немесе кәсіптік одақтарын қаржыландыру, оларға үй-жай немесе мүлік беру, сол сияқты өзге де жәрдем көрсету, егер бұл іс-әрекеттер азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің елеулі түрде бұзылуына әкеп соқса, – үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады».

5.5. ҚР аумағында шетелдік діни бірлестіктер қызметінің құқықтық мәселелері Діни қызмет туралы ҚР Заңының нормаларымен реттеледі. Қазіргі таңда, Қазақстанда епархия, Орыс православ шіркеуінің приходтары мен монастырлары, Астанадағы Святая Мария архиепархиясы, Евангелие-лютерандық шіркеулер және басқа да әлемдік және дәстүрлі-ұлттық конфессиялар жұмыс істейді.

Басшылық орталықтары Республикадан тыс орналасқан Қазақстандағы діни бірлестіктер егер олардың жарғылары (ережелері) қазақстандық заңнамаларды бұзбаса және ҚР ӘМ тіркелсе, өздерінің жарғыларын (ережелерін) басшылыққа ала алады.

Республика аумағында шетелдік діни бірлестіктердің қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Қазақстанда діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы конфессияаралық келісімді, азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басшылықты жүзеге асыратын ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері жөніндегі комитеті – уәкілетті органымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Дін істері жөніндегі комитет «Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нормаларына сәйкес республика аумағында шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне келісім беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсетеді.

Шетелдік діни орталықтар діни бірлестіктердің басшыларын тағайындауға келісу үшін Дін істері жөніндегі комитетке мынадай құжаттар:

1) үміткер туралы, оның шетелдік діни орталықтағы бұрынғы қызметі туралы мәліметтер қамтылған қолдаухат;

2) үміткерді Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін діни бірлестіктің басшысы етіп тағайындау туралы шешім;

3) діни бірлестіктің басшысы лауазымына үміткердің төлқұжатының немесе жеке куәлігінің көшірмесін ұсынады.

Құжаттардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстанда нотариалды куәландырылып, сондай-ақ аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығы Қазақстанда нотариалды куәландырылып ұсынылады.

Құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде «Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін келісу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентімен белгіленген рәсімдерге сәйкес қарастырады.

Республика аумағында шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне және шетелдік діни орталығының Қазақстанда діни бірлестік басшысын тағайындауға келісу-хатын беру немесе жазбаша түрде мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынадан бас тарту туралы дәлелді жауап беру мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болады.

Бұл ретте, діни қызмет саласын реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган егер оның қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қауіп төндіретін болса, шетелдік діни орталығының діни бірлестік басшысын тағайындауға келісім беруден бас тартуға құқылы.

Діни қызмет туралы ҚР Заңының 19-бабының нормаларына сәйкес діни қызмет саласын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен тиісінше келіспестен шетелдік діни орталық тағайындаған діни бірлестік басшысының қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді. ҚР ӘҚтК 490-бабының 7-бөлігіне сәйкес уәкілетті органмен келіспей шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы, сол сияқты діни бірлестік басшысының кәмелетке толмаған адамның ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қолданбауы – Республиканың шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. ҚР ӘҚтК 490-бабының 8-бөлігінде де, осы Кодекстің 490-бабының

7-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – қызметке тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – екі жүз, лауазымды адамдарға – үш жүз, заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады деп белгіленген.

Миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі. Діни қызмет туралы ҚР Заңының 8-бабының нормаларына сәйкес миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды тіркеуді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құжаттар берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Тіркеу «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Миссионер ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Миссионерлер тіркелу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай құжаттар мен материалдарды:

- 1) паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
- 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
- 3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы және өкілі миссионер болып табылатын діни бірлестік жарғысының көшірмесін;
- 5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркелу үшін жергілікті атқарушы органдарға мынадай құжаттарды:

- 1) миссионер өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;
- 2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын қосымша ұсынады.

Шет мемлекеттер берген құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының төлнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған түрінде табыс етіледі.

Уәкілетті органның мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі миссионерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не заңнамамен белгіленген

жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілген қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» регламенті негізінде қызметті беруші басшысының немесе мемлекеттік қызмет көрсетілетін мекенжайы бойынша қызметті беруші басшысының атына жазбаша нысанда шағым беріледі. Қызметті берушінің атына түскен қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес күн ішінде қарауға жатады. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады. Мемлекеттік қызметті көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес күн ішінде қарауға жатады. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіпте сотқа жүгіне алады.

Бұл ретте, миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ, егер олардың миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін жол беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарында жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.

Шетелдік діни бірлестіктердің қызметі Конституцияға және ҚР заңнамаларына сәйкес болуы тиіс. Мемлекет осындай бірлестіктердің және жекелеген адамдардың қызметін ол Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін жағдайларда ғана шектеуге құқылы. Көрініп тұрғандай, әңгіме шетелдік діни бірлестіктердің және Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдіктердің өміріне мемлекеттің араласуы туралы емес, қайта діни көздерге сілтеме жасай отырып, көбінесе діни фанатизмнің себептерімен байланысты немесе қылмыстық және өзге де қоғамға қарсы мақсаттарды жамылатын қоғамдық қауіпті және өзге де құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу мен жолын кесу туралы болып отыр.

ҚР ӘҚТК 490-бабына сәйкес ҚР азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдардың миссионерлік қызметті тіркеусіз (қайта

тіркеусіз) жүзеге асыруы, сол сияқты миссионерлердің дінтану сараптамасының оң қорытындысы жоқ діни әдебиетті, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануы, Қазақстан Республикасында тіркелмеген діни бірлестіктердің діни ілімді таратуы – ҚР азаматтарына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға ҚР шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осылайша, діни сенім мен наным бостандығы мәселесінде бейтараптылық таныта отырып, мемлекет ҚР аумағында шетелдік діни бірлестіктердің заңды қызметін қоса алғанда діни бірлестіктердің заңды қызметін қорғайды.

6-бап

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

6.1. Түсіндірме беріліп отырған бап Қазақстан мемлекетінің тіршілік етуінің экономикалық негіздерін айқындайды. Ол мемлекетте меншікке қатысты, қалыптасатын маңызды экономикалық және құқықтық қатынастарды бекітеді және реттейді. Оның мазмұны жердің, өндіріс құралдарының және тұтыну нысаналарының кімнің қолында екендігін анық айқындайды, ең алдымен «меншік» терминін толықтырылуының мағыналық және экономикалық тұрғыда айқындайды.

Экономикалық негіздеменің бекітілуімен қатар, түсіндірме беріліп отырған бап әр субъектінің оған тиесілі меншікті пайдалану шектерін айқындаушы, сондай-ақ үшінші тараптардың қол сұғушылығынан меншік құқығын қорғауға кепілдік ретінде түсінілетін меншіктің құқықтық мәселелерін қамтиды.

Алайда, осындай ережелер меншік құқықтарының кепілдігіне арналған ҚР Конституциясының 26-бабына қарағанда ҚР Конституциясының 6-бабында аз қамтылған. ҚР Конституциясының 26-бабы ҚР Конституциясының 6-бабының нормаларын нақтылайды және дамытады деп айтуға болады. Осы екі баптың нормаларын бірлесіп талқылау Қазақстан Республикасын-

дағы меншік қатынастарын конституциялық реттеудің толық қағидаттық сипаттамасын береді.

Осы баптың мазмұнынан сондай-ақ, әрбір бөлшегіне мән бермейінше, материалдық байлықтың билігіне ие, меншік қатынастары субъектілерінің ірі топтарын айқындауға, яғни біздің елімізде бекітілген, байлықты иелену нысанын айқындауға, осылайша, Қазақстанның экономикалық типін айқындауға болады. Осындай топтар мемлекет және қалған қатынастар субъектілері болып табылады. Бұл ретте, мемлекет экономиканың бұқаралық секторы, яғни осы мемлекеттің аумағындағы субъектілер мақсаттары үшін экономикалық өркендеуіне ие болып танылады. Нақты мемлекет ҚР Конституциясының 1-бабында бекітілген негізін қалаушы әрекеттер қағидаттарының бірі – барлық халықтың экономикалық игілігін іске асырады.

Осы баптың мазмұнынан жеке меншіктің басқа да бірегей өкілін, жеке секторын, иесін дәл анықтау мүмкін емес. Оны бұл мемлекет емес, мемлекеттік емес, ал өзге де немесе барлық қалған субъектілер деп факт келтіруге ғана болады. Яғни, мемлекеттік емес болып табылатын меншіктің барлығы жеке болып табылады деген тұжырым дұрыс болады. ҚР Конституциясы «ұжымдық меншік», «қоғамдық ұйымдар меншігі» және т.б. тәрізді терминдерді білмейді, олар Қазақ КСР Конституциясында белсенді қолданылған. Алайда, ҚР Конституциясының 87-бабының 2-бөлігінің 2-тармақшасында жергілікті атқарушы органдардың қарауына «2) коммуналдық меншікті басқару;» жатқызылғанына назар аудару керек, әрі сәйкесінше, Конституциядан деңгейі төмен құқықтық актілерде мемлекеттік меншіктің қосымша градациясы берілген.

Бұдан әрі «меншік» және «мүлік» терминдерінің ара-қатынастарына тоқталу керек. ҚР АҚ-нің 115-бабына (Жалпы бөлімі) сәйкес, осы екі ұғымның екіншісі неғұрлым кең болып табылады, өйткені, «меншік» термині қамтитын, жеке тұлғалар объектісінен басқа, мүліктік құрамына тағы да өзге «игілік және құқық» жатады, оған бағалау құқығына (мысалы, жалға беру, пайдалану құқығы) және шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері (фирмалық атаулар, тауарлық белгілер) жатады.

«Меншік» және «мүлік» терминдерінің осы қатынастарын алып қарағанда, неғұрлым дұрысы «мемлекеттік меншік» деп емес, «мемлекеттік мүлік» деп көрсету неғұрлым дұрыс және біріншісін пайдаланудың ерекшелігі заңнамалық дәстүрдің бергені болып табылады. Мемлекеттік меншік құрамы, өндіріс құралдарының түрлерінің және тұтыну нысаналарының жиынтығы ҚР АҚ 192-бабында (Жалпы бөлім) көрсетілген, ол Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңының 2-бабында «Мемлекеттік меншік құқығы» деп аталған. Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік түрінде болатыны белгіленген.

Өз кезегінде, республикалық меншік мемлекет қазынасынан және

заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітілген мүлкінен тұрады.

Осы бап «мемлекеттік қазына» және «жергілікті қазына» деген маңызды ұғымдарды енгізеді, олар ресми қатынастарда да, әрі күнделікті («қазыналық мүлік», «қазынашы», «қазына ұрысы» және т.б.) жиі қолданылады. Республикалық бюджет қаражаты, ҚР Конституциясының 6-бабының 3-тармағында (ҚР АҚ-нің 193-бабы, Жалпы бөлімі) аталған объектілер, әрі мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілмеген, өзге де мемлекеттік мүліктер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынасын құрайды.

Коммуналдық меншікті алып қарайтын болсақ, ол жергілікті қазынадан және коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүліктен тұрады. Жергілікті бюджет қаражатын және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілмеген өзге де коммуналдық мүліктер жергілікті қазынаны құрайды. Коммуналдық меншік жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандық (облыстық мәні бар қалалардың) болып бөлінген.

Жеке меншік құрамы ең аз мөлшерде заң шығарушымен регламенттеледі. АҚ 191-бабы «Жеке меншік ұғымы және түрлері» деп аталғанымен, меншік бойынша ешқандай түсінік бермейді, бірақ жеке меншік азаматтардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді.

Жеке меншікте болуы мүмкін нысана мен игілік түрлері реттелмейді, яғни нысаналар мен игіліктер түрлері нормаланбайды.

Мәселен, жеке меншікте жекелеген мүліктердің түрлерін қоспағанда, заңнамалық актілермен азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі бола алмайтын кез келген мүлік болуы мүмкін. Бұл жерде азаматтық айналымнан (ҚР АҚ 116-бабы (Жалпы бөлімі)) алынған заттар – ұнғылы қару, күшті әсер ететін улы, радиоактивті заттар және т.б. туралы айтылып отыр.

Айналымға қабілетті мүлікке шектеу жоқ, яғни жеке меншіктегі мүлік саны мен құнына шектеу қойылмайды.

Біз мемлекеттік және жеке меншік объектілері мен субъектілерінің ортасын, олардың пайдаланудың кейбір шектеріне анықтама түсіндірме берілген баптың 1-тармағындағы екі маңызды қағиданы анықтауға мүмкіндік берген.

Заң шығарушы мемлекеттік және жеке меншікті бөле отырып, олардың танылатынын және тең қорғалатынын көрсеткен. «Танылады» деген сөзді осы екі түрі ғана, кейде оларды екі «нысан» деп, Қазақстан Республикасында танылады, бұл осы екі түрлерінен басқа меншік түрі жоқ, әрі болуы мүмкін емес деп танылады. Салыстыру үшін Ресей Федерациясының Конституциясын келтіреміз, оған сәйкес бұл елде меншік жеке, мемлекеттік және муниципалді деп бөлінген.

Жеке меншік құрамында азаматтар мен жеке тұлғалардың меншіктері бөлінген, ал мемлекеттік меншік федералдық және Ресей Федерациясының

меншік субъектілері деп бөлінген. Өз кезегінде муниципалдық меншік қала, ауыл және өзге қоныстар бойынша бөлінеді.

Мемлекеттік және жеке меншікті қорғаудағы теңдік, құқықта көзделген меншікті – азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық қорғау тәсілдері – мемлекеттік, не жеке меншік болуына қарамастан, кез келген меншік объектісін бірдей қорғау үшін қолданылады. Осылайша, полиция ұрланған жеке меншіктегі мүлікті іздестіруде мемлекеттік мүлікке қатысты ұқсас жағдаяттармен салыстырғанда төмен белсенділік танытпайды. Субъектіге қарамастан, меншік құқығын қорғаудағы теңдік – нарық экономикасының және құқықтық мемлекеттің маңызды қағидаты.

6.2. Қазақстанның нарықтық сипаттамасы, мүліктік қатынастардың жеке субъектілерінің оларға тиесілі меншік объектісі мен мүліктік құқықтарды пайдаланудан пайда мен табыс алуға бағыттылығы, меншік қатынастарының қоғамдық сипатын, иесіне ғана емес, сонымен бірге басқа да адамдар үшін меншіктің мәнділігін жоймайды және жоққа шығармайды, өйткені «қоғамда өмір сүре отырып, қоғамнан тыс қалуға болмайды» деген белгілі қағида әсер етеді. Осы қағиданың мәні түсіндірме берілген баптың екінші тармағындағы сөйлемде айтылған – меншік міндеттейді. Бұл меншік иесіне құқық қана беріліп қоймайды, сонымен қатар, оның меншік иесі екеніне байланысты міндеттер жүктейді.

Меншікті пайдалану қоғам игілігіне қызмет етуі тиіс екені туралы талаптары нақтыланған, атап айтқанда, меншік иесі өз үйін тиісті түрде ұстауы тиіс; жер учаскесін алған осы учаскеге құқықты жоғалтудан қорқып, уақтылы үй салуы керек; тауар белгісінің иесі міндетті түрде тауар белгісін тіркеудің өзін жоғалтып алудан қорқып, пайдаланады; қолдан бұйым жасап шығаруға патент иелері, егер оны өз еркімен бермесе, осы бұйымды пайдалануға лицензия беруге мәжбүр болады және т.б.

Түсіндірме берілетін баптың екінші тармағы бізді экономикалық мәселелерден құқықтық, меншік құқығы мәселелеріне алып кетеді.

Түсіндірме берілетін тармақ меншік құқығының маңызды мәселелерін реттеуді салалық заңнамаға сілтейді, меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау заңмен айқындалуын белгілейді. Мұндай заңдарға ең алдымен ҚР АҚ (Жалпы бөлімі) I Бөлімінің 3-тарауының, II Бөлімінің 8-15-тарауларының нормалары жатады. Біршама мөлшерде меншіктілік құқықтары мәселесін ҚР Жер кодексі, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ҚР Заңы, Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңы және басқа да заңдары реттейді.

Меншік құқығының анықтамасы ҚР АҚ 188-бабының 1-тармағында субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы ретінде белгіленген.

Меншік құқығын пайдаланудың шегі ең жалпы қағидатты түрде ҚР АҚ 8-бабының (Жалпы бөлімі) талаптарына сәйкес келеді, Азаматтық құқықтарды жүзеге асыруға арналған: Азаматтық құқықтарды жүзеге

асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңдармен қорғалатын мүдделерін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс. Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер – бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Осылайша, меншіктің қоғам игілігіне қызмет етуі заң шығарушының тарапынан, меншік құқығы абсолюттік емес және шексіз емес дегенімен расталады. Бұл құқық заңмен регламенттелген, заңмен ғана шектеу қойыла алады.

6.3. Түсіндірме берілетін баптың үшінші тармағы объектілерді, басқа мүліктің режимінен ерекшеленетін құқықтық режимді атап көрсетеді. Егер жер қойнауы мемлекеттің де, жеке меншікте де бола алса, ал жер қойнауы, су, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Аталған объектілер Қазақстандағы барлық халықтың байлығын құрайтыны және келер ұрпақтың байлығы екені анық, осы объектілердің мәртебелерін өзгерту бойынша шаралары, осы объектілермен кез келген әрекет, кез келген белгіленген адамдар тобының, «әсіресе шетелдіктердің қатынастарын айқындауға оқталу халықтың әр түрлі деңгейдегі қауымын ерекше қызықтырады.

Мемлекеттің табиғи ресурстарға құқығы заңды реттелуінде жеткіліксіздік сезілмейді. Осы құқықты реттеуге және қорғауға – ҚР Жер, Су, Орман, Экологиялық кодекстері, сондай-ақ – «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңы арналған.

Мемлекеттіліктің негізгі экономикалық құрамы, егемендіктің тірегі және материалдық объектісі, әрине, жер болып табылады. Әлемнің көптеген елдерінде жер мемлекеттің ғана меншігінде, яғни мемлекеттен басқа ешкім де оны меншігіне иелене алмайды. ҚР Жер кодексінің 3-бабында «Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады» деп белгілейді. Жер учаскелері осы Кодексте белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Осы баптың мазмұнының талдауынан осы саладағы мемлекеттің саясаты айқын көрінеді. Жер учаскелері, бұл – жеке меншік, толық жердің бір бөлігі, ол көп бөлігінде мемлекетке тиесілі екені анық.

Мемлекеттің жерге және жер құқықтарына қатынастары жер заңнамасының маңызды қағидаттарында ҚР Жер кодексінде – ҚР аумағының тұтастығы, қол сұғылмайтындығы және бөлінбейтіндігі; жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау; жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау белгіленген.

Жер қатынастары кешенді сипатымен ерекшеленеді және азаматтарға және өзге де мемлекеттік емес субъектілерге тиесілі жер учаскелері, сондай-ақ жерді пайдалану құқықтары мәміле объектісі болып табылғанына

қарамастан, барлық субъектілер жер қатынастарында, ең алдымен, жер және табиғатты қорғау заңнамаларының нормаларын сақтаулары тиіс.

Бұл ереже ҚР Жер кодексінің 6-бабының 4-тармағында айтылған: Егер ҚР-ның жер, экология, орман, су заңдарында жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарында өзгеше көзделмесе, жер учаскелерін иелену, пайдалану және оларға билік ету, сондай-ақ олармен мәміле жасасу бойынша мүліктік қатынастар ҚР-ның азаматтық заңдарымен реттеледі.

Қазақстанның азаматтары мен мемлекеттік емес ұйымдарына жер құқықтарының толық спекторы тиесілі. ҚР Жер кодексінің 23-бабында жеке меншікте болмайтын жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке берілуі мүмкін екені белгіленген.

Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігінде шаруа немесе фермер қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

ҚР азаматтары ғана емес, сонымен бірге шетелдіктер және өзге де адамдар тобы белгілі бір жер құқықтарына ие. ҚР Жер кодексінің 6-бабының 6-тармағы егер Жер кодексінде немесе ҚР-ның басқа да заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалар жер құқығы қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең құқықтарды пайдаланады және сондай міндеттер атқаратынын белгілейді.

Атап айтқанда, ҚР шекаралық аймақтарында және шекара жолақтарында орналасқан жер учаскелерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға беруге жол берілмейді. Бұл санаттағы адамдар сондай-ақ құқық иеліктерінде тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру үшін арналған жер учаскелеріне ие болуы мүмкін (ҚР Жер кодексінің 23-бабы). Осылайша, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке меншігінде үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

Меншік мәселелері өзінің мәніне қарай, өте жиі әр түрлі сатыдағы соттарда ең түрлі субъектілері дауларының нысанасы болып жатады. Сондықтан, ҚР Конституциясының қолданыстағы заңнамалардың сол не басқа да ережелеріне сәйкестігі туралы мәселелер туындап жатады және

Конституциялық Кеңес түсіндірме беріліп отырған бапқа қатысты бірнеше рет өзінің құқықтық ұстанымын қабылдаған¹.

7-бап

- 1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.**
- 2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.**
- 3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы мемлекеттік тілдің, орыс тілінің және Қазақстан халқының басқа да тілдерінің мәртебесін белгілейді. Конституцияның аталған бабының ережелеріне сәйкес, Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңнама қалыптасады және дамиды. ҚР Конституциясының 7-бабы негізінде және соған сәйкес ҚР Парламенті 1997 жылғы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңды қабылдады. Заң Қазақстан халқы тілдерін қолданудың құқықтық негіздерін анықтады, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілдерге қатысты, оларды зерттеу және дамыту мақсатында бірыңғай құрметке негізделген қарым-қатынастарға жағдай жасайтын мемлекеттің міндеттерін белгіледі. Аталған заңға, кейіннен мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту мен енгізу бойынша, мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметін жетілдіруге бағытталған өзгерістер енгізілді.

7.1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекеттік тілдің мәртебесі, заңнама тілі, мемлекеттік басқару, сот өндірісі, іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылатындығын білдіреді. Бұл ретте қазақ тілі, мемлекеттік тіл ретінде мемлекеттің және қоғам өмірінің барлық саласында, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қызмет жасайды. Қазақстан халқын біріктіруші маңызды фактор – мемлекеттік тілді меңгеру, ұлтына қарамай, Қазақстан Республикасының кез келген азаматының қасиетті борышы болып табылады.

ҚР Конституциялық Кеңесінің пікірінше «Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады: Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде

¹ Қараңыз: Конституционный контроль в Казахстане: доктрина и практика утверждения конституционализма /Монография. И.И. Роговтың, В.А. Малиновскийдің редакциясымен. – Алматы, Паритет, 2015. - С. 258-268.

еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шегара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; Республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі»¹.

Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. «Қазақстан – 2050» стратегиясында мемлекеттік тілге қатысты қазақ тілі – біздің рухани негізіміз деп айтылған. Мемлекет басшысы осыған байланысты: «Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» деп атап өтті. Қазақ тілі Қазақстан халқын біріктіруші фактор болуы тиіс, бұл ретте тіл саясаты қазақстандықтар сөйлесетін бірде-бір басқа тілге қысым жасамайды. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Қазір қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға белсенді шаралар жүргізілуде.

Ел Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты қазақстандық қоғамды одан әрі дамыту жөніндегі өзінің негізгі бағдарламасында жаңарудың екі маңызды процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғырумен қатар елдің адами ресурсын одан әрі дамыту парадигмасы – үштілді бағдарламаға, біздің бәсекеге қабілетті құрамдаушы бөлігі ретінде шет тілдерді меңгеруге ерекше көңіл бөлді. Мемлекеттік тілді одан әрі дамыту және қазіргі коммуникациялық талаптарға бейімделу мақсатында Президент қазақ тілін кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшіру бойынша жұмыстарды бастауды ұсынды. Осының барлығы қазақ тілінің маңызы уақыты жеткенде тек қана нығаяды және барлық өзінің қолдану саласында жетіле түсетіндігі туралы айтады.

Тіл туралы заңнама мемлекеттік тілді дамыту және енгізу жөніндегі барлық мемлекеттік билік органдарының міндеттерін белгіледі. Парла-

¹ ҚР КК 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысы.

мент, Үкімет, сот, құқық қорғау органдары, жергілікті атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өзінің қызметін мемлекеттік тілде жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан халықаралық ынтымақтастық, халықаралық шарттар жасасу процесінде шетелде қазақ тілін меңгеруде қазақ диаспорасына жан-жақты көмек көрсетеді.

2004 жылғы 18 наурызда Парламент қабылдаған және 2004 жылғы 25 наурызда Президентке қол қоюға ұсынылған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңының Конституцияға сәйкестігін қарау барысында Конституциялық Кеңес Заңмен белгіленген «Бұқаралық ақпарат құралының телевизия және радио хабарларының мемлекеттік тілдегі апталық көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауы, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі хабарларды хабар таратудың тәуліктік кестесіне біркелкі орналастыру туралы талаптардың белгіленуі басқа тілдердің мәртебесіне нұқсан келтірмейді, өйткені ол Негізгі Заңның 7-бабында бекітілген жалпы ережелер мен қағидаттарды іске асыруға бағытталған» деп атап өтті¹.

Осылайша, Конституциялық Кеңес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінде мемлекеттік тілдің басымдығын таныды.

7.2. «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген конституциялық ереже біркелкі ұғылады: мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, барлық жағдайда бірдей қолданылады. Республика азаматтарының мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүгінуге және іс қағаздарының қай тілде жүргізілетініне қарамастан, қазақ және орыс тілдерінде тең дәрежеде олардан ақпараттар алуға құқықтары бар. Қазақ және орыс тілдерін пайдаланудағы теңдік сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің заңдық маңызы тең екенін де білдіреді (ҚР КК 1997 жылғы 8 наурыздағы № 10/2 қаулысы). Заң жобаларын ҚР Парламенті әзірлейді, талқылайды және қабылдайды, қазақ және орыс тілдерінде шығарады. Парламент Мәжілісі Регламентінің 26-тармағына сәйкес қағаз және электрондық жеткізгіштердегі заң жобасы қажетті қосымшаларымен (заң жобасы жөніндегі материалдармен) бірге Мәжіліске қазақ және орыс тілдерінде енгізіледі. Осы материалдардың пакеті олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкестігі нысанына заң жобаларын алдын-ала тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны міндетті түрде қосады. Үкімет Регламентінің 31-бабына сәйкес мемлекеттік органдарға мемлекеттік тілдегі қаулы жобаларын дайындау сапасы, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағидаларды сақтауға, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің дәлме-дәлдігі үшін жауапкершілік жүктеледі.

¹ҚР КК 2004 жылғы 21 сәуірдегі №4 қаулысы.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын конституциялық емес деп тану негіздерінің бірі қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкессіздігі болған.

Конституциялық Кеңес қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкессіздігі құқықтық норманың мазмұнын тұжырымдамалық түрде бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіншілік бермейді және осыған байланысты осындай норма Негізгі Заңның 7-бабының 2-тармағын ескере отырып, Конституцияға сәйкес емес деп танылуы мүмкін¹.

Бірқатар басқа заңдар да осындай жағдайға ұшырады. Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің толық бірдей болуы қажеттігі туралы талапты орындамау нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану үшін негіз болатын конституциялық заңдылықты өрескел бұзу болып табылады.

ҚР Конституциясының 7-бабының 2-тармағында қолданылған «мемлекеттік ұйымдар» ұғымы барлық мемлекеттік органдарды және ұйымдарды қамтиды. Мемлекеттік органдардағы және ұйымдардағы іс қағаздары мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары азаматтармен қарым-қатынасты қазақ, орыс тілдерінде, ал қажет болғанда азамат өтініш жасаған тілде жасауға тиіс. Орыс тілін қолдану қылмыстық, азаматтық сот ісін жүргізуде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде, ҚР Қарулы Күштерінде, әскери және әскериленген құрылымдардың барлық түрлерінде мемлекеттік тілмен қатар ресми қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының конституциялық-құқықтық негіздерін әділ, демократиялық және дамыған ретінде сипаттай отырып, мемлекет адамдардың күнделікті өзара қатынастарда ондағы адамның жеке құқығын көре және оларды құрметтей отырып, Қазақстан халқы тілдерін пайдалану саласында араласпайтыны анық көрінеді. Бұл Тіл туралы ҚР Заңының 2-бабында да бекітілген. Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады. «Осы Заң жеке адамдар арасындағы қатынастарда және діни бірлестіктерде тілдердің қолданылуын реттемейді». Осылайша, қазақстандық полиэтностық қоғамда азаматтардың өзара араласуының міндетті құралы ретінде мемлекеттің қандай да болмасын бір тілді таңдауы және белгілеу мүмкіндігі туралы пікірталасқа арналған негіздің өзі алынып тасталды.

7.3. Қазақстан халқы тілдерін оқып-үйренуге және дамытуға жағдайлар тудыратын мемлекеттің қамқорлығы туралы ереже тіл туралы, білім туралы, мәдениет туралы, бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР заңнамаларында және басқа да нормативтік құқықтық актілерінде

¹ҚР КК 2007 жылғы 14 ақпандағы №2 қаулысы (ҚР КК 2011 жылғы 27 сәуірдегі №4 қосымша қаулымен күші жойылды).

нақтылана түседі. Мемлекеттік тілде және орыс тілінде ғана емес, басқа да тілдерде оқуды және тәрбиені ұйымдастыруға мемлекет жәрдемдеседі. Уәкілетті органдар тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді, Қазақстан халқы тілдерін қолдану мен дамыту бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асырады, орталық және жергілікті органдарда тіл заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

ҚР азаматы қандай ұлтқа жататынына қарамастан, Конституциямен бекітілген ана тілін пайдалануға, сондай-ақ қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқылы. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзінің конституциялық құқығын пайдалана отырып, оқу орындарында ана тілінде білім алуға, газеттер мен кітаптар шығаруға құқылы. Мемлекеттік органдар мемлекеттік тілде, орыс тілінде, ал қажет болғанда басқа да тілдерде орта, жоғары білім алуға материалдық, техникалық, қаржылық жағдайлар жасайды. Тіліне байланысты ешкім де ешқандай кемсітуге жол берілмейді. *(Конституцияның 12, 14, 19, 93-баптарының түсіндірмелерін қараңыз).*

Конституциялық Кеңес тіл туралы конституциялық ережелерді жүзеге асыру саласында Қазақстандағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы мәселені талдап, «Республикадағы тіл туралы конституциялық ережелердің жүзеге асырылуы аясындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» ақпарат ұсынды. Конституциялық Кеңес, Республикада қазіргі уақытта мемлекеттік тілдің мәртебесі басым болуы, Қазақстан халықтарының тілдері еркін түрде қызмет етуі, мемлекеттік мекемелерде қазақ және орыс тілдерінің қолданылуы үшін қажетті нормативтік-құқықтық жағдай жасалған. Қазақ және орыс тілдерінің қызмет ету аясындағы нормативтік талаптардың бұзылу фактілерін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық шаралар қабылдау арқылы еңсеруге болады, деп атап көрсетті¹.

8-бап

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев, 2015 жылғы 28 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-інші мерейтойлы сессиясын-

¹ҚР КК 2008 жылғы 25 желтоқсандағы «Тіл туралы конституциялық ережені іске асыру аясында Қазақстан Республикасында конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» ҚР Президентіне ақпарат.

да сөз сөйлей отырып, қазіргі заманғы әлемдік тәртіптің негізін құруы қажет – елдердің халықаралық құқық қағидаттарын және өздерінің халықаралық міндеттемелерін сақтауының маңыздылығын ерекше атап көрсетті.

Бұл конституциялық нормада Қазақстан БҰҰ Жарғысында (1945 ж.), Мемлекеттер арасындағы БҰҰ Жарғысына сәйкес достық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты халықаралық құқық қағидаттары туралы декларацияда (1970 ж.), Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесінің қорытынды актісінде (1975 ж.) және Қазақстан қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттарда бекітілген халықаралық құқық қағидаттарына берілгендігін растады.

8-бапта мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен тату көршілік қатынастары қағидаты, мемлекеттердің егеменді теңдігі қағидаты, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпаушылық қағидаты, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидаты және қарулы күштерді бірінші болып қолданбау қағидаты ерекше көрсетілген. Бүкіл әлемдік тәртіпті ұстап тұрудағы негіз қалаушы маңызға ие болуына байланысты халықаралық құқықтың бұл қағидаттарын Қазақстан Республикасы мүлтіксіз сақтауға міндеттенеді.

Түсіндірме беріліп отырған бап Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтеу міндеттемесін жариялайды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің құқықтық ұстанымына сәйкес «халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын құрметтеуді» ішкі мемлекеттік құқықты құру кезінде халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын ескеруге деген ұмтылыс деп түсіну керек. Бұл Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың қолдануға келетін қағидаттары мен нормаларын мемлекеттік басқару мен мемлекеттік құрылыстың барлық аспектілерінде ескеруге ұмтылу керек дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау, халықаралық экономикалық тұрақтылық пен прогреске, халықтардың жалпы әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттердің саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, халықаралық қатынастардың түрлі салаларында мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастық пен тату көршілік саясатын жүргізеді.

Қазақстан әлемнің барлық мемлекеттерінің теңдігін және өзара мүдделерді ескеруді жақтайды. Мемлекеттік егемендік туралы 1990 жылғы 25 қазандағы декларация Қазақстанды егеменді және тең құқықты мемлекет ретінде жариялады. Декларацияның негізгі ережелерін дамыта келе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Конституциялық заң Қазақстан барлық мемлекеттермен өзінің қарым-қатынастарын халықаралық құқық қағидаттарына негіздей отырып құрады деген міндеттемені бекітті.

Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидатын басшылыққа ала отырып, Қазақстан қандай да бір мемлекеттің конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, басқа мемлекеттердің ішкі саяси күресіне араласуға бағытталған іс-әрекеттермен мүлдем келіспейді.

Өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту шеңберінде Қазақстан БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын ұстанады және мемлекеттер арасындағы саяси диалог пен ынтымақтастықтағы құқық үстемдігі қағидатының негіз қалаушы маңыздылығын мойындайды, өңірлік және халықаралық жанжалдарды бейбіт жолмен шешуді жақтайды.

БҰҰ Жарғысына сәйкес БҰҰ-ның барлық мүшелері өздерінің халықаралық қатынастарында күш қолданудан немесе күшпен қауіп төндіруден тартынуға міндетті. Осыған байланысты, бейбіт сыртқы саясатты растай отырып, Қазақстан қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

Тәуелсіздік жылдарында Мемлекет басшысының басшылығымен Қазақстан БҰҰ-ның қағидаттары мен мақсаттарын дамытуға, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға елеулі үлес қосты, әлемдік қоғамдастықта берік тұғырға орнықты, шетелдік әріптестер құрметтейтін қазақстандық кәсіби дипломатиялық қызметті қалыптастырды.

9-бап

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Әнұраны бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Саяси, заңдық және әлеуметтік мән-маңызын ескере отырып, мемлекеттік символиканы, әдетте, халықтың тарихи өткені, дәстүрлері, мәдениеті мен ділі бейнелерінің негізінде әзірлейді.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттік рәміздердің мемлекет пен азаматтардың өзара іс-әрекеттерінің, оларда отансүйгіштік сезімді қалыптастырудың маңызды құралы болып табылатындығын көрсетіп отыр. Кезінде француз философы Шарль Луи Монтескье айтып кеткеніндей, «Ұлттың рухы» мен Отанға деген махаббат қоғамның үйлесімді өмір сүруінің бірден-бір негізі болып табылады».

Қоғамдық сана мен саяси мәдениеттің маңызды элементі болып табылатындықтан, мемлекеттік символика халықтың ынтымағы мен бірлігін, оның бірегейлігі мен өзіндік даралығын бейнелейді, рухани құндылықтарын көрсетеді.

Мемлекеттік рәміздердің қолданылуы азаматтарда жоғары патриоттық сананы, Отанға беріле қызмет етуге ұмтылысты, Ел мүддесін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға әзірлікті қалыптастыру жөніндегі идеологиялық міндеттерді ұтымды жүзеге асыруға да ықпал етеді.

ҚР Конституциясының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Әнұраны бар. Олардың сипаттамасы мен пайдалану және әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы конституциялық заңда көрініс тапты.

Мемлекеттік рәміздер мемлекеттік егемендіктің ресми атрибуттары іспетті. Оларға нышанының сипатына құқықтық айқындылық және заңмен нақты белгіленген жағдайларда пайдалану міндеттілігі тән. Оларда бейнелі әрі қысқаша түрде ұлттық идеология арқа сүйейтін тарихи тамырлар мен құндылықтар жөніндегі ақпарат көрініс тапқан.

Біздің еліміздің мемлекеттік рәміздерінің барлығы бір-бірімен өзара мызғымас әрі логикалық байланыста екендігі өте маңызды. Ал мұның өзі Ту мен Елтаңбаның, сондай-ақ Әнұран мәтінінің геральдикалық белгілерін талдағанда айрықша айқын көрінеді. Бір-бірін толықтыра отырып, олар Қазақстан азаматтары мен халықаралық жұртшылықтың қабылдауында республиканың мызғымастығының негіздері ретінде біртұтас әсер қалдырады.

Мемлекет басшысы өз сөздерінде «мемлекеттік рәміздер – біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің бұлжымас негіздерінің бірі. Олар тәуелсіздіктің қасиетті жиынтық бейнесін білдіретіндігін» ұдайы айтып жүр. Оларда терең мән бар.

Мәселен, біздің аспан түстес туымыз молшылықты, тыныштықты, бейбітшілік пен бірлікті білдіреді. Тәңіршілдікті ұстанған баяғы көне түркілердің өздері көк түсті қадірлеген. Сондықтан тудың көгілдір, аспан түстес бейнесі біздің халқымыздың тарихи тамырларын аңғартады. Бұл ғасырлар тереңінен келе жатқан дәстүр.

Барша халықтарға белгілі, ең бағзы ғарыштық рәміз – Күн тіршілік пен жарықты бейнелейді. Ал, оның астында асқақтай қалықтаған қыран Қазақстан халқының еркіндігін, оның күш-қуаты мен батылдығын білдіреді.

Елтаңбаның негізі етіп шаңырақ алынған, ол қазақтар үшін кіндігін кесілген ұяның, туған үйіңнің символы болып табылады. Шаңырақ бейнесі – Қазақстан осы жерді мекендейтін барлық халықтар үшін ортақ үй екендігін білдіреді. Оның жиектерін бойлай аңыз аттар – тұлпарлардың бастары орналастырылған, олар шаңырақты қорғап тұр және осылайша Отанға қызмет ету идеясын аңғартады. Қазақтарда ат әлем бейнесінің маңызды атрибуты болып табылады, оған ежелден асқақ тұлға, төзімділік, адалдық және жеңіске деген жігерлілік сияқты сипаттар телінген. Ежелден-ақ «Қазақ жылқы мінезді» (сөзбе-сөз «қазақ өз мінезі жағынан жылқыға ұқсас») деп жайдан-жай айтылмаған.

Әнұранда Қазақстан жерінің байлығы, бейбіт тұрып жатқан халықтың мызғымас бірлігі, жас мемлекеттің болашаққа ұмтылысы мен бабалар мұрасын сақтаудың маңыздылығы жырланады.

Конституциямен бірге мемлекеттік рәміздердің де ұлттық идеяларға арқау болатын терең мән-мағыналарға ие екендігі кездейсоқ емес.



II Бөлім
АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ

10-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

2. Республиканың азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды.

2-бабы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

3. Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

10.1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы кепіл болатын адам құқықтарының қатарына әр адамның азаматтық алу құқығы жатқызылған. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының аталған ережесі қолданыстағы ҚР Конституциясында (10-бап) жүзеге асырылған.

Конституциялық-құқықтық институт ретінде азаматтық, бір жағынан мемлекет және екінші жағынан азаматтар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін конституциялық және кәдімгі нормалардың жиынтығын білдіреді. Бұл институттың нормалары Қазақстан азаматтары болып танылатын тұлғалардың тобын, азаматтықты алу және тоқтату негіздері мен тәртібін, азаматтық мәселелері жөніндегі істерді қарау және шешу тәртібін белгілейді.

Азаматтықты алу азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтарды қорғау және қамтамасыз ету жөнінде тиісті міндеттерін танудың және сақтаудың маңызды шарты мен алғышарты болып табылады. Осы ереже сондай-ақ Конституциядан да туындайды, оның 12-бабының 3-тармағында Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады деп қарастырылған.

Азаматтық жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негіздерін, оның құқығының көлемін, бостандықтары мен міндеттерін белгілейді және оның мемлекетпен қарым-қатынасының бастапқы негізі болып қызмет атқарады.

Сонымен қатар, адамның мемлекетпен құқықтық байланыста болуы олардың арасында азаматтық орнағанын білдірмейді.

Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан аумағында уақытша тұрып жатқан және келген адамдар да белгілі бір құқықтық байланыста, бірақ азаматтық мәртебесіне ие болмайды.

Осылайша, азаматтық адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқықтық байланысын айқындайды, олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді. Азаматтықтың осы түсінігі азаматтық туралы ҚР Заңында негізделген.

Азаматтық туралы заң Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты екендігін белгілейді. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын қорғауға, мемлекеттік тіл мен оның территориясында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-қүдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті.

Осылайша «азаматтық» деген түсінік екі жақты сипатта болады және тиісті құқық пен міндеттерді жеке тұлғаға да және мемлекетке де жүктейді. ҚР Конституциясының 39-бабының 3-тармағына сәйкес түсіндіріліп отырған баппен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары шектелмеуге тиіс.

10.2. Қазақстан Республикасы азаматтығына мыналар тән:

1) азаматтық оның қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады.

Біздің еліміздің азаматтары, азаматтыққа тууы бойынша немесе басқа негіздер бойынша ие болуына қарамастан тең құқықты пайдаланады. Азаматтардың құқықтарының теңдігі азаматтардың шетелде жүрген кезінде де орынды болады.

Қазақстанның азаматтары әр түрлі құқықтар мен міндеттерді тудыратын қандай да бір жіктерге немесе топтарға бөліне алмайды. Бұл ретте ҚР Конституциясының 61-бабының 3-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне қатысты негізгі принциптер мен нормалар тек қана заңмен реттеледі. Бұл мәселелер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен регламенттелуге жатпайды.

Қазақстанның азаматтығы танылған жағдайда сол немесе басқа да адам тек қана субъективті құқықтың белгілі бір жиынтығына ие болмай, сонымен қатар қоғамның және мемлекеттің жұмысын басқаруға қатысу мүмкіндігін алады.

Одан бөлек, теңдік принципі азаматтың құқығы ретінде жалпыға

бірдей және тең сайлау құқығына кепіл болады, кез келген негіз бойынша кемсітуден қорғауды қамтамасыз етеді, өз азаматтарын шет мемлекеттерге беруге тыйым салады, артықшылыққа тыйым салады және тиісінше барлық азаматтардың заң алдында теңдігіне кепіл болады. Азаматтардың оны қандай негізде алғанына қарамастан теңдік принципіне өз кандидатурасын Президенттікке үміткер ретінде ұсыну құқығы жатпайды, себебі Конституцияның 41-бабының 2-тармағына сәйкес ҚР Президенті болып Республикада туған азамат сайлана алады.

2) азаматтың Республикадан тыс өмір сүруі оның Қазақстан Республикасы азаматтығын тоқтатуға әкеп соқпайды. Қазақстанның азаматтығы мерзімсіз. Ол азаматтың шет мемлекетке, оның ішінде, онда тұрақты тұруға баруы салдарынан тоқтатылмайды. ҚР азаматтарының шекарадан тыс болуы олардың конституциялық құқықтарын шектеуге әкеп соқпайды. Азаматтық тек заңда белгіленген негіздермен және тәртіппен тоқтатылады, бұл ретте мемлекеттік органдар да, азаматтар да азаматтықтың құқықтық мазмұнын оның заңда белгіленгенімен салыстырғанда өзгертуге құқығы жоқ.

3) ҚР азаматының республика азаматтығында жоқ адаммен некеге тұруы, сондай-ақ осындай некенің бұзылуы ерлі-зайыптылардың, сондай-ақ олардың балаларының (өздерінің немесе асырап алған) азаматтықтарын өзгертуіне әкеп соқпайды.

4) Қазақстан Республикасы өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді. Егемендік билік және ҚР заңдары Қазақстанның азаматтарына Республиканың немесе басқа елдің аумағында олардың тұрақты немесе уақытша болуына қарамастан қолданылады. Азаматтардың елден тыс болуы олардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ мемлекеттің олардың алдындағы міндеттемелерін тоқтатуына әкеп соқпайды.

Конституцияның 35-бабына сәйкес салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.

Сонымен бірге, қосарлы салық салуды болдырмау мақсатында Қазақстан бірқатар халықаралық шарттар жасады, соларға сәйкес Қазақстаннан тысқары тұратын және салық салуға жататын қызметті жүзеге асыратын азаматтар салықтардың жекелеген түрлерін шетелдік мемлекеттерге, сол сияқты Қазақстан аумағында тұратын, салық салуға жататын қызметтерді жүзеге асыратын шетелдіктер Қазақстанға салық төлеуді жүзеге асырады.

5) Қазақстан Республикасының азаматтары оның қандай негізде алынғанына қарамастан шыққан тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысы, білімі, тілі, діни нанымына, саяси және басқа көзқарастарына, кәсібіне, мекенжайына және тағы басқа кез келген мән-жайларға қарамастан, заң алдында тең болады.

6) Қазақстан Республикасының азаматтары ҚР Конституциясымен

және заңдарымен жария етілген және кепілдік берілген азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарға толықтай ие.

10.3. ҚР азаматтығы азаматтық туралы Заңға сәйкес алынады және тоқтатылады.

Азаматтық туралы ҚР Заңы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін, егеменді Қазақстанның азаматтығын алу және тоқтату тәртібі және негіздері керек болған кезде қабылданған. Осылайша, ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңының 7-тармағында Қазақстан Республикасының өз азаматтығы бар екендігі белгіленген.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысына сәйкес азаматтық туралы ҚР Заңы қолданысқа 1992 жылдың 1 наурызынан бастап енгізілген.

Мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғанға дейін бұрынғы КСРО Конституциясына (1977 жылғы) және Қазақ КСР Конституциясына (1978 жылғы) сәйкес Қазақ КСР-нің әр азаматы КСРО-ның да азаматы болып табылғанына байланысты, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңын қолданысқа енгізу тәртібі туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысында егерде олар 1995 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде жергілікті ішкі істер органдарына жазбаша түрде өздері ҚР азаматтығын қаламайтынын білдірмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары осы Заң күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты түрде тұратын азаматтар болып табылады деп белгіленген.

Осылайша, қазіргі уақытта азаматтық туралы ҚР Заңының 3-бабына сәйкес мына:

осы Заң күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын;

Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын;

осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар ҚР азаматтары болып табылады.

Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдасу кезеңінде, адамгершілікке жатпайтын басқа да саяси әрекеттердің нәтижесінде республика аумағын амалсыздан тастап шыққан адамдарға және олардың ұрпақтарына, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағында тұратын қазақтарға өзінің аумағына қайтару үшін жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат ҚР азаматының жеке куәлігі немесе ҚР азаматының паспорты болып табылады. 16 жасқа дейінгі баланың азаматтығы оның туу туралы куәлігімен, ата-анасының қайсысының болса да паспортымен расталады.

Азаматтық туралы ҚР Заңы Қазақстан Республикасы азаматтығын алудың келесі негіздерін қарастырады:

- 1) тууы бойынша;
 - 2) азаматтықты қабылдау нәтижесінде;
 - 3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша;
 - 4) Азаматтық туралы ҚР заңында көзделген өзге де негіздер бойынша.
- Азаматтықты тууы бойынша алу.*

Халықаралық тәжірибеде тууы бойынша азаматтық «қан құқығы» принципінің және «топырақ құқығы» принципінің негізінде алына алады. Қазақстандық заңда осы принциптердің екеуі де жүзеге асырылған.

«Қан құқығы» принципінің мәні баланың туған жеріне қарамастан ата-анасының азаматтығын алатынына жатады (Азаматтық туралы ҚР заңының 11 және 11-1-бабы).

Ал «топырақ құқығы» бойынша бала, ата-анасының азаматтығына қарамастан өзі қай мемлекеттің аумағында туса, сол мемлекеттің азаматы болып саналады. Бұл принцип Азаматтық туралы ҚР заңының 13 және 14-баптарында іске асырылған.

Халықаралық құқықта «топырақ құқығы» принципі қолданылмайтын жағдайлар белгіленген. Осылайша, Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының азаматтықты алу туралы факультативтік хаттамасының (1961 жылғы), сондай-ақ Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының азаматтықты алу туралы факультативтік хаттамасының (1963 жылғы) негізінде, тұрып жүрген мемлекеттің азаматы болып табылмайтын өкілдіктің қызметкерлері және олармен бірге тұратын отбасыларының мүшелері тек қана тұрып жүрген мемлекеттің заңдарын қолдану тәртібінде осы мемлекеттің азаматтығын ала алмайды.

Сонымен бірге, азаматтық туралы ҚР Заңында «топырақ құқығы» мен «қан құқығын» біріктіретін «аралас принцип» негізінде де Қазақстан азаматтығын алу мүмкіндігі қарастырылған.

Азаматтыққа қабылдау. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың өтініштері бойынша Азаматтық туралы ҚР заңына сәйкес ҚР азаматтығына қабылдануы мүмкін.

Республиканың азаматтығына қабылдау *жалпы және жеңілдетілген (тіркеу тәртібіне) тәртіптерде* жүзеге асырылады.

ҚР азаматтығына қабылдау мәселелерін ҚР Президенті шешеді. Мемлекет басшысы азаматтыққа қабылдаудан бөлек азаматтықты қалпына келтіру, азаматтықтан шығу және азаматтықтан айырылу мәселелерін де шешеді.

Азаматтық мәселелері жөніндегі материалдарды қарау үшін Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылған.

Комиссия қабылдау және *жалпы тәртіппен* азаматтықты қалпына келтіру, азаматтықтан шығу мәселелерін қарастырады.

Азаматтыққа *жалпы тәртіппен* қабылдау дегеніміз Комиссияның отырысында Ішкі істер министрлігінен келіп түскен азаматтыққа қабылдау туралы материалдарды қарауды және тиісінше Мемлекет басшысының Жарлығын қабылдауды білдіреді.

Жалпы тәртіппен Қазақстан азаматтығына:

1) Республиканың аумағында заңды негізде кемінде 5 жыл тұрақты тұратын не ҚР азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданады.

Кәмелетке толмаған, әрекетке қабілетсіз адамдар және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдар, сондай-ақ Президенттің 2005 жылғы 6 маусымдағы № 1587 Жарлығымен белгіленген кәсіптерге ие және талаптарға сай адамдар тұрақты тұру мерзіміне не біздің азаматтармен некеде болуына қарамастан, Қазақстанның азаматтығына қабылдана алатынын атап өткен жөн.

Қазақстанның азаматтығын қабылдау құқығын беретін мамандықтарға, атап айтқанда, дәрігер, инженер, ұшқыш-сынаушы, бактериологтар, вирусологтар тағы басқалар жатқызылған.

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі – баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, ҚР-да тұру мерзіміне қарамастан қабылданатын болады.

Жеңілдетілген (тіркеу тәртібі) тәртіп бойынша азаматтыққа қабылдаудың ресімделуін, материалдарды Комиссияда қарамастан және Елбасының тиісті Жарлығын шығармастан ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Жеңілдетілген (тіркеу тәртіпінде) тәртіппен біздің еліміздің азаматтығына:

1) тұрған мерзіміне қарамастан Қазақстан аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын оралмандар;

2) тұрған мерзіміне қарамастан ҚР аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын, өздерінің ерік қалауынан тыс азаматтығынан айырылған немесе азаматтығын жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары;

3) ҚР жоғарғы оқу орындарында білім алып жүрген этникалық қазақтар қабылдануы мүмкін.

Сондай-ақ жеңілдетілген тәртіппен біздің еліміздің азаматтығына *халықаралық шарттардың негізінде*:

1) Беларусь, Қырғызстан және Ресей азаматтары 1999 жылғы 26 ақпандағы Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы келісімнің шеңберінде;

2) Қазақстанның қандай да болмасын азаматымен некеде тұрған

шетелдік әйелдер 1957 жылғы 20 ақпандағы Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияның шеңберінде қабылдануы мүмкін.

Азаматтыққа қабылдаудың өзге негіздерін айта кететін болсақ, оларға бұрын Қазақстан азаматы болған адамдар жеңілдетілген тәртіппен Республиканың азаматтығын қалпына келтіре алады.

Азаматтықты тоқтату мәселесі азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту және азаматтықтан айыру арқылы шешіледі.

Қазақстан азаматтығынан шығу Комиссияның азаматтықтан шыққысы келетін адамдардың өтініштерін қарау және Мемлекет басшысының тиісті Жарлығын шығару арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанның азаматтығынан шығудың жеңілдетілген тәртібі қарастырылмаған.

Сонымен бірге Заңда қандай жағдайларда ҚР азаматтығынан шығарудан бас тартылуы мүмкін екені айқындалған. Олар: шығу туралы өтініш жасаушы адамның Қазақстан Республикасы алдындағы орындалмаған міндеттемелері немесе мүліктік міндеттемелері болып, олармен азаматтардың немесе ҚР аумағында орналасқан кәсіпорындардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделері байланысты болса.

Сонымен қатар, шығу туралы өтінішхат берген адамға қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілсе не ол заңды күшіне енген соттың үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе немесе адамның азаматтықтан шығуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға жол берілмейді.

Азаматтықтан *айырылу*, Комиссия материалдарды қарамастан және Елбасының тиісті Жарлығын шығармастан тіркеу рәсімдері арқылы ресімделеді:

1) ҚР мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа елде әскери қызметке, қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік үкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;

2) егер ҚР азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса;

3) ҚР мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша;

4) егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса;

5) егер адамның Қазақстан азаматтығын алуына негіз болған ҚР азаматымен некесін сот жарамсыз деп таныса,

6) ҚР азаматы болып табылатын, шетелдіктерге асырап алуға берілген бала кәмелетке толған кезде оның ерікті қалауы бойынша;

7) адамның шетелдік қарулы қақтығыстарға, шет мемлекет аумағындағы экстремистік және (немесе) террористік әрекетке қатысуы салдарынан айырылады.

Біздің еліміздің аумағында тұратын азаматтарға қатысты азаматтықтан айрылуды тіркеуді ішкі істер органдары және ҚР тыс жерде тұратын

азаматтарға қатысты – Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері жүзеге асырады.

Конституцияның осы нормасының талабынан шығатыны Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

ҚР КК 2003 жылғы 1 желтоқсандағы №12 қаулысына сәйкес Конституцияның бұл нормасын Қазақстан Республикасында көп, оның ішінде қосазаматтық қабылданбайды деп түсіну керек. Бұл, шетел азаматы бір уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтынын білдіреді.

Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуын танымайтын принцип келесі тетіктермен қамтамасыз етіледі, мысалы, егер ҚР азаматы басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдаса, онда сол сәттен бастап оның ҚР азаматтығы сақталмайды, сондай-ақ шетел азаматы басқа мемлекеттің азаматтығын тоқтатпай бір мезгілде ҚР азаматтығын қабылдаса, онда ол жарамсыз деп танылады.

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адам үш жұмыс күні ішінде шетел азаматтығын алу фактісі туралы хабарлауға және ҚР паспортын және (немесе) жеке куәлігін ҚР ішкі істер органдарына немесе СІМ шет елдердегі мекемелеріне тапсыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының азаматтық мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Атап айтқанда, Қазақстан азаматтығынан айрылған адамның Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін пайдалануы айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады. Мемлекеттік қызметтегі адамдар, не билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар жасаған нақ сол іс-әрекеттер айыппұл салуға не біздің еліміздің шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.

Қосазаматтық жағдайларын болдырмау сондай-ақ Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы халықаралық шарттың нормасымен қарастырылған.

Азаматтықтан айыру ел Конституциясына 2017 жылы енгізілген қосалқы институт болып табылады. Бұл қадам терроризм мен діни экстремизм қаупінің әлемдік деңгейде күшеюімен байланысты.

Бұл ретте, халықаралық актілердің талаптары және осы мәселе бойынша шет мемлекеттердің тәжірибесі ескерілді.

Мәселен, 1961 жылғы 30 тамыздағы Азаматтықтың болмауын азайту туралы конвенцияда мемлекеттің кез келген адамды, атап айтқанда егер ол адамның әрекеті бұл Мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделеріне елеулі

зиян келтірген жағдайда ұлттық заңында көзделген негіздер бойынша өз азаматтығынан айыру құқығын сақтайды (8-бап).

Мысалы, азаматтықтан айыру терроризммен күрес құралдарының бірі ретінде әлемдік практикада (Ұлыбритания, Дания, Нидерланды, Израиль, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Өзбекстан т.б.), сондай-ақ мемлекетке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін де (Франция) қолданылады.

Францияның «Ұлтты қорғау туралы» Конституциялық заңының жобасы бойынша (2016 жылғы наурызда 106-сессияда қабылданған) Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық Комиссияның (Венеция комиссиясы) қорытындысында халықаралық құқыққа сәйкес азаматтықты жоғалту сол мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүддесіне елеулі зиян келтірген жағдайда ұлттық құқықта көзделуі мүмкін. Мемлекеттер бұл шараны айрықша жағдайларда және 1961 жылғы 30 тамыздағы Азаматтықтың болмауын азайту туралы конвенцияның 8.3. – бабының тікелей талаптары сақталғанда ғана қолдана алады. Венеция комиссиясы атап өткендей, азаматтықтан айыруды қосымша санкция ретінде Мемкеңестің шешімін орындау бойынша декрет ретінде емес, қылмыстық істер бойынша немесе террористік істер бойынша мамандандырылған сот немесе судья қолдануы тиіс. Осылайша, Қазақстан Конституциясының 10-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы Венеция комиссиясының көрсетілген ұсынымдарын ескере отырып жасалған.

Осыған байланысты, 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен ҚР Конституциясының 10-бабына террористік қылмыстарды жасағаны үшін, сондай-ақ еліміздің өмірлік маңызы бар мүдделеріне елеулі зиян келтіргені үшін қазақстандық азаматтықтан сот шешімі бойынша айыруды көздейтін түзетулер енгізілген.

Аталған конституциялық новелланы іске асыру тетігі Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 3 шілдедегі ҚР Конституциялық заңында айқындалған. Азаматтықтан айыру заңда атап көрсетілген террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ еліміздің өмірлік маңызды мүдделеріне елеулі зиян келтіргені үшін қылмыстық жазаның қосымша түрі ретінде енгізілген.

Бұл ретте, террористік және елдің өмірлік маңызы бар мүдделеріне елеулі зиян келтірген өзге қылмыстарды жасаудың өзі азаматтықтан автоматты түрде айыруға әкеп соқпайды. Сот әрбір нақты жағдай бойынша барлық мән-жайларды ескере отырып, осындай жаза тағайындау мүмкіндігін қарайды.

Сот бұл жазаны қылмыстық істі қарау қорытындысы бойынша тағайындайды және іс материалдарына, сотталушының жеке басына және ол жасаған қылмыстың мән-жайына байланысты соттың азаматтықтан айыру жазасын тағайындау немесе тағайындамауды таңдау құқығы бар.

Кеңейтілген түсініктемеге жол бермеу және азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында азаматтықтан айыру жазасы тағайындалатын террористік қылмыстардың нақты тізбесі, сондай-ақ жасалуы мемлекеттің

өмірлік маңызы бар мүдделеріне ауыр зиян келтіретін қылмыстардың тізбесі айқындалды.

Қазіргі уақытта террористік қылмыстар тізбесі ҚР ҚК-да айқындалған. Сонымен бірге азаматтықтан айыру мүмкіндігі олардың ішіндегі барынша қауіптісі үшін белгіленген. Бұл ретте, олардың жасалғаны үшін ҚР ҚК-де белгіленген санкциялар өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасына әкеп соғады.

Олар:

барынша қауіпті террористік қылмыстар (*жалдамалылық; халықаралық қорғауды пайдалантын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау; ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық; ҚР Президентінің өміріне қолсұғушылық; диверсия; терроризм актісі; террористік топ құру, оған басышылық жасау және оның қызметіне араласу; ғимараттарға, құрылыстарға шабуыл жасаумен, адамды кепілге алумен, ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су кемесін, жылжымалы теміржол составын не өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу*);

нәтижесінде мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделеріне ауыр зиян келтірілген қылмыстар (*басқыншылық соғысты тұтандыру немесе жүргізу; соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану; соғыс заңдары мен дәстүрлерін бұзу; геноцид; экоцид; мемлекетке опасыздық жасау; билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту; сепаратистік әрекет; қарулы бүлік; экстремистік топты құру, басышылық ету немесе оның әрекетіне қатысу; қарсыласқа соғыс жүргізу құралдарын тапсыру немесе қалдыру*).

Заңда азаматтықтан айыру түріндегі жазаны тағайындау шарттары да айқындалған. Ол, атап айтқанда, 18 жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Бұл ретте, еліміздің өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген қылмыстар оны жасағаны үшін жауаптылық жасалған орнына қатыссыз қылмыстық жазаланатын әрекеттер санатына (*террористік, экстремистік қылмыстар және бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстармен қатар*) жатқызылған.

Азаматтықтан айыруды тіркеуді Азаматтық туралы ҚР заңына сәйкес ішкі істер органдары немесе Сыртқы істер министрлігі (шетелдегі мекемелер) жүзеге асырады.

Сондай-ақ, Заңда Қазақстан азаматтығынан айырылған адамдарға қатысты шектеулер белгіленген.

Атап айтқанда, осындай адамның азаматтыққа қабылдау және Республика азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініші қабылданбайды,

сондай-ақ оған ел аумағына кіруге және тұрақты тұруға рұқсат алудан бас тартылады.

Азаматтық туралы ҚР Заңы балалардың азаматтығы мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

1994 жылы Қазақстан ратификациялаған Бала құқығы туралы конвенцияның 7-бабының 1-тармағында бала туылған бетте тіркеуге алынады және туылған сәттен бастап оның есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы, сондай-ақ мүмкіндігінше өзінің ата-аналарын білуге және олардың қамқорлығында болуға құқығы белгіленген.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР Кодексіне сәйкес он сегіз жасқа толмаған (кәмелетке толмаған) тұлға бала болып саналады.

Осылайша, адамның бала болып саналатын жасы ҚР АҚ-да әрекет қабілеттігін анықтау критерийлеріне байланысты Қазақстанның заңнамасында белгіленген.

Балалардың азаматтығы мәселесін шешуде азаматтық туралы ҚР Заңының «қан құқығы» мен «топырақ құқығы» да, «аралас принцип» те іске асырылады.

Мәселен, «қан құқығы» негізінде балалардың азаматтығы мәселесі мына жағдайларда шешіледі:

1) бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

2) бала туған кезде ата-анасының екеуі де шет мемлекеттің азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайды.

«Топырақ принципі» азаматтық туралы ҚР Заңының 13 және 14-баптарында бекітілген:

1) ата-анасының екеуі де белгісіз ҚР аумағындағы бала ҚР азаматы болып табылады;

2) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

«Топырақ құқығы» мен «қан құқығын» байланыстыру азаматтық туралы ҚР Заңының 12-бабында көзделген жағдайларда орын алады. Атап айтқанда, ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда бала:

1) ҚР аумағында туса;

2) ҚР тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде ҚР аумағында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол ҚР азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі ҚР азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де ҚР тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері болса, ҚР тыс жерде туған

баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады.

Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасы азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Баланың анасы азаматтығы жоқ адам болып, ал әкесі ҚР азаматы деп танылып, әкелігі анықталған ретте 14 жасқа толмаған бала қай жерде туғанына қарамастан ҚР азаматы болады. Бұл бала ҚР тыс жерлерде тұрақты тұрған ретте оның азаматтығы ата-анасының жазбаша арызы бойынша анықталады.

Егер ата-ана баланың азаматтығы туралы келісімге келе алмаса, азаматтық сот тәртібімен айқындалады.

11-бап

1. Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды.

2. Республика өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

11.1. Осы бап ҚР азаматына мемлекет тарапынан кепілдендірілген қорғауды алудағы құқықты қамтиды әрі адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқықтық байланысын айқындайтын, олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын көрсететін «азаматтық» деген ұғыммен тікелей байланысты. Бұл ретте, мемлекет өзінің аумағында және одан тыс жерлерде өз азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. (*Конституцияның 10-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Көрсетілген бап мемлекетіміздің халықаралық міндеттемелерді іске асыруы мақсатында қабылданған, себебі біз осы саладағы халықаралық стандарттарды қалыптастыруда негіз болып табылатын АҚЖД-ға қосылдық (*АҚЖД 9-бабын қараңыз*).

Бұрын 1978 жылғы 20 сәуірдегі Қазақ КСР Конституциясында азаматтардың шет мемлекетке ұстап берілмеу құқығы айтылмағанын, бұл ереже қолданыстағы ҚР Конституциясында бекітілгенін айта кеткен жөн.

Бұдан бөлек, өз азаматтарын ұстап бермеу конституциялық принципі азаматтық туралы ҚР Заңының 8-бабында қамтылған, оған сәйкес Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ҚР азаматы шет мемлекетке ұстап берілмейді.

Ұстап берумен байланысты халықаралық құқықтың негізгі нормалары БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/112 қарарымен қабылданған Ұстап беру туралы үлгілік шартта жинақталған,

ал қазақстандық азаматтарды шет мемлекеттерге ұстап бермеудің егжей-тегжейлі мәселелері ҚР ҚПК 60-тарауында айқындалған.

Атап айтқанда, ҚР ҚПК 590-бабы 1-бөлігінің 1-тармағында өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу келіп түскен адам Қазақстан Республикасының азаматы болып табылса және Қазақстан Республикасының сұрау салушы тараппен арадағы халықаралық шартында өз азаматтарын ұстап беру көзделмесе оны ұстап беруге жол берілмейтіні тура айтылған.

Қазіргі уақытта Қазақстан 24 мемлекетпен ұстап беру туралы шарт жасасқан, олардың қатарына ТМД мемлекеттерінен басқа Еуропаның 8 мемлекеті (Болгария, Мажарстан, Испания, Италия, Румыния, Сербия, Түркия, Литва) және Азияның 7 мемлекеті (Үндістан, Иран, Қытай, Моңғолия, БАӘ, Сауд Аравиясы және Оңтүстік Корея) кіреді. Жақын және орта мерзімді перспективада Бразилия, Вьетнам, Греция, Иордания, Португалия және басқа дамыған мемлекеттермен осындай шарттарды жасасу жоспарланған.

Бұдан бөлек, Қазақстанға қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы Еуропа Конвенцияларына қосылуы қажет.

Сотталушыны ұстап беру – соты үкім шығарған мемлекеттің тарапынан жасалған ізгілік актісі, ол сотталушыны өзіне барынша қолайлы ортаға (*үнемі ана тілін пайдалану, үйренішті қарым-қатынас ережесі, туыстары мен жақындарымен тұрақты байланысты болу мүмкіндігі т.б.*) ауыстырумен байланысты жаза орындалуының тиімділігін арттыруға есептелген.

ТМД елдерінің адамдарына қатысты қылмыскерлерді ұстап беру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру 1993 жылғы 22 қаңтарда қабылданған Құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар жөніндегі Минск конвенциясымен (бұдан әрі – Минск Конвенциясы) реттеледі.

Қылмыскерлерді ұстап беруге сұрау салған және сұрау салынған тараптың заңы бойынша жазаланатын және бас бостандығынан 1 жылдан кем емес немесе одан да ауыр қылмысты (қылмыстық жауапқа тартылған жағдайында) қарастыратын әрекеттері үшін жүзеге асырылады, немесе егер қылмыскерді беру мәселесі бас бостандығынан 6 айдан кем емес мерзімге айыру немесе одан да ауыр қылмысқа тарту кезінде үкімді орындауға байланысты жүзеге асырылады.

Егер қылмыскер сұрау салынған мемлекеттің азаматы болып табылса, оны ұстап беруден бас тартылады. Осы ретте, Минск Конвенциясының 72-бабына сәйкес қатысушы-мемлекеттер өзінің заңнамасына сәйкес сұрау салған тараптың аумағында қылмыс жасаған үшін күдікті өз азаматтарына қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қинауға, басқа да қатал, адамгершілікке жатпайтын, ар-намысты кемсітетін істердің және жазалардың түрлеріне қарсы Конвенция (Бас Ассамблеяның 1984 жылғы 10 желтоқсандағы 39/46 қарарымен

қабылданған) халықаралық нормативтік актінің бірі болып табылады. Осы құжат та қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру немесе ұстап беруден бас тарту тәртібі туралы ережені қамтиды.

Сонымен қатар, аталған шарттардың ешқайсысында Қазақстан өз азаматтарын шет мемлекеттерге ұстап береді деген үзілді-кесілді міндетте жоқ. Бұл да олардың құқықтары мен бостандықтарының құқықтық кепілі ретінде қызмет етеді.

Сонымен бірге, жасалған қылмыс үшін жазаның бұлтартпастығы принципін қатаң ұстана отырып, Қазақстан көрсетілген халықаралық шарттар шеңберінде шет мемлекеттің сұрауы бойынша ұстап берілмеген өз азаматтарымызға қатысты біздің еліміздің заңдары бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндеттемесін алады. Бұл егер біздің азамат жасаған қылмыс еліміздің Қылмыстық кодексі бойынша ондай болып танылған жағдайда ғана жасалатыны атап өткен жөн.

Тіпті, Шарттың болмауы қылмыс жасаған және басқа мемлекеттер аумағына қашқан адамның жауапқа тартылмайтындығын білдірмейді. Бұл жағдайда қылмыскер «aut dedere aut punire» («қайтар немесе жауапқа тарт») қағидатына сәйкес сол мемлекет аумағындағы заң құзыреті бойынша жауапқа тартылады.

Статистикаға сүйенсек, жыл сайын 100-ге жуық адам шет мемлекеттерге ұстап беріледі және шамамен сонша адам Қазақстанға экстрадицияланады. Мысалы, 2016 жылы елімізге қазақстандық құқық қорғау органдары іздестіріп жатқан 85 адам экстрадицияланды, шет мемлекетке 103 адам ұстап берілді.

11.2. Еліміздің Негізгі Заңында да мемлекеттің өз құзыретіндегі адамды (азаматты) қамқорлыққа алуы және оның құқықтарын қорғау құқығы тарихи қалыптасқан принципі көрініс тапқан.

Мемлекеттің шет мемлекеттегі өз азаматтарын қорғау жөніндегі міндеттері 1961 жылғы Дипломатиялық қызмет туралы Вена конвенциясында және 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясында да айқындалған.

Бұл ереже Дипломатиялық қызмет туралы Заңда дами түскен, оған сәйкес (5-бабының 5-тармағы) дипломатиялық қызмет органдарына мемлекетімізден тыс жерде ҚР азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау жүктеледі.

ҚР шетелдегі мекемелері халықаралық құқық және ҚР Халықаралық шарттары рұқсат ететін шекте шетелдегі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта әлемнің 63 елінде 84 консулдық мекеме жұмыс істейді.

Қазақстандық азаматтар өтініш жасаған кезде оларға уақытылы түрде консулдық-құқықтық көмек, соның ішінде заңдық сипаттағы бірқатар қызметтер – консулдық есеп, азаматтық алуға және шет елде тұрғылықты өмір сүруге қатысты өтініштерді қарау, сұратып алу, құжаттарды

апостильдеу және заңдастыру, ҚР-ға қайтып келу құжаттарын АХАТ құжаттарын, беру және т.б. көрсетіледі.

ҚР-дың шет елде қамауға алынған және ұсталған азаматтардың, сондай-ақ шетелдіктерге қамқорлыққа берілген балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша қызметі басымды бағыттардың бірі болып қалуда.

Қазіргі уақытта қазақстандық азаматтардың шетелге шығу ауқымының кеңеюіне байланысты әлемнің барлық өңірлерінен ҚР-дың шетелдердегі мекемелеріне консулдық көмек көрсету жөнінде өтініштердің артуы байқалуда. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының әлемге танымалдығы және еліміздің іскерлік және туристік әлеуетінің күшеюі сияқты факторлар шетелдіктердің *Қазақстан Республикасына* кіру үшін визаларды ресімдеу мәселелері бойынша өтініштерінің артуына себепші болуда.

Бұны статистикалық мәліметтер айғақтайды. Мәселен, 2010 жылы ҚР СІМ-нің шетелдердегі барлық консулдық іс-қимылдарының саны – 37750, 2011 жылы – 48726, 2012 жылы – 49090, 2013 жылы 49423 құраған.

ҚР-дың шетелдердегі консулдық қатысуының кеңеюі және біздің шетелдерде уақытша немесе тұрақты болатын азаматтарымыздың санының өсуі жоғарыда байқалған өсудің негізгі себептері болып табылады.

ҚР-дың шетелдердегі консулдық қатысуының кеңеюі және біздің шетелдерде уақытша немесе тұрақты болатын азаматтарымыздың санының өсуі жоғарыда байқалған өсудің негізгі себептері болып табылады.

Бұл ретте, ҚР-дың шетелдердегі мекемелері болу елдерінде Қазақстан азаматтары тап болатын ықтимал төтенше жағдайлардың алдын алу және олар туындаған жағдайда жедел ден қою бойынша кешенді іс-шараларды жүзеге асырады.

Ең алдымен, бұл форс-мажорлық және басқа да төтенше жағдайлар кезінде азаматтарымызға жәрдем беру мәселелерімен байланысты. Шет мемлекетте форс-мажорлық жағдайға тап болған азаматтарымызға да көмек көрсетіледі, оның ішінде Қазақстанға қайту үшін қаржылық көмек көрсетіледі.

Осы мақсатта мемлекеттік бюджетте арнайы «ҚР-дың шетелдерде азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау» бағдарламасы көзделген, оған сәйкес біздің азаматтарды Сириядан эвакуациялауға, Түркиядан, Грециядан, Оманнан және басқа мемлекеттерден қайтаруға, сондай-ақ қаза тапқан азаматтардың денелерін елге қайтаруға байланысты қаржылық көмек көрсетілген.

Шетелдерде қылмыстық жауапкершілікке тартылған және жазасын өтеп жүрген қазақстандықтарды есепке алуға баса көңіл бөлінеді. Мұндай мәліметтер түскен жағдайда, олар ҚР-дың құқық қорғау органдарына жолданады. Қолдағы мәліметтер бойынша, шет елде соңғы үш жылда ҚР-дың 1947 азаматы жауапқа тартылды (ТМД-да – 1848 адам (95%).

Қазақстан азаматтарының жазаларын отандарында өтеу құқығын іске асыру тәртібі ҚР ҚПК 62-тарауында жан-жақты баяндалған, онда сотталған адамдарды, оның ішінде шетелде бас бостандығынан айырумен байланысты жазасын өтеп жүрген Қазақстан азаматтарын ұстап беру тетігі мен шарты белгіленген. Ұстап беруден бас тарту шарты да сонда анықталған.

ҚР ҚПК 601 және 602-баптарының ережелері кодексте және ҚР халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен жасаған қылмыстары үшін Қазақстан азаматтарын бас бостандығына айыру туралы шет мемлекеттердің соттарының үкімдері мен шешімдері танылуы әрі орындаулы мүмкін екенін белгілейді. Шет мемлекетпен халықаралық шарт болмаған жағдайда сотталған адамды беру өзара келісім негізінде жүргізіледі.

Сотталған адамды одан әрі беру үшін үкімді тану және орындаудың құқықтық тетігі ҚР ҚПК 608-бабында белгіленген.

Атап айтқанда, Бас прокуратура үкімді тану туралы ұсынуды сотталған адамның тіркелген жері бойынша жолдайды (ҚР БП орналасқан жері бойынша – ҚР ҚПК 607-бабы). Сотталған адамның тіркелген жері болмаған кезде ұсыну Астана қ. Есіл ауданының сотына жолданады. Аталған мәселені сотта қарау кезінде сотталған адамның қатысуы талап етілмейді.

Шет мемлекетте бас бостандығынан айыруға сотталған қазақстандықтардан бөлек, шет мемлекеттердің соттары шет елде жасаған қылмыстары үшін медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған ҚР азаматтары да өз еліне қайту құқығы ие.

Қазақстандық азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстардың басым бөлігін қазақстанның шетелдегі мекемелері орындайды.

ҚР ҚПК 62-тарауында Бас прокуратураға шетелде бас бостандығынан айыруға сотталған және оларға қатысты шет мемлекет сотының медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған Қазақстан азаматтарын елімізге ауыстыру жөніндегі міндеттер жүктелген.

Ұстап беруден айырмашылығы – қазақстандықтарды Республикаға қабылдау кезінде сол адамның, оның әрекет қабілеттілігі шектелген жағдайда, оның заңды өкілінің қалауы болып табылады, ал ұстап беру кезінде азаматтың келісімі талап етілмейді.

Сотталған адамды беру (*трансфер, латын тілінен – беру, ауыстыру*) – бас бостандығынан айыруға сотталған адамды жазасын одан әрі өтеу үшін үкім шығарылған аумақтан ол азаматы болып табылатын мемлекетке ауыстыру.

Бұл ретте, ҚР ҚПК және халықаралық шарттарда біздің азаматтарды қабылдаудан бас тарту негіздері көрсетілген, мысалы, жазалау мерзімдерінің елеулі сәйкессіздігіне байланысты үкімді Қазақстанда орындау мүмкін болмауы, қазақстандық азаматтығының болмауы, келтірілген зиянның өтелмеуі және т.б.

Бүгінде Қазақстан 14 мемлекетпен сотталған адамдарды беру туралы екі жақты шарттар жасасты, олар: Әзірбайжан, Мажарстан, Үндістан, Қытай, Литва, Украина, Түркіменстан, Иран, Испания, Италия, Румыния, Сауд Арабиясы, Сербия және Түркия, осындай келісімдерді Бразилия, Греция, Израиль, Моңғолия, БАӘ, Португалия және Оңтүстік Кореямен жасасу мәселелері пысықталуда.

Бұдан бөлек, Қазақстан сотталған және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы көп жақты 3 конвенцияға қатысады, олар:

Бас еркінен айыруға сотталған адамдарды жазаны одан әрі өтеу үшін беру туралы 1998 жылғы 6 наурыздағы ТМД Конвенциясы ;

Психикалық бұзылушылықтардан зардап шегетін адамдарды мәжбүрлеп емдеу жүргізу үшін беру туралы 1997 жылғы 28 наурыздағы ТМД Конвенциясы;

Қылмыстық жазаны шетелде өтеу туралы 1993 жылғы 9 маусымдағы америкааралық конвенция, Қазақстан үшін 2015 жылы желтоқсанда күшіне енген. Оған қатысушылар: Американың 16 мемлекеті, сондай-ақ Чехия, Үндістан және Сауд Арабиясы.

Соңғы бес жыл ішінде Қазақстанға шетелде бас бостандығынан айыруға сотталған 162 отандасымыз қабылданған, шетелге ҚР соттарымен бас бостандығынан айыруға сотталған 316 шетел азаматы берілген.

12-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

12.1. Қазақстан Республикасы өзіне адам мен азаматтың **құқықтарын тану** және оларға **кепілдік беру**, оларды кез келген қол сұғушылықтан қорғау жөнінде міндеттемелер алған.

Мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын тану мемлекеттің осы құқықтарды Конституцияда, заңнамада және құқық қолдану процесінде бекіту міндетін білдіреді. ҚР Конституциясы ұлттық құқықтық жүйеге АҚЖД көптеген ережелерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басқа да негізгі халықаралық көздерін қамтиды. Азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану адам өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра алатынын, сондай-ақ бұзылған жағдайда, Конституцияны басшылыққа ала отырып, оларды қорғай алатынын білдіреді.

Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастық қабылдаған адам құқықтары мен бостандықтарын мойындай отырып, олардың жүзеге асырылуына бір мезгілде кепілдік береді. Республика Президенті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мақсатында 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес Республика Президентіне Негізгі Заңның 44-бабының 10-1) тармақшасымен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдау құқығы берілген.

Мемлекет өзіне конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету кепілдігін ала отырып, оларды жүзеге асырудың (іске асыру) заңды тетіктерін белгілейді, оларға: ҚР Конституциясына сәйкес қабылданатын, және оның ережелерін дамытуға бағытталған *заң актілері*, (заңнамалық база), *мемлекеттік, сот және құқық қорғау органдары жүйесі, арнайы институттар* (Республика Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) жатады.

Сонымен бірге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру тетіктері өзіне мемлекеттік органдарды да, үкіметтік емес бірлестіктерді де біріктіріп, анағұрлым күрделі табиғатты иемдене алады.

Осы мәнмәтінде айтарлықтай қызықты мысал ретінде 2013 жылғы 2 шілдедегі № 111-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігін жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен құрылған Азаптауға қарсы ұлттық алдын алу тетігі болып табылады.

БҰҰ Азаптауға қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы орындау

мақсатында қабылданған жоғарыда аталған заң шеңберінде Қазақстан Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің үйлестіруші рөлі жанында азаматтық қоғамдастықтың өкілдерін біріктірген, жабық үлгідегі мекемелерде адам құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізу жүйесін құрды, ал бұл адам құқықтарының конституциялық кепілдемелерін іске асыру шеңберінде мемлекет және мемлекеттік емес бірлестіктер қызметі шоғырлануының мысалы болып табылады.

Адам құқықтарын мемлекет тарапынан қорғау әркімнің оларды заңмен тыйым салынбаған барлық тәсілдермен қорғау жөніндегі өзіндік әрекеттерін, соның ішінде үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары мен халықаралық инстанцияларға (БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне, БҰҰ Азаптауға қарсы комитетіне, БҰҰ Нәсілі бойынша кемсітуді жою жөніндегі комитетіне, БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітуді жою жөніндегі комитетіне, оны ҚР азаматтары пайдалана бастады) жүгіну мүмкіндігін де естен шығармайды.

Адам құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беру құқықтық мемлекеттің адамның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы қазына ретінде маңызын білдіретін ерекше белгісі болып табылады.

12.2. Адам құқықтары табиғи және ажыратылмас сипатқа ие. Адам құқықтары мен бостандықтары **әркімге тумысынан жазылған**, адамның жаратылысына байланысты. «Барлық адамдар өзінің қадір қасиеті мен құқықтары бойынша еркін және тең болып туылады. Олар сана мен арға ие және бір біріне қатысты ағайындық қатынаста болуы қажет», – деп Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 1-бабында мәлімделген.

Адам құқықтары, әдетте, абсолюттік және салыстырмалыға бөлінеді. Адам құқықтары мен бостандықтарын **абсолютті** деп тану олардың Қазақстан Республикасында тұратын кез келген адамға, оның Республика азаматтығына қатыстылығына қарамастан қолданылатынын білдіреді¹.

Адамның өмір сүруге құқығы, азаптауға, зорлық зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға душар болмау құқығы, жеке өміріне қол сұғылмауына, жеке және отбасы құпиясына, өзінің ар намысын және атына кір келтірмеу, наным бостандығы құқығы, сондай-ақ сотта қорғалу, әділ сот билігіне және солармен байланысты ең маңызды процестік құқықтар сияқты адамның фундаменталдық жеке құқықтары абсолюттік болып табылады.²

¹«Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағын және 12-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 қаулысы.

²Үлкен заң сөздігі/ А.Я. Сухарева, В.Д. Зорькина, В.Е. Крутских.-М:ИНФА—М, 1997. С 514-б.

Адам құқықтарының **ажырамастығы** – бұл конституциялық құрылымның және адамның конституциялық құқықтық мәртебесінің демократиялық мемлекеттердегі фундаменталдық қағидаларының бірі. Адам құқықтары мен бостандықтарының табиғи жаратылысы бар және олар индивидтен ажыратылмайды, олар аумағына, ұлтына, мемлекеттің заңнамалық актілерінде бекітілгенге қарамастан орын алады, халықаралық құқықтық реттеу мен қорғау объектісі болып табылады¹.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының ажырамастығы Конституцияда және оның негізінде қабылданған заңдарда көзделген жағдайлардан басқа, ешкім, соның ішінде мемлекет те, адамды белгіленген құқықтары мен бостандықтарынан айыра алмайтынын білдіреді².

Осылайша, адамның негізгі құқықтарының ажырамастығы туралы ереже *абсолютті* емес және Конституцияның 39-бабында көзделгендей заңмен шектелуі мүмкін. Мысалы, өмір сүруге құқығы және заңмен көзделген – өлім жазасы; еңбекке құқығы – және азаматты жұмыстан (түрлі себептермен) босату, бостандыққа және жеке қауіпсіздігіне құқығы және тұтқындау, қамауға алу; баспанаға қолсұқпаушылық және баспанаға кіру; бала тәрбиелеу құқығы және ата-аналық құқығынан айыру және т.б.³ Бұл ретте, адам құқықтары саласына араласу өзінен өзі жасалмайтыны, алдын ала негізделген жағдайлармен және тиісті құқықтық рәсіммен шектелетіні маңызды болып табылады⁴.

Елдің Негізгі Заңының 39-бабының 3-тармағы саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге тыйым салады және 10, 11, 13-15-баптарда; 16-баптың 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-баптың 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс деп белгілейді.

Бұрын жоғарыда аталған норма да ҚР Конституциясының 10-бабында көзделген құқықтар мен бостандықтарды шектеуге абсолютті тыйым салған. ҚР Конституциясының бұрынғы редакциясындағы 10-баптың 2-тармағында Республика азаматы *ешбір жағдайда* азаматтығынан, өз азаматтығын өзгерту құқығынан айрылмайды, сондай-ақ Қазақстан аумағынан тыс жерге қуылмайды делінген.

¹Мемлекет пен құқық теориясы. Заң жоғары оқу орындары мен факультеттерге арналған оқулық. В.М. Корельскийдің және В.Д. Перевалова-М. редакциясымен: НОР-МА-ИНФРА М, баспа тобы, 1998. 498-б.

²«Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағын және 12-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің 1996 жылғы 28 қазандағы № 6 қаулысы.

³Мемлекет пен құқық теориясы. Лекциялар курсы/ Н.И. Матузованың және А.В. Мальконың редакциясымен. – 2-ші өңделген және толқтырылған М. Басылымы: Юрист, 2001.-776с. ISBN 5-7975-0269-0 (ауд.).

⁴В.Осятинский Адам құқықтары концепциясына алғысөз: Құқықтық қорғау ұйымдарына арналған анықтамалық. –Варшава, 1997.14-б.

Конституциялық құрылысты қорғауды нығайту, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау шеңберінде 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен ҚР Конституциясының 10-бабының 2-тармағына террористік қылмыстарды жасағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге ауыр зиян келтіргені үшін азаматтықтан айыруды көздейтін норма енгізілген.

Түсінік беріліп отырған баптың 2-тармағының адам құқықтары мен бостандықтары **заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын белгілейді** деген ережесін, Конституция жария еткен адам құқықтары мен бостандықтары осы құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру шарттары мен тәртібін белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау кезінде негізге алынатын болады деген мағынада түсіну қажет¹.

Бұл ретте адам құқықтары бекітілген нормативтік құқықтық актінің заңды мәртебесінің мәселесі айтарлықтай маңызды болып табылады. Әрине, нормативтік құқықтық актілер иерархиясындағы актінің мәртебесі анағұрлым жоғары болса, тиісті кепілдемелер құқық қорғау тұрғысынан соғұрлым сенімді болады.

Аталған мәселе осылайша жалпыға міндетті актіні әзірлеу, қолданысқа енгізу және күшке енуін қамтиды, оның тәртібі өз кезегінде адам және азаматтың құқықтары сақталуының тиімділігінде көрініс табады.

12.3.12-баптың 3-тармағының ережесі ҚР Конституциясында құқықтар мен бостандықтарды белгілеу кезінде өздерінің мазмұны бойынша ұқсас емес, адамның құқықтық мәртебесінің әртүрлі аспектілерін айқындайтын «адам құқықтары» мен «азамат құқықтары» деген сөздердің мағынасында айырмашылықтар белгілеуден туындайды.

Егер адам құқықтары әр адамға оның азаматтығына қарамастан туымысынан жазылған болса, азаматтың құқықтары мен одан туындайтын міндеттері адамға мемлекетпен тұрақты саяси құқықтық қатынасына, яғни азаматтығына байланысты бекітілетін міндеттерді қамтиды.

ҚР азаматтығын алу қазақстандық заңнамамен белгіленген құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің азаматқа толық көлемде таралуының заңдық негізі болып табылады.

Мәселен, ҚР азаматтары Конституциямен және ҚР заңдарымен жарияланған және кепілдік берілген азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен бостандықтарға толық ие.

Сонымен бірге бұл мәртебе азаматтың белгілі бір міндеттерінің болуын көздейді. Конституция әр адамға жүктелетін, атап айтқанда: ҚР Конституциясы мен заңдарын сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын,

¹ҚР КК 1996 жылғы 28 қазандағы «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағын және 12-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» № 6/2 қаулысы.

ар-намысын және қадір-қасиетін құрметтеу, Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, заңды түрде белгіленген салықты, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу міндеттерін бекіткен.

Сонымен қатар, азаматтың айрықша міндеттеріне Қазақстан Республикасын қорғау және әскери қызмет өтеу, тарихи және мәдени мұраны сақтау, табиғатты қорғау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау жатады.

12.4. Осы тармақ шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайының конституциялық негіздерін белгілейді.

Шетелдіктер (шетел азаматтары) және азаматтығы жоқ адамдар (апатридтер) Қазақстанда Конституциямен, заңдармен және халықаралық шарттармен белгіленгендерді есептемегенде, азаматтармен қатар құқықтар мен бостандықтарға ие, сондай-ақ барлық міндеттерді атқарады.

ҚР Конституциясында азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін олардың қазақстандық азаматтыққа қатыстылығына қарамастан белгілеу үшін «әркім» «барлығы», «ешкім» деген сөздер пайдаланылады.

ҚР КК 2003 жылғы 1 желтоқсандағы №12 нормативтік қаулысында Конституция «Қазақстан Республикасының азаматы», «әрбір», «бәрі», «шетелдіктер» және «азаматтығы жоқ адамдар» деген ұғымдарды пайдалана отырып, адамның құқықтық мәртебесін саралайды. Бұл жағдайда, құқықтар, бостандықтар мен міндеттер азаматтарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға бірдей қатысты. Біріншіден, олардың Қазақстан азаматтарымен бірге жеке (азаматтық) құқықтары мен бостандықтарын іске асыру бөлігінде толық теңдігі белгіленген. Бұл соңғылардың абсолюттігі мен ажырамастық қағидасы Конституциямен жарияланатын адам құқықтарына қатысты болуы фактісінен шарасыз туындайды. Бұл өміріне, жеке бостандығына, жеке өміріне қол сұғылмауына, баспанасына, наным бостандығына және т.с. қол сұғылмауына құқығы¹.

Шетел азаматтары мен апатридтердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруы, олардың елде болу негіздеріне байланысты. Саяси құқықтар мен бостандықтарға тек Қазақстан азаматтары ие.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары Қазақстан азаматтарымен бірдей. Ерекшелігі – әскери қызметін өтеу міндеті тек ҚР азаматтарына ғана таралады.

Мемлекет адамның құқықтары мен бостандықтарын азаматтыққа қатыстылығына қарамастан мойындайды, оларға кепілдік береді және қорғайды.

¹Г.С. Сапарғалиев Қазақстан Республикасының Конституциясы// ғылыми –құқықтық түсіндірме, екінші басылым, түзетілген және толықтырылған, Алматы: «Жеті жарғы», 2004.77-б.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы ҚР Заңымен реттеледі.

12.5. Осы конституциялық норма құқықтар мен бостандықтарды іске асыру шегін бекітеді, осы шектеулердің бұзылуы жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін. Осылайша, өзінің құқықтарын пайдаланған кезде бір адамдар басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, конституциялық құрылымға және қоғамдық имандылыққа қол сұғуына жол берілмейді.

Құқықтарды пайдалану адамның жауапкершілігімен, бостандық мөлшерімен және шегімен белгіленетін ықтимал шектеулермен, ізгілік, ынтымақтастық, адамгершілік қағидаларымен белгіленген құқықтармен байланысты. Бұл қағидат АҚЖД 29-бабында да: «Әр адамға қатысты өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде тек басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде мойындауды және құрметтеуді қамтамасыз ету және моральдың, қоғамдық тәртіптің және демократиялық қоғамның жалпы әл-ауқатының әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында заңдармен белгіленген шектеулер ғана қолданылуы тиіс» деп жазылған.

Бұл ережелер ҚР Конституциясының 2-тарауының кейінгі баптарында нақтыланған, олар бұл қағиданы жекелеген құқықтар мен бостандықтарға қатысты іске асырады.

Осы шектеулер әлемдік практикада жалпы қабылданған және азаматтарға қалай болса, шетелдіктерге де солай, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметтеріне тарайды. Олар Конституцияда, сонымен қатар салалық заңнамада да қамтылады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру конституциялық құрылымға қол сұқпауы, яғни конституциялық құрылымды күштеп өзгертуге және республиканың аумақтық тұтастығын бұзуға шақырмауы, еркін сайлауға немесе референдумдарға тыйым салмауы, республикалық басқару түрін монархиялыққа, ал зиялы мемлекетті клерикалдыққа ауыстыруды талап етпеуі, адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға тыйым салмауы, билікті бөлуді жою жолымен оның негізіне нұқсан келтірмеуі қажет.

Қоғамда аса мән берілетін және мемлекет тарапынан және құқықпен қорғалатын моральдық этикалық құндылықтарға қарсы бағытталған заңсыз әрекеттер қоғамдық ізгілікке қол сұғушылықты білдіреді. Бұл порнографиялық материалдар мен заттарды заңсыз әзірлеу, тарату, жарнама жасау, баспа өнімдерін, кино және видео материалдарды, порнографиялық сипаттағы немесе қатыгездікті және зорлық-зомбылықты насихаттайтын суреттерді немесе өзге де заттарды заңсыз сату жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

13-бап

1. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

2. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

3. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

13.1. «Құқықтық субъектілік» ұғымы ҚР АҚ-де ашып көрсетілген «құқық қабілеттілігі» және «әрекетке қабілеттілік» ұғымдарын қамтиды. 13-бапта азаматтық құқық қабілеттілігі азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті ретінде барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталады және қайтыс болған соң тоқтатылады.

ҚР АҚ-нің 14-бабы азаматтың құқық қабілеттілігінің негізгі мазмұнын оның тыныс-тіршілігінің түрлі салаларында ашып көрсетеді.

Түсінік беріліп отырған баптағы «әркім» деген сөз ҚР азаматтарын да, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды да қамтиды. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы ҚР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер барлық құқықтар мен бостандықтарға ие, сондай-ақ оларға ҚР Конституциясында, заңдары мен халықаралық шарттарында белгіленген міндеттердің бәрі жүктеледі, ҚР заңдары мен халықаралық шарттарында қарастырылған жағдайлар бұған жатпайды.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары шыққан тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсіліне және ұлтына, жынысына, біліміне, дінге көзқарасына, жұмысына қарамастан, заң алдында тең құқылы.

Шетелдіктердің өз құқықтарын қолдануы Қазақстан Республикасының мүддесіне, оның азаматтарының және басқалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірмеуге тиіс және олардың Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген міндеттерінен ажырамайды.

Азаматтығы жоқ адамдар да осындай құқықтарға ие. АҚЖД-ның 3-бабына сәйкес әр адам құқық субъектісі деп танылуына құқылы.

Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады (ҚР АҚ 17-бабы). Заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады. Неке (ерлі-

зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексімен некеге тұру жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді (10-бап). Мынадай дәлелді себептер болған жағдайда: 1) жүкті болған; 2) ортақ бала туған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді.

Егер заңнамалық актілермен өзгеше белгіленбесе, барлық азаматтар тең әрекет қабілеттілігіне ие. Ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайтыны ҚР АҚ 18-бабында бекітілген. Осы баптың нормаларына сәйкес заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды.

Азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеудің заң құжаттарында белгіленген шарттары мен тәртібінің немесе олардың кәсіпкерлік не өзге де қызметпен айналысу құқығының сақталмауы тиісті шектеуді белгілеген мемлекеттік немесе өзге де органның құжатын жарамсыз деп тануға әкеп соқтырады.

Азаматтың құқық қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы және құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелер жарамсыз болады, бұған мұндай мәмілелерге заң құжаттарында рұқсат берілген реттер қосылмайды.

Осылайша, адамның құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып туындайды, өйткені, әрбір адам туу фактісі бойынша барлық құқықтарға ие бола бастайды, ал адамның әрекет қабілеті оның өз құқықтарын іске асыру мен белгілі бір міндеттерді жүктеудің субъективті қабілеттеріне байланысты болады.

АҚБД 1-бабына сәйкес барлық адамдар еркін және тең қадір-қасиеті мен құқықтарымен туылады.

ҚР АҚ 9-бабына сәйкес (Жалпы бөлім) азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік немесе аралық сот жүзеге асырады. Бұзылған құқықты қорғау үшін өкімет билігі немесе басқару органына өтініш жасау, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, құқық қорғау туралы талап қойып сотқа жолдануға кедергі жасамайды.

Заң құжаттарында арнайы көзделген реттерде азаматтық құқықтарды қорғау құқығы бұзылған адамның тікелей іс жүзіндегі немесе заңдық әрекеттерімен жүзеге асырылуы мүмкін (өзін-өзі қорғау).

Адамның және азаматтың Конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін ұлттық заңнамаларда ҚР ҚК (3-тарау) бірқатар баптары бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген: 145-бап «Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу», 147-бап «Жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзу», 148-бап «Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясын заңсыз бұзу», 321-бап «Дәрігерлік құпияны жария ету», 149-бап «Тұрғын үйге қол

сұғылмаушылықты бұзу», 150-бап Сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау», 151-бап «Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу», 148-бап «Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу», 155-бап «Жиналыс, митинг, бой көрсету, шеру өткізуге, пикет жасауға немесе оларға қатысуға кедергі жасау», 156-бап «Еңбекті қорғау ережелерін бұзу», 157-бап «Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу», 158-бап «Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтіру», 159-бап «Азаматқа ақпарат беруден бас тарту, сол сияқты ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу».

ҚР АҚ азаматтардың жеке мүлдікті емес және мүлдікті қатынастарын қорғау реттеледі. Мәселен, осы Кодекстің 144, 145, 146-баптарымен жеке өмірінің құпиясын қорғауға, жеке бейнесіне, тұрғын үйіне қол сұқпаушылыққа құқықтары көзделген.

Қажетті қорғаныс қылмыстық әрекеттерді болдырмайтын мән-жайлардың бірі болып табылады және ҚР ҚК 32-бабына сәйкес қорғанушының және басқа да адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан, оның ішінде қолсұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде қорғау қажетті қорғаныс деп танылады.

Барлық адамдардың өздерінің кәсіптік немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет бабына қарамастан, олардың тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан, бұл құқық адамға тиесілі болып табылады.

Қажетті қорғаныс жағдайында, яғни қорғанушының немесе өзге де адамдардың жеке басын, тұрғынжайын, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қолсұғушыға зиян келтіру арқылы қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау кезінде қолсұғушы адамға зиян келтіру, егер бұл ретте қажетті қорғаныс шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Нәтижесінде қолсұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қолсұғушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қорғанудың анық сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Адамның өміріне қол сұғушы адамға не қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне қауіпті қарулы шабуылмен немесе зорлық-зомбылықпен не осындай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен, не тұрғын үйге, үй-жайға басып кірумен ұштасқан өзге де қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру, сондай-ақ егер қорғанушы қолсұғушылықтың кенеттен болуы салдарынан шабуыл қауіпінің дәрежесі

мен сипатын объективті бағалай алмаса, қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Заң шығарушының қажетті қорғаныс шектерін арттыру ұғымын кезең-кезеңмен шектеп келе жатқанына назар аудару қажет. Мәселен, ҚР ҚК 32-бабының бастапқы редакциясында қажетті қорғаныс шектерін арттыру ұғымы ғана ашып көрсетілген және қажетті қорғаныс шектерін арттыруға ерекшелік жасалмай, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаған. 1997 жылғы ҚК ҚР 2002 жылғы 21 желтоқсандағы № 363–II Заңмен адам өміріне қол сұғушыға не қаруды қолданумен немесе қолдануға әрекет етумен ұштасқан өзге де қол сұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайтындығы туралы абзацпен толықтырылды.

Жоғарыда аталғандай, ҚР ҚК-да қажетті қорғаныс шегін арттыру ұғымы одан әрі шектелген.

Әркімге өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауына жол беріледі. Мәселен, ҚР ККНҚ-да дене мүшелерін зақымдаудың пікір (қарсылық) білдірудің нысаны болып табылуы және бас бостандығынан айрылған адамдардың өз құқықтарын қорғауының тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін деп пайымдалған. Конституциялық Кеңес бас бостандығынан айыруға сотталған және күзетпен ұсталатын өзге адамдарды ұсталу жағдайының адамның қадір-қасиетін қорлауға жол бермейтін заңнама талаптарына әрдайым сәйкес келе бермейтінін, ал қамаудағы адамдар өздеріне зиян келтіреді және басқа адамдарға қатысты күш қолданумен не басқа құқыққа қарсы әрекеттермен қоса жасалмайтынын атап өтті. Конституциялық Кеңес дене мүшелерін зақымдауды қоғамнан оқшауланған адамдардың наразылықтарының соңғы нысаны, сондай-ақ өздерінің қадір-қасиеттерін қорғаудың амалы болуы да мүмкін деген тұжырымға келді.

Осы негізде, Конституциялық Кеңес жоғарыда аталған адамдардың дене мүшелерін зақымдағаны үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін ҚР ҚК 361-бабының ережелерін конституциялық емес деп таныды. 2009 жылғы 10 желтоқсандағы ҚР Заңымен ҚР ҚК-ке өзгерістер енгізілді және адамдар тобының дене мүшелерін зақымдауы қылмыстан арылтылды.

13.2. Түсінік беріліп отырған 13-баптың 2-тармағында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы азаматтардың мүдделерін қорғаудың негізгі кепілі болып табылады деп бекітілген.

Осы құқықтың ҚР Конституциясының 39-бабының 3-тармағына сәйкес қандай да болмасын жағдайда шектеуге жатпайтындығының маңызы зор. Осы конституциялық норма соттың қорғауына адамның құқықтарын қандай шектерде болмасын заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілер қабылдаудың мүмкін еместігін алдын-ала айқындайды.

ҚР Конституциясының аталған нормаларын талдау азаматтардың сот қорғауына құқығының абсолютті және айрылмайтын құқық бо-

лып табылатындығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, соттың қорғауына құқық басқа да осындай құқықтармен қатар, Конституцияның 12-бабына сәйкес заңдар мен өзге де құқықтық актілердің мазмұнын және қолданылуын айқындайды.

АСҚХП-да әр мемлекеттің соттың қорғауына әрбір адам құқығына кепілдік белгілеуге бағытталған бірқатар нормалар мазмұндалған.

Мәселен, 2-бабы 3-тармағының а), б), с) тармақшаларында АСҚХП-ға қатысушы әрбір мемлекетті, демек, АСҚХП-ны ратификациялаған Қазақстан Республикасын да осы АСҚХП-да танылған құқықтары мен бостандықтары бұзылған кез келген адамға, олардың құқықтары мен бостандықтарын ресми тұлғалар бұзған күннің өзінде де, тиімді құқықтық қорғау амалын қамтамасыз ететін міндеттемелер мазмұндалған.

АСҚХП басқа нормаларында да бірқатар жағдайларда сот төрелігіне рұқсат беретін жағдайлар белгіленген. Атап айтқанда, АСҚХП-да:

өлім жазасына кесілген адамның жазасын жеңілдетуді сұрап арыздануға құқығы;

әркімнің өзін қамауға алу туралы шешімге сотқа шағымдануына және шағымының осы жағдайға байланысты ақылға қонымды мерзімде сотта қаралуына құқығы;

заңсыз қамауға алынған немесе өзгеше түрде бас бостандығынан айырылған әрбір адамның өтемақы алу құқығы;

әрбір адам өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде немесе қайсыбір азаматтық процесте оның құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған құзыретті,

тәуелсіз және әділ сот арқылы ісі әділетті және ашық қаралуын талап ету құқығы көзделген.

Осылайша, ҚР Конституциясының және Қазақстан Республикасы ратификациялаған АСҚХП нормаларымен әр адамның сотта қорғалуына құқығын жүзеге асырудың тетіктері мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге қаратылған, елімізде қабылданып және қолданылып жүрген заңдардың негізгі мазмұны мен бағыты алдын ала айқындалған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына сәйкес сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Қазақстанның азаматтары өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін ұлттық мемлекеттік органдар мен мамандандырылған мекемелерден бастап халықаралық мекемелер мен органдарға дейінгі субъектілердің кең ауқымына жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасында АСҚХП қатар, оның 3-ші Факультативтік хаттамасы бекітілді. Қазіргі таңда, осы халықаралық құжаттар ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағы негізінде ұлттық заңдар алдында басымдыққа ие.

ҚР АПК-нің 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі конституциялық заңдармен, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделген ҚР АПК-мен айқындалады.

Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялардан тұратын соттарға, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылатын алқабилер сотына ғана тиесілі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салынады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ. Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

ҚР ӘҚТК-де адамның денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, әкімшілік құқық бұзушылықты бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Қылмыстық процесті қолдануда сот төрелігіне қолжетімділік ҚР ҚПК нормалары жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаны немесе арызды дереу қабылдауды және тиісті шаралар қабылдауды білдіретінімен қамтамасыз етіледі. Осындай арызды қабылдаудан бас тарту, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың қылмыстық іс қозғаудан бас тартуы ҚР ҚПК 106-бабына сәйкес прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне сотқа шағым беру үшін негіз болуы мүмкін.

Іс бойынша сот ісін жүргізуге қатысы бар әрбір адам процестің тиісті қатысушысы болып танылуы тиіс, кейін ол заңмен көзделген тиісті құқықтар мен міндеттемелерді алады. Қылмыстық-процестік заңнама нормалары қылмыстық процесті жүргізуші органдарға іс жүргізу шешімдерін дер кезінде қабылдауды, оларды тиісті іс жүргізу нысанына айналдыруды,

соның негізінде тиісті адамдар күдікті, айыпталушы, жәбірленуші немесе процеске басқа да қатысушы мәртебесін ала алады не олардың арасынан алынып тасталады.

Бұл ретте, процеске қатысушы болып танылмайтын адамдардың құқықтық субъектілігінің кепілі ретінде ҚР ҚПК 109-бабы осындай шешімді прокурордың немесе соттың шағым келтіруі мүмкіндігін қарастырады, осылайша оларға істі алдын-ала тергеу сатысында тағы да сот төрелігіне қол жетімділікке кепілдік беріледі. Қылмыстық істерді алдын-ала тергеу сатысында немесе жалпы қабылданғандай қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында мүдделі адамдарға басқа да бірқатар жағдайларда өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығы беріледі.

Мысалы, ҚПК 106-бабына сәйкес азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарын және заңды мүдделерін қозғайтын қылмыстық іс бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүргізген кезде заңның бұзылуына шағыммен әркімнің сотқа жүгінуге құқығы бар.

ҚР ҚАК 10-бабының 1-бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауызша және жазбаша ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жазаны орындайтын мекеме немесе орган әкімшілігіне, олардың жоғары тұрған органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жүгінуге құқығы бар.

ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы» 1999 жылғы 29 наурыздағы № 7/2 қаулысында Республика Конституциясының 13-бабының 2-тармағына қатысты Қазақстан Республикасы судьяларын сайлау, тағайындау және қызметінен босатудың ерекше конституциялық тәртібіне байланысты оларды судьялар қызметінен босату туралы тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына және Парламент Сенатының қаулыларына шағым беруге хақылы емес деп түсінген жөн. Осы қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1-тармағына қатысты өтінім бойынша судьяларды сайлаудың, тағайындаудың және қызметінен босатудың ерекше тәртібін белгілейтін заңның алдында судья қызметіндегі адамдардың барлығы тең деп түсіну керек.

ҚР Конституциясы 76-бабының 2-тармағын адамның және азаматтың кейбір конституциялық құқықтарын шектеуге жол беретін шешімдер, үкімдер және өзге де қаулылар қабылдауға, лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарауға, мемлекеттік органдардың Конституция мен Республика заңдарына қайшы келетін заңсыз актілерін бұзуға сотқа құқық берілген деп түсіну қажет. Алайда, ҚР Конституциясы 47-бабының 2-тармағына сәйкес Республика Президентінің іс-әрекеттері сот қарайтын нысана бола алмайды.

13.3. Адвокаттық қызмет туралы ҚР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған.

Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады. Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Аталған Заңның 4-бабына сәйкес Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) ауызша және жазбаша нысанда да құқықтық мәселелер бойынша консультациялар мен анықтамалар береді;

2) арыздар, шағымдар, өтініштер мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасайды;

3) сенім білдірушінің өкілі ретінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысады;

4) қорғаушының немесе сенім білдірушінің өкілі ретінде қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысады;

5) медиация жүргізу кезінде, төрелікте, аралық сотта және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;

6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда сенім білдірушінің мүддесін білдіреді;

7) егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарында немесе ҚР халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында сенім білдірушінің мүддесін білдіреді;

8) сенім білдірушінің өкілі ретінде атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде қатысады.

Адвокаттар заңнамада тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

Көмек сұрап келген адам оған заң көмегі тегін көрсетілуі үшін, сондай-ақ тағайындалған (адвокаттық қызмет туралы ҚР Заңының 6-бабы) жағдайларды қоспағанда, егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, оның қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде адвокат таңдауда еркін.

Адвокаттық қызмет туралы Заңның 6-бабы заң көмегін тегін көрсету жағдайларын қарастырады. Адвокаттар мыналарға:

1) соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыспен байланысты мертігуі немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде қуынушыларға;

2) егер сот қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын қуынушылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды.

Тегін заң көмегін беру тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамамен бір жағдайларда нақты регламенттеледі.

Алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері бойынша азаматтарға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін адам адвокатқа жүгінген соң тікелей тегін көрсетеді, қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасайды. Арыз беруші жүгінгеннен кейін бірден құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегін көрсету мүмкін болмаған кезде, ол жүгінген кезінен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау уақыты туралы хабардар етілуге тиіс. Мұндай жағдайларда құқықтық консультация беру түріндегі заң көмегін көрсету ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда көрсетілген мерзімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың алқа төралқасының төрағасы ұзарта алады. Тұлғаның бір мәселе бойынша құқықтық көмекті бір рет қана алуына болады.

Адвокат көрсеткен құқықтық консультация беру түріндегі тегін заң көмегін есепке алуды осындай көмекті ұсынатын адвокат ҚР Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді. Заң көмегіне ақы төлеу адвокаттың орындаған жұмысы туралы актінің және тиісті адвокаттар алқасы өтінімінің негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу қалған жағдайларда тиісті сот актісі негізінде бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Адвокаттар алқасының өтінішінде тегін заң көмегі көрсетілген адамдардың саны және төлеуге жататын сома туралы мәліметтер болуға тиіс.

Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібін, сондай-ақ адвокат көрсеткен заң көмегін есепке алу тәртібін ҚР Үкіметі белгілейді.

Консультация, анықтама, құқықтық сипаттағы құжаттар жасау

түрінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте өзге де нысанда білікті заң көмегін алу сотталғандардың негізгі құқықтарының бірі ретінде ҚР ҚАК-те бекітілген.

2013 жылы 3 шілдеде ҚР Конституциясының ережелері мен нормаларын дамытатын «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» ҚР Заңы қабылданған.

14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

14.1. Түсінік беріліп отырған бапта халықаралық қоғамдастықтың прогрессивті бөлігінің жалпыға ортақ тең құқылық үшін күресінің нәтижесі болып табылатын құқықтық мемлекетті дамытудың іргелі принциптерінің бірі бекітілді.

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деген принцип (формалды кемсітпеушілік принципі) ҚР азаматтарына, шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

ҚР КК 1999 жылғы 29 наурыздағы 7/2 қаулысына сәйкес «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деген ҚР Конституциясы 14-бабының 1-тармағы адамдардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін, осы құқықтарды мемлекеттің тең қорғауын және әркімнің заң алдында жауапкершілігі бірдей екендігін белгілейді. Заң алдында тең болу адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға мүмкіндік беретін нақтылы шарттар мен жағдаяттардың нақ осы заңдарда анықталатынын білдіреді.

Сот алдында тең болу заң алдындағы теңдікке маңызды толықтыру болып табылады, өйткені сот құқықтар мен бостандықты қорғау мен қалпына келтірудің неғұрлым демократиялық және тиімді құралы ретінде әрекет етеді.

Негізгі Заңның 14-бабының мазмұны «Заң алдында адамдардың бәрі тең және де заң арқылы алаланбай, бірдей тең қорғалуға құқылы. Барлық адам осы Декларацияның ережелерін бұзатын кемсітуден және кемсітуге арандатушылықтың барлық түрінен тең қорғалуға құқылы» деп жария еткен АҚЖД-ның 7-бабына сәйкес келеді.

Ол АСҚХП-ның ережелеріне де сәйкес келеді, атап айтқанда:

– 2-бабының 1-тармағына сәйкес «Осы Пактіге қатысушы әрбір мемлекет, осы Пактіде танылған құқықтарды өзінің аумағының шегінде және юрисдикциясына қарасты аумақта тұратын барлық жұртты нәсіліне, түр-

түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси, немесе басқа да наным-сеніміне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік жәй-күйіне, туу немесе өзге де жағдаяттарына қарамастан, еш алаламай аталған құқықтарды құрметтеуге және қамтамасыз етуге міндеттенеді».

– 14-бабының 1-тармағына сәйкес «Сот пен трибунал алдында жұрттың бәрі тең».

– 26-бапта «Барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болсын кемсітуге ұшырамай, заңмен тең қорғалуға құқылы. Бұл орайда кемсітудің қандай түріне болса да, заң тұрғысынан тыйым салынады және заңда барлық адамдар, қандай да бір белгісіне, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық және әлеуметтік тегіне, мүліктік жағдайына, туу және басқа жағдаяттарына қарамастан кемсітуден тең және тиімді түрде қорғалатынына кепілдік берілуі тиіс».

14.2. Қарастырылып отырған конституциялық принциптің мазмұнына ҚР Конституциялық Кеңесі бірнеше рет түсіндірме берген, сонымен бірге оның түрлі аспектілеріне талдау жасаған.

Мәселен, ҚР КК 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 қаулысында Конституцияның 14-бабы нормалары жеке адамның құқықтары мен міндеттерінің теңдігін, осы құқықтарды мемлекеттің тең қорғайтынын және адамның заң алдындағы тең жауапкершілігін білдіреді деп түсіндірілген.

ҚР КК 2001 жылғы 9 шілдедегі № 11 қаулысында «тұрғылықты жеріне байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтыны туралы Конституцияның 14-бабы 2-тармағының ережесі Конституцияның 14-бабы 1-тармағындағы заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екені туралы ережемен тығыз байланысты, және бұл жағдайда Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жеріне қарамастан заң актілерінде белгіленген бір негіздер бойынша субъектілердің құқықтары бірдей және бірдей міндеттерді орындауға тиісті, сондай-ақ осы құқықтары мемлекет тарапынан бірдей қорғалады және заң мен сот алдында бірдей жауапты болады».

ҚР КК 2002 жылғы 4 сәуірдегі №2 қаулысында «барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей екенін, кейбір діндер мен діни бірлестіктерге басқаларға қарағанда қандай да бір артықшылықтар жасалуына жол берілмейтінін, дінге көзқарасына, нанымына байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салыныатынын білдіреді» делінген.

ҚР ҚК 15-бабының 4-бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында тең деп бекітілген.

ҚР ҚПК 21-бабында сот төрелігі баршаның заң мен сот алдында теңдігі бастауларында жүзеге асырылады делінген. Қылмыстық сот ісін

жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдарға қатысты қылмыстық сот ісін жүргізудің шарттары Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Кодексте, заңдарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

ҚР АПК 13-бабында да азаматтық істер бойынша сот төрелігі барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі негізінде жүзеге асырылатыны көзделген. Азаматтық сот ісін жүргізу барысында:

– азаматтардың ешқайсысына артықшылық берілмейді, олардың ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітуге болмайды;

– заңды тұлғалардың ешқайсысына артықшылық берілмейді және олардың бірде-бірін орналасқан жеріне, ұйымдық-құқықтық нысанына, бағыныстылығына, меншік нысанына байланысты және басқа да мән-жайлар бойынша кемсітуге болмайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікке қарсы иммунитеті бар тұлғаларға қатысты азаматтық сот ісін жүргізу шарттары Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Кодексте, заңдарда және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

ҚР ӘҚТК-те (9-бап) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу барысында заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Қарастырылып отырған конституциялық норманың сақталуына ҚР заңнамасымен кепілдік беріледі, оны бұзғаны үшін түрлі жауапкершілік белгіленген.

Мысалы, ҚР ӘҚТК 75-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес жеке тұлғалардың тіл таңдау құқықтарын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту, лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР ҚК 145-бабында адам мен азаматтың тең құқығын бұзуға жауаптылық көзделген. Бұл ретте, адамның (азаматтың) құқықтары

мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты себептермен немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған дәл сол іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

15-баптың 2-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

15.1. Қазақстан Республикасы – соңғы жылдары қарқынды дамып және өзінің ұлттық дәстүрлерінің барынша озық заманауи құқықтық шешімдермен үйлесіміне қол жеткізіп келе жатқан мемлекеттердің бірі. Аталған ерекше үйлесім бұл мемлекеттің құқықтық жүйесіне, әсіресе оның осы жылы елеулі өзгеріске ұшыраған және толықтырылған Конституциясына қызығушылық тудырады. Өзгерістер өте көп және Венеция комиссиясының жоғары бағасын алды. Қазақстан мен Болгария Конституциялары адам мен азаматтың құқықтарының кең ауқымын көздеп қана қоймайды, сонымен бірге олардың сақталуының сенімді кепілдіктерін қамтиды.

Қазақстан Конституциясы 1-бабының 1-тармағы адам өмірін ең қымбат қазына ретінде жариялайды.

Қазақстанның Негізгі Заңының 15-бабы өмір сүру құқығын бекітеді

әрі қорғайды. Аталған ереже ешкімнің де өмірінің еріксіз қиылуға тиіс емес екенін нақты көрсетеді.

Сонымен қатар, Конституцияның 15-бабының 2-тармағында ерекше жағдайларда адамның өмірін қиюға жол беріледі, Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

Бұл ереже өлім жазасының ауқымын қатты тарылтады. Практикада ол екі жағдайда көзделген. Біріншісі – адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін. Екіншісі - соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін.

Кәмелетке толмағандарға, әйелдерге және 63 жастан асқан ер адамдарға өлім жазасы қолданылмайды¹.

Террористік актілері соңғы жылдары қылмыстық репрессияның барынша ауыр шараларын қолдану туралы дебаттар тудырды.

Мен әрқашан терроризмді жай қылмыс ретінде қарастыруға болмайтынын қолдайтынмын. Терроризм мәні оны соғыс актісі ретінде айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ол азаматтық тұрғындарға бағытталған әскери акт болып табылады, бұл оның Соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясын ауыр бұзумен теңестіреді. Егер терроризм әскери қылмыстың бір түрі деп айқындалса, онда оған қатысты санкция да оның қоғамдық қауіптілігіне сай болуы керек. Бірқатар мемлекеттер өлім жазасы осындай қылмыстарға қолданылуы керек деп қарастырады.

Болгария Конституциясының 28-бабында әркімнің өмір сүру құқы бекітілген. Онда адам өміріне қол сұғу ауыр қылмыс ретінде жазаланады. Негізгі Заңда өлім жазасы туралы ереже қарастырылмаған. 1998 жылдан бері Болгарияда өлім жазасы жоқ. Ол босату құқығынсыз өмір бойы бас бостандығынан айырумен ауыстырылған. Болгария құқығына сәйкес осы бір ең ауыр жаза адам өміріне қасақана қолсұғушылықтың көптеген құрамында көзделген.

Қазақстан Конституциясының 15-бабы 2-тармағының қарастырылып отырған осы ережесі болгарлық және қазақстандық құқық арасындағы айырмашылығы бар ұстанымды қамтуы ықтимал. Болгар құқығы ғана емес, жалпы болгар қоғамы өлім жазасынан бас тартады. Болгария Республикасы 2002 жылы 21 қарашада Страсбургте қол қойылған 2002 жылғы 3 мамырдағы Адамның құқығын және кез келген жағдайда өлім жазасының күшін жоюға қатысты негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияға № 13 Хаттаманы² және өлім жазасының күшін жоюға арналған Азаматтық

¹ҚР Қылмыстық кодексінің 47-бабын қараңыз.

² 2002 жылғы № 117 ДВ-да жарияланған.

және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші факультативтік хаттаманы ратификациялаған¹.

Сонымен бірге, салыстыру жүргізе отырып, қазақстандық Конституцияның өлім жазасын мүлде бекітпейтінін, тек аса рестриктивті жағдайларда ғана қолданатынын атап өтпеуге болмайды. Бұл маған келешекте ол Қазақстанда да күшін жояды деп сенуге негіз береді.

2020 жылға дейінгі Қылмыстық саясат тұжырымдамасында өлім жазасын қолдану аясын бірте-бірте тарылту және оны қолдануға мораторий жариялау мүмкіншілігін қарастыру туралы айтылады. ҚР Президентінің 2003 жылғы Жарлығымен өлім жазасын «толық жойғанға дейін» мораторий жарияланды. Қосымша шара ретінде Бас прокурорға осындай жазаны көздейтін барлық үкімдердің заңдылығы мен негізділігін тексеру тапсырылған.

Өлім жазасын қолдануға мораторий жариялау практикасы болгар құқығына да беймәлім емес. Ол 1990 жылы Ұлы Халық жиналысымен енгізілген. 2008 жылы осы жазаның күші жойылғанға дейін қолданылған.

Өлім жазасы проблемасы күрделі екенін және оның шешімі уақытты талап ететінін түсінемін. Кез келген қоғамда оның қажеттілігіне қатты сенетін адамдар бар. Менің ойымша, оны қолдануға мораторий жариялау арқылы оларды бұл ойларынан айнытуға болады. Шынында, мораторий сотталушыларды ерекше белгісіздік құқықтық жағдайына қояды, оны ізгілікті деп атау қиындау. Сонымен бірге, сотталушылар үшін жазаның орындалу мүмкіндігіне қарағанда осы баламасы артығырақ. Мораторий қоғамға өлім жазасының орындалуы және өлім жазасының өзі практикада қажет емес екенін көрсетеді.

Бұл ретте, мораторийдің болуы – өлім жазасының жойылуы керек екенін үнемі мемлекеттің есіне салып отыратын мән-жай болып табылады.

Өлім жазасы мәселесі ұлттық құқықтық дәстүрлерді және әрбір жекелеген мемлекеттің халықаралық міндеттемелерін де ескереді. Қазіргі жағдайлар және терроризмнің белең алуы оған қарсы іс-қимылдың барынша қатаң шараларын талап етеді. Десек те, терроризмнің тегеурініне қарамастан, күндердің күнінде өлім жазасы барлық мемлекеттерде жойылады деп сенемін.

Бұған дейін түсінік берілген Қазақстандағы өлім жазасын реттеу өзінің логикалық жалғасын табады және өмір сүру құқығын қорғайды.

Әр мемлекеттің, әр қоғамның өлім жазасынан толықтай бас тартатын сәтті өздері табатынын көрсетпей кетуге болмайды.

Қазақстан Конституциясының оны өте шектеулі алғышарттарда ғана қолданылатын ерекше жаза ретінде қарауы, өлім жазасы көзделген²

¹ 2000 жылғы №18 ДВ жарияланды.

² ҚР ҚК Төртінші тарауына сәйкес өлім жазасы бейбітшілік пен адамзатқа қарсы қылмыстар үшін көзделген /агрессия, әскери қылмыстар геноцид, жалдамалылық Бесінші тарауға сәйкес мемлекетке қарсы қылмыстар үшін /мемлекетке опасыздық жасау, мемлекет басшысын өлтіру, диверсия/, терроризм /ҚР ҚК 255-бабы/ және соғыс уақытында жасалған кейбір қылмыстар үшін /ҚР ҚК Он сегізінші тарауы/.

қылмыстың мүлдем жасалмауы, оның орындалуына мораторийдің жариялануы және қазіргі сәтте өлім жазасына кесілген сотталушылардың барлығына рақымшылық жасалуы сияқты мән-жайлар оның толықтай жойылуының алғышарттары болып табылатынына сендіреді.

Қазіргі уақытта өлім жазасы Қазақстанға тек «қағаз жүзінде» белгілі. Оның күші жойылатын және формальды түрде болатын күні жақын.

16-бап

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.

2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

16-баптың 2-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңның редакциясында баяндалған.

3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

16.1. Жеке бостандық – бас еркіндігі – ерік бостандығы = таңдау бостандығы (грек. *τοαὐτέξουσιον* или *τοεφημίv*, лат. *liberum arbitrium*). Сократтың кезінен бері бұл ұғымның артында философиялық және саяси-құқықтық ой-пікірлердің сан ғасырлық тарихы тұр.

Түсіндірме, энциклопедиялық және философиялық сөздіктердің көбінде «жеке бостандық» термині: ұялудың, еріксіздіктің және өзгенің еркіне бағынудың және іс-әрекетіне шектеудің болмауы; өз қалауында жасау мүмкіндігі, адамның таңдау құқығы, өз мүдделері мен мақсаттарына сәйкес әрекет ету, өмірлік мақсаттарын өзінің анықтауы және өз әрекетінің нәтижесіне жеке жауапкершілік алу мүмкіндігі деп түсініледі.

Заң сөздіктері «бостандық» ұғымына адамның конституцияда немесе өзге заңнамалық актіде бекітілген белгілі бір мінез-құлық мүмкіндіктері ретінде құқықтық түсініктеме береді. «Бостандық» санаты субъективті мағынасында «құқық» ұғымына жақын, алайда соңғысы мемлекеттің немесе басқа субъектінің қандай да бір байланыстыратын әрекетті жасау міндеттерін (мысалы, еңбекке құқығы жағдайында жұмыс беру) іске асыру үшін нақты заңдық тетіктің болуын көздейді. Керісінше, заң бостандығының іске асырудың нақты тетігі жоқ, ол осы бостандықты бұзатын қандай да бір әрекетті жасаудан тартыну міндетімен байланыстырылады¹.

¹Большой юридический словарь.—М.:Инфра-М. А.Я.Сухарев, В.Е.Крутских. 2003 ж.

Жеке бостандық құқығы әмбебап құқық болып табылады және жеке өмірі (тұратын жерін таңдау бостандығы, қозғалу бостандығы, іс-әрекет бостандығы және т.б.), саяси (ойлау бостандығы, сөз бостандығы, ар бостандығы т.б.) кәсіби (еңбек ету бостандығы, шығармашылық бостандығы, қызметі мен кәсіпті таңдау бостандығы т.б.) өмірінің саласында іске асырылатын нақты өкілеттіктер кешенін қамтиды. Бұл жеке бас бостандықтарының барлығы Республика Конституциясының II тарауының түрлі нормаларында бекітілген.

Сонымен бірге, Конституцияның «Адам және азамат» тарауының және 16-бабының барлық нормаларын кешенді әрі жүйелі талдау ҚР Конституциясының 16-бабының 1-тармағында баяндалған «жеке бостандық» ұғымын Конституциямен кепілдік берілген барлық еркіндік деп түсінбей, тек еріксіз қамауға, күзетпен ұстауға, ұстауға және оқшаулау мен жүріп-тұру бостандығынан айырудың кез келген өзге нысанын болдырмау құқығын білдіретін бостандығы деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Жеке басының бостандығы құқығынан ешкім айыра алмайды және ол әркімге тумысынан жазылған.

Бұл ретте, бұған дейін атап өтілгендей, «әрбір» сөзі арқылы Конституция бұл құқықтың белгілі бір мемлекеттің азаматтығында болу-болмауына қарамастан, барлық адамдарға тиесілігін белгілейді.

Бұл құқық халықаралық актілер негізінде біздің Конституциямызда белгіленген және адамның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына ретінде тану принципіне негізделген.

АҚЖД 1-бабына және АСҚХП 9-бабының 1-тармағына сәйкес «барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді», «ешкім де негізсіз тұтқындалуға, қамауда ұсталуға немесе қуғынға ұшыратылуға тиіс емес». Осы ереже Негізгі Заңның 16-бабының 1-тармағында тұжырымдалған, соған сәйкес әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Бұл ретте, жеке бостандығына құқығы деп мемлекеттен халықаралық құқықтың жалпыға ортақ нормаларына негізделген адамды негізсіз тұтқындаудан, қамауда ұстаудан және бас бостандығынан айырудың өзге де нысандарынан қорғауды қамтамасыз етуін талап ету деп түсінген жөн. Әлемнің барлық дерлік мелекеттері халықаралық құқық нормаларын тани отырып, өз конституцияларында бостандықта болу және жеке басына қол сұғылмауы құқығын бекіткен.

ҚР Конституциясының ерекшелігі (39-бабының 3-тармағы) Конституцияның өзінде тікелей көзделген жағдайлардан басқа ешқандай жағдайда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейтінінде болып табылады.

ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы «Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру

туралы» №2 НҚ сәйкес «адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары сонын ішінде жеке бостандық құқықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды (Конституцияның 2-бабы 12-тармағы), қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді (Конституцияның 39-бабы 3-тармағы), бұл құқықтар Конституцияның «Адам және азамат» деп аталатын II бөлімінде бекітілген. Олардың негізінде ерік бостандығын және содан туындайтын жеке тұлғанын еркін мінез-құлқын тану жатыр. Сол себептен табиғи жаратылысына орай осы құқықтарды және бостандықтарды иеленуші адам және азамат, оларға өз қалауынша билік ете алады.

«Қызылорда облыстық сотының «Байқоңыр» кешенін жалға беру туралы шарттың 6-бабы 6.12-тармағының екінші бөлігін, «Байқоңыр» кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімнің 5 және 11-баптарын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы» 2001 жылғы 7 мамырдағы № 6/2 КК НҚ-ның құқықтық ұстанымы осындай.

Бұл қаулыда: «Қазақстан азаматтары Қазақстан Республикасымен кепілдік берілген барлық құқықтар мен бостандықтарға ие» (Конституцияның 12-бабы) деп бекітілген. Құқықтар мен бостандықтар тек заңмен шектелуі мүмкін. Олардың кейбіреулері, атап айтқанда, Конституцияның 11,13-15-баптарында, 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында аталғандары ешқандай жағдайда шектеуге жатпайды (Республика Конституциясының 39-бабы). Азаматтардың кепілді конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету тетігі Республика Конституциясының нормаларында көзделген. Бұл тетікті іске қосатын негізгі субъект – мемлекет болып табылады».

Конституциялық Кеңестің келтіріліп отырған құқықтық ұстанымының Конституцияның ресми түсіндірмесінің нысанасы болған (ҚР КК 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №19/2 НҚ) Конституция нормаларымен тең заңды күші бар.

Сонымен бірге, түсіндіріліп отырған жеке бостандық құқығы халықаралық құқықпен абсолютті деп танылмайды және Қазақстан Республикасының Конституциясында тура жазылған нормалармен шектелуі мүмкін.

16.2. Конституцияның 16-бабының 2-тармағына сәйкес «Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады». Бұл нормалар АҚЖД, АСҚХП, АСҚХП факультативтік хаттаманы және АСҚХП-ға екінші факультативтік хаттаманы қоса алғанда, адам құқығы туралы халықаралық актілермен сәйкес келеді.

Осылайша, Конституция адамның жеке бас бостандығына құқықтарын шектеудің негізгі шарттарының толық тізбесін айқындады.

Біріншіден, «қамауға алу» «күзетпен ұстау» және «ұстау» терминдерінің ұғымының өзі, олардың қолдану тәртібі мен негіздері заңда белгіленуі

мүмкін және заңға тәуелді актілермен регламенттелмейді. Бұл ретте ұғымдар мен түрлері Құқықтық актілер туралы ҚР Заңында баяндалған.

Екіншіден, қамауға алу және күзетпен ұстау тек соттың санкциясымен ғана жүзеге асырылады. Конституциямен және заңдармен сот билігі берілмеген ешбір өзге орган, ешбір лауазымды тұлға мұндай шешім қабылдауға құқылы емес.

Санкция ұғымын заң шығарушы күзетпен ұстау мәселелеріне қатысты ҚР ҚПК 7-бабының 39-тармағында – соттың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қылмыстық қудалау органының процестік әрекетті жасауына берген рұқсаты не қылмыстық қудалау органы жасаған немесе қабылдаған процестік әрекетті немесе процестік шешімді прокурордың бекіту актісі ретінде бекіткен.

Сонымен бірге «санкция» ұғымы сот тағайындаған әкімшілік қамау және күзетпен ұстаудың өзге жағдайларына қатысты заңнамалық актілер мен өзге құқық саласында немесе уәкілетті субъектілердің өтініштері бойынша ҚР КК нормативтік қаулыларында барынша анық ашылуы тиіс.

Үшіншіден, ҚР Конституциясы сот оған қатысты қамау және күзетпен ұстауға санкция берген әр адамға белгіленген тәртіппен аталған шешімге шағымдану құқығына кепілдік береді. Бұл құқықтары ешқандай жағдайда шектелмеуі тиіс.

Төртіншіден, ҚР Конституциясы адамды сот санкциясыз ұстаудың шекті мерзімін жетпіс екі сағатпен шектеді.

Қолданыстағы заңнамалық актілерде қамаудың бірнеше түрі қарастырылған:

1) әкімшілік жазалау шарасы ретінде – әкімшілік қамаққа алу. Бұл шараны судья ерекше жағдайларда отыз тәулікке дейінгі, ал төтенше жағдайлар режимі талаптарын бұзғаны үшін қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге белгілейді (ҚР ӨҚТК 50-бабы);

2) қамаққа алу қылмыстық жазаның түрі ретінде отыз тәуліктен тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді және сотталғанды қоғамнан қатал түрде оқшаулау жағдайында ұстау жолымен орындалады. Әскери қызметшілер қамақты гауптвахтада өтейді (ҚР ҚК 45-бабы);

3) ұйқамақ күдіктіні, айыпталушыны күзетпен ұстамай, бірақ ҚПК 147-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен судья белгілеген шектеулер қолданыла отырып, күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны қоғамнан оқшаулауды білдіреді (ҚР ҚПК 146-бабы);

4) экстрадициялық қамаққа алу – іздестіріліп жатқан адамға қатысты адамды қамауға алу туралы шетел мемлекеті құзырлы органының шешімін орындау бойынша шетел мемлекетіне оны ұстап беру (экстрадициялау) мақсатындағы қамтамасыз ету шаралары (ҚР ҚПК 589-бабы)¹.

¹ ҚР Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. Алматы. «Раритет». – 2015 ж.

Конституцияда баяндалған «күзетпен ұстау» ұғымы «қамауға алу» және «ұстап алу» ұғымдарына қарағанда кеңірек, оларды қамтып өтеді. ҚР заңнамалық актілерінде бұл ұғым «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы ҚР Заңының глоссарийінде көрсетілген.

Көрсетілген Заңның 2-бабының 10) тармағында: «күзетпен ұстау – адамдарды сот санкциясымен арнаулы мекемелерде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақытша оқшаулау» делінген.

Бұл Заңның 5-бабында адамдардың санаты және оларды арнаулы мекемелерге орналастыру негіздері көрсетілген:

1) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына орналастыру судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікпен ұстап алынғандарды уақытша ұстау изоляторына орналастыру тергеуші не анықтаушы толтырған ұстап алу хаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды уақытша ұстау изоляторына орналастыру шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолының болмауы салдарынан тергеу изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмаған күдіктіні өмір сүру және тәрбиелену жағдайы бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдыру мүмкін болмаған жағдайларда, ол ҚР ҚПК 540-бабында көзделген тәртіппен заңға сәйкес бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға орналастырылуы мүмкін;

3) әкімшілік қамауға алынған адамдарды уақытша ұстау изоляторларына, арнаулы қабылдау орындарына орналастыру судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады;

4) белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдау-бөлу орнына орналастыру ішкі істер органдарының сот санкциялаған қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

ҚР ҚПК 147–153-баптарында күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану тәртібі, шарттары және негіздері егжей-тегжейлі регламенттелген.

Мұндағы басты нәрсе, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстаудың тек судьяның санкциясымен және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылуында. Айрықша жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы заңда бес жылдан аз мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты

жасады деп күдік келтірілетін, айыпталатын, сотталатын адамға қатысты қолданылуы мүмкін.

«Ұстап алу» термині ҚР ҚПК және ҚР ӘҚТК нормаларында заңнамалық түрде бекітілген.

Мәселен, ҚР ҚПК 128-бабының 1-тармағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу – қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процестік мәжбүрлеу шарасы деп түсіндіріледі.

ҚР ҚПК 7-бабының 29-тармақшасында «нақты ұстап алу» ұғымы толық жазылған, ол бойынша: «жүріп-тұру бостандығын қоса алғанда, ұстап алынған адамның бостандығын шектеу, оны белгілі бір орында мәжбүрлеп ұстау, анықтау және тергеу органдарына мәжбүрлеп жеткізу (қолға түсіру, үй-жайға қамау, қандай да бір жерге баруға немесе орнында қалуға мәжбүрлеу және сол сияқтылар), сондай-ақ ұстап алынған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдердің орындалуына қарамастан, көрсетілген шектеулер нақты болған кезден бастап адамның бас бостандығын минутқа дейінгі дәлдікпен елеулі түрде шектейтін қандай да бір өзге де әрекеттер».

«Әкімшілік ұстап алуға» ҚР ӘҚТК 787-бабында «құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғаның, заңды тұлға өкілінің, лауазымды адамның жеке бас бостандығын қысқаша мерзімге шектеу» деген анықтама берілген.

Адамды соттың санкциясыз ұстаудың шекті мерзімі Конституцияда жетпіс екі сағатпен шектелгенін атап өту керек.

Аталған шектеулер АҚЖД, АСҚХП, АСҚХП факультативтік хаттаманы және АСҚХП-ға екінші факультативтік хаттаманы қоса алғанда, адам құқығы туралы халықаралық актілермен келісілген.

ҚР КК 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысында Конституциялық Кеңес «конституциялық-құқықтық мағынада «ұстау» деп құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шараларды қолдану мақсатында адамның жеке бас бостандығын жетпіс екі сағаттан аспайтын қысқа уақытқа шектеуден тұратын жеке уәкілетті мемлекеттік органдар, лауазымды және өзге де тұлғалар заңда көзделген негізде және тәртіппен іске асыратын мәжбүрлеу шарасын» түсінген жөн.

Ұсталған адамның емін-еркін жүріп-тұру бостандығын шектеуді - белгілі бір жерлерде мәжбүрлеп ұстауды, анықтау және тергеу органдарына мәжбүрлеп әкелуді (адамды қолға түсіруді, үй-жайға қамауды, бір жерге баруға, немесе орнында тұруға мәжбүрлеуді және т.б.), сондай-ақ адамның

жеке бас бостандығын айтарлықтай шектейтін басқа да әрекеттерді де қоса отырып, бас бостандығы оған қандай да бір процессуалдық мәртебе берілуіне немесе формальды басқа бір рәсімдер орындалуына қатыссыз шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстау мерзімінің басталуы болып табылады. Нақты ұстау уақытынан бастап үздіксіз есептелетін жетпіс екі сағаттан өтуі осы мерзімнің аяқталу сәті болып табылады.

«Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады» деген конституциялық ереже, осы көрсетілген уақыттан кешіктірмей соттың ұсталған адамға қатысты тұтқындау және қамауда ұстау, сондай-ақ заңмен көзделген өзге де шараларды қолдану туралы шешім қабылдануы қажет немесе ұсталған адам босатылуға тиіс дегенді білдіреді. Бұл орайда Конституциялық Кеңес, тиісті шешім қабылдауы үшін заң шығарушы одан да азырақ, жетпіс екі сағат шегіндегі мерзімді белгілеуі мүмкін деп атап өтеді».

Конституцияда қамауға алынған адамға шағым беру құқығы беріледі. Бұл норма ҚР Конституциясының «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» деп белгілейтін 13-бабы 2-тармағымен толық келісіледі. Осыған байланысты жеке бостандығы шектелген не айырылған әр адамға мемлекет сот арқылы қорғалу құқығына кепілдік береді.

ҚР КК «Батыс Қазақстан облыстық сотының ұсынысы бойынша ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 109-бабы бірінші бөлігінің конституциялылығын тексеру туралы» 2007 жылғы 24 қаңтардағы №1 НҚ-дан мынадай ұстаным туындайды, онда әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы туралы конституциялық норманың мазмұны адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілуіне әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттер мен шешімдерге сотқа шағымдану құқығын да қамтитыны айтылған.

16.3. Конституция қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған, қамалған, айыпталу тағылған адамның тиісінше ұсталған, қамауға алынған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін, заңмен көзделген жағдайларда – тегін пайдалану құқығын алуына кепілдік береді.

Бұл норма ҚР Конституциясының 13-бабының 3-тармағында көзделген білікті заң көмегін алуға арналған құқығын нақтылайды және дамытады.

Конституцияның аталған нормасы халықаралық шарттар мен жалпыға ортақ халықаралық стандарттардың нормаларымен сәйкес келеді.

АСҚХП 14-бабының 3-тармағының b) және d) тармақшаларына сәйкес әрбір адамның қорғау шараларына дайындық жүргізуге және өзі таңдап алған қорғаушымен жүздесіп-тілдесуге мүмкіндік беріліп, жеткілікті уақытпен қамтамасыз етілуге, өз қатысуымен сотталуға және өзін өзі

дербес қорғауына немесе өзі таңдап алған қорғаушы арқылы қорғалуына: егер оның қорғаушысы жоқ болса, онда осындай құқығы бар екендігі жөнінде хабардар етіліп, қандай жағдай болмасын әділ сот мүдделері талап етсе, өзіне тағайындалған қорғаушының көмегін пайдалануына және де қорғаушының еңбегіне төлейтін жеткілікті қаражаты жоқ болса, оның көмегін ақысыз пайдалануға құқылы.

1950 жылы 20 қаңтарда Римде қол қойылған Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның 6-бабына сәйкес (1963 жылғы 6 мамырдағы №2, 1963 жылғы, 6 мамырдағы №3, 1966 жылғы 20 қаңтардағы №5, 1985 жылғы 19 наурыздағы №8, 1994 жылғы 11 мамырдағы №11 Хаттамалардың редакциясында) қылмыс жасады деп айыпталған әр адамның өзін өзі дербес қорғауына немесе өзі таңдап алған қорғаушы арқылы қорғалуына, егер оның қорғаушысы жоқ болса, онда осындай құқығы бар екендігі жөнінде хабардар етіліп, қандай жағдай болмасын әділ сот мүдделері талап етсе, өзіне тағайындалған қорғаушының көмегін пайдалануына және де қорғаушының еңбегіне төлейтін жеткілікті қаражаты жоқ болса, оның көмегін ақысыз пайдалануға құқылы.

Адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалану құқығы және оны беру туралы мемлекетке жүктелетін міндет Заңгерлердің рөліне қатысты негізгі қағидаттарда (1990 жылы 7 қыркүйекте Гаванада БҰҰ-ның Қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас қолдану туралы Конгресінде қабылданған) жан-жақты жазылған.

Ұлттық заңнамада Конституция нормалары ҚР ҚПК мен ӘҚТК-те іске асырылады.

ҚПК 66-бабына сәйкес қорғаушы ұғымы қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оларға қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде заң көмегін көрсететін адам деп айқындалған.

Адвокат қорғаушы ретінде қатысады. Адвокат қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысқан кезде қорғалуға құқығы бар куәның, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жазбаша арызы бойынша оларды адвокатпен қатар қорғауды мына адамдардың біреуі: жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, қорғаншысы, қамқоршысы не қорғалатын адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара түсіністік негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі .

Заң шығарушы ҚР Конституциясының 16-бабының 3-тармағында адвокаттың көмегін пайдалануға құқылы деп көзделген адамдардың тізбесін кеңейтіп, оны қорғалуға құқығы бар куә мәртебесін алған адаммен толықтырды. Аталған субъект күдіктілердің, айыпталушылардың

күдіктілермен және айыпталушылармен қатар, тиісті мәртебеге ие болғаннан сәттен бастап, сондай-ақ қылмыстық процестің кез келген келесі кезінде адвокаттың (қорғаушы) қызметін пайдалануға құқылы.

Қорғалуға құқығы бар куәлардың біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, бір сол адам олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды.

Адвокаттың қорғалуға құқығы бар куәны қорғаудан, күдіктіні немесе айыпталушыны, сотталушыны сотталған, ақталған адамды қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ.

ҚР ҚПК қылмыстық процестегі қорғаушыны тартудың негізін, тәртібін, қатысуын және өкілеттігін егжей-тегжейлі регламенттейді.

ҚР ӘҚТК 78-бабы қорғаушыға әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам деген анықтама береді.

Қылмыстық процестегі сияқты, әкімшілік процесте де қорғаушы ретінде адвокаттар қатысады, олармен бірге әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері жіберіледі. Қорғаушы әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамды әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған немесе прокурор әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулы шығарған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында іске қатысуға жіберіледі.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылған кездегі қорғалуға құқығын іске асыру процесі ҚР ӘҚТК 38-тарауында жан-жақты регламенттелген.

17-бап

1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Конституцияның бұл бабы конституциялық құқықтық реттеудің аксиологиясы мен методологиясы тұрғысынан оның өзегі болып табылады.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігінің қалыптасуы мен халықаралық интеграциясы процесі кеңес дәуірінің бұрмаланған легистік-позитивизмдік құқық түсінігінен бас тарту және демократиялық мемлекеттердің мемлекетшілік және мемлекетаралық құқықтық қарым-қатынастарының әсіресе адам құқығы саласында негізін құрайтын құндылықтарды барынша тереңірек ескеру қажет болғанын айғақтайды.

Бұл үшін Конституцияда, ең алдымен, адамның қадір-қасиетіне айқын көзқарас, оны құқықтарын жоғары құндылық ретінде тану қажет болды.

Сондықтан, конституциялық құқықтық реттеудің негізгі бағыты адам құқығын қорғаудың конституциялық кепілдіктерін нығайту болды. Оның атап айтқанда, мынадай бастапқы түбегейлі принциптері танылды:

– Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. (1-бабының 1-тармағы);

– адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. (12-бабының 2-тармағы);

– әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. (18-бабының 1-тармағы).

Конституцияның 39-бабының 3-бөлігіне сәйкес 17-бапта бекітілген құқықтар, өзге де бірқатар мемлекеттердегі сияқты абсолютті болып табылатыны және ешқандай мән-жайларға байланысты шектеуге жатпайтыны өте маңызды.

Осындай конституциялық құқықтық реттеуге сәйкес мемлекет адамның табиғи және ажырамас құқықтары мен бостандықтарын **жоғары құндылық** ретінде таниды, кепілді түрде қорғайды, адамның қадір-қасиетінің конституциялық кепілдігін бекіту қажеттігін негізге ала отырып, мемлекет пен халықтың билікті жүзеге асыруының сипаты мен шегін анықтайды,

Қазақстан Конституциясы адам құқығын тану мен қорғауға қатысты белгілі бір методологиялық ұстанымды бекіте отырып, заңнамалық деңгейде оның іске асыруының сипатын, оның институционалдық қамтамасыз етілуін және жүйелі кепілдігін айқындайды.

Конституциялық құқықтық реттеудің негізгі талабы адамның табиғи ажырамас құқықтарының басымдылығын және бастапқы сипатын тану және үстемдігін бекіту.

Жүзден астам мемлекеттің конституцияларын салыстыра талдау барлық дерлік елдердің конституцияларында немесе конституциялық норма сипатындағы адам құқығы туралы декларацияларда адам құқығына қатысты нақты тұжырымдамалық тәсіл бекітілгенін, ал 65-тен астам елдің, оның ішінде Қазақстанның конституциясында да адамның қадір-қасиетінің конституциялық принципіне қатысты тәсіл айқындалғанын көрсетті.

Соңғысына түрлі елдердің конституцияларында бір немесе одан көп бап арналған, адамның мызғымас, ажырамас құқығы ретінде оның қадір-қасиетіне қолсұқпаушылық, мемлекеттің оны құрметтеуге және қорғауға

міндеттенуі, сондай-ақ оның адам құқықтарымен және бостандықтарымен байланысы атап өтіледі. Мысалы, ГФР Конституциясының 1-бабының 1-тармағында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды деп бекітілген. Оны құрметтеу және қорғау – барлық мемлекеттік биліктің міндеті. Сол баптың 2-тармағында неміс халқы адамның қолсұғылмайтын және ажырамас құқығын бүкіл адамзат қоғамының, жердегі бейбітшілік пен әділдіктің негізі деп санайтыны анықталды. 3-тармағы тұжырымдамалық тәсілді жинақтайды, төмендегі құқық негіздерінің заңшығарушылық, атқарушылық және сот билігі үшін міндетті деп бекітеді. Бұл тәсіл классикалық, толық, жүйелі және үлгі болып табылады. Осындай тәсіл РФ Конституциясының 2, 18 және 21-баптарында да, Испания Конституциясының 10-бабында, Чехия Конституциясының 1-3 баптарында, Словения Конституциясының 15-бабында, Португалия Конституциясының 1, 18-баптарында, Армения Конституциясының 3-бабында т.б. байқалады.

Қазақстанның конституциялық тәсілінде методологиялық маңызы бар тұстарын бөліп көрсету қажет:

1) мемлекет адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын таниды;

2) оларды абсолютті, жоғары және ажырамас құндылық деп таниды;

3) бұл құқықтар мен бостандықтар заңдар мен өзге нормативтік актілердің мазмұны мен қолданылуын айқындайды.

Бұл нормалар мен принциптер Қазақстан ратификациялағаннан кейін еліміздің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігіне айналған түрлі халықаралық құжаттарда да бекітілген. Атап айтқанда, АҚЖД-ның кіріспе бөлігінде: «Адамзат қауымының барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, құқықтарының теңдігі мен тартып алынбайтындығын тану, бостандық пен әділдіктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі болып табылады» делінген. Содан кейін: «...адам құқықтары заң билігімен қорғалуы керек» екеніне назар аударады. Сонымен қатар, сол Декларацияның 1, 6 және 29-баптарында адамның табиғи құқықтарының ажырамастығы, оның бостандығы мен тең құқылығы принциптерін ғана емес, қоғамға және құқық субъектісінің мәртебесіне қатысты міндеттерін нақты бекітеді. Ал 8-бабы адамның сот төрелігіне, оған конституциямен немесе заңмен берілген құқықтары бұзылған жағдайда құзыретті соттардың қалпына келтіруіне құқығын бекітіп береді.

БҰҰ Жарғысында да осындай методологиялық тәсіл көрініс тапқан, оның кіріспесінде адамның негізгі құқықтарына және оның қадір-қасиетіне баса назар аударады. АСҚХП-да да адамның қадір-қасиетін, олардың құқықтарының теңдігі мен ажырамастығын тану – бостандықтың, әділдіктің және жалпыға бірдей бейбітшіліктің негізі болып табылатынын, бұл құқықтар адам баласына тән қадір-қасиеттен туындайтынын белгілейді. Сол Пактінің 16-бабы адамның құқық субъектісі ретінде танылу құқығын белгілейді. АСҚХП негізгі ережесі АҚЖД-ға сәйкес әркім экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын да өзінің азаматтық және саяси

құқықтарымен бірдей пайдалана алатындай жағдай туғызғанда ғана еркін адам идеалы жүзеге асырылуы мүмкін екендігін таниды.

Сонымен бірге, Францияның 1789 жылғы Адам мен азамат құқығының декларациясында «адам құқығын ұмыту және менсінбеу қоғам шарасыздығы мен үкіметтің азғындағанының жалғыз себебі болып табылады» деп дәл сипатталған.

Барлық келтірілген мысалдар мен халықаралық конституциялық практика Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету проблемасы, түптің түбінде, бөлінген биліктің үйлесімді қызметін қамтамасыз ету арқылы адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілді қорғалуына әкелетінін айғақтайды. Бұл құқықтар «тікелей қолданылатын құқықтар» болғандықтан, оларды қорғаудың негізгі кепілдігі – дұрыс методологиялық тәсілмен конституциялық бекітілуі және сот төрелігінің өміршіл жүйесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің соңғы онжылдығында қалыптасқан конституциялық мәдениеттің жүйелі-құндылықты негізін адамның қадір-қасиеті, бостандығы, демократия, теңдігі, құқық үстемдігі және адам құқығын құрметтеу – кемсітпеушілік, плюрализм, толеранттылық, сот төрелігі принциптерінен тұрғызылған қоғамға тән құндылықтар құрады.

Түсінік беріліп отырған баптың бірінші бөлігінің мәнмәтінінде мемлекеттің конституциялық міндетін тиісінше түсінік қалыптастыру үшін елеулі маңызы бар ережесінің бірнеше аспектісіне де назар аудару керек. Мемлекет міндеттерінің Конституциямен қорғалатын және ең басында адам, оның қадір-қасиеті, құқығы және бостандығы тұратын құндылықтардың барлық жүйесімен байланысын айрықша атап өткен жөн.

Қорыта келе, мынадай:

а) адам құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығының негізі оның қадір-қасиеті болып табылады;

б) мемлекет адамның қадір-қасиетін құрметтеуге және қорғауға міндетті деп тұжырым жасауға болады.

Конституциялық тәртіп пен конституциялық принциптердің өзге негіздері қатарында адам құқықтары мен бостандықтарының мызғымас бөлігі ретінде оның қадір-қасиеті туралы ереже басымдылыққа, үстемдікке ие.

Адамның қадір-қасиетін жан-жақты, абсолютті, мемлекеттің қорғауындағы конституциялық құндылық ретінде тану Қазақстан Республикасындағы адамның құқықтық мәртебесінің маңызды сипаттамасы болып табылады.

Адамның құқығы жеке адамның құндылығынан туындайды. Өз кезегінде, адамның қадір-қасиетін жоғары құндылық деп тану конституциялық принципінен мемлекеттің бірқатар міндеттері туындайды – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, оны қамтамасыз ету, кепілдік беру, сақтау және қорғау.

Адамның қадір-қасиетін құрметтеу және қорғау императиві сөзсіз жалпы бостандықтың және адамның жекелеген құқықтарын іске асыру мүмкіндігіне бастайды, нәтижесінде азаматтық қоғам мен демократиялық, құқықтық мемлекет қалыптасады. Адамның қадір-қасиетін тану, құрметтеу және қорғау – құқықтық және демократиялық қоғамның негізі.

Мемлекеттің адамның қадір-қасиетін *құрметтеу* міндеті қандай да бір араласудың, оның ішінде қадір-қасиетіне құқығына кез келген шектеудің болмауын (субъективті) көздейді. Өзге де негізгі құқықтар жағдайында мемлекет белгілі бір алғышарттар болған кезде оларға араласады, сондай-ақ шектеулерді қарастырады және жүзеге асыра алады. Конституция ешқандай жағдайда және ешбір шарттармен қадір-қасиет құқығын шектеуге жол бермейді.

Конституцияның 17-бабының 2-бөлігінде азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға тыйым салынған.

Бұл конституциялық норма адамның қадір-қасиеті мен дербес құқығын қамтамасыз етудің маңызды кепілі ретінде қарастырылады. Бұл АҚЖД 5-бабында, АСҚХП 7-бабында, БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Барлық адамдарды азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы БҰҰ Декларациясының 3-бабында, (1975 ж.), «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясында (1984 ж.) бекітілген халықаралық құқықтың негізін құрайтын принцип.

Жоғарыда айтылған халықаралық құжаттарға сәйкес азаптау деп қандай да бір адамға одан немесе үшінші адамнан мәлімет немесе мойындау алу, ол немесе үшінші адам жасаған немесе жасағанына сезік келтірілген әрекетіне оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды қорқыту немесе мәжбүрлеу үшін дене немесе адамгершілік қатты зақымдары немесе азап шегуі қасақана жасалатын немесе кез келген сипаттағы кемсітушілікке негізделген кез келген себеп бойынша мұндай зақымды немесе азап шегуді мемлекеттік лауазымды тұлғамен немесе ресми түрдегі басқа да адаммен немесе олардың азғырушылығы немесе олардың келісімімен немесе үнсіз келісу бойынша келтірілетін кез келген іс-әрекет (әрекетсіздік) деп түсіндіріледі.

Адам құқығы бойынша Еуропалық сот атап өткендей, азаптаулар мен адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттерде, әдетте, мына екі элемент міндетті түрде болады: *іс-әрекеттің бірнеше рет жасалуы және қызметіне салғырттық.*

Іс-әрекеттің бірнеше рет жасалуы, әдетте, азаптаулар мен адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттердің көптеген жағдайларының (эпизод) болуымен сипатталады, бұл белгілі бір жалпы жағдаяттың

көрінісі болып табылады, яғни бұл әрекеттер сол мемлекеттік органдардың жұмыскерлерімен белгілі бір санаттағы адамдарға жиі қолданылады.

Қызметіне салғырттық деген – адамға қатысты қолданылатын іс-әрекет заңсыз болса да, мемлекеттік органдардың оларға қатысты салғырттығын білдіреді.

Еуропа соты шығарған шешімдерді зерделеу азаптау сияқты әрекетті бағалау үшін мына үш элементтің болуы міндетті екені көрсетеді:

- 1) қатты дене зақымдарын немесе жан азабын келтіру;
- 2) қасақана зардап шектіру;
- 3) нақты бір мақсатты көздеу.

Тән және жан азаптарын тартқызуға бағытталған, азаптаудан қарқыны анағұрлым төмен және ұзаққа созылған тән немесе жан азабымен байланысы жоқ әрекеттерді қатыгез және адамгершілікке жат әрекеттер деп түсіну керек.

Қарқыны және мақсаттылығы деңгейі бойынша азаптаудан анағұрлым төмен қатыгездік адамгершілікке жат іс-әрекет ретінде сараланады. Дене және рухани азап келтіретін іс-әрекет өз кезегінде психикалық бұзылыстарға әкеп соғуы мүмкін.

Адамның қорқыныш, үрей және кемсіну сезімдерін тудыратын, қорлану, ерік-жігерінің жасуы және өзге де жағымсыз салдарға әкеліп соғатын әрекеттерді қадір-қасиетті қорлайтын әрекеттер деп түсіну керек. Еуропа сотына сәйкес айыпталушының өзінің қорлануын сезінуі жеткілікті, оның қоғам алдында қорлануды сезінуі міндетті емес.

Жазалаудың заңды немесе соларға тән шараларынан туындайтын жан азабы мен күйзелу азаптау болып табылмайды. Мысалы, адамды ұстап алу, қамау немесе жазалау, оның ішінде бас бостандығынан айыру белгілі бір жан азабын тартқызуы мүмкін, өзінің сипаты бойынша адамды қорлау элементтерін қамтуы мүмкін, алайда олар аталған ережені бұзу ретінде қаралмайды, себебі нақты бір адамға қатысты жаза тағайындау, оны «қорлау» басқа адамдардың құқықтарын, конституциялық құндылықтарын қорғауға бағытталған¹.

Еуропа соттарының өлшемдеріне сәйкес жан азабын ғана емес, белгілі бір дене азабын (мысалы, дене жарақатын келтіру) қолдануды көздейтін жаза қатыгез жаза саналады. Мазмұны мен қолдану тетігі бойынша жазалаудың басқа түрлерінен қорлау дәрежесімен ажыратылатын жаза адамның қадір-қасиетін қорлау ретінде саналады. Адамның қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттерге жол бермеу талабы кез келген жариялы әрекет кезінде, мысалы жаппай тәртіпсіздік іс-шараларының жолын кесу, кепілге алынған адамдарды босату және өзге де әрекеттерді орындау кезінде ескерілуі тиіс.

¹Еске сала кеткен ережемен сондай-ақ, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану институты тығыз байланысты.

18-бап

1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

2. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына, өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына конституциялық құқықтарын, құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігіне құқығын одан әрі қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды заңнамалық актілер қабылданды.

Мұндай мысалдардың бірі «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы болып табылады, ол Осы Заң дербес деректер саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ дербес деректерді жинаумен, өңдеумен және қорғаумен байланысты қызметтің мақсатын, қағидаттарын және құқықтық негіздерін айқындайды (Заңның кіріспесі). Осы Заңның мақсаты адамның және азаматтың дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады (Заңның 2-бабы).

Заңмен дербес деректер сияқты ұғымдар енгізілген, олар мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

және биометриялық деректер – дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын дербес деректер, олардың негізінде осы субъектінің жеке басын анықтауға болады (аталған Заңның 1-бабының 1 және 2-тармақтары).

Заңға сәйкес дербес деректер қолжетімділігі бойынша жалпыға бірдей

қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі болып бөлінеді. Жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректер – субъектінің келісімімен еркін қол жеткізуге болатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын дербес деректер. Халықты ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздері (оның ішінде өмірбаяндық анықтамалар, телефон, мекенжай кітаптары, жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстар, бұқаралық ақпарат құралдары) пайдаланылады. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректер – Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолжетімділік шектелген дербес деректер.

Түсіндіріліп отырған конституциялық ережелермен байланысты жекелеген ережелер құқық қорғау қызметі туралы ҚР Заңында бекітілген.

Бұл Заңға арнайы 42-бап енгізілген, ол жеке істі және есепке алу құжаттарын жүргізуді көздейді. Оған сәйкес құқық қорғау органында қызметкерлердің дербес деректерін, қызмет әрекеттері мен құқық қорғау қызметіндегі өтілі туралы мәліметтерді қамтитын жеке істер, есепке алу құжаттары жүргізіледі.

Заңда қызметкердің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау кезінде құқық қорғау органында сақталуы міндетті талаптар белгіленген. Осылайша, қызметкердің дербес деректерін жинау және өңдеу қызметкердің құқық қорғау қызметін өткеруіне, оқуына және лауазымдық өсуіне ықпал етуді, қызметкердің жеке басының және оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ оған тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, лауазымдық міндеттерін атқару нәтижелерін есепке алу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл ретте, қызметкерден алынған дербес деректердің анықтығын тексеру қамтамасыз етілуі тиіс. Қызметкердің дербес деректерін заңсыз пайдаланудан немесе жоғалтудан қорғау осы Заңмен көзделген тәртіппен құқық қорғау органының қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкердің жазбаша нысанда білдірген келісімінсіз оның дербес деректерін үшінші тарапқа беруге жол берілмейді. Қызметкердің жеке ісіне құқық қорғау органының қызметін қамтамасыз етуге қажетті, құқық қорғау қызметіне тұрумен, оны өткерумен және құқық қорғау қызметінен шығумен байланысты оның дербес деректері және өзге де мәліметтер енгізіледі. Құқық қорғау немесе әскери қызметті өткерген (өткеріп жатқан) азаматты (қызметкерді) қабылдау (ауысу) кезінде азаматтың (қызметкердің) құқық қорғау немесе әскери қызметті өткерген (өткеріп жүрген) мемлекеттік органдардан немесе ұйымдардан құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшысының сұратуы бойынша құқық қорғау органының мекенжайына қызметкердің сіңірген еңбегінің есебі, қызметтік тізімінің көшірмесі, соңғы аттестаттау бойынша қорытындысы және қызметтік әрекетін сипаттайтын басқа да материалдар жіберіледі (1, 2, 3, 4-тармақтар).

Қызметкердің жеке ісінде және есепке алу құжаттарында қамтылған мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларға жатады. Басқа қызметкердің дербес деректерін алуды, сақтауды, өңдеуді, пайдалануды және беруді реттейтін нормалардың бұзылуына, сондай-ақ осындай деректердің жоғалуына немесе жария болуына кінәлі қызметкер осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жауаптылықта болады (5, 6- тармақтар).

Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы туралы кодексіне сәйкес жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар құпиялы электрондық ақпараттық ресурстар санатына жатады, олардың жиналуы, өңделуі жинау мақсаттарымен шектеледі. Егер осы Кодексте және өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін дербес деректерді жинау, өңдеу жеке тұлғаның (пациенттің) немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады. Жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды алған ақпараттық жүйелердің меншік иелері немесе иелері оларды қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті. Мұндай міндет жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар алынған кезден бастап оларды жойып жібергенге дейін не иесіздендіргенге дейін немесе осы дербес деректер өзіне қатысты адамнан оларды жария етуге келісім алынғанға дейін туындайды. Жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды мүліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды шектеу мақсатында пайдалануға жол берілмейді. Медицина қызметкерлеріне медициналық қызметті жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсат беріледі (28-бап).

Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңында Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында белгіленген азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ережелер бекітілген.

Заңға сәйкес ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы (Заңның 1-бабының 12) тармақшасы). Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі принциптерінің бірі жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-

ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау болып табылады (Заңның 3-бабының 2-тармағы).

Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар құпиялы электрондық ақпараттық ресурстар санатына жатады, олардың жиналуы, өңделуі жинау мақсаттарымен шектеледі. Электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеке тұлғалардан олардың жеке және отбасының құпиясын қамтитын жеке өмірі, оған қоса олардың шығу тегі, денсаулығы, көзқарастары, саяси және діни нанымдары туралы мәліметтер беруді қоса алғанда, жеке тұлғалардың хат алысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарларының құпияларын талап етуге немесе мұндай мәліметтерді олардың еркінен тыс өзгеше түрде алуға ешкімнің құқығы жоқ. Дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстар үшін сол деректер өзіне тиесілі жеке тұлға оларды берген кезден бастап құпиялылықтың сақталуы міндетті. Жеке тұлғалар туралы дербес деректерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды мүліктік және (немесе) моральдық зиян келтіру, заңдарда кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды шектеу мақсатында пайдалануға жол берілмейді (Заңның 36-бабы).

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін жеке тұлғалардың дербес деректерінің тізбесіне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 117 қаулысымен бекітілген) мыналар жатады: Т.А.Ә, тегі мен атының транскрипциясы, туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері, ұлты, жынысы, отбасылық жағдайы, азаматтығы туралы мәліметтер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы), Қазақстан Республикасы азаматтығын алған күні, Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті), қолы, заңды мекенжайы, заңды мекенжайын тіркеген (тіркеуден шығарған) күні, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжатты берген күні; құжаттың қолданылу мерзімі; құжатты берген орган).

Заңнамаға «құқықтық ақпарат» ұғымы енгізілген, ол дегеніміз Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша ауызша, жазбаша нысандарда, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында не көріп танысу түрінде ақпарат ұсыну арқылы белгіленбеген тұлғалар тобына көрсетілетін, мемлекет кепілдік берген заң көмегінің түрі («Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі № 122-V ҚР Заңының 1-бабының 1) тармақшасы).

18.1. Адамның жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының құпиясы болуы, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуы Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесінің айқындаушы факторлары болып табылады.

Адамның жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығының конституциялық жолмен баянды етілуі, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын, адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей танылған халықаралық актілерден туындайды. Осылайша, АҚЖД-да (3, 12-баптары), 1950 жылғы 4 қарашадағы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенцияда (5, 8-баптары), АСҚҚХП-де (17-бабы) әркімнің өмір сүруге, жеке бас бостандығына және жеке өміріне қол сұғылмауына құқығы бар деп бекітілген. Ешкім де оның және отбасының өміріне өз бетінше араласа алмайды, оның баспанасына, жазысқан хаттарының құпиясына немесе ар-намысы мен абыройына өз бетінше қол сұға алмайды. Әрбір адам осындай араласудан немесе осындай қол сұғушылықтан заң арқылы қорғалуға хақылы.

Адамның және азаматтың жеке басына қол сұғылмауына құқығы дегенде әрбір адамның Республика Конституциясы мен заңнамасында баянды етілген, жеке тұлғаның дене бітімі, психикалық және рухани өмірі мемлекет тарапынан мейлінше қорғалуына субъективті құқығын ғана емес, егер жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қайшы келмейтін болса, жеке басының қажеттілігін жүзеге асыру үшін өз игілігін кедергісіз пайдалануға мүмкіндік беретін шарттарды да түсінген жөн.

Адамның жеке өміріне қол сұғылмауы, өзінің және отбасының құпиясы Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен қорғалады. Адамның мінезіне, келбетіне, денсаулығына, материалдық жағдайына, отбасы жағдайына, өмір сүру салтына, өмірбаянының жекелеген деректеріне баға беретін мәліметтер осындай қорғауға жатады.

Адамның жеке басының және отбасының құпиясы оның жеке өмірінің бір бөлігі болып табылады, айтыла бермейтін және ішкі өмірінің қырларын құрайтын салаға жатады, олардың жария етілуін ол белгілі бір себептермен жөнсіз деп санайды: өсиет, бала асырап алу, дәрігерлік диагноздар, ақшалай салымдар және т.б. құпиясы.

Тұлғаны жеке өміріне заңсыз басып кіруден қорғау, өзінің және отбасының құпиясы бұзылуына жол бермеу, адамның ар-намысы мен абыройы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында және мемлекеттік органдардың немесе олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз іс-әрекеті (немесе әрекетсіздігі) үшін мемлекеттің жауаптылығы туралы конституциялық-құқықтық қағидатты нақтылай отырып, қолданыстағы заңнамада осындай іс-әрекет (іс-әрекетсіздік) арқылы келтірілген шығынға (зиянға) жол бермеудің, алдын алудың және орнын толтырудың немесе соған мөлшерлес өзгеше бір жауаптылықтың тәртібі мен шарттары белгіленген.

Бұдан басқа Республиканың заңнамасында адамның ар-намысы мен абыройын қорғаудың құқықтық тәсілдері, көрсетілген жеке конституциялық құқықтарды бұзғаны үшін жауаптылыққа тартудың нысандары мен тәртібі белгіленген. Адамның ар-намысы мен абыройын қорғаудың

негізгі құқықтық тәсілдері әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық, халықаралық-құқықтық жауаптылықтың тетіктері болып табылады. Адамның ар-намысы мен абыройын құқықтық қорғау дегеніміз құқықтар бұзылған жағдайда немесе оның құқығына біреу таласқан жағдайда қолданылатын заңды шаралар.

Жаңадан қабылданған ҚР ҚПК-нің 16-бабына және ҚР ӘҚтК-нің 16-бабына сәйкес азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасы құпиясы заңның қорғауында болады. Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде әркімге жеке (жеке және отбасылық) өміріне қолсұғылмаушылық құқығы қамтамасыз етіледі. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Сонымен бірге ҚР ҚПК-нің 16-бабында заңда көзделген жағдайлардан басқа, ешкім адамның келісімінсіз оның жеке өмірі туралы ақпарат жинауға, сақтауға, пайдалануға және таратуға құқылы емес.

Адамның жеке өмірі туралы осы Кодексте көзделген тәртіппен алынған ақпаратты қылмыстық процесс міндеттерін орындаудан басқаға пайдалануға болмайды.

Сотталғандарды түзеуге қамқоршылық кеңестер мен қоғамдық байқау кеңестері, сотталғандардың ата-аналар комитеттері, кәсіптік одақтар, еңбек ұжымдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, қоғамдық қорлар мен қайырымдылық қорлары, саяси партиялар, басқа да ұйымдар, сондай-ақ азаматтар сотталған адамның жеке өмірі туралы өздеріне мәлім болған мәліметтерді оның келісімінсіз жариялауға құқылы емес. Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады (ҚАЖ-дың 8-бабы).

ҚР ӘҚтК жеке өміріне қол сұғылмаушылық принципінің егжей-тегжейін аша отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде іске қатысатын адамның абыройын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін шешімдер мен әрекеттерге тыйым салынады, жеке өмір туралы мәліметтерді, сол сияқты адам құпия сақталуы қажет деп есептейтін жеке және іскерлік сипаттағы мәліметтерді ҚР ӘҚтК-де (15-бап) көзделмеген мақсаттар үшін жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді деп белгілейді.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу барысында өздеріне белгілі болған адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді осы адамның келісімінсіз жария етуі, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады (ӘҚтК-нің 508-бабы).

Адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау және (немесе) өңдеу нәтижесінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру; дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды қолдану міндеті жүктелген адамның мұндай шараларды сақтамауы, егер бұл іс-әрекет адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе қылмыстық жауаптылық белгіленген (ҚР ҚК-нің 1, 2 – бөліктері). Жоғарыда көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жасалған әрекеттің ауырлығына байланысты айыппұл салуға не екі жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Адам өзінің қызмет бабын немесе ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып не электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйеге заңсыз кіру немесе телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты заңсыз ұстап қалу арқылы не өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында жасаған іс-әрекеттер, сол сияқты осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді көпшілік алдында сөйлеген сөзде, көпшілікке көрсетілетін шығармада, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып тарату өте қатаң жазаны көздейді (ҚР ҚК-нің 147-бабының 3-бөлігі).

ҚР ҚК-де (131-бап) қорлағаны, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіткені үшін жауаптылық көзделген.

Жалпы, жеке құпия дегеніміз тұлғаның қоғамды өзін-өзі ұстауын белгілеуге, ақпарат режимін өз бетінше реттеуге және осы құқықтарды сақтауды өзге адамдардан талап етуге құқығы бар дегенді білдіреді. Отбасы құпиясы жай ғана бірнеше адамның құпиясы емес, бір-бірімен қандас және басқалай да туыстық байланыстары бар адамдардың отбасы мүшелерінің жүріс-тұрысын айқындайтын деректерді жасыруға құқығы отбасылық құпия болып табылады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР кодексінің 1-бабының 29) тармақшасына сәйкес отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы.

Отбасында жалпы отбасылық құпия да, отбасының жекелеген мүшесінің өз басының құпиясы да болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда жеке бас құпиясы мен жалпы отбасылық құпия ұштасуы немесе бір-бірінен алшақтауы мүмкін. Бұл ұғымдар өзара тығыз байланысты және араларындағы шекара тек шартты түрде ғана. ҚР АҚ-нің (Жалпы бөлім) 115-бабының 3-бөлігіне сәйкес жеке өміріне қол сұғылмаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, тұлғаның абыройы жеке мүліктік емес игіліктер

мен құқықтарға жатады. Бұл конституциялық құқықтардың сот арқылы қорғалуы талап қою мерзімімен шектелмейді (ҚР АҚ 187-бабының 1) тармақшасы).

Адамның жеке басының және отбасының құпиясына құқығы оның табиғи құқығы болып табылады, ол әркімге тумасынан жазылған және адамның ішкі әлемі мен мүдделеріне қол сұғылмауына бағытталған материалдық емес игіліктерге жатады. Адамның ішкі әлемі оның жеке өмірін сипаттайды.

Осы құқықтарды жүзеге асыру процесіне, бір жағынан, Қазақстан азаматы, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, ал екінші жағынан мемлекеттік органдар қатысуы мүмкін.

Жеке басына қол сұғылмауына конституциялық құқықты қорғау жөніндегі құқықтық қатынастардағы заңгерлік міндет мемлекеттік органдарға ғана жүктеледі. Алайда, бұл құқықты құзырлы мемлекеттік органдар (заңды тұлғалар) да, жекелеген азаматтар (жеке тұлғалар) да, олардың бірлестіктері де сақтауға тиіс.

Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауы, жеке және отбасының құпиясы, ар-намысы мен абыройы қорғалуы құқығына кепілдік берілетін конституциялық ережелер Республиканың қолданыстағы құқығында қайталанатын, немесе басқаша түрде бекітіледі. Конституция бұл құқықтардың шектелуіне жол берілетінін жоққа шығармайды, өйткені Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сай қылмыстық әрекет адамның келісімінсіз оның жеке өмірі туралы мәліметтер жинауға, сақтауға және таратуға тыйым салынған жеке өмірі саласына жатпайды, сондықтан жедел-ізвестіру шараларын жүргізу Конституцияның 18-бабында көзделген конституциялық құқықтарды бұзу деп қарастырылмайды.

Сонымен бірге, ҚР ҚПК 13-бабында қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық процеске қатысушы адамдардың абыройын түсіретін немесе қадір-қасиетін кемітетін шешімдер мен іс-әрекеттерге тыйым салынады, адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді, сонымен бірдей ҚПК-да көзделмеген мақсаттар үшін адам құпия сақтау қажет деп санайтын жеке сипаттағы мәліметтерді жинауға, пайдалануға және таратуға жол берілмейді. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен адамға келтірілген моральдық зиян заңда белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Қолданыстағы заңнамалар мемлекеттік органдарды, лауазымды тұлғаларды және өзге де субъектілерді жеке тұлғалардың, соның ішінде заңды тұлғаның мүддесін танытушы тұлғалардың келісімінсіз олардың

жеке өмірі туралы мәліметтерді немесе мемлекеттік не заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге; жеке тұлғаның жеке басы туралы өтінішке қатысы жоқ деректердің анықталуына жол бермеуге міндеттейді («Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 ҚР Заңының 15-бабы 2-тармағының 9) тармақшасын қараңыз).

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 50-бабының 4-тармағында банк құпиясы клиентке ғана, шот (мүлік) иесінің жазбаша нысанда берген келісімінің негізінде не шот иесінің сәйкестендіру құралы арқылы кез келген үшінші тұлғаға, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыздар, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операциялар, вексельдерді есепке алу, сондай-ақ банк шығарған кепілдіктер, кепілгерліктер, аккредитивтер бойынша кредиттік бюроға, сондай-ақ осы баптың 5, 6, 6-1, 7, 7-1, 7-2, 8 және 8-1-тармақтарында аталған адамдарға осы бапта көзделген негіздер бойынша және шектерде ашылуы мүмкін деп көзделген.

Конституция әркімге өзінің ар-намысы мен абыройын қорғау құқығын береді (18-баптың 1-тармағы), әркімді басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге (34-баптың 1-тармағы) міндеттейді, Республика Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тимеуін бекітеді (46-бабының 1-тармағы).

«Сот тәжірибесінде жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы» ҚР ЖС 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысына сәйкес «ар-намыс деген - азаматтың рухани және әлеуметтік сапасының биіктігі, қоғам бағасы. Абырой деген – өз рухани байлығын, рухани санасын, қоғамдағы маңыздылығын, орнын адамның өзінің іштей бағалауы». Осы нормативтік қаулыда сондай-ақ азаматтардың және ұйымдардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтерді тарату деп мына жағдайлар танылады: басылымдарда жарияланған, радиодан, теледидардан, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы хабарланған, қызметтік, партиялық және басқа да мінездемелерде, арыздарда, әртүрлі ұйымдарға жолданған хаттарда көрсетілген, көпшілік алдында сөйлеу кезінде, лауазымды адамдарға, немесе басқада, оның ішінде бір немесе бірнеше адамға ауызша айтылған мәліметтер. Осындай мәліметтерді интернет-ресурстарда жариялау да оларды тарату деп есептелетінін айта кеткен жөн, өйткені «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға сәйкес интернет-ресурстар бұқаралық ақпарат құралдарына жатқызылған. Өзіне қатысты осындай мәліметтерді сол адамға хабарлау мәліметтерді тарату деп танылмайды. Адамның немесе ұйымның заңдарды, қоғамның әдептілік принциптерін сақтауы (мәселен, арсыз қылық жасағаны, еңбек ұжымында, отбасында өзін лайықты ұстамауы туралы мәліметтер, өндірістік-шаруашылық қызметіне,

абыройлы атына кір келтіретін мәліметтер және т.б.) тұрғысынан қоғам алдында немесе жеке адамдардың алдында ар-намысы мен абыройын түсіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтер кір келтіретін мәліметтер болып табылады.

Сонымен бірге адамның жұмысындағы кемшіліктерін, қоғамдық орындарда, ұжымда, тұрмыста өзін ұстауын сынайтын шынайы мәліметтерді теріске шығару туралы талабы негізді деп танылмайды. Адамның ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтердің шындыққа жатпайтыны анықталған жағдайда, ол мәліметтердің таратылуына кінәсі болмаса да, оларды теріске шығару міндеті жауапкерге жүктеледі.

18.2. ҚР КК 2009 жылғы 20 тамыздағы № 5 НҚ-да¹ Конституцияның 18-бабының 2-тармағына әркімнің жеке салымдары мен жинаған қаражатына құқығы бөлігінде ресми түсіндірме берілді.

Осы көрсетілген нормативтік қаулыда атап көрсетілгендей, Конституция меншік иесіне өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатына иелік ету, оларды пайдалану және оларға билік ету құқығын, ақшалай немесе өзге бір мүліктік сипаттағы өзіне тиесілі қаражатты орналастыру, соның ішінде, банктік салымдар мен өзге бір шоттарда, шаруашылық жүргізуші субъекттердің жарғылық капиталдарында орналастыру және кәсіпкерлік пен өзге бір шаруашылық қызметінің заңмен рұқсат етілген нысандарында пайдалану арқылы осы көрсетілген құқықтарды іске асыру құқығын береді.

Салымшының өзі туралы, оған тиесілі ақша немесе өзге мүлік туралы, солардың ішінде, банктік салымдары, өзге де шоттары мен жинаған қаражаты туралы, шаруашылық жүргізуші субъекттердің жарғылық капиталдарындағы үлестері және өзге де мүлкі, сондай-ақ олармен жасалатын операциялар туралы заңмен қорғалатын кез келген, тұлғалардың шектеусіз тобы үшін жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын мәліметтер жеке салымдар мен жинаған қаражаттың құпиялылығын құрайды. Бұл түпмәтінде, әркімнің құпиясы сақталуына конституциялық құқығы, салымшының тек өзі ғана өз қалауы бойынша оған билік ете алатынын (соның ішінде мәліметтерді біреуге беретінін) білдіреді.

Әркімнің өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының құпиялылығы сақталуына құқығын шектеудің жол берілетін шектері мен тәртібі, сондай-ақ мұндай шектеудің өлшемдері конституциялық талаптарға, солардың ішінде, Конституцияның 39-бабында белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

¹ҚР КК 2009 жылғы 20 тамыздағы «ҚР Конституциясының 18-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру және «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы» № 5 НҚ.

Жеке салымдар мен жинаған қаражаттың құпиялылығы сақталуына заңмен белгіленетін шектеулер тиісті құқықтық қатынастардың табиғатына бара бар, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін мөлшерлес болуға және әділдік принциптеріне сәйкес келуге тиіс. Конституцияның 39-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруға қажетті жағдайларда және сол тәртіппен, мемлекеттің банк, қаржы-несие институттарына, кәсіпкерлік және өзге де шаруашылық жүргізуші субъекттерге жеке салымдар мен жинаған қаражат құпиясын құрайтын ақпаратты заңмен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына беру міндетін жүктеуіне жол беріледі.

Заңда осындай шектеулер қойылуына мүмкіндік беретін негіздер болып, олардың толық тізбесі айқындалуға, сондай-ақ жеке салымдар мен жинаған қаражат құпиясын құрайтын мәліметтердің заңсыз түрде жария етілмейтін жағдайларда сұралуын, алынуын және пайдаланылуын қамтамасыз ететін кепілдіктер көзделуге тиіс.

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы ҚР Заңына сәйкес ақшамен, өзге мүлікпен жасалатын күдікті операциялардың барлығы қаржы мониторингінің нысанына жатады, қаржы мониторингі дегенде, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар туралы қаржы мониторингі субъекттерінен келіп түсетін ақпаратты жинақтауды және оны талдауды түсінеміз. Азаматтардың конституциялық құқықтарын заңмен осылайша шектеуді Конституциялық Кеңес Конституцияға сәйкес келеді деп тапты.

Осылайша, жоғарыда аталған Заңның 3-бабында қаржы мониторингін жүзеге асыру – ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы қаржы мониторингі субъектілерінен келіп түсетін ақпаратты жинақтау және талдау, – азаматтық-құқықтық айналымның бірқатар субъекттеріне (банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға; биржаларға; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, сақтандыру брокерлеріне; жинақтаушы зейнетақы қорларына; бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, орталық депозитарийге; ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен нотариаттық іс-қимылды жүзеге асыратын нотариустарға; аудиторлық ұйымдарға; ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға; ақша аударымы қызметін көрсететін пошта операторларына) жүктелген.

Адвокаттар, заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандар - мынадай қызметтерге: жылжымайтын мүлікті сатып алуға және сатуға; клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға; банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға; компанияларды құру, олардың жұмыс істеуін немесе оларды басқаруды қамтамасыз ету үшін қаражат жинақтауға; заңды тұлғалардың не құрылымдардың кәсіпорындар

құруға, оларды жұмыс істетуге немесе басқаруға және сатып алуға-сатуға қатысты клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда қаржы мониторингін жүзеге асырады.

Хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясына конституциялық құқықтан әркімнің хат жазысуы, телефон арқылы сөйлесуі, пошта, телеграф және өзге де хабарлары туралы мәліметтердің немесе өзге де ақпараттың құпиялылығы сақталуына құқығы да, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, телекоммуникация қызметін іске асыратын пошта, телеграф және өзге де қызметтердің байланыс және телекоммуникациялар желілері арқылы берілетін хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарларды құпия түрде сақтау міндеті, сондай-ақ мемлекеттің осындай құқықтың заң шығаруда және құқық қолдануда қамтамасыз ету міндеті де туындайды.

Сол арқылы, Конституция азаматтардың жеке өмірі, соның ішінде олардың жеке құпиясы, хат жазысуы, поштамен, байланыс және телекоммуникациялар желілері арқылы берілетін телефон арқылы сөйлесуі, поштамен жөнелтулері, телеграфтық және өзге де хабарлары туралы мәліметтерді қорғаудың кепілдігі және тәсілі ретінде құқықтық режим мен заңнамалық реттеудің негіздерін айқындайды. Хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы институты өзінің табиғаты мен мақсатына қарай жеке-көпшілік сипатқа ие және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен бұл құқық шектелетін жағдайларды қоспағанда, пошта байланысы мен телекоммуникациялар жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Жария функцияларды атқарушы болып табылатын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының байланыс операторларымен, пошта және телеграф мекемелерімен қарым-қатынасындағы құқықтық құзыретінің заң шығарушы белгілейтін көлемі мен мазмұны, сондай-ақ азаматтардың пошталық, телеграфтық және өзге де ақпаратты тасушы болып табылатын ұйымдармен де, азаматтардың жеке өмірі мен жеке құпиясына қол сұға отырып, жоғарыда көрсетілген функцияларды жүзеге асыру мақсатында ғана құпияны пайдалана алатын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларымен де қарым-қатынасындағы құқықтары мен міндеттерінің заң шығарушы белгілейтін көлемі мен мазмұны осы арқылы анықталуға тиіс.

Осылайша, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы, тұлғаның құқықтарын бұзуы мүмкін мәліметтерді заң талаптарына орай пошта және телекоммуникация ұйымдарының қорғауын білдіреді.

Осы субъекттердің қажетті құпияны қамтамасыз етуге міндетті екенін, пошта және телекоммуникация байланысы қызметтерінің міндеттері

мен азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ескере отырып, құқықтық мемлекеттің конституциялық принциптерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат құндылық ретінде қорғауға және заңнама мен құқық қолдануда олардың тепе-теңдігін сақтауға мемлекеттің міндетті екенін, Конституцияның үстемдігін және ең жоғары заңдық күшін негізге ала отырып, қолданыстағы заңнамада дегенмен құпиялық құқығынан шегінулер де бекітілген.

Осындай шегінулер, атап айтқанда, мемлекеттік органдарға және олардың лауазымды тұлғаларына мәліметтер беру, Конституцияның 39-бабы 1-тармағының талаптарына жауап беруге, конституциялық маңызы бар құндылықтарды, солардың ішінде азаматтардың жеке және жария құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін барабар, мөлшерлес және қажетті болуға, тиісті конституциялық құқықтардың мән-жайына тиіспеуге, яғни осы құқықтарды баянды ететін конституциялық ережелердің негізгі мазмұнының шектері мен қолданылуын шектемеуге тиіс, және Конституцияның 39-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарды қамтамасыз ету қажеттілігімен ғана ақталуы мүмкін.

Жаңадан қабылданған Қазақстан Республикасының ҚК, ҚПК және ӘҚТК осы конституциялық құқықтардың қорғалуын күшейтеді.

Осылайша, ҚР ӘҚТК 21-бабының 3-бөлігінде жеке тұлғалардың жеке жазысқан хаттары мен жеке телеграф хабарлары өзара хат жазысқан және телеграф хабарларын алмасқан адамдардың келісімімен ғана ашық іс жүргізу кезінде жария етілуі мүмкін. Бұлай болмаған жағдайда осы адамдардың жеке жазысқан хаттары мен жеке телеграф хабарлары жабық іс жүргізу кезінде жария етіледі және зерттеледі. Көрсетілген қағидалар жеке сипаттағы мәліметтерді қамтитын фото- және киноқұжаттарды, дыбыс және бейне жазбаларды, электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты зерттеген кезде де қолданылады.

Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылады (ҚР ҚК 148-бабы).

18.3. Конституцияның 18-бабының 3-тармағына орай азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын кез келген ақпарат (мемлекеттік құпиядан тұратын мәліметтерді, жеке өмірі туралы мәліметтерді, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық, кәсіби және ойлап тапқыштық қызметімен байланысты мәліметтерді қоспағанда), егер заң шығарушы осындай ақпараттың айрықша түрде қорғалуы қажеттігін және мөлшерлестігін негіздейтін конституциялық принциптерге сәйкес оның арнаулы құқықтық мәртебесін көздемеген болса, азамат үшін қол жетімді болуы тиіс.

Әкімшілік рәсімдер туралы ҚР Заңына сәйкес ақпараттық алмасуға қойылатын талаптар белгіленген. Аталған Заңда ақпараттық рәсімдер мемлекет мүддесімен байланысты қызметтік және өзге ақпараттың таралуына жол бермеуге тиіс деп айтылған. Мемлекеттік қызметшілерге

оларға жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін ғана ұсынылады. Бұл ақпарат қызметтен тыс мақсатта пайдаланылмауға тиіс.

Қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін Үкімет белгілейді (13-баптың 4-тармағы). Заңның 15-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы азаматтардың құқықтарын іске асыру рәсімдерін белгілейді, олар азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиялары туралы мәліметтерді олардың келісімінсіз жария ету мүмкіндігіне жол берілмеуін көздейді.

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының Конституцияға сәйкес келуін қарау бойынша ҚР КК 2009 жылғы 20 тамыздағы № 5 нормативтік қаулысында мемлекеттік органдар ақпаратты Қазақстаннан тыс жерлерінде де пайдалануымен байланысты азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекет Республика азаматтарының құқықтарын барынша қамтамасыз ететін пәрменді тетікті құруға тиіс. Осы конституциялық талап заңда шет елдердің органдарына ақпарат берудің нақты тәртібін, сондай-ақ оны беруден бас тарту үшін негіздерді белгілеу қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдарды, қоғамдық бірлестіктерді және өзге де жария институттарды жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтауды міндеттейтін нормалар бірқатар заңнамалық актілерде бекітілген.

Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы ҚР Заңына сәйкес заңнамада белгілеген шектерде, ұлттық қауіпсіздік органдары әрбір азаматты оның құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Ұлттық қауіпсіздік органдарының, олардың қызметкерлерінің, әскери қызметшілері мен жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне ұлттық қауіпсіздік органдарына, прокуратураға немесе сотқа шағымдануға болады (Заңның 5-бабының 3, 4- тармақтары).

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік органдардың әрбір азаматқа арнайы есептердегі оларға қатысты оның құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қозғайтын мәліметтермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттейтін ережелер «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы ҚР Заңында көзделген. Ол туралы мәліметтерді арнайы есептерге заңсыз енгізу фактісіне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға болады. Адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау

мақсатында уәкілетті органдарға ұсынылған барлық бастапқы құқықтық статистикалық ақпараттың сақталуы қамтамасыз етіледі (9-бап).

Өзінің мүшелерін олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету міндеті қоғамдық бірлестіктер және саяси партиялар туралы заңдарда бекітілген.

19-бап

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы.

2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

ҚР Конституциясымен идеологиялық және саяси әралуандылық танылады (5-бап 1-тармақ). Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап 2-тармақ). Плюрализм, азаматтардың жариялы қатынастарға ұжымдық қатысуы жарияланады (5, 23-баптар).

Қазақстан толеранттылықтың, діни төзімділіктің және плюрализмнің дамыған ұлттық дәстүрлері бар көп этносты, көп партиялы және поликонфессиялы мемлекет болып табылады, осының барлығы әрбір нақты адамға өзінің ұлттық, діни, партиялық тиесілігін көрсетуге немесе көрсетпеуге мүмкіндік береді.

АҚЖБД 2-бабында әр адам нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан осы Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс деп анықталған.

Осы анықтама ҚР КК 1999 жылғы 10 наурыздағы №2/2 қаулысында көрсетілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін орнықтыра отырып (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы), сол немесе өзге бір себептер бойынша кімді де болмасын кемсітуге тыйым белгіледі және оны конституциялық кепілдіктер деңгейіне жеткізді».

Негізгі Заңның 14-бабының 2-тармағы: «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне,

дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды», – деп баянды етеді¹.

19.1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы деген конституциялық құқық Республикада қолданыстағы құқықпен реттеледі. Мәселен, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексте «баланың ұлты оның ата-аналарының ұлтымен айқындалады. Егер ата-аналарының ұлты әртүрлі болса, ұлты балаға жеке куәлік немесе паспорт берілген кезде оның қалауы бойынша әкесінің немесе шешесінің қай ұлтқа жататынына сәйкес айқындалады. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша тек қана ата-аналарының екіншісінің ұлтына өзгертілуі мүмкін (65-бап).

«Паспорттар, жеке куәліктер мен азаматтық хал актілеріндегі Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлты туралы жазбаны өзгертудің ұсынылған Ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 2 маусымдағы №326 қаулысымен анықталғандай, азаматтардың паспорттындағы және жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуді олардың жазбаша өтініштері бойынша берілген арызының негізділігін растайтын тууы туралы куәлік пен басқа құжаттардың негізінде әділет органдары бір рет жасайды. Ұлты туралы жазбаны өзгерту туралы өтініш негізделген болса, әділет органы өзгертілген ұлтымен Қазақстан Республикасы азаматының паспорттын немесе жеке куәлігін беру туралы қорытынды жасайды. «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін ақтау туралы анықтамалар негізінде Қазақстан Республикасының аумағына қуғын-сүргін кезеңінде күштеп қоныс аударылған Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарындағы, жеке куәліктері мен азаматтық хал актілеріндегі ұлты туралы жазбаны өзгертуге ерекше түрде рұқсат етіледі.

ҚР КК «Саяси партиялар туралы» Заңның Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестілігін тексеру туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі №6 қаулысында саяси партияларға еркін бірігу құқығы – ұжымдық құқық, оны Республика азаматтары бірлесіп және олардың әрбірінің жеке таңдауы бойынша іске асырады. Ол абсолютті болып табылмайды және заң шығару арқылы шарттастырылуы мүмкін. Мемлекет, саяси партиялардың, оның ішінде заңды тұлғалар ретінде, құқықтары мен заңды мүдделері сақталуын қамтамасыз ете отырып, сонымен бір мезгілде олардың құрылу және қызмет істеу жағдайлары мен тәртібін заң арқылы белгілеуге хақылы,

¹«Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1 және 2-тармақтарын, 24-бабының 2-тармағын, 77-бабының 3-тармағы 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы ҚР КК 1999 жылғы 10 наурыздағы №2/2 НҚ және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының 13-бабының конституциялылығын тексеру туралы» ҚР КК 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3 Қаулысын толығырақ қараңыз

бұл адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандарттарға жауап береді.

Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 5-бабы 8-тармағында, «азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді», – деп белгіленген. Заңның бұл ережесі Конституцияның әлеуметтік теңдік, қоғамдық келісім және Республиканың тұтастығы туралы жалпы ережелерімен келіседі, мемлекет пен қоғамдық бірлестіктердің өзара қарым-қатынастарының конституциялық негіздеріне сәйкес келеді. Конституцияның 5-бабы 1-тармағына сай, Республиканың мемлекеттік органдарында саяси партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді.

Саяси партиялар туралы ҚР Заңына сәйкес, азаматтарда саяси партияларға еркін бірігу құқығы бар. Саяси партияға мүше болу ҚР азаматының құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды. Әркім өзінің қандай партияға жататынын көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы (3-бап). Азаматтардан кез келген нысанда, оның ішінде ресми құжаттарда да, қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады (4-бап). Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптеріне негізделеді (5-бап).

Ар-ождан бостандығы құқығы (дін, діни наным) Конституцияда, көптеген дүние жүзі елдерінің заңнамаларында және халықаралық-құқықтық құжаттарда адамның ең басты құқықтарының бірі болып табылады. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар екені Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабында да көрсетілген. Айта кететін жайт, ұлттық заңдар мен халықаралық-құқықтық актілер бостандық туралы айта отырып, әртүрлі терминологияны пайдаланады. Халықаралық-құқықтық актілер ой, ар-ождан, дін бостандығы құқығын бірдей марапаттайды. Кейбір елдердің заңнамаларында ар-ождан бостандығы құқығы туралы айтылса, басқа елдерде дін және діни наным туралы айтылады¹.

Дін қызметі туралы ҚР Заңымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы №500 Жарлығымен мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең. Ешбір дін мемлекеттік

¹ Р. Подопригра. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы: Қазақстан Республикасы Заңына түсіндірме. Қайта өңделген және толықтырылған 4-ші басылым.— Астана: 2007. 5-бет.

немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарын бұзуға немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.

Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе балалардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды. Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады (ҚР Дін қызметі туралы Заңының 3-бабы).

Конституцияның 19-бабы 1-тармақшасының қағидасы айтылған Заңмен бірге Қазақстан Республикасы азаматтарына, шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға өздерінің дінге қарым-қатынасын таңдау құқығын береді және мемлекеттік органдар мен басқа бірлестіктерді адамның дінге көзқарасын таңдау, діни бірлестікке жататынын айту немесе оны жасыру, дінді үгіттеу құқығын сақтауға шақырады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 27-бабына сәйкес этникалық, діни және тілдік аз топтар бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, діни салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс. Қазақстан Республикасында 2009–2012 жылдарға арналған Адам құқығы саласындағы ұлттық жоспарда көрсетілгендей Қазақстандағы мемлекеттік саясат этносаралық салада мынадай бес әмбебап базалық принциптер арқылы жүзеге асырылады: этникалық, конфессиялық, мәдениетті, тілдің көптігі құнсыз байлық болып есептеледі; мәдениет пен тілді өркендету үшін мемлекет барлық мүмкіндіктерді жасап отыр; ұлттың басты құндылығы төзімділік пен жауапкершілік болды; мемлекет құрайтын этностың топтастыру рөлі; халық бірлігі. Құқықтық кепілдік пен басқа тілдерге деген сыйластық этностың өз тілі мен мәдениетін дамыту құқығын қорғайды.

ЕҚЫҰ құрылымдарының Қазақстандағы тіл саясатын зерделеу қорытындысында Қазақстандағы тіл саясаты ең ықыласты деп жарияланды. Мемлекет барлық ұлтты біріңғай ел ету ассимиляциясына талпынбайды, кейін келгендерді қуғындаудың кез келген түрін жоққа шығарады. Қазақстан әрбір ұлттың өз дәстүрін, мәдениетін, тілін қайта өркендеткенін, барлық қазақстандықтардың бірдей құқықтары мен мүмкіндіктері болғанын, ұлтына, тіліне, діни сеніміне қарамастан өздерін егемен Қазақстан азамат деп сезінгенін және соны мақтан тұтқанын қалайды. Бүгігі күнде біздің еліміздің ұлтаралық келісімді сақтап қалудағы тәжірибесін ТМД, Балтық жағалауы және Шығыс Еуропа мен алыс шетел елдері зерттеп, солардан қолдау тауып отыр¹.

19.2. ҚР Конституциясының 19-бабы 2-тармағымен ана тілі мен мәдениетін пайдалану, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алу конституциялық құқығы әркімнің ажырамас құқығы болып табылады және бұл құқықты жүзеге асыруды шектеу Конституцияда көрсетілмеген.

«Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысында Конституция әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Мемлекет қоғамда қызмет етуші кез келген тілді қорғауға және тіліне байланысты кемсітушіліктің алдын алуға тиіс деп көрсетілген.

Сондай-ақ Конституциялық Кеңес Негізгі Заңның тіл туралы нормаларының мәні мен мазмұнын түсіндіретін, оны қолдану жағдайлары мен тәртібін айқындайтын шешімдер қабылдады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін, Республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады.

Конституцияның «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген 7-бабының 2-тармағы мынадай деп түсіндіріледі: «аталған конституциялық норма біржақты түсіндіріледі, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады».

¹Қазақстан Республикасында адам құқығы саласындағы 2009–2012 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Т.Д.Әбішевтің, С.Т.Тұрсыновтың жалпы редакциялауымен.– Астана, 2009.–136 б.

«Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 НҚ және «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларын қайта қарау туралы» 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 НҚ көрсетілгендей, азаматтардың жеке конституциялық құқықтарына жеке тұлғаның ерік бостандығын және содан келіп шығатын іс-әрекеттерінің дербестігін тану негіз етіп алынған. Тиісінше, табиғи жаратылысынан осындай құқықтар мен бостандықтарға ие адам және азамат оларға өз қалауынша иелік ете алады.

ҚР Конституциясының 19-бабы 2-тармағымен бекітілген, әркімнің ана тілі мен мәдениетін пайдалану, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдау құқығы Республиканың қолданыстағы заңнамасымен реттеледі, онда осы құқықты іске асыру тәртібі түбегейлендірілген.

ҚР Тіл туралы Заңы Қазақстан Республикасында тілдерді қолданудың құқықтық негіздерін белгілейді. Мемлекет тілге қамқорлық жасауға, тілдерді қолданудағы кедергілерге жол бермеуге міндетті. Қазақстан Республикасы азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды. Ұлттық топтар жинақы тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін (6-бап). Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді. Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады (7-бап).

Білім беру жүйесінде мемлекеттік тілде, ал ұлт топтары жинақы тұратын жерлерде солардың тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі балалар ұйымдарын құру қамтамасыз етіледі. Балалар үйлерінде және оларға теңестірілген ұйымдарда оқыту, тәрбие беру тілін жергілікті атқарушы органдар олардағы балалардың ұлттық құрамын ескере отырып белгілейді. Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мемлекеттік тілде, орыс тілінде, ал қажетіне қарай және мүмкіндігі болған жағдайда басқа да тілдерде алуды қамтамасыз етеді. Мәдени шаралар мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізіледі (Заңның 16, 17-баптары).

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ана тілінде білім алу құқығы тиісті білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері болған жағдайда сыныптар, топтар

кұрумен, сондай-ақ олардың жұмыс істеуіне жағдай жасаумен қамтамасыз етіледі (9-бап).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен бірдей орыс тілі немесе басқа да тілдер қолданылады (1-тармақ). Іс бойынша іс жүргізілген тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта өзінің ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде өтініш жасау, түсінік және айғақтар беру, өтініш білдіру, шағым жасау, істің материалдарымен танысу, сөйлеу, осы Кодексте белгіленген тәртіппен аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі (3-тармақ). Қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдарға заң талабына орай қажетті істің басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етіледі. Сот процесіне қатысушы адамдарға соттағы айтылғандардың басқа тілде болған бөлігінің сот ісін жүргізу тіліне аудармасы тегін қамтамасыз етіледі (4-тармақ). Қылмыстық процесті жүргізуші органдар процеске қатысушыларға оларға сот ісін жүргізу тілінде тапсырылуы тиіс құжаттарды тапсырады. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған құжаттарының куәландырылған көшірмесі қоса беріледі (5-тармақ). Күдіктенуші, айыпталушы, сотталушы, сотталған, ақталған, жәбірленуші, куәгер және қылмыстық іске қатысушы тағы басқалар түсініктемені ана тілінде немесе білетін тілде көрсетеді.

Осы сияқты ережелер басқа да іс жүргізу заңнамаларында бекітілген. Қолданылып жүрген заңнамаларда тіл туралы заңнамаларды бұзғаны, лауазымды адамның тіл білмеймін деген сылтаумен құжаттарды, сауал салуды, өтініштерді немесе шағымдарды қабылдаудан бас тартқаны, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген (ҚР ӘҚТК 75-бабы), адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты тікелей немесе жанама шектегені үшін қылмыстық жауаптылық көзделген (ҚР ҚК 145-бабының 1-тармағы).

Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын, мәдениетті жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар Мәдениет туралы ҚР Заңымен реттеледі. Осы Заңның 1-бабына сәйкес мәдениет – адамзат жасаған әрі жасап отырған, жеке адамның жарасымды дамуына, Қазақстан Республикасы азаматтарының отаншылдығын тәрбиелеуге және эстетикалық қажеттері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған

материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы. Мемлекет қазақ халқының және этностық диаспоралардың тарихи мұрасын сақтау, қоғамның шығармашылық әлеуметін дамыту және молайту үшін құқықтық кепілдіктер жасайды.

Азаматтарды мәдени құндылықтарға баулу құқығы қамтамасыз етіледі. Осы құқықтың шектелуі ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимімен ғана айқындалуы мүмкін (10-бап). Азаматтар тарихи және мәдени мұраны сақтауға қамқорлық жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи құндылықтарды қастерлеуге, мәдениетті, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді, қазақ халқының және этностық диаспоралардың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеуге міндетті (11-бап). Мәдени-демалыс ұйымдарының негізгі міндеті халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру болып табылады. Мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі халық шығармашылығын, этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға, насихаттауға, оларды осы заманғы тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеуге бағытталған (27-бап).

20-бап

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

20.1. Сөз бен шығармашылық бостандығы демократиялық, құқықтық мемлекеттің маңызды құрама бөлшектері, азаматтық қоғамның рухани өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сөз бен шығармашылық бостандығы – бұл мемлекетпен белгіленген шектегі құқықтардың және адамдар арасындағы қоғамдық байланысты сипаттайтын мүдделердің күрделі жиынтығы, идеологиялық көп түрлілік пен қоғамдағы ой-пікірлердің бәсекесіне негізделген ұлт пен жеке тұлғаны рухани сәйкестендірудің ерекше құбылысы болып табылады.

Түсіндірме берілетін баптың бірінші тармағында бір мезгілде бірнеше өз алдына дербес, бірақ мазмұны жағынан жақын конституциялық ережелер айқындалған, олар адамның негізгі жеке құқықтары мен азаматтың саяси құқықтарын бейнелейді. Бап құқықтық мемлекеттің негізгі конституциялық қағидаттарының біріне арналған.

Конституцияның 12-бабы 1 және 2-тармақтарында «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі», «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» делінген. Келтірілген нормалардан байқағанымыздай, яғни мемлекет әр адамға Конституциямен және оған сәйкес нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шегінде құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.

Сөз бостандығы – бұл жеке тұлғаның жазбаша немесе баспа арқылы және өзге де нысанда жиналыстарда, митингтерде түрлі қоғамдық, мемлекеттік және өзге сипаттағы мәселелер бойынша еш кедергісіз өз көзқарастары мен сенімдерін білдірудің мемлекетпен кепілдік берілген мүмкіндігі.

Шығармашылық бостандығы – бұл жеке тұлғаның өзінің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеті, оның нәтижесі объективті нысанда білінеді.

Конституция жеке тұлғаға көркем құндылықтарды жасау немесе әдебиет және өнер туындыларын интерпретациялау (аудару), ғылыми зерттеумен, ойлап тапқыштықпен, сахналық өнермен, оқытушылықпен айналысу және т.б. құқығына кепілдік береді.

Сөз және шығармашылық бостандығының қағидаты халықаралық құқықтық құжаттарда да атап өтіледі.

Сөйтіп, АҚЖД 19-бабында: «Әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды» делінген.

АСҚХП 19-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес: «1. Әрбір адам өз ой-пікірін еш кедергісіз ұстануға құқылы. 2. Әрбір адам өз пікірін еркін білдіруге құқылы. Бұл құқық мемлекеттік шекараларға қарамастан кез келген ақпараттар мен идеяларды еркін іздеу, тауып алу және оларды өз қалауынша таңдап алған құралдар арқылы ауызша, жазбаша немесе баспасөз арқылы немесе көркемдік бейнелеу формалары түрінде тарату бостандығын да қамтиды» делінген. Сонымен бірге, ЕҚЫҰ көптеген мүше-мемлекеттер басшылыққа алатын халықаралық стандарттарын және адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы халықаралық құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ететін БҰҰ

Адам құқықтары жөніндегі Комитеттің өзге де органдарының қолда бар тәжірибесі адамның өз көзқарасын білдіру нысандарын кеңінен түсіндіреді, сондай-ақ адам мінезінің білінуін де, бұл едәуір дәрежеде соңғымен өз көзқарасын білдіруге бағытталған жағдайда, көзқарасты білдіру нысандарына жатқызады.

ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 НҚ дене мүшелерін зақымдау пікір (қарсылық) білдірудің нысаны болып табылуы және бас бостандығынан айрылған адамдардың өз құқықтарын қорғауының тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін деп түсіндірілген. Мұндай жағдайларда дене мүшелерін зақымдағаны үшін жауаптылыққа тартуды, Негізгі Заңның 20-бабымен кепілдік берілген сөз еркіндігінің құрамдас бөлігі болып табылатын пікірін еркін білдіру құқығын шектеу деп бағалаған жөн, деп атап өтілген¹.

ЭӘМҚХП 1-бабында шығармашылық бостандығы келесідей анықталған және белгіленген: «Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әрбір адамның: а) мәдени өмірге қатысу; б) ғылыми прогресс пен оларды іс жүзінде қолдану нәтижелерін пайдалану; с) өзі авторы болып табылатын кез келген ғылыми жұмыстарға, әдеби немесе көркем туындыларға байланысты туындаған моральдық және материалдық мүдделерін қорғауды пайдалану құқығын таниды. 2. Осы құқықты толық жүзеге асыру үшін осы Пактіге қатысушы мемлекеттер қабылдауға тиіс шараларға ғылым мен мәдениет жетістіктерін қорғау, дамыту және тарату үшін қажетті шаралар да кіреді. 3. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық қызмет үшін сөзсіз қажет бостандықты құрметтеуге міндеттенеді. 4. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ғылым мен мәдениет салаларындағы халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты көтермелеуден және дамытудан келетін пайданы таниды».

Қазақстан әртүрлі салада туындайтын шығармашылық қатынастарды құқықтық реттеуге арналған халықаралық шарттарды, конвенцияларды ратификациялау арқылы, оның ішінде: Әдеби және көркем туындыларды қорғау туралы Берн Конвенциясы (1886 ж.)², Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шарты (1996 ж.)³, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаулар мен фонограммалар жөніндегі шарты (1996 ж.)⁴, Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадридтік

¹ «Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 НҚ

² «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылуы туралы» 1998 жылғы 10 қарашадағы ҚР Заңы.

³ «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы» 2004 жылғы 16 сәуірдегі ҚР Заңы.

⁴ Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылуы туралы 2004 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

келісімге хаттама (1989 ж.)¹, Тауар таңбалары бойынша заңдар туралы Сингапур келісімшарты (2006 ж.)² және т.б., Конституцияда кепіл берілген нормалардың заңды күшін арттыра түседі.

Мәдениет туралы ҚР Заңының 1-бабының 18-тармағында мәдениет саласында шығармашылық қызметке мынадай түсінік берілген: «шығармашылық қызмет – кез келген нысанда және кез келген тәсілмен көркем құндылықтар жасауға немесе әдебиет пен өнер шығармаларын түрлендіруге (тәржімалауға) бағытталған қызмет». Осы Заңның 10-бабында азаматтардың мәдениет саласындағы шығармашылық қызметке құқықтарына мыналар жатқызылған: «1. Азаматтардың өз қабілеттеріне сай бұл қабілетін жұмсау саласын, іске асыру нысандарын өздігінен таңдау және кәсіби білім алу жолымен шығармашылық қызметпен айналысуға құқығы бар. Шығармашылық қызметпен айналысу кәсіби негізде де, кәсіби емес (әуесқой) негізде де жүзеге асырылуы мүмкін. 2. Азаматтарды мәдени құндылықтарға баулу құқығы қамтамасыз етіледі. Осы құқықтың шектелуі ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимімен ғана айқындалуы мүмкін. 3. Кәсіби және кәсіби емес (әуесқой) шығармашылық қызметкерлер зияткерлік меншік, өз еңбегінің нәтижелеріне иелік ету еркіндігі, мемлекеттің қолдауы құқықтары саласында тең құқылы. Азаматтардың кәсіби және кәсіби емес (әуесқой) шығармашылық қызметі ұжымдық немесе жеке негізде жүзеге асырылады. 4. Әрбір азаматтың мәдени құндылықтардың меншік иесі болуға құқығы бар. Жеке меншікті алу, пайдалану және оған иелік ету ҚР заңдарымен реттеледі. 5. Әрбір азаматтың өзінің шығармашылық қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдерге шығарып, көрмелер ұйымдастыруға немесе өзге де жолдармен ұсынуға және іске асыруға құқығы бар.».

Адамның және азаматтың шығармашылық бостандығына кепілдік беретін Негізгі Заңның нормасы зияткерлікті меншік саласында реттейтін заңнама үшін конституциялық негіз болып табылады, атап айтқанда: ҚР АҚ-нің «Зияткерлік меншік құқығы» 5-бөлімі, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы ҚР Заңы, 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының патентті заңы, «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі ҚР Заңы және «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 жылғы 29 маусымдағы ҚР Заңы, сондай-ақ қызметтің жоғарыда көрсетілген саласын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілуіне маңызды үлес қосады.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы ҚР Заңының 6-бабына сәйкес «Авторлық құқық мақса-

¹ «Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне хаттаманы ратификациялау туралы» 2010 жылғы 27 мамырдағы ҚР Заңы.

² «Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартын ратификациялау туралы» 2012 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

тына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады».

Конституция сөз бостандығы үшін қандай да бір идеологиялық шектеулер қоймайды. Негізгі Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады. Цензураға тыйым салынады.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңы 2-бабының 1-тармағында сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға ҚР Конституциясында кепілдік беріледі және цензураға тыйым салынады. Көрсетілген Заңда цензура – хабарламалар мен материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарымен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талаптары немесе өзге де негіздер бойынша хабарламалар мен материалдардың не олардың жекелеген бөлігінің таратылуын шектеу немесе тыйым салу мақсатында хабарламалар мен материалдарды алдын ала келісіледі деп түсіндіріледі. Заңның осы нормасының мазмұнынан бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары мен материалдары орналастырғанға дейін немесе басылғаннан кейін цензураға жатпайды.

20.2. Түсіндірме беріліп отырған баптың екінші тармағы әрбір адамның ақпаратты еркін алуға және кез келген заңмен тыйым салынбаған тәсілмен таратуға құқығын және цензураға тыйым салуды қамтамасыз етеді.

Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР Заңының 1-бабының 1) тармақшасына сәйкес ақпарат – ақпарат иеленуші алған немесе жасаған, кез келген жеткізгішке түсірілген және оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы мәліметтер екені айқындалған.

Конституцияның 20-бабының 2-тармағында жарияланғандай әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар, сондай-ақ мемлекеттің, лауазымды адамдардың, БАҚ мамандарының міндеті осы құқықты қамтамасыз етуі басқа конституциялық нормалармен жүйелі байланысынан тұрады, атап айтқанда: Конституцияның 18-бабының және 39-бабының 1-тармағының нормаларымен.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, көрсетілген құқыққа конституциялық-құқықтық қатынастардың барлық субъектілері ие екенін атап өту қажет, бұл ҚР КК 2003 жылғы 1 желтоқсандағы № 12 қаулысымен расталады, оған сәйкес «Конституция «Қазақстан Республикасының азаматы», «әрбір», «бәрі», «шетелдіктер» және «азаматтығы жоқ адамдар» деген ұғымдарды пайдалана отырып, адамның құқықтық мәртебесін саралайды. Бұл ретте, Конституцияның мәтінінде «әрбір» және «бәрі»

туралы айтылған кезде, Республика азаматы да, Республика азаматтығына ие емес адамдар да назарда ұсталынады.

Конституцияның 18-бабының 3-тармағына сәйкес азаматтың құқығы мен бостандығын қозғайтын кез келген ақпарат (мемлекеттік құпияны қамтитын мәліметтерді, жеке өмірі туралы мәліметті, сондай-ақ қызметтік, коммерциялық, кәсіптік және ойлап тапқыштық қызметпен байланысты құпия мәліметтерді қоспағанда) оған қолжетімді болуы тиіс, егер, заң шығарушы оны ерекше қорғау қажеттілігі мен ұйқастығымен негізделген конституциялық қағидаттарға сәйкес осындай ақпараттың арнайы құқықтық мәртебесі көздемесе¹.

Сөз бостандығына құқықты шектеу мүмкіндігі мен шарты, ақпараты алу және тарату АСҚХП-де көзделген.

Көрсетілген құжаттың 19-бабының 2-тармағына сәйкес «Әрбір адам өзінің пікірін еркін айтуға құқығы бар; бұл құқық мемлекеттік шекараға қарамастан, ауызша, жазбаша немесе баспа арқылы немесе айтудың көркем нысандарын немесе өзінің таңдауы бойынша өзге де тәсілдермен ақпарат пен ойлардың небір түрлерін іздеу, алу және тарату бостандығын қамтиды.». Осы баптың 3-тармағына сәйкес: «осы баптың 2-тармағында көзделген құқықтарды пайдалану ерекше міндет пен ерекше жауапкершілікті береді. Демек, ол кейбір шектеулермен ұштасқан болуы мүмкін, сонымен бірге: а) басқа адамдардың құқықтарын және абыройын құрметтеу үшін; б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық пен халықтың имандылығын сақтау үшін заңмен орнатылуы және қажетті болуы тиіс».

Жалпы, ақпаратқа қол жеткізу құқығы заңдармен және конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті сақтау, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажет болғанда ғана шектелуі мүмкін.

ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы нормативтік қаулысында: Өтініш нысанына қатысты қолданыста Конституцияның 39-бабы 1-тармағының ережелері, конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау, егер мұндай шектеу заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болса және әділдік талаптарына жауап берсе, тепе-тең, мөлшерлес және конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау үшін демократиялық мемлекетте қажет болып табылса, құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне себеп бола алатынын білдіреді. Конституцияның 39-бабының 1-тармағында «...шамада ғана...» деген сөздердің пайдаланылуы, қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу, сондай-ақ қылмыстың алдын алу шаралары қылмыстық жауаптылықтың әділдігі мен мөлшерлестігі принциптеріне,

¹ҚР Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Раритет, 2015. – 132-б.

сондай-ақ Негізгі Заңмен қорғалатын, ең қымбаты адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын құндылықтарға жауап беруге тиіс екенін болжамдайды.»¹.

Ақпаратқа қол жеткізу туралы ҚР Заңының 6-бабында: 1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдары туралы; 2) денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы; 3) терроризм актілерін жасау фактілері туралы; 4) экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы; 5) жеке және заңды тұлғаларға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы; 6) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу фактілері туралы; 7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшері туралы; 8) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мәтінін, сондай-ақ олардың жобаларын қамтитын; 9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы мен олардың жұмсалуды туралы; 10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы; 11) ақпарат иеленушілердің, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы; 12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын ақпаратты қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі ақпаратқа қол жеткізу шектелуге жатпайды.

Сонымен қатар осы Заңның 1-бабының 8) тармақшасына сәйкес қол жеткізу шектелген ақпарат – мемлекеттік құпияларға, жеке басының, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларға жатқызылған ақпарат, сондай-ақ «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар қызметтік ақпарат болып табылады.

Көрсетілген Заңның 10-бабына сәйкес Ақпаратқа қол жеткізу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі: 1) сұрау салу бойынша ақпаратты беру; 2) ақпарат иеленушілер орналасқан үй-жайларда және осы мақсаттарда бөлініп берілген өзге де орындарда ақпаратты орналастыру; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар

¹«Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 НҚ.

алқаларының отырыстарына қол жеткізуді және Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының ашық отырыстарын, оның ішінде бірлескен отырыстарын, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдарының ашық отырыстарын және мемлекеттік органдардың жыл қорытындылары бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету; 4) орталық атқарушы органдар (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін қоспағанда) басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау; 5) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру; 6) ақпаратты ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында орналастыру; 7) ақпаратты «электрондық үкімет» веб-порталының тиісті құрамдастарында орналастыру; 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

Ақпаратты тиісті тілде алудың заңнамалық кепілдері өзінің мәні бойынша маңызды болып табылады. Мәселен, Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңының нормаларында бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде таратылады, ал мемлекет ҚР тілдер туралы заңдарына сәйкес бұқаралық ақпаратты алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді¹.

«Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы ҚР Заңының 1-бабына сәйкес мемлекеттік құпиялар – таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздістірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер жатады. Ал мемлекеттік құпия – жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер. Сонымен қатар көрсетілген бапта мемлекеттік құпияларға жататын қорғалған ақпараттық жүйенің, және мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметті қамтитын электрондық ақпараттық ресурстардың анықтамасы берілген. Осылайша, мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалған ақпараттық жүйе – мемлекеттік құпияларды қамтитын ақпаратты жасауға, іздеуге, жинауға, өңдеуге, жинақтауға, сақтауға, таратуға, бейнелеуге, пайдалануға және тұтынуға арналған, қолжетімділігі шектелген ақпараттық жүйе болып табылады.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурс – электрондық-цифрлық нысанда берілген

¹Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. – Алматы: Раритет, 2015. – 552. 144-бет.

және электрондық жеткізгіште, мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерде қамтылған ақпаратты білдіреді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары болып табылатын мәліметтер тізбесі «Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР Заңының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын мәліметтер» деп аталатын 3-тараудың 11-14-баптарында бекітілген.

20.3. Түсіндірмеде беріліп отырған Конституцияның үшінші тармағы ақпаратты еркін алу және тарату және оларға құқыққа қатысты сөз бостандығын теріс пайдаланудан туындайтын мүмкіндіктерге қойылатын құқықтық шектеулерді белгілейді. Мәселен, конституциялық құрылысты зорлықпен өзгертуді насихаттауға немесе үгіттеуге, Республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін бұзуға, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық артышылықтарды бұзуға жол берілмейді. Көрсетілген конституциялық тыйым салулар тиісті заңдарда нақтыланған, оларда «насихаттау» және «үгіттеу» ұғымдарының мазмұны ашылған, оларды бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген, атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарының арнайы жауапкершілігі.

Түсіндірме беріліп отырған норма АСҚХП-нің 20-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес келеді: «1. Кез келген соғысты насихаттауға заңмен тыйым салынуы тиіс. 2. Кемсітуге, іріткі салуға немесе жауласуға арандату түрінде ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділікті жақтап кез келген жерде сөйлеуге заңмен тыйым салынуы тиіс».

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңының 13-бабының 3, 4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттау немесе үгіттеу, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру себептерін жоймау бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтатуға негіз болып табылады.

Көрсетілген Заңның 25-бабының 2-1-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді,

соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық астамшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылыққа тартылады.

ҚР ҚК-де басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру (161-бап); жалдамалылық (170-бап); билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту (179-бап); сепаратистік қызмет (180-бап); бұқаралық ақпарат құралдарында экстремистік материалдарды жариялауға рұқсат беру (183-бап); терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (256-бап) жағдайларында сөз бостандығы мен ақпаратты алу және тарату мақсатында құқықты теріс пайдалану үшін қылмыстық жауаптылық көзделген. Ал ҚР ӘҚТК-нің 453-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтер мен материалдар қамтылған бұқаралық ақпарат құралдары өнімін Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдау үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

21-бап

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар.

2. Әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

21.1. Конституцияның 21-бабының ережесі әркімнің еркін жүріп-тұру, келу және тұрғылықты жерін таңдау, елден кедергісіз шығу және қайтып оралу құқықтары туралы және көші-қон процесінің өзге де мәселелерін реттеу туралы халықаралық актілермен сәйкестендірілген және Қазақстандағы көші-қон институтының негізі болып табылады.

Тұңғыш рет Қазақстанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда мемлекеттің көші-қон

саясаты туралы конституциялық нормалар бекітілді, онда жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар нәтижесінде Қазақстан Республикасы территориясынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар территориясында тұратын қазақтардың өз территориясына және басқа да мемлекеттерге қайтып оралуы үшін жағдай жасаудың қажеттігі туралы ереже бекітілді.

Еркін жүріп-тұру құқығы кеңестік кезеңдердегі конституцияларда болмаған еді. Бұрын тіркеуге тұру және шығу туралы заңға тәуелді актілердің реттеу нысанасы болып табылатын көші-қон мәселелері адамның және азаматтың маңызды құқықтары ретінде конституциялық жолмен бекітілуі Қазақстанның халықаралық шарттарға қосылуы, Республиканың тиісті заңдарды қабылдауы үшін негіз болды.

Қазақстанда қазіргі таңда, түбегейлі ұйымдастырушылық құжаттарды қоса алғанда, көші-қон процестерін реттейтін көші-қон заңнамасы қалыптасты.

Осы көп аспектілі жұмыстың негізгі бағыттарын ҚР Президенті айқындады.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында «Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуға тиіс» деп айтылған.

2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Республика Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев көші-қон саясатын реттеудің жаңа бағыттарын айқындап берді, ол көші-қон және демография проблемаларын кешенді шешуді көздейді. «Қазақстан – 2050» Стратегиясымен Үкіметке көші-қон проблемасын шешудің кешенді жоспарын әзірлеу тапсырылды.

«Қазақстан – 2030» Стратегиясын іске асырудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 399 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007–2015 жылдарға арналған тұжырымдамасында қаланған, бүгінде күшін жойған.

Халықтың көші-қоны туралы ҚР Заңы Республиканың көші-қон заңнамаларының жүйесінде маңызды мәнге ие. Аталған Заң халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ оралмандардың құқықтық жағдайларын белгілейді. 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Босқындар туралы ҚР Заңы Қазақстан Республикасының аумағында пана іздеген адамдардың және босқындардың құқықтық жағдайын айқындайды. Көші-қон қатынастары аталғандардан басқа, ҚР

Еңбек кодексімен, азаматтық туралы, шетелдіктердің құқықтық жағдайлары туралы заңдармен реттеледі.

Халықтың көші-қоны туралы ҚР Заңына сәйкес жеке тұлғалардың бір мемлекеттен басқа мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе мәжбүрлі қоныс ауыстыруы көші-қон, ал Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған адамдар көшіп-қонушылар болып табылады. Көшіп келу – шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі, Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар тиісінше иммигранттар болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін кету көшіп кету, ал Қазақстан Республикасының басқа мемлекетке тұрақты немесе уақытша тұру үшін көшіп кеткен азаматтар көшіп кетушілер болып табылады.

Заңға ресми актілерде бұрын пайдаланылмаған және қазақтардың сөз байлығында болмаған «оралман» деген жаңа термин енгізілді. Заңға сәйкес оралман – Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерлерде тұрақты тұрған және тарихи отанына тұрақты тұру мақсатында келген ұлты қазақ адам.

Босқындар туралы ҚР Заңында нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адамдардың босқындар болып табылатыны бекітілген. Қазақстан Республикасы соңғы жылдары босқындар мәселелерімен жиі ұшырасып келеді.

ҚР ӘҚТК еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жер таңдау құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік белгілейді. Мәселен, Кодекстің 76-бабына сәйкес жеке тұлғалардың еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жер таңдау (ҚР Үкіметі шек қоюы мүмкін шекаралық өңірлерді және жекелеген жерлерді қоспағанда) құқығын шектейтін лауазымды адамдардың іс-әрекеті не әрекетсіздігі үшін, егер бұл қылмыс жасады деген айыптаумен байланысты болмаса жауапкершілік белгіленеді. Кодекстің 510-бабына сәйкес шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тіркелуі не болуы немесе тұрғылықты жерді таңдаудың белгіленген тәртібін сақтамау түрінде Қазақстан Республикасы аумағында болу қағидасын бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленген.

Көші-қон процестері саласында Үкіметтің, ішкі істер, сыртқы істер, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің бірқатар нормативтік актілері қабылданды.

Конституцияның 21-бабының 1-тармағына сәйкес Республика аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар. Мәселен, «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» ҚР Заңының 7-бабына сәйкес қадағалауға алынған адамның ішкі істер органдары белгілеген уақытта тұрған үйінен кетуіне, ішкі істер органдары белгілеген аудан (қала) мекендерінде болуға, сондай-ақ аудан (қала) шегінен тыс жерлерге кетуіне тыйым салынады.

21.2. Конституцияның 21-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің Республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар, ал қазақстандықтар – Отанға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кете алады және Қазақстан Республикасына кедергісіз қайта оралады. Кету және қайта оралу Қазақстан Республикасы азаматының паспорты бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге кетуі мемлекеттік құпияларға рұқсатты ресімдеу кезінде еңбек шартында (келісімшартта) көзделген мерзімге уақытша шектелуі мүмкін. Мемлекеттік құпияларға рұқсаты болуына байланысты өзінің ҚР тыс жерлерге кетуін шектеу мүмкіндігі бойынша өзіне міндеттемелер алған және шетелге кетуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі – құпия тасығыштар), көрсетілген міндеттемелерге өздері қол қойған мемлекеттік органдардың немесе басқа ұйымдардың (бұдан әрі – ұйымдар) басшыларынан шығуға алдын ала рұқсат алуға міндетті. Ұйымдар қайта ұйымдастырылған жағдайда, құпия тасығыштардың ҚР тыс жерлерге кету мүмкіндігі туралы шешімді олардың құқықтық мұрагерлері болып табылатын ұйымдардың басшылары қабылдайды.

Құпия тасығыштардың кетуіне рұқсат беру туралы шешімді құпия тасығыштар алған міндеттемелерді және олардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен нақты хабарланғанын ескере отырып, ұйымдардың басшылары дербес қабылдайды. Бұл ретте ол адамның мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен нақты хабарланғаны туралы қорытынды ұлттық қауіпсіздік органдарына жіберіледі. Ұйымдар таратылған (қысқартылған) кезде, құпиялықты сақтаушылардың шығу мүмкіндігі туралы шешімді тұрғылықты орны бойынша аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарының басшылары

қабылдайды. ҚР тысқары жерлерге шығуына рұқсат беру немесе дәлелді бас тарту азаматтардың өтініштерін қарау үшін заңнамада белгіленген мерзімде беріледі. Құпиялықты сақтаушы ҚР тысқары жерлерге рұқсатсыз шыққан жағдайда, ҚР заңнамасында көзделген тәртіптік немесе өзге де жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сонымен қатар, Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес қолданыстағы заңнамаларда осы конституциялық құқықтардың негізгі шектеулері белгіленген, бұл құқықтар шектеуге жол берілген құқықтардың тізіміне жатқызылмайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының елден тыс жерлерге, соның ішінде тұрақты тұру үшін өзге мемлекеттерге кетуінің шарттары мен тәртібі Халықтың көші-қоны туралы ҚР Заңында (55 және 56-баптарда), ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде белгіленген. «Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 254 бұйрығымен бекітілген. «Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 498 бұйрығымен бекітілген.

ҚР КК 2016 жылғы 14 желтоқсандағы №1 нормативтік қаулысында Негізгі Заңның 21-бабының 2-тармағында көзделген әркімнің Республикадан тыс жерлерге кету құқығын шектеулерді заңдар қабылдау арқылы бекітіп, соңынан рәсімдік қатынастарды Үкіметтің қаулысымен және Ішкі істер министрінің бұйрығымен бекітудің заңдық тетігін Конституцияға сай деп танылған. «Сонымен бірге, Конституциялық Кеңестің пікірінше, Заңда, Қағидаларда, Стандартта және Регламентте оларды бір мағыналы емес түсіндіруге жол беретін және құқықтық белгісіздікті тудыратын нормалар бар».

Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларының 7-тармағының 3) тармақшасының конституциялылығын растап, Конституциялық Кеңес ҚР Үкіметіне аталған Қағидаларды Конституциялық Кеңестің осы нормативтік қаулысындағы құқықтық ұстанымдарына сәйкес келтіруді, сондай-ақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерге түзету енгізуге бастамашылық жасау туралы мәселені қарауды ұсынды. Аталған қаулы – Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын тиімді конституциялық бақылау үлгілерінің бірі.

22-бап

- 1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.**
- 2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.**

22.1. ҚР Конституциясының түсінік беріліп отырған бабында, Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы ҚР Заңында ар-ождан бостандығы түсінігінің анықтамасы жоқ. Осыған қарамастан, ар-ождан бостандығы құқығы дінге деген көзқарасты дербес түрде қабылдау, кез келген дінді ұстануға немесе ешқандай дінді мүлде ұстанбауға, діни немесе басқа көзқараста болу, сонымен қатар атеистік көзқараста, өзінің көзқарасын тарату және соған сәйкес іс атқаруға болатыны бәріне мәлім. Дінді оқуда – дінге деген көзқарасты таңдауда, құдайға құлшылық етуде діни рәсімдер мен салтанаттарға қатысуға немесе қатыспауға еріксіз көндіруге жол берілмейді (*Сондай-ақ, 5-бапқа түсіндірмені қараңыз*)

АҚЖБД 18-бабына сәйкес әр адам ой-пікір, ар-ождан және дін бостандығына құқылы. АҚЖБД 29-бабына сәйкес адамның бостандығы мен құқығына «тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана» шектеу қойылады.

Тәуелсіз Қазақстанда дін мен діни бірлестіктерді құқықтық реттеу мәселелері екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде, 1992 жылы 15 қаңтарда «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданды, ол діни наным және діни қарым-қатынасты құқықтық реттеуде маңызды қадам болған. Бірақ уақыт өте келе оны жетілдіру, жаңадан туындап жатқан қоғамдық қатынастарды реттеу керек болды, соның нәтижесінде, Қазақстанда қалыптасқан діни хал-ахуалды ескере отырып, заңнаманы кешенді түрде жетілдіру қажеттігі туындады. Осыған байланысты, 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы қабылданды, ол діни қызмет және діни бірлестіктерді құқықтық реттеудің екінші кезеңі болды. Қолданыстағы Заңнама әр адамның ар-ождан бостандығын, әр адамның дініне қарамастан теңдік кепілдігін, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, адамдардың діни төзімділігі мен діни сенімін растай отырып, демократиялық, зайырлы мемлекеттің қағидаттарына негізделеді.

Жаңа заңнама қабылданғаннан бері мемлекеттің діни қарым-қатынасты реттейтін құқықтық базасы құрылды. Діни қызметтің құқықтық аспектілерін реттейтін және діни бірлестіктерді іске асыратын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер, атап айтқанда, мына мәселелерді реттейтін ҚР Үкіметінің қаулысы қабылданды: миссионерлік қызметті

жүзеге асыру; дінтану сараптамасын өткізу; діни ғимараттардың (дұға қылатын) құрылысын және діни бірлестіктерге берілетін ғибадатханаларды келісу; Қазақстан Республикасында шетелдің діни орталықтары мен діни бірлестіктерінің басшыларын тағайындау, Республика аумағында шетелдің діни бірлестіктерінің қызметін келісу.

Әркімнің кез келген дінге және діни бірлестіктерге тиесілігін дербес анықтауына заңмен белгіленген құқығын айрықша атап өткен жөн. Бұл ереже діни тиесілікті ұлттық, тарихи немесе отбасылық дәстүрмен байланыстыратын жағдайлар туындаған кезде маңызды. Дін тандау әр тұлғаның жеке ісі, дегенмен әртүрлі жағдайлар ықпал етуі мүмкін (ұлттық, отбасылық, мәдени және т.б.), бірақ анықтайтын тек адамның өз еркі болып табылады.

Діни бірлестіктер мемлекеттің қызметін атқармайды, ал мемлекет егер діни бірлестіктердің қызметі заңға қайшы келмесе олардың қызметіне араласпайды. Мемлекеттің білім беру және тәрбиелеу жүйесі діни бірлестіктерден бөлінген. Ата-аналар немесе оларды ауыстырушы тұлғалар өз балаларын діни көзқарастарына сәйкес тәрбиелеуіне болады, бірақ балаларға мәжбүрлеу шараларын қолданып дінге тартуға болмайды. Діни пәндер мемлекеттік емес оқу орындарында және тәрбиелік оқу орындары мекемелерінде ерікті түрде оқытылуы мүмкін. Діни пәндер мемлекеттік оқу мекемелерінің бағдарламаларына қосылуы мүмкін.

2011 жылы арнайы дін қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган – ҚР Дін істері агенттігі құрылды.

2014 жылы Агенттіктің міндеттері мен өкілеттігі ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне тапсырылды. 2016 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен жаңадан Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылды, осыған байланысты Мәдениет және спорт министрлігінің (діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласында, азаматтардың дінді ұстау бостандығы құқығы, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылы) және Білім және ғылым министрлігінің (жастар саясаты саласында) міндеттері мен өкілеттігі тапсырылды.

Бүгінгі күні тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімшілік жанында қолданыстағы заңнама шеңберінде дін саясаты саласына үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган – Дін істері басқармасы қызмет етуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес жұмыс істейді (ұқсас Кеңестер әкімдіктерде де бар), ол ҚР Үкіметінің жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес туралы Ережеге сәйкес (ҚР Үкіметінің 2000 жылы 27 шілдедегі № 1140 қаулысымен бекітілген) консультативтік-кеңестік орган ретінде қызметін жүзеге асырады.

22.2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру мемлекет алдындағы жалпы адамдық және азаматтық құқықпен шектелмеуі немесе шарттаспауы керек. Діни бостандық мемлекеттің конституциялық құрылымының негізі

ретінде бекітілген мемлекеттің зайырлы үрдісімен жүйелік байланыста, ол кез келген дінді мемлекеттік немесе міндетті деп белгілеуге тыйым салуды, барлық діни бірлестіктердің теңдігі мен олардың мемлекеттен бөлінуін көздейді.

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы ҚР Заңының 7-бабы 3-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың; қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты басқа да қызметтердің, діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында «күдайға құлшылық етуге, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді».

Мемлекет пен діни бірлестіктердің тәуелсіздік жылдары жолға қойылған өзара қарым-қатынас принциптері қоғамдағы ар-ождан бостандығы дәрежесінің көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты қазіргі уақытта біздің елімізде мемлекетіміз діни бірлестіктердің өз қызметтерінде теңдігін, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп, дәстүрлі дін жетекшілерімен ғана емес, сонымен бірге барлық тіркелген діни бірлестіктермен ынтымақтастықты жүзеге асыруда. Бұл ретте, ең алдымен, ынтымақтастық түрлі әлеуметтік қызмет ету саласында, өзара құрмет пен төзімділік үрдісінде адам мен қоғамның мәдени және моральдық-адамгершілік дамуын талап етеді.

Конфессиялық тиесілік әлеуметтік әл ауқатқа қол жеткізу немесе қарым-қатынаста оларға берілген құқықтарды іске асыруда азаматтар мен діни бірлестіктерді кемсітуге себеп болмауы керек.

Бүгінгі таңда дін саласындағы мемлекеттік саясат ар-ождан бостандығы мен барлық діндер теңдігінде, теріс діни ағымдардан бөлек, заң алдында қоғамдық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын, оның дәстүрлі рухани құндылықтарын сақтауға және дамытуға басым көңіл бөліп, конституциялық үрдістердің жүзеге асуымен органикалық үйлесуі қажет.

23-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.

23.1. ҚР Конституциясының 23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар.

Азаматтардың осы конституциялық құқығын саяси партиялар нысанындағы қоғамдық бірлестіктер, кәсіби одақтар және өздерінің ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін ерікті негізде құрылған коммерциялық емес сипаттағы өзге де бірлестіктер құру арқылы іске асырылады. Олардың қызметтері қоғамдық бірлестіктер туралы, кәсіптік одақтар туралы, саяси партиялар туралы, коммерциялық емес ұйымдар туралы ҚР Заңдарымен реттеледі.

Бірлесу бостандығы адамның басқа адамдарды біріктіру, бұрын құрылған бірлестікке қосылу және одан шығу, бірлестік қызметіне қатысу құқығын қамтиды.

Бірігу туралы шешім қабылдау – бұл ерікті, бастамашылық әрекет, яғни, ол ерікті түрде жүзеге асырылады және бірнеше субъектінің бірлесіп әрекет етуіне шынайы уәжді қалауы мен ұмтылысын көрсетеді. Мәселен, «Республика азаматтары ретінде адвокаттардың бірлесуге құқы өз мүшелерінің заңды мүдделерін қорғаудың ортақ мақсатында ерікті түрде құрылатын қоғамдық бірлестік (ассоциация) – Қазақстан адвокаттар одағы түрінде, сондай-ақ, іс-әрекеті адвокаттық қызмет көрсетумен байланысты болмаған кез келген басқа қоғамдық бірлестіктерге кіру жолымен жүзеге асырылады».¹

Қазақстанда бірігуге конституциялық құқық Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ғана көзделгенін атап өткен жөн. Сондай-ақ Австрияның, ГФР-дің және Грецияның конституцияларында тиісті мемлекеттердің азаматтары ғана осындай құқыққа ие деп көзделген.

Қоғамдық бірлестіктер туралы ҚР Заңның 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Конституция бірлесу субъектілеріне барынша таңдау бостандығын бере отырып, қоғамдық бірлестіктерді қандай нысандарда және қандай түрлерде құруға болатындығын белгілемейді. Олар түрлі белгілер бойынша құрылуы мүмкін: кәсіподақтар немесе шығармашылық одақтар ретінде кәсіптік; партия немесе құқықтарды қорғайтын ұйымдар ретінде саяси; діни бірлестік ретінде діни наным; жастардың бірлестіктері, ардагерлер кеңесі ретінде жас шамалық; мәдени-ағартушылық бірлестіктер, спорттық қоғамдар, қоршаған табиғи ортаны қорғау қоғамдары ретінде мәдени және т.б..

Бірлесу бостандығы құқығы Қазақстанда барлық қоғамдық

¹ҚРКК 1999 жылғы 2 шілдедегі «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі туралы» №12/2 қаулысы

бірлестіктердің заң алдында тең деп танылуына сәйкес идеологиялық және саяси көптүрлілік қағидатымен Қазақстанның конституциялық құрылымының негізі ретінде ҚР Конституциясының 5-бабында бекітілген жүйелі байланыста. *(Конституцияның 5-бабының түсіндірмесін қараңыз).*

Азаматтың бірлесу бостандығына конституциялық құқығы кез келген топтың, қауымдастықтың, ұжымның немесе ұйымның өз еркімен бірлесуі мүмкіндігін білдіреді. Сонымен бірге, бірлестік азаматтық қоғамның маңызды құрамы бола тұра, егер олар конституциялық мақсаттарға үміт артса және олардың қызметі демократияға нұқсан келтіруге және басқа адамдардың бостандықтарын шектеуге бағытталмаған жағдайда ғана конституциялық-құқықтық қорғалуға үміт арта алады.

ҚР Конституциясының 5-бабының 3-тармағына сәйкес мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Мәселен, Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан аумағында террористік ұйымдардың, сондай-ақ заңсыз әскерилендірілген құралымдардың құрылуына, тіркелуіне және жұмыс істеуіне тыйым салынады.

ҚР Конституциясының 5-бабының 4-тармағында Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді деп көзделген¹.

Саяси партиялар туралы ҚР Заңының 3-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР азаматтарының саяси партияларға еркін бірігуге құқығы бар. «...Заң, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өзге де түрлерінің арасында елеулі айырмашылық бар деп танылуын ескере отырып, Конституцияның 23-бабында баянды етілген азаматтардың бірлесу бостандығына құқығын толықтырады. Саяси партиялардың құрылуы мен қызметі тәртібін және жағдайларын заңдық реттеуді мамандандыру, олардың жария-құқықтық мәртебесін белгілеу қазіргі заманғы конституционализмнің жалпы үрдісі болып табылады.»²

¹ҚРКК 1999 жылғы 2 шілдедегі «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі туралы» №12/2 қаулысы.

²ҚРКК 2002 жылғы 11 шілдедегі «Саяси партиялар туралы» Заңның Қазақстан Республикасына сәйкестігін тексеру туралы» №6 қаулысы.

Түсінік беріліп отырған бапта баяндалған бірлесу бостандығының ұғымы мен мазмұны Конституцияның өзге де баптарымен ғана емес, халықаралық құқықтың және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жалпы қабылданған қағидаттарымен және нормаларымен толықтырылуда. Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы 1950 жылғы Конвенцияның 11-бабында «әрбір адамның қауымдасу бостандығына, соның ішінде кәсіподақ құруға және өз мүдделерін қорғау үшін оларға мүше болуға құқығы бар» деп белгілейді. Осындай құқық АСҚХП 22-бабында тіркелген. 1996 жылғы Еуропалық әлеуметтік хартияға, сондай-ақ 1921 жылғы «Ауыл шаруашылығында еңбекшілердің қауымдастықтарға және бірлестіктерге құқықтарына қатысты» №11, 1948 жылғы «Қауымдастық бірлестігі және ұйымдарға арналған құқықтарды қорғауға қатысты» №87, 1949 жылғы «Ұйымдарға және ұжымдық шарттар жасауға құқығы қағидаттарын қолдануға қатысты» № 98 ЕХБ Конвенцияларына сәйкес барлық жұмысшылардың және кәсіпкерлердің экономикалық және әлеуметтік мүдделерді қорғау үшін ұлттық және халықаралық ұйымдарға бірлесу бостандықтарына құқығы бар.

Бірлесу бостандығы заңды тұлға ретінде тіркелуге қоғамдық бірлестіктердің құқығын өзіне қосады. Адам құқықтары бойынша Еуропалық Сот көрсеткендей, өзара мүдделерді қорғау мақсатында бірлескен әрекеттерді жүзеге асыру үшін заңды тұлғаны құру мүмкіндігі бірлесу бостандығының ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады, онсыз құқықтың мәні болмас еді.

Қоғамдық бірлестіктер туралы Заңның 5-бабына сәйкес азаматтардың денсаулығы мен имандылығы негіздеріне қастандық жасайтын қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

Конституцияның 23-бабы 1-тармағының Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі деген нормасын іске асыру мақсатында дербес «Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы» ҚР Заңы қабылданды. Ол Қазақстан аумағында коммерциялық емес ұйымдардың қызметін шетелдіктердің қатысуымен құқықтық регламенттеуді қамтамасыз етуге бағытталған, ол осы саланы заңнамалық реттеуге арналған мемлекеттік құқықтың ұстанымынан толық ақталған болып табылады. Республика Президентінің өтініші бойынша Конституциялық Кеңес аталған Заңды, сондай-ақ оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын Негізгі Заңға қайшы келеді деп таныды¹.

¹ҚРКК 2005 жылғы 23 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері

Бұл ретте, конституциялық бақылау органы осындай құқықтың Республика Парламентінің құзырына кіретінін атап өтті. ҚР Конституциясының 39-бабының 1-тармағына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Осылайша, Конституция заң шығарушыға мемлекет пен қоғамның ерекше қорғалатын мүдделері мен құндылықтарына төнген қауіп-қатерге барабар құқықтық шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

Бірлесу бостандығына құқықтарды шектеудің мүмкіндігі мен шарттары АҚЖД-да да көзделген. Осы құжаттың 22-бабына сәйкес «Әрбір адамның басқалармен бірігіп қауымдастықтар құру бостандығына оның ішінде кәсіподақтарды құрып, оларға өз мүдделерін қорғау мақсатымен кіруге құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген, шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес». Қазақстан аумағында халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметін реттей отырып, заң шығарушы оларды құқықтық мәртебесі арнаулы заңмен реттелетін жекелеген топқа (түрге) бөледі (Заңның 1-4-баптары).

Жекелеген коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайының ерекшелігін заң жүзінде бекіту мүмкіншілігі Коммерциялық емес ұйымдар туралы Заңмен (3-бап) көзделген. Осының бәрі қоғамдық бірлестіктердің заң алдындағы теңдігі туралы конституциялық принципті бұзбастан, жекелеген заң шеңберінде халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдар үшін құрылуының тәртібі мен қызметін реттеудің ерекшелігін белгілеуге мүмкіндік береді (Конституцияның 5-бабының 2-тармағы)¹.

23.2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабы 2-тармағының нормасына сәйкес әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлеуге тиіс. Мемлекеттік орган жүйесіндегі олардың ерекше құқықтық мәртебесі, қызметінің ерекше функциясы мен түрі осы конституциялық шектеулердің қажеттігін негіздейді. Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның 11-бабының 2-бөлігінде қарулы күштердің, полицияның немесе мемлекеттердің әкімшілік органдарының құрамына кіретін адамдар үшін бірігу құқығын жүзеге асыруға заңды түрде шектеу енгізетін қатысушы – мемлекеттердің

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» № 6 қаулысы.

¹ ҚРКК 2005 жылғы 23 тамыздағы № 6 қаулысы.

құқығы расталады. Адамдардың осы санаттары үшін осындай шектеулердің қажеттігі олардың мемлекетпен ерекше қатынасымен және қоғамдық бірлестіктерді қандай да болмасын мемлекеттік әсерден қорғауға ұмтылумен түсіндіріледі.

Мәселен, Құқық қорғау қызметі туралы ҚР Заңына сәйкес ішкі істер органдарының қызметкерлері партияларда, кәсіптік одақтарда болмауы, қандай да болмасын саяси партияны қолдамауы тиіс.

Осыған ұқсас ереже «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР Заңында да бекітілген.

Конституция және Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды деп белгілейді. Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Судья Республикадағы сот билігінің атқарушысы болып табылады, сол үшін оған сот төрелігін жүзеге асыруға және өз міндеттерін кәсіби негізде атқаруға конституциялық өкілеттіктер берілген. Республика Конституциясының 77-бабы 1 және 2-тармақтарының нормаларына сәйкес судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады, ал сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Сонымен бірге, судьялар, мемлекеттің кез келген азаматтары сияқты, өздерінің корпоративтік мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында, осы бірлестіктерді сот төрелігін іске асыруға ықпал жасау үшін пайдаланбайтын болса, сондай-ақ саяси мақсаттарды көздемейтін болса, бірлесу бостандығына құқығы бар.

Осыған байланысты, Конституциялық Кеңес, кәсіптік одақтардың қоғамдық бірлестіктерден, оның ішінде Судьялар одағынан ерекшелігі, олар өндірістік-салалық принцип бойынша құрылатынын атап өтті, бұл кәсіптік одақтардың, атқарушы өкіметтің және жұмыс берушілердің арасында қалыптасатын өзара қарым-қатынас сипатын айқындайды. Өзара қарым-қатынастың мұндай ерекшелігі кәсіптік одақтарға олардың үкіметке және жұмыс берушіге ықпал жасайтын құралдарының болуына, олардың әлеуметтік-экономикалық қызметіне әсер етуіне мүмкіндік береді. Судьялар одағы, қоғамдық бірлестік ретінде, мұндай өзара қарым-қатынас принциптеріне байланысты болмайды. Сонымен қатар, оның сот ісіне араласуға құқығы жоқ, ал кәсіподақтар болса «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңының 1-бабына (2000 жылы қолданыста болған) сәйкес өз мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін құрылады, бұл олардың өндірістік қызметке белсенді түрде және тікелей әсер етуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кәсіподақтар ұжымдық шарттар жасасуға, сондай-ақ жеке адамның және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысады, ал бұл Судьялар одағы сияқты қоғамдық

бірлестікке тән емес. Осылайша, судьялардың партияларда, кәсіптік одақтарда болуына Конституцияның 23-бабы 2-тармағының тыйым салуы олардың өзге бірлестіктерді құру және басқа қоғамдық бірлестіктерге мүше болу құқығын шектеуді білдірмейді. Судьялар одағы, кез келген басқа қоғамдық бірлестік сияқты, заңмен белгіленген тәртіппен өз мүшелерінің мүдделерін білдіруге және қорғауға құқылы.¹

24-бап

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітүсіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

24.1. Кеңестік Қазақстанның 1937 жылғы Конституциясында Қазақ КСР-інде «кім жұмыс жасаса, сол тамақ ішеді» деген принцип бойынша еңбек ету әрбір еңбекке қабілетті азаматтың міндеті әрі абыройды ісі болып белгіленген. Қазақ Советтік Социалистік Республикасында (Қазақ ССР-ында) «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген социалистік принцип жүзеге асырылды (Қазақ КСР 1937 жылғы Конституциясының 12-бабы). Қазақ КСР-ының 1978 жылғы Конституциясының 38-бабына сәйкес азаматтардың еңбек етуге, яғни көлеміне және сапасына қарай еткен еңбегі үшін және мемлекет белгілеген ең төменгі мөлшерден төмен емес төлем ала отырып, – қабілетіне, кәсіби даярлығына, біліміне сәйкес және қоғамдық қажеттіліктерді есепке ала отырып мамандық, кәсіп пен жұмыс түрін таңдау құқығын қосқанда кепілдік берілген еңбек ету құқығы болды.

Осылайша, социализм жағдайында еңбек етуге арналған құқық еңбек ету міндеттілігімен, еңбектің жалпыға бірдейлігімен ұштасты. Ал қоғамдық пайдалы еңбектен жалтару социалистік қоғам принциптерімен

¹ҚРКК 2000 жылғы 5 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Конституциясы 23-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» №13/2 қаулысы.

сыйыспайтын еді, бұл тұлға еркіндігінің жалпыға танылған принциптеріне толық сәйкес келген жоқ. Мәселен, еңбек ету міндеттілігін бұзғаны, яғни «арамтамақтық» және «арамтамақтықпен күн көргені» үшін азамат әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін еді.

1993 жылғы Конституцияға сәйкес азаматтың еңбек етуге құқығы болды, ол әркім өзінің қалауына, қабілетіне және арнайы даярлығына сай дербес өндіруші ретінде немесе еңбек шарты бойынша еңбек ету мүмкіндігі құқығын қамтыды. Сот үкімі немесе Төтенше жағдай туралы Заңның әрекеті бойынша жазаны орындау тәртібінде болмаса мәжбүрлі еңбекке тыйым салынды (19-бап). 1993 жылғы Конституцияның бұл нормасы еңбекке құқықты жария ете отырып, еңбектің жалпыға бірдей екенін теріске шығарды, бұл егемен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының бастапқы кезеңіне сәйкес келді. Алайда еңбек ету құқығы Қазақстан Республикасының азаматына ғана қатысты болды.

1995 жылғы ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары Конституцияға сәйкес танылады және оларға кепілдік беріледі. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ егер Конституциямен, заңдармен және халықаралық шарттармен өзгеше көзделмеген болса, азаматтарға арнап белгіленген міндеттерге ие болады (ҚР Конституциясының 1, 2 т.т.). ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағын және 12-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1996 жылғы 28 қазандағы №6/2 қаулысында «Құқық пен бостандықты абсолютті деп тану – олардың Қазақстан Республикасы аумағында тұратын адамға, оның Республика азаматты болу-болмауына қарамастан, қолданылады дегенді білдіреді.»

Нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекетте, оның үстіне жаһандану жағдайында еңбек ету құқығы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға да қатысты болуға тиіс еді. Сондықтан, АҚЖД 23-бабында «әр адамның еңбек етуге құқығы бар» деп көрсетілуі кездейсоқ емес. 1966 жылғы 16 желтоқсандағы ЭӘМҚХП 6-бабында «осы Пактіге қатысушы мемлекеттер әр адамның өз еркімен таңдап алған немесе өз еркімен келіскен еңбегімен күнкөріс жасау мүмкіндігі құқығын қамтитын еңбек етуге құқығын мойындайды және осы құқықты қамтамасыз етуге тиісті қадамдар жасайды» деп белгіленген.

Қолданыстағы Конституция еңбек ету бостандығын жария етеді. Негізгі Заң әрбір адам еңбек ету бостандығына, қызмет және кәсіп түрін еркін таңдауға ие екенін айтады.

Конституцияның түсіндірме беріліп отырған бабында «еңбек ету құқығы» деген сөз тіркесі жоқ, бірақ бұл адам мен азаматтың жоғарыда айтылған аса маңызды, өмір сүруін қамтамасыз ететін әлеуметтік құқығын ешқандай түрде шектемейді. Керісінше, Конституцияның 24-бабында бекітілген «еңбек ету бостандығына құқығы» «еңбек ету құқығының»

дефинициясын қамтитын барынша кең, сыйымды, шығу тегі шағынан жақын ұғым болып табылады. Еңбек ету бостандығы әркімнің кәсіп және қызмет түрін таңдауын, өзінің еңбекке қабілеттілігіне иелік етуін, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша қандай да бір жұмысты орындауға еркін келісуінде көрініс табады. Бұл ретте мемлекет еңбек саласындағы әлеуметтік функцияларды орындаудан өзін-өзі шеттетпейді, оған еңбек бостандығы, демек еңбек етуге құқығы туралы конституциялық норманы іске асыру үшін тұтастай қамтитын жағдайлар жасау міндеті жүктеледі.

Еңбек ету бостандығы қызметкерге ғана емес, жұмыс берушіге де қатысты болады, ол әлеуетті жұмыскерді дербес таңдауға, заңда белгіленген тәртіппен онымен еңбек шартын немесе еңбек туралы басқа да шартты жасасуға, жұмыскер келісуге және келіспеуге құқылы еңбек жағдайларын айқындауға құқылы. Бұл әркімнің заңда тыйым салынбаған кез келген нысанда еңбек қызметін жүзеге асыруға құқылы екенін білдіреді. Бұл ретте еңбек бостандығы, ең алдымен өзінің еңбекке қабілеттілігіне еркін иелік етуін, жұмыс түрін, қызмет немесе кәсіп түрін таңдау құқығын білдіреді. Еңбекке тартудың нысандары, атап айтқанда кәсіпкерлік қызметті, корпоративтік ұйымға ену, мемлекеттік, азаматтық немесе әскери қызметке түсуді, мердігерліктің азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жұмыс жасауды, ақылы қызметтер көрсетуді, тапсырыстар беруді, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтуды қамтитын алуан түрлі болуы мүмкін.

ҚР Конституциясының 33-бабының 4-тармағы Республика азаматтары мемлекеттік қызметке қол жеткізуге құқықтары тең екенін айтады. Мемлекеттік қызмет лауазымына үміткерге қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатымен ғана негізделеді және заңмен белгіленеді. Өз кезегінде ҚР КК «Қазақ КСР-сы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 115 және 310-баптарын Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы Маңғыстау облыстық сотының өтініші (ұсынысы) туралы» 1997 жылғы 24 ақпандағы N 1/2 қаулысына сәйкес адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандығына қысымшылық жасайды деп танылған заңдар және басқа нормативтік құқықтық актілер жойылды және қолданылуға жатпайды.

Еңбек бостандығы еңбек шартының еркіндігінде мейлінше кең түрде көрінеді. ҚР Еңбек кодексінің 5 және 6-баптарына сәйкес әркімнің де еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да болмасын кемсітусіз және мәжбүрлеусіз еркін келісуге құқығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне иелік етуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар. Әркімнің де еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандығын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Ешкім де өзінің еңбек құқықтарын іске асыру кезінде жынысына, жасына, дене кемістіктеріне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлктік, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына, тұратын жеріне, дінге көзқарасына, саяси сеніміне, руға немесе текке-топқа, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына

байланысты ешқандай кемсітуге ұшырамайды. Еңбектің қандай да бір түріне тән талаптармен айқындалатын айырмашылықтар, ерекшеліктер, артықшылықтар мен шектеулер кемсіту болып саналмайды және бұл мемлекеттің әлеуметтік және құқықтық қорғауға аса мұқтаж адамдар туралы айрықша қамқорлығымен байланысты.

Мәселен, ҚР КК «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңының 13-бабының конституциялылығын тексеру туралы» 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3 қаулысында әлеуметтік-негізделген өлшемдерге қарай отырып өтемдер мен жеңілдіктерді саралауды кемсітушілік деп есептеуге болмайтыны атап көрсетілген.

Мынадай: медициналық қорытынды негізінде адамның денсаулық жағдайына байланысты істеуге болмайтын жұмысты орындауға; ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға, сондай-ақ жұмыс берушінің мүлкі мен басқа да құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жұмыскердің толық материалдық жауаптылығы көзделетін лауазымдар мен жұмыстарға, сондай-ақ орындалуы олардың денсаулығы мен имандылық тұрғысынан дамуына зиян келтіруі мүмкін жұмыстарға (ойын бизнесі, түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмыс, алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау мен сату) он сегіз жасқа толмаған азаматтармен; соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес белгілі бір лауазымға тұру немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырылған азаматтармен; шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсатын не халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен шетелдік жұмыскерлерге өз бетінше жұмысқа орналасу үшін берілген біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтаманы алғанға дейін не Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдары еңбекші көшіп келушіге беретін рұқсатты алғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе ерекшеліктерді сақтамай, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен еңбек шартын жасасуға жол берілмейді. Білім беру ұйымынан оқу нысаны көрсетілген немесе қабылдайтын ұйымнан кәсіптік даярлаудан және (немесе) тағылымдамадан өтуі туралы анықтамаларды және білім алу мақсатында болуға арналған рұқсатты ұсынбаған, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдік студенттермен және тағылымдамадан өтушілермен; отбасына қосылу мақсатында келуге және онда болуға арналған рұқсатты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен танылатын, Қазақстан Республикасының азаматымен некеде тұрғанын растайтын құжатты ұсынбаған, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен; бір жұмыс беруші жеке тұлғаның үй шаруашылығында жұмыстар

орындау (қызметтер көрсету) бойынша бір мезгілде бестен көп еңбекші көшіп келушімен еңбек шартын жасасуына жол берілмейді.

Мыналарға: мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін адамға, егер адам мемлекеттік қызметті тоқтатар алдындағы соңғы бір жылда мемлекеттік функцияларды орындау кезеңінде өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне орай осы коммерциялық ұйымның қызметін тексеру нысанында бақылауды тікелей жүзеге асырған болса не осы коммерциялық ұйымның қызметі аталған адаммен оның құзыретіне сәйкес тікелей байланысты болған болса, мемлекеттік ұйымдарды және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, бір жыл бойы коммерциялық ұйымға аталған адамды; шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық холдингтерге және ұлттық компанияларға, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарына басқару функцияларын орындаумен байланысты лауазымға бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды; кәметке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға: адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді; Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізіміне сәйкес әйелдерді ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға; он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді қоса атқаратын жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. (ҚР Еңбек кодексінің 26-бабы).

Заңмен белгіленген тыйымдар, шектеулер, ұйғарымдар, айрықша жағдайлар ешбір жағдайда еңбек бостандығына қысым жасау болып табылмайтынына назар аудару қажет, ол әдеттегідей мемлекеттің аса жоғары әлеуметтік және құқықтық қорғауына мұқтаж адамдар туралы ерекше

қамқорлығымен негізделеді, немесе ұлттық еңбек нарығын қорғау бойынша шаралар, жемқорлық және басқа да құқық бұзушылықтарға жол бермеуді қорғау бойынша шаралар жататын басқа да жалпы мемлекеттік мүдделерді есепке алады.

Мысалға, ҚР Конституциясының 52-бабының 3-тармағына сәйкес Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1996 жылғы 8 шілдедегі №2/1 қаулысында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мандатының басқа өкілдік органның депутаттық мандатпен конституциялық тұрғыдан алғанда сыйыспайтындығы, ақы төленетін өзге де қызметте болуға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе қадағалаушы кеңесінің құрамына кіруге тыйым салынуы депутаттардың әділдігі мен қандай да болмасын мемлекеттік және қоғамдық органдарға немесе мемлекеттік және қоғамдық органдарға немесе жеке мүдделілікке кіріптар болмауын қамтамасыз етуден туындаған еді. Лауазымдардың сыйыспаушылығын талап ету депутаттың тек қана Парламент жұмысына көңіл қою мүмкіндігін де қамтамасыз етеді.

Еңбек бостандығы еңбек шарттары бостандығында, еңбек шартын жасасудың шарттық сипатында көрінеді. Лауазымға сайлану, тиісті лауазымға орналасуға конкурс бойынша сайлану, лауазымға тағайындау немесе лауазымға бекіту, заңда уәкілеттік берілген органдардың белгіленген квота есебінен жұмысқа жіберу, сондай-ақ еңбек шартын жасасу туралы сот шешімін шығару рәсімдері жағдайларында күрделі заңдық құрам болуы мүмкін, оның маңызды бөлігі еңбек шарты болып табылады. Жоғарыда аталған рәсімдер еңбек шартын жасасуға түрткі болуы мүмкін, бірақ нақ осы еңбек шартын жасасу субъективті құқықтар мен міндеттемелердің туындауына әкеледі, еңбек құқықтық қатынастарының туындауына негіз және еңбек заңнамасын қолдану шарты болып табылады. Еңбек заңнамасында еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады. Жүктілік, үш жасқа дейінгі балаларының болуы, кәмелетке толмағандық, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектей алмайды. Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігінің бұзылу фактісі анықталған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады (ҚР Еңбек кодексінің 25-бабы).

ҚР Конституциясы еңбек ету бостандығын жариялай отырып, Конституция әрбір адамның еңбек ету міндетін көздеген социализм кезіндегідей еңбектің жалпыға бірдей екенін белгілемейді. Қолданыстағы Негізгі Заң еңбек етуді міндеттемейді, осыны негізге ала отырып, әрбір адам кез келген

нысандағы еңбек қызметімен айналысуға немесе айналыспауға құқылы.

Еңбек ету бостандығының конституциялық кепілдігі еріксіз еңбекке тыйым салу болып табылады. ҚР Еңбек кодексінің 7-бабына сәйкес мәжбүрлі еңбек қандай да бір адамнан қандай да бір жаза қолдану қаупімен талап етілетін, оны орындау үшін бұл адам ерікті түрде өз қызметін ұсынбаған кез келген жұмысты немесе қызметті білдіреді.

Бұл норма мәжбүрлі еңбекке тыйым салу жөніндегі негіз құраушы халықаралық құжаттар: АСҚХП, ХЕҰ-ның «Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы» №29 және «Мәжбүрлі еңбекті жою туралы» №105 конвенцияларына сәйкес келеді. Халықаралық актілерге сәйкес мына: саяси ықпал ету немесе тәрбиелеу; орнықты саяси, әлеуметтік немесе экономикалық жүйеге қарама қайшы саяси көзқарастардың, идеологиялық сенімдердің болғаны, оларды білдіргені үшін жазалау; экономикалық даму мұқтаждығы үшін жұмыс күшін жұмылдыру; еңбек тәртібін ұстау; ереуілге қатысқаны үшін жазалау; нәсілдік, әлеуметтік және ұлттық қатыстылығы немесе діни наным бойынша кемсітушілік мақсатында жұмысты қандай да бір жазалауды (күштеп ықпал етуді) қолдану қаупімен орындау мәжбүрлі еңбек болып саналады. Қазақстанда еңбек студінің мұндай нысандарына жол берілмейді.

Оған қоса, қоғамдық және мемлекеттік қажеттілікті негізге ала отырып, төтенше немесе әскери жағдайларда жеке тұлғаның ерікті түрде қалауымен де, оған мәжбүрлеп міндеттеу арқылы орындалуы мүмкін жұмыстардың кейбір түрлері «мәжбүрлі еңбек» санатына жатпайды. Мысалы, Азаматтық қорғау туралы ҚР Заңының 18-бабы 1-тармағы 3) тармақшасына және 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес жеке тұлғалар: төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте қатысады. Соғыс жағдайы туралы заңның 12-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес соғыс жағдайы енгізілген аумақтағы азаматтар мен басқа да адамдар: Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қорғаныс сипатындағы жұмыстарға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға міндетті. Бұл ретте Үкіметтің 2005 жылғы 21 қарашадағы №1142 қаулысымен бекітілген Ұйымдарды, азаматтарды және басқа адамдарды қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тарту ережесінің 8-тармағында соғыс жағдайы енгізілген аумақтағы ұйымдар, азаматтар және басқа адамдар әскери жағдайды және өздеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де жұмыстарды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың талаптарын орындайды. Тиісінше еңбекке қабілетті жастағы азаматтар мен басқа да адамдар ҚР

барлық аумағында немесе оның жекелеген жергілікті жерлерінде қорғаныс сипатындағы жұмыстарды орындауға, қарсылас жақтың қару қолдануының салдарын жоюға, зақымданған, қираған объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртке, эпидемияға, эпизоотияға қарсы күреске қатысуға тартылады (Ереженің 2-т).

Қазақстанның еңбек заңнамасы заңды күшіне енген сот үкімінің салдарын қандай да бір адамнан талап ететін жұмыстарды егер жұмыс мемлекеттік органдардың қадағалауымен және бақылауымен жүргізілетін жағдайда, және оны орындайтын адам жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қарамағына берілмейтін болса, мәжбүрлі жұмысқа жатқызбайды. Аталған тізім түбегейлі болып табылады. ҚР КК «Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялығын тексеру туралы» 2008 жылғы 27 ақпандағы №2 нормативті қаулысында айтылғандай, қоғамнан оқшаулау жағдайында өмір сүру үшін енгізбесе болмайтын шектеулерді ескере отырып, бас бостандығынан айрылған адамдар Қазақстанда Конституцияда және Республика таныған халықаралық-құқықтық құжаттарда кепілдік берілген барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, бұл адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

24.2. Конституция әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайын бекітіп береді. Еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкерлердің қорғалу жай-күйі. Еңбек қауіпсіздігі жағдайлары - қызметкер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі. еңбектің қауіпсіз жағдайлары – жұмыс берушінің қызметкерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсері болмайтындай не олардың әсер ету деңгейі қауіпсіздік нормаларынан аспайтындай етіп жасаған еңбек жағдайлары. Еңбек гигиенасы – қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік орта мен еңбек процесінің қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық шаралар мен құралдар кешені (ҚР Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 23), 24), 35), 15) тармақшалары). Бұлардың бәрі еңбек қызметі процесінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық-техникалық, санитариялық-гигиеналық, емдік-профилактикалық іс-шаралар жүйесі ретінде еңбекті қорғау ұғымына кіреді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ұйымдастыру, басқару, бақылау және қадағалау мемлекетке жүктеледі және ҚР Үкіметі, еңбек жөніндегі уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар оларды құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады. Мәселен, ҚР Үкіметі негізгі бағыттарды әзірлейді және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында

мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді, тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін белгілейді (ҚР Еңбек кодексінің 15-бабы 1,6-тармағы). Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады және ҚР еңбек заңнамасының, соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына бақылауды ұйымдастырады (ҚР Еңбек кодексінің 16-б, 1,2 т.т.).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу: Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды, бақылауды және оған мониторинг жасауды; Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін және нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуді және қабылдауды; еңбек жағдайларын, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсарту, қауіпсіз техникалар мен технологияларды әзірлеу және ендіру, жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғау жөніндегі қызметті экономикалық ынталандыру жүйелерін құруды және іске асыруды; Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік, ішкі бақылаудың тиімділігін арттыруды; еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау бойынша озық отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді; еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан зардап шеккен жұмыскерлердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін қорғауды; ауыр жұмыс және өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың қазіргі заманғы техникалық деңгейінде жойылмайтын зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс үшін кепілдіктер мен өтемақылар белгілеуді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мамандарды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды; еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілеуді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қамтиды (ҚР Еңбек кодексінің 179-б).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша талаптар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді және жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының олардың еңбек қызметі барысында сақталуына бағытталған қағидаларды, рәсімдер мен нормативтерді қамтуы тиіс. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша талаптарды жұмыс берушілер мен жұмыскерлер Қазақстан Республикасы аумағында қызметті жүзеге асыру барысында орындауға міндетті. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша іс-шараларды қаржыландыру

жұмыс берушінің қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылады. Қаражат көлемі жұмыс берушінің актісімен немесе ұжымдық шартпен айқындалады (ҚР Еңбек кодексінің 180-б.).

Жұмыс орындары орналасқан ғимараттар (құрылыстар) құрылысы жағынан өздерінің функционалдық мақсатына және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуға тиіс. Жұмыс жабдығы осы жабдық түрі үшін белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуге, онда тиісті техникалық паспорттары (сертификат), ескерту белгілері болуға және жұмыскерлердің жұмыс орындарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоршаулармен немесе қорғау құрылғыларымен қамтамасыз етілуге тиіс. Авариялық жолдар мен жұмыскерлердің үй-жайдан шығатын жолдар белгіленуге, бос болуға және ашық ауаға не қауіпсіз аймаққа шығаруға тиіс. Қауіпті аймақтар нақты белгіленуге тиіс. Егер жұмыс орындары жұмыстың сипатына қарай жұмыскерге қауіп-қатер төндіретін немесе құлайтын заттар бар қауіпті аймақтарда болса, онда мұндай орындар бұл аймақтарға бөгде адамдардың кіруін бөгейтін құрылғыларымен жабдықталуға тиіс. Жаяу жүргіншілер мен технологиялық көлік құралдары ұйымның аумағында қауіпсіз жағдайларда жүріп-тұруға тиіс. Жұмыс орындары орналасқан үй-жайдағы температура, жарық, сондай-ақ желдеткіш жұмыс уақыты кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуға тиіс (ҚР Еңбек кодексінің 184-б.).

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты іске асыруда мемлекеттік еңбек инспекторлары маңызды рөл атқарды. Олар ұйымдардың, жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының қызметі және жабдықтардың, механизмдердің пайдаланылуы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған кезде, оларды үш күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзім ішінде міндетті түрде сотқа талап арыз бере отырып, тоқтата тұруға (тыйым салуға); еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан, нұсқау алудан, білімін тексеруден өтпеген жұмыскерлерді жұмыстан шеттетуге, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін жұмыс берушілер орындауға міндетті нұсқамалар беруге; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

ҚР Конституциясының 24-бабы 2-тармағына сәйкес әркімнің еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына құқығы бар. Еңбегі үшін сыйақы – бұл жұмыскердің біліктілігіне, атқаратын жұмыстың қиындығы, көлемі, сапасы мен шарттарына қарай еңбекке ақы төлеу (жалақы), сондай-ақ жәрдемақылық және ынталандыру сипатындағы төлемдер. Еңбекке ақы төлеу негізгі және ауыспалы бөліктерге сараланады. Негізгі жалақы – тарифтік мөлшерлемелер, лауазымдық айлықақылар, кесімді бағалар бойынша төлемді қамтитын, жалақының салыстырмалы түрдегі тұрақты бөлігі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, салалық

келісімде, ұжымдық және (немесе) еңбек шарттарында көзделген тұрақты сипаттағы төлемдер. (ҚР Еңбек кодексінің 1-б. 1-т. 59-т.т.). Жалақының ауыспалы бөлігі жәрдемақылық немесе ынталандыру сипатына ие төлемдерден тұрады. Оларға, атап айтқанда, жұмыскердің жұмыс берушімен бірге басқа бір елді-мекенге ауысуы кезінде төленетін жәрдемақылық төлемдер; жұмысын жоғалтуына байланысты жәрдемақылық төлемдер; әртүрлі сыйлықақылық төлемдер, нәтижелі жұмысы үшін дербес үстемеақылар және т.б. жатады.

Қазақстан Республикасында жұмыскерлерге еңбекақы төлеу саласында мемлекеттік кепілдемелер бекітілген. Оларға айлық еңбекақының ең төменгі мөлшерін, еңбекке ақы төлеудің, қалыпты еңбек жағдайларынан ауытқыған кезде жұмысқа төлемді, еңбекақыны толық әрі уақтылы төленуіне және еңбекке ақы төлеу саласында мемлекеттік кепілдеменің іске асырылуына мемлекеттік бақылауды белгілеу жатады. Оған қоса, мемлекет еңбек ақының ең жоғарғы мөлшерін белгілемейді.

Қазақстанда әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Еңбек кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды (ҚР Еңбек кодексінің 6-б, 1-т). Осыған сүйене отырып жұмыс беруші жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті (ҚР Еңбек кодексінің 23-б., 2-т., 5-т.т.). Аталған жағдайда жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі туралы ҚР Еңбек заңнамасының қағидатын іске асыру аясында құндылығы тең еңбегі үшін тең төлем жүргізілуге тиіс.

Кәсіби даярлыққа, атқарылатын жұмыстың көлемі мен сапасына байланысты емес еңбекке ақы төлеудегі алалау кемсіту болып есептеледі. Сонымен қатар еңбекке ақы төлеуде артықшылық беру сияқты, егер ол нақты жұмыскердің еңбек қызметінің сипаттамасымен және түрімен немесе нәтижелілігімен байланысты болмаса, жекелеген жұмыскерлер үшін белгіленетін басқа да шектеулерді кемсіту деп есептеу қажет. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды (6-б., 2-т.). Солай бола тұра еңбек қызметінің тиісті түрлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленетін не әлеуметтік және құқықтық басымдықпен қорғалуға мұқтаж адамдар жөнінде мемлекеттің ерекше қамқорлығынан туындаған өзгешеліктер, ерекшеліктер, артықшылықтар мен шектеулер кемсітушілік болып табылмайды.

ҚР Конституциясы еңбек ету бостандығын, қызмет пен кәсіп

түрін еркін таңдауды ғана емес, сонымен қатар жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуды жария етеді, бұл өзара негізделгендік пен өзара байланыстылықты растайды. Елде жұмыссыздықтың жоғары деңгейі орын алған болса, еңбек ету бостандығы шынайы болмайды. Сондықтан халықтың толық, өнімді жұмыспен қамтылуы экономиканың тиімді дамуына және халықтың әл-ауқатының өсуіне ықпал ететін болады. Осыған сүйене отырып, жұмыссыздықтан тиімді әлеуметтік қорғау қазіргі заманғы мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саястының неғұрлым маңызды мақсаттарының қатарына және құрамас бөлігіне жатады. Халықаралық-құқықтық аспектіде жұмыссыздықтан қорғау мәселесі ХЕҰ 1964 жылы қабылдаған Жұмыспен қамту саласындағы саясат туралы №122 Конвенцияда және ХЕҰ 1988 жылы қабылдаған жұмысбастылыққа ықпал ету және жұмыссыздықтан қорғау туралы №168 Конвенцияда көрініс тапты.

ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарына, 24-бабының 2-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы» 1999 жылғы 10 наурыздағы N 2/2 қаулысында Конституцияның 24-бабының 2-тармағы тиісті заңмен айқындалатын әлеуметтік қорғаудың нақты түрлерін белгілемейтіні көрсетілген. Өтініште қойылған мәселеге сәйкес жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік қорғау шараларының қатарынан алып тастау азаматтардың жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау құқығына қысым жасауға әкелмейді. Мәселен, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі ҚР Заңына сәйкес (2017 жылғы 30 маусымдағы өзгерістері мен толықтыруларымен) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын, белгіленген тәртіппен жұмыссыздар деп танылған адамдар жұмысынан айырылған жағдайда «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар (26-бап. Осылайша, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеумен ғана шектелмейді, және оны қорғау шараларының жүйесінен алып тастау басқа түрлеріне құқықтан айырмайды.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат толық, өнімді және еркін таңдап алынған жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған және: жұмыс күшін дамыту, оның ұтқырлығын арттыру; ұлтына, жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, саяси ұстанымына, дінге деген көзқарасына және кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, еңбек ету бостандығына және қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығын іске асыруда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; азаматтардың еңбек және кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау, олардың өндірістік, шығармашылық еңбекке қабілетін дамытуға жәрдемдесу; еңбек нарығының қажеттіліктеріне және оның даму перспективаларына сәйкес кадрлар даярлауға білім беру жүйесін бағдарлау; жұмыс іздеуде қиындық көріп жүрген адамдарды жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыру; жаппай жұмыссыздықтың алдын алу және ұзаққа созылған

жұмыссыздықты қысқарту; жұмысынан айырылған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау; еңбек нарығына қатысушылардың күш-жігерін біріктіру және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуі; халықты жұмыспен қамту орталықтары және жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арқылы еңбек делдалдығын ұйымдастыру; шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу арқылы ішкі еңбек нарығын қорғау; жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі республикалық іс-шараларды жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын шаралармен үйлестіру (Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 3-б.

Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 17-бабына сәйкес халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар елдің және өңірлердің экономикалық және әлеуметтік даму болжамдары негізінде: әлеуметтік кәсіптік бағдарлау жүргізуді; еңбек делдалдығын; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын; жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсетуді; азаматтардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін квоталар белгілеуді көздейтін жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету шараларын әзірлейді.

Сонымен қатар: кәсіптік оқытуға жіберуді; азаматтардың және оралмандардың кәсіпкерлік бастамашылығына жәрдемдесуді; жастар практикасына жіберуді; әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды; жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесуді; мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыруды; қоғамдық жұмыстарды қамтитын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары белгіленді.

Әлеуметтік көмек: міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын жұмыссыздарға жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді; «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі ҚР Заңында көзделген шарттарда және мөлшерде атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді; міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын жұмыссыздарға «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы ҚР Заңында көзделген шарттарда және тәртіппен медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

Жұмысқа орналастыруға арналған квоталар: еңбек қызметі үшін медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектер; кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар; пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін көзделеді.

24.3. ҚР Конституциясының 24-бабы 3-тармағына сәйкес біздің елімізде ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді

қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады. Осылайша, Негізгі Заң еңбек дауларын қарастыру және шешуді еңбек құқықтық қатынастар субъектілерінің неғұрлым елеулі құқықтары мен бостандықтарының қатарына жатқызады. Еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) арасындағы келіспеушіліктер (ҚР Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағы 16) тармақшасы). Еңбек ету барысында жұмыскер мен жұмыс берушінің мүдделері жиі сәйкес келмей жатады және тиісінше олардың арасында әртүрлі қақтығыс жағдайлары туындап жатады. Олар жеке еңбек даулары деп аталады және еңбек функциялары, жұмыс уақыты және демалыс уақыты режимі, еңбекке ақы төлеу, кепілденген және жәрдемақылық төлемдер, тәртіптік немесе материалдық жауапкершілікке тарту, басқа жұмысқа ауыстыру, жұмыстан шығару және т.б. мәселелермен байланысты болуы мүмкін.

Ұжымдық еңбек даулары жұмыс беруші (жұмыс берушілер) мен жұмыскерлер (жұмыскерлер өкілдері) арасында туындайды және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолданумен байланысты жұмыскерлердің талаптарына, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің т.б. талаптары орындалуына немесе өзгеруіне қатысты болады.

Еңбек дауларының себептері объективті сипатта да, субъективті сипатта да болуы мүмкін. Еңбек дауларының объективті себептерінде, ең алдымен, жұмыскер мен жұмыс берушінің мүдделерінің қарама-қайшылығы жатыр. Жұмыскер еңбекақысын арттыруға, еңбек құқықтық қатынастарының тұрақтылығына, дені сау және қауіпсіз еңбек жағдайлары және т.б. қамтамасыз етілуіне мүдделі. Жұмыс беруші «иелік ету билігін» иемдене отырып, пайданы арттыру мақсатында еңбектің қарқындылығын арттыруға тырысады, басқарушылық функцияларды, кадрлық қамтамасыз етуді, еңбекті бағалауды өз бетінше жүзеге асырады және тиісінше еңбекақыны түзетеді және көп жағдайда арттыру жағына емес т.с.с.мұның бәрі жұмыскердің көңілінен шыға бермейді және жиынтығында еңбек заңнамасының (жұмыс берушінің актілерін, басқа да құқықтық актілерді қосқанда) мінсіз болмауынан еңбек дауының туындауына алып келуі мүмкін.

Жеке еңбек дауы туындауының субъективті себептеріне жұмыскердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын жұмыс беруші (жұмыс берушінің өкілдері) тарапынан кінәлі әрекеттер жатады. Басқа жағдайларда жұмыскер қолданыстағы заңнамны білмеуі, жұмыскердің психологиялық-физикалық ерекшеліктеріне және т.б. бойынша жұмыс берушінің (жұмыс беруші өкілдерінің) заңды әрекеттеріне шағымданады. Ұжымдық еңбек дауларының туындау себептеріне еңбектің төмен деңгейде ұйымдастырылуы, ұжымның сапалы жұмыс жағдайы қамтамасыз етілмеуі,

жалақы төлеу жүйесінің тиімсіздігі, жалақыны толығымен және уақытылы төлемеу және т.б. жатады.

Жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) арасында туындаған қайшы көзқарастарды шешуде ең тиімдісі – туындаған мәселенің мәні бойынша келісімге қол жеткізу арқылы, жеке немесе ұжымдық дауларды заңда белгіленген тәртіпті қолданбастан, дауласушы тараптардың қақтығысты өздері реттеуі болып табылады. Еңбек құқықтарын қорғаудың мұндай нысаны юрисдикциялық болып табылмайды, себебі еңбек құқықтық қатынастар субъектілерінің арасындағы нақты дау бойынша талқылау және шешім қабылдау кезінде еңбек құқықтық қатынастары субъектілерінің арасында қарама-қайшы көзқарастарды реттеудің заңнамда белгіленген құқықтық тетігі қолданылған жоқ.

Еңбек құқықтық қатынастар субъектілерінің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың юрисдикциялық нысаны аса ауқымды болып табылады. Ол бірқатар мемлекеттік және арнайы құрылған мемлекеттік емес органдар мен қоғамдық бірлестіктердің құзыретіне кіретін еңбек құқықтық қатынастар субъектілерінің еңбек құқықтарын қорғаудың әртүрлі тәсілдерін қамтиды. Оларға жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қосқанда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыратын жалпы құзыреттіліктегі мемлекеттік органдар жатады. Олардың қатарында ҚР Конституциялық Кеңесі, Қазақстан Республикасының прокуратурасы, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл бар. Жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғауды арнайы құрылған Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы сақталуына мемлекеттік бақылауды іске асыратын органдар, сондай-ақ жұмыскерлердің өкілдері – кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары, ал олар болмаған кезде жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) жұмыскерлердің (конференция делегаттарының) кемінде үштен екісі қатысқан кезде қатысушылардың көпшілік дауысымен сайланған және уәкілеттік берілген сайланбалы өкілдер жүзеге асырады (ҚР Еңбек кодексінің 1-б., 1-т., 44-т.т.). Кәсіптік одақтар турлы заңның 16-бабының 1-тармағы 6) тармақшасын сәйкес Кәсіподақтар ҚР еңбек заңнамасына және медиация туралы заңнамасына сәйкес жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуге қатысуға құқықтары бар.

Еңбек құқықтарын қорғаудың юрисдикциялық тәсіліне жұмыскерлердің еңбек құқықтарын өздері қорғауын жатқызуға болады, алайда аталған дефиницияның заңды анықтамасы ҚР Еңбек кодексінде жоқ. Өзін өзі қорғау еңбек қызметін жүзеге асыру бойынша кедергілер жойылғанға дейін жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауын уақытша тоқтата тұруын немесе тоқтатуын, сондай-ақ жұмыс берушіні өзінің бұзылған құқықтары қалпына келтіру, еңбек алауыздықтарын шешу бойынша уәкілетті органдарға жүгінбестен өз міндеттерін тиісті орындауына жұмыс берушіні ынталандыру жөніндегі әрекеттерді білдіреді.

ҚР Еңбек кодексінің 22-бабының 1-тармағы 19) тармақшасына сәйкес

Жұмыскердің өзінің денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіретін ахуал туындаған кезде, бұл туралы тікелей басшының немесе жұмыс берушінің өкілін хабардар ете отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға құқығы бар. ҚР Еңбек кодексінің 56-бабының 3-тармағына сәйкес жұмыскер жұмыс берушіні еңбек шарты талаптарын орындамағаны туралы жазбаша хабардар етуге құқылы. Егер жазбаша хабардар етілген күннен бастап жеті күн мерзім өткен соң жұмыс берушінің еңбек шартының талаптарын орындамауы жалғасса, жұмыскер үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс берушіні жазбаша хабардар ете отырып, еңбек шартын бұзуға құқылы. ҚР Еңбек кодексі жұмыскердің жұмыс беруші жұмыскерді жеке және (немесе) ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда және денсаулығына немесе өміріне қатер төндіретін ахуал туындаған кезде бұл жөнінде тікелей басшысына немесе жұмыс берушіге жазбаша түрде хабарлай отырып, жұмысты орындаудан бас тартуға құқығын қарастырады. Өзін өзі қорғауды қолданудың көрсетілген тізімі түбегейлі болып табылмайды. Бұл ретте өзін өзі қорғауды ереуілден ажырата білу қажет. Егер өзін өзі қорғауда жұмыскер өзінің бұзылған субъективті құқығын қорғайтын болса, ал ереуіл ұжымдық еңбек дауы сияқты, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыскер актілерінің шарттары орындалуы немесе өзгеруі мәселелері бойынша жұмыскерлер талаптарын іске асыру мақсаты тұрады.

Конституцияның 76-бабына сәйкес Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Бұл конституциялық ережелер жеке еңбек шарттарын қарастыру және шешу бойынша негізгі орган сот болып табылады деген ұйғарымға келуге мүмкіндік береді. Оған қоса еңбек құқықтық қатынастарын сотпен қорғау ең алдымен келісу комиссияларымен жеке еңбек дауларын алдын ала (сотқа дейінгі) қарастырумен байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі шешу тәртібін реттейтін нормалардың еңбек заңнамасының қалыптасу және дамуының әр кезеңінде едәуір айырмашылықтары бар. Ондаған жылдар бойы жеке еңбек дауларын сотқа дейінгі міндетті қарастыру турлы ереже қолданылды. Алайда, «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» 1999 жылғы Заңмен, сондай-ақ 2007 жылғы Еңбек кодексімен жеке еңбек дауларын тараптардың келісімі бойынша немесе еңбек дауы тараптарының өтініші бойынша жеке еңбек дауларын келісу комиссиясының қарастыруын көздейтін диспозитивті нормалар енгізілді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындау аясында әзірленген ҚР жаңа Еңбек кодексі жеке еңбек дауын қарастыру тәртібіне қатысты бірқатар новеллаларды қосты. ҚР Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерін және заңды тұлғаның атқарушы

органының басшыларын қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды. Осылайша, келісу комиссиясының жеке еңбек дауын сотқа дейінгі қарауы кейбіреулерін қоспағанда міндетті болып табылады. Аталған нормада жұмыскер мен жұмыс беруші тарапынан өзін өзі реттеу қағидатының әрекетін біржола шешу кезінде еңбек қатынастары саласына мемлекеттік араласуды барынша төмендету тұжырымдамасы көрініс табады. Алайда, келісу комиссиясы қызметін реттеудің нақты құқықтық реттеу тетігінің болмауы жеке еңбек дауларын сотқа дейін уақтылы, дұрыс және сапалы шешуге кедергі келтіреді. ҚР Еңбек кодексінде Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылатыны айтылған (159-б., 2-т). Оған қоса келісу комиссиясының қызмет етуінің неғұрлым маңызды заңды рәсімдері жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің арасындағы жазбаша келісімде не ұжымдық шартта белгіленеді (ҚР Еңбек кодексінің 159-б., 3-т). Аталған норма оны қолдану барысында келісу комиссиясын қалыптастыруда, келісу комиссиясының құрамына біліктілік талаптарды белгілеуде, жеке еңбек дауларын қарастырудың рәсімдік-процестік тәртібіне, қабылданған шешімдердің мазмұнына және т.б. қойылатын талаптарды қалыптастыруда расталмаған әртүрлілікке әкеледі. Тәжірибеде келісу комиссиясы мүшесінің комиссия отырысына жұмыс уақытында қатысуы кезіне жалақысы сақталуымен, қызмет функцияларын орындауымен байланысты және т.б. мәселелер туындайды. Келісу комиссиясының ұйымда, оның филиалдарында және өкілдіктерінде болмағаны үшін заңды жауапкершілік қарастырылмаған, бұл жеке еңбек дауын сотқа дейінгі тәртіппен қарастыруға кедергі келтіреді.

ҚР Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағына сәйкес жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша тікелей соттар қарайды. Соттардың келісу комиссиясының орындалмаған шешімдерін қарастыруы негізделген және ақылға сыйымды. Реттелмеген мәселелерді қарастыруға қатысты айтатын болсақ, қарама-қарсы сұрақтар туындайды: мәселені кім реттемеген? Заң шығарушы ма әлде келісу комиссиясы ма? Мәселенің реттелмегендігі нақты неден көрінеді? Құқықтық олқылықтың болуынан ба, әлде келісу комиссиясы шешімінің болмауынан ба? Бұл барлық сұрақтар заңды түсіндіруді талап етеді. Біздіңше, құқықтық вакуумды жойғанға дейін соттар ұйымдарда, оның филиалдарында және өкілдіктерінде келісу комиссиясы болмағанда мәселенің реттелмегендігін басшылыққа ала отырып, жеке еңбек дауларын іс жүргізуге тікелей қабылдай алар еді.

ҚР Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілері мен заңды тұлғаның атқарушы органы басшыларының қатысуымен жеке еңбек даулары сотқа дейінгі реттеуге түспестен соттарда қаралады. Аталған норманы белгілей отырып заң

шығарушы прагматикалық түйсікті басшылыққа алғаны анық. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабы 3-тармағына сәйкес жұмыскерлерінің жылдық орташа саны он бес адамнан аспайтын жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Шын мәнінде біздің елімізде жұмыскерлерінің саны оннан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілері өте көп. Нәтижесінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінде тұрақты жұмыс істейтін келісу комиссиясын қалыптастыру мақсатсыз және тиімсіз болып табылады.

Заңды тұлғаның атқарушы органының басшысымен оның басқарушылық функцияларын орындауын есепке ала отырып еңбек қатынастарын реттеу ҚР Еңбек кодексінің 140-бабында бекітілген өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ретте жұмыскерлердің бұл санатының еңбек қатынастарын реттеуде құрылтайшылар, заңды тұлғаның мүлік иесі шығаратын құжаттар маңызды рөлге ие. Егер жалғыз құрылтайшы (қатысушы, акционер) заңды тұлғаның жалғыз атқарушы органы болып табылатын болса, онда онымен еңбек шарты мүлде жасалмайды. Жалпы шарттардан заңды тұлғаның атқарушы органының басшысына тәртіптік жаза қолдану тәртібі ерекшеленеді. Аталған санаттағы адамдармен еңбек қатынастарын реттеудің бірқатар басқа ерекшеліктері бар. Бұл жағдайларда атқарушы орган басшыларын келісу комиссиясының юрисдикциясынан шығарып алудың мақсаттылығы әбден түсінікті.

Ұжымдық еңбек дауы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша ҚР Еңбек кодексінің 164-бабына сәйкес ресімделген жұмыскерлердің талаптары туралы жұмыс берушіні жазбаша хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі. Жұмыс беруші жұмыскерлердің қойған талаптарын – оларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыс берушілер бірлестігі бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға, ал көрсетілген мерзімде шешу мүмкін болмаған кезде, туындаған келіспеушіліктерді одан әрі қарау үшін өз өкілдерін көрсете отырып, өздерінің шешімдері мен ұсыныстарын жұмыскерлерге жазбаша түрде жеткізуге міндетті (ҚР Еңбек кодексінің 163-бабы).

Ұжымдық еңбек даулары бітімгерлік рәсімдер тәртібімен және (немесе) сот тәртібімен шешіледі. Татуластыру рәсімдері – ұжымдық еңбек дауын алғашында татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігінде реттілікпен қарау. Татуластыру комиссиясы ұжымдық еңбек дауы тараптары өкілдерінен тепе-тең негізде қалыптастырылады және қызметкерлердің (олардың өкілдерінің) талаптарын құрылған күнінен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмейтін мерзімде қарайды. Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауларды шешу үшін еңбек төрелігі құрылады, оны ұжымдық еңбек дауының тараптары

бітімгерлік комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде құрады. Еңбек арбитражы кем дегенде бес адамнан тұруы тиіс. Еңбек арбитражының құрамына мемлекеттік еңбек инспекторы, ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу үшін Еңбек арбитражы жөніндегі кеңестің өкілі, ал қажетілігіне қарай басқа да адамдар енгізіледі. Еңбек арбитражының шешімі құрылған күнінен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмей арбитраж мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Ұжымдық еңбек дауларын қарау кезінде еңбек дауларын шешу бойынша қызметтер көрсету үшін еңбек қатынастарының тараптары тартатын жеке және заңды тұлғалар – делдалдар тартылуы мүмкін. Делдалдар ретінде тараптар өздеріне тәуелсіз ұйымдар мен адамдарды айқындайды.

Келісу комиссиясына қарағанда татуластыру комиссиясының мүшелері ұжымдық еңбек дауын шешу жөніндегі келіссөздерге қатысқан уақытта жалақысы сақтала отырып, жұмысынан босатылады. Жұмыскерлердің, олардың бірлестіктерінің ұжымдық еңбек дауын шешуге қатысатын өкілдері ұжымдық еңбек дауын шешу кезеңінде тәртіптік жазаға тартылмайды, басқа жұмысқа ауыстырылмайды немесе солардың өкілдік етуіне уәкілеттік берген органның алдын ала келісімінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша олармен еңбек шарты бұзылмайды (ҚР Еңбек кодексінің 169-б).

Ұжымдық еңбек дауын реттеу кезінде тараптардың бір де біреуінің татуласу рәсімдеріне қатысудан жалтаруға құқығы жоқ. Ұжымдық еңбек дауында реттелмеген келіспеушіліктер қажет болғанда өз мүдделерін қорғаудың заңда көзделген барлық амалдарын қолдану үшін тараптардың назарына жазбаша түрде жеткізілуі тиіс.

Қолданыстағы Конституция жұмыс берушімен ұжымдық еңбек дауында өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіби талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтататын ереуілге құқықты бекітіп берді. Алайда, ереуілді татуластыру рәсімдері ұжымдық еңбек дауын шешпеген немесе жұмыс беруші татуластыру рәсімдерінен жалтаратын жағдайлардағы айрықша шара ретінде қарау керек. Ереуіл кезінде жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы), әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақы төлеміне құқығы, еңбек өтілі сақталады, сондай-ақ еңбек қатынастарынан туындайтын басқа да құқықтарға кепілдік беріледі.

Ереуіл өткізу кезеңінде ұжымдық еңбек дауының тараптары бұл дауды келіссөздер жүргізу арқылы шешуді жалғастыру қажет. Жұмыс беруші, мемлекеттік органдар және ереуілді бастаушы орган ереуіл кезеңінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, ұйым мүлкінің сақталуын және жұмыскерлердің қауіпсіздігін, сондай-ақ тоқтап қалуы адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін машиналар мен жабдықтардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша оларға қатысты болатын шараларды қабылдауға міндетті.

Ереуіл заңсыз деп танылған жағдайда, ереуілді ұйымдастыру және оған

қатысу жұмыскердің еңбек тәртібін бұзғаны болып қарастырылуы және оған осы Кодексте көзделген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға әкеп соқтыруы мүмкін.

Ереуіл кезінде жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы), еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеміне құқығы, еңбек өтілі сақталады, сондай-ақ еңбек қатынастарынан туындайтын өзге де құқықтарына кепілдік беріледі.

24.4. Конституцияда бекітілген аса маңызды кепілдік – ол әркімнің тынығуға құқығы болып табылады. Тынығу уақыты – бұл заңға немесе жұмыс берушінің актісіне сәйкес қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты. Тынығу уақытының түрлері: жұмыс күні (жұмыс ауысымы) ішіндегі үзілістер – тынығуға және тамақтануға арналған үзіліс; ауысымшылық және арнаулы үзілістер; күнделікті (ауысымаралық) тынығу; демалыс күндері (апта сайынғы үздіксіз тынығу); мереке күндері; демалыстар болып табылады.

Жұмыскерге күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ішінде тынығуға және тамақтануға арналған, ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын бір үзіліс берілуге тиіс. Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін болмайтын жұмыстарда жұмыс беруші жұмыскерді жұмыс уақытында арнайы жабдықталған орында тынығу және тамақтану мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті. Жұмыстың жекелеген түрлерінде жұмыскерлерге өндіріс пен еңбек технологиясына және оларды ұйымдастыруға байланысты, жұмыс уақытына қосылатын ауысымшылық үзілістер беріледі. Жылдың суық немесе ыстық мезгілінде ашық ауада, жылытылмайтын жабық үй-жайларда жұмыс істейтін, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарында істейтін жұмыскерлерге жылыну не салқындау және тынығу үшін жұмыс уақытына қосылатын арнайы үзілістер беріледі.

Бір жарым жасқа дейінгі балалары бар жұмыс істейтін әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған әкелерге (бала асырап алушыларға) баланы (балаларды) тамақтандыру үшін жұмыстың әрбір үш сағатынан сиретпей ұзақтығы мынадай: бір баласы барларға – әрбір үзіліс кемінде отыз минут; екі немесе одан көп баласы барларға – әрбір үзіліс кемінде бір сағат болатын қосымша үзілістер беріледі.

Жұмыскердің жұмыстың аяқталуы мен оның келесі күні басталуы (жұмыс ауысымы) арасындағы күнделікті (ауысымаралық) тынығуының ұзақтығы он екі сағаттан кем болмайды.

Жұмыскерлерге апта сайын демалыс күндері беріледі.

Бес күндік жұмыс аптасында жұмыскерлерге аптасына екі демалыс күні, ал алты күндік жұмыс аптасында – бір демалыс күні беріледі.

Қолданылатын жұмыс режимдеріне және ауысымдық кестелерге (вахталар кестелеріне) қарамастан, мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар – православиелік Рождество демалыс күндері болып табылады.

Демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін жұмыскердің қалауы бойынша оған басқа демалыс күні беріледі немесе ҚР Еңбек кодексінің 109-бабында көрсетілген мөлшерде ақы төленеді.

Қазақстанда мереке күндеріне ұлттық және мемлекеттік мейрамдар жатады. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №267 ҚР Заңына сәйкес *ұлттық мерекелер* – Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер. *Мемлекеттік мерекелер* – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Оған қоса *кәсіби және өзге де мерекелер* бар, оларға ұлттық және мемлекеттік мерекелер мәртебесі берілмеген, алайда азаматтардың жекелеген санаттары атап өтеді. Қазақстан Республикасындағы Ұлттық мереке – 16–17 желтоқсанда атап өтілетін 16-желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Мемлекеттік мерекелер – 1–2 қаңтар – Жаңа жыл; 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні; 21–23 наурыз – Наурыз мейрамы; 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі; 7 мамыр – Отан қорғаушы күні; 9 мамыр – Жеңіс күні; 6 шілде – Астана күні; 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні; 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні.

Жұмыскерлерге демалыстың келесі түрлері беріледі: ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы; әлеуметтік демалыстар.

Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскердің тынығуына, жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруіне, денсаулығын нығайтуына және жұмыскердің өзге де жеке қажеттіліктеріне арналады және жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысы сақтала отырып, белгілі бір күнтізбелік күндер санына беріледі. Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының мынадай түрлері беріледі: 1) жыл сайынғы негізгі ақы төленетін еңбек демалысы; 2) жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы.

Әлеуметтік демалыс деп ана болуға, балалардың күтіміне, өндірістен қол үзбей білім алуға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында және өзге де әлеуметтік мақсаттарда жұмыскерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату түсініледі.

Жұмыскерлерге әлеуметтік демалыстардың мынадай түрлері беріледі: жалақы сақталмайтын демалыс; оқу демалысы; жүктілікке және бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, әлеуметтік демалыста болған кезең еңбек өтіліне есептеледі.

Егер осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көбірек күн саны көзделмесе, жұмыскерлерге ұзақтығы

күнтізбелік жиырма төрт күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысы беріледі.

Мыналарға:

ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі.

Ауыр, зиянды және (немесе) қауіпті жағдайлардағы еңбегі өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерімен расталған жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі.

Жұмыс беруші өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша, сондай-ақ аттестаттауға жатпайтын жұмыс орындары бойынша аттестаттауды өткізбеген жағдайда, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес толық көлемде беріледі.

Жұмыскерлердің өзге санаттарына жыл сайынғы қосымша демалыс беру және оның ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленуі мүмкін.

Еңбек, ұжымдық шарттарда жұмыскерлерге үздіксіз ұзақ жұмысы, маңызды, күрделі, жедел жұмыстарды, сондай-ақ өзге де сипаттағы жұмыстарды орындағаны үшін көтермелеу сипатындағы жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыстар белгіленуі мүмкін.

Жұмыскерге жұмыс істеген бірінші және келесі жылдары үшін жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы тараптардың келісімі бойынша жұмыс жылының кез келген уақытында беріледі. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша бөліктерге бөлінуі мүмкін. Бұл ретте, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының бір бөлігі жұмыскердің еңбек шартында көзделген демалыс ұзақтығының күнтізбелік екі аптасынан кем болмауға тиіс. Қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы негізгі жұмысы бойынша демалыспен бір мезгілде беріледі.

Еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жұмыскердің өтініші негізінде оған жалақы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

Жалақы сақталмайтын демалыстың ұзақтығы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім бойынша айқындалады.

Жұмыс беруші: неке тіркелгенде; бала туылғанда; жақын туыстары қайтыс болғанда; еңбек, ұжымдық шарттарда көзделген өзге де жағдайларда жұмыскердің хабарламасы негізінде күнтізбелік бес күнге дейін жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

Білім беру ұйымдарында оқып жүрген жұмыскерлерге сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау, әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламаларынан өту үшін оқу демалыстары беріледі.

Жүкті әйелдерге, бала (балаларды) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (еркектерге) баланың туылуына байланысты мынадай: жүктілікке және босануға байланысты демалыс; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беріледі.

Жұмыс беруші жұмыскерге: ата-анасының таңдауы бойынша – баланың анасына не әкесіне; баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анаға; ата-ананың қамқорлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа туысына не қамқоршысына; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерге бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс аяқталғанға дейін жұмысқа шыққан жағдайда жұмыскер жұмыс берушіге өзінің ниеті туралы жұмыс басталғанға дейін бір ай бұрын ескертуге міндетті.

25-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Занда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

25.1. Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық құқығы адамның аса маңызды жеке құқықтарының қатарына жатады. Ол жалпыға ортақ халықаралық актілерде бекітілген. АҚЖД 12-бабына сәйкес «ешкім жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуына, озбырлық жасап баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуына, ар-намысы мен абырой беделіне нұқсан келтіруіне ұшырай алмайды. Әрбір адам осындай арласудан немесе осындай килігуден заңның қорғауына құқығы бар».

АСҚХП 17-бабына сәйкес «әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше немесе заңсыз араласуынан, озбырлық жасап

баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуынан, ар-намысы мен абырой беделіне өз бетінше немесе заңсыз нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар» .

Неғұрлым жалпы мағынада тұрғын үйге қол сұғылмаушылық Конституциямен қорғалатын жеке өміріне қол сұғылмаушылықтың бір көрінісі болып табылады (18-баптың 1-тармағы).

Түсіндірме беріліп отырған қағидат тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын адамдардың да, тұрғын үйге заңды негізде иелік ететін және оны пайдаланатын басқа да адамдардың (жалгерлер, тұрғындар және т.б.) мүдделерін қорғайды. Ол мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың тарапынан да, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың тарапынан да тұрғын үйге иелік ету және оны пайдалануға құқықтарды жүзеге асыруға заңсыз және өз бетінше араласудың жолын кесуге арналған.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «қол сұғылмайтын» деген сөз тұтас сақталатын, әлдекімнің тарапынан қандай да бір араласуынан қорғалған деп түсіндіріледі¹.

Қарастырылып отырған конституциялық құқықтың мазмұны адамның өзінде заңды негізде бар үй-жайды еш кедергісіз пайдалануына мүмкіндікті, сонымен қатар кімге де болсын онда тұрып жатқан адамдардың еркіне қарсы үй-жайға кіруге (енуіне) тыйым салуды қамтиды.

Аталған қағидат ҚР АҚ (Жалпы бөлім) 146-бабында бекітілген, оған сәйкес заңнамалық актілерде көзделгеннен басқа реттерде азаматтың тұрғын үйге қол сұққызбау құқығы болады, яғни тұрғын үйіне өзінің еркінен тыс баса-көктеп кірудің кез келген әрекетін тыюға құқығы бар.

Тұрғын үйге қол сұғылмаушылық қылмыстық процестің қағидаттарына да жатқызылған. ҚР ҚК 17-бабында тұрғын үйге қол сұғылмайды деп бекітілген. Тұрғын үйге онда тұрып жатқан адамдардың еркіне қарсы кіруге, оны қарап шығуға және тінту жүргізуге заңда белгіленген тәртіппен ғана жол беріледі.

ҚР ҚК тұрғын үйге қол сұғылмаушылықтың бұзылуына жауапкершілікті белгілейді, оның объективті жағы тұрғынжайға онда тұрып жатқан адамдардың еркіне қарсы заңсыз басып кіруді айтады (149-бап).

Шетел тәжірибесінде аталған құқықты шектеудің басқа да нысандары атап көрсетіледі. Лопез Остраның Испанияға қарсы ісі бойынша Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сот өтініш берушінің тұрғын үйіне жақын жерде қалдықтарды өңдейтін кәсіпорынды пайдалануға беруді мемлекеттік органдар тарапынан араласу деп таныды, себебі соның кесірінен ол үйін тастап кетуге мәжбүр болды².

¹ Ожегов С.И. және Шведова Н.Ю., Орыс тілінің түсіндірме сөздігі: 80000 сөз және фразеологиялық тіркестер / Ресей ҒА.; Ресей мәдениет қоры; - 3-басылым., стереотипті-М.: АЗЪ, 1996. – 928 с.

²European Court on Human Rights, Lopez Ostra v. Spain, Judgment of 9 December 1994, 303-C.; para.51. Қазақ тіліндегі аудармасы: Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот. Таңдаулы шешімдер. Т.1. М., 2000, С.73.

Конституцияның 25-бабының 2-тармағының ережелері Негізгі Заңның 26-бабының нормаларымен тығыз байланысты және бірін бірі толықтырып тұрады. Мәселен, 26-баптың 3-тармағында соттың шешімінсіз ешкімді өзінің мүлкінен айыруға болмайды делінген. Конституцияның 25-бабының 1-тармағында аталған кепілдік азаматтық құқық объектілерінің маңызды түрлерінің бірі – тұрғынжайға қолданылатыны нақтыланады – «сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді».

ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 3-тармағын және 39-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы N 5 НҚ-да мынадай: 1) мүлікті мемлекет мұқтажы үшін пайдалану мақсатында ғана одан айыруға жол беріледі. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы), мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірге қорғалады, меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам иелігіне де қызмет етуге тиіс (Конституцияның 6-бабының 1 және 2-тармақтары), Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандайда болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады, меншікке заңмен кепілдік беріледі (Конституцияның 26-бабының 1 және 2-тармақтары) деген түбегейлі конституциялық принциптерді ескерген жөн;

2) мемлекет мұқтажы үшін мүліктен айырудың ерекше жағдайларының тізбесі заңмен белгіленеді;

3) мемлекет мұқтажы үшін мүліктен айыру оның құны тең бағамен өтеген кезде жүргізілуі мүмкін;

4) мемлекет мұқтажы үшін мүліктен айыру сот шешімімен жүргізіледі, деген талаптар жинақталып келіп, сақталған кезде мүлік, соның ішінде жер учаскесі және өзге де жылжымайтын мүлік құқық иеленушіден ерекше жағдайларда күштеп алып қойылуы мүмкін екені түсіндіріледі.

Мүлікке, соның ішінде тұрғын үйге меншік құқығын мәжбүрлеп тоқтату негіздері ҚР АҚ-де айтылған (249-б., 2-т.), олар: реквизициялау; тәркілеу; жер учаскесін алып қоюға байланысты қозғалмайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару; ұлт меншігіне алып қою; ортақ мүлікті бөлу не одан үлесті бөліп шығару мүмкін болмаған жағдайда соттың шешімі бойынша жария саудада мүлікті сату және т.б..

Тұрғын үйге қол сұғылмаушылыққа құқықтарды шектеудің түрлері мен нысандары Негізгі Заңның 39-бабының 1-тармағының нормасынан туындайды, оған сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Әркімге тұрғын үйіне қол сұғылмаушылық құқығына кепілдік бере отырып, Конституция аталған қағидаттан айрықша жағдайды белгілейді – «тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

Түсіндірме беріліп отырған баптың мәтінінде мұндай шектеулерге: тұрғынжайға басып кіру, қарап шығу және тінту жатқызылған. Бұл тізбе түпкілікті болып табылмайды және белгіленген басқа да конституциялық талаптарды есепке ала отырып, заңдармен толықтырылуы мүмкін. Қылмыстық процесілік кодекс қалай болғанда да тұрғынжайға қол сұғылмаушылық қағидатына жатпайтын айрықша жағдаймен байланысты мүлікке тыйым салу (161-б), тартып алу (253-б) сияқты басқа да шараларды қамтиды.

Конституциялық норманы іске асыру мақсатында көрсетілген шараларды қолдану тәртібін айқындайтын бірқатар заңдар қабылданды.

ҚПК 220-бабының 13-тармағына сәйкес Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер тұрғынжай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін. Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса беріледі.

Тұрғынжайда тінту жүргізу туралы қаулы тергеу судьясымен санкциялануы тиіс. Тұрғынжайдан онда тұрып жатқан адамдардың еркінен тыс алу мәжбүрлеп тінту жүргізу қағидалары бойынша жүргізіледі. Айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және (немесе) алып қойылуға жататын объект оны табуды ұзаққа созу салдарынан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту және алу тергеу судьясының санкциясынсыз, алайда олардың заңдылығын соттың кейінгі тексеруімен жүргізілуі мүмкін (ҚР ҚПК 254-б).

1994 жылғы 15 қыркүйектегі «Жедел-іздестіру қызметі туралы» ҚР Заңы арнайы-іздестіру іс-шараларына уәкілетті мемлекеттік органдардың санкциясымен ғана жүргізілетін жедел енуді жатқызады (11-б. 3-т. 5-т.т.) және 12-баптың 4-т.).

Ішкі істер органдарының жеке адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық жаза мен қылмыстық-құқықтық әсер етудің басқа да шараларын орындау және тартудан жалтаратын қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу кезінде не сол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, дүлей зілзалалар, апаттар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрғын және өзге де үй-жайларға, аумақтарға және жер учаскелеріне кедергісіз кіруге, оларды қарап тексеруге, басқа да шектеу

шараларын қолдануға құқығы бар (Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы ҚР Заңының 6-бабының 2-25), 25-1) және 26) т.т.).

Терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағында терроризмге қарсы операцияға қатысушы тұлғалардың егер кешеуілдеу адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп туғызатын болса, жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе иелігіндегі және пайдалануындағы тұрғын үйлер мен өзге де үй-жайларға және оларға жеке меншік құқығымен немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелеріне кедергісіз кіруге құқығы бар. (Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 15-1-б., 8 т.т.).

Құтқарушылардың авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу барысында, адамдарды құтқаруға, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге бағытталған шараларды қабылдау үшін жеке және заңды тұлғаларға тиесілі аумаққа, тұрғынжайға және өзге де үй-жайға, жер учаскелеріне кедергісіз кіруге құқығы бар (Азаматтық қорғаныс туралы ҚР Заңының 33-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы).

Тұрғынжайға қол сұғылмаушылыққа құқықты шектеудің барлық жағдайларында мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері заңды түрде белгіленген мақсаттарға сай, негізделген және қалыптасқан жағдайлармен барабар, барынша аз шығын келтіріп, олардың заңдылығы сот тарапынан және басқалай тексерілуге тиіс.

Қарастырылып отырған қағидатты толыққанды іске асыру «тұрғынжай» терминін дұрыс анықтауға байланысты, ол жинақтаушы түсінікті білдіреді, ол бір немесе бірнеше адамдардың тұруына қызмет ететін барлық объектілерді (үй-жайларды) біріктіретін жиынтықтаушы (туыстық) түсінікті білдіреді.

Қолданыстағы заңнамада олның бірқатар заңнамалық актілерде мағынасы ашылады. Мәселен, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі ҚР Заңының 2-б. 28) тт. сәйкес тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық және басқа да міндетті талаптарға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме).

ҚР ҚПК-де біршама басқашалау кеңірек анықтама беріледі, тұрғынжай – бір немесе бірнеше адамның уақытша немесе тұрақты тұруына арналған үй-жай немесе құрылыс, оның ішінде: меншікті немесе жалға алынған пәтер, үй, саяжай үйі, мейманхана нөмірі, каюта, купе; көппәтерлі тұрғын үйді қоспағанда, оларға тікелей жалғасатын верандалар, террасалар, галереялар, балкондар, мансардалық құрылыстар, тұрғын құрылысының жергөлесі және шатыры, сондай-ақ өзен немесе теңіз кемесі және басқалар (7-б., 49) т.т.).

Халықаралық құқық қорғау практикасында аталған түсінік едәуір кең түсіндірілетінін атап өткен жөн. Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Соты өз шешімдерінің бірқатарында тұрғынжай («home» ағылшын тілінде) сөзі

қызметтік үй-жайларға да қолданылады. «Мұндай түсіндірме мәтіннің француз тіліндегі нұсқасына толық ұқсас айтылады, себебі «domicile» сөзі «home» сөзіне қарағанда неғұрлым кең мағынаға ие және адвокаттық сияқты іскери кеңсеге де қолданыла алатынын» атап өтті¹.

25.2. Тұрғын үй жағдайлары қоғамның әлеуметтік әл-ауқаттылығының құрамдас бөлігі болып табылады. Ерекше мәнділігіне қарай, Негізгі Заң азаматтардың жеке меншік үй алуына көмектесуді мемлекетке міндеттей отырып, тұрғынжайды конституциялық игілік деңгейіне шығарады.

Кеңестік конституцияларға (КСРО 1977 жылғы Конституцияның 44-б; Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясының 42-б, және т.б.) және кейбір шет елдердің, атап айтқанда Ресей Федерациясының, конституцияларына (40-б., 1-т.) қарағанда Қазақстанның Конституциясы тұрғынжайға құқықты тікелей бекітпейді, мемлекеттің оны беру жөніндегі міндеті айтылған.

Түсіндірме беріліп отырған нормада азаматтарды тұрғынжаймен қамтамасыз еу үшін мемлекеттің жағдай жасауы туралы айтылып отыр.

Қазіргі заманғы нарықтық жағдайда тұрғынжай мәселесін ел азаматтары үй салу, пәтер сатып алу және басқа да тәсілдермен өз беттерінше шешуде. Тұрғын үй заңнамасы азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке меншігінде болатын тұрғын үй нысандарының көлемі мен санын шектемейді.

Өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып табылатын Қазақстан барлық азаматтарын тегін немесе қолжетімді ақыға тұрғынжаймен қамтамасыз етуге тырысады.

2001 жылғы 21 желтоқсандағы №18/2 және 2005 жылғы 29 сәуірдегі №3 ҚР КК НҚ-да Конституцияның 1-бабының 1-тармағының нормасы «Қазақстан Республикасы өзін... әлеуметтік мемлекет... деп бекітеді» деген бөлігінде Қазақстанның оның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет рөлін орындауға тырысуын білдіреді. Бұл ретте заң шығарушы әлеуметтік расталған өлшемшарттар бойынша азаматтардың құқықтарын саралауды жүргізуге құқылы.

Осыған байланысты тұрғын үй заңнамасы ең алдымен мұқтаж азаматтардың санатына тұрғын жай беру қажеттігіне ескереді, олардың қатарына Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары; жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, халықтың әлжуаз тобына, жалғыз баспанасы апатты деп танылған азаматтар және басқалары жатқызылған. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй әр адамға кемінде он бес шаршы метр және көп дегенде он сегіз шаршы метр пайдалы алаң, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер мөлшерінде немесе

¹ European Court on Human Rights, Niemietz v. Germany, *ibid.*, para. 28. Орыс тіліндегі аудармасы: Европейский Суд по правам человека. Избранные решения. Т.1. М., 2000, С. 771-772.

жатақханадан бөлме беріледі (Тұрғын үй қатынастары туралы ҚР Заңының 67-б., 75-б. 1-т. 67 т.т.

Халықты тұрғынжаймен қамтамасыз ету жалпыұлттық сипаттағы міндет болып табылады. Осы жылдар ішінде елімізде тұрғын үй құрылысы белсенді даму үстінде. Бұл әлеуметтік маңызы бар міндетті шешудің басты құралы жер учаскелерін беру және қажетті инфрақұрылымды жасау, кредиттеу, тұрғын үй жинақтаулары механизмін дамыту, жеке инвестицияларды тарту, мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті, жеке тұрғын үй, жалдамалы тұрғын үй құрылысын ынталандыру болып табылады.

26-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

2. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

3. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлкінен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

4. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдап, еліміз демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің даму жолына түсті. Конституцияның 1-бабының 2-тармағына сәйкес «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм болып табылады». Экономикалық даму мен бостандықтың бұл ұғымдары, әрине, кеңестік авторитарлы құқықтық дәстүрлер мен практика үшін белгісіз болған жеке меншік құқығы түсінігінің дамуымен байланысты.

Меншік құқығының даму тарихы тереңде жатыр. Рим құқығы қағидаттарының негізінде жеке меншіктің заңдық тұжырымдамалары құқықтық құжаттар мен ережелерде өз орнын тапты. Уақыт өте келе ол адам құқығы тұжырымдамасының бөлігіне айналды. АҚШ Конституциясында және Құқықтар туралы бөлімде меншік құқығы негізгі құқықтардың бірі ретінде тікелей көзделген. Меншікке адамның ажырамас құқығы деп қарау американдық көзқарастың таза көрінісі бола қойған жоқ. 1789 жылғы Адам

және азамат құқықтарының алғашқы француз декларациясында «меншікке қол сұғылмайды және құқықпен қамтамасыз етілген» делінген. Либералды демократиялардың әлемдік конституцияларының көпшілігінде жеке меншікке құқықты қорғау туралы арнайы ережелер қамтылған құқықтар туралы (америкалықтар мен француздарды жиі толғандыратын) заң жобалары бар. Осы құқықтың Қазақстан Конституциясының 26-бабында, адам құқықтарын қорғаумен байланысты «Адам және азамат» екінші тарауында көзделуі кездейсоқ емес.

18-ші ғасырдың демократиялық тұжырымдамаларының негізін қалаушылар жеке меншікке қол сұғудан құқықтық қорғау басқа да бостандықтарды – мысалы, жеке өмірге, ар-ожданға қол сұқпау, пікір білдіру бостандығына, қоғамдастыққа, дінге және т.б. құқықтарды жүзеге асырудың қажетті тетігі болып табылады. Бұл меншікке құқықтың классикалық либералды түсінігі туынды экспроприациядан және жеке меншікті реттеуден қорғаудағы мемлекеттің теріс міндеттемесін білдіреді. Кейін мемлекеттің кейір оң міндеттемелері меншік мәнін анықтау үшін де әзірленді.

Жеке меншік құқығының экономика мен гүлдену үшін практикалық салдары да болады. Мүліктік құқықтар мен елдің өркендеуі арасында тікелей байланыстың бар екеніне айғақтар өте көп. Мысалы, 2010 жылғы Халықаралық меншік құқығы индексінің (IPRI) алғашқы онжығына кіретін барлық елдер жан басына шаққанда ЖІӨ жоғары дамыған елдер болып табылады. IPRI шкаласының жоғарғы бөлігінде тұрған елдер төмен тұрған елдерге қарағанда сегіз есе жоғары. Кедейлік пен меншік құқығын баламалы қорғаудың жоқтығының арасындағы осы байланыс типі елдерді ұсыну туралы жұмыста және 2009 жылы Дүниежүзілік банктің институционалдық бағаларында өте белгілі болып табылады. Меншік құқығының қауіпсіз болмауы экономикалық дамуға теріс әсер етеді.

Кеңес тарихы сол институттың, яғни жеке меншік ұғымының іс жүзінде жоқ екендігінің нәтижесіне тарихи мысал бола алады.

Экономикалық оқиғалар туралы айтқанда, практикалық мағынасында Халықаралық инвестициялық құқық меншік туралы ғана емес, «инвестициялар» туралы да сөз қозғайды. Соңғысы құқықтық қорғау объектісі болып табылмайды, керісінше халықаралық төреліктің юрисдикциялық талабы болып табылады. Мысалы, Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы инвестициялық міндеттемелерді реттеу туралы 1966 жылғы Конвенцияда 25 (1)-бапта оның шеңберінде құрылған трибуналдар юрисдикциясы «тікелей инвестициялардан туындайтын» даулармен шектеледі. Осы мағынасында инвестициялар меншіктің барлық түрлеріне, соның ішінде жылжымалы, жылжымайтын, зияткерлік және т.б. қолданылады.

Мүліктік құқық жөнінде айтылған алғашқы әлемдік танылған халықаралық құжат – 1948 жылғы 10 желтоқсанда Парижде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған АҚЖД. Түрлі құқықтық және мәдени топтар өкілдері ұсынған жобада алғаш рет жалпыға бірдей қорғауды қамтамасыз ету үшін адамның негізгі құқықтары жазылды. АҚЖД 17-бабы меншік құқығына кепілдік береді: «17-б. 1-т. Әр адамның дүние мүлікті жеке өзі, немесе басқалармен бірлесіп иемденуге құқығы бар. 2) Ешкім де өз мүлкінен еріксіз айрылмауға тиіс.»

1950 жылғы Адам құқықтары туралы Еуропа конвенциясы (АҚЕК) меншік құқықтарына күшті кепілдік береді, атап айтқанда I Хаттаманың 1-бабына сәйкес: «1) әрбір жеке немесе заңды тұлға өз мүлкін бейбіт пайдалануға құқылы. Ешкім қоғамдық мүдделерден басқа және заң мен халықаралық құқықтың жалпы қағидаттарында көзделген жағдайларда өз мүлкінен айырыла алмайды. 2) Алдыңғы ережелер ортақ мүдделерге сәйкес мүліктің пайдаланылуын бақылау үшін немесе салықтарды немесе басқа да жарналарды немесе айыппұлдарды төлеуді қамтамасыз ету үшін қажет деп есептейтін осындай заңдарды сақтауды қамтамасыз ететін мемлекеттің құқығын ешқандай түрде бұзбауға тиіс».

Тарихта жеке меншік құқығы мен меншіктің қоғамдық сипаты барлық либералды және демократиялық жүйелер үшін – адамдардың жеке меншікке құқықтарды және қоғамдық мүдделерді құрметтеуін теңдестіру тұрғысында заңдық проблемаға айналды. Еуропаның мысалын келтіру үшін, Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы мен Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты белгілі бір қатаң талаптарға сәйкес мүліктен айыратын мүлікті бейбіт пайдалану құқығын таниды, сондай-ақ мемлекеттің мүлікті қоғамдық мүдделерге сай бейбіт иелену құқығын теңдестіру құқығын таниды. Мемлекеттің осы құқықты шектеуге құқығы бар. Ұлттық биліктер меншік құқығына араласа алатын әлеуметтік және экономикалық саясатты жүзеге асыруда қалауына қарай еркіндікте бола алады. Страсбург соты уақыт өткен сайын кейбір жағдайларда мемлекеттің қалайтын шегінен асып кеткенін тауып, маңызды қағидаттарды белгілейді (Швецияға қарсы Споронг пен Лоннрот (1982 жыл), Генрих Францияға қарсы (1994 жыл), Ака Түркияға қарсы 1998 жыл, Иммобиляр Саффи Италияға қарсы (1999 жыл), Грецияның бұрынғы королі Грецияға қарсы (2000 жыл) және т.б.).

Еуропа конвенциясы I хаттаманың 1-бабында мүлік жөнінде, сөзсіз жылжымайтын және жылжымалы мүлік пен осы активтермен байланысты басқаларын да білдіреді. Ол тиісті мүлікке талап арыз қоюға болатын жағдайларда кепілдік береді. Жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да Конвенцияға сәйкес осындай кепілдіктерді пайдалана алады.

Меншік құқығы 1965 жылғы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияда да танылған. Конвенцияның 5-бабына сәйкес «мұраға ие болу құқығын» қосқанда, әр

адам нәсіліне, терісінің түсіне, ұлттық немесе этникалық шығу тегіне қарамастан, заң алдында тең құқылы. Тағы бір 1979 жылғы Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияда меншік құқығын таниды, атап айтқанда 16-бапта ерлі-зайыптылардың мүлікті тегін және ақылы иеленуге, алуға, меңгеруге, қолдануға және басқаруға бірдей тең құқығы көзделген.

Меншік құқығының ұғымы Қазақстан Конституциясында толық бекітілген. 26-баптың ережесі Конституцияның басқа да қағидаттарымен және баптарымен тікелей байланысты. Атап айтқанда, 6-бапта былай деп айтылған: «1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. 2. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді. 3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.»

Конституцияның 26-бабында көзделген кейбір ережелер салыстырмалы екенін және халықаралық нормалармен және практикамен, әсіресе Адам құқықтары туралы Еуропа конвенциясымен үйлесімді екенін атап өтуге болады.

Қазақстан Конституциясының осы ережелері де, олар заңды негіздерде сатып алынған жағдайда ғана меншік құқықтарын қорғауға кепілдік береді. Бұл – конституциялық және құқықтық тетіктерді қорғау үшін қажетті шарт. Сонымен бірге еуропалық және халықаралық нормалар мен практикада да көзделген (мысалы, «бейбіт жолмен пайдаланылады» деген терминология АҚЕК-тің тиісті бабында қолданылады). Бұдан басқа, Қазақстан Конституциясының 26-бабының 2-тармағында мұрагерлік құқықты конституциялық қорғау көзделген. Бұл адамның ерік білдіру (өсиет қалдыру) құқығымен және мұрагерлік мүлікті алу құқығымен байланысты. Бұл – осындай құқықты конституциялық деңгейге шығару үшін өте маңызды ереже. Келеңсіз кеңестік құқықтық және практикалық тәжірибеден кейін мұндай ережелер меншік тұжырымдамасында ең өзектілердің бірі болып табылатын мұрагерлік құқығын қосқанда, меншік құқығының барлық түрлеріне үлкен кепілдіктер береді.

Халықаралық құжаттардағыдай, Конституцияның 26-бабы меншік құқығы абсолюттік болып табылмайтынын да көздейді. Мемлекет осы құқықты жүзеге асыруда қандай да бір шешіммен араласа алады. Мұндай араласу қоғамдық игілік пен мүдде үшін қажет болатын осыған ұқсас халықаралық заңнама мен практика бар. Алайда мұндай араласу меншік құқығын теріс пайдаланбас үшін қатаң конституциялық және заңнамалық шекаралармен байланысты.

26-бапта теріс пайдаланудан қорғаудың кейбір өлшемдері қамтылған, атап айтқанда, мұндай араласу үшін: 1) нақты заңдық мақсат – тек қоғамдық пайдалану үшін – бұл инфрақұрылыммен және оған байланысты басқа да оқиғалармен байланысты болуы мүмкін (көптеген елдерде мұндай әлеуетті заңдық мақсаттар Eminent Domain сияқты бейбіт уақытта қолданылатын заңнамада толық айқындалған); 2) бұл заңда көзделген ерекше жағдайларда жасалуға тиіс – бұл мұндай араласу қандай да бір ерікті әкімшілік шешіммен емес, заңнамада белгіленген жағдайларда ғана орындалуы мүмкін екенін білдіреді; және 3) тек баламалы өтемақы шарты болуға тиіс. Бұл өлшемдер кумулятивтік және меншік құқығы мен қоғамдық мүдделер арасындағы теңгерімді ұстап тұру үшін өте маңызды болып табылады.

26-бапқа сәйкес тағы бір маңызды элемент сот шешімінің негізінде меншіктен айыру мүмкіндігі болып табылады. Бұл сот шешімі мемлекеттің осындай араласу үшін қажет екенін білдіреді. Сот осындай шектеулер үшін жоғарыда аталған басқа да кумулятивті өлшемдермен қатар қажетті алғышарт ретінде қатысты ма деген сұрақ ашық күйінде қалады. ҚР Конституциялық Кеңесі өзінің 2000 жылғы № 6/2 шешімінде осы ережені сот шешімі барлық жағдайларда қажет емес деп түсіндірді. Сонымен бірге Кеңес соттан тыс араласу 26-баптың 3-тармағында көзделген барлық талаптарды қатаң сақтауға тиістігін атап көрсетті (заңда көзделген ерекше жағдайларда және әділ өтемақымен). Халықаралық нормалар мен практикаға (әсіресе Страсбург сотының) және Конституциялық Кеңестің меншік құқықтарын шектеуге қатысты түсіндірмелеріне сәйкес құқықтық айқындылық, баламалық, қоғамдық және/немесе ортақ мүдделерді анықтау сияқты қағидаттар мен өлшемдерді ескеру керек.

26-баптың қолданыстағы ережелеріне сәйкес тек Қазақстан азаматтары меншік құқығын пайдаланатынын атап өткен жөн. 2017 жылдың басында Қазақстан Президенті халықаралық қатысуды қосқанда, жариялы және парламенттік талқылаулардан кейін 2017 жылы 10 наурызда қабылдаған конституциялық түзетулерге бастамашылық жасады¹.

26-бапқа түзетулердің бастапқы жобасына сәйкес алғашқы екі тармақ мынадай түрде жазылды: «1. Әр адам кез келген заңды түрде алынған мүлікті жеке иелене алады. 2. Меншік құқығы абсолюттік болып табылады және қол сұғылмайды. Мұрагерлік құқығын қосқанда, меншікке заңмен кепілдік береді. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, жеке меншікті заңды түрде алу құқығын шектейтін немесе қысым жасайтын заңдарды және басқа да құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді». Осылайша, жобада еліміздің азаматтары болып табылмайтын адамдардың меншік құқығы да, сондай-ақ меншік құқығына қол сұқпаудың кепілдіктері көбірек көзделген. Конституциялық комиссия ұсынған ереженің жобасына түсіндірме жазбада

¹Қараңыз, мысалы, Венеция комиссиясының пікірі [http://www.venice.coe.int/webforms/documents/?PDF=CDL-AD\(2017\)010-e](http://www.venice.coe.int/webforms/documents/?PDF=CDL-AD(2017)010-e).

мемлекеттің мақсаты «шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың мүліктік құқықтарына, олардың теңдігіне кепілдік беру, инвестициялық ахуалды жақсарту және әділдік болды... Конституцияға меншік құқығына қол сұқпау туралы осы ережені қосу нарықтық экономиканың, кәсіпкерлік қызметтің негізі болып табылатын және белгілі бір дәрежеде адамның басқа да құқықтарының мазмұнын айқындайтын жеке меншік құқығына кепілдіктерді едәуір күшейтеді». Венеция комиссиясы меншік құқығына қатысты ұсынылған осы түзетулерге оң баға берді. Әдетте, Венеция комиссиясының пікірі (кейбір айтылған пікірлері) мемлекет пен ұлттық конституциялардың дискреттік өкілеттігі шетелдіктердің ұлттық қажеттіліктер мен мүдделерге сәйкес нақты елдерде меншік құқығын иелену мүмкіндігін айқындауға келіп саяды.

2017 жылы 10 наурызда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң 1995 жылғы Қазақстан Конституциясының үшінші реформасы болып табылады. Конституциялық түзетулердің түпкілікті нұсқасында 26-бапқа қатысты жобаның аталған ережесі қосылған жоқ. Көпшілік талқылаудан кейін аталған новелланы осы кезеңде қоғамдық пікірдің әр түрлі болуына байланысты қараудан алып тастау шешілді. Алайда бұл уақыт өткен соң оған қайтып оралу ықтималдығын жоққа шығармайды.

Конституцияның 26-бабының 4-тармағы кәсіпкерлік еркіндігіне және еркін бәсекелестікке негіз белгілейді. Осы ережелер конституция деңгейінде еркін кәсіпкерлікке және әділ кәсіпкерлік қызметке кепілдік береді, бұл бизнес пен экономиканың орнықты дамуы үшін өте маңызды. Барлық азаматтар мен Қазақстан азаматтары болып табылмайтын адамдар осы кепілдіктерді пайдалана алатынын атап өткен маңызды.

26-баптың конституциялық ережелері Қазақстанның тиісті заңнамасында, атап айтқанда – Азаматтық кодексте, Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңында, Жер кодексінде, Бәсекелестік туралы ҚР Заңында және т.б егжей-тегжейлі түсіндіріледі, реттеледі және айқындалады.

Дегенмен, Конституциялық Кеңестің тиісті шешімдері мен түсіндірулері Конституцияның ережелерін дұрыс түсіну және Конституцияның қағидаттары мен нормаларына сәйкес тиісті заңнаманы әзірлеу үшін өте маңызды рөл атқарады. Кеңестің көптеген шешімдерінің ішінде меншік құқығын конституциялық түсіндіруді дамытуда және түсіндіруде маңызды рөл атқарған шешімдер деп мыналарды атауға болады: 1996 жылғы 2 желтоқсандағы № 8; 1999 жылғы 3 қарашадағы № 19/2; 2000 жылғы 16 маусымдағы № 6/2; 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4; 2008 жылғы 23 сәуірдегі № 4; 2009 жылғы 20 сәуірдегі № 5; 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 5.

27-бап

1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

27.1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратынын, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабы) болып табылатынын негізге ала отырып, неке мен отбасыны, ананы, әке мен баланы қорғау және сақтау мәселелеріне Конституцияда мән беріліп, Қазақстан заңнамасында ерекше орын берілген. Қарастырылып отырған норма осы институттардың мемлекеттің қорғауында екенін тікелей бекітеді. Бұл мемлекеттің қажетті экономикалық, әлеуметтік және құқықтық жағдайлар жасай отырып, осындай қорғауды қамтамасыз ететініне кепілдік беретінін білдіреді. Мемлекет тарапынан қорғалуға тиіс құқықтық қатынастардың бірнеше кешенін бөліп көрсетуге болады.

Неке және отбасы. Осы құқықтық институтта адамның әлеуметтік құқықтары қамтылған, бұл құқықтарға ананы, әке мен баланы қорғау құқығы да, ең төмен жалақы мен зейнетақы мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы (Конституцияның 28-бабы), денсаулығын сақтау және медициналық көмек алу құқығы (29-бап), білім алу құқығы (30-бап) және басқалар жатады.

Конституцияның аталған нормалары Қазақстан Республикасының түрлі салалық заңнамасында дамып, ашылуда және іске асырылауда.

Отбасылық неке қатынастарын реттейтін негізгі құқықтық акт Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексі болып табылады. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР кодексінің 1-бабы 1-тармағының 26) тармақшасына сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында ҚР заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ; отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы (аталған Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 29) тармақшасы). «Отбасы» түсінігіне ұқсас анықтама «Балалы отбасыларға берілетін

мемлекеттік жәрдемақылар туралы» 2005 жылғы 28 маусымдағы ҚР Заңының 1-бабының 4) тармақшасында пайдаланылады.

Баланың құқықтарын одан әрі қорғау мақсатында мемлекет «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі ҚР Заңына сәйкес Кодекс «бала қонақтайтын отбасы» және «баланы қабылдайтын отбасы» деген жаңа институттармен толықтырылды.

Бала қонақтайтын отбасы – барлық үлгідегі ұйымдардағы (білім беру, медициналық және басқалар), жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды білім беру процесіне байланысты емес кезеңдерде (каникулдар, демалыс және мереке күндері) тәрбиелеуге уақытша қабылдаған отбасы (Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 10-1) тармақшасы).

Баланы қабылдайтын отбасы – жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы тәрбиелеуге қабылдайтын отбасына орналастыру нысаны (Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 11-1) тармақшасы).

Жаңа институттардың құқықтық реттелеуі Кодекстің жаңа тарауларында ашылған (17-1 «Баланы қабылдайтын отбасы» және 18-1 «Бала қонақтайтын отбасы»).

Тәрбиенің өзге нысанына патронатты да жатқызуға болады. Патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны (Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 31) тармақшасы).

Патронат институты Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 18-тарауымен реттелген. «Патронат» түсінігіне ұқсас анықтама Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ҚР Заңында пайдаланылады (1-баптың 13) тармақшасы). Аталған Заңда «патронат» түсінігінде «жетім балалар» деген сөздердің орнына «бала» деген сөз пайдаланылады, бұл, біздің көзқарасымызша, субъективтік құрамын кеңейтеді, «отбасына» деген сөздің орнына «азаматтардың отбасына» деген сөздер пайдаланылады, ал бұл шетелдіктердің отбасыларын жоққа шығарады.

«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» 2000 жылғы 13 желтоқсандағы ҚР Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес балаларды тәрбиелеуге қабылдаудың өзге нысанына балалар ауылындағы отбасы жатады, ол балаларды тәрбиелеудің жаңа нысанынан туындайтын, отбасылық қатынастарды нығайтуға және еңбек

дағдыларын сіңіруге, оқыту мен тәрбиелеуге жәрдемдесуге бағытталған жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысты адамдар тобы (тәрбиеші-ана, тәрбиеленушілер) ретінде айқындалады.

Мемлекеттің отбасыны қорғауы құқықтық тәсілдермен де, қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтан тыс – экономикалық, әлеуметтік, мәдени, адамгершілік әдістерімен де қамтамасыз етіледі. Мәселен, ЭӘМҚХП 10-бабының 1-тармағында «қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылатын отбасына, әсіресе, жаңа шаңырақ көтерген тұста және жас балаларына қамқорлық жасау мен олардың тәрбиесіне жауапкершілік жүктелген кезде, мүмкіндігінше кең ауқымды қорғау мен жәрдем көрсетілуі қажет екендігін таниды. Неке екі жақтың өзара еркін келісімі бойынша ғана қиылуы тиіс» деп белгіленген.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР кодексі мен халықаралық құқық актінің нормаларынан басқа отбасы мүшелерінің мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын құқықтық қорғау, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық сипаттағы қол сұғудан қорғау, сондай-ақ ана (әке) еңбегі режимі мен өзге де құқықтар азаматтық, әкімшілік, қылмыстық, еңбек және өзге де заңнаманың тиісті ережелерімен қамтамасыз етіледі.

Мысалы, ҚР ҚК-де қылмыстардың (жеке басқа қарсы қылмыстар) жалпы құрамынан басқа, отбасы мен балалардың мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін ерекше «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар» деген тарау қамтылған. ҚР ҚК тағы бір маңызды аспектісі – жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдырудың заңды мүмкіндігі қамтылған (74-бап). Бұдан бөлек, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп кінәлі адамның кәмелетке толмауы, жүктілік, кінәлі адамның жас балаларының болуы танылады.

Отбасы мүшелерін қорғау және Қазақстанда отбасы институтын нығайту мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы ҚР Заңы қабылданды. Кәмелетке толмағандардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі ҚР Заңы қолданылады.

Материалдық құқықтың ережелерінен басқа, ата-ана мен кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау әкімшілік, азаматтық процестік және қылмыстық-процестік заңнаманың процестік нормаларымен (жеке айыптаушы, азаматтық қуынушы, заңды өкіл болу мүмкіндігі және т.б.) қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық-құқықтық нормалар мемлекетті АҚЖД-да көзделген неке-отбасы қатынастарының қағидаттарын ұстануға міндеттейді. Атап айтқанда, 16-бапта «кәмелет жасқа толған ерлер мен әйелдердің нәсілі, ұлты немесе

діні бойынша ешқандай шектелмей некеге тұруға және өз отбасын құруға құқығы бар» деп белгіленген. Олар некеге тұруға қатысты, неке кезінде және оны бұзу кезінде бірдей құқықтарды пайдаланады. Неке некеге тұрушы екі тараптың толық еркімен және келісімен жасалады. Отбасы қоғамның табиғи және негізгі бөлшегі болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалу құқығы бар. Жоғарыда аталған ережелер «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР кодексінің қағидаттарында көрініс тапқан (2-бап). Неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) заңнамасының өзге де нормалары бұл қағидаттарға қайшы келмеуге тиіс. Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында реттелмеген отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы қолданылады, өйткені бұл неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы) қатынастарының мәніне қайшы келмейді (Кодекстің 5-бабы).

Қазақстанда тек мемлекеттік органдар қиған неке (ерлі-зайыптылық) ғана танылады. Діни жоралар мен рәсімдер бойынша қиылған неке (ерлі-зайыптылық) тіркеуші органда тіркелген некеге (ерлі-зайыптылыққа) теңестірілмейді және тиісті құқықтық салдар тудырмайды. Еркек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы неке (ерлі-зайыптылық) деп танылмайды (Кодекстің 2-бабы). Бұл Кодекстің 29-бабына орай, ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындайтынына негізделген.

Бұдан басқа, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінде некеге тұруға кедергі келтіретін мән-жайлар да белгіленген (11-бап): бір жынысты адамдардың; олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың; жақын туыстардың; бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың; соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың некелесуіне жол берілмейді.

Неке жасы он сегіз жас деп белгіленген. Алайда, мынадай дәлелді себептер болған: жүкті болған; ортақ бала туған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді. Бұл ретте, бұл жасты төмендетуге тек некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) келісімімен жол беріледі. Неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке (ерлі-зайыптылық) жасына толған адам мен неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адам арасындағы некеге (ерлі-зайыптылыққа) неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат

беріледі (Кодекстің 10-бабы). Ерлі-зайыптылар тең құқықтар пайдаланады және тең міндеттер атқарады.

Ана мен бала. Ана мен баланы қорғау міндеттерін реттеуге ана мен баланы қорғау бойынша түрлі құқық салаларын – неке-отбасы (ерлі-зайыптылық-отбасы), азаматтық, еңбек, салық (ҚР Салық кодексінің 156-бабына сәйкес балаларға арналған алименттерге салық салынбайды) және өзгелерді қамтитын тиісті заңнама бағытталған.

АҚЖД-да «ана мен бала ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы. Некеде және некесіз туған барлық балалар бірдей әлеуметтік көмекті пайдалануға тиіс» деп атап өтілген (25-бап). Ана мен бала мәселелерін қорғау нормаларымен дербес, бірыңғай реттеудің ерекшелігі ана жүкті, босануы кезінде және баланың әлеуметтік бейімделуінің бастапқы кезеңінде (емізу, тәрбиелеу) ана мен баланың биологиялық тұтастығымен айқындалады. Мұндай реттеуді түрлі құқық салалары жүзеге асырады. Мысалы, ҚР Еңбек кодексінің 25-бабында еңбек шартын жасау кезінде құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігіне кепілдік белгіленген.

ҚР Еңбек кодексі әйелдер мен отбасылық міндеттемесі бар басқа да адамдардың еңбегін реттеу ерекшелігін көздейді. Аталған Кодекстің 54-бабына сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша (жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайларда) жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғыздікті аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.

ҚР Еңбек кодексімен ана мен баланы қорғау жөнінде өзге де шаралар – еңбектің ерекше режимі (мысалы, түнгі уақытта), баланы емізу үшін үзілістер (82-бап), толық емес жұмыс күнінен белгілеу (70-бап), жүкті әйелдерді үстеме жұмысқа жібермеу (77-бап), ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайы зиянды және қауіпті жұмыстарға әйел еңбегін пайдалануға тыйым салу (26-бап), бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс (100-бап) және өзге де кепілдіктер белгіленіп отыр. Дегенмен, ананы қорғау саласындағы еңбек заңнамасының, атап айтқанда, акушерлік және гинекология саласындағы ғылыми білімдердің дамуын ескере отырып, жүкті әйелдер үшін преференцияларды одан әрі белгілеу мәселелеріндегі әлеуеті сарқылмаған.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2001 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысына орай, Конституцияға сәйкес Қазақстан өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деген факт «Қазақстан Республикасы мемлекеттің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет міндетін орындауға ұмтылады дегенді білдіреді».

Баланың құқықтарын қорғау. Қазақстан Республикасының баланың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасының нормалары да халықаралық құқық актілеріне – 1948 жылғы 10 желтоқсандағы АҚЖД, 1996 жылғы АСҚХП (төмен дәрежеде), 1966 жылғы 16 желтоқсандағы ЭӘЖҚХП-ға (жоғары дәрежеде) негізделеді. Бұдан басқа, адами қоғамның осы бөлігіне байланысты қатынастар 1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы арнайы конвенцияда (бұдан әрі – Конвенция) реттелген.

ҚР Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 8 маусымда Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады, оның кіріспесінде «балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқылы екендігі», «баланың жеке басы толық және үйлесімді дамуы үшін оның отбасы аясында, бақыт, махаббат және түсінушілік ахуалында өсуі қажет екендігі», «бала туылғанға дейін, сондай-ақ туылған соң да тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, оның тәні мен ақыл-есінің жетілмегендігіне байланысты арнайы қорғау мен қамқорлықты қажет ететіндігі» атап өтілген. Конвенцияда баланы құқықтық қорғаудың заңнама салалары («әлеуметтік, экономикалық, мәдени құқықтары) бойынша да, реттеу нысанасы (тіршілік ету және салауатты даму, қоғамның мәдени және шығармашылық өміріне жан-жақты қатысу құқығы) бойынша да түрлі бағыттары айқындалған.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексіне сәйкес бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам (1-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы), ал балалық шақ – кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі (1-баптың 1) тармағының 11) тармақшасы).

«Бала» түсінігіне ұқсас анықтама Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ҚР Заңында (1-баптың 2) тармақшасы) және Халық денсаулығы туралы ҚР кодексінде пайдаланылады (1-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы).

Қаралып отырған конституциялық талаптарды және бала құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарын дамыту мақсатында Баланың құқықтары туралы заңда мынадай негізгі құқықтар белгіленген: баланың денсаулық сақтауға құқығы; баланың даралық ерекшелікке және оны сақтауға құқығы; баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы; баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы; баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы; баланың мүліктік құқықтары; баланың тұрғын үйге құқығы; жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз етуге құқығы; баланың білім алуға құқығы; баланың еңбек бостандығына құқығы; баланың экономикалық қанаудан қорғалу құқығы; баланың мемлекеттік көмекке құқығы; баланың мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарға құқығы; баланың демалуға және бос уақытын пайдалануға құқығы (8-19-баптар).

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 10-тарауында баланың негіз қалайтын құқықтары белгіленген: баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын және басқа да жақын туыстарын білуге құқығы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы. Оның өзінің мүдделерін қамтамасыз етуге, жан-жақты дамуына, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметке ие болуына құқығы бар (60-бап). Осы және басқа құқықтар мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың оларды қамтамасыз ету міндетімен үйлестірілген.

Конвенцияның 19-бабында Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің баланың тәніне жасалатын немесе психологиялық түрдегі зорлық-зомбылықтың, қорлау немесе теріс қылықтардың барлық нысандарынан, қамқорлықтың жоқ болуынан немесе немқұрайлы қараудан, дөрекі қараудан не болмаса пайдаланудан, ата-анасының, заңды қамқоршыларының немесе балаға қамқорлық жасаушы басқа адамның нәпсіқұмарлық қиянатынан қорғау мақсатында барлық шаралар қабылдау міндеті белгіленген.

Конвенцияның 12-бабында қатысушы мемлекеттердің өз ой-пікірін жеткізуге қабілетті балаға оған қатысты барлық мәселелер бойынша осы ой-пікірлерді еркін білдіру құқығын қамтамасыз ету міндеті белгіленген, бұл ретте баланың жасына және өсіп-жетілуіне сәйкес баланың ой-пікіріне тиісті түрде назар аударылады. Осы мақсатпен, атап айтқанда, кез келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында ... ұлттық заңнаманың процессуалдық нормаларымен көзделген тәртіпте оны тыңдау мүмкіндігі беріледі. Баланың өз пікірін білдіру құқығы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы ҚР Заңының 11 және 25-баптарында толық көлемде белгіленбеген. Бұл құқық Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 62-бабында өз шешімін тапты, онда бала отбасында өз мүдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік ісін қарау барысында тыңдалуға құқылы. Бұл өз мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, он жасқа толған баланың пікірі міндетті түрде ескерілуі тиіс деп белгіленген.

Бала асырап алу – бала құқықтарын қорғаудың маңызды институттарының бірі болып табылады. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексіне сәйкес бала асырап алу – нәтижесінде шығу тегі бойынша туыстарының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілетін жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттер туындайтын сот шешімі негізінде баланы (балаларды) отбасына тәрбиелеуге берудің құқықтық нысаны (1-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы).

Аталған Кодекстің 87-бабына сәйкес бала асырап алу туралы істерді сот ҚР АПК-де көзделген ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді (31-тарау). Сот балаларды асырап алу туралы істерді бала асырап алушылардың

өздерінің, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің, сондай-ақ прокурордың міндетті түрде қатысуымен қарайды.

Қазақстанда баланың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында ҚР Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 192 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі ҚР Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ҚР Заңы жаңа институт – Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтымен толықтырылды.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ҚР Заңына сәйкес Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл – Қазақстан Республикасының Президенті құратын және оған өз қызметін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру функциялары жүктелген тұлға (1-бапты 15) тармақшасы).

Баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің қызмет ету қағидаттары мен өкілдіктері көрсетілген Заңның 7–1 және 7–2-баптарында айқындалған.

ҚР заңнамасында бекітілген кәмелетке толмағандардың еңбек құқықтарын қорғауды ерекше атап өткен жөн. ҚР еңбек заңнамасы кәмелетке толмағандармен еңбек шарттарын жасауға мүмкіндік береді.

1. Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі.

2. Еңбек шарты:

1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда, он бес жасқа толған азаматтармен;

2) оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушылармен;

3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін. Осы баптың 2-тармағында айқындалған жағдайларда еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс. (ҚР Еңбек кодексінің 31-бабы).

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары

зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға, сондай-ақ жұмыс берушінің мүлкі мен басқа да құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жұмыскердің толық материалдық жауаптылығы көзделетін лауазымдар мен жұмыстарға, сондай-ақ орындалуы олардың денсаулығы мен имандылық тұрғысынан дамуына зиян келтіруі мүмкін жұмыстарға (ойын бизнесі, түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмыс, алкоголь өнімдерін, темекі бұйымдарын, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау мен сату) он сегіз жасқа толмаған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол берілмейді (26-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы).

Сонымен қатар он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерді қоса атқаратын жұмысқа орналастыруға жол берілмейді (ҚР Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы).

Бұдан басқа, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер үшін:

1) он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын;

2) он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді (ҚР Еңбек кодексінің 69-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары).

Кәмелетке толмағандар үстеме жұмысқа жіберілмейді (ҚР Еңбек кодексінің 77-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы).

Әке мен бала. Аталған халықаралық актілерден (декларациялардан, пактілерден, конвенциялардан) ерекшелігі Қазақстан Республикасының Конституциясында анамен және баламен бірдей әкені де бөліп көрсетеді. Құқықтық реттеуде өзінің ерекшелігі болғанымен, ол да мемлекеттің қорғауында болады. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінде, еңбек және өзге де заңнамада әке ерекше аталып өткен.

Атап айтқанда, ол ата-аналардың тең құқықтары болатынымен және өздерінің балаларына қатысты міндеттері (ата-ана құқықтары) бірдей болатынымен сипатталады, бұл кейбір жағдайларда әкелер күні бүгінге дейін тек қана анаға тиесілі болып келген құқықтарды іске асыра алады. Конституцияда әкеге балаларды тәрбиелеуге оның ықпалына, отбасылық қарым-қатынаста, бала құқықтарын қамтамасыз етуде оның алатын орны мен рөліне айрықша мән беріледі. Мәселен, кәмелетке толмағандардың еңбек қатынастары белгілі бір жағдайларда ата-аналарының бірінің, оның ішінде әкесінің келісімімен ғана туындауы мүмкін не ата-ана жұмыс берушімен еңбек келісіміне қол қояды (ҚР Еңбек кодексінің 31-бабы).

Тынығуға және тамақтануға арналған үзілістерден басқа, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған әкелерге жалақы сақтала отырып, қосымша үзілістер беріледі (ҚР Еңбек кодексінің 82-бабы). Үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар әкенің жұмыс берушіге жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытының режимінде болуға да құқығы бар (ҚР Еңбек кодексінің 70-бабы).

ҚР Еңбек кодексінің 100-бабына сәйкес жұмыс беруші қызметкерге (әкеге) бала үш жасқа толғанға дейін баланың күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беруге, егер баланың анасы бұл демалысты пайдаланбаған болса міндетті. Бұл қағида жаңа туған балаларды асырап алуға және баласын жалғыз тәрбиелеп отырған ата-анаға қатысты да қолданылуы мүмкін.

Әкенің, сонымен қатар, ҚР АПК, ҚПК-де, ҚР ӘҚтК нормаларында белгіленген процестік құқықтары болады. Атап айтқанда, ол заңды өкіл, өкіл не қорғаушы ретінде осы көрсетілген субъектілердің барлық құқықтарын иелене отырып, процеске қатыса алады.

27.2. Балаларға қамқорлық және оларды тәрбиелеу ата-аналардың етене құқығы әрі міндеті болып табылады. Етене құқық доктринасына сәйкес ол адамда туылған кезден және табиғаттан пайда болады. Адамда ажырамайтын етене құқықтар (өмірге, теңдікке, бостандыққа және басқаға) болады, оларды тоқтатуға немесе адамнан бөліп алуға болмайды.

Бала құқықтары туралы конвенцияның 7-бабының 1-тармағында бала туылған бетте тіркеуге алынады және туылған сәттен бастап оның есімі қойылып, азаматтық алуға құқығы бар, сондай-ақ мүмкіндігінше өзінің ата-аналарын білуге және олардың қамқорлығына ие болуға құқылы деп белгіленген. Өзінің ата-аналарын білу құқығы ата-аналарының өз балаларымен міндетті түрде тұруы тиіс емес мән-жайды білдіреді. Ата-аналарының тарапынан балаға қамқорлыққа бала құқығы ата-аналарының некеде тұрғанына және бірге тұратынына не тұрмайтынына қарамастан, осы қамқорлықты қамтамасыз ету міндеттілігін білдіреді.

Ата-аналардың баланы қамқорлау мен тәрбиелеу жөніндегі міндеті Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының нормаларында да көрініс тапқан. Мәселен, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексте ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық пен өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаяуына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқат жағдайына қамқорлық жасауға міндетті деп белгіленген (30-бап).

Бала туғаннан кейін бірден тіркеледі және туылған кезінен бастап атын алуға және азаматтық алуға құқығы, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, өз ата-аналарын білуге құқығы және олардың қамқорлығына құқығы болады. Ата-аналардың және баланың құқықтары мен міндеттері баланың Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен куәландырылған тегіне негізделеді. Бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың құқықтары мен міндеттері асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешіміне негізделеді (46-бап).

Аталған Кодекстің 10-тарауында белгіленген бала құқықтарында ата-аналардың оларды жүзеге асыруда кедергі келтірмеу міндеті айтылады.

Сонымен бірге, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері Кодекстің 11-тарауында айқындалған. Атап айтқанда, ата-аналар өз баласының денсаулығына қарауға міндетті; және оны тәрбиелеуге міндетті; барлық басқа тұлғалар алдында өз баласын тәрбиелеуге артықшылық құқығы болады. Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады. Ата-аналар баланың міндетті жалпы білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Ата-аналар баланың пікірін ескере отырып, білім беру ұйымын және баланың жалпы орта білім алғанға дейін оны оқыту нысанын таңдауға құқығы болады (70-бап). Ата-аналардың көрсетілген міндеттері тек Конституцияның 27-бабының 2-тармағында ғана емес, сонымен бірге азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына және орта білім алудың міндеттілігіне кепілдік берілетін Конституцияның 30-бабының 1-тармағында да айтылады. Яғни, баланың орта білім алуын қамтамасыз ету жөніндегі ата-аналардың міндетімен қатар бірлескен субъект мемлекет болады.

Білім туралы ҚР Заңында Конституцияның жоғарыда аталған ережелері дамытылады және нақтыланады. Мәселен, Заңның 8-бабының 1-тармағында мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және ҚР Конституциясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді делінген.

Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуы кезеңінде олардың әлеуметтік көмекке мұқтаждарын күтіп-бағуға арналған шығыстарды толық немесе ішінара өтейді. Оларға жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар, көп балалы отбасылардың балалары, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардың, сондай-ақ оны алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс шамасынан төмен отбасылардың балалары жатады (Білім туралы заңның 8-бабының 4-тармағы).

Кодексте ата-аналардың кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу жөніндегі міндетті белгіленген. Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы шарт (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы (Кодекстің 138-бабы).

Сонымен қатар, көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды бағып-күту бойынша қосымша шығыстарды көтеруге ата-аналардың қатысуы көзделген (Кодекстің 144-бабы).

Ата-аналардың және мемлекеттің жоғарыда аталған міндеттері

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде де атап көрсетілген – неке бұзылған жағдайда барлық балаларды қажетті қорғау көзделуге тиіс. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 11-тарауында көзделген ата-аналардың құқықтары балалары он сегіз жасқа (кәмелетке) толғанда, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары некеге отырған (ерлі-зайыпты болған) кезде тоқтатылады. (68-бап) Ерлі-зайыптылар ана болу, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру, ерлі-зайыптылардың тұрғылықты, болатын жерлері мәселелерін және отбасы өмірінің басқа да мәселелерін бірлесіп шешеді (30-бап).

Қазақстан Республикасының заңнамасында ата-аналардың заңды жауаптылығының, оның ішінде әкімшілік және қылмыстық жауаптылығының әртүрлі шаралары айқындалған. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 12-тарауында сот тәртібімен ата-ана құқықтарынан айыру және оны шектеу сияқты жауаптылық нысандары белгіленген.

Ата-ана құқықтарын айыруға негіз болатындар деп мыналар: ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтару; өз баласын перзентханадан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тарту; өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдалану; балаға қатыгездік көрсету; ата-аналардың спирт ішімдіктерін немесе есірткі заттарын және өзгелерін теріс пайдалануы белгіленеді (75-бап).

Ата-ана құқықтарынан айыру баламен туыстық фактісіне негізделген барлық құқықтардан, оның ішінде одан күтіп-бағу қаражатын алу, сондай-ақ балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақыны алу құқықтарынан айырылуға әкеп соғады (77-бап). Бұл ретте, Кодексте ата-ананың өтініші бойынша ата-ана құқықтарын қалпына келтіру мүмкіндігіне жол беріледі (78-бап).

Сот баланы ата-аналардан оларды ата-ана құқықтарынан айырмай алу жолымен ата-ана құқықтарын шектеуді жүзеге асырады, бұл ретте, баланы орналастыруды баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар жүргізеді (79-бап). Ата-ана құқықтарын шектеу салдары, атап айтқанда, ата-аналардың баланы жеке өзі тәрбиелеу құқығынан айырылуын білдіреді. Бұл ретте ата-аналарды баланы күтіп-бағу жөніндегі міндеттерден босатпайды (80-бап).

Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ата-ана құқықтарын айыру туралы не шектеу туралы сотқа талап арызбен кейіннен жүгіне отырып, баланы ата-аналардан немесе оны қамқоршылыққа алған басқа да адамдардан дереу айырып алуға құқылы (82-бап).

27.3. Конституцияның қаралып отырған бабының 3-тармағында еңбекке жарамды кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-

аналарына қамқорлық жасау міндеті көзделген. Аталған норма Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 145 және 146-баптарында да жан-жақты ашылған.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 145-бабы еңбекке жарамсыз ата-аналар мәртебесінің «көмекке мұқтаж» деп толықтырылуын нақтылайды, өйткені еңбекке жарамсыз ата-аналардың барлығы бірдей бөгде адамның көмегіне мұқтаж емес.

Осы бап еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті екені жөніндегі норманы бекітеді. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарға алимент олардың еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларынан сот тәртібімен өндіріп алынады. Алайда, егер сот ата-аналардың осы балаларына қатысты ата-аналық міндеттерін орындаудан бұрын жалтарғанын анықтаса, балалар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағу жөніндегі міндеттерінен босатылуы мүмкін. Сонымен бірге, балалары ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарына алимент төлеуден босатылады.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР кодексінің 146-бабында кәмелетке толған балалардың ата-аналарына жасалған қосымша шығыстарға қатысуы белгіленген. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы, неке-отбасылық (ерлі-зайыптылық-отбасылық) қатынастар институтын нығайтуға жұбайларының (бұрынғы жұбайларының) алименттік міндеттемелері, отбасының басқа мүшелерінің (аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының), аталарының, әжелерінің және немерелерінің, тәрбиеленушілердің және оларды тәрбиелеген адамдардың, өгей ұлдар мен өгей қыздардың, өгей әке мен өгей шешенің) өзара күтіп-бағу жөніндегі алименттік міндеттемелері жүйесімен де қол жеткізуге болады.

Қорытындылай келгенде, ҚР Конституциясының 27-бабын іске асыру үшін қабылданған ҚР заңнамалық актілері неке және отбасы институтын, балалардың, әсіресе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғауды нығайтты және осы саладағы ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеп берді.

2016 жылы енгізілген жаңа институт – балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын ерекше атап өткен жөн. Бала қабылдайтын және бала қонақтайтын отбасы институттары да пайда болды.

Конституцияның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет деп бекітетінін ескере отырып, елімізде осы мәселеге алдағы уақытта да ерекше мән берілетін болады.

28-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады.

28.1. ҚР Конституциясының 28-бабы 1-тармағын науқастанған жағдайда азаматтардың әлеуметтік қамтамасыз етілуі құқығы бөлігінде бұл конституциялық құқықты іске асыруды мемлекет әртүрлі жүйелерді құру және басқа да қажетті және қолжетімді шараларды, оның ішінде бұл міндеттемені меншік нысанына қарамастан жұмыс берушіге жүктеу арқылы жүзеге асыру жолымен кепілдік береді деп түсінген жөн.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағын және 28-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1999 жылғы 12 наурыздағы №3/2 қаулысында мынадай құқықтық ұстаным бар: «құқықтардың немесе бостандықтардың нақты бір түрінің конституциялық құқық деңгейіне жеткізілуі және Конституцияда оның кепілділігінің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтарды өзі құратын жүйелер мен құрылымдар арқылы жүзеге асыруда қамсыздандыруды өз міндетіне алғандығы деп есептейді. Нақтылы әлеуметтік қамсыздандырылу құқығына, оның ішінде науқастанған жағдайда, не мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен, ... немесе мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ... яки меншік нысанынан тәуелсіз жұмыс берушіге осы міндетті заңды түрде жүктеу арқылы кепілдік берілуі мүмкін».

Қазақстан Республикасы жалақының ең төменгі мөлшерін конституциялық деңгейде белгілеген мемлекеттердің қатарына жатады. Бұл мемлекет еңбек ақы төлеу саласында әлеуметтік кепілдіктердің ең төменгі шегін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені өзіне қабылдайтынын білдіреді, ал мұны бөлу жүйесіндегі әлеуметтік әділдік өлшемі ретінде қарастыру керек.

Осылайша, айлық жалақының ең төменгі мөлшері «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» 2015 жылғы 19 мамырдағы ҚР Заңына (*бұдан әрі – Ең төменгі стандарттар туралы заң*) сәйкес ең төменгі әлеуметтік стандарт болып табылады, ал еңбек үшін жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен емес сыйақыға құқықты қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының негізгі қағидаты болып табылады.

Айлық жалақының ең төмен мөлшері – біліктілікті қажет етпейтін қарапайым (онша күрделі емес) еңбек жұмыскері ҚР Еңбек кодексінде

белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері (ҚР Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы).

Ол тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы ҚР Заңында жыл сайын белгіленеді және ең төмен күнкөріс деңгейінен кем болмауға тиіс. Айлық жалақының ең төмен мөлшері қосымша ақылар мен үстемеақыларды, өтемақы мен әлеуметтік төлемдерді, сыйлықақылар мен басқа да ынталандырушы төлемдерді қамтымайды (ҚР Еңбек кодексінің 104-бабының 1-тармағы).

Ең төмен күнкөріс деңгейі жалақының ең төмен мөлшерін есептеуге бағдар болып табылады. Ең төмен стандарттар туралы ҚР Заңына сәйкес, ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға арналған ең төмен ақшалай кіріс.

Ең төмен тұтыну себеті адамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті тамақ өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құн түріндегі ең төмен жинағын білдіреді әрі азық-түлік себетінен және азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесінен тұрады.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы бойынша айқындалатын ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы айлық жалақының ең төмен мөлшерін белгілеу үшін негіз болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында ең төмен жалақы мөлшері мен ең төмен күн көріс деңгейінің шамасы толықтай сәйкес келеді және бұл мөлшерлер жыл сайын инфляцияның болжамдық деңгейі ескеріле отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді. Ең төмен жалақы мөлшері мен ең төмен күнкөріс деңгейі – тұрақты емес шамалар екенін ұмытпау керек, олар әдетте жыл сайын ұлғаюы жағына қарай біркелкі өзгеріп отырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ел азаматтарына ең төмен жалақы мөлшеріне ғана емес, зейнетақының да ең төмен мөлшеріне кепілдік береді.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, қаржы-бюджеттік саласында зейнетақы жүйесі әлеуметтік қамсыздандырудың ғана емес, елдің барлық әлеуметтік саясатының басты құрамдас бөлігі болып табылады. Зейнетақы жүйесін заңда белгіленген зейнетақы жасына толған кездегі материалдық қамсыздандыру жүйесі ретінде қарау керек.

Бүгінде Қазақстанда **көп деңгейлі зейнетақы жүйесі** жұмыс істейді:

– 1998 жылға дейін болған зейнеткерлер – ортақ зейнетақы алу құқығын сақтай отырып, мемлекеттік тарату (ортақ) зейнетақы жүйесінің қатысушылары болып қалды;

– 1998 жылға дейін еңбек өтілі бар адамдар ортақ және жинақтаушы зейнетақыны алуға құқығы бола отырып, бір мезгілде ортақ және жинақтаушы жүйенің қатысушылары болады;

– еңбек өтілі 1998 жылдан басталған адамдар тек жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары болды.

Мемлекет базалық және ортақ зейнетақы төлейді. Қызметкерлер жинақтаушы зейнетақыны қалыптастыру үшін өз табысынан 10 % мөлшерінде міндетті зейнетақы жарнасын аударады, жұмыс берушілер зиянды еңбек жағдайындағы жұмысқа тартылған жұмыскерлердің пайдасына міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын төлейді, ал 2020 жылдан бастап, олар барлық жұмыскерлер үшін 5 %-дық міндетті зейнетақы жарнасын төлейтін болады.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы ҚР Заңының 1-бабының 12) тармақшасындағы зейнетақымен қамсыздандырудың қолданыстағы сызбасын ескере отырып, зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы деп айқындалған.

Осыған байланысты конституциялық кепілдіктерді іске асыру қажет адамдардың ауқымын айқындау кезінде мыналарды негізге алу керек.

Ең төмен зейнетақы мөлшері жасы бойынша зейнетақы төлемдерін алатындар, яғни ортақ зейнетақы жүйесіне қатысушылар үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді. Бұл ретте ол 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жай-күйі бойынша: ерлер үшін кемінде 25 жыл, әйелдер үшін – кемінде 20 жыл жұмыс істеген адамдарға кепілдік беріледі.

Бұдан басқа, жасы бойынша зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін (2016 жылдың 1 қаңтарына дейін) және жинақтаушы зейнетақыны алушылардың әрқайсысына зейнетақы жүйесіне қатысуға қарамастан, мемлекеттік базалық зейнетақы ұсынылады. Бұл ретте қатысу өтіліне ортақ жүйеде (1998 жылғы 1 қаңтарға еңбек өтілі) әзірленген өтіл, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарнасы (МЗЖ) төленген кезең қосылатын болады. Оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне қарай ең төмен күн көріс деңгейінің 100 пайыз шамасына дейін жетеді.

1998 жылға дейінгі және одан кейінгі еңбек өтілі болмаған кезде азаматтарға Ең төмен стандарттар туралы заңда көзделген ең төменгі әлеуметтік стандарт ретінде ең төмен күн көріс деңгейі шамасынан 54% мөлшерінде мемлекеттік базалық зейнетақы беріледі.

Конституцияның түсіндірме беріліп отырған бабында ҚР азаматына жасы бойынша, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

Бүгінде Қазақстандағы осы санаттағы азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі зейнетақыға ұқсас көп деңгейлі болып табылады.

Бірінші базалық деңгейде мемлекет мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылған жағдай бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларға кепілдік береді. Жәрдемақылар мөлшері ең төмен күн көріс деңгейінің шамасынан есептеледі және алушылардың еңбек өтілінің болуына, материалдық жағдайына байланысты емес.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мүгедектікке душар болған жағдайда жәрдемақыға өтініш жасалған уақытта жұмыстың тоқтатылғанына немесе жалғасуына қарамастан, сондай-ақ мүгедектік қашан болғанына – жұмыс немесе қызмет кезінде, жұмысқа кіріскенге дейін немесе жұмысты тоқтатқаннан кейін болғанына қарамастан тағайындалады.

Егер тағайындалған зейнетақы мөлшері мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыдан төмен болса, онда осы зейнетақыға қосымша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшеріне дейін үстемақы жүзеге асырылады.

Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға асыраушысы қайтыс болған отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған мүшелерінің құқығы бар.

Отбасының еңбекке жарамсыз мүшелері болып егер он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары (оның ішінде асырап алған балалары, өгей ұлдары мен өгей қыздары), аға-інілері, апа-сіңлілері және немерелері есептеледі, бұл орайда аға-інілері, апа-сіңлілері және немерелері – егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары болмаса, өгей ұлдары мен қыздары – егер олар ата-аналарынан алимент алмайтын болса есептеледі; егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе, әкесі, шешесі (оның ішінде асырап алушылар), зайыбы, жұбайы және туыстардың кейбір басқа да санаттары есептеледі.

Қайтыс болған адамның асырауындағы отбасы мүшелері, егер олар оның толық асырауында болса немесе одан өздері үшін өмір сүрудің тұрақты және негізгі қаражат көзі болған көмек алып тұрса, оның асырауында болған деп есептеледі. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қайтыс болған адамның отбасы мүшесі Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес еңбекке жарамсыз деп саналатын бүкіл кезеңге, ал зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен отбасы мүшелеріне өмір бойына белгіленеді. Бір мезгілде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар адамға олардың таңдауы бойынша бір жәрдемақы тағайындалады.

2005 жылдан бастап **екінші (міндетті) деңгейі** – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) әлеуметтік төлемдер енгізілді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы ҚР Заңында азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет жүзеге асыратын нысандарының бірі

ретіндегі міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздері белгіленеді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру – еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне орай табысынан айрылуына байланысты табыстың бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы. Мемлекет азаматтарға әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде Заңда белгіленген шарттармен міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік төлемдерді алу құқығына кепілдік береді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру қосымша әлеуметтік көмек сипатына ие және әлеуметтік аударымдар төлеген азаматтарға ғана таралады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарды қоспағанда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асырған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

МӘСҚ-тен сақтандыру төлемдері еңбек ету қабілетінен айрылған (мүгедектігі белгіленген), жұмысынан айрылған, жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айрылған, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған, бала бір жасқа толғанға дейін оны күту кезінде төленеді.

Әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне, еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесіне немесе асырауындағы адамдардың санына және әлеуметтік қатерге әкелетін 24 сағаттың (немесе жүктілігіне және бала тууына байланысты табысын жоғалтқан кезде 12 ай) ішінде алған орташа табысына байланысты болып табылады.

Үшінші деңгей еңбек жарақатына немесе кәсіби ауруына байланысты еңбек ету қабілетін жоғалтқан жағдайда сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдері болып табылады.

Егер жұмыс беруші зардап шеккен жұмыскердің пайдасына сақтандыру журналарын аударған жағдайда ғана сақтандыру ұйымдарынан төлемдер жүзеге асырылады. Аталған төлемдердің мөлшері жарақат алғанға дейін және кәсіби еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесіне дейін алған жұмыскердің табысына байланысты. МӘСҚ-тен және өзге де сақтандыру ұйымдарынан әлеуметтік төлемдер азаматтарға зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін төленеді.

Қазақстан Республикасында басқа да мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, атап айтқанда балалары бар отбасыларына және өзге де негіздер бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар белгіленеді.

Тарихи тамыры тереңде жатқан жәрдемақылардың мейілінше кең таралған түрлерінің бірі уақытша еңбек қабілетсіздігі жөніндегі жәрдемақы болып табылады. Оның негізгі мақсаты науқастануға немесе тізбесі заңнамамен бекітілетін жақын туыстарының науқастануы бойынша уақытша жұмыстан босатылу кезінде жұмыскердің жоғалтқан жалақысына өтемақы төлеуді білдіреді. Бұл жәрдемақы жұмыскерге заңнамада көзделген еңбекке уақытша қабілетсіздік жағдайында уақытша еңбекке қабілетсіздік фактісін куәландыратын тиісті құжаттар ұсынылған кезде тағайындалады және жұмыс берушінің қаражаты есебінен төленеді. Еңбекке уақытша жарамсыздық деп адам организмінің сырқаттанумен немесе жарақаттанумен негізделетін жай-күйі түсініледі, мұндай кезде функциялардың бұзылуы еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру немесе мүгедектікті белгілеу үшін қажетті уақыт бойы кәсіптік еңбекті орындауды мүмкін болмауымен ілесе жүреді.

28.2. Конституция адам өзінің еркі бойынша сақтандыру шартын жасасатын ерікті әлеуметтік сақтандыруды көтермелейді, Зейнетақы аннуитеті шарты осыған мысал бола алады, оған сәйкес сақтандырылушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандырушы ұйым сақтандырылушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

Негізгі Заң мемлекет мүмкіндігінің ұлғаюы шамасына қарай әлеуметтік қамсыздандырудың басқа да қосымша нысандарының болуына жол береді.

Сонымен бірге, қайырымдылық – жеке және заңды тұлғалардың мұқтаж адамдарға ерікті негізде материалдық көмек көрсетуі де көтермеленеді.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.

3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

29.1. Денсаулығын сақтау құқығы Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік құқықтарының бірі болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2

қаулысында «Қазақстан мемлекеттің мүмкіншілігіне қарай отырып, өзінің азаматтарына игілікті өмір сүру үшін жағдай жасау және жеке адамның еркін дамуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті жұмсартуға міндеттеме алатын мемлекет ретінде дамуға ниет танытады дегенді білдіреді. Бұл ереже Негізгі Заңның азаматтардың денсаулықты сақтауға, заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға құқығы сынды... әртүрлі нормаларында ашылады (29-бап).

Азаматтардың денсаулық сақтау құқығына халықаралық-құқықтық актілердің нормаларымен кепілдік берілген, ол Конституцияның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқықтың құрамдас бөлігі болып танылады. Атап айтқанда, АҚЖД-ның 25-бабына сәйке әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек болып қалған, жесір болып қалған күнде, қартайған шақта, немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы.

Жоғарыда келтірілгендерден денсаулықты сақтауға құқық мемлекеттің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми сипаттағы тиісті жағдайлар жасау жолымен азаматтардың денсаулығын сақтау; денсаулық сақтау жүйесін дамыту; азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету; салауатты өмір салтын қалыптастыруға жәрдемдесу, азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алу теңдігін, оның қол жетімділігін қамтамасыз ету, мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі міндеттерімен және басқа да шаралармен үйлеседі.

Осы құқықты толық жүзеге асыру үшін мемлекет іштен өлі тууды және ана мен бала өлімін қысқартуды, баланың дені сау болып дамуын қамтамасыз ету; сыртқы орта гигиенасы мен өнеркәсіптегі еңбек гигиенасының барлық аспектілерін жақсарту; эндемиялық, кәсіби және өзге де аурулар мен оларға қарсы күрестің алдын алу және емдеу; барлығына медициналық көмекті және науқастанған жағдайда медициналық күтімді қамтамасыз ететін жағдай жасау үшін қажет іс-шараларды іске асыруға тиіс.

Бұдан басқа, денсаулық сақтау құқығы Негізгі Заңның 31-бабының 1-тармағын іске асыру жолымен қамтамасыз етіледі, соған сәйкес мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.

Азаматтарға денсаулық сақтау құқығына кепілдік беретін маңызды нормативтік құқықтық акт Халық денсаулығы туралы ҚР кодексі болып табылады.

Конституциялық норманы іске асыру үшін Халық денсаулығы туралы ҚР кодексі мемлекеттің Қазақстан Республикасының азаматтарына

медициналық көмекке бірдей қол жеткізілуіне, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің көрсетілуіне; медициналық көмектің сапасына; дәрілік заттардың қолжетімділігіне, сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне; аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне; жеке өмірге қол сұғылмауына, дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуына; ұрпақты болуды таңдау еркіндігіне, ұрпақты болу денсаулығын сақтауға және ұрпақты болу құқықтарының сақталуына; санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық саламаттылыққа және радиациялық қауіпсіздікке кепілдік беретінін бекітеді.

Бұдан басқа, Халық денсаулығы туралы ҚР кодексі азаматтардың құқықтарын бекітеді. Осы құқық конституциялық норманы дамытады және нақтылайды. Осы құқықтардың ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға; тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттары уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етілуге; медициналық ұйымды, сапалы әрі уақтылы медициналық көмекті еркін таңдауға; уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен көрсетілімдер болған кезде, бюджет қаражаты есебінен шетелде медициналық көмек алуға; медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дұрыс тағайындамауынан және қолданбауынан денсаулығына келтірілген зиянды өтетуге құқықтар.

Халық денсаулығы туралы ҚР кодексінде азаматтардың ана болуды қорғау құқығы, психикасының бұзылушылығы (ауруы) бар адамдардан басқа, жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы бар адамдардың жынысын ауыстыру құқығы, бас бостандығы шектеулі азаматтардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған адамдардың; Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, босқындардың, сондай-ақ баспана іздеп жүрген адамдардың құқықтары бекітілген.

Бұдан басқа, аталған Кодексте туберкулез, ЖИТС, психикалық ауытқу, алкоголизм, наркомания, токсикомания сияқты белгілі бір аурулар кезінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді айқындайды, бұл науқастардың да, қоршаған ортаны, яғни жалпы алғанда қоғамда мемлекет тарапынан денсаулық сақтауға берілген кепілдік болып табылады.

Бұл ретте, азаматтардың денсаулық сақтауға өздерінің конституциялық құқықтарын іске асыруы оларда міндеттерін де тудырады, ал бұл мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ортақ жауапкершілік принципі

болып табылады. Мәселен, көрсетілген Кодекс азаматтардың мынадай міндеттерін бекітеді: өз денсаулығын сақтаудың қамын жасау; денсаулық сақтау ұйымдарының қолданыстағы режимін сақтау; профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өту; медицина қызметкерлерінің, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының жеке және қоғамдық денсаулыққа қатысты нұсқамаларын орындау; өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтау жөніндегі сақтық шараларын орындау, медициналық ұйымдардың талап етуі бойынша зерттеп-қараудан өту және емделу, инфекциялық аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде өзінің ауруы туралы медициналық персоналға хабарлау.

Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар да белгілі бір жауапкершілік көтеруге тиіс.

Өз кезегінде, денсаулықты сақтау мәселелері Халық денсаулығы туралы ҚР кодексінің нормаларымен ғана емес, азаматтық, еңбек, экологиялық, әкімшілік, қылмыстық және құқықтың басқа да салаларымен реттеледі.

Денсаулық құқықтық қорғау шараларының ішінде денсаулыққа қол сұғудан қорғаудың түбегейлі шешуші мәселелерінің бірі ретінде адамның дене және психикалық денсаулығын қорғауға бағытталған қылмыстық заңнаманы көрсету керек. Атап айтқанда, ҚР ҚК адамның денсаулығына зиян келтірумен байланысты 33-ке жуық құрамды қамтитын «Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген 1-тарау бар. Сонымен бірге «Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген бөлек 11-тарау бар. Жалпы алғанда, Қылмыстық кодекстің барлық құрамдары дерлік денсаулыққа зиян келтірумен байланысты.

Жалпы, азаматтардың денсаулық сақтау конституциялық құқығына профилактикалық шараларды жүргізу, білікті медициналық көмек көрсету үшін қолайлы жағдайлар жасау, қолайлы еңбек жағдайын жасау, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасау, қолайлы экологиялық жағдай жасау, дене және психологиялық денсаулықты қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау жолымен кепілдік беріледі.

Медициналық көмек көрсету арқылы денсаулық сақтау құқығы мемлекет кепілдік берген тегін медициналық көмек көлемін көрсету; мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың денсаулық үшін ортақ жауапкершілік тетігі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру; ақылы қызметтер алу жолымен іске асырылады.

Денсаулық сақтау құқығы заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің нормаларымен қамтамасыз етіледі.

29.2. Республика азаматтарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы Халық денсаулығы туралы ҚР кодексінде өз дамуын тапты.

Халық денсаулығы туралы ҚР кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады және барынша дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсетуді қамтиды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне: жедел медициналық көмек пен санитариялық авиация; алғашқы медициналық-санитариялық көмекті; 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының және бейінді мамандардың жолдамасы бойынша консультациялық-диагностикалық көмекті қамтитын амбулаториялық-емханалық көмек (2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап амбулаториялық-емханалық көмек әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде, сондай-ақ айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар кезінде ғана көрсетілетін болады); уәкілетті орган айқындайтын ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланатын саны (шекті көлемі) шеңберінде – алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша, төтенше айғақтары бойынша жолдаманың болу-болмауына қарамастан берілетін стационарлық медициналық көмек; алғашқы медициналық-санитариялық көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек; қалпына келтіру емі және медициналық оңалту; Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халық санаттары үшін паллиативтік көмек және мейірбике күтімі кіреді.

Бұдан басқа, белгілі бір жағдайларда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету үшін дәрілік заттармен қамтамасыз ету көзделген.

Бұл ретте, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы, «Қазақстан Республикасы өзін ... әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген сөздері бөлігінде, Қазақстан Республикасы мемлекеттің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекет міндетін орындауға ұмтылады дегенді білдіреді.

Осыны ескергенде, кепілдік берілген медициналық көмектің көлемі шамасы бойынша тұрақты емес.

Атап айтқанда, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысымен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің нақты тізбесі бекітілген.

Осы қаулыға сәйкес жедел медициналық көмек шұғыл айғақтар бойынша медициналық көмек көрсетуді; шұғыл айғақтары бойынша

пациенттерді медициналық ұйымдарға жеткізуді; денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен немесе жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша аудандық, облыстық, республикалық маңызы бар бұқаралық іс-шараларды (қоғамдық, мәдени-бұқаралық, спорт және басқа) медициналық қамтамасыз етуді қамтиды. Санитариялық авиация пациенттің тұрған жеріндегі медициналық ұйымда қажетті ресурстардың болмауына байланысты медициналық көмектің тиісті деңгейін көрсету мүмкін болмаған кезде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсетуді; авиакөлік және автокөлік құралдарымен білікті мамандарды межелі жерге жеткізуді немесе пациентті тиісті медициналық ұйымға тасымалдауды қамтиды.

29.3. Көрсетілетін көмек түрі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кірмеген жағдайда, ақылы медициналық көмекті алу азаматтардың бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұдан басқа, ақылы медициналық көмекті алу мемлекет кепілдік берген медициналық көмектің көлемі мен түрлеріне қарамастан, әркімнің тандау құқығы болып табылады.

Ақылы медициналық қызметтер алудың негіздері Халық денсаулығы туралы ҚР кодексінде көзделген. Ақылы медициналық қызметтерді мемлекеттік және жекеше медициналық ұйымдар, аурудың бейіні және медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы сәйкес келгенде жекеше медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар көрсетеді.

Аталған Кодекстің 35-бабының 2-тармағында ақылы медициналық қызметтер ұсынылатын жағдайлар белгіленген.

Ақылы медициналық қызметтер пациент пен осы көрсетілетін қызметтерді ұсынатын денсаулық сақтау субъектісінің арасында жасалатын шарт негізінде көрсетіледі.

Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған шарт мынадай негізгі талаптарды: медициналық көмектің түрлері мен көлемін; медициналық көмек көрсету мерзімдерін; медициналық және медициналық емес қызметтерге арналған тарифтерді және оларды төлеу тәртібін; тараптардың құқықтары мен міндеттерін; шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның қолданылуын тоқтату тәртібін; тараптардың шарт міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті белгілеуін қамтуға тиіс.

Ақылы қызметтер көрсетудің түрлері мен олардың баға прејскуранты мемлекеттік, жекеше медициналық ұйымдардағы және жекеше медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалардағы көрнекі ақпарат арқылы халықтың назарына жеткізіледі.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетудің бағасы медициналық, сервистік қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығын түрлерін және өзге де қосымша шығыстарды ескере отырып айқындалады және ол жарты жылда бір реттен аспайтын жиілікпен қайта қаралуы мүмкін.

Пациенттің өз құқықтары мен міндеттері, көрсетілетін қызметтер, ақылы қызметтердің құны туралы, сондай-ақ олардың ұсынылу тәртібі туралы ақпарат алуға құқығы бар. Пациенттің құқықтары туралы ақпарат медициналық ұйымдардың көрнекі үгіт орналасатын жерлерінде орналастырылуға тиіс (Кодекстің 91-бабы).

Денсаулық сақтау ұйымы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оларға жүгінген сәттен бастап азаматтарға ақылы медициналық қызметті уақытында және сапалы көрсеткені үшін жауапкершілік көтереді.

Ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздерінің бірі болып табылады (Кодекстің 23-бабы).

30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

4. Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек.

30.1. Азаматтардың білім алуға конституциялық құқығы қоғамның білім алуын қамтамасыз етуде мемлекет міндеттерінің композиттік және көп қырлы көрінісін білдіреді. Негізгі Заңда аталған құқықтың бекітілуі Қазақстан Республикасының адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталған әркімнің білім алу құқығын қамтамасыз ету тұрғысында халықаралық қоғамдастыққа қатысты өз міндеттемелерін орындау ниетін көрсетеді¹.

Мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді².

Азаматтардың білім алуға құқығы оның деңгейіне қарамастан, абсолюттік болып табылмайды; ол конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың

¹ЖБАД-ның 26-бабының 2-тармағын қараңыз.

²Білім туралы ҚР Заңының 8-бабының 1-тармағын қараңыз.

денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін (Конституцияның 39-бабының 1-тармағы).

ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 нормативтік қаулысында «конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау, егер мұндай шектеу заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болса және әділдік талаптарына жауап берсе, тепе-тең, мөлшерлес және конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау үшін демократиялық мемлекетте қажет болып табылса, құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне себеп бола алатынын білдіреді» деп атап көрсетілген¹. Нәтижесінде адамның құқықтарына қатысты шектеулерді белгілеу үшін маңызды өлшемдердің бірі заңдылық өлшемі болып табылады. Бұл ретте Конституциялық Кеңес «заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл және әкеп соқтыратын салдары болжаулы болуға тиіс екенін, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалып, сол арқылы заң ережелерін өзінше пайымдау және қолдану мүмкіндігін жоққа шығаруға тиіс екенін» бірнеше рет атап өткен².

30.2. Мемлекет тегін орта білім алу құқығына кепілдік береді. Бұл ретте азаматтардың орта білім алу міндеті белгіленген. Азаматтардың орта білім алу міндеті әлемнің көптеген дамыған демократиялық мемлекеттерінің конституцияларында бекітілген³. Көрсетілген міндет олардың азаматтығына қарамастан, осы мемлекеттің юрисдикциясындағы барлық жеке тұлғаларға қатысты⁴. Нәтижесінде мұндай міндет тек Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана емес, Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға да жүктеледі, сондай-ақ отбасына қосылу мақсатында Республикаға келгендердің де білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуына Республика азаматтарымен құқығы бірдей⁵.

Сонымен бірге, ҚР БҒМ белгілеген тәртіп шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік оқу орындарында тегін бастауыш білім алуға қол жеткізуінің ең төменгі кепілдіктерін қамтамасыз етуге тиіс.

¹«Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 27 ақпандағы № 2 Нормативтік қаулысы.

²«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» ҚР КК 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 2 нормативтік қаулысы.

³B. Banaszak. Porównawcze prawo konstytucyjne współczesnych państw demokratycznych. - Zakamycze 2004, S. 277.

⁴Ibidem, S. 278.

⁵Білім беру туралы ҚР Заңының 8-б. 2-т. қараңыз.

Аталғандар АҚЖД-да¹ және ЭӘМҚХП-да² регламенттелген. Өз кезегінде, орта білім, кәсіби-техникалық орта білімді қосқанда, оның әр түрлі нысандарында барлық қажетті шараларды қабылдау, атап айтқанда, тегін білім беруді біртіндеп енгізу арқылы азаматтар үшін де, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін де ашық және қол жетімді болуға тиіс³.

ҚР Конституциясының 30-бабы 1-тармағының ережесінде азаматтардың тегін орта білім алуын мемлекеттің қамтамасыз ету міндеті нақтыланған. Республика осындай құқықты тек мемлекеттік оқу орындарында іске асыруына кепілдік береді. Азаматтардың мемлекеттік емес оқу орындарында орта білім алуы ақылы негізде жүзеге асырылуы мүмкін. Мемлекеттік орта білім алу ұйымдарында (жалпы білім беретін мектептерде, шағын жинақты мектептерде, гимназияларда, лицейлерде немесе бейінді мектептерде) олардың атауы мен мақсатына қарамастан, кез келген алымдар мен төлемдерді енгізу азаматтардың тегін орта білім алу құқықтарының конституциялық кепілдіктеріне қайшы келеді.

30.3. Қазақстан Республикасында азаматтардың жоғары білім алуы міндетті емес. Азамат мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқылы. Алайда, көрсетілгендер азаматтың жекеше жоғары оқу орнында тегін жоғары білім ала алмайтынын білдірмейді. Осылайша, азаматтардың жоғары білім алу құқығының конституциялық кепілдігі осы азаматтардың жекеше жоғары оқу орнында ақылы жоғары білім алу құқығына қысым жасамайды.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, немесе ортадан кейінгі білімі бар азаматтар жоғары білім алады⁴. Мемлекеттік және жекеше жоғары оқу орнында жоғары білім алуға тек орта немесе ортадан кейінгі білімі бар адамдардың ғана құқығы бар.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады⁵. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес қазақстандық тарап Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтарына таңдаған мамандықтары бойынша Республиканың жоғары оқу орындарында жоғары білім алу кепілдіктерін қамтамасыз етеді.⁶

¹ АҚЖД 26 б. 1 т. қараңыз.

² ЭӘМҚХП 13 б. 2а т. қараңыз.

³ Ibidem, п. 2b ст. 13.

⁴ Білім беру туралы ҚР Заңының 35-б. 1-т. қараңыз.

⁵ Білім беру туралы ҚР Заңының 8-б. 2-т. қараңыз.

⁶ 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 5-бабын қараңыз.

Өз кезегінде, 1992 жылғы 15 мамырдағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің олардың аумақтарында тұратын барлық адамдарға ұлттық тиесілігіне немесе өзге де айырымдарына қарамастан, білім алуға және оған қол жеткізуге тең құқықтарын қамтамасыз етуге кепілдіктер көзделген. Бұдан басқа, қатысушы мемлекеттердің бірінің аумағында тұрақты тұратын және басқа қатысушы мемлекеттің азаматтығы бар адамдар барлық деңгейдегі білімді, сондай-ақ олар тұрақты тұратын аумақта қатысушы мемлекеттердің азаматтары үшін белгіленген талаптармен ғылыми дәрежелер мен атақтар алады.

2013 жылғы 31 мамырдағы консультациялық қорытындыда¹ ТМД Экономикалық соты қатысушы мемлекеттердің аумақтарында тұратын адамдарға қатысты білім алу саласында оқытудың тегін және ақылы екі нысаны да таралатын ұлттық режим белгіленген. Бұл ретте осы режим Келісімге қатысушы мемлекеттердің азаматтарына да, қатысушы мемлекеттің олардың аумағында тұрақты тұратын азаматтарына да білім алуға осындай құқықтар беруді білдіреді. тиісінше, Келісімге қатысушы мемлекеттердің бірінің аумағында тұрақты тұратын және басқа қатысушы мемлекеттің азаматтығы бар адамдарға ұлттық режимнен ерекшеленетін, аталған санаттағы адамдардың білім алуға қол жеткізуін шектейтін немесе оларды тұрақты тұратын мемлекеттің азаматтарымен тең емес жағдайға қалдыратын талаптар белгіленбеуге тиіс. ТМД Экономикалық сотының пікірінше «барлық деңгейдегі» деген тұжырым Келісімге қатысушы әр мемлекеттің оның аумағында тұрақты тұратын басқа қатысушы мемлекеттердің қатысушылары үшін барлық білім түрлерін: мектепке дейінгі, орта, арнаулы ора және жоғары білімге бірдей қол жеткізу ниетін айғақтайды.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға әскери, арнаулы оқу орындарында алынатын білімді қоспағанда, егер олар осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқық беріледі.²

30.4. Жекеше оқу орындарында ақылы білім алу Білім беру туралы заңда белгіленген негіздерде және тәртіпте жүзеге асырылады. Конституция Республика азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жекеше оқу орындарында ақылы білім алуға қол жеткізуге кепілдік береді. Ақылы білім алу қағидаты мемлекеттің осындай білім беру сапасын

¹«1992 жылғы 15 мамырдағы Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 1-бабының бірінші бөлігін түсіндіру туралы» 2013 жылғы 31 мамырдағы № 01-1/1-13 ТМД Экономикалық сотының консультативтік қорытындысы, <<http://adilet.zan.kz/rus/docs/H13S0000001>>.

²«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 8-бабының 2-тармағы, Қазақстанская правда от 15 августа 2007 г. № 127 (25372), Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2007 ж., № 20 (2501), 151-бет.

қамтамасыз етуге көңіл қоюының төмендегенін білдірмейді. Осыған орай, Республиканың юрисдикциясындағы адамдарға заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің емес, заң деңгейінде жекеше оқу орындарында ақылы білім алу тәртібін айқындауға кепілдік беріледі. Осылайша, мұндай білім алу негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен айқындала алмайды. Нәтижесінде, жекеше оқу орындарында азаматтардың ақылы білім алу құқығын шектейтін атқарушы органдардың актілері Республиканың Конституциясына сәйкес келмейді деп танылуы мүмкін.

Оның деңгейіне қарамастан, білім сапасын мемлекеттің жалпыға міндетті білім стандарттарын белгілемей қамтамасыз ету мүмкін емес. Сонымен бірге, осындай стандарттарды бекіту және кейіннен қолдану оқушылардың қазіргі қоғамның және Ұлттық әрі салалық біліктілік шеңберлерінде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін біліктіліктерге қол жеткізуге кепілдіктерді қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте мемлекеттік стандарттардың мақсаты оқу орындарының үй-жайларына қойылатын техникалық параметрлерге сәйкес келіп қана қоймай, білім беру бағдарламасының сапасын да қамтамасыз ету болуға тиіс. Өйткені, білім сапасы оқу орындарына дербес бәсекеге қабілетті негізгі (Major) және (Minor) білім бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге мүмкіндік беретін мемлекеттік стандарттар сапасымен анықталады.

Конституцияның 30-бабы 4-тармағының ережесінде кез келген оқу орындарының қызметі де осы стандарттарға сәйкес келуге тиістігі анықталған. Аталғандар оқу орындарын оларға заңнамалық немесе заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің негізінде жалпыға міндетті бірыңғай білім стандарттарын қолданудан босатудың мүмкін еместігін білдіреді.

31-бап

1. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

2. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Қолайлы қоршаған табиғи орта адамның денсаулығына және тұрмыс тіршілігіне, жануарларға, өсімдіктерге және басқа да тірі ағзаларға теріс әсер етпейтін қоршаған табиғи ортаның осындай жай-күйін білдіреді. Қазақстан Республикасында әрбір азамат үшін осы маңызды әлеуметтік жағын ескере отырып, мемлекет тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап, Қазақстан Республикасының азаматтары мен олардың кейінгі ұрпақтары үшін қолайлы табиғат сапасын сақтауға бағытталған тұтас

заңнамалық, институционалдық, экономикалық, идеологиялық шаралар кешенін әзірледі.

Қазақстанның мемлекеттік экологиялық саясатының қағидатты бағыттары ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында айқындалған. Бұл құжат Қазақстанның экологиялық саясатының негізгі басым бағыттары бекітілген, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және мемлекеттік экологиялық басқару жүйесінде көрініс табуы тиіс ұзақ мерзімді табиғатты қорғау іс-шаралары әзірленген әдіснамалық база болып табылады.

2007 жылы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасында Экологиялық кодекс қабылданды.

Осы нормативтік акт мемлекетіміздің оң табиғат қорғау практикасын және әлемдік қоғамдастықтың табиғат қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың озық тәжірибесін іске асырды, сондай-ақ қолданыстағы экологиялық заңнаманы мемлекетіміздің жүйесіне әкеле отырып, Қазақстанның экологиялық заңдары мен заңға тәуелді актілерін жинақтады. ҚР Экологиялық кодексі ҚР Конституциясында бекітілген азаматтардың экологиялық құқықтарының мазмұнын ашады, табиғат қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың құзыретін, ұтымды табиғат пайдаланудың экологиялық тетігін қолдануды, қоршаған ортаны қорғау бойынша халықаралық ынтымақтастықты егжей-тегжейлі регламенттейді, шетелдік және ұлттық табиғат пайдаланушылардың қызметіне қойылатын экологиялық талаптардың кең тізбесін қамтиды. Республикада жер, су, орман ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін, пайдалы қазбаларды қорғау және пайдалану саласында азаматтардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін бірқатар кодекстер мен заңдар да қабылданды.

Бүгінгі таңда ҚР Энергетика министрлігі, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғау жөнінде едәуір функцияларды жүзеге асыруда. Бұл – қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу, табиғи орта мен жекелеген табиғат ресурстары сапасының нормативтер жүйесін белгілеу, қоршаған ортаның жай-күйін мемлекеттік экологиялық бақылау жүйесі және табиғат қорғау заңнамасын орындау, экологиялық аудит және экологиялық сараптама, табиғат ресурстарын пайдалану бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне рұқсат ету сипаты. Министрлік қоршаған ортаны қорғау бойынша мемлекеттік іс-шараларды жоспарлауды, экологиялық зиянды салдардың алдын алуды, азаматтарды мемлекеттік экологиялық сақтандыруды, мемлекеттік және қоғамдық экологиялық қорлар құруды жүзеге асырады. Азаматтардың экологиялық құқықтарын қамтамасыз ету тұрғысында ҚР Энергетика министрлігі, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі

табиғат пайдаланушыларды өткізіліп жатқан табиғат қорғау іс-шаралары туралы халыққа мерзім сайын хабарлап отыруды, әлеуметтік-экологиялық бағдарламаларды іске асыруды міндеттейді, қоғамдық экологиялық сараптама мен қоғамдық экологиялық мониторинг нәтижелерін тыңдайды, бүгінде Қазақстан Республикасында 320-дан артық ұйымдар мен 180-ге жуық экологиялық қорлар бар үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың қызметіне жәрдемдеседі.

Қазақстан Республикасы табиғат қорғау және ұтымды табиғат пайдалану саласындағы көптеген халықаралық шарттар мен келісімдерге қосылды, маңызды экологиялық конвенцияларды ратификациялады, солардың ішінде азаматтардың экологиялық құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету тұрғысында Ақпаратқа кіру, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сот ісін жүргізуге қол жеткізу туралы Орхусс конвенциясын ерекше айтуға болады. Осы конвенцияға сәйкес кез келген мемлекеттік орган, жекеше экономикалық құрылымдар, табиғат пайдаланушылар үкіметтік емес экологиялық ұйымдарға және азаматтарға олардың өтініші бойына нанымды экологиялық ақпаратты ұсынуға міндетті, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы қоршаған ортаның ластануы нәтижесінде оның денсаулығына келтірілген залал өтелуіне құқылы.

ҚР Конституциясына сәйкес мемлекет азаматтардың салауатты қоршаған табиғи ортаға құқықтарын сақтау бойынша қажетті жағдайлар жасайды.

32-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Тарихта жеке адамның құқықтары мен бостандықтары тек мемлекетішілік құқықпен ғана реттелгені белгілі. Құқық үстемдігі, іргелі құқықтар мен бостандықтар жаңа әлемдік тәртіптің негізі болып табылатындықтан, халықаралық ұлттар қоғамдастығының үнемі назарында. Халықаралық құқық рөлінің өсуі халықаралық қағидаттар мен нормаларды егжей-тегжейлі әзірлеуде және нақтылауда, мемлекеттердің өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындауын бақылайтын халықаралық органдар құруда көрініс табады. Әлемде болып жатқан өзгерістер жағдайында жеке адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекетішілік

реттеу саласынан халықаралық құқықтың жаңа буынында нақты әрі заңдық тұрғыдан белгіленді. Мемлекетішілік және халықаралық құқық барған сайын белсенді қосылуда.

Халықаралық құқық нормаларын мемлекетті ұлттық құзырет саласына имплементациялау қазіргі әлемдік қоғамдастықтың императивтерімен анықталды. Көптеген мемлекеттер осы құқықтар мен бостандықтардың кеңінен танылуы мен конституциялық бекітілуі ғана емес, олардың қоғам өмірінің түрлі салаларында – құқықтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларда іс жүзінде іске асырылуы да маңызды екенін мойындады.

Бүгінде адам құқықтары негізгі ғылыми проблемалардың бірі болып табылады және әр түрлі ұстанымдар тұрғысынан зерттеледі. Құқықты жариялы іс-шаралар өткізуге қолдана отырып, адам оның талаптарына бағына отырып, қоғамда әрекет ететіні сөзсіз. Құқықтық демократиялық мемлекет адам құқықтарын қамтамасыз ету мұратын іске асыра отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы заңнаманы дамыту жолымен қоғамның әрбір мүшесінің ар-ожданын құрметтеу және құқықтарын қорғау мақсаттарына қол жеткізеді. Адам құқығы заңдық нысанға айналып, демократиялық мемлекеттер конституционализмнің негізі ретінде қарастыруда. Көптеген конституциялардың тұжырымдамаларында адамның құқықтары мен азаматтың құқықтары арасында елеулі айырмашылықтар байқалады. Жекелеген конституцияларда қандай да бір бостандыққа құқық айтылады, бірақ көбінесе бірдеңені істеу немесе істемеу еркіндігіне құқық орын алады.

Сонымен бірге, демократияны шектеу азаматтардың құқықтары үшін теріс салдарға әкеледі, ал оларды бұзу биліктің демократиялық режимін сөзсіз бұзады. Құқықтар, бостандықтар және міндеттер жеке және ұжымдық деп бөлінеді. Жеке құқықты ұжымдық түрде жүзеге асыруға болса, ұжымдық құқық өз табиғаты бойынша жеке түрде іске асырыла алмайды. Көптеген мемлекеттер үшін бейбіт жиналыстар бостандығына құқықты реттеу және қамтамасыз ету өте күрделі процесс болып табылады. Сонымен бірге бұл құқықты жекелеген адамдар, топтар іске асыра алатынын түсіну қажет, ал бейбіт жиналыстар бостандығын қорғау қазақстандық толеранттық қоғамды одан әрі нығайтуға ықпал ететін болады.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде жиналыстар бостандығын конституциялық-құқықтық реттеу тетігі жеткілікті дәрежеде әзірленбеген. Қазіргі заманғы конституциялардың көпшілігі жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер және пикет сияқты азаматтардың саяси белсенділігінің нысанын бекітетінін мойындауымыз керек.

Мұндай құқықтар Жариялы жиналыстар туралы Финляндия заңында (1999 жыл, 2011 жылғы түзетулер, 11, 5-тараулар), «Жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар өткізу тәртібі туралы» Армения Республикасының Заңында (2008 жыл) 13-баптың 4-5) тармақшаларында, Румыния Конституциясында (1991 жыл, 2003 жылғы түзетулер), 39-бапта,

Молдова Республикасының Жариялы жиналыстар туралы заңында (2008 жыл) 10, 20-баптарда, «Жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер және пикеттер туралы» РФ Заңында (2004 жыл), 18-бапта, «Жиналыстар бостандығы туралы» Әзірбайжан Республикасының Заңында (1998 жыл); «Жиналыстар, митингілер және демонстрациялар туралы» Болгария Заңында (1990 жыл), 2-бапта, Жариялы жиналыстар туралы Нидерланд Заңында (1998 жыл), 5-тарауда; «Жиналыстар туралы» Польша заңында (1990 жыл), 6-бапта; Мальта жариялы жиналыстар туралы декретте (1931 жыл), 5/3-бапта; Солтүстік Ирландия жариялы шерулер туралы заңда (1998 жыл), 6(2)(b) тарауда; Грузия Республикасының Жиналыстар мен демонстрациялар туралы заңында (1997 жыл, 2009 жылғы түзетулер), 14(2)-бапта; «Азаматтардың қарусыз бейбіт жиналу, митингілер мен демонстрацияларды еркін өткізу құқығы туралы» Қырғыз Республикасының Заңында (2002 жыл) 7-бапта және басқаларында бекітілген.

ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюроның (ДИАҚБ) және Еуропа Кеңесі Құқық арқылы демократия үшін Еуропа комиссиясының (Венеция комиссиясы) сарапшылары дайындаған «Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі жетекшілік принциптер» құжаты (бұдан әрі – Жетекшілік принциптер) (Страсбург, 2010 ж.) назар аударуға тұрарлық, онда мынадай анықтамалар берілген:

1. *Жиналыстар өткізу пайдасына презумпция.* Оның мәні заңнамада жиналыстар бостандығы пайдасына презумпция нақты және біржақты түрде белгіленуге тиістігінде, сондай-ақ заңмен тыйым салынбағандарды шешілген деп есептеу керектігіне келіп саяды, осыған орай жиналыс өткізу үшін рұқсат алу талап етілмейді.

2. *Мемлекеттің бейбіт жиналыстарға жәрдемдесуге және оларды қорғауға оң міндеттемесі.* Осы қағидатқа сәйкес, мемлекет бейбіт жиналыстарға құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін барлық қажетті тетіктер мен рәсімдерді жасауға міндетті.

3. *Заңдылық.* Осы қағидаға сәйкес, егер шектеулер болса, онда олар заң халықаралық стандарттарға сәйкес келуге тиіс адам құқықтары саласындағы қолданыстағы заңнама мен халықаралық құқық нормаларына негізделуге тиістігін түсіну қажет.

4. *Пропорционалдылық.* Билік органдары автоматты түрде шектеулер енгізбегендіктен, жиналыстар бостандығына қатысты кез келген шектеулер пропорционалды болуға тиіс.

5. *Кемсітпеу.* Билік органдары қандай да бір топқа немесе адамдар тобына қатысты қандай да бір белгі бойынша кемсітуге жол бермеуге міндетті.

6. *Тиісті әкімшілік.* Бұл қағидаттың мәні заңнамада жиналыстар бостандығына әкімшілік ету туралы шешім қабылдауға жауап беретін және бұл туралы жұртшылық хабардар болуға тиіс орган нақты жазылуға тиістігіне келіп саяды.

7. Әкімшілік органның жауапкершілігі. Әкімшілік орган кез келген рәсімдерді орындамағаны үшін немесе мәні бойынша жауапкершілік көтереді¹.

Жиналыстар бостандығы құқығына және әр адамның осындай бостандық құқығына АҚЖД (20/1-бап), АСҚХП (21-бап), Адам құқықтары туралы Америка конвенциясы (15-бап), Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция (5/d-бап), Баланың құқықтары туралы конвенциясы (15-бап), Адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенция, мүше елдердің аумағында адам құқықтары саласында Еуропа Кеңесінің негізгі құжаты – Адам құқықтары жөніндегі Еуропа конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция, АДЕК) (11-бап) және басқалары сияқты негізгі халықаралық-құқықтық және өңірлік құжаттармен кепілдік беріледі.

Мысалы, Конвенцияның 11-бабымен кепілдік берілетін құқық демократиялық қоғамның саяси және әлеуметтік құндылықтарымен байланысты. Сөзсіз, көп дәрежеде олар 9-бапқа сәйкес ой, ар-ождан және діни сенім бостандығына құқықты және 10-бапқа сәйкес өз пікірін білдіру бостандығына құқықты тереңдетеді және кеңейтеді. 11-баптың 2-тармағына сәйкес жиналыстар бостандығы абсолюттік құқықтар қатарына жатпайды және шектеле алмайды. Егер олар «заңмен белгіленсе және демократиялық қоғамда мемлекеттік қауіпсіздік мүддесі үшін, тәртіпсіздіктер мен қылмыстардың алдын алу мақсатында, денсаулық мен адамгершілікті қорғау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қоғамдық тыныштық үшін қажет болса, шектеулер рұқсат етіледі деп танылады». 11-бапта жалпы шектеулермен қатар осы бостандықты қарулы күштер, полиция немесе мемлекеттің әкімшілік органдарының құрамына кіретін адамдардың жүзеге асыруына қатысты арнайы қосымша шаралар да көзделгенін атап өткен жөн.

Еуропа комиссиясы Конвенцияның 11-бабының 2-тармағын қолдануға байланысты бірқатар құқықтық ұстанымдарды тұжырымдады. Егер нақты қауіп болса, оны өткізген жағдайда мемлекеттік қауіпсіздікке немесе қоғамдық тыныштыққа қауіп туындаса, кез келген демонстрацияларды өткізуге уақытша тыйым салуды қолдануға болады деп таныды. Мұндай жағдайларда демонстрациялар өткізуге үкіметтік тыйым салулар, әдетте, қысқа мерзімді сипатта болады және тек белгілі бір аудандарға ғана таралады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Соты Францияға қарсы Эзеллин ісінде бейбіт жиналыстар бостандығына шектеуді қарастырды. Іс материалдарынан демонстрацияға қатысқан өтініш иесіне (адвокатқа) қатысты оның полиция мен сот органдарының қызметіне риза еместігін

¹ Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі жетекшілік принциптер (2-ші басылым, Thomas Bull, Nina Belyeva, Страсбург, 2010, 16-бет.

білдірген басқа қатысушылардан ерекшеленбегеніне және оның кәсібімен сыйыспайтындықтан, мұндай мінез-қылықты жақтырмағанына байланысты оған тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылғаны анықталды.

Сот Конвенцияның 11-бабының 2-тармағында (жиналыстар бостандығы) және 10-бабының 2-тармағында (пікір білдіру бостандығы) пайдаланылатын «шектеулер» термині жиналыстан кейін қабылданған жазалау сипатында шараны болдырмау ретінде түсіндірілмейтінін мойындады. Осылайша, ол Франция үкіметінің ұстанымын қабылдамады. Оның пікірінше, өтініш иесі оның кәсібіне байланысты міндеттемелермен сыйыспайтын мінез-құлыққа орай демонстрациядан кейін тәртіптік жауапкершілікке тартылғандықтан, бейбіт жиналыстар бостандығын және пікір білдіру бостандығын жүзеге асыруға араласудан зардап шеккен жоқ.

Сот араласу заңға сәйкес жүзеге асырылды және тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатын көздеді деп есептеді. Сонымен бірге ол сәйкестік қағидаты Конвенцияның 2-тармағында санамаланған мақсаттармен байланысты талаптардың және өз пікірін білдіруге байланысты – сөздердің, ымдардың немесе тек үндемей қалудың – қоғамдық орындарда жиналыс өткізетін адамдардың арасында балансты қамтамасыз етуді талап етеді. Осы талаптардың арасында әділ балансты орнатуға ұмтылу адвокаттардың мұндай жағдайларда тәртіптік санкциялардан қорқып, өз пікірін нақты білдіруден қалыс қалуына әкелмеуге тиіс. Өтініш иесі ұшыраған жаза қандай да бір шектеулерді күтпегендіктен, аз және тек моральдық ықпал етуге тиістігіне келісе отырып, сот мұндай санкцияның демократиялық қоғамда қажет болып табылмайтынын да атап көрсетті¹. Осы істе Конвенцияның 11-бабы бұзылғанын анықтаған Еуропа Сотының ұстанымынан бірқатар қорытынды жасауға болады. Біріншіден, тыйым салынбаған демонстрацияға қатысқан адам кейін бұл демонстрация бейбіт сипатта болған жоқ деп айыптала алмайды; екіншіден, жиналыстың кез келген қатысушысы, егер оның жүріс-тұрысы заңды сипатта болса, Конвенцияның 11-бабының толық қорғауында болады².

Тағы бір мысал келтірейік, «Platform «Artze fur das Leben»» ісінде Сот мемлекеттің өздерінің бейбіт жиналысқа құқығын жүзеге асырып жатқан халықтың тобын қорғауды қамтамасыз етудің оң міндеттемесі туралы мәселені қарады. Бұл жағдайда үкімет абортқа қарсы күресті жақтаушылардың бір нақты орында демонстрациялар өткізуге рұқсат берді; кейін өтініш иесі – тарап демонстрация өтетін орынды халықтың жүріс-тұрысын бақылау қиын соғатын ауданға ауыстыруға рұқсат сұрады және мұндай рұқсатты алды. Билік осы демонстрацияны ұйымдастырушыларға полиция контрдемонстрацияға қатысушылардан тиісінше қорғай алмауы

¹ Полянская И.С. Конституционно-правовое регулирование права граждан РФ на проведение собраний, митингов и демонстраций, шествий, пикетирования, М. 2005г.

² См.: Van Dijk P., van Hoof G.J.H. Theory practice of the European Convention on Human Rights. The Hague, 1998, P. 600.

мүмкін екені туралы хабарлады, іс жүзінде солай болып шықты. Мұндай қиындықтар екінші демонстрацияны өткізу кезінде де туындады. Өтініш беруші тарап Страсбургке Австрия үкіметінің қандай да бір шектен шығусыз демонстрацияны өткізуді қамтамасыз ету үшін барабар шаралар қабылдай алмаған 11-баптың ережесін бұзғаны жөнінде талап арыз жолдады.

Сот мемлекет бейбіт жиналыстар өткізуге өз құқықтарын жүзеге асыратын халықтың тобын қорғауды қамтамасыз етуге міндетті деп есептеді. Осыған байланысты Сот мынаны атап көрсетті: «... Сол немесе өзге демонстрация наразылық тудыруы мүмкін немесе осы демонстрация насихаттайтын идеяларға немесе талаптарға қарсылық білдіретін адамдарды қорлау болып табылуы мүмкін. Дегенмен, қатысушылар олардың оппоненттерінің тарапынан күш қолданылуға ұшырауымыз мүмкін деп қорықпай, осы демонстрацияны өткізуге мүмкіндігі болуға тиіс; мұндай қорқу ортақ идеяларды немесе мүдделерді бөлісетін қауымдастықтарға немесе басқа топтарға қоғамды толғандыратын өте даулы мәселелер бойынша өздерінің көзқарастарын ашық айтуына кедергі жасауы мүмкін. Демократия жағдайында контрдемонстрация өткізу құқығы демонстрация өткізу құқығын жүзеге асыруға тыйым салу қолданылмайды. Осыған орай, шынайы, нақты бейбіт жиналыстар бостандығы мемлекеттік араласудан қалыс қалу міндеттемесі ғана болып қала алмайды: таза теріс тұжырымдама 11-баптың мақсаттарымен және міндеттерімен сәйкес келмейді. Осыған ұқсас 8, 11-баптарда кейде, егер бұған қажеттілік туындаса, жеке адамдар арасындағы қатынастар жағдайында оң шаралар қабылдауды талап етеді»¹.

Осылайша, АҚЕК-ға қосылған және Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Сотының (АҚЕС) шешімдерін орындайтын Еуропа Кеңесінің елдерінде бейбіт жиналыстар бостандығына құқық бейбіт демонстрацияны ұйымдастыруға ниеті бар әрбір адамға кепілдік беріледі. Күш қолдану арқылы контрдемонстрациялар өткізу мүмкіндігі немесе осы демонстрацияға оны ұйымдастыратын қауымдастық мүшелері болып табылмайтын және күш қолдануға ниеті бар экстремистер қосылуы мүмкіндігі осы құқықты өздігінен бұза алмайды.

Жоғарыда келтірілген бірқатар құжаттардың Қазақстан Республикасы үшін міндетті болып табылмайтынын назарға алу қажет. Осы түсіндірмеде олардың ережелері қазақстандық заңнаманы одан әрі жетілдіруде белгілі бір бағдар ретінде келтірілді.

Бірінші кезекте халықаралық нормалар мен тетіктер тұрады. Атап айтқанда, АСҚХП әр адамның «өз пікірін еркін білдіру» құқығын бекітеді (19-баптың 2-бөлігі). Бұл құқық мемлекеттік шекараларға қарамастан, кез келген ақпаратты және идеяны ауызша, жазбаша немесе баспа арқылы, немесе ерік білдірудің көркем нысандары арқылы, немесе өз таңдауы бойынша өзге де тәсілдермен іздеу, алу және тарату бостандығын қамтиды».

¹ Решение по делу «Platform «Artze fur das Leben»», Series A, No. 159, p.12, para 32.

Түсіндірме беріліп отырған ҚР Конституциясының 32-бабы бейбіт жиналыстарға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге, пикеттерге құқықты, атап айтқанда, ұлттық және халықаралық құқық нормаларымен кепілдік берілетін құқықты жария етеді. Бейбіт жиналыстар бостандығына құқық осындай іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі түсінікті жазылған, 12 баптан тұратын Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ҚР Заңымен реттеледі. Алайда, аталған заң өз мазмұнында жекелеген халықаралық-құқықтық құжаттарда орын алатын олардың қажетті құқықтық түсіндірмесімен жариялы іс-шаралар ұғымын (бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар) қамтымайды.

Негізгі халықаралық-құқықтық актілер көпшілік іс-шараларды өткізу құқығын «жиналыстар бостандығы» деп атайды және осы құқықты оның азаматтығына қарамастан, кез келген адамға бекітіп береді. Заңдық әдебиеттерді талдау бейбіт жиналыстардың жекелеген құқықтық санаттарын мынадай түсіндірмемен анықтауға мүмкіндік береді: *Жиналыс* азаматтардың, сондай-ақ шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың ортақ мүдделерін білдіру мақсатында, сондай-ақ оларды бірлесіп талқылау және азаматтық қоғамның түрлі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін белгілі бір қоғамдық орында қасақана немесе уақытша бейбіт жиналуын білдіреді. *Митинг* – техникалық және көрнекі құралдар пайдаланылып (немесе онсыз) ұжымдық немесе қоғамдық пікірді білдіру мақсатында өткізілетін, содан кейін билікке қандай да бір талаптармен немесе азаматтарды шақырумен түйіндеме қабылданатын азаматтардың ашық аспан астындағы жаппай бейбіт жиналысы.

Демонстрация – қандай да бір қоғамдық мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіру, сондай-ақ белгілі бір мәселелерге назар аударту мақсатында техникалық және көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізілетін адамдар тобының бейбіт қозғалысы. Демонстрацияларды «тік тұрып» өткізу практикаға айналып отыр (бір-бірлерінің қолдарынан ұстау; сақина түзілген демонстрациялар және т.) демонстрация митингпен басталуы немесе аяқталуы мүмкін. *Шеру* – азаматтардың, сондай-ақ шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың қоғам үшін үлкен маңызы бар белгілі бір проблемалар мен мәселелерге назарын аудару мақсатында техникалық және көрнекі құралдар пайдаланылған бейбіт қозғалысы, көшелер мен жолдардан өтуі. Шерудің тағы бір түрі *марштар* – елді мекендер арқылы, бүкіл ел арқылы немесе бірнеше елдер арқылы өтетін бейбіт шерулер.

Пикет – қоғамдық пікір мәселелері бойынша пікір білдіру мақсатында техникалық және көрнекі құралдарды пайдаланып, шағын адамдар тобының нақты объектідегі бейбіт жиналуы. Соңғы кезде кейбір елдерде палатка қалашығын ұйымдастыру нысанында пикеттер қолданылады.

Жалпы қабылданған түсініктерден басқа, қоғамдық мүдделерді

білдіру нысаны ретінде қоғамдық орындарда аштық жариялауды, киіз үйлер, палаткалар, өзге де құрылыстар тұрғызуды пикет деп түсіну керек. Жоғарыда аталған іс-шараларды өткізу үшін республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына оларды өткізу белгіленген күнге дейін 10 күннен кешіктірмей жазбаша нысанда өтініш беріледі. Өтініште ұйымдастырушы тарап іс-шараны өткізу мақсатын, нысанын, орнын немесе қозғалыс бағытын, оның басталатын және аяқталатын уақытын, қатысушылар санын, ұйымдастырушылардың және қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапты тұлғалардың аты-жөндерін және т.б. көрсетуге тиіс.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ҚР Заңының 32-бабы мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулықты сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүддесінде қарастырылып отырған құқықты шектейтін нормаларды қамтиды. Бейбіт жиналыстарды ұйымдасу және өткізу тәртібі туралы ҚР Заңының 5-бабына сәйкес ұйымдастырушы тарапқа жергілікті атқарушы органдармен келіспей, көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі жасауға, киіз үйлер, палаткалар орнатуға, жасыл көшеттерге, шағын сәулет нысандарына зиян келтіруге; суық, атыс қаруын өзімен алып жүруге, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін мемлекеттік билік органдарының қызметіне кез келген нысанда араласуға тыйым салынады. Бұдан басқа, ұйымдастырушы тарап белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған нормаларды бұзғаны үшін жауапкершілік арқалайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жиналыстар, митингілер, пикеттер және демонстрациялар өткізу уақытында олардың қатысушыларының азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық зияны үшін жауапкершілік белгіленеді (Бейбіт жиналыстарды ұйымдасу және өткізу тәртібі туралы ҚР Заңының 9-бабы). Сонымен бірге заңнамада жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі заңнамаға сәйкес жабық үй-жайларда өткізілетін еңбек ұжымдары мен қоғамдық бірлестіктердің жиналыстары мен митингілеріне таралмайтыны белгіленген. Бұдан басқа, осы құқық қатынастары Қазақстан Республикасында салалық (еңбек, әкімшілік, қылмыстық) заңнамамен реттеледі.

Осылайша, Негізгі Заңның 32-бабы қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделер мен наразылықты білдіру нысандарын айқындай отырып, осы құқықтарды Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектей» отырып, ҚР азаматтарына саяси құқықтарға кепілдік береді.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар.

2. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

3. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

4. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

33-баптың 4-тармағына 1998 жылғы 7 қазандағы Заңға сәйкес өзгерістер енгізілді.

33.1. Мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы Қазақстан Республикасы азаматтарына ғана тиесілі және олар оны тікелей де, өз өкілдері арқылы да жүзеге асыра алады. Азаматтардың республикалық референдумға қатысуы, сондай-ақ оларды мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану құқықтарын іске асыру азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысуының тікелей нысандары болып табылады. Республикалық референдум және сайлау туралы заңнамалар азаматтардың осы құқықтарын іске асырудың неғұрлым кең кепілін қамтамасыз етеді. Референдум және сайлау жасырын дауыс беру жағдайында жалпыға ортақ тең және тікелей ерікті негізде өткізіледі.

Азаматтардың мемлекет ісін басқаруға қатысуы олардың өкілді билік органдары – депутаттардың қызметтеріне саяси партиялар туралы, қоғамдық тұтыруды қанағаттандыруға байланысты мемлекеттік саясаттың бағыттары туралы қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы әсер ету жолымен жүзеге асырылады. Мемлекеттік басқаруды демократияландырудың маңызды шарттары – қоғамның маңызды проблемаларын алдын-ала талқылау үшін мамандарды, халықтың түрлі әлеуметтік қабаты мен топтарының өкілдерін тарту. Ол мемлекеттік шешімдердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастыруға, пәрменді сыртқы сараптама жүргізуге, қоғамдық маңызы бар күрделі міндеттерді шешкен кезде ғылыми қауымдастықтар және мемлекеттік органдар өкілдерінің білімдерін және тәжірибелерін біріктіруге мүмкіндік береді. Азаматтарды мемлекетті басқаруға тартқанда елде қалыптасқан

мүдделерді білдірудің тиімді жүйесіне, мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялармен, БАҚ, азаматтық қоғамның басқа да институттарымен өзара іс-қимылына маңызды рөл бөлінеді. Мүдделерді білдірудің түрлі нысандары арқылы қоғамның мемлекеттік басқаруға әсері болады, қоғамдағы мүдделер теңгерімін сақтау қамтамасыз етіледі, олардың кімнің мүдделерін қозғайтынын ескере отырып, мемлекеттік шешімдерге түзетулер енгізіледі.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы 11 наурызда «Нұр Отан» партиясының кезекті съезінде сөйлеген сөзінде мемлекеттілікті нығайту үшін бес институционалдық реформаны құрды. «Транспаренттік және есеп беретін мемлекет» атты бесінші институционалдық реформада Президент Қазақстан мемлекеттік құрылыстың келесі кезеңі – ашық, халыққа есеп беретін мемлекет құруға көшуі қажеттігі туралы тезисті ұсынды. Аталған реформаны іске асыру үшін мемлекеттік органдар басшыларының есеп беруі; шешімдерді қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету; азаматтық бюджеттеуді енгізу; шағымдану жүйесін нығайту; қоғамдағы өзін-өзі басқаруды кеңінен енгізуді қамтамасыз ету практикасын көздейтін кешенді шаралар әзірленді. Әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызметтерді көрсетумен байланысты өкілдіктерді азаматтық қоғам институттарына беріп, мемлекеттік органдардың жауапкершілік аймағын кезең-кезеңімен қысқарту белгіленген.

Бесінші реформаны іске асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында нақты іс-шаралар айқындалған және іске асырылған. Ақпаратқа қолжетімдік туралы ҚР Заңы қабылданды, ол мемлекеттік құпияға жатқызылған және заңнамен қорғалатын өзге ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органдардың өкіміндегі кез келген ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ҚР Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығында мемлекеттік органдар басшыларының жыл сайын стратегиялық жоспарлар мен аумақты дамыту бағдарламаларының түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы, ұлттық жоғарғы оқу орындары басшыларының білім алушылармен, жұмыс берушілермен, жұртшылық өкілдерімен және БАҚ-пен жариялы кездесуінің тәртібі анықталды. Бұның барлығы халықты елде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар туралы жедел хабардар етуге, түрлі әлеуметтік топтардың және әр азаматтың мүддесі мен қажеттілігіне байланысты маңызды проблемалар кешені бойынша пікір алмасуға ықпал етеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың жергілікті деңгейде билікті жүзеге асыруға қатысуының ерекше нысаны болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қоғам және азаматтар

мемлекеттік шешімдер қабылдау процесі мен олардың жүзеге асырылуына тікелей қатыстырылуы қажет. Жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік беру керек» деп айтылады. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында өзін-өзі басқаруды және жергілікті басқаруды дамыту арқылы шешім қабылдауға азаматтардың қатысу мүмкіндігін кеңейту бойынша шаралар көзделген. Ауылдық округ, ауыл, кент, аудандық маңызы бар қалалар деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес өзіндік бюджеті енгізілетін болады.

Мемлекеттік органдар мен әкімдіктерде құрылатын консультативтік-кеңесші, қадағалау органдары сияқты қоғамдық кеңестер азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуының тиімді нысаны болып табылады. Халықалдында есеп беретін мемлекетті құру, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына азаматтардың, коммерциялық емес ұйымдардың кеңінен қатысуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесі, оларды құрудың тәртібі мен қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қоғамдық кеңестер туралы заңында айқындалған. Аталған заңның 5-бабында мемлекеттік басқарудың республикалық және жергілікті деңгейлеріндегі қоғамдық кеңестердің кең ауқымды өкілеттілігі ашып көрсетілген.

Жеке және қоғамдық сипаттағы мәселелер бойынша мемлекеттік органға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына еркін жүгінуі азаматтардың маңызды құқығы болып табылады. Өтініштердің неғұрлым кең таратылған нысандары: ұсыныс, арыз, шағым, өтініш. Осы өтініштердің әрқайсысының өз ерекшелігі, қарауының ерекше тәртібі және түрлі құқықтық салдары бар. Мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтардан келіп түскен өтініштерге дер кезінде жауап беруге міндетті және қандай да болмасын құқықтары бұзылған жағдайда оны қалпына келтіру үшін шаралар қабылдауға міндетті. Республиканың заңнамаларымен орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда азаматтарды қабылдау қағидаты белгіленді. Ол азаматтардың жеке-дара және ұжымдық өтініштерін қарауға және шешуге мемлекеттік орган басшыларының жауапкершіліктерін арттыруға ықпал етеді.

33.2. Конституция азаматтардың мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығын тек қана Қазақстан Республикасының азаматтарына береді. Сайлау туралы Республиканың заңы азаматтардың сайлау және сайлану, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығын іске асырудың неғұрлым кең кепілдіктерін қамтамасыз етеді. Сайлау және сайлану құқығы азаматтың мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыруға және қызметіне қатысудың конституциялық мүмкіндігі болып табылады. Белсенді сайлау құқығы – Республиканың он сегіз жасқа толған азаматтарының тегіне,

әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы. Бәсең сайлау құқығы – Қазақстан Республикасы азаматтарының ҚР Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы. Президент, Парламент Сенаты мен Мәжілісі, мәслихат депутаттарын және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау тәртібі Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңымен реттеледі.

Сайлау Республика азаматтарының сайлауға және сайлануға өз құқығын еркін жүзеге асыруға негізделеді. Республика Президентін, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі. Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі. Оларды сайлауға мәслихат депутаттары болып табылатын сайлаушылар – Республика азаматтары қатысады.

Республикалық референдум өткізген кезде де сайлау сияқты азаматтарға оны өткізудің барлық сатыларында, дауыс беру және дауыстарды санау процесіне белсенді қатысу үшін барлық мүмкіндіктер берілген. Қазақстан Республикасында Конституция, конституциялық заңдар, заң жобалары бойынша, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері жөніндегі шешімдер бойынша республикалық референдум – жалпы халықтық дауыс беру ғана өткізіледі. Референдум тағайындау туралы бастама азаматтарға тиесілі. Республикалық референдумға барлық облыстардың, республика астанасының, республикалық маңызы бар қалалардың атынан, саны жағынан тең келетін қатысушы құқығына ие Республиканың екі жүз мыңнан кем болмайтын азаматы бастама жасап, осы бастамамен олар Республика Президентіне жүгінеді.

33.3. Конституция және заңдар сайлау және сайлану, республикалық референдумға қатысу құқығына шектеу белгілейді. Осы құқықтан сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар айырылған. Мыналар: сотталғандығы белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам ҚР Президентігіне, Республика Парламентінің, оның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды (Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 4-бабының 4-тармағы). Осы ауылдық немесе қалалық жергілікті қоғамдастықта тұрмайтын азаматтар жергілікті өзін-өзі басқару органына кандидаттыққа ұсынылмайды.

Конституцияның 33-бабының 3-тармағында, Республика азаматтарының ішінен кімнің және қандай себептермен сайлау корпусының

құрамынан шығарылатыны, яғни, белсенді де, бәсең де сайлау құқық субъектілігіне ие бола алмайтыны және сайлауда қатыспайтыны айтылған.

Осы конституциялық нормада белсенді сайлау құқығының (сайлауда дауыс беру құқығы) және бәсең сайлау құқығының (сайлану құқығы) құқықтық жай-күйі әуел бастан біртұтас деп алынған, сондықтан, сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың Конституция бойынша мұндай құқығы жоқ және оған ие бола алмайды.

33.4. Мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар деген сөз азаматтардың кез келген мемлекеттік қызметке нәсіліне, жынысына, ұлтына, мүліктік жағдайына, дінге қатысына және басқа да талаптарға қарамастан, ешқандай кемсітусіз орналасуын білдіреді. Әңгіме әрбір азаматтың бос жұмыс орны және қажетті даярлығы болған жағдайда мемлекеттік қызметке орналасуға тең мүмкіндігі туралы болып отыр.

Азаматтың мемлекеттік қызметке орналасуға тең қолжетімдігі бойынша конституциялық құқығы: мемлекеттік қызметке міндетті конкурстық іріктеу жүргізу; заңнаманы білу бойынша тест тапсыру; кадрлық резервті құру; мемлекеттік қызметшілерді аттестаттау; мемлекеттік қызметшілерді тұрақты оқыту және ынталандыру; мемлекеттік қызметшінің имиджін құру арқылы іске асырылады.

Республиканың мемлекеттік қызметіне орналасу, оны атқару, тоқтату, құқықтық жағдайы, мемлекеттік қызметшіні материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау Мемлекеттік қызмет туралы ҚР Заңымен және Республика Президентінің актілерімен реттеледі. Мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметке орналасудың негізгі шарттары белгіленген. Мемлекеттік қызметке біліктілік талаптарына сәйкес келетін, өзінің жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша оларға жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға қабілетті және заңмен белгіленген зейнеткерлік жасқа жетпеген Республиканың азаматы қабылданады. Бұдан басқа, мемлекеттік аппаратта лауазымды атқаруға үміткер сынақ мерзімінен, арнайы тексерістен өтеді және ант қабылдайды. Мемлекеттік қызмет туралы ҚР Заңында мемлекеттік қызметке орналасуға байланысты шектеулердің түпкілікті тізімі айқындалған.

Мемлекет басшысы «Экономикалық бағдарламаларды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін қазіргі, кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат құру» міндетін ел дамуының жаңа кезеңіндегі алғашқы институционалдық реформалардың негізгісі деп айқындады. Республика Президентінің айтуынша, кәсіби мемлекеттік қызмет және заңның үстемдігі орта класты жедел құру мақсатында экономикалық реформалар кешенін іске асыру үшін жағдай жасайды.

ҚР Президенті ұсынған мемлекеттік қызметті түбегейлі реформалау бойынша шаралар кешені «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында, ал содан

кейін Мемлекеттік қызмет туралы ҚР Заңында және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңында бекітілді. Ағымдағы позициядан мемлекеттік қызметтің карьералық үлгісіне көшу; меритократия қағидатын одан әрі нығайту, мемлекеттік қызметке орналасу рәсімдерін жетілдіру, мемлекеттік қызметшілерге жалақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу; мемлекеттік қызметшілерді тұрақты оқыту жүйесін заңмен бекіту; жаңа әдеп нормаларын енгізу, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту; барлық мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және бірқатар басқа органдардың қызметшілеріне мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды қолдану басымдықтар болып табылады.

34-бап

1. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Азаматтардың негізгі конституциялық міндеттеріне Қазақстан Республикасы Конституциясының және заңдарының нормаларын сақтау, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу жатады.

Конституция тікелей және Қазақстанның бүкіл аумағында қолданылады, бұл талап оның аумағындағы барлық азаматтарға, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты.

34.1. ҚР Конституциясының 34-бабының 1-тармағында әркімнің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға міндеті бекітілген. Басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу әр адамның міндеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген құқықтар, бостандықтар және міндеттер азаматтықтың белгісі бойынша сараланған. Атап айтқанда, Негізгі Заңда «әркім», «барлық», «ешкім», «Қазақстан Республикасының азаматы», «шетел азаматы», «азаматтығы жоқ адам» және т.б. терминдер пайдаланылады. Бұл ретте, Конституцияда «Қазақстан Республикасының азаматы» ұғымын пайдалану Конституцияның тиісті нормасы қолданылатын субъектіні нақтылайды, яғни біздің еліміздің азаматына ғана арналады.

Нақты қаратып айтылмаған: «әркім», «барлық», «ешкім», «ешкімге» деген сөздер халықаралық құқықтық актілерде қалыптасқан тұрақты терминологияға сәйкес келеді және олар пайдаланылатын бұл норма азаматтығына қарамастан, кез келген адамға қолданылатынын білдіреді.

Осылайша, ҚР Конституциясының 34-бабы Қазақстан Республикасы азаматының, шетел азаматының және азаматтығы жоқ адамның «әрқайсысының» міндетін қамтиды.

Адам құқықтары деп қоғам өмірінің барлық салаларында адамның өмірін, адамның қадір-қасиеті мен қызмет еркіндігін қамтамасыз ететін тұлғаның табиғи мүмкіндіктерін түсіну керек.

Адам бостандығы – бұл адамның және азаматтың өз қалауы бойынша мінез-құлқының сол немесе басқа нұсқасын таңдауы (белсенді іс-әрекетін жасау жолымен немесе олардан қалыс қалумен).

Абырой – адамгершілік санаты, ол жеке тұлғаның айналадағы адамдардың көз алдындағы тұлғалық қасиетімен байланыстырылып, оның қоғамдағы нақты орны мен сіңірген моральдық еңбегін бағалаудан көрінеді¹.

Адамның қадір-қасиеті – адамның өз-өзіне құрметпен қарауы, қоғам тарапынан оның адами құндылықтарын тану².

Құрметтеу мағынасында бір адамның басқа адамға қатысты ұстанымы, жеке тұлға ретінде оның ар-намысын тануы түсініледі. Құрмет басқа адамға моральдық не дене күші зиянын келтірмеуін көздейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау қоғамдық тәртіпті қалыпты ұстау, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық функцияларын орындауы, еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жүктелген мемлекеттік құқық қорғау функцияларды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заң ережелерін бұзғаны кінәнің ауырлық дәрежесіне және нысанына қарай қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

34.2. Конституцияның 34-бабының 2-тармағы әркімді Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндеттейді.

Мемлекеттік рәміздер кез келген егеменді мемлекеттің белгісі болып табылады.

Мемлекеттік рәміздер нақты мемлекеттің айрықша белгілерін бекіте отырып, Конституциямен және арнайы заңдармен бекітіледі.

ҚР Конституциясының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні.

Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі ҚР Конституциясымен, Мемлекеттік рәміздер туралы ҚР Конституциялық заңымен белгіленеді.

¹ Жаңа құқық сөздігі / ред. А.Н. Азрилияна. – 2-і қос. басылым. – М.: Жаңа экономика институты, 2008. – 1152 б. 1138 б.

² Сол жерде. 198 б.

Мемлекеттік рәміздер мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігін бейнелеу болып табылады. Олар жалпы адамзат құндылығын және халықтың салт-дәстүрін сипаттайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ресми пайдаланудың заңды тәртібі азаматтарда мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды қалыптастыруға, қазақстандық патриотизм сезімін дамытуға әсер етеді.

Мемлекеттік емес ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының бланкілерінде, мөрлерінде және басқа да деректемелерінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесін пайдалануға тыйым салынады. Мемлекеттік Елтаңбаны қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар гербтерінің геральдикалық негізі ретінде пайдалануға болмайды.

Мемлекеттік Елтаңбаның бейнесі әскери немесе өзге де мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар үшін белгіленген айырым белгілері мен нысанды киім үлгілерінде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларының элементі немесе геральдикалық негізі ретінде, сондай-ақ спортшылардың спорттық костюмдері мен басқа да спорттық керек-жарақтарында пайдаланылуы мүмкін.

Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу міндеті – елдің ресми эмблемаларына әр адамның қастерлеп қарауына қойылатын конституциялық талап.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындауды және пайдалануды реттейтін ҚР заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарымен бекітілген жауапкершілікке әкеледі. Атап айтқанда, ҚР ҚК 372-бабында мемлекеттік рәміздерді қорлағаны үшін қылмыстық жауаптылық, сондай-ақ ҚР ӘҚТК 458-бабында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін пайдалану және орындау тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

Сонымен бірге мемлекеттік рәміздерді құрметтеу тек заңмен белгіленген жауапкершілік арқылы ғана емес, сондай-ақ отбасының, азаматтық қоғам мен мемлекеттің қолдауымен жеке тұлғаны моральдық-адамгершілік негізінде патриоттық рухта тәрбиелеу арқылы да қалыптастырылады.

35-бап

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады.

Салықтар мен алымдарды төлеудің конституциялық міндеті жалпы сипатқа ие және барлық жеке және заңды тұлғаларға азаматтығы мен мекеменің құрылған орнына қарамастан қолданылады.

Бұл ереже әрбір адамның қоғам алдында міндеттерін мойындайтын АҚЖД 29-бабына сәйкес келеді.

Барлық елдерде салықтар экономиканы мемлекеттік реттеудің қуатты құралы болып табылады.

Бүгінгі таңда салық заңды түрде белгіленген мөлшерлер мен мерзімдердегі ақша қаражатының міндетті қайтарусыз салымы болып табылады.

Ең ауқымды салық табыс салығы болып танылады. Ол барлық салықтар мен алымдар сияқты бюджетті қалыптастырудың көзі, сондай-ақ түрлі әлеуметтік топтардың табыстарын реттеуші ретінде қолданылады.

Салық төлеуші уақытында және толық көлемде салық төлеуге, бухгалтерлік есепті жүргізуге, салық органдарына есептерді, құжаттарды, ақпараттарды ұсынуға, салық органдарының талаптарын орындауға және т.б. міндетті.

Әдетте, салық төлеу міндеті салық төлеумен тоқтатылады.

Азаматтар түрлі салықтар мен алымдарды алынатын табыс көлеміне, олардың иелігіндегі жер, құрылым, мәміле жасауына және т.б. байланысты төлейді.

Бұл ретте оларға мүлігін және алынған табыстарын салық органдарына тиісті декларацияны ұсыну арқылы декларациялау міндеті енгізілген.

Декларацияны тапсыру мерзімі 30 наурыз болып анықталған.

Алымдар, әдетте, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және жеке тұлғалардың бюджетке енгізетін міндетті төлемдері болып танылады.

Әдетте, олар мемлекеттік органдардың немесе өзге жергілікті өзін-өзі басқару органдарының көрсететін қызметтері үшін алынады.

Оларға алымның 7 түрі жатқызылады: шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты беру және (немесе) ұзарту; тіркеу; аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені; аукцион; жекелеген қызмет түрімен айналысу үшін құқығының лицензиясы; телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат берілгені; азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алымдар.

Салықтар мен алымдар ең соңында халыққа тегін білім мен денсаулықты сақтау, материалдық көмек және әлеуметтік көмектің басқа түрлері ретінде қайтарылады.

Қолданыстағы салық жүйесі мүгедектерді, балаларды, студенттерді көп балалы және басқа санаттағы азаматтарды әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Конституцияның түсіндіріліп отырған бабы барлық салық төлеушілердің мүдделерін қорғайды.

Салықтар мен алымдарды төлеуді ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті қамтамасыз етеді.

Ол салықты, салықтық емес төлемдер мен алымдарды уақытылы әрі дұрыс өндіру мақсатында қызмет етеді.

Заңдылықтың қамтамасыз етілуіне прокуратура мен соттар септігін тигізеді.

Салықтар уақытылы төленбеген немесе оларды төлеуден жалтарған кезде салық берешегін еріксіз өндіру тетігі әрекет етеді.

Бұл ретте салық төлеуден жалтару, табысты жасыру және салық заңнамасының басқа бұзушылықтары үшін салық төлеушілер қаржылық (өсімді төлеу), әкімшілік (айыппұлды төлеу) және кейбір жағдайларда қылмыстық (ҚР ҚК 244, 245-баптарымен көрсетілген бостандығын айыруға дейінгі жаза) жауаптылықта болады.

Жазалау шараларымен қатар салық төлеушілер үшін жеңілдіктер көзделген, олар сондай-ақ салық тексеру құжаттарымен танысуға, олардың шешімдеріне шағымдануға құқылы.

Сондықтан әрбір азаматтың бейбітшілікті нығайту мен елдің көркеюіне борышы ретінде мемлекеттік шығыстарға өз үлесін қосу міндетін орындау үшін қазақстандық қоғамның салықтық саясатын қалыптастыру және дамыту барынша өзекті болады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев қоғамдық сананың жаңғыруы саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналатынын баса атап өтті.

Оңтайлы құрылған салық жүйесі мемлекеттің қажеттіліктерін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіп қана қоймай және төмендетпей, керісінше өндірістік және іскерлік белсенділік үшін салық төлеушілердің ынтасын арттыруға міндетті.

Президенттің тапсырмасы бойынша өткізілген салық салу жүйесін реформалау кәсіпкерлікті, бизнесті дамытуды және халықаралық сауданы ынталандырды.

Бірақ салық жүйесін жетілдіру мәселесі әрқашан өзекті болып табылады.

Мәселен, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында өндіріс және жаңа технологиялар саласындағы салық салу объектілері үшін қолайлы салық режимін енгізу, салық есептілігін жеңілдету, сондай-ақ салық саясатының әлеуметтік бағыттылығын қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Сондай-ақ «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамда» қолданыстағы салық режимдерін оңтайландыру бойынша шараларды қолдану қажеттілігі көзделді.

«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда үшінші басымдық «макроэкономикалық тұрақтылық» шеңберінде Президент Үкімет алдына салық-бюджет саясатын жаңа экономикалық жағдайға бейімдеу, бизнестің «көлеңкеден» шығуына бейімдеп, шикізаттық емес сектордағы салықтық базаны кеңейтуге бағыттау керектігі бойынша түйінді тапсырма қойды.

Қойылған тапсырмаларды табысты орындау мемлекеттік құрылымдар мен өзге қазақстандық салық салу субъектілерінің кешенді бағытталған жұмысына негізделуі қажет.

Мемлекет заңмен белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу мәселесіне маңызды мағына береді.

Сол себепті аталған талап мемлекеттің басты құқықтық құжаты – Конституцияда әркімнің борышы мен міндеті ретінде бекітілді.

36-бап

1. Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

36.1. Өз Отанын қорғау ұлтына және әлеуметтік тегіне, тұрғылықты жеріне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, нәсіліне, тіліне, біліміне, дінге қатынасына, кәсіп түріне және сипатына, саяси және өзге де нанымдарына, қоғамдық бірлестіктерге тиесілігіне қарамастан, оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті болып табылады.

«Парыз» ұғымы деп ең алдымен, адамның қоғам алдындағы ізгілік міндеті – мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау, сондай-ақ өз Отанының қауіпсіздігін қамтамасыз ету түсініледі.

«Міндет» ұғымының заңдық астары бар. Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы ҚР заңдарында, Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы ҚР заңында, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы ҚР Заңында азаматтар мен елдің қорғаныс саласындағы ұйымдарының құқықтары мен міндеттері шеңбері белгіленеді.

Сонымен, «парыз» ұғымы ізгілік талаптарымен қатар әскери міндеттілікті, сондай-ақ тиісті заңды жауаптылықты бекітеді.

Әскери міндеттілік:

- әскери қызметке міндетті даярлауды;
- әскери есепке алуды;
- әскери қызметке шақыруды, оны өткеруді;
- запаста болуды;

– запаста болған кезеңде әскери жиындарға шақыруды және олардан өтуді көздейді.

Осы міндеттілікті орындауды орталық және жергілікті атқарушы органдар құзыреті шегінде қамтамасыз етеді.

Әскери міндеттілікті жүзеге асырудың негізгі нысаны әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеру болып табылады. Сонымен қатар, ерікті түрде келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге болады. Бұл ретте алғаш әскери қызметке кірген әрбір азамат әскери ант қабылдайды.

Ант қабылдай отырып, әскери қызметші Конституцияны және мемлекеттің заңдарын сақтауға, әскери жарғылардың, командирлер мен бастықтар бұйрықтарының талаптарын қатаң орындауға ант береді. Ол сонымен қатар әскери борышты лайықты орындауға, өз Отанын

және тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік мүдделерін ерлікпен және қайсарлықпен қорғауға міндеттенеді.

Бүгінгі күні Отанды қорғау – бұл көп жылдар мен ғасырлар бойы келе жатқан қасиетті парыз бен міндет. Ол аға буынның ерлігі мен жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген. Қазақстандық батырлардың аттары халқымыздың тарихында алтын әріптермен жазылып, бізді патриотизм мен ерлікке жетелейді. Отанды қорғау – бұл жоғары мақсат пен зор құрмет.

36.2. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы ҚР Заңына сәйкес әскери қызмет – Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығы мен шекараларының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғауға байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі.

Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға ҚР Мемлекеттік күзет қызметі, ҚР Ұлттық ұланы, ҚР ҰҚК Шекара қызметі жатады.

Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы ҚР Заңының 20-бабының 2-тармағына сәйкес Қарулы Күштер:

1) азаматтарды әскери қызметке шақыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың әскери қызметке ерікті түрде келуі арқылы әскери қызметшілерден;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес азаматтық персоналмен жасақталады.

Азаматтарды әскери қызметке шақыру:

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды;

2) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды;

3) әскери жиындарға шақыруды;

4) жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыруды қамтиды.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін ҚР Үкіметі айқындайды.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жылына екі рет ҚР Президентінің Жарлығы және ҚР Үкіметінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар ҚР Қарулы Күштерін жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

Жиырма тоғыз жасқа дейінгі, әскери қызметке жарамды запастағы офицерлер уәкілетті органдардың өтінімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде бейбіт уақытта офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскерге шақырылады.

Әскери міндеттілер орталық атқарушы органдар жүргізетін жұмылдыру дайындығы жөніндегі республикалық іс-шаралар шеңберінде ҚР Қорғаныс министрі бұйрығының негізінде әскери жиындарға шақырылады.

Азаматтарды жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру ҚР Президентінің Жарлығы негізінде жүргізіледі.

Көрсетілген Заңда айқындалған жағдайларда азаматтарды әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылуы немесе әскери қызметтен босатылуы мүмкін.

Сонымен, азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының шешімі бойынша мынадай негіздер бойынша:

1) отбасы жағдайлары бойынша; 2) білім алуды жалғастыру үшін;
3) денсаулық жағдайы бойынша; 4) басқа да себептер бойынша беріледі.

Басқа себептер бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

1) ауылдық жерде орналасқан білім беру ұйымдарының орта білімнен кейінгі немесе жоғары педагогтік білімі бар және мамандығы бойынша жұмыс істейтін оқытушыларына – жұмыс істеп жүрген барлық кезеңіне;

2) тиісті білімі бар, мамандығы бойынша ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлерге – денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеп жүрген барлық кезеңіне;

3) ҚР Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына – олардың депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

4) өздеріне қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе соттар қылмыстық істерін қарап жатқан адамдарға – тиісінше анықтау, тергеу аяқталғанға немесе сот үкімі күшіне енгенге дейін;

5) азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелеріне, тиісті білімі бар азаматтық авиация инженерлеріне, механиктеріне және техниктеріне азаматтық авиация ұйымдарында жұмыс істеген бүкіл кезеңге;

6) кемелер экипаждарының тиісті білімі бар мүшелеріне су көлігі ұйымдарында жұмыс істеген бүкіл кезеңге беріледі.

Офицерлер құрамының әскери атағын бере отырып, запасқа қойылған азаматтарға отбасы жағдайлары бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуды жалғастыру үшін және басқа да себептер бойынша әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

Әскери жиындарға шақыру кейінге қалдырылмайды.

Денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдыруды қоспағанда, жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру кезінде азаматтарды әскерге шақыруды кейінге қалдыру тоқтатыла тұрады.

Бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан:

1) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған;

2) жиырма жеті жасқа толған, заңды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған;

3) туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып қалған;

4) басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткерген;

5) ғылыми дәрежесі бар азаматтар;

6) тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері босатылады.

Әскери жиындарға шақырудан:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында қорғанысты, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты лауазымдарда жұмыс істейтін адамдар;

2) мемлекеттік, азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналы;

3) ауыл шаруашылығында және ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу ұйымдарында жұмыс істейтін адамдар, егіс және егін жинау жұмыстары кезеңіне;

4) күндізгі нысанда оқытатын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері оқу жылы кезеңіне;

5) күндізгі нысанда оқытатын білім беру ұйымдарында оқитындар;

6) әскери міндетті әйелдер;

7) әскери міндеттілер, запасқа шығарылғаннан кейінгі екі жыл ішінде;

8) он сегіз жасқа дейінгі үш және одан да көп баласы бар адамдар;

9) оларға қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе сот қылмыстық ісін қарап жатқан адамдар;

10) ҚР Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары болып сайланған (тағайындалған) әскери міндеттілер босатылады.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтар жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырудан босатылады.

Әскери қызметке шақырудан босатылуға құқығы бар азаматтар мүдделі адамдардан нотариат куәландырған тиісті құжаттарды және өтінішін ұсынған кезде олардың қалауы бойынша әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

Соттылығы бар азаматтар бейбіт уақытта әскери қызметке шақырылуға жатпайды.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер – Заңмен айқындалған мерзімге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтары.

Мерзімді әскери қызмет – ер азаматтарды осы Заңда айқындалған тәртіппен Қарулы Күштерге қатардағы жауынгерлер және сержанттар

құрамының әскери лауазымдарына әскерге шақыруға негізделген әскери қызмет.

Мерзімді қызмет өткеруге азаматтардың құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінде оқыған уақыты, сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы жөніндегі мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өту уақыты теңестіріледі.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарының әскери шақыру учаскелеріне тіркелген және әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ ер азаматтар жатады. Әскерге шақыруды кейінге қалдыру үшін негіз Заңмен көзделген.

Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының халқына адалдығы туралы әскери ант қабылдайды. Бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер оны әскери жиындарға және жұмылдыруға шақырылған кезде қабылдайды.

Әскери жиындарға шақырылған азаматтар әскери қызмет міндеттерін орындаған болып саналады. Әскери жиындар – әскери міндеттілердің және азаматтардың әскери білім алуын және оны жетілдіру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де жағдайларда әскери басқару органдары, әскери даярлық жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

1) сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) және офицерлер құрамының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің әскери қызметі;

2) әскери оқу орындары курсанттары мен тыңдаушыларының әскери қызметі және оқуы жатады.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер – Заңда айқындалатын мерзімге Қарулы Күштерге әскери қызметке ерікті түрде кірген Қазақстан Республикасының азаматтары.

Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңның 38-бабында бекітілген.

Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:

- 1) үш жылға – әскери қызметке алғаш кіретін адамдар үшін;
- 2) бес жылға;
- 3) он жылға;
- 4) әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін;
- 5) курсанттар, кадеттер және әскери интерндер үшін – әскери оқу орнындағы оқу мерзіміне және оны аяқтағаннан кейін әскери қызметтің

он жылына (ұшқыштар құрамының курсанттары үшін – оны аяқтағаннан кейін әскери қызметтің он бес жылына);

б) тыңдаушылар, магистранттар, докторанттар, адъюнкты үшін – оқу мерзіміне және әскери оқу орнын аяқтағаннан кейін әскери қызметтің бес жылына не әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейінгі мерзімге жасалады.

Әскери қызметшілердің әскери қызметте болуының шекті жасы:

1) сарбаздар мен кіші сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне – қырық бес жас;

2) майорға (үшінші дәрежелі капитанға) дейінгіні қоса алғанда, аға сержанттар құрамының және офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне – қырық жеті жас;

3) подполковниктерге – қырық сегіз жас;

4) жоғары сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне және полковниктерге (бірінші дәрежелі капитандарға) – елу бес жас;

5) генерал-майорларға (контр-адмиралдарға), генерал-лейтенанттарға (вице-адмиралдарға) – алпыс жас;

б) генерал-полковниктерге, адмиралдарға және армия генералдарына – алпыс үш жас болып белгіленеді.

Шекті жасқа толған әскери қызметшілер Әскери қызмет өткеру қағидаларында белгіленген тәртіппен запасқа немесе отставкаға шығарылуға жатады.

Шекті жасқа толған, оқытушылық, ғылыми қызметті жүзеге асыратын және магистр академиялық дәрежесі, ғылыми дәрежелері немесе атақтары бар әскери қызметшілерге, олардың баянаты бойынша уәкілетті органдардың басшылары олармен бес жылға дейін жаңа келісімшарт жасасу жолымен әскери қызмет мерзімін ұзартады.

37-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.

Қазақстан аумағында осы кең байтақ өңірді мекендеген халықтардың ежелгі дәуірдегі тарихи және мәдени ескерткіштері сақталған. Бұл тарих пен мәдениет мұралары Қазақстан халықтарының құнды рухани байлығы болып табылады. Оның сақталуы мен пайдаланылуы Қазақстан Республикасы азаматтарының бүгінгі және келер ұрпағы үшін халық мәдениетін дамытудағы маңызды жағдай болып табылады. Сондықтан да Конституция республика азаматтарының ұлттық ерекшеліктеріне қарамай тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндеттейді.

Аталған конституциялық ереже жан-жақты нақтыланған және ҚР заңнамаларында регламенттелген. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ҚР Жоғары Кеңесі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңды қабылдады.

Мемлекеттілікті нығайту, экономикаға жағымды өзгерістер енгізу және қаржылай мүмкіндікті кеңейту шарасы бойынша елімізде Даланың тарихи және мәдени ескерткіштерімен, онда тұратын халықтардың дәстүрлерімен барлығын таныстырудың кең мүмкіндіктерін білдіру бойынша ғылыми зерттеулер, археологиялық іздестірулер жүргізу бойынша ауқымды іс-шаралар жүзеге асырыла бастады.

«Мәдени мұра» («Культурное наследие») мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іс-шаралар кешені жүзеге асырылды, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерінің ашылуы, маңызды тарихи-мәдени объектілерді консервациялау, реставрациялау және реконструкциялау, елдің мәдени мұрасын зерделеудің тұтас жүйесі үшін база құру соның нәтижесі болды.

Тарих пен мәдениеттің отандық ескерткіштерін ауқымды түгендеу жүргізілді, республикалық (231 ескерткіш) және жергілікті (11 000) маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімдері бекітілді.

«Қазақтың дәстүрлі мың күйі», «Қазақтың дәстүрлі мың әні» және «Батырлар жыры» бірегей жобаларының шеңберінде халық шығармашылығының ең үздік үлгілері жүйелендірілді.

Қазақстан халықаралық ынтымақтастық желісі бойынша ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы негізгі конвенцияларын: 1954 жылғы Қарулы қақтығыстар болған жағдайда мәдени құндылықтарды қорғау туралы конвенцияны, 1972 жылғы «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы» конвенцияны, 2003 жылғы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» конвенцияны, 1970 жылғы «Мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және оларға меншік құқығын беруге тыйым салу мен олардың алдын алуға бағытталған шаралар туралы» конвенцияны ратификациялады.

ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне мәдениет ескерткіштері – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Таңбалы археологиялық ландшафтының петроглифтері, сондай-ақ «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері» табиғи мұра объектісі енгізілді. Жібек жолының Жетісу бөлігінің қазақстандық сегіз объектісі: Талғар, Қаялық, Қарамерген, Ақтөбе, Өрнек, Құлан, Қостөбе, «Ақыртас» археологиялық кешені, «Жібек жолы: Чанань-Тянь-Шань дәлізі бағыттарының желісі» атты сериялық трансұлттық номинацияның құрамында ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне кірді.

Қазақстан ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының мынадай түрлерін енгізді:

1) «Дәстүрлі домбыра күйлерін орындау өнері» ұлттық номинация;

- 2) «Қазақ және қырғыз киіз үйлерін жасаудың дәстүрлі білімдері мен дағдылары» көпұлтты номинация;
- 3) «Айтыс – суырып-салу өнері» көпұлтты номинация;
- 4) «Қазақша күрес» ұлттық номинация;
- 5) «Наурыз» көпұлтты номинация;
- 6) «Саят құстармен аң аулау» көпұлтты номинация;
- 7) «Жұқа нанды дайындау дәстүрі» көпұлтты номинация.

Жаңа мәдени саясаттың «Қазақстан–2050» Стратегиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған орталық доминанты Қазақстан халқын өзінің бай мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге жұмылдыруға үндейтін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы болып табылады.

Бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің негізгі даму басымдықтарының қатарына жатады. Мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтап қалу мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтардың жасалуын, таратылуы мен қолданылуын, жемісті мәдени алмасу мен тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуы табыстың аса маңызды критерийлерінің бірі болып табылады.

Табысты мемлекеттің мәдени саясаты жасампаз құндылық бағдарларын қалыптастыру негізінде қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталады және қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық маңызды аспектілерін дамытудың сапалы өлшемі болып табылады. Оның ұзақ мерзімді стратегиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді. Өзінің әдістемелік, құқықтық, қаржылық, ұйымдастырушылық және институционалдық құрамдас бірлікке жүйелі түрде енуі ҚР Президентінің 2014 жылғы 4 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы» № 939 Жарлығында көрсетілген. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту туралы тұжырымдама мақұлданды.

ҚР Президентінің 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауында жазылған Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтеміз деген бастамасы үлкен қоғамдық дүрбелең және ғалымдардың ғылыми ізденістеріне елеулі демеу болды.

Қазақ хандығының 550 жылдығын атау өту шеңберінде Қазақстанда және шет елдерде 700-ден астам ірі мәдени іс-шара, оның ішінде 70 ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Қазақстанда және шетелде ғылыми-зерттеу жұмыстары және елдің естеліктерін археологиялық зерттеу кезінде табылған тарихи ғылым үшін құнды бірегей жазба материалдар және жәдігерлермен толықты.

Сондай-ақ, мерейтой шеңберінде Қазақ хандығының тарихына арналған кітаптар шығарылды, оның ішінде – Мұхаммед Қайдар Дулаттың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Тарих-и-Рашиди» тарихи еңбегі, І.Есенберлиннің «Көшпелілер» трилогиясы, Б.Қарыбаевтың «Қазақ хандары», Б.Ғабдуллиннің «Ұлы қоныс» кітаптары және басқалар.

Мерейтой күніне орай Ақтөбе облысында Әбілқайыр хан мемориалдық кешені, Шымкент қаласында монументі, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында стелла және басқа да жаңа естеліктер орнатылған.

Қазақ хандығының тарихына арналған тарихи-драмалық телесериал, деректі фильм, көп сериалы анимациялық фильм ретінде имидждік кино өнімдер шығарылды.

Сондай-ақ, Қазақстан халқының санасында жалпыұлттық киелерді нығайту мақсатында Мемлекет басшысының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы шеңберінде тарихи-мәдени объектілер бойынша ауқымды шаралар қабылдануда.

ҚР Мәдениет туралы заңымен Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұрасы – мемлекеттік маңызы бар және өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз Қазақстан Республикасына ерекше тиесілі мәдени құндылықтар жиынтығы ретінде айқындалады (1-баптың 3-тармақшасы).

Көрсетілген заңға Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 28 қазандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет және тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және 2017 жылғы 5 мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдары шеңберінде тұжырымдамалық өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттары: мәдениетті мемлекеттік қолдау. Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау және дамыту; Қазақстан Республикасы азаматтарының мәдениет саласындағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; тарихи және мәдени мұраны қорғау және олардың дамуында сабақтастықты қамтамасыз ету; қазақтың ұлттық мәдениетінің тұтастығын сақтау және өзара байыту факторларының бірі ретінде шет елдерде тұратын отандастармен мәдени байланыстарды дамыту; қазақ халқының және этностық диаспоралардың тарихи мұрасын сақтау, қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту және молайту үшін құқықтық кепілдіктер жасау және тағы басқалары болып табылады (3-бап).

Конституцияның түсіндірме беріліп отырған нормасына сәйкес аталған Заңның 11-бабымен мәдениет саласында азаматтар: Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға; тарихи және мәдени мұраны сақтауға қамқорлық жасауға, тарих

және мәдениет ескерткіштерін, табиғи құндылықтарды қастерлеуге; қазақ халқы мен этностық топтардың ұлттық мәдениетін әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді құрметтеуге міндетті. Ұлттық-мәдени игілік объектілері мен заттарын қасақана жойғаны, бұзғаны немесе бүлдіргені үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

Мәдениет туралы ҚР Заңының 6-тарауында мәдени құндылықтарға және ұлттық мәдени игіліктерге арналған баптар біріктірілген: мәдени құндылықтар объектілерінің тізбесі (32-бап) және ұлттық мәдени игілік объектілерін Мемлекеттік тізілімге енгізу жөніндегі міндеттеме (33-бап) белгіленді; ұлттық-мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі (34-бап), мәдени құндылықтарды әкелу және әкету тәртібі (35-бап); сондай-ақ мәдени құндылықтарды уақытша шығару тәртібі мен шарттары регламенттелген (36-бап).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2007 жылғы 21 шілдедегі № 307 Заңымен «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңына елеулі өзгерістер енгізілді. Олар тарихи және мәдени мұраларды қорғау және пайдалану саласындағы мақсаттарды, міндеттерді және құқықтық негіздерді анықтауға байланысты болды.

Осы Заңның мақсаты: тарихи-мәдени мұра объектілерін, оларды қорғауды және пайдалануды айқындау; тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін бекіту; жеке және заңды тұлғалардың тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттерін регламенттеу; мемлекеттік органдардың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау саласындағы құзыретінің аражігін ажырату; тарихи-мәдени мұра объектілеріне залал келтіргені үшін жауапкершілік шараларын белгілеу болып табылады.

Заңның өзгерістерімен және толықтыруларымен тарихи және мәдени мұраға халықтың өткен тарихымен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен байланысты, адам жасаған немесе адам мен табиғаттың бірлескен туындысы болып табылатын жекелеген кесенелер, ғимараттар, құрылыстар мен ансамбльдер, тарихи-мәдени ландшафттар және басқа да көрікті жерлер жатқызылды. Тарихи және мәдени мұраларға сондай-ақ тарихи, ғылыми және қоркемдік құны бар материалдық және рухани мәдениет шығармалары жатқызылған. Тарихи және мәдени құндылықтар деп танылған объектілердің осындай маңызына байланысты олар Қазақстан халқының игілігі деп танылады және қорғауға және сақтауға жатады. Аталған объектілердің қазіргі және келешек ұрпаққа қызмет етуі үшін оларды қорғау әрбір азаматтың борышы.

Ескерткіш ретінде танылған тарихи-мәдени құндылықтар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізіліп, Республика Үкіметінің қаулысымен бекітіледі. Мемлекет, азаматтар, заңды тұлғалар

ескерткіштер иелері бола алады. Меншік субъектісіне тәуелсіз, барлық ескерткіштер, мемлекеттік есепке алынуға тиіс және мемлекеттің қорғауында болады. Қазақстан Республикасы тиісті мемлекеттік органдардың атынан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді. Бұл келесі шаралар жүйесінен тұрады: 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, зерттеу, насихаттау; 2) тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін бекіту; 3) меншік иесімен (азаматпен, заңды тұлғамен) болса да, жоюдан, тағылық актілерінен, өңін айналдырудан, жалған дәріптеуден, бұрмалаудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түп мәтіннен үзіп тастаудан қорғауды қамтамасыз ету, 4) археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарын жүргізу арқылы қайта өркендету және сақтау; 5) олардың сақталуы қамтамасыз етілетін нормаларға сәйкес күтіп ұсталуы.

Тарихи-мәдени мұраларды қорғау туралы заңнаманың бұзылуына кінәлілігі әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады (ҚР ӘҚТК 145-бабы).

Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіру уәкілетті органның бақылауымен жүзеге асырылады. Тарих, мәдениет ескерткіштерін, табиғи кешендерді немесе мемлекет қорғауға алған объектілерді, сондай-ақ ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығы бар заттарды немесе құжаттарды қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін ҚР ҚК қылмыстық жауаптылық көзделеді (ҚР ҚК 203-бабы).

Тарихи және мәдени мұраны қорғау туралы заңнаманың жүзеге асуын және сақталуын бақылауды құқық қорғау органдары, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалануға уәкілетті орган, орталық және жергілікті мемлекеттік мұрағаттар, Білім және ғылым министрлігі, мемлекеттік бақылау мен жергілікті өзін-өзі басқару жергілікті органдары жүзеге асырады.

38-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

Қазақстан Республикасының халқы үшін табиғаттың сақталуы аса маңызды, оның сапасы табиғи экологиялық жүйенің, табиғи және табиғи-антропогендік объектілердің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Осы маңызды әлеуметтік міндет – табиғатқа және оның ресурстарына

ұқыпты қарау – Қазақстан азаматының ғана емес, сонымен бірге барлық мемлекеттік органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер, табиғатты пайдаланушылар, ҰЕҰ үшін конституциялық міндет болып табылады.

ҚР Экологиялық кодексінің 7-бабында құқықтық қорғаудың мынадай объектілері: жер, жер үсті және жер асты сулары, жер қойнауы, атмосфералық ауа, ормандар мен өзге де өсімдіктер, жануарлар әлемі, климат және Жердің озон қабаты бөліп көрсетілген.

Сондай-ақ, құқықтық қорғау объектілері ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қаумалдар, ұлттық парктер, қорықтар, ботаникалық бақтарды атап көрсеткен жөн. Себебі олардың айрықша экологиялық құндылығы бар.

ҚР Конституциясы азаматты табиғатқа ұқыпты қарауға және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды міндеттейді. Аталған конституциялық норма ҚР Жер кодексінде, ҚР Су кодексінде, ҚР Орман кодексінде, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ҚР Заңында, Жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР Заңында заңнамалық бекітілді.

Қазақстан Республикасында табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі заңнама нормаларын сақтау және орындау бойынша табиғатты пайдаланушылар мен азаматтардың қызметіне қадағалауды жүзеге асыратын бірқатар мемлекеттік органдар жүйесі бар. Экологиялық кодексте басқа да кодталған актілерде сияқты Ерекше бөлім бар, онда шаруашылық, ұйымдық және өзге де қызметке экологиялық ұйғарымдар бекітілген, оны заңды тұлғалар, шетелдіктер және сондай-ақ Қазақстанның азаматы сақтауға міндетті.

Жерді, жер қойнауын, әуе кеңістігін, өсімдік және жануарлар әлемін, табиғи ескерткіштерді және табиғи ресурстарды ластанудан, бүлдіруден, өрттен, зақымданудан, таусылудан, бұзылудан, жойылудан және өзге де орынсыз және иесіз пайдаланудан қорғау – аса маңызды міндет.

Адамзаттың алуан түрлі қызметі күрделі экологиялық қауіпті, бұзылу ықтималдығына қауіп төндіреді, қоршаған ортаның жай-күйінің өзгеруіне әкеледі.

Сондықтан азаматтың қоршаған ортаны қорғау міндеті қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек және экологиялық заңнаманың нормаларымен қамтамасыз етіледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласында қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің ерекше маңыздылығын ескере отырып, ҚР ҚК-ға жеке «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық» 13-тарауы енгізілді.

ҚР ӘҚТК де жеке «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар» 21-тарауын қамтиды.

Азаматтық құқықтық жауапкершілік азаматтарға келтірген материалдық немесе экологиялық зиянды өтеу міндетін жүктеуді білдіреді.

Экологиялық зиянды өтеу еркін түрде немесе сот шешімі бойынша

бекітілген таксалар және зиян мөлшерін есептеу әдістемесі бойынша жүргізіледі, ал олар болмаған кезде – тартқан шығындарды ескере отырып, қоршаған табиғи ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге нақты шығындар бойынша жүргізіледі.

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйектегі қаулысымен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшері бекітілген, сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырда «Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы» қаулы қабылданды.

Экологиялық жауапкершіліктің келесі түрі тәртіптік жауапкершілік болып табылады, бұл жағдайда өзінің еңбек, қызметтік және өзге де қызметімен байланысты экологиялық теріс қылықтарды жасаған құқық бұзушы жеке тұлғалық, ұйымдастырушылық сипаттағы жағымсыз салдарды өз басынан өткізуге міндетті.

Жауапкершілік шараларын қолданудан басқа экологиялық заңнама азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымдарын құруға және қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше көп көңіл бөледі. Дәл осы мақсатта қоршаған ортаны қорғау бойынша азаматтардың жауапкершілігін арттыру және міндеттерін орындау үшін Экологиялық кодекске экологиялық білім, экологиялық ағарту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру процесін регламенттейтін нормалар енгізілген.

Бүгінгі күні орташа оқу орындары мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына экологиялық білім мәселелері бойынша оқу курстары кіргізілген. Мәселен, заң факультеттерінің студенттеріне «Экологиялық құқық» курсы оқытылады. Жалпы пәндер ретінде «Жаратылыстану», Экология тұжырымдамасы», «Жалпы экология теориясы» курстары, «Экономикалық экология», «Экологиялық бақылау» және басқа көптеген арнайы курстар оқытылады.

Көрсетілген мемлекеттік қолдау шараларының кешені азаматтардың экологиялық құқықтық санасын және қоршаған ортаны қорғаудың конституциялық міндеттерін арттыруға ықпалдасады.

39-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

39-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңмен толықтырылды.

3. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 11, 13–15-баптарында, 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

39-баптың 3-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңның редакциясында жазылған.

39.1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік бере отырып, Республика Конституциясы олардың шектелуі мүмкін екенін жоққа шығармайды және сонымен бірге осындай шектеудің жол берілетін шектерін айқындайды. Бұлар адамның өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра отырып, өзге тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделері аясына баса-көктеп кірмеуі үшін жасалған. Мұндай шектеулер әбден орынды және адам құқықтары саласындағы түбегейлі халықаралық актілерге сәйкес келеді.

АҚЖД 29-бабына сәйкес «әр адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын іске асыру барысында өзгелердің құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тануын және құрметтеуін, демократиялық қоғамдағы имандылық, қоғамдық тәртіп және баршаның игілігі талаптарын қамтамасыз ету үшін және тек осы мақсатта ғана заңдармен белгіленген шектеулерге ұшырауы тиіс».

Адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары шектеудің құқықтық негіздері көрсетілмей тұрып алынып тасталмайды немесе шектелмейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекет және қоғам мүдделеріне орай шектеу мүмкіндігінің конституциялық негізі Негізгі Заңның бірқатар нормаларында, атап айтқанда, 12, 15, 16, 18, 20, 22, 23, 24, 26, 32-баптарында берілген.

ҚР Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтары тек заңмен шектелуі мүмкін деп көзделген. Құқықтар мен бостандықтарды заңдық күші аздау нормативтік құқықтық актімен шектеп, осы конституциялық-құқықтық талаптарды сақтамау Негізгі Заңды бұзу болып табылады және тиісті нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тануға негіз болуы мүмкін.

Осы себептен Конституциялық Кеңес Парламент қабылдаған бұқаралық ақпарат құралдары туралы, Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

және Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік және Азаматтық процестік кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды және басқа да бірқатар заңдарды Конституцияға сәйкес емес деп тапты¹.

2007 жылғы 29 мамырда Республика Парламентіне жіберілген «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауында Конституциялық Кеңес медициналық айықтырғыштарға, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарына, қабылдау-бөлу орталықтарына орналастырылған азаматтарды ұстау тәртібін заңға тәуелді актілермен регламенттеудің заңсыздығына назар аударып, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеудің кез келгені тек заңдарда ғана белгіленуі тиіс екенін атап өтті.

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары өз бетінше шектелуіне жол бермеу мақсатында, Негізгі Заңның түсіндірме беріліп отырған бабының 1-тармағында, заң шығармашылығы саласында да, құқық қолдану кезінде де сақталуы міндетті болып табылатын басқа да бірқатар талаптар белгіленген.

Біріншіден, құқықтар мен бостандықтар конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін. Осылайша, Конституция адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол бере отырып қорғалатын құндылықтардың толық тізбесін баянды етеді.

Екіншіден, жоғарыда саналған мақсаттарға жетуге қажетті шамада ғана құқықтар мен бостандықтарды шектеуге жол беріледі. Сол арқылы, Конституция құқықтар мен бостандықтардың қоғамдық қатынастардың барлық салаларында шектен тыс, орынсыз шектелмеуіне кепілдік ретінде шектеулердің мөлшерлес болуы керектігі туралы талап белгілейді.

Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша 1997 жылғы ҚР ҚК 361-бабының конституциялығын тексере отырып Конституциялық Кеңес «конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын

¹ Қараңыз: ҚР ҚК 2004 жылғы 21 сәуірдегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» № 4, ҚР ҚК 2005 жылғы 23 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне коммерциялық емес ұйымдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» № 6 және ҚР ҚК 2006 жылғы 13 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы» № 4 қаулылары.

сақтау, егер мұндай шектеу заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болса және әділдік талаптарына жауап берсе, тепе-тең, мөлшерлес және конституциялық маңызы бар құндылықтарды қорғау үшін демократиялық мемлекетте қажет болып табылса, құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне себеп бола алатынын білдіреді» деп көрсетті. ҚК осы бабының нормалары адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеудің өлшемдеріне жауап бермейді, Конституцияның 39-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес емес және сонда баяндалған конституциялық мақсаттарды көздемейді деп танылды¹.

Конституциялық Кеңес дәл осылай Парламент қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің шарттары сақталуына қатысты Негізгі Заң талаптарының бұзылуына назар аударды. Оны Негізгі Заңға сәйкес келмейді деп танып, Конституциялық Кеңес осы нормативтік құқықтық актіде жазылған бірлесу бостандығы құқығын шектеу Конституцияның 39-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттармен шарттаспағанын атап өтті².

39.2. 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен ұлтаралық татулықты ерекше қорғау туралы осы тармақ конфессияаралық татулықпен толықтырылды, бұл сондай-ақ мемлекеттің ар-ождан бостандығының кепілдігіне, діни толеранттылық саласындағы тыныштықты қамтамасыз етуге барынша көп назар аударатындығын айғақтайды.

Республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде Конституция қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық дамуды, қазақстандық патриотизмді паш етеді. Қазақстан халқының құрамы көпұлтты жағдайында, осы елді мекендейтін түрлі ұлттар мен ұлыстардың бейбіт қатар өмір сүруі негізіндегі ұлтаралық татулық ерекше маңызға ие. Қоғамды саяси жаңғырту қазақстандық барлық этностардың теңдігін қамтамасыз етуге, олардың мәдениеті мен тілдерін өркендетуге мүмкіншілік жасады, ал бұл қоғамдағы төзімділікті нығайтып, этносаралық қатынастарды үйлестіруге септігін тигізеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында айтылғандай, «Қазақстанның көпұлтты халқының ұлтаралық татулығын сақтау мен нығайтуда, оның бірлігін қамтамасыз етуге құқықтық механизмдердің рөлі арта түседі».

Мемлекеттің күш-жігері, біріншіден, заң үстемдігін және адамның және азаматтың нәсіліне, ұлтына, дінге көзқарасына, қай әлеуметтік топқа

¹ Қараңыз. ҚР КК 2008 жылғы 27 ақпандағы «Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы» № 2 қаулысы.

² Қараңыз. ҚР КК 2007 жылғы 14 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы» № 2 қаулысы (ҚР КК 2011 жылғы 27 сәуірдегі №4 қаулысымен күші жойылды).

жататындығына қарамастан, құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Екіншіден, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған іс-әрекеттің алдын алуға бағытталады.

Қазақстан қоғамындағы этносаралық қатынастарды, төзімділік пен сенімді нығайтуға ерекше мән бере отырып, Республиканың Негізгі Заңы ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұза алатын кез келген іс-әрекетті конституциялық емес деп жариялайды.

Оның бірқатар нормаларында Республикадағы этносаралық қатынастарды тұрақсыздандыруға жол бермеуді басты мақсат тұтатын қағидалар баянды етілген.

Атап айтқанда, мақсаты немесе іс-әрекеті әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне (5-баптың 3-тармағы), нәсіліне, ұлтына және тіліне байланысты кемсітуге (14-баптың 2-тармағы), нәсілдік, ұлттық және рулық астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге (20-баптың 3-тармағы) тыйым салынады.

Конституциялық-құқықтық тыйымдар этносаралық қатынастар саласындағы құқық бұзушылық үшін көзделген қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік шараларымен толықтырылады. Мысалы ҚР ҚК-да ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздырғаны үшін (174-бап), ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздық себептер бойынша бөтен адамның мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін (202-баптың 2-бөлігі), ұлттық, нәсілдік немесе діни өштік не араздық себептері бойынша өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлағаны үшін (314-баптың 2-бөлігі), нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, тектік-топтық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде іске асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғуға шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық етуі үшін (404-бап) жауаптылық көзделген.

Дәл осылай ҚР ӘҚТК Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған мәліметтер мен материалдар қамтылған өнімін Қазақстан Республикасының аумағында дайындау, сақтау, әкелу, тасымалдағаны үшін (453-бап), төтенше жағдай жарияланған жерде жасалған, ұлттық және діни алауыздық туғызуға итермелейтін іс-әрекеттер (478-бап) және тағы басқалар үшін жауаптылық белгілейтін нормалар енгізілген.

39.3. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары шектелуі мүмкін екендігіне жол бере отырып, Конституция мұндай шектеулерге жол берілмейтін жағдайларды айрықша бөліп көрсетеді.

Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Республикада идеологиялық және саяси әр алуандылық танылатынын жариялай отырып, Конституция азаматтарға мемлекет ісін басқаруға қатысуға, сайлауға және сайлануға, саяси партияларға бірігуге, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар өткізуге, еркін ақпарат алуға және таратуға, сол арқылы өздерінің саяси көзқарасын, пікірін, қалауын білдіруге мүмкіндік беретін үлкен көлемдегі құқықтар мен бостандықтар береді. Өздігінен алғанда мұндай қызмет, Негізгі Заңның 39-бабының 3-тармағына сай, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды. Сонымен бірге, саяси плюрализм шексіз болып табылмайды, өйткені ол заңдық негізге сүйенеді және әрбір азамат өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра отырып, еліміздің Конституциясын және заңдарын сақтауға тиіс.

Сондай-ақ, түсіндірме беріліп отырған баптың 3-тармағына сәйкес, Конституцияның 10, 11, 13–15-баптарында, 16-бабының 1-тармағында, 17-бабында, 19-бабында, 22-бабында, 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

Сонымен қатар, жекелеген заңдарды әзірлеу және қабылдау кезінде Негізгі Заңның осы көрсетілген нормаларын сақтамау оқиғалары конституциялық бақылау практикасында кездесті.

Қостанай қаласы № 2 сотының өтініші бойынша Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы заңның жекелеген нормаларының конституциялығын сәйкестігін қарай отырып, Конституциялық Кеңес құжаттарды тапсыру мерзімін өткізіп алуына байланысты мемлекеттік тіркеуге қабылдаудан бас тарту, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығын (Конституцияның 13-бабының 1-тармағы) заңсыз шектейді деген ұйғарымға келді. Бұл көрсетілген конституциялық құқық, түсіндірме беріліп отырған баптың 3-тармағына орай ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс болғандықтан, заңның бұл нормасы конституциялық емес деп танылды¹.

Республика Парламенті қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның Негізгі Заңға сәйкестігін тексеру нәтижесі бойынша да осындай шешім қабылданды. Конституциялық Кеңес осы заңды талдай отырып, бұл нормативтік құқықтық актінің кейбір нормалары, Негізгі Заңның 39-бабының 3-тармағына сай ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс, әркімнің ар-ождан бостандығына конституциялық құқығына (22-баптың 1-тармағы) нұқсан келтіретінін атап өтті.

¹ Қараңыз. ҚР КК 2008 жылғы 23 сәуірдегі «Қостанай облысы Қостанай қаласының № 2 сотының өтініші бойынша «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 3-тармағының және 25-бабының 1-тармағы б) тармақшасының конституциялылығын тексеру туралы» № 4 қаулысы.



III Бөлім
ПРЕЗИДЕНТ

40-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

40.1. Конституцияның 40-бабының іргелі мәні Қазақстандағы Президент институты болып табылатын маңызды мемлекеттік институттың саяси-құқықтық мәртебесін айқындауынан тұрады. Өйткені, Конституцияның 2-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Бұл біздің елімізде жоғарғы билік мемлекет басшысы, оның жоғары лауазымды тұлғасы болып табылатын бүкіл халық сайлаған Президентке тиесілі екенін білдіреді.

Конституцияның 40-бабында бекітілген Республика Президентінің ең жоғарғы мәртебесі мен лауазымы Конституцияның кейінгі баптарында, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» ҚР Конституциялық заңында және басқа заңнамалық актілерде ашып көрсетіледі.

Демек, Конституцияның қарастырылып отырған бабында Президенттің мәртебесі жүйе құрушы мемлекеттік институт ретінде айқындалған.

Сондықтан бұл бап Конституциямыздың басты баптарының бірі болып табылады. Еліміздің Негізгі Заңының 40-бабы Қазақстанның мемлекеттік құрылымы үшін президенттік республика ретінде айқындаушы болып табылады деп есептеуге толық негіз бар.

Конституцияның 40-бабында көзделген Қазақстан Республикасы Президентінің ең жоғарғы саяси-құқықтық мәртебесін шынайы нақты-тарихи көрсету және іске асыру ең алдымен Қазақстанның Тұңғыш Президентінің тарихи тұлғасының ауқымымен айқындалады.

Осы конституциялық нормада орныққан орасан зор әлеуетті

қазақстандық мемлекетті іргесі қаланған күннен бастап басқарып келе жатқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – әлемге әйгілі тұлға теңдессіз іске асырды.

Тұңғыш Президентіміз еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігі кезінде Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаушы, оның табыстары мен жетістіктерінің рух берушісі және ұйымдастырушысы болып табылады.

Сонау 1991 жылдың 1 желтоқсанындағы алғашқы бүкілхалықтық президент сайлауында дауыс беруге қатысқан азаматтардың жүз пайызы дерлік қолдап, Н.Ә.Назарбаев егемен Қазақстанның Президенті болып сайланды. Осылайша, халық алғаш рет тарихи шешім қабылдай отырып, өзінің тағдыры мен ел болашағын қазақстандық Елбасына сеніп тапсырды.

Дәл Тұңғыш Президент – Елбасы өзінің тарихи борышы мен конституциялық айрықша құзыретіне байланысты еліміздің бірлігі мен ілгері басуын, Конституция, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қорғалуын қамтамасыз етеді, қазақстандық конституционализмнің авторы және қазақстандық патриотизмнің идеологы, азаматтық және ұлтаралық келісімнің кепілі болып табылады.

Елбасының осы ерекше тарихи миссиясына орай Республика Конституциясының 91-бабының 2-тармағында белгіленген тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі қағидаттары және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.

Конституцияда бекітілген ел Президентінің қазіргі саяси-құқықтық мәртебесі Қазақстанда бірден орнығып қалыптаспағанын атап өткен жөн.

Президенттік басқару нысанының институционалдануы Республика Президенті лауазымы алғаш рет тағайындалған 1990 жылдың сәуірінен бастау алады.

ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы ҚР Конституциялық заңы Президент мәртебесін мемлекеттің және оның атқарушы билігінің басшысы ретінде айқындап берген еді.

Кейіннен, 1993 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Конституциясында да Республика Президентінің мемлекет пен атқарушы биліктің біртұтас жүйесінің басшысы ретінде қосарлы мәртебесі де көзделген болатын.

Алайда, мемлекет құрылысының практикасы, елдің динамикалық даму қажеттіліктері президенттік билік институтын әрі қарай нығайту және жетілдіру қажеттігін тудырды.

Сондықтан, 1995 жылғы тамыздағы референдумда қолданыстағы Конституцияның қабылдануымен президенттік институттың іргелі рөлі мен оның негізгі параметрлері түпкілікті айқындалған болатын.

Нәтижесінде, Мемлекет басшысы шын мәнінде Мемлекет басшысының функцияларын атқарушы билік басшысының функцияларымен бірге атқарған модельден Президент билік тармақтарынан жоғары тұратын

және олардан, оның ішінде атқарушы билік жүйесінен арақашықтықты сақтайтын модельге көшті.

Ел Президентін атқарушы билік басшысы мәртебесінен босату стратегиялық міндеттерді шешуге, Мемлекет басшысына тән функцияларды атқаруға баса назар аударуға мүмкіндік берді.

2017 жылғы конституциялық реформаның қорытындысы бойынша жекелеген, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық реттеу саласындағы заңнамамен белгіленген Президенттің өкілеттілігі мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейіне берілді. Бұл ретте аталған процесс Мемлекет басшысы ретінде оның конституциялық мәртебесін айқындайтын Президенттің өкілеттілігіне қатысты емес.

Мұндай жағдайда, Мемлекет басшысы атқарушы билікке тиесілі шаруашылық функциядан түпкілікті алшақтап, Республика Президентінің қызметінде стратегиялық міндеттерге, сыртқы саясат, ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс қабілеті, елдегі заңдылық режимінің сақталу мәселелеріне баса назар аудару басымдыққа айналды.

Бұл ретте, Президенттің бүгінгі конституциялық мәртебесінде шын мәнінде мемлекеттік биліктің тармақтарына олардың қызмет етуінің барлық кезеңдеріне, қалыптасу кезеңінен бастап, олардың ағымдағы, жедел қызметіне араласпай, стратегиялық-мақсатты ықпал етудің институционалдық мүмкіндіктері қамтылған.

Осылайша, Президент мемлекет істерін басқарудағы барлық маңызды тетіктерге, оның ішінде атқарушы билікке шешуші ықпал ету тетіктеріне ие. Мемлекет басшысы бола отырып, жоғарғы төреші және билік тармақтары арасындағы қатынастардың үйлестірушісі функциясын жүзеге асыруға құқылы.

Президенттік басқару нысанының қазақстандық моделінің негізгі келбеті мен ерекшеліктері нақ осыдан тұрады.

Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы деген статуттық конституциялық ережеге де назар аударған жөн.

Бұл жүйелік сипаттама өте маңызды және Қазақстандағы президенттік институты, оның ішінде оның басқарушы рөлі мен мемлекеттік лауазымдардың сатысында және жалпы алғанда мемлекеттік басқару жүйесіндегі орны туралы нақты ұғымды береді.

Мемлекет басшысы елдің лауазымдық сатысында жоғары орында бола отырып, төмен тұрған лауазымды тұлғаларды басқарып қана қоймай, көбіне олардың арасындағы өзара қатынастар жүйесін де айқындайды. Бұл ретте атқарушы билікке жататын лауазымды тұлғалар Республика Президентіне қатысты төмен тұрған және бағынысты жағдайда болады. ҚР Президенті құзыретіне және белгіленген рәсімдерге сәйкес оларды лауазымдарына тағайындайды және босатады, оларға орындауға міндетті нұсқаулар мен тапсырмалар береді, атқарылған жұмыс туралы олардың есептерін тыңдайды.

Бұл ретте, Мемлекет басшысының және оның жоғары лауазымды тұлға мәртебесі Республиканың барлық аумағында міндетті күші бар актілерді – жарлықтар мен өкімдерді қабылдайтын Президенттің айрықша құзыретін алдын ала айқындайды. Бұл ретте, шешілетін мемлекеттік мәселелердің маңызына қарай жарлықтар заңнамалық акт деңгейіне көтеріледі, ал олардан басым түсетіні де жиірек.

ҚР Президенті жарлықтарында оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелермен қатар, Парламенттің заң шығару құзыретіне жатпайтын, сондай-ақ Үкіметтің және басқа мемлекеттік органдардың заңдармен белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады. Бұл ретте, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің сатысында Мемлекет басшысының жарлықтары жоғары заң күшіне ие болады.

Конституцияның 40-бабының 1-тармағына сәйкес Республика Президенті мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік етеді.

Бұл билік «пирамидасының» шыңында тұрған Мемлекет басшысы ретіндегі ҚР Президентінің стратегиялық, мақсаткерлік рөлін айқындайтын ең маңызды статуттық өкілеттіктері.

Мемлекет басшысының статуттық өкілеттіктерін іске асыру нысандары мен әдістері Конституцияда, оның негізінде әрі оны орындау үшін қабылданған заңдармен және мемлекеттің өзге де актілерінде айқындалған.

Осылайша, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындау және іске асыру мақсатында Мемлекет басшысы: Қазақстан халқына жыл сайын жолдау арнайды (44-баптың 1) тармақшасы); Үкімет бекітетін Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын келіседі (66-баптың 1) тармақшасы); Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады (44-баптың 2) тармақшасы) және т.б. Бұдан басқа, Президенттің заңнамалық бастамашылық жасау құқығы бар.

Мемлекет басшысы бола отырып, ҚР Президенті Конституцияға сәйкес елдің ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік етеді, яғни өкілдік функцияларды да жүзеге асырады. Бұл ретте, бүкіл халық атынан сайлана отырып, Президент бүкіл Қазақстан халқының атынан өкілдік етеді және оның мүдделерін білдіреді, бұл Президент айқындайтын мемлекеттік саясаттан көрініс табады.

Сыртқы саяси қызмет те президенттік биліктің аса маңызды айрықша құзыреті болып табылады. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері

шақырып алу грамоталарын қабылдайды (Конституцияның 44-бабы 11) тармақшасы); Сыртқы істер министрін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасы); Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшілерін, халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдерін тағайындайды және кері шақырып алады және т.б.

40.2. Елдің конституциялық өрісіндегі Республика Президентінің айрықша мәртебесі мен басшылық рөлі туралы Негізгі Заңның 40-бабының 2-тармағы дәлел бола алады, оған сәйкес Президент – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Халық пен мемлекеттік билік бірлігінің нышаны ретінде Президенттің конституциялық сипаттамасы Президенттің қазақстандық қоғам мен мемлекеттегі интегративтік, жүйе құраушы рөлін айқындап бере алады.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің өзінде мемлекеттіліктің басты нышаны ретінде Елбасының тарихи, орасан зор тұлғасында еліміздегі барлық жақсылықтар мен жасампаздықтар тоғысқан. Президент лауазымының жоғары нышандық мәні Қазақстан Республикасы қызметінің конституциялық қағидаттарының бірі – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылады.

Халық бірлігін қамтамасыз ету – көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан жағдайында аса маңызды.

Қазақстан халқының азаматтық, саяси, көпұлттық бірлігі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі, кез келген негіз бойынша кемсітушілікке жол бермеу Елбасы – елдің Тұңғыш Президенті қызметінің басты басымдықтары болып табылады. Оның күш-жігерінің арқасында Қазақстан бүкіл әлем бойынша қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес келетін жоғары мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған дәйекті әрі салиқалы ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асырып отырған ел ретінде мойындалды.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын сонау 1992 жылы-ақ Қазақстан халқының бірінші Форумында ел Президенті жариялаған болатын, ал Мемлекет басшысының 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында аталған Ассамблея құрылып, Ассамблеяның институционалдық мәртебесі мен рөлі айқындалған болатын.

2007 жылғы конституциялық реформа барысында Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясына тұңғыш рет конституциялық мәртебе берілді. Ассамблеяның айрықша рөлін ескере отырып, оны Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзі басқарады.

Республика Президентінің ең жоғары мәртебесі мен аса ерекше рөлі елдегі заңдылықтың, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі болып табылатынынан нақты көрінеді.

Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратыны туралы конституциялық ұстанымы жағдайларында бұл ерекше маңызды.

Мемлекетімізде Конституцияға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Қазақстанда өмір сүруге, жеке басының бостандығына, жеке өміріне қол сұғылмауына, жеке отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына, заң мен сот алдында тең болуға құқық пен басқа да құқықтар әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті және олардан ешкім айыра алмайды деп танылады, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай айқындалады.

Мемлекет басшысы бола отырып, Конституцияның аталған ережелерінің мүлтіксіз іске асырылуына Президент өзінің конституциялық айрықша құзыретімен ғана емес, Президент алдында жауапкершілік атқаратын мемлекеттік институттардың барлық мүмкіндіктерімен және әлеуетімен кепілдік береді.

Республика Президенті заңдылықтың жай-күйіне мынадай өкілеттіктер арқылы да айқындаушы ықпал етеді:

1) заң шығарушылық процесіне белсенді ықпал ету, оның процесіне Мемлекет басшысының заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар. Бұдан басқа, Мемлекет басшысы Парламент қабылдаған заңдарға қол қояды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

2) Конституцияның 72-бабында көзделген жағдайларда, оның ішінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтінішпен жүгіну;

3) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұру;

4) Бас прокурордың және өзге де құқық қорғау органдары басшыларының Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беруі.

Елдегі заңдылықтың жай-күйі көптеген жағдайда сот билігіне байланысты болатындықтан, Мемлекет басшысы ең алдымен оның кадр мәселелерін шешу арқылы ықпал етеді. Бұдан басқа, Жоғарғы Сот сот төрелігін іске асыруда тәуелсіз бола отырып, Мемлекет басшысын сот жүйесіндегі істердің жай-күйі туралы хабардар етіп отырады.

Елдегі тұрақтылық пен конституциялық заңдылық Конституцияда белгіленген Конституцияға түзетулер енгізудің ерекше тәртібімен де қамтамасыз етіледі, ондағы шешуші рөл де Мемлекет басшысына тиесілі.

40.3. Конституцияның 40-бабының 3-тармағына сәйкес Республика

Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Бұл конституциялық норма ҚР Президентіне Ата Заңды іске асыру бойынша мемлекеттік қызметке, оның үстіне мемлекеттік биліктің бүкіл жүйесіне төрелік-үйлестірушілік және бақылау-түзетушілік әсер етуге мүмкіндік беретін қажетті статуттық өкілеттіктер береді.

Мемлекет басшысының үйлестірушілік, төрелік рөлінің арқасында биліктің барлық тармақтары арасында, «орталық» пен «өңір» арасында келісілген және үйлесімді іс-қимыл қамтамасыз етіледі, Қазақстанның серпінді де озық, тартыссыз дамуына жағдай жасалады.

Осылайша, Президенттің аталған мәртебесі мен өкілеттіктері теже-мелік әрі тепе-теңдік тетігін, мемлекеттік органдар арасындағы өзара тиімді іс-қимылды қоса алғанда, мемлекеттік биліктің біртұтастығы және оны билік тармақтарына бөлу қағидатын кешенді түрде іске асыруға мүмкіндік береді және Мемлекет басшысы, қажет болғанда, билік тармақтары арасындағы қатынастарда жоғарғы төреші бола алады.

Бұл ретте, бұдан бұрын айтып өтілгендей, 2017 жылғы жүргізілген конституциялық реформаның қорытындысымен атқарушы билікке тиесілі функцияларды іске асырудан ел Президентінің қашықтауы айқын көріне бастады. Билік тармақтарынан бірдей қашықтықта бола отырып, Мемлекет басшысы билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда сөз, бірінші кезекте, мемлекеттік билік органдарының саяси жауапкершілігі туралы болып отыр.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысының мұндай қашықтауы Республика Президентінің елдегі істердің жай-күйіне айқындаушы ықпал ету жүйесін сақтау және жетілдіру арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысының бұл өкілеттігінің іске асырылу тетігі де Конституцияда айқындалған.

Мәселен, Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады (63-бап).

Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға құқылы. Бұл ретте Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді (70-баптың 7-тармағы).

Мемлекет басшысы жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтата алады (86-баптың 5-тармағы), сондай-ақ өз ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметінен босата алады (87-баптың 4-тармағы).

Демек, Республика Президентінің билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету туралы өкілеттігі Қазақстандағыдай – мемлекеттің біртұтас болуы және президенттік рес-

публика жағдайларында, басқару жүйесінің барлық деңгейіне және мемлекеттік биліктің барлық тармақтарына қолданылады.

Бұл ретте саяси жауапкершілікті қамтамасыз ету тетігі ретінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқығын, ел Президенті өте сирек қолданатын, экстраординарлық құзырет деп бағалау керек. Мемлекеттік құрылыстың практикасы да осыны айғақтайды, бұл тұтастай алғанда қазақстандық мемлекет – билік тетігінің тұрақтылығы мен орнықтылығының көрсеткіші болып табылады.

Бұдан бөлек, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін тетіктердің бірі Мемлекет басшысына есеп беретін прокуратура органдарының қадағалау функциясы болып табылады.

Осылайша, Конституцияның үстемдігі мен тікелей қолданылуын қамтамасыз ету ісіндегі, конституциялық құрылыстың негіздерін қорғаудағы шешуші рөл – Конституцияның мызғымастығының кепілі ретінде Мемлекет басшысына тиесілі.

41-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәметке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

41-баптың 1-тармағына 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңға сәйкес өзгерістер енгізілді.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар Республика азаматы сайлана алады. Конституциялық заңда Республика Президенттігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

41-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңның редакциясында жазылған.

3. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

41-бап 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңға сәйкес 3-1 тармақшамен толықтырылды.

4. 1998 жылғы 7 қазандағы Заңмен алып тасталды.

5. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

41-баптың 5-тармағына 1998 жылғы 7 қазандағы Заңға сәйкес өзгерістер енгізілді.

41.1. Конституцияның 41-бабы 1-тармағының ережелері сайлау туралы ҚР Конституциялық заңында нақтыланған. Республиканың Президентін сайлау туралы нормалардың негізделетін сайлау құқығының қағидалары осы Конституциялық заңның 4, 5, 6 және 8-баптарында бекітілген. Жалпыға бірдей сайлау құқығының қағидаты қазақстандық азаматтардың 18 жасқа толғаннан кейін президенттік сайлауға дауыс беруге қатысу құқығын білдіреді. Бұл құқық азаматтың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, іске асырылады. Тең сайлау құқығының қағидаты Қазақстан Республикасының азаматтары тең негізде ел Президентін сайлауға сайлаушылар ретінде қатысатынын көздейді: олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетенінде тиісінше бір дауысы болады, ал кандидаттардың барлық сайлау рәсімдеріне тең құқықтары мен тең қатысу шарттары бар. Төте сайлау құқығы азаматтар өз құқықтарын ешкімге бермей, Республика Президентін тікелей сайлайды дегенді білдіреді. Дауыс беру құпиясын қамтамасыз ету қағидадарының бірі президенттік сайлаудағы дауыс беру жасырын болып табылады дегенді білдіреді, бұл сайлаушылардың ерік білдіру құқығын бақылауға мүмкіндік бермейді. Түсіндірме беріліп отырған 41-баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Президенті 5 жылға сайланады. Дәл осындай бес жылдық мерзімге әлемнің тоқсаннан астам елінің басшылары сайланады.

БҰҰ-ға мүше 193 мемлекетте президенттік институт 142 елде бар екенін атап өткен жөн, онда: 107 елде президенттер жалпыға бірдей және төте сайлау құқығы негізінде, ал 35 елде – жанама сайлау құқығы негізінде сайланады.

41.2. Конституцияның 41-бабының 2-тармағымен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатқа қойылатын талаптар сол не басқа жағдайларда шет елдердің сайлау мәселелері бойынша конституциялық құқығының нормаларына ұқсас болып келеді. Мәселен, кандидаттың тумасынан республика азаматы болуы туралы талап Аргентина, Грекия, Мексика, АҚШ, Финляндия, Эстония конституцияларының нормаларында бекітілген.

Алғашында Қазақстан Республикасының Президентіне кандидаттың жасы 35–65 жас аралығында болып бекітілген еді. 1998 жылы жастың төменгі шегі қырық жасқа дейін көтерілді, ал жоғарғы шегі алынып тасталды. Президенттікке кандидаттың қырық жасқа жетуі туралы талап Болгария, Германия, Грекия, Латвия, Македония, Түркия, Чехия мен Эстонияның конституцияларында бекітілген. Италия Конституциясының 84-бабында Президенттікке кандидаттың жасы кемінде елуге толуы тиіс деп бекітілген.

Президенттікке кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгеруі туралы талап Қазақстан Республикасының Конституциясында ғана емес, ол Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан Конституцияларының нормаларында да көрсетілген. Кеңес заманында бұл мемлекеттердің ұлттық тілдері тиісінше дамымағандықтан, бұл талап конституциялық деңгейде бекітілді. Конституцияда Президенттікке кандидаттың мемлекеттік (қазақ) тілін еркін меңгеру қажеті туралы бекітілген талап республика азаматтарын мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыру стимулдарының бірі болды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1998 жылғы 9 қазандағы № 9/2 қаулысы «мемлекеттік тілді еркін меңгерген» ұғымын Президентке кандидаттың «қазақ тілінде сауатты оқу, жазу, өз ойын оңай, қиналмай жеткізу және көпшілік алдында сөйлеу» машығы деп анықтайды. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 15 маусымдағы Қазақстан Республикасының конституциялық заңында белгіленген: «кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергенін анықтау рәсімі Республика Конституциялық Кеңесінің Конституцияның 41-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы шешіміне сәйкес Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен айқындалады». Бұл ретте, осы Конституциялық заңда: «Кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергенін анықтау рәсімі кандидатурасы өкілеттіктің келесі мерзіміне қайта ұсынылған, іс басындағы Республика Президентіне қолданылмайды» деп айтылған.

Егер бұрын Президенттікке кандидаттың Қазақстанда тұрақты тұру мерзімі 15 жылды құраған болса, 2007 жылы кандидаттың Қазақстан Республикасында соңғы 15 жыл бойы тұру қажеттігі туралы норма енгізілді. «Бұл ретте Президенттікке кандидаттың Қазақстан Республикасында соңғы он бес жыл тұрып жатқандығын, 2017 жылғы 15 маусымдағы ҚР Конституциялық заңында айтылғандай, Орталық сайлау комиссиясы анықтайды». Кандидаттың белгілі бір уақыт бойы ел аумағында тұрақты тұруы туралы талап АҚШ, Албания, Армения, Македония конституцияларында белгіленген.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Конституцияның 41-бабының 2-тармағына Қазақстан Республикасының Президенті болып бірқатар жоғарыда келтірілген талаптарға сәйкес келетін ғана емес, сонымен бірге «Республиканың жоғары білімі бар азаматы» сайлана алатыны тура-

лы толықтыру енгізілгенін атап өткен жөн. Қазіргі Президенттің жоғары білімімен қатар, ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар. Енгізілген норма кейінгі президенттердің жоғары білімі болуға тиіс екенін көздейді. Өз кандидатурасын Президенттікке ұсыну кезінде үміткерлер Орталық сайлау комиссиясына жоғары оқу орнын бітіргені туралы құжаттарды ұсынуға тиіс. Ел президентінің жоғары білімі туралы талап Әзірбайжан Республикасының және Тәжікстан Республикасының Конституцияларында да бекітілген. Көптеген елдердің президенттерінің өмірбаяндарын зерделеу олардың барлығының дерлік жоғары білімі болғанын көрсетеді.

Оған қоса, 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Конституцияның 41-бабының 2-тармағына «Конституциялық заңда Республика Президенттігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін» деген норма енгізілді. 2017 жылғы 15 маусымдағы Конституциялық заңның 1-бабы 1-тармағының 7-тармақшасында сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының түрі өзгертілген 54-бабының аясында Республика Президенттігіне кандидатқа қойылатын қосымша талаптар туралы: «Президент болып сайлану үшін азамат Конституцияның 41-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарды қанағаттандыруға, мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі болуға, сондай-ақ Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес белсенді сайлау құқығына ие болуға тиіс» деп айтылған.

Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 59-бабына қарастырылып отырылған ҚР Конституциялық заңының 1-бабы 1-тармағының 11-тармақшасымен Президенттікке кандидатқа қойылатын тағы бір қосымша талап болып табылатын 2-1 тармақша енгізіледі: «Президенттікке кандидаттың Республика Президентінің міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін растау үшін оған медициналық куәландыру жүргізіледі, оның қорытындысы денсаулығының жай-күйі туралы тиісті медициналық қорытындымен ресімделеді. Медициналық қорытындыға қойылатын талаптар мен Республика Президентінің міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін аурулардың тізбесі Орталық сайлау комиссиясы мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді».

Сонымен, 2017 жылғы 15 мауысымдағы ҚР Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы Конституциялық заңымен қарастырылған Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидатқа қойылатын барлық қосымша талаптар онымен жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясының 41-бабының 2-тармағында осындай талаптар көрсетілген.

41.3. ҚР Конституциясының 41-бабының 3 және 3-1) тармақшаларында Президенттің кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындау және өткізу үшін негіздемелер және олардың мерзімдері келтірілген. 1995 жылғы

30 тамыздағы Конституция қабылданғаннан кейін Президент сайлауы елімізде 4 рет өткізілді, оның ішінде кезекті сайлаулар – 1999 жылғы 10 қаңтар мен 2005 жылғы 4 желтоқсанда және кезектен тыс сайлаулар – 2011 жылғы 3 сәуір мен 2015 жылғы 26 сәуірде.

Осы конституциялық баптың 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы «желтоқсанның бірінші жексенбісінде» өткізіледі. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 1 және 3-тармақтарын және 94-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2005 жылғы 19 тамыздағы № 5 қаулысында Республика Президентін кезекті сайлау күнін анықтау кезінде Президенттің алдыңғы сайлауын өткізу күніне негізделу қажет деп айтылған. Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 51-1-бабында «кезектен тыс сайлаудан кейінгі Президенттің кезекті сайлауы бес жыл өткен соң осы Конституциялық заңда белгіленген мерзімде жарияланады» деп жазылған.

Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 4-бабының 1-1-тармағына сәйкес кезектен тыс сайлауда сайланған Республика Президентінің өкілеттігі кезекті сайлауда сайланған Республика Президенті лауазымына кіріскен кезде аяқталады. Бұл ретте кезекті сайлау кезектен тыс сайлаудан кейін бес жылдан соң өткізілуге тиіс.

Республика Президентінің кезекті сайлауы Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуіне ерекше назар аудару қажет. Президенттік және парламенттік сайлауларды мерзімдері бойынша бөлек өткізу туралы осындай норма бірқатар шет елдерінің заңнамасында бекітілген (мысалы, ТМД көптеген елдері, Болгария, Франция).

41.3-1. ҚР 2011 жылғы 2 ақпандағы Заңы Конституцияның 41-бабын мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырды: «3-1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі». Қазақстан Республикасының Парламенті 2011 жылдың 3 ақпанында Сайлау туралы ҚР конституциялық заңға қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізгеннен кейін 2011 жылдың 3 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өткен болатын.

2015 жылдың ақпанында Қазақстан халқының Ассамблеясы 2015 жылы ел Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу қажеттігі туралы бастама ұсынды. Азаматтық қоғам мен Республика Парламенті бұл бастаманы мақұлдады және қолдады.

Конституциялық Кеңес Республика Сенаты Төрағасының өтініші бойынша өзінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 2015 жылғы 24 ақпандағы № 2 ҚР ККНҚ мынадай ресми түсіндірме берді: 1. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабы 3-1-тармағының нормасын, Қазақстан Республикасы Президентінің Президенттің кезектен тыс сайлауын жеке-

дара тағайындауға айрықша құқығы бар деп түсінген жөн. 2. Елбасының Президенттің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы шешім қабылдауына Республика Конституциясы қандай да бір шарттар мен шектеулер қарастырмайды. Осындай сайлауларды тағайындау туралы шешімді қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-тармағымен қарастырылған Республика Президентінің кезекті сайлауы мерзімі жағынан Қазақстан Республикасы Парламенттің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс деген қағида есепке алынуы қажет».

Қазақстан Республикасының Президенті Конституциялық Кеңестің Төрағасымен, Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының Төрағаларымен консультациялар өткізіп, «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы № 1018 Жарлығына қол қойды.

41.4. 1998 жылғы 7 қазанда алып тастағанға дейін, Конституцияның 41-бабының 4-тармағында қандай нормалар қолданылғаны оқырманға қызық болуы мүмкін. Конституцияның 41-бабының бұл тармағында былай делінген: «Республика Президентінің кезектен тыс сайлауы Конституцияның 48-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда және мерзімдерде өткізіледі». Конституцияның 48-бабында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізудің мерзімдері мен ерекше жағдайлары белгіленген. Конституцияның 41-бабының 4-тармағы Конституцияның 48-бабына қатысты сілтемелік норма болған. ҚР 1998 жылғы 7 қазандағы Заңының 2-тармағымен Конституцияның 41-бабының 4-тармағы алынып тасталды.

41.5. Конституцияның 41-бабының 5-тармағының мазмұнына сәйкес Президент екінші турды өткізу мүмкіндігімен абсолюттік көпшіліктің мажоритарлық жүйесі арқылы сайланады. Дәл осындай сайлау жүйесі БҰҰ 82 мүше мемлекетінде қолданылады.

ҚР Президентінің сайлауы баламалы негізде өткізілетіндігін айта кеткен жөн (Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңның 55-бабының 5-тармағы). Бұл Республика Президенттігіне кандидаттардың саны кемінде екі адам болу қажеттігін білдіреді. Аталған Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңның 55-бабының 5-тармағында «Егер кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталатын күні Президенттікке екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, Орталық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады» деп бекітілген. 1999 жылдың 10 қаңтарында ел Президентінің кезекті сайлауына және 2011 жылғы 3 сәуірдегі кезектен тыс сайлауға төрт кандидат қатысқан болатын, 2005 жылғы 4 желтоқсандағы кезекті сайлауға – 5 кандидат: бастапқы сатыда үміткерлер көбірек болған. Сайлау нәтижесі бойынша Н.Ә.Назарбаевты 1999 жылғы сайлауда дауыс берген сайлаушылардың 79,78 пайызы; 2005 жылы – 91,15 пайызы; 2011 жылы – 95,55 пайызы қолдады. 2015 жылғы 26 сәуірдегі кезектен

тыс сайлауға Қазақстан Республикасының Президентігіне үш кандидат қатысты, бұл ретте дауыс беруге қатысқан азаматтардың 97,75 пайызы өз дауыстарын Н.Ә.Назарбаевқа берді: олардың келуі 95,22 пайыз құрады.

ҚР Президентін сайлау рәсімдері Сайлау туралы ҚР конституциялық заңда толық қарастырылған. Бұл сайлау түрінің ерекшеліктері аталған заңның 10-бабында баяндалған (51 – 68-баптары), ал сайлауды ұйымдас-тыру, оны отандық және халықаралық байқаушылардың байқауы, сайлау учаскелерін құру, сайлаушы азаматтарды тіркеу, сайлау алдындағы үгіт нысандары, сайлауды әр түрлі көздерден қаржыландыру, дауыс беру рә-сімі, дауыстарды есептеу, сайлау қорытындыларын шығару, сайлау еркіндігін қамтамасыз ету кепілдіктерінің мәселелері Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 2-9-тарауларындағы көптеген баптарда көрініс тапқан.

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіне жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.

42-баптың 2-тармағына 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес өзгерістер енгізілді.

3. Республика Президентінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

4. 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес алынып тас-талды.

5. Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.

Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

42-баптың 5-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес екінші бөлікпен толықтырылды.

42.1. Республика Президенті халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі. Президент Конституцияға қолын қойып ант береді. Республика Президенті анттың мәтінін мемлекеттік тілде оқиды. Ант берілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалады. ҚР ОСК Төрағасы Президентке Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін, төсбелгісін, Президент байрағын және «Алтын қыран» орденін тапсырады. Егер бір тұлға ҚР Президенті болып екінші өкілеттік мерзімге сайланған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің төсбелгісі, Президент байрағы және «Алтын Қыран» ордені оған қайталап тапсырылмайды.

42.2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда өткізіледі. Бұған Парламент депутаттары, Конституциялық Кеңес мүшелері, Жоғарғы Сот судьялары, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрі қатысады. Егер іс басындағы Президенттің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқталған жағдайда, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда, Президент өкілеттігін қабылдаған тұлға Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ант қабылдайды.

2011 жылдың 2 ақпанындағы ҚР Заңымен Конституцияға Президенттің кезектен тыс сайлауы туралы бап енгізілді. Осыған орай, Сайлау туралы және Президент туралы ҚР Конституциялық заңдарына тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізілді, осыған сәйкес Президент кезектен тыс сайлауда сайланған жағдайда не Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Президент өкілеттігін қабылдағанда, ант беру президенттік сайлау қорытындысы жарияланған не Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі. Ант беру күнін ҚР ОСК айқындайды.

Ант беру салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі.

42.3. Президенттің өкілеттігі бірнеше жағдайларда тоқтатылады.

1. Республика Президенті бес жыл мерзімге сайланады. Заңда Президенттің өкілеттігі бес жылдық мерзімнің аяқталуымен тоқтатылады деп айтылмайды. Мұнда белгілі бір мән бар. Объективтік факторларға орай, мәселен, жаңа Президент лауазымына кіріскенге дейін Президент өкілеттігін ұзарту қажеттілігі туындауы мүмкін.

Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес ҚР ОСК, егер:

- Президент сайлауына бір кандидат түссе және ол сайланбай қалса;
- Президент сайлауы өткізілмеді немесе жарамсыз деп танылса;
- қайта дауыс беру сайланған Президентті анықтауға мүмкіндік бермесе, Президент сайлауын қайта тағайындайды. Қайта сайлау алғашқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі.

Егер сайлау Конституцияда көзделген мерзімде өткізілсе, онда іс басындағы Президенттің өкілеттігі қайта сайланған Республика Президенті қызметке кіріскен сәттен бастап тоқтатылады.

2. Конституцияда көзделген жағдайларда Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Конституцияның 47-бабы 1-тармағына сәйкес Республиканың Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында, комиссия қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік даусымен қабылданады. Қызметінен босатылу нәтижесінде Президент өкілеттігі тоқтатылады.

3. Президентті қызметінен кетірген жағдайда да оның өкілеттігі тоқтатылады. Республика Конституциясында және Президент туралы Конституциялық заңда науқастануына байланысты немесе кетіру нәтижесінде мерзімінен бұрын босатылған жағдайда Президенттің өкілеттігі қай сәттен бастап тоқтатылатындығы нақты белгіленбеген. Бұл мәселе Конституциялық Кеңестің талқылауына нысан болуы мүмкін. Бірақ Мәжіліс пен Сенаттың бірлескен отырысында мерзімінен бұрын босату немесе кетіру туралы шешім қабылданған күнді Президенттің өкілеттігі тоқтатылған күн деп санауға болады деп болжам айтуға болады.

42.4. 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес алынып тас-талды.

42.5. Конституцияға сәйкес Республика Президентінің қызметінде болу мүмкіндігі белгілі бір мерзіммен шектеледі. Бір тұлға қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Бұл Президент болып екі рет сайланған адам Президент өкілеттігінің екінші мерзімі біткеннен кейін үшінші рет Президенттікке кандидат болып ұсыныла алмайды дегенді білдіреді. Қатарынан екі мерзім бойы ҚР Президенті қызметінде болудың конституциялық шегі Президент болып екі рет сайланған адам осы қызметке одан әрі үміткер бола алмайды дегенді білдірмейді.

2007 жылы Парламент депутаттарының бастамасымен 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен түзету енгізілді, оған сәйкес аталған норма Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.

43-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

2. 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңға сәйкес алып тасталды.

43.1. Республика Конституциясы Республика Президенті лауазымында болумен байланысты шектеулерді белгілейді.

Республика Президентінің өкілді органның депутаты болуға құқығы жоқ. ҚР Конституциясында да, ҚР Президенті туралы Конституциялық заңда да Президенттің қай өкілді органның депутаты болуға құқығы жоқ екендігі нақты айтылмаған. Алайда бұл мәселе Конституциялық Кеңестің де құзыретіне жатқанымен, болуы мүмкін жағдайлардың негізінде Президент Парламенттің де, сондай-ақ жергілікті өкілді орган – мәслихаттың да депутаты болуға құқығы жоқ деген болжам айтуға болады. Дегенмен, Парламенттің депутаты да, мәслихаттың депутаты да Президенттікке кандидат болып ұсынылуы әбден мүмкін ғой.

Президенттің «өзге де ақы төленетін қызметтерді» атқаруға құқығы жоқ. Конституцияда мұның қандай қызмет екендігі нақтыланбаған, алайда атқарылғандығы үшін ақы төленетін мемлекеттік, сол сияқты мемлекеттік емес құрылымдардағы кез келген лауазым туралы айтылып отырғандығын болжауға болады. Сонымен қатар, Конституция Республика Президентіне ақы төленбейтін лауазымдарды, яғни қоғамдық негіздегі қызметтерді, мәселен, саяси партиядағы ақы төленбейтін лауазымды атқаруға тікелей тыйым салмайды.

Президенттің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. Бұл шектеу Мемлекет басшысы міндеттерін атқару кезінде оның жеке материалдық мүддесін мұндай жолмен жүзеге асырудан бас тартуға міндеттейтін, Президенттің жоғары лауазымының сипатына орай шарттастырылған. Конституцияда осы шектеулердің сақталуының заңдық кепілі айқындалмаған.

Бұларды бұзған жағдайларда Президенттің лауазымнан босатылуы немесе кері шақырылуы мүмкін емес. Алайда мұндай жағдайларда жауапкершілік моральдық-этикалық немесе саяси сипатта болуы мүмкін.

43.2. 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңмен алып тасталды.

44-бап

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды;

2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

44-баптың 2-тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; Республиканың Премьер-Министрін қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша қажеттігіне қарай Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

44-баптың 3-тармақшасы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;

44-баптың 4-тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

5) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

44-баптың 5-тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

6) Республика дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

7) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

44-баптың 7-тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

8) 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен осы тармақша алынып тасталды.

9) 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен осы тармақша алынып тасталды.

10) республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды;

10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды;

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес 44-бап 10-1) тармақшамен толықтырылды.

11) келіссөздер жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды; бекіту грамоталарына қол қояды; өзінің жанында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінің сенім грамоталары мен кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды;

12) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады;

13) Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды, құрметті, жоғары әскери және өзге атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді, біліктілік сыныптарын береді;

14) Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

15) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады;

16) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты

жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

17) Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды;

18) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасақтайды;
44-баптың 18-тармақшасы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады;

20) Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Сот Кеңесін құрады;

44-баптың 20-тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

21) Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

44-бапта Республика Президентінің құзыреті, яғни Мемлекет басшысының әртүрлі салалардағы нақты өкілеттігі: оның мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы – халықпен; заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарымен өзара қатынасы; азаматтың жеке мәртебесін регламенттеу; аса шұғыл жағдайлардағы – төтенше және соғыс жағдайларындағы және елдің тіршілік қызметінің басқа да салаларындағы құзыреті бекітілген.

Осы бапты талдай отырып, тұтастай алғанда мыналарды көре білу маңызды:

біріншіден, жоғары лауазымды тұлғаның барлық өкілеттігі Негізгі Заңның 40-бабында мәлімделген Республика Президентінің конституциялық функцияларынан туындайды;

екіншіден, қазақстандық Мемлекет басшысының құқықтары мен міндеттері дара сипатқа ие және оны ел Президентінің өзі ғана жүзеге асыра алады;

үшіншіден, құқықтардың басым көпшілігін Мемлекет басшысы пайдалануының тетіктері Парламент қабылдаған заңдарда толық регламенттелген, бұл мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарын қалыптастыруда, бекітуде және іске асыруда Республика Президенті мен Парламенттің бірлескен қызметін, сондай-ақ заң шығарушылардың президенттік билікке қатысуын растайды;

төртіншіден, әрбір өкілеттіктің өз мақсаты мен тарихы бар: олардың бірі күн сайын қолдануға есептелген, басқа біреулері конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету, тежемелік әрі тепе-теңдік тетіктерінің қалыпты жұмыс істеуі жөніндегі шараларды білдіреді, резервтік санатта болып, Қазақстан тәуелсіздігінің бүкіл тарихында, оның ішінде 1995 жылғы Конституцияның қолданылуы тұсында бірде бір рет қолданылмағандары бар;

бесіншіден, Республика Президентінің өкілеттіктеріне Негізгі Заңның басқа бөлімдерінде айтылатын өзге де нормалары арналған.

Республика Президентінің, Парламенттің және Үкіметтің арасында құзыретті бөлу және олардың бір-біріне өзара ықпалы едәуір дәрежеде қазақстандық президенттік басқару нысанының функционалдық негізін қалайды, бұл нысан бойынша 1998 жылдың қазанынан бастап Парламенттің рөлі біртіндеп күшейіп келеді, 2007 жылғы мамырда ол өзінің жалғасын тапты.

2007–2016 жылдары қоғам мен мемлекетте орын алған маңызды жағымды өзгерістер, жоғарғы мемлекеттік органдардың тиімді қызметі мен құрылымдық өзара әрекеттестігінің арқасында талап етілетін конституциялық қосымша арқылы президенттік басқару формасын жаңғырту бөліміндегі өзгерістерге арналған объективті алғышарттар пайда болды.

2017 жылы жүргізілген реформаның мәні билік өкілеттерін тиянақты түрде қайта бөлуден, тұтастай алғанда саяси жүйені демократияландырудан тұрады. Қазақстан Республикасының Президенті үшін жаңа жағдайда билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастарда жоғарғы төрешінің рөлі, стратегиялық функциялар басымдыққа ие болды. Мемлекет басшысы сондай-ақ сыртқы саясатқа, ұлттық қауіпсіздікке және елдің қорғаныс қабілетіне назар аударды. Бұл ретте, Үкіметке қосымша атқарушы өкілеттік берілді.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңында Парламент пен Үкіметтің дербестігі мен жауапкершілігін нығайтуға бағытталған 1998 жылғы стратегиялық курс расталды.

Парламент ауқымды конституциялық өзгерістерді іске асыруда Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша әзірленген заңдарды қабылдады: 2017 жылғы 15 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кей-бір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң; 2017 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан

Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заң, 2017 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы және 2017 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы.

Мемлекет басшысы қол қойған бұл заңдар заңды күшіне енді және қолданысқа енгізілді (*Конституцияның 44-бабының 21) тармақшасына түсіндірмені қараңыз*).

Үшінші конституциялық реформаны іске асыру барысында, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 471 Жарлығымен Мемлекет басшысының барлығы болып 28 актісі түзетілді.

Негізгі Заң нормаларының өзгеруіне байланысты Конституциялық Кеңес өзінің бұрын қабылданған 6 нормативтік қаулысының күшін толық, 21- ішінара күшін жойды¹.

Қазақстанда жүргізіліп отырған Республика Президенті, Парламент және Үкімет арасындағы мемлекеттің бірыңғай тұтас билік ресурсының бөліктерін қайта бөлу стратегиясы және тактикасы мемлекеттілік негіздері мен президенттік басқару нысанының құрылымына әсер етпейтінін айқын көруге болады.

44.1) Мемлекет басшысының елдегі жағдай және Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы Конституцияның 40-бабында бекітілген халық пен мемлекет өкілдігін іске асырудың, саяси үйлестірудің аса маңызды нысаны болып табылады. Республика Президенті нақ осы жыл сайынғы жолдауы арқылы Қазақстанды елдің өз ішінде және одан тыс жерлерде сан алуан қырынан көрсетеді, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халықпен және конституциялық-құқықтық қатынастың басты субъектісімен конституциялық-құқықтық қатынасқа түседі (Конституцияның 3-бабының 1-тармағы).

Жыл сайынғы жолдауларында Республика Президенті – Елбасы барлық қазақстандықтарды қоғам мен мемлекеттің даму жағдайы туралы хабардар етеді, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының, сан алуан және әртүрлі ұлттардан құралған біртұтас барлық қазақстандық-

¹ «ҚР Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларын қайта қарау туралы» 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 ҚР ККНҚ.

тардың бірлескен күш-жігерімен шешілетін жалпыұлттық ауқымдағы міндеттер қояды. Тиісінше, одан кейінгі жыл сайынғы жолдауларында Мемлекет басшысы халыққа міндеттердің іске асырылуының нәтижелері мен алдыңғы жолдауларда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу туралы хабарлайды.

ҚР Конституциясының қолданыстағы кезеңі ішінде ел Президенті жыл сайынғы жолдаулармен Қазақстан халқына жиырмадан астам рет жүгінді. Олардың әрқайсысында заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының, орталық және жергілікті органдардың қызметіндегі мазмұндық басымдықтар айқындалды.

Әрбір жолдаудың маңыздылығы жағдайында, елді дәуірлік қайта құрудың екі қағидатты маңыздылығы бөліп көрсетілген.

«Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатын жақсарту» (қазан, 1997 ж.) атты Жолдауда Қазақстанның өзіндік жолы белгіленді. Осы Жолдау дүниетанымның аса маңызды шамшырағы, халық пен биліктің күш-жігерін ұйымдастырудың бастауы және жоғары саяси үйлестірудің құралы ретінде көрініс берді. «Қазақстан – 2030» Стратегиясын іске асыру Қазақстан Республикасында үш жаңғыртудың: мемлекет құру мен нарықтық экономикаға қадам басудың, әлеуметтік мемлекеттің негізін қалыптастырудың және қоғамдық сананың алға шығуының жүзеге асырылуын қамтамасыз етті.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (2012ж. 14 желтоқсан) атты Жолдау «Қазақстан – 2030» Стратегиясының негізгі көрсеткіштері орындалған жаңа кезеңде одан әрі үйлесімді дамудың бағыттарын жинақтап, қорытады, Ұлттың 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытын шоғырландырған түрде айқындайды. Оны жүзеге асыру 2050 жылы басты мақсатқа – Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруін қамтамасыз етуге бағытталған.

Республика Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» (2014 ж. 11 қараша) атты Жолдауында Елбасы Қазақстанның алдағы қатерлерге қарсы тұратын және экономикада құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталған тізбекті сипаттағы «Нұрлы жол» атты Жаңа Экономикалық Саясатын жария етті.

2017 жылғы Конституциялық реформаның алдында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі» Жолдауы (31 қаңтар 2017 ж.) болды, онда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қоғамдық-саяси алғышарттары бейнеленген. Оларды іске асыру елді әлемдік көшбасшылықта жаңа деңгейге көтереді.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауының жалпыұлттық ауқымдылығына орай Конституцияда Қазақстан халқына бірден бір тікелей адресат ретінде жолдаудың таңдалуы негізді. Кейбір елдерде бұны

тек парламент атқарады, бұл барлық азаматтар мен мемлекеттік емес институттардың жалпы жасампаздық процесіне қатысуына мүмкіндік бермейді.

Республика Президентінің халыққа жүгінудегі еркі ауызша немесе жазбаша білдіріледі, ал жолдаудың өзі Парламентте жарияланады (Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 19-бабының 1) тармақшасы).

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Конституцияда көзделген Мемлекет басшысының функциясын жүзеге асыруының ұйымдастыру әдістері таза құқықтық нысандардан едәуір бай және көлемді.

Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» Ұлттық патриоттық идеясы жоғары биліктің ел дамуының жаңа кезеңіндегі бағыттаушы және үйлестіруші ықпалының, қоғам мен мемлекетті шоғырландыру негізінің жарқын мысалы болып табылады.

Оны іске асыру жолдары президенттік бес институционалдық реформаларда көрініс тапқан, олар: қазіргі заманғы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру; заңның үстемдігін қамтамасыз ету; диверсификациялауға негізделген индустрияландыру мен экономикалық өсу; болашақтың бірыңғай Ұлты; транспарентті және есеп беретін мемлекет. Оларды дамыту үшін «100 нақты қадам» Ұлт жоспары іске асырылды.

Елбасының бұқаралық ақпарат құралдарындағы бағдарламалық сөзі конституциялық құндылықтардың ауқымдылығымен, мақсаттар мен міндеттердің жүйелілігімен, нақтылығымен және анықтылығымен сипатталады. Оған іргелі идеологиялық өзгерістердің қайнар көзі болған «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласы жатады. «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам (2012ж.)» мақаласының да әлеуметтік маңызы зор, оның негізінде бірқатар шешімдер қабылданды және мемлекеттік органдардың қызметі жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысының жолдауында қамтылған идеялары мен тапсырмаларын орындаудың тиімді ұйымдық-құқықтық тетігі жасалған. Жолдаудың ережелері Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын түзетудің негізі болып табылады¹ (*Конституцияның 44-бабының 8) тармақшасына түсіндірмені де қараңыз*).

44.2) Басқарудың парламенттік және аралас нысандары бар елдерде мемлекет басшысына Парламентке қатысты белгілі бір өкілеттіктер дәстүрлі түрде беріледі. Ол жоғары өкілді органды қалыптастырумен, оның қызметін билікті бөлу, тежемелік әрі тепе-теңдік тетіктері қағидаттарының талаптарын сақтай отырып, Конституция шеңберінде қамтамасыз етумен байланысты.

¹ Қараңыз. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» ҚР Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 Жарлығы.

ҚР Президентінің конституциялық өкілеттігінің ресурсы жоғары өкілді орган – Парламент қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге, Мемлекет басшысының саяси үйлестіруші және саяси төреші функциясын іске асыруына бағытталған және Республика Парламентінің заң шығару билігін жүзеге асыру мен депутаттардың өз сайлаушыларының еркін білдіру кезіндегі дербестігі мен тәуелсіздігін ешқандай шектемейді. Бұл ретте демократиялық жаңғырту, парламентаризмді қалыптастыру мен нығайту жағдайында Мемлекет басшысына депутаттық корпусның сапалық құрамын, заң шығару қызметінің бағыттылығы мен деңгейін арттыру жөнінде жекелеген қосымша мүмкіндіктер беріледі. Жалпы мемлекеттілікті, атап айтқанда, биліктің заң шығарушы тармағын нығайту қажеттілігіне қарай, Республика Президенті өкілеттігінің осындай резервтік тізімі қысқарады. *(Конституцияның 49, 50, 51, 58, 59, 61 және 63-баптарына түсіндірмені қараңыз).*

Республика Президенті Парламентті қалыптастыруға қатысады: Республика Парламентінің және оның Палаталарының кезекті немесе кезектен тыс сайлауларын Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес белгілейді (Конституцияның 51-бабының 1-3-тармақтары). Оларда сайлауды белгілеудің және сайлау науқанын өткізудің мерзімдері айқын белгіленген, кезекті немесе кезектен тыс сайлауларды белгілеген кезде Республика Президенті ол талаптарды сақтауға міндетті.

Биліктің заң шығару тармағының сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, Мемлекет басшысы сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей Парламенттің бірінші сессиясын шақырады. Қоғам жаңадан сайланған депутаттық корпусның жұмысқа неғұрлым тезірек кірісуіне және өз функциясын барынша тиімді атқаруына мүдделі¹.

Кезекті сайланған Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі шақырылған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталған кезбен аяқталады; Парламенттің бірінші сессиясында, оның Палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Қазақстан халқына ант береді. Оны Республика Президенті қабылдайды және ол Үкімет, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, елдің экс-президенттерінің қатысуымен салтанатты жағдайда өткізіледі; Парламенттің бірінші сессиясы барысында Сенат төрағасы мен Мәжіліс төрағасы сайланады, Парламенттің жұмыс органдары қалыптастырылады.

Парламенттің кезекті сессиялары Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен бекітілген мерзімде жылына бір рет өткізіледі, оларды, әдетте, Республика Президенті Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында ашады.

Республика Президенті өзінің бастамасымен, Палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттарының жалпы санының кемінде үштен

¹ ҚР КК 1999 ж. 14 шілдедегі № 13/2 қаулысын қараңыз.

бірінің ұсыныстарымен кезектен тыс сессия шақыруы және оны сессиялар арасындағы кезеңде ғана өткізуі мүмкін. Бұл ретте сессияда оны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

Мемлекет басшысының Конституцияда көзделген белсенді қатысуы Парламент заңдылығының алғышарты болып табылады.

Мемлекеттік билік тармақтарының келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, Республика Президенті Парламенттің заң шығарушылық қызметі мен оның басты өнімі – заң саласында басқа да бірқатар конституциялық өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мемлекет басшысының нақ осы заңға айрықша назар аударуы оның Қазақстанның қолданыстағы құқық жүйесіндегі ролін айқындайды. Заңмен аса маңызды қоғамдық қатынастар реттеледі, қазақстандық мемлекет пен қоғамның жұмыс істеуі тұтастай алғанда заңдардың сапасына және олардың практикада қолданылуына байланысты. Парламент қабылдаған заңға қол қойылардың алдында оның Конституцияға және ел үшін міндетті халықаралық-құқықтық актілерге сәйкестігі, Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңның талаптарын сақтай отырып жазылуы, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің бірдейлігі, өзге де қолданыстағы заңдармен қатынасы (реттеу нысанасы мен мазмұны), болжамды орындалуы, тиісті рәсімдердің сақталуы және басқа да көптеген позициялар бойынша тексеріледі. Мемлекет басшысы қол қойған жағдайда жарияланады (әр түрлі құралдармен халықтың назарына жеткізіледі), заңды күшіне енеді, қолданысқа енгізіледі, яғни өзінің басты миссиясын орындауды – қоғамдық қатынастарды іс жүзінде реттеуді бастайды.

Заңды қолданыстағы құқық жүйесіне қосуға кедергі жасайтын қандай да бір мән-жайлар анықталған жағдайда, Мемлекет басшысы оған қол қоюдан бас тартады және заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады. Конституцияда (*Конституцияның 54-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына түсіндірмені де қараңыз*) және Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында (20-бап) Республика Президентінің қарсылығын Парламенттің қарау тәртібі бекітілген. Мемлекет басшысының ветосы салыстырмалы сипатқа ие: бұрын қабылданған заңды растап немесе Мемлекет басшысының дәлелдерімен келісе отырып, Парламент заң шығару билігі саласындағы өзінің үстемдігін сақтайды.

Конституциялық Кеңес заңнамалық процестің әртүрлі сатыларын реттейтін Конституцияның 44-бабының 2) тармақшасында бекітілген Мемлекет басшысының өкілеттігі іске асырылатын бірқатар нормаларға ресми түсінік берді¹.

44.3) Конституциялық функцияларды жүзеге асыра отырып, Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармақтарымен өзара іс-қимыл жасайды. Бұл ретте, атқарушы тармақпен неғұрлым тығыз байланыста бо-

1 ҚР КК 1999 жылғы 29 қазандағы № 20/2 және 2003 ж. 13 мамырдағы № 6 қаулысын қараңыз (2011 жылғы 27 сәуірдегі №4 ҚР КК НҚ-мен күші жойылған).

лады. Практикада нақ солар Конституцияның ережелерін, заңдар мен Мемлекет басшысының нұсқауларын күн сайын және жан-жақты іске асырады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді, оның ішінде құқық қорғау, мемлекеттік меншікті басқару қызметтері арқылы қамтамасыз етеді, бизнестің дамуына жәрдемдеседі, сол үшін де биліктің едәуір әлеуетіне және кәсіби мемлекеттік қызметшілер корпусына иелік етеді. Қазақстандық мемлекеттіліктің жұмыс істеуі көбіне заң шығарушы және атқарушы билік органдарының өзінің қоғамдық құндылықтары бойынша тиімді, сындарлы және өзара құрметке құрылған тең дәрежедегі іс-қимылына байланысты, оны функция ретінде қамтамасыз ету Республика Президентінің құзыретіне кіреді.

Атқарушы билік саласында Мемлекет басшысы бірқатар елеулі өкілеттіктерді иеленеді, олар оның заң шығару билігіне қатысты мүмкіндіктерімен салыстырғанда әлдеқайда кең. Олардың көлемі мен іске асыру тетіктері азаматтық қоғам мен партиялық жүйені нығайту, президенттік басқару нысанын трансформациялау процесінде өзгереді.

Оңтайлы және тиімді басқару аппаратын құру жөнінде тұрақты жұмыс жүргізу тәуелсіздіктің барлық жылдары ішіндегі қазақстандық мемлекеттіліктің құрамдас бөлігі болып келеді.

XX ғасырдың 90-шы жылдары елді «вертикаль бойынша» және «горизонталь бойынша» басқаруды қалпына келтіруге және сақтауға, терең экономикалық реформаларға жауап беретін салалық және аумақтық атқарушы органдарды, олардың халық депутаттары Кеңестері жүйесімен бірге өмір сүруін қалыптастыруға көп күш жұмсалды. Қолданыстағы Конституцияны қабылдаған соң мемлекеттік биліктің біртұтас және бөліну жағдайында жұмыс істеуге бейімделді.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында ауқымды әкімшілік реформалар жүргізілді, оның барысында атқарушы билік органдарының функцияларын тексеру жүзеге асырылды, олар стратегиялық жоспарлау мен нақты мақсаттарға қол жеткізуге, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуге, электрондық үкімет арқылы ақпараттық технологияларды кеңінен енгізуге, тұтынушыларды мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалауға негізделген бюджеттендірудің жаңа қағидатына қайта бағдарланған. Мемлекеттік қызметті қайта ұйымдастыру жүргізілді. 2012–2016 жылдар жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуда айрықша маңызды кезең болды. Жергілікті әкімдер сайланды, атқарушы биліктің орталық органдары қайта ұйымдастырылды, таратылған орталық мемлекеттік құрылымдарды штаттарымен және қаржыларымен бірге өңірлерге және жергілікті жерлерге бере отырып, көптеген функциялар орталықсыздандырылды.

Басқару аппаратын көп векторлы жаңғырту **«100 нақты қадам» Ұлт жоспарына** сәйкес жүргізіледі.

Республика Президентінің Үкіметке қатысты Конституциялық өкілеттігі қызметін қалыптастыруды, бастауды және тоқтатуды; басымдықтарды айқындауды; мемлекеттік биліктің бірлігі мен бөлінуінің конституциялық қағидат шеңберінде жұмыс істеуін; сондай-ақ Республиканың атқарушы билік органдарының жүйесін құруды қамтиды (*Конституцияның 53, 54, 61, 63, 64-70-баптарына түсіндірмені де қараңыз*).

2007 жылы Республика Премьер-Министрінің саяси партиялар ұсынған кандидатурасын фракцияларда алдын ала талқылау практикасын Мемлекет басшысының Конституциялық міндетіне енгізу маңызды қадам болды. Осы рәсім сақталғаннан кейін ғана Премьер-Министрдің кандидатурасы келісім алу және кейіннен Республика Президентінің Жарлығымен тағайындау үшін Мәжіліске енгізіледі (іс басындағы Премьер-Министрді қызметтен босатуды Мемлекет басшысы өз қарауымен жүзеге асырады). Осы маңызды тағайындаудағы Мәжілістің рөлі Палатаның электораттың тікелей ерік-жігерінің нәтижесі болып табылатын партиялық өкілдік шоғырланған орынға айналуынан туындайды.

Үкіметтің құрамын қалыптастырудың және оның мүшелерін тағайындаудың тәртібін өзгерту тап осы мемлекеттілік стратегиясының эволюциясымен байланысты. Үкіметтің құрылымын айқындауды, оның мүшелерін қызметке тағайындауды, Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құруды, таратуды және қайта ұйымдастыруды Премьер-Министрдің ұсынуымен ел Президенті жүзеге асыратын еді. Алайда Үкімет мүшелерін – сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер және әділет министрлерін тағайындау кезінде Премьер-Министрдің ұсынымы талап етілмейтін. Бұл ел мен қоғам үшін сыртқы саясат, қорғаныс, ішкі істер және әділет салаларының айрықша маңыздылығымен, олардың Республика Президентінің конституциялық функцияларына жақындығымен түсіндіріледі.

2017 жылғы Конституциялық реформа одан да әріге жылжыды және Парламент Үкіметтің ең бір «қасиетті» деген функцияларына қол жеткізді. Енді Премьер-Министр Үкімет мүшелерінің кандидатурасы бойынша Мәжіліспен алдын ала кеңесіп барып, оларды тағайындау үшін Мемлекет басшысына енгізуге міндетті. Бұл консультациялар Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының жаңа 22-1-бабының 1 және 3-тармақтарында «Мәжіліспен, оның тиісті бейінді тұрақты комитеттерінде жүргізіледі. Консультация қорытындысы бойынша тиісті комитет консультативтік (ұсынымдық) сипаттағы әр кандидатура бойынша қорытынды шығарады» деп бекітілген (2017 жылғы 15 маусымдағы Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Конституциялық заңы редакциясында).

Бұл рәсім Президент қызметке дербес тағайындайтын сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министрлері сияқты үш министрліктің басшыларына қатысты емес. Бүгінде Әділет министрі бұл тізімнен алынып

тасталды және Премьер-Министр мен Мәжілістің «толық қарауына» ауыстырылды.

Биліктің атқарушы тармағының стратегиялық бірлігін қамтамасыз ете отырып Мемлекет басшысы аса маңызды мәселелер бойынша Үкіметтің отырыстарында төрағалық ете алатын (бірінші кезекте, биліктің атқарушы тармағының қызметінде басты басымдықтарды айқындау, Үкіметтің қызметі туралы есептерді тыңдау, әлемдік экономикалық дағдарысқа қарсы әрекет кезінде күш-жігерді жұмылдыру қажеттігі жағдайында, сондай-ақ жаңа міндеттер мен «Қазақстан – 2050» Стратегиясын іске асыру барысында жұмыс нысандарын түбегейлі өзгерту және басқалар кезінде); Үкіметке Парламент Мәжілісіне заң жобасын енгізуді тапсыруға құқылы болатын. Үкіметтің қызметіне бақылауды жүзеге асыра отырып, Мемлекет басшысы Үкіметтің және Премьер-Министрдің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдері актілерінің күшін жоюға немесе қолданылуын толық не ішінара тоқтата тұруға құқылы болатын. Бұл ретте Конституция Мемлекет басшысының мұндай шешімін жойылған актілер мен Конституцияның, заңдардың не Республика Президенті шешімдерінің арасындағы анықталған қайшылықтармен ғана байланыстырмайды. Президенттік бақылау, өзінің түп негізіне саяси құрамдастықты қамти отырып, Үкіметтің, Премьер-Министрдің және өңірлер әкімдерінің актілері мен әрекеттерінің орынды болуына да қолданылады.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Республика Президентінің құзыретінен мына өкілеттіктер алынып тасталды: Үкіметтің құрамына кірмейтін Республиканың орталық атқарушы органдарын құру, тарату және қайта құру, Парламент Мәжілісіне заң жобасын енгізуді Үкіметке тапсыру.

Республика Президентінің Үкімет пен Премьер-Министр актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру туралы бұрын қолданыста болған өкілеттігінің алынып тасталғанын айрықша атап өтеміз. Және бұдан үлгі алуға болады. Бұрын Мемлекет басшысының оны қолдануы актілердің заңсыздығын ғана емес, олардың пайдасыз екенімен байланысты болған. Қазіргі шешім Премьер-Министрдің басшылығымен Үкіметтің дербестігі мен жауапкершілігін күшейтуге беталысын растайды (*Конституцияның 64–70 баптарына түсіндірмені де қараңыз*).

Сонымен бірге, Мемлекет басшысына Президент туралы ҚР Конституциялық заңның 10-бабы 13-тармақшасымен берілген: «өз актілерімен Үкіметке Республика Конституциясы мен заңдарында белгіленгеннен басқа атқару міндеттерін жүзеге асыруды жүктеу» құқығы сақталған. Бұл құқығы «өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайтын» Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңында да расталған. Алайда енді бұл биліктің атқарушы тармағымен қазақстандық жоғары лауазымды тұлғаның ерекше қарым-қатынасын ғана баса айтып қоймай, Мемлекет басшысының мемлекеттік биліктің

біртұтас және бөліну жағдайында келісілген жұмыс істеуін қамтамасыз ету функцияларын іске асыру тетіктерінің бірі болады.

44.4) Парламентарийлердің президенттік тағайындауларға қатысуы, ұсынылып отырған персоналдың жоғары талаптарға сәйкес келуіне депутаттық бақылау жасау Республика Президенті мен Парламенттің бірлескен іс-әрекетінің дәстүрлі нысандарының бірі болып табылады. Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында, әрбір палата дербес жүзеге асыратын, олардың бөлек отырыстарында іске асырылатын өкілеттіктерді қайта бөлу 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен Парламенттен партиялық фракция құрылмайтын Сенатқа беруден, Республика Президентінің ҚР Ұлттық банкінің Төрағасын тағайындауына келісім беру өкілеттігінен туындайды. Мұндай ұстаным мемлекеттің ақша-кредит саясатын іске асыру кезінде Ұлттық банктің дербестік қағидатына жауап береді. Елдің Бас прокурорын және ҚР ҰҚК Төрағасын тағайындауды Мемлекет басшысы бұрын да Сенаттың келісімімен жүзеге асырды.

Бұл ретте осы тармақшада тізбеленген лауазымды тұлғалар Мемлекет басшысының өз қарауы бойынша қызметтен босатылады.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Конституцияның 55-бабы Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау тәртібі Сенатпен тағайындалатындығы айқындалған 1-1) тармақшамен толықтырылғанын ескертеміз. Мемлекет басшысының 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен құрылған сәттен осы аса маңызды қызметке Республика Президенті тағайындап келді.

44.5) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар қазақстандық мемлекет тетігінде оның кіші жүйесінің бірі ретінде ерекше орын алады. Қазіргі кезде олардың қатарына мыналар:

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ҚР Ұлттық Банкі, ҚР «Сырбар» сыртқы барлау қызметі, ҚР Мемлекеттік күзет қызметі, ҚР Есеп комитеті, ҚР Бас прокуратурасы, сондай-ақ ҚР Президентінің Әкімшілігі және ҚР Президентінің Іс басқармасы жатады.

Нақты мән-жайларға, бірінші кезекте, мемлекеттік басқару саласының сипаттамасына, оны жедел дамыту немесе қандай да бір ықпал етуден қорғау қажеттігіне байланысты, Мемлекет басшысы стратегиялық жоспарлауды, стратегиялық ресурстарды пайдалануды, монополиялық қызметті шектеуді және бәсекелестікті және басқа да кейбір салаларды дамытуды басшылыққа алады. Сала эволюциялық түрде тұрақтылыққа ие болғаннан кейін тиісті мемлекеттік құрылымның Үкіметке қайта бағындырылатын немесе өзге де мемлекеттік органға реформаланатын жағдайлар аз емес.

Тиісінше, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізімі бүгінгі күні Конституцияның 40-бабында көзделген сыртқы саясат, ұлттық қауіпсіздік және елдің қорға-

ныс қабілеті, Конституцияны қорғау, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ Мемлекет басшысының өз қызметін қамтамасыз ету саласында Мемлекет басшысының конституциялық функцияларын іске асырудың қажетті мемлекеттік құралдарына дейін қысқартылды. Әрине, Республика Президенті мен Үкіметтің бірлескен жауапкершілік саласы бар, мысалы, ҚР ІІМ мен ҚР СІМ сияқты жеке мемлекеттік органдардың мәртебесіне із қалдырады.

Республика Президентіне осы органдарға қатысты, оларды құруды, қайта ұйымдастыруды және жоюды; олар туралы ережелерді; құрылымдары мен штат санын бекітуді; көрсетілген мемлекеттік органдардың ведомстволарын жоюды және қайта ұйымдастыруды; басшыларының есептерін тыңдауды және тағы басқаларын қоса алғанда, бірқатар құқықтар берілген.

Осы мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті лауазымға кіріскен кезде тоқтатылады.

Аталған мемлекеттік органдардың көпшілігінің құқықтық мәртебесінің негіздері Парламент қабылдаған ҚР заңдарымен белгіленген, мысалы, Мемлекеттік қызмет туралы; ҚР Бюджет кодексі (бұрын – «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы») 2002 жылғы 29 қаңтардағы № 286 ҚР Заңы); 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы; 1995 жылғы 3 қазандағы ҚР Мемлекеттік күзет қызметі туралы; кейіннен президенттік ережелермен дамытылған, бұл да Мемлекет басшысы мен Парламент депутаттарының бірлескен қызметін дәлелдейді.

2007 жылғы 21 мамырға дейін бұл мемлекеттік органдардың құқықтық негізі ҚР Президенті туралы Конституциялық заң болды. Конституцияның 44-бабын жаңа 5) тармақшамен толықтыру осы органдардың, Үкіметтің және министрліктердің арасындағы практикада қалыптасқан жекелеген ұйымдық-құқықтық үйлеспеушілікті жойды.

Мемлекет басшысының өзі құрған құрылымдар арқылы принципті түрдегі маңызды салаларда басшылық жасауы басқарудың президенттік нысаны компоненттерінің бірі болып табылады.

44.6) Осы нормамен Республика Президентінің елдің дипломатиялық қызметінің жоғары буынын лауазымға тағайындау арқылы оның халықаралық қатынастардағы Қазақстанның өкілдігі шеңберінде іске асырылатын өкілеттігі регламенттелген.

2017 жылы 3 шілдеде Қазақстанда аккредиттелген дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінің басшыларымен кездесуінде сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев бұл жыл елдің сыртқы саяси саласы үшін мерейтойлық болады деп атап өтті, осыдан 25 жыл бұрын ҚР Президенті Қазақстанның дипломатиялық қызметін құру туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанның сырт елдермен байланыс жасау тәжірибесі де, дипломатиялық қызметі де әлі қалыптаса қоймаған болатын. Дипломатиялық кадрлардың жетіспеушілігі айқын сезілді, – деді Н.Ә.Назарбаев. Қысқа мерзім ішінде дипломатиялық корпус құрылды, өз дипломаттарымызды шет елдерге жіберу мүмкіндігіне ие болдық. Содан бергі ширек ғасыр ішінде отандық сыртқы саясат кемеліне жетіп, елдің игілігі үшін қызмет етуде».

Қазақстанның дипломатиялық корпусы ерекше жауапты миссияны орындайды. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасын және негізгі бағыттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне тиісті ұсыныстар беру; Қазақстан Республикасының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегиясы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті үшін ұсыныстар әзірлеу және Президенттің халықаралық бастамаларын іске асыру; Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға және халықаралық беделін нығайтуға жәрдемдесу; Қазақстан Республикасының егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының, оның азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін шет елде қорғауға; Қазақстан Республикасының халықаралық бейбітшілікті, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін дипломатиялық құралдармен және әдістермен іске асыруға; Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дипломатиялық және консулдық қарым-қатынастарын жүзеге асыруға; ел Президенті бекіткен тәртіппен шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының бірыңғай саяси сыртқы және экономикалық бағытын және инвестициялық саясатын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруге; дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік және басқа ұйымдардың қызметін үйлестіруге қатысады. Сонымен қатар дипломаттар дипломатиялық өкілдіктермен, халықаралық ұйымдардың өкілдіктерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аккредиттелген консулдық мекемелермен барлық ресми істерді жүргізеді; әлемдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға, шет мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық ұйымдардың қызметіне талдау жасау және Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Дипломаттардың қызмет нысаны Қазақстан Республикасының халықаралық қатынас саласындағы заңнамасын жетілдіру, оны елдің халықаралық-құқықтық міндеттемелерімен сәйкестендіру жөнінде ұсыныс дайындау болып табылады.

Дипломатиялық қызметтің органдары мен қызметкерлері өзге де жауапты міндеттер мен функцияларды атқарады (*Конституцияның 8-бабына және осы баптың 11) тармақшасына түсіндірмені де қараңыз*).

Дипломатиялық қызмет туралы ҚР Заңымен Мемлекет басшысына мынадай өкілеттіктер берілген: ҚР Сыртқы істер министрі, Төтенше және Өкілетті Елшілерді, Қазақстанның халықаралық ұйымдар жанындағы тұрақты өкілдерін (**9-бап**) лауазымға тағайындау және босату; Сыртқы істер министрінің ұсынуымен Төтенше және Өкілетті Елші, I және II сыныпты Төтенше және Өкілетті уәкіл елші дипломатиялық дәрежелерін беру (**11-бап**); ҚР Консулдық жарғысын бекіту (1-бап) және тағы басқалары.

Осылайша, дипломатиялық қызметтің негізгі мәселелерін регламенттеу кезінде Парламенттің заң қабылдауы арқылы, кадрлық (және өзге де персоналдық) мәселелерді Мемлекет басшысы шешеді.

44.7) ҚР ОСК мен ҚР Есеп комитетінің дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету, оны әртүрлі топтардың қысым жасау ықпалынан шығару, өзіне жүктелген миссияны тиімді жүзеге асыру мақсатында ҚР Конституциясында Мемлекет басшысы мен Парламенттің ҚР ОСК мен ҚР Есеп комитетін қалыптастыруға бірлесіп қатысуы белгіленген.

Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес ҚР ОСК Республика Президенті мен Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауды дайындауды және өткізуді ұйымдастырады; Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастыруға және өткізуге басшылық жасайды; партиялық тізім бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының бір бөлігін саяси партиялар атынан сайлауға қатысуға жіберу туралы мәселені қарайды; Президент пен Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларына басшылық жасауды жүзеге асырады. ҚР ОСК елдің сайлау комиссиясының бірыңғай жүйесін басқарады; сайлау туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, оның бірізді қолданылуын қамтамасыз етеді; елдің барлық аумағында орындалуға міндетті шешімдерді өз құзыреті шегінде қабылдайды; өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады (Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 11, 12-баптары).

ҚР Есеп комитеті ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін жоғары мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы болып табылады. Ол ҚР Заңына сәйкес сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүзеге асырады. ҚР Конституциясы мен көрсетілген Заңға сәйкес ҚР Есеп комитеті республикалық бюджет пен ұлттық ресурстар қаражатын пайдалану жөніндегі мемлекеттік аудит нысандары қызметінің

тиімділік аудиті мен сәйкес келу аудитін жүзеге асырады, сондай-ақ қоғам мен мемлекет үшін маңызды өзге де бірқатар міндеттер мен өкілеттіктерді орындайды. (ҚР Заңының 12-бабы).

1995 – 2006 жылдар ішінде ҚР ОСК және Есеп комитетін құрудың өзге тәртібі болған. ҚР ОСК-нің Төрағасын, Төрағаның орынбасарын, хатшысын және ОСК мүшелерін лауазымға сайлау және босату Конституцияның 57-бабының 3) тармақшасына сәйкес Республика Президентінің ұсынуымен Парламент Мәжілісімен жүзеге асырылды. ҚР Есеп комитетінің төрағасын Мемлекет басшысы бес жыл мерзімге тағайындайды. Осы мерзімге Парламенттің әр Палатасы екі мүшеден және ҚР Үкіметі төрт мүшеден тағайындайды.

2007 жылғы конституциялық реформада барысында ҚР Орталық сайлау комиссиясы мен ҚР Есеп комитетін құру тәртібі өзгертілді. ҚР ОСК Төрағасы мен екі мүшесін бес жыл мерзімге Мемлекет басшысы тағайындайды және және екі мүшеден Парламент Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды. Есеп комитетінің Төрағасы мен екі мүшесін Мемлекет басшысы, үш мүшеден Парламенттің әр Палатасы тағайындайды (*Конституцияның 75-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Мұндай тәртіп Мемлекет басшысы мен Парламент Палаталарының ұстанымы тұрғысынан көп жағдайда, әсіресе көп партиялықты нығайту жағдайында қазіргі заман талаптарына, ал Үкіметті ҚР Есеп комитетін қалыптастыруға қатысу құқығынан айыру - қоғамның қаржы ресурстарын заңды және ұтымды пайдалануды бақылау саласындағы мемлекеттік биліктің біртұтастығы және оның бөліну принципіне жауап береді.

44.8) 2017 жылғы 10 наурызындағы ҚР Заңымен 8) тармақша алынып тасталды.

Бұрын онда мемлекеттік бағдарламаларды бекіту бойынша Мемлекет басшысының функцияларынан туындайтын өкілеттіктер бекітілген. Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңына ұқсас ереже енгізіліп, 9-баптың 2) тармақшасының негізінде «Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді». Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 15 маусымдағы ҚР Конституциялық заңымен Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 10-бабы «мемлекеттік бағдарламалар Мемлекет басшысымен келісіледі» деген 5-1 тармақшамен толықтырылды. Бұл ретте, құжат бекітілгенге дейін Үкімет Мемлекет басшысының пікірін алуға міндетті (Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңының 12-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Мемлекеттік бағдарлама қажетті ресурстарды көрсете отырып, белгілі бір қызмет саласының стратегиясын, стратегиялық бағытын, мақсаттарын, міндеттерін және дамудың күтілетін нәтижелерін айқындайтын жалпыұлттық, салааралық сипаттағы құжат болып табылатынын ескертеміз.

ҚР Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығымен 9

мемлекеттік бағдарламаны қамтитын мынадай Тізбе бекітілді: 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама, Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама, «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы, Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекет жөніндегі мемлекеттік бағдарлама, 2016–2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, 2016–2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама.

Тұтастай алғанда, Республика Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827. Жарлығына сәйкес құрылған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі Н.Ә.Назарбаевтың қағидатты жетістіктерінің бірі болып табылады. Бұл Жүйе елдің ұзақ мерзімді (5 жылдан астам), орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін) және қысқа мерзімді (1 жылға дейін) кезеңдерде дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік жоспарлаудың қағидаттарынан, құжаттарынан, процестерінен және қатысушыларынан тұратын өзара байланысты элементтер кешені болып табылады. Мемлекеттік жоспарлау мемлекеттік органдар мен елді дамыту процесіне өзге де қатысушылардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыруға, азаматтардың әл-ауқатын өсіруге және елдің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған қызметін қамтиды.

Республика Президентінің тапсырмасы бойынша тұжырымдамалар (белгілі бір саланы дамытуды жалпы бағамдау, тиісті мемлекеттік саясатты негіздеу және осы саланың проблемалық мәселелерін шешудің жолдарын ұсыну көрініс табатын құжат) және доктриналар (онда белгілі бір мәселе бойынша саяси қағидаттар жиынтығы, орныққан пікірлер анықталады) қатары әзірленді және іске асырылды. Бұл ретте, тұжырымдамаларды Қазақстан Республикасы Президенті немесе Үкіметі, ал доктринаны Республика Президенті бекітеді және мақұлдайды.

Президенттің аталған Жарлығын бірнеше жыл ішінде орындау бірыңғай жоспарлау негізінде ел басқаруды тиімді ұйымдастыруға және кейіннен, осы тәжірибені ескере отырып, тұрақты қағидалар мен нормалар қалыптастыруға мүмкіндік туғызды, олар 2013 жылғы 3 шілдеде Парламент қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына енгізілді.

Айқын ұйымдастырылған мемлекеттік жоспарлаудың оң әсері ел өмірінің барлық салаларында көрінеді. Жаңғыртылып жатқан Қазақстанның қоғамдық құрылысында аса маңызды компонентердің бірі

болып табылатын елдің қолданыстағы құқығы Республика Президентінің бағамдауын негізге ала отырып, неғұрлым дәйекті, тура бағытта және серпінді дамуда. Республика Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді (ҚР Президентінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 731 Жарлығымен оған «Қазақстан – 2050» Стратегиясына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді). Ол мемлекеттің құқықтық саясат саласындағы тиісті бағдарламаларын, Республика Үкіметінің заң жобаларымен жұмысының перспективалық және жыл сайынғы жоспарларын, Республиканың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу үшін негіз болады. Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасының мұрагері ретінде дайындалды (Республика Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығы). Өз кезегінде, Республика Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы № 1569 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы» қазіргі қазақстандық құқықты жалпы жұрт мойындағын өркениеттік құндылықтар мен қоғамның ұлттық-мәдени ерекшеліктері базасында орнықтыру жөніндегі мемлекеттің сабақтастық қызметін қалыптастыру болды.

Бұрын Президент туралы ҚР Конституциялық заңында (19-баптың 2) тармақшасы) «Мемлекет басшысы «стратегиялық жоспарларды, республикалық бюджет пен оның атқарылуы туралы есепті әзірлеу тәртібін айқындайды, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық жоспарларды бекітеді» деп айтылған болатын.

Аталған норманың және ҚР Бюджет кодексінің негізінде Мемлекет басшысы республикалық бюджетті әзірлеудің, елдің бас қаржылық құжатының орындалуы туралы есепті дайындаудың бірқатар рәсімдерін және Республикалық бюджет комиссиясының қызметін талдап көрсетті. Республика Президентінің Жарлықтарымен «Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу қағидалары» (2009 жылғы 26 тамыз № 861), «Республикалық бюджеттің орындалуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну қағидалары» (2009 жылғы 16 қыркүйек № 871), Республикалық бюджет комиссиясы және оның құрамы туралы ереже (тиісінше, 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлық және 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 537 Өкім), Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттары (2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788) және билік тармақтары мен мемлекеттік органдар жүргізетін салалар түйісетін өзге де құжаттар бекітілді.

Жоғарыда келтірілген 2017 жылғы 15 маусымдағы өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Конституциялық заңының 19-бабы 2) тармақшасында былай жазылған: «Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын бекітуге құқылы».

2017 жылғы 3 шілдедегі ҚР Конституциялық заңымен Президенттің экономикалық процестерді реттеу жөніндегі өкілеттіктері Үкіметке тапсырылды (*Конституцияның 6-бабына және осы баптың 21) тармақшасына түсіндірмені де қараңыз*).

44.9) 2017 жылғы 10 наурызындағы ҚР Заңымен 9) тармақша алып тасталды.

Республика Президенті Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдар қызметкерлерін қаржыландыру мен еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту бойынша белгіленген өкілеттігі Үкіметке тапсырылды.

Бұл салада Мемлекет басшысының жоғары лауазымымен бірізділікті, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілердің конституциялық мәртебесін айқын көре білуді, оны қалыптастыру мен орындауға Қазақстан Үкіметі жауап беретін мемлекеттік бюджет қаражатын мақсатты жұмсау мен үнемдеуде қатаң ерік-жігер танытуды қамтамасыз ету қажет. Сондықтан Республика Президентінің шешімі Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен негізделеді. Енді бұл шешімді Республика Президентінің келісімімен Үкімет қабылдайды¹.

44.10) Республикалық референдум туралы шешім қабылдауға өзінің Мемлекет басшысы ретіндегі конституциялық мәртебесіне және мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы және конституциялық-құқықтық қатынастың басты субъектісі – халықтың конституциялық рөліне орай тек Республика Президенті құқылы. Республикалық референдум арқылы халықтың тікелей билігі жүзеге асырылады².

Халықтың тікелей еркін білдірумен республикалық референдумда елдің қолданыстағы Конституциясы қабылданды, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі, мемлекеттік билік тармақтары мен мемлекеттік органдар арасындағы келіспеушіліктерді қоса алғанда, басқа да аса маңызды мәселелер шешілуі мүмкін (*Конституцияның 3 және 91-баптарына түсіндірмені де қараңыз*).

Мемлекет басшысымен қатар референдум белгілеу бастамасы Республика Парламентіне және Үкіметке тиесілі. Республикалық референдум туралы Конституциялық заңмен халық бастамасы да көзделген. Республикалық референдумға қатысу құқығына ие, сан жағынан барлық облыстардан, республика астанасынан және республикалық маңызы бар қаладан теңдей дәрежеде өкілдік ететін Республиканың кемінде екі жүз мың азаматы Республика Президентіне референдум белгілеу туралы бастамамен жүгіне алады (*Республикалық референдум туралы ҚР Конституциялық заңының 11-16-баптары*).

¹ Тиісінше, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 9) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2011 жылғы 12 қарашадағы № 14/2 НҚ күші жойылған.

² Мысалы, ҚР КК-нің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы № 12 қаулысын, ҚР КК-нің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 2 Нормативтік қаулысын қараңыз.

Референдум белгілеу туралы бастаманың келіп түсуі бойынша Республика Президенті мынадай шешімдердің бірін қабылдайды: 1) референдум белгілеу туралы; 2) референдум өткізбей, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, референдумның мәні ретінде ұсынылған мәселе (мәселелер) бойынша конституциялық заң, заң немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы; 3) референдум белгілеу туралы бастаманы қабылдамау туралы.

Мемлекет басшысы Жарлық шығару арқылы референдум белгілеу туралы шешім шығарады, онда референдум өткізу күні, оған шығарылған мәселенің (мәселелердің) тұжырымы белгіленеді, референдум өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі.

Республика Президенті референдум бастамашыларының келісімімен ол өткізілгенге дейін бастамашылардың еркін неғұрлым дәл білдіру үшін референдумға шығарылған (шығарылатын) мәселенің (мәселелердің) тұжырымын нақтылауға құқылы. Республика Президентінің референдум белгілеу туралы Жарлығы, Конституция, конституциялық заң, заң, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобаларының мәтіндері БАҚ-та жарияланады.

Референдум оны белгілеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан бұрын емес және үш айдан кешікпейтін мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Мемлекет басшысы референдум өткізудің өзге мерзімдерін белгілеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында референдум екі рет өткізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен 1995 жылғы 29 сәуірде өткізілген референдумның шешімімен ҚР Президентінің өкілеттік мерзімі ұзартылды. 1995 жылғы 30 тамызда Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен референдумда қолданыстағы ҚР Конституциясы қабылданды.

44.10-1) 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен 44-бап Республика Президентінің жаңа өкілеттіктерін бекітетін 10-1) тармақшамен толықтырылды:

«10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Конституцияға сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды».

Конституцияны бұл толықтырудың тұжырымдамалық маңызы өте зор.

Біріншіден, ол ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде елдің жалпы даму стратегиясын қолдайды. Мемлекеттік басқару жүйесінде саяси құралдар біртіндеп құқықтық құралдарға, бақылауды жүзеге асыруда тексерудің мақсатқа сәйкестігі – талдау конституциялылығына (заңдылығына) ауыстырылады.

Екіншіден, оның мақсатты бағыттылығы – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Тек осы конституциялық нормада тізбеленген жағдайларда ғана Мемлекет басшысы Конституциялық Кеңеске өтініш жасауға құқылы.

Үшіншіден, Конституцияны және онымен ерекше қорғалатын ел үшін маңызды жалпыұлттық құндылықтарды қорғау күшейтілді. Енді Республика Президенті ҚР Конституциясының 91-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайда қорытынды беру нысанасына Конституциялық Кеңеске өтініш жасайды.

Төртіншіден, қолданыстағы құқық жүйесінің конституциялылығына қосымша кепілдік белгіленді. Нормада күшіне енген заңның немесе өзге құқықтық актінің Негізгі Заңға сәйкестігін тексеруді Мемлекет басшысының бастамашылық жасау мүмкіндігі туралы анық айтылған (оның ішінде, Республика Президенті дербес түрде алып тастауға құқығы жоқ Үкімет қаулысы). Бұрын мұндай тексеру тек сот өтініштері бойынша және бұл қолдануға жататын іс бойынша акт Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деген сот шешімі болған жағдайда ғана жүргізілді (*Конституцияның 78-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Бесіншіден, бұл өкілеттікті жүзеге асыра отырып, Республика Президенті конституциялық заңды, кодекс пен заңды қоспағанда, дау тудырып отырған құқықтық актіні тоқтата алады. Бір жағынан, мұндай шара нұқсан келтіретін құқықтық жағдайды жедел өзгертуге ықпал етеді, екінші жағынан, заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде Парламент үшін кепілдік болады.

Алтыншыдан, ҚР Конституциясының 40-бабымен бекітілген міндеттерін іске асыру бойынша Мемлекет басшысының қосымша құралы енгізілді, сондай-ақ, Конституциялық Кеңестің конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудегі рөлі күшеюде. Осы іс-шаралардың нәтижесінде Негізгі Заңның әрекет ету деңгейі, қорғалуы және тиімділігі артады.

2017 жылғы 15 маусымдағы ҚР Конституциялық заңымен Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңына тиісті өзгерістер енгізілді (*Конституцияның 71-74-баптарына түсіндірмені қараңыз*).

44.11) Халықаралық шарттар жасасу арқылы Қазақстан Республикасы содан туындайтын елдің міндеттемесіне келісім білдіреді. Сондықтан «Қазақстан Республикасы атынан»¹ халықаралық шарттардың өтуінің барлық сатысында айтарлықтай жауапты, кәсіби, тынымсыз және қатаң орталықтандырылған жұмыс қажет. Ол Республика Президентінің –

¹ Толығырақ ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы» 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 НҚ қараңыз.

мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын және халықаралық қатынастарда Қазақстаннан өкілдік ететін елдің жоғары өкілінің функциясы мен жүргізуіне мазмұнды түрде астасады. (*Конституцияның 4-бабына түсіндірмені де қараңыз*).

Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңының 10-бабына сәйкес Республика Президенті халықаралық шарттардың жасалуына қатысты барлық актілерді қосымша өкілеттісіз жасауға құқылы. Бұл Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы атынан өкілдік ететінін, халықаралық шарттың мәтінін қабылдау немесе оның түпнұсқалылығын белгілеу жөніндегі; халықаралық шартқа қол қою жөніндегі; Қазақстан Республикасы үшін міндетті халықаралық шартқа келісім білдіру жөніндегі, Қазақстан Республикасының лауазымды адамының немесе құзыретті органының қандай да бір алдын ала шешімінсіз шартқа қатысты өзге де акт жасау жөніндегі іс-қимылды жүзеге асыратынын білдіреді. Қазақстан Республикасының барлық басқа лауазымды адамдары осы іс-қимылды арнайы уәкілдік бойынша жүзеге асыра алады.

Осы Заңның 8-бабымен түбегейлі қағида енгізілді: Қазақстан Республикасының атынан жасалатын халықаралық шарттар, дәйектеу туралы, халықаралық шарттардың мәтіндерін қабылдау және қол қою, сондай-ақ осы актілерді жасауға уәкілдік беру туралы шешім Республика Президентінің тиісті актісі түрінде қабылданады. Егер осындай халықаралық шартқа Республика Президенті қол қойса немесе осы халықаралық шартқа қол қою құқығын Қазақстан Президенті оған қол қою алдында тікелей басқа лауазымды адамға, оның ішінде ауызша нысанда берсе, халықаралық шартқа қол қою туралы тиісті акт қабылданбайды.

Халықаралық шарттарға қол қою, ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оған қосылу туралы ұсыныста мынадай ұстаным мазмұндалуға тиіс: жағдайға қарай Республика Президентінің, Парламенттің және Үкіметтің тиісті актілерінің жобалары; халықаралық шарттар жобаларының ҚР заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкес келуін айқындауды қоса алғанда, оларға қол қоюдың, ратификациялаудың, бекітудің, қабылдаудың және оған қосылудың орындылығын негіздеу; халықаралық шарттарды жасасудың ықтимал саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық және өзге де салдарын бағалау; Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенген халықаралық шарттар бойынша ғылыми сараптама нәтижелері, сондай-ақ ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама нәтижелері және басқалар (Осы Заңның 5-бабында барлығы отыз ұстаным келтірілген).

Халықаралық шарттарға қол қою, ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және Қазақстан Республикасының атынан оған қосылу туралы ұсыныс Республика Президентіне жіберіледі. Ол өздерінің құзыреті шегінде мүдделі Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ ҚР СІМ-мен алдын ала келісіледі.

Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңының 11-бабында ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың тізбесі белгіленген. Мемлекетішілік рәсімдер жүргізуді көздейтін, ратификациялануға жататын, Қазақстан Республикасының атынан қол қойылған халықаралық шарттарды Республика Президенті бекітуге, қабылдауға тиіс.

Республика Президентіне Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шартқа қосылу туралы ұсыныс табыс етіледі (16-бап). Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының атынан оған қосылу жүзеге асырылатын, ратификациялауға жатпайтын халықаралық шарттарға қатысты, халықаралық шарттарға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы шешім қабылдайды (17-бап).

ҚР-дың қолданыстағы әрбір халықаралық шарты Қазақстан үшін міндетті және адал орындауына жатады. Республика Президенті мен Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын орындауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады. Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуын жалпы қадағалау мен бақылауды ҚР СІМ жүзеге асырады.

Халықаралық шарттардың қолданысын тоқтата тұру немесе күшін жою туралы ұсыныс енгізу және шешім қабылдау рәсімдері осы Заңмен белгіленген (29 және 30-баптар).

Конституцияның түсіндіріліп отырған нормасына сәйкес Республика Президенті өзінің жанында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және өзге де өкілдерінен сенім және кері шақырып алу грамоталарын қабылдайды.

Сенім грамотасын тапсырған кезден бастап дипломатиялық өкіл өзінің миссиясын орындауға кірісті деп есептеледі. Өздерінің өкілдік ету сипаты мен аккредиттелуін қанағаттандыру үшін төтенше және өкілетті елші немесе уәкіл елші дәрежесіндегі шетелдік дипломатиялық өкілдік басшыларына берілетін құжат сенім грамотасы деп аталады. Оған жіберіп отырған мемлекеттің басшысы қол қояды және Қазақстан Республикасының Президентіне жолданады. Құжатта дипломатиялық өкілдің аты мен тегі, сондай-ақ ҚР СІМ мен шет мемлекеттің дипломатиялық ведомствосы арасындағы келісім бойынша айқындалатын дипломатиялық дәрежесі көрсетіледі; Қазақстанда өз мемлекетінің мүддесін білдіру өкілеттігі рас-талады; оның іс-әрекеті мен сөзіне сену өтініші мазмұндалады.

Кері шақырып алу грамотасын Республика Президентіне кері шақырып алынатын дипломатиялық өкіл елінің басшысы жібереді. Кері шақырып алу грамотасында Қазақстан Президентіне дипломатиялық өкілді кері шақырып алу фактісі туралы хабарланады; онда оның қызметінің Қазақстан Республикасы мен осы дипломат өкілдік еткен елдің арасындағы қатынасты қолдау мен дамытуға жәрдемдескені туралы пікір білдіріледі.

Республика Президентінің 2006 жылғы 12 қазандағы №201 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хаттамасы бекітілген, онда Мемлекет басшысына сенім грамотасын тапсырудың тәртібі айқындалған (198-209-тармақтар). Қызметті қоса атқаруы бойынша Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетел мемлекеттерінің елшілерін қабылдауды Мемлекет басшысы ҚР Мемлекеттік хатшысына жүктейді.

Республика Президенті шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың дипломатиялық ұйымдарының басшыларымен жыл сайын кездесу өткізеді.

44.12) Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, елдің Конституциясын, конституциялық құрылысты және егемендік пен тәуелсіздікті қорғау жөніндегі сан алуан қызметті іске асыруға мемлекеттік органдар – Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, соттар және прокуратура қатысады. Сонымен бірге, ҚР күш министрліктерін, ұлттық қауіпсіздік органдарын, Қарулы Күштерді қоса алғанда, мемлекеттік реттеудің барлық тұтқалары тек Республика Президентіне шығады.

Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы ҚР Заңында ҚР Президентінің қорғаныс саласындағы өкілеттігі белгіленген (5-бап).

ҚР Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы бола отырып, Мемлекет басшысы: Қазақстан Республикасының әскери саясатының негізгі бағыттарын айқындайды; Әскери доктринаны, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың құрылуы мен даму тұжырымдамаларын, сондай-ақ әскери қауіпсіздік пен қорғаныс мәселелері жөніндегі тұжырымдаманы бекітеді; Қорғаныс Күштерін қолдану Ережелері мен Қазақстан Республикасы аумағын жедел жабдықтау Ережелерін бекітеді; Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың қолдану жоспарын, қорғаныс мүддесімен Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтаудың жоспарын, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың құрылуы мен даму жоспарын, Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын, ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының директиваларын, сондай-ақ мемлекеттің жұмылдыру жоспарын бекітеді; Қорғаныс Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға жалпы басшылықты жүзеге асырады; аталған Заңның 18-бабының 2-тармағымен көзделген міндеттерді орындау үшін Республика Парламентін дереу хабардар ете отырып, Қарулы Күштерді тарту туралы шешім қабылдайды; бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қарулы Күштерді пайдалану туралы ұсынысты Парламент палаталарының бірлескен отырысының қарауына енгізеді; ҚР Конституциясымен көзделген жағдайда Қазақстанның бүкіл аумағында немесе жекелеген жерлерінде төтенше немесе соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыруды жариялайды және ол туралы Республика Парламентін дереу хабардар етеді.

Республика Президенті Қарулы Күштерді құруды жүзеге асырады: Қарулы Күштердің құрылымын, штат санының лимитін бекітеді; әскери анттың мәтінін, жалпы әскер жарғысын, әскери қызмет өткеру қағидасын, әскери рәміздерді, Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құрамалардың әскери киім нысандары мен айырым белгілерінің үлгілерін бекітеді;

Мемлекет басшысы кадр мәселелерін реттейді және шешеді: жоғары әскери атақ береді; Қаруды Күштердің жоғары басшылығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; республика азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыру және мерзімін өтеген әскери қызметшілерді запасқа шығару, соғыс уақытында жұмылдыру жөніндегі әскери қызметке шақыру туралы, сондай-ақ әскери міндеттілерді арнайы жиынға шақыру туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілген Заң ҚР Қарулы Күштері Жоғары Қолбасшысының өкілеттік тізбесін ашық қалдырады. 14) тармақшаға сәйкес ол «Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» (*Конституцияның 36-бабына түсіндірмені де қараңыз*).

44.13), 44.14) және 44.15) Республика Президенті нақты адамның жеке мәртебесін реттеу жөніндегі мынадай: мемлекеттік наградалармен марапаттау; Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелерін шешу; саяси баспана беру; кешірім жасау жөніндегі бірқатар өкілеттіктерге ие. Үш жағдайдың бәрінде де ел Президенті Қазақстан Республикасынан өкілдік етеді және соның атынан сөйлейді.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішті қанағаттандыра отырып, Президент шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның мәртебесін өзгертеді және адамның Қазақстан Республикасымен жаңа орнықты саяси-құқықтық қатынасын, жаңа құқықтары мен бостандықтары пайда болуын туындатады.

Азаматтың жеке мәртебесі саласындағы өкілеттіктерді Мемлекет басшысына беру кездейсоқ емес. Жеке-дара қатаң әрекет жасап, Қазақстанның және адамның жоғары мүдделерін, ізгілік пен әділеттілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, барлық дәлелдерді мұқият таразылап және заңның барлығына ортақ нормаларын қолдана отырып (мемлекеттік наградалар туралы, азаматтық туралы, ҚР ҚК), Республика Президенті адамдар тағдырына қатысты түпкілікті шешім шығарады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік наградалар туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы ҚР Заңына сәйкес азаматтар Республика алдында сіңірген еңбектері, мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық жемісті қызметі, еңбектегі және жауынгерлік ерліктері үшін мемлекеттік наградалармен марапатталады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен сондай-ақ Қазақстанға сіңірген еңбегі үшін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар да марапатталады.

Мемлекеттік наградалармен марапаттауды Республика Президенті ғана жүзеге асырады. Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне айрықша тиесілі»¹ екендігін растады.

Жоғары дәрежелі айырым белгілері бар «Алтын Қыран» ордені, «Халық Қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары, сондай-ақ басқа да ордендер, медальдар, құрметті атақтар мен Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары болып табылады (нақты наградалардың мәртебелері аталған Заңның 8-30-баптарында айқындалған).

Жеке марапаттауды жүзеге асырумен қатар Республика Президенті:

мемлекеттік наградалардың сипаттамасын, «Алтын Қыран» ордені кітапшасының, «Халық Қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары кітапшаларының, медальдарға куәліктердің және құрметті атақ берудің үлгілерін және мемлекеттік наградаларға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібін, басқа да құжаттар мен қағидаларды бекітеді;

«Алтын Қыран» орденімен марапаттаудың кандидатурасын айқындайды. Өзге де мемлекеттік наградалармен марапаттауға ұсынысты Республика Президентіне Парламент, Үкімет, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдар жасайды. Марапаттауға арналған кандидатураларды еңбек ұжымдары да қарап, ұсына алады. Шетел азаматтарын марапаттау ұсынысын Сыртқы істер министрлігі, басқа да министрліктер мен орталық атқарушы органдар жүргізеді. Республика Президентінің жанында наградалар бойынша алдын ала қарап, ұсыныстар дайындайтын Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Комиссияның құрамы мен оның қызметі туралы ережені Республика Президенті бекітеді;

Марапатталушы қылмысы үшін сотталған жағдайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айыру – заңнамада белгіленген негізде және тәртіпте соттың ұсынуымен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айыру наградаларды және оған қоса тіркелген құжаттарды Қазақстан Республикасының Президентіне қайтаруға әкеп соғады. Сонымен бірге, заңсыз сотталған және толық ақталған азаматтардың мемлекеттік наградаларын сот шешімі бойынша Республика Президенті қалпына келтіреді (Заңның 40 және 41-баптары).

Парламент Палаталардың бөлек отырыстарында тиісті заң жобасын алдымен Мәжілісте, сонан соң Сенатта қарау арқылы мемлекеттік наградаларды бекітеді, құрметті, әскери және өзге де атақтарды, сыныптық шендерді, дипломатиялық дәрежелерді белгілейді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының азаматтығына

¹ ҚР КК «Республика Конституциясының 44-бабының 13) тармақшасын, 53-бабын және 54-бабының 4) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» 1999 жылғы 30 маусымдағы № 10/2 НҚ

қабылдау, оны сақтау және одан шығу, Республиканың азаматтығын қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды. Конституцияның 10-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады ...» деп бекітілген. Азаматтық туралы ҚР Заңы осындай болып табылады. Оның бірқатар нормаларын дамыту үшін Мемлекет басшысының 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығымен ҚР Президентінің жанынан Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілді, онда азаматтық және саяси баспана алу мәселелерін шешу нақтыланды (*Конституцияның 10-бабына түсіндірмені де қараңыз*).

Азаматтың жеке мәртебесін регламенттей отырып, Республика Президенті азаматтарға кешірім жасауды да жүзеге асырады. ҚР ҚК-нің 78-бабына сәйкес, ҚР Президенті белгілі бір жеке тұлғаға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген, сондай-ақ шетел мемлекеті сотының үкімі бойынша жазаны Қазақстан Республикасының аумағында өтеп жатқан не өтеген адамға кешірім жасау туралы акт шығарады. Кешірім жасалған кезде, қылмысы үшін сотталған адам жазасын одан әрі өтеуден босатылуы не оған белгіленген жазаның қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырылуы не ол адам жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамнан кешірім жасау актісімен соттылықтың алып тасталуы мүмкін.

Кешірім жасау құқығын сапалы атқару мақсатында Республика Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі № 140 Жарлығымен ҚР Президентінің жанынан Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілді.

44.16) және 44.17) Демократия практикасы, әсіресе саяси жаңғырту жағдайындағы елдерде мынадай жалпы қорытындыны растайтын мысалдар аз емес. Конституцияның, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жаппай бұзылуына қауіп төндіретін дағдарысты кезеңдерде, көшбасшы-президент бірінші қатарға жеке-дара шығады. Өз халқының сеніміне ие болған мемлекет басшысы конституциялық рәсімдердің сақталуының белгілі бір жағдайларында, француз мемлекеттанушыларының дәл тұжырымдарын пайдалана отырып, «қоғамды құтқару диктатурасын» белгілейді. Мұндай көзқарас Конституцияның 3-бабы 3-тармағының ережесінен туындайды.

Конституциямен Республика Президентінің тұтастай алғанда ел аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше не соғыс жағдайын енгізу құқығы бекітілген, осы шешімді қабылдаудың негізі толық регламенттелген. Мемлекет басшысы төтенше жағдайды Премьер-Министрмен (биліктің атқарушы тармағымен) және Республика Парламенті Палаталарының төрағаларымен (биліктің заң шығарушы тармағымен) алдын ала ресми консультация жасағаннан және бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлағаннан кейін енгізетінін атап көрсетеміз. Әскери жағдайды, оған тез арада ден қою қажеттігіне орай, Мемлекет басшысы дербес енгізеді, бірақ Парламентті дереу хабардар етеді.

Бұл қатынасты құқықтық реттеу Төтенше жағдайлар туралы ҚР Заңында талданған, онда Қазақстан Республикасының барлық аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдайлар енгізу мен әрекет етуінің негізі, мерзімдері, тәртібі, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі белгіленген. Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын басқа да адамдардың, сондай-ақ соғыс жағдайы кезеңінде меншік нысандарына қарамастан, мемлекеттік органдардың, әскери басқару органдары мен ұйымдарының құқықтық қатынасы Соғыс жағдайы туралы ҚР Заңында реттелген.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметіне осы екі айрықша құқықтық режимдерді енгізудің мақсаты мыналар болып табылады: төтенше жағдай – оны енгізуге себеп болған мән-жайларды жою, қауіпсіздікті, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау; соғыс жағдайы – Қазақстан Республикасына қарсы агрессияны болдырмауға немесе бетін қайтаруға жағдай жасау.

Конституцияның түсінік берілген нормаларында аталған төтенше немесе соғыс жағдайын енгізудің негіздемесі мен мән-жайы, Республика Президентінің тиісті Жарлықтарының мазмұны, мемлекеттік арнайы басқару органдарын құру, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен жауаптылық мерзімдері (кезеңдері), кепілдіктері, жекелеген мемлекеттік органдардың құзыреті мен қызметінің ерекшеліктері Заңдарда пысықталады және нақтыланады. Осы жағдайда «қоғамды құтқару диктатурасын» жүзеге асыратын Мемлекет басшысына Конституцияда және заңдарда белгіленген тәртіп шеңберінде Қарулы Күштерді пайдалануға дейінгі негізгі шаралар мен уақытша шектеулерді (соғыс жағдайы шараларын) дербес таңдау құқығы берілген Олардың барлығы төтенше не соғыс жағдайын енгізу туралы жарлықта тізбеленуге тиіс.

44.18) 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен осы тармақша мынадай редакцияда жазылған: «18) өзіне бағынысты Мемлекеттік күзет қызметін жасақтайды». Конституцияның түсінік берілген нормасында атауы өзгертілген және бұрын ҚР Президентінің Күзет қызметі және Республикалық ұлан болып жұмыс істеген бұлардың ортақ белгілері көп: Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мәртебені иеленді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшке жататын арнаулы мемлекеттік орган болды; әскери құрамалар болды; олардың міндеттері мен функциялары тұтастай алғанда лауазымды адамдар мен объектілердің «қай билікке тиістілігіне» қарамастан, күзет іс-шараларын жүзеге асырумен байланысты болды; қызметтің құқықтық негізін Конституция, заңдар және Мемлекет басшысы бекіткен ереже құрады.

Осы мән-жай, сондай-ақ олардың қызмет тәжірибесі Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін құру туралы шешім қабылдауына негіз болды.

Бұрын қолданыста болған «Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі туралы» 1995 жылғы 3 қазандағы ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы» Заң деп қайта аталды, «Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі туралы» деген ҚР Заңының атауы барлық мәтін бойынша «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы» деген мәтінге ауыстырылды, сондай-ақ бірқатар жаңа нормалармен толықтырылды.

Осы ҚР Заңының 1-бабында ҚР Мемлекеттік күзет қызметі ҚР Президентінің күзет қызметі мен ҚР Республикалық ұланының функциясын орындайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шекте күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзету іс-шарасының құзыретін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшке жататын, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган ретінде айқындалған.

Республика Президенті Мемлекеттік күзет қызметі туралы ережені бекітті.

Осылайша, Мемлекеттік күзет қызметі жалпы ұйымдық-құқықтық негізді сақтай отырып, бұрын жұмыс істеген екі мемлекеттік органның белгілері мен функцияларын қабылдап алды.

«Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы» 1995 жылғы 5-желтоқсандағы Заң 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жойды.

Қазіргі кезде, Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 31-бабының 1-тармағына сәйкес (2017 жылғы 15 маусымдағы ҚР Конституциялық заңы редакциясында) «1. Республика Президентін күзету Мемлекеттік күзет қызметінің тиісті бөлімшесіне жүктеледі».

44.19) Республика Президентінің функциясы мен өкілеттігін тиімді атқарудың қажеттігі Мемлекет басшысына жәрдемдесудің институционалдық тетігінің сапалы қызметін талап етеді. Саясатты қалыптастыру мен жүргізудің, жобалар әзірлеудің және қабылданған шешімдерді іске асырудың, президенттік бақылауды және Республика Президентінің өзге де мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам субъектілерімен, шетел мемлекеттерінің басшыларымен және халықаралық ұйымдардың жетекшілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етудің осындай құралы тиісті лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдар болып табылады.

ҚР Мемлекеттік хатшысы мен Президент Әкімшілігінің конституциялық мәртебесі бар және Негізгі Заңда тікелей аталған.

ҚР Мемлекеттік хатшысы Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының лауазымды тұлғасы болып табылады, өз қызметін Мемлекет басшысының

тікелей басшылығымен жүзеге асырады, оған есеп береді және бақылауында болады.

ҚР Мемлекеттік хатшысы қызметінің құқықтық негізін Конституция, заңдар, ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» 2007 жылғы 13-тамыздағы № 379 Жарлығы (ҚР Президентінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 806; 2014 жылғы 18 қарашадағы № 960, 2017 жылғы 5 мамырдағы № 471 Жарлықтарымен енгізілген өзгерістермен бірге) және Республика Президентінің өзге де актілері құрайды.

ҚР Мемлекеттік хатшысы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады: 1) ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары бойынша ҚР Президентіне ұсыныстар әзірлейді; 2) Мемлекет басшысының тапсыруымен оның мүддесіне: Парламент пен оның палаталарында, басқа да мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, халықаралық қатынастарда өкілдік етеді; 3) мынадай: әлеуметтік-гуманитарлық даму мәселелері, отбасылық-демографиялық саясат, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі қызметті; Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың: Адам құқықтары жөніндегі комиссияның; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның; Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның; Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Бейбітшілік пен прогресс мемлекеттік сыйлығын беру туралы комиссияның, Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның, Шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның; Әйелдер істері мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның; Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін үйлестіреді; 4) Қазақстанда қызметті қоса атқаруы бойынша аккредиттелген шетел мемлекеттерінің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдайды; 5) ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өкілеттіктерді іске асыру мақсатында ҚР Мемлекеттік хатшысы мыналарға: өкім шығаруға; орталық және жергілікті атқарушы органдарға тапсырмалар беруге; Парламент пен оның палаталарының, Үкіметтің, Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарына қатысуға; өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан қажетті ақпарат, құжаттар және басқа да материалдар сұратуға және алуға; өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Республика Президенті актілерінің жобаларын әзірлеу, сондай-ақ Мемлекет басшысы алға қойған өзге де міндеттерді шешу үшін ведомствоаралық жұмыс тобын құруға құқылы. Мемлекеттік хатшының қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және өзге де тұрғыдан қамтамасыз етуді Президент Әкімшілігі жүзеге асырады.

Мемлекеттік хатшының қарау нысаналарын ел эволюциясының сол немесе өзге де нақты учаскелеріне зейін қою қажеттілігіне байланысты Республика Президенті жиі өзгертеді.

Оның үстіне, Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев Мемлекеттік хатшы мен Сыртқы істер министрі лауазымын қоса атқаруды екі рет жүргізді: «Қ.Б.Саудабаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі етіп тағайындау туралы» (2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 865 Жарлық) және «Қ.К.Тоқаевты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі етіп тағайындау туралы» (2002 жылғы 29 қаңтардағы № 775 Жарлық).

Президент Әкімшілігі Республика Президенті құратын, оған тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады. Әкімшілік – мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға. Әкімшіліктің құрылымы мен штат санын Республика Президенті айқындайды.

Конституцияның 19) тармақшасының нормасын дамыту үшін Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 32-бабында Республика Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік орган болып табылатыны, оған: 1) Республика Президентінің қызметін қамтамасыз ету; 2) Республика Президентін елдегі жағдай туралы уақтылы және толық хабардар ету; 3) Республика Президентінің шешімдерін сөзсіз және егжей-тегжейлі орындау және олардың орындалуын бақылау; 4) Мемлекет басшысы белгілеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жүктелетіні айқындалған.

Республика Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығымен жаңа «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ереже» бекітілді (2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 1129 Жарлық және 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 295 және 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900, 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137, 2016 жылғы 5 қазандағы № 349 және 2017 жылғы 5 мамырдағы № 471 Жарлықтарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар редакциясында).

Әкімшілік миссиясы Президенттің қызметін ақпараттық-талдамалық, құқықтық, хаттамалық-ұйымдық, құжаттамалық және өзге де тұрғыдан сапалы және уақтылы қамтамасыз ету болып табылады. Мыналар негізгі міндеттер ретінде айқындалған: 1) Президенттің өкілеттігін іске асыру; 2) ҚР Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан халқы Ассамблеясының және Президент жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету; 3) заңнамамен белгіленген және (немесе) Президент айқындайтын өзге де міндеттер. Әкімшіліктің басты миссиясы мен міндеттерін негізге ала отырып, Ереженің үшінші бөлімінде оның тізбеленген салалардағы функциясы айқындалған.

Әкімшілікті Әкімшілік Басшысы басқарады, оны Республика Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады және оның тікелей басшылығымен жұмыс істейді.

Әкімшілік құрамына Әкімшілік Басшысынан басқа ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, Әкімшілік Басшысының орынбасарлары, Республика Президентінің көмекшілері, Президент Кеңесінің бастығы, Президент кеңесшілері, құрылымдық бөлімше басшылары және Әкімшіліктің басқа қызметкерлері жатады.

Ережеде Әкімшіліктің алдында тұрған міндеттерді шешу бойынша өкілеттіктер берілген, мемлекеттік қызметші болып табылатын әр қызметкердің құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Әкімшіліктің функцияларын іске асыру үшін белгілі бір құқықтар берілген: мемлекеттік органдарға Ережеде тізбеленген тапсырмалар беру (бұл ретте тиісті кепілдік енгізілген, мысалы, ҚР Жоғарғы Сотына, ҚР Бас прокуратурасына, ҚР ҰҚК-ға, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттікке тапсырма тиісінше сот төрелігін іске асырумен, қылмыстық қудалау, анықтау, алдын ала тергеу және жедел-ізвестіру қызметі функцияларын жүзеге асырумен байланыссыз мәселелер бойынша ғана берілуі мүмкін); мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан қажетті ақпарат, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу; тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметін үйлестіру және бақылау, Мемлекет басшысы мен оның Әкімшілігінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын тиісінше тексеруді ұйымдастыру, оның ішінде Үкіметтің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, әкімдердің, мемлекеттің өзге де лауазымды тұлғалары актілерінің Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне сәйкестігі нысанасын тексеруді ұйымдастыру; Республиканың заңдарын, Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларын орындау барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюды талап ету; анықталған бұзушылықтарды, заңдардың, Республика Президенті актілерінің тәртібін сақтамау және оның тапсырмаларын орындамау фактілерін жою жөнінде ұсыныс әзірлеу; тиісті жауапты тұлғаны ауызша тыңдау және одан жазбаша түсінік талап ету; Әкімшілік жүргізген тексерудің нәтижелері туралы Республика Президентіне жүйелі түрде хабарлап отыру.

Бұл өкілеттілік ҚР ПӘ Басшысы, оның орынбасарлары, Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, ЖСК Төрағасы, Президент көмекшілері, Президент Кеңесінің бастығы, Мемлекет басшысының кеңесшілері, ҚР ПӘ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ҚР ПӘ мемлекеттік инспекторлары арасында лауазымдар бойынша қатаң бөлінген.

Әкімшілік қызметін бақылауды Республика Президенті жүзеге асырады.

Мемлекет басшысының, мемлекеттік органдардың және бірқатар басқа да лауазымды тұлғалардың қызметін қаржылық, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету Республика Президентінің Іс басқармасына жүктелген (Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 30-бабы).

Мемлекет басшысының билік құралына басқа да институттар жатады (*Конституцияның осы бабының 5),18) және 20) тармақтарына түсіндірмені қараңыз*).

44.20) Бұл тармақша бұрын Республика Президентінің консультативтік-кеңесші органдарды ғана құру жөніндегі өкілеттігін регламенттеген болатын. 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен ҚХА, ЖСК мәртебесі өзгертілгеннен кейін оның реттеу саласына Республика Президентінің жанындағы мекемелер мен ұйымдар да қамтылды.

Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 33-бабымен бекітілген Республика Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың, мекемелер мен ұйымдардың жалпы міндеті Республика Президентінің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыру және оның қызметін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстандық Мемлекет басшысының жеке-дара мәртебесі мен жеке жауаптылығы, сондай-ақ бұл 33-баптың аталған Конституциялық заңның «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету» деп аталатын V-тарауында орналастырылуы, бұл органдарға Мемлекет басшысына жәрдемдесу құралы ретінде ғана қарауға мүмкіндік береді, бірақ олар ешбір жағдайда Республика Президентінің өкілеттігін іске асыратын, оған «көпшілік дауыспен» қысым жасау арқылы қандай да бір әрекет жасауға міндеттейтін дербес орган немесе Мемлекет басшысына бақылау жасайтын институттар бола алмайды.

Республика Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдарға, мекемелер мен ұйымдарға қатысты Мемлекет басшысына мынадай өкілеттіктер берілген: Қауіпсіздік Кеңесінің және өзге де консультативтік-кеңесші органдардың, сондай-ақ ҚХА-ның, ЖСК-нің құрамын айқындайды, Республика Президентінің жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдарды құрады; консультативтік-кеңесші органдардың, ҚХА-ның, ЖСК-нің, Республика Президентінің жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдардың басшы лауазымды адамдарын тағайындайды; Қауіпсіздік Кеңесі және өзге де консультативтік-кеңесші органдар туралы, ҚХА, Республика Президентінің жанындағы өзге де мекемелер мен ұйымдар туралы ережені бекітеді; Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының және өзге де консультативтік-кеңесші органдардың басшы лауазымды адамдарының осы органдар туралы есептерін, сондай-ақ ЖСК Төрағасының есебін тоқсан сайын тындайды.

Республика Президенті азаматтық қоғамның әртүрлі институттарының мүдделері мен қажеттерін анықтауға мүмкіндік беретін; саяси партиялармен, ҰЕҰ-мен, БАҚ-пен және азаматтармен байланысты қамтамасыз ететін; Мемлекет басшысының аса маңызды шешімдерінің жобаларын әзірлеуге биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының өкілдерін, сондай-ақ талап етілетін саланың мамандарын тартатын; әртүрлі органдардың қызметімен келісетін және шығарылған актілердің орындалуы-

на бақылау жасауды қамтамасыз ететін жоғары биліктің консультативтік-кеңесші органдар жүйесін қалыптастырған.

Республика Президентінің жанында мынадай комиссиялар жұмыс істейді: Адам құқықтары жөніндегі комиссия; Әйелдер істері мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия; Республика Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының лауреаттары және «Қазақстанның үздік тауары» атты республикалық конкурс-көрменің дипломанттары атағын беру жөніндегі комиссия; Қазақстан Республикасының Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия; Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер беру жөніндегі комиссия; Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Бейбітшілік пен прогресс мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссия; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия; Шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия; Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі комиссия; Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия, Ведомстволық және оған теңестірілген наградалар жөніндегі мемлекеттік рәміздер және геральдикалық республикалық комиссия; Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия; сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы жаппай қырып-жою қаруларын таратпау мәселелері жөніндегі комиссия.

Республика Президентінің жанында мынадай кеңестер жұмыс істейді: Астананың архитектуралық кеңесі, Мұнайгаз кеңесі, ҚР Қауіпсіздік кеңесі, Шетелдік инвесторлар кеңесі, Жастар саясаты жөніндегі кеңес, Қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес, Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес, Ұлттық инвесторлар және құқықтық саясат жөніндегі кеңес.

Конституцияның 44-бабының 13), 14) және 15) тармақшаларымен белгіленген өкілеттіктерді Республика Президенті бұл мәселелерді Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия не ҚР Президентінің жанындағы Кешірім жасау жөніндегі комиссия немесе ҚР Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия алдын ала қарағаннан кейін жүзеге асырады.

1995 жылғы ҚР Конституциясының жобасымен Сараптамалық-консультативтік кеңес жұмыс істеді. 2007 жылғы конституциялық реформа Республика Президентінің жанындағы Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның және оның ізашары – Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның қызмет нәтижелері бойынша жүзеге асырылды.

Қазіргі кезде Республика Президентінің жанындағы бірден бір консультативтік-кеңесші орган Конституцияда тікелей аталған Қауіпсіздік Кеңесі болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік туралы ҚР Заңында Қауіпсіздік Кеңесіне арналған нормалар бар. Мәселен, 10-бапта Республика Президентінің өкілеттігі қатарында Мемлекет басшысының Қауіпсіздік Кеңесін құратыны және басқаратыны, оның міндеттері мен өкілеттігін айқындайтыны бекітілген.

11-бап «Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттігі» деп аталады және екі бөліктен тұрады: 1. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Республика Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады; 2. Қауіпсіздік Кеңесінің өкілеттілігін, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібін Республика Президенті айқындайды.

Республика Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы № 88 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы» Ереже бекітілді (ҚР Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 131; 2009 жылғы 21 қаңтардағы № 728; 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 1066; 2011 жылғы 22 шілдедегі № 124; 2012 жылғы 13 шілдедегі № 355; 2014 жылғы 29 тамыздағы № 900; және 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 158 Жарлығымен енгізілген өзгерістермен) .

ҚР Қауіпсіздік Кеңесі Конституцияның 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес Мемлекет басшысының шешімдер тұжырымдау және Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттің егемендігін, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, елдің әлеуметтік-саяси тұрақтылығына қолдау көрсету, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өкілеттігін іске асыру үшін ҚР Президенті құратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар: ұлттық мүдделерді қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау, ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерді анықтау, талдау, бағалау және болжау, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құралдар мен әдістерді таңдау; елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу; елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ішкі, сыртқы және әскери саясат мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау және осы шешімдерді іске асыру жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде Республика Президентіне ұсыныстар енгізу; ұлттық мүдделерді қозғайтын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау.

Республика Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы болып табылады. Қауіпсіздік Кеңесін Республика Президенті жасақтайды және ол Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінен және мүшелерінен тұрады. Лауазымдары бойынша мыналар: Премьер-Министр, Мемлекеттік хатшы, ҚР

ПӘ Басшысы, Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, ҚР ҰҚК Төрағасы, ҚР Сыртқы істер министрі мен ҚР Қорғаныс министрі Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері болып табылады. Лауазымдары бойынша мыналар: Парламент Мәжілісі мен Сенатының Төрағалары, Бас Прокурор, Ішкі істер министрі, «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің директоры, Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштерінің Штаб бастығы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері болып табылады. Қажет кезде, Республика Президенті Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының ұсынысын ескере отырып, ҚР ПӘ Басшысының ұсынуы бойынша өзге де лауазымды адамдарды Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі етіп қосымша тағайындай алады.

Ереженің V бөліміне біріктірілген нормалар Қауіпсіздік Кеңесі жұмысының және оның қызметін қамтамасыз етудің, VI бөлім Қауіпсіздік Кеңесі өкілеттілігінің тәртібін айқындайды.

Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі Қауіпсіздік Кеңесінің отырысына қатысушы тұрақты мүшелерінің және мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және оны ҚР мемлекеттік органдарының орындауы міндетті болып табылады. Қажет жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі Республика Президентінің немесе Үкіметтің шешімімен іске асырылады. Аса маңызды мәселелер Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының басшылығымен өткізілетін жұмыс кеңестерінде алдын ала талқыланады.

Конституцияның 44-бабы 20) тармақшасының «сондай-ақ» деген сөзбен басталатын екінші бөлігіндегі ұсыныстың қағидатты маңызы бар.

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен бұрынғы екі консультативтік-кеңесші органдар – ҚР ҚХА-ның және ЖСК-нің мәртебесі өзгерді.

ҚХА-ның рөлі күрт өсті. Ендігі жерде Конституцияның 44-бабының 20) тармақшасында тікелей аты аталған ол конституциялық деңгейге көтерілді.

ҚХА Республика Президентінің Жарлығымен 1995 жылғы 1 наурызда Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Сол кезден бастап ол дамып келе жатқан қазақстандық демократияның басты институттарының біріне айналды. ҚХА аналогтары шетелдің бірде-бірінде жоқ¹.

ҚХА қызметі қазақстандық көпұлтты қоғамның өмірлік міндеттерін шешуге: рухани бірлік идеясын қалыптастыруға және таратуға, халықтар арасындағы достықты және этносаралық келісімді нығайтуға және сақтауға; ҚХА-ның мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара

¹ Толығырақ мысалы, Нұрсұлтан Назарбаев: бейбітшілік пен келісім идеясы /Е.Л. Тоғжанов, А.А. Әбдікәрімов, Н.П. Калашникова, В.Г. Коченов, С.В. Селиверстов, А.М. Әли, Н.Ж. Шәймерденов. – Астана: «Жасыл Орда», 2014; Ел тарихында Қазақстан халықтарының /ҚХО Төрағасының орынбасары, саяси ғыл. докторы Е.Л. Тоғжановтың редакциялауымен. – Алматы, «КАЗақпарат», 2015 қараңыз.

іс-қимылының бірыңғай жүйесін құру арқылы этносаралық қатынас саласында теріс үрдістің алдын алуға; этносаралық және конфессияаралық қатынас саласындағы жағдайға талдау жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға, соның негізінде қоғамды топтастыруды қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстар жасауға, мемлекет жүргізіп отырған ұлттық саясатта сан алуан ұлттық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; ұлттық БАҚ пен театрларға, халық шығармашылығына қолдау көрсетуге; этносаралық қатынасты, азаматтық бейбітшілік пен келісімді нығайту жөнінде бағдарламалар мен жобалар жасауға бағытталған.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқы Ассамблеясын 20 жылдығымен құттықтауында Елбасы ҚХА-ға мынадай баға берді: «Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл қасиетті Отанымызда бейбітшілікте, келісімде және достықта тұрып жатқан барлық этностардың басты және мықты іргетасы. Ол Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қалыптастыру мен нығайтуда, Конституцияның бүкілхалықтық қабылдануында, экономикада терең реформалар жүргізуде, қоғамымыздың әлеуметтік және саяси негіздерін қайта құруда аса маңызды рөл атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы көп ұлтты халқымыздың бірлігінің мәңгілік сақтаушысы бола білді. Ол қазақстандықтардың санасында ортақ құндылықтарды – бірлікті, тұрақтылықты, толеранттылықты, жалпыға ортақ еңбекті, патриотизмді бекітеді. Өзінің күнделікті тынымсыз еңбегімен ол ел азаматтарының бойында жоғары жауаптылықты, мызғымас Отанымызға – Мәңгілік Елге деген мақтанышты, қазақстандықтардың бірегей және тату отбасына ортақ тиесілігімізді қалыптастырады»¹.

Өткен жылдар ішінде Республика Президенті – Елбасы Ассамблеяның беделін және қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде бірнеше рет пәрменді шаралар жасады. Республика Президентінің 2002 жылғы 16 сәуірдегі Жарлығымен «Қазақстан халықтары Ассамблеясының Стратегиясы» және Ассамблея туралы Ереже бекітілді. Қазақстандық бірдейлікті қалыптастыру, ҚХА-ның қоғамды демократияландыру процестеріне қатысуы және оны этносааралық қатынас институты ретінде жетілдіру мемлекеттік және қоғамдық ресурстарды қосымша жұмылдыруды талап етті. 2005 жылғы 23 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан халықтары Ассамблеясы институтын нығайту туралы» тағы бір Жарлық шығарады. Оның этносаралық қатынасты үйлестіруін қамтамасыз етуі, әртүрлі этнос өкілдері арасындағы қатынаста толеранттылық пен сенімді нығайтуы; алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұлттық-мәдени бірлестіктердің күш-жігерін интеграциялауы есебінен ҚХА-ның өкілеттілігі мен функциясы кеңейтілді. Осы Жарлықты негізге ала отырып, ҚХА мен шағын ассамблея мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін бекіту, ҚХА-ның және шағын ассамблеялардың жұмыс органдарының мәртебесін арттыру жүзеге асырылды.

¹ Казахстанская правда, 2015, 3 наурыз.

2007 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясы конституциялық мәртебеге ие болды және Қазақстан халқының Ассамблеясы болып өзгертілді.

Осы конституциялық новелланы дамыту үшін 2008 жылғы 20 қазанда ел Президенті «Қазақстан халқының Ассамблеясы туралы» Заңға қол қойды, ол мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, Қазақстан Республикасында қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдар мен қоғамның азаматтық институттарының өзара тиімді іс-қимылын арттыруға бағытталған ҚХА-ның мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастырудың мәртебесін айқындады.

Осы Заңда ҚХА заңды тұлға құрмайтын, Республика Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме болып табылады. Ол өзінің қызметін Қазақстанның бүкіл аумағында жүзеге асырады.

Облыстардың ассамблеялары облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдерінің жанындағы заңды тұлға құрмайтын мекеме, олардың қызметін ҚХА үйлестіреді.

ҚХА мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлі жағдайында, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірдейлік пен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Жоғарыда аталған Заңның 4-бабына сәйкес ҚХА міндеттері мыналар: этносаралық қатынас саласында мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісім мен толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау; қазақстандық қоғамның түбегейлі құндылықтары бойынша халықтың бірлігін нығайту, қоғамдық бәтуаны қолдау және дамыту; қоғамдағы экстремизм мен радикализм көріністеріне, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған қарсы іс-қимылда мемлекеттік органдарға көмектесу; демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетті қалыптастыру; ҚХА-ның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін интеграциялауды қамтамасыз ету; Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін қайта түлету, сақтау және дамыту болып табылады.

ҚХА қызметінің қағидаттары (5-бап) мыналар болып табылады: 1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы; 2) халық пен мемлекет мүдделерінің басымдығы; 3) нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатысына, сеніміне немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; 4) ҚХА құрамындағы қызметі үшін оның мүшелерінің тең құқылығы мен

жауаптылығы; 5) жариялылық. 6-бапта ҚХА қызметінің негізгі бағыттары регламенттелген (олардың барлығы он бес, олардың тізбесі ашық: «16) этносаралық келісімге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметке көмектесетін»).

Республика Президенті ҚХА-ға қатысты мынадай өкілеттіктерді иеленеді: 1) ҚХА-ны құрады және қайта ұйымдастырады; 2) ҚХА қызметінің бағыттарын айқындайды; 3) ҚХА-ның басшы лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды және босатады; 4) ҚХА Сессиясын шақырады; 5) Республиканың Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару тиесілі.

Заңның екінші тарауында ҚХА-ның құрылымы мен басқару органдарын, ҚХА-ға мүшелікті, ҚХА мүшелерінің өкілеттігін, ҚХА сайлаған Парламент Мәжілісіне депутаттың өкілеттігін тоқтатудың тәртібін белгілейтін баптар біріктірілген. Үшінші тарау ҚХА-ның және облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) ассамблеяларының қызметін қаржыландыру көздеріне арналған.

ҚХА құрамын оның Төрағасы мемлекеттік органдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сондай-ақ халық арасындағы олардың беделі мен қоғамдық-саяси белсенділігін ескере отырып, өзге де адамдардың қатарынан қалыптастырады.

Ассамблея құрылымының екі құрамдас бөлігі бар: мемлекеттік және қоғамдық. Жоғары органы ел Президентінің төрағалығымен басқарылатын сессия болып табылады. Оның барлық шешімдерін қарау мемлекеттік органдар үшін де, сондай-ақ азаматтық қоғам институттары үшін де міндетті болып табылады.

Этносаралық қатынастарды басқару тетігі мемлекеттік басқарудың атқарушы вертикаль жүйесінің құрылымына кіреді. ҚХА жұмыс органы – Секретариат ҚР ПӘ-ге жатады. Облыстардың Астана және Алматы қалаларының Ассамблея секретариаттары облыстық әкімдік құрылымына кіреді.

Жалпы, Ассамблея – 1330 этномәдени бірлестікті шоғырландырады, басшылары соның, сондай-ақ өңірлік ассамблеяның құрамына кіреді. Осы арнада республиканың қоғамдық өмірінде, мемлекеттік-құқықтық қатынастар субъектілерінде белгілі бір ерекше топтық мүдделерді таратушы ретінде этномәдени бірлестіктердің біртіндеп бірігу процесі болады¹.

2007 жылғы конституциялық реформа Ассамблеяның беделі мен саяси салмағын нығайтты. Ол толыққанды конституциялық орган болды және ҚР Парламентінің Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығына ие болды.

¹ Толығырақ қараңыз: Этномәдени бірлестіктер// Этномәдени бірлестіктердің электрондық базасы. Қазақстан халықтары ассамблеясының ресми сайты: <http://www.assembly.kz> сонымен бірге: Народ Казахстана: Энциклопедия /ред. Ж.Н. Тойбаева. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 2016 қараңыз.

Осылайша заң шығару бастамасы құқығын іске асыратын ҚР Парламенті Мәжілісінде Ассамблеясының кепілді өкілдігі болады, ҚХА депутаттық тобы партияаралық ынтымақтастық механизмінің рөлін атқаратын болды.

Ассамблея депутаттары жекелеген этнос өкілдері атынан шықпайтынын атап өту маңызды. Олар бүкіл этностық топтар жиынтығының мүддесін білдіреді.

Бүгінгі күні ҚХА инфрақұрылымы бүкіл ел бойынша 1300-ден аса этномәдени бірлестікті, 192 этноағартушылық кешенді қамтиды. ҚХА ұранымен Қазақстан этностарының 15 тілінде 52 этномәдени БАҚ жұмыс істейді.

Барлық өңірлерде әлеуметтік бастамалар мен қоғамдық келісім, этномәдени бірлестіктерді ресурстық және әдістемелік қамтамасыз ету орталықтары, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізетін және басым әлеуметтік жобаларды іске асыратын, мемлекеттік тіл және ағылшын тілі, сондай-ақ этностардың тілдерін үйрету бойынша жексенбілік мектептердің жұмысын ұйымдастыратын орын болып табылатын 39 Достық үйі жұмыс істейді.

ҚР Президентінің тапсырмасы аясында еліміздің барлық өңірлерінде және барлық деңгейлердегі ауылдық округтерде, сондай-ақ ірі кәсіпорындарда ҚХА-ның 2866 қоғамдық келісім кеңестері құрылды.

Бұл Кеңестердің қызметіне деген қоғамның үлкен әлеуметтік қажеттілігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Олар кез келген ықтимал форматтарда халықтың өзекті әлеуметтік және басқа да мәселелерін шешу бойынша мемлекет пен қоғамның жан-жақты үнқатысу алаңы болып табылады.

Маңызды тәрбиелік міндетті Ассамблея жанындағы 2141 аналар кеңесі атқарады.

Барлық өңірлерде 16 кабинет және 13 медиация орталығы құрылды. Олардың жұмысы сотқа дейінгі тәртіпте әр түрлі жанжалды жағдайлар және дауларды реттеуге көмек көрсетуге бағытталған.

ҚХА-ның кең ауқымды азаматтық желісіне бірқатар мамандандырылған қоғамдық құрылымдар жатады: ҚХА Ғылыми-сараптамалық кеңесі; ҚХА жанындағы этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі журналистер мен сарапшылар клубы; ҚХА Кафедраларының қауымдастығы; «ҚХА Қоры» ҚҚ; ҚХА Кәсіпкерлер қауымдастығы және т. б.

ҚХА ғылыми-сараптамалық кеңесі 2009 жылдан бастап жұмыс істейді, оның құрамында 35 ғылым докторы және 10 ғылым кандидаты, 8 қоғам қайраткерлері бар.

Барлық өңірлерде құрамында 183 адам, оның ішінде 52 ғылым докторы, 73 ғылым кандидаты бар 16 ғылыми-сараптамалық топ құрылған.

ҚХА Кафедраларының қауымдастығына жетекші жоғары оқу орындарының базасында құрылған 22 кафедра мен орталық кіреді.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды зерттеу орталығы құрылды.

Ғалымдарымыздың күшімен қазақстандық саясаттың этносаралық қатынастар саласының терминдері мен ұғымдары жүйеленді және ғылыми негізделді, «Бірегейлік және бірлік» бағыты бойынша реформаларды ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.

Тек 2016 жылы ҚХА Жылы аясында қазақстандық бірегейлік пен бірлік мәселелері бойынша 2 ірі әлеуметтік зерттеу жүргізілді, жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы ілгерілетілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан халқы Ассамблеясы: екі онжылдықтың тарихы» және «Қазақстан халқы Ассамблеясы ел тарихында» атты кітаптар жарық көрді. Ғылыми-сарапшылық кеңестің бағыты бойынша 3 тілде (қазақ, орыс және ағылшын) 12 ғылыми жұмыс басып шығарылған. Өңірлерде 28 кешенді зерттеулер өткізілді, 18 монография, 10 оқулық және құрал басылып шықты, 29 әдістемелік көрсеткіш дайындалды, 123 мақала жарияланды. Жоғары деңгейде 4 халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

ҚХА қызметінің орнықты практикасы қалыптасты. Сессияның әрбірі – қазақстандықтар өміріндегі оқиға. Әрбір сессияда мемлекет өмірінің зәру проблемалары талданады, тағдырлы шешімдер қабылданады. Онда мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға бағытталып, мазмұндалған, мемлекеттік ұлттық саясат жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстар міндетті түрде қаралуға жатады. Олардың айрықша маңыздылығына орай, сессия аяқталғаннан кейін, әдетте, арнайы үкіметтік қаулымен қабылданған шешімнің іс жүзінде орындалуы бойынша нақты шаралар айқындалады.

2010 жылғы сәуірде Мемлекет басшысы Қазақстанның Ұлттық бірлігінің доктринасын мақұлдады. 2011 жылғы 7 қыркүйекте ҚР Президентінің № 149 Жарлығымен ҚХА туралы жаңа Ереже бекітілді.

Ассамблея Парламент Мәжілісіне тоғыз депутат сайлауды үш рет - 2007, 2012 және 2016 жылдары өткізді. Мәжіліс депутаттары мен барлық партиялық фракция өкілдерінен тұратын «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деген парламенттік депутаттық топ жұмыс істейді, оның негізгі бөлігі ҚХА-дан сайланғандар. Ол саяси көзқарастар мен басымдықтарға қарамастан, жалпыұлттық бәтуаны талап ететін мәселелер бойынша (тәуелсіздік, халық бірлігі, құндылықтардың ортақтығы, қоғамдық келісім) партияаралық ынтымақтастықты ұйымдастырудың тетігі рөлін атқарады.

«Қазақстан–2050» Стратегиясының ережелерін негізге алып, ҚХА сессияларында айтылған ұсыныстардан жинақталған тәжірибені ескере отырып, Республика Президенті 2013 жылғы 18 сәуірдегі № 552 Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасын бекітті (2020 жылға дейінгі).

Этносаралық және конфессияаралық қатынас саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдірудің тиімді ресурсы оның ғылыми

құрамдас бөлігіне де салынған, оны іске асыру үшін 2009 жылы Ғылыми-сараптама кеңесі құрылды. Оның жұмыс органы – этносаралық және конфессияаралық қатынасты зерделеу жөніндегі Ассамблеяның Ғылыми-зерттеу орталығы ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында жұмыс істейді. Бүгінде аймақтардағы ғылыми-сараптау орталықтары мен Ассоциацияға біріккен кафедралар және еліміздің жоғары оқу орындарындағы ҚХА орталықтары негізгі ғылыми-зерттеу және білім беру әлеуетін құрайды.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында электронды каталог арқылы да қол жетімді ҚХА депозитарийі бар.

ҚХА қызметін қамтамасыз ету кешеніне сондай-ақ Ассамблея жанындағы институттар және қаржылық («ҚХА қоры» Қоғамдық қоры, ҚХА Кәсіпкерлерінің қауымдастығы, қазақстандағы этномәдени бірлестіктердің басшыларына президенттік гранттар, бюджетпен қамтылған ұлттық театр-лар, ұлттық тілде оқытылатын оқулықтар және т. б.), медиа-ақпараттық (ресми сайты <http://www.assembly.kz> «Достық – Дружба» журналы, ҚХА жанындағы этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі журналистер мен сарапшылар клубы) және оқыту (Бейбітшілік және достық академиясы, «Тілдарын» тілдерді инновациялық оқыту технологияларының әдістемелік орталығы) шараларын сүйемелдеу жатады.

ҚХА қызметін Мемлекет басшысы 2014 жылғы 17 маусымда құрған, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі және облыстар мен Астана, Алматы қалалары әкімдерінің аппараттары жанындағы «Қоғамдық келісім» 16 коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамтамасыз етеді. «Қоғамдық келісім» – Мемлекет басшысының жанындағы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы, заңды тұлға мәртебесіне ие, коммерциялық емес ұйым.

Оның қызметінің нысанасы Ассамблеяның жұмысын ұйымдастырумен және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен: Ассамблея қызметін ғылыми-сараптамалық, ақпараттық, талдамалық ұйымдастырумен; Ассамблеяның жұмысын іске асыруға бағытталған этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің жұмысын қолдаумен және ұйымдастырумен байланысты.

Елбасы бастамашылық жасаған және тұрақты түрде ынталандырған этносаралық қатынас саласындағы орнықты және көпжоспарлы мемлекеттік саясат біртіндеп Қазақстан Республикасының ең басты функцияларының біріне айналды. Оның Конституцияның, ағымдағы заңнаманың тиісті нормалары, этика, мораль және адамгершілік нормалары нысанындағы мықты саяси-құқықтық негізі бар. ҚХА өзінің қуатты және абыройын асыратын ресурсын дәлелдеген, ұйымдық жағынан рәсімделген тиімді мемлекеттік қоғамдық ұйым болып табылады.

2014 жылғы 30 тамызда Қазақстан халқын құттықтауында, ел Конституциясының республикалық референдумда қабылдануының 20 жылдығын

келесі жылы мерекелеу туралы айта келіп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай деп баса айтты: «Негізгі Заңның мерейтойы жалпы мемлекеттік деңгейде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен бірге аталып өтетін болады. Бұл екі ұлы оқиға біздің шежіремізде біртұтас байланысты құрайды»¹.

ҚР 2015 жылғы 27 қазандағы ҚР Заңымен ҚХА туралы Заңға, оны жүргізу саласын қағидатты кеңейтетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін Республика Президенті құрған мекеме ретінде анықталды. Тиісінше ҚХА негізгі міндеттері, ұйымдастыру және қызмет бағыттары түзетілді.

ҚР Президентінің 2015 жылғы 28 қарашадағы Жарлығымен жаңа институционалдық жұмыс бағыттарын белгілейтін Қазақстан халқы Ассамблеясының жаңа даму тұжырымдамасы (2025 жылға дейінгі) бекітілді: қоғамдық келісім кеңестерінің жүйесін дамыту және қоғамдық бақылау саласындағы олардың жұмысын жандандыру, медиацияны дамыту және елде қайырымдылыққа ықпал жасау.

Нақты шаралар тізімінде: жүйелі мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтуды, Қазақстан Республикасының Президенті – ҚХА Төрағасы тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуын бақылауды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; ҚХА-ның, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің ұйымдық құрылымы мен жұмыс механизмдерін одан әрі жетілдіру; ҚХА ғылыми-сарапшылық кеңесінің және өңірлердегі оның ғылыми-сарапшылық топтарының, ҚХА кафедралары мен орталықтарының қызметін жаңғырту; ҚХА-ның іске асырылып жатқан жобаларына сараптамалық сүйемелдеуді күшейту.

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен бұрын Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган болған және бір мекеме – ҚР Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті жанындағы мекеме қатарына ауыстырылды. Республика Конституциясының 82-бабының 1 және 2-тармақтарында ЖСК-нің функциясы, сондай-ақ оның құрамы айқындалған болатын. «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» арнайы Заң 2001 жылғы 28 мамырда тұңғыш рет қабылданған болатын.

2007 жылы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2008 жылғы 17 қарашадағы жаңа Заңмен ЖСК-нің мәртебесін және оның жұмысын ұйымдастыру айқындалды. ЖСК – Республика Президентінің соттарды қалыптастыру, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға тиіспеушілік кепілдігі жөніндегі конституциялық өкілдігін қамтамасыз ету мақсатында заңды тұлға құрмай құрылған мекеме. Кеңес қызметінің құқықтық негізі –

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: <http://www.akorda.kz>

Конституция, Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы, Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері болып табылады. ЖСК қызметін қамтамасыз етуді Кеңес аппараты жүзеге асырады, оның қызметкерлері Президент Әкімшілігінің қызметкерлері болып табылады.

ҚР ЖСК қызметінің құзыреті мен ұйымдастырылуы ЖСК-нің (2001 жылғы 28 мамырдағы Заң) және Республикалық әділет біліктілік алқасының (2001 жылғы 11 шілдедегі Заң) функциялары мен өкілеттіктерінің бір органға біріктірілуіне, сондай-ақ кейіннен, 2010, 2012 және 2014 жылдары заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Аталған Заңның 2-бабымен таңдалған кандидатты Республика Президентіне кейіннен ұсына отырып, судьялардың бос лауазымына (тиісті соттардың төрағалығы мен алқаға) кандидаттарды іріктеу бөлігінде судьялардың тәуелсіздігі мен оларға тиіспеушілікті қамтамасыз ету, Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында белгіленген негіздер бойынша судьялардың (соттардың және сот алқалары төрағаларының) өкілеттігін тоқтату мәселелерін қарау; судьяны қамауға, оны күштеп әкелуге келісім беру, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдану, судьяны қылмыстық жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін ҚР Президентіне қорытынды ұсыну жөніндегі ЖСК өкілеттігі белгіленген.

Кеңестің бірқатар өкілеттігі судьялық корпусы сапалық жақсарту, судьяларды дайындау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру; судьялық лауазымға үміткерлерден емтиханды біліктілікпен қабылдауды ұйымдастыру; судьялық лауазымға ие болуға арналған біліктілік емтиханын тапсырған, соттарда тағылымдамадан өткен және облыстық және соларға теңестірілген соттардың жалпы отырыстарының қорытындысын алған, сондай-ақ мамандандырылған магистратураны бітірген адамдардың есебін жүргізу жөніндегі қызметпен байланысты. Кеңес жанында біліктілік алқасы жұмыс істейді.

ҚР ЖСК қызметінің тағы бір саласы – сот жүйесі мен заңнаманы жетілдіру, судьялардың жалпы штат санын, әрбір жергілікті және басқа да соттардағы судьялар санын белгілеуге келісім беру туралы мәселені қарау жөнінде ұсыныс әзірлеу және Республика Президентіне енгізу.

2015 жылғы 4 желтоқсандағы Н.Ә.Назарбаев ұсынған бес институционалдық реформаны іске асыру аясында Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы жаңа ҚР Заңы қабылданды.

ҚР Президентінің 2016 жылғы 3 ақпандағы № 188 Жарлығымен ЖСК құрылды, оның құрамында: Төраға, іс басындағы судьялар мен отставкадағы судьялар, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті кафедрасының меңгерушісі, Республикалық адвокаттар алқасы төрағасының кеңесшісі, сондай-ақ лауазымы бойынша Кеңес құрамына кіретін ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы, ҚР Бас Прокуроры, ҚР Әділет министрі,

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган басшысы, ҚР Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы және ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы.

Үшінші конституциялық реформа барысында ЖСК туралы ҚР Конституциялық заңы, Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы, Жоғары Сот Кеңесі туралы Заң нормалары өзгертілді және толықтырылды.

Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңында айтылған судьялардың тәуелсіздігіне, құқықтары мен жауаптылығына кепілдік бөлігінде барлық материалдық қатынастардың іс жүзінде Конституцияның және Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының ережелеріне негізделгенін тағы да атап көрсету қажет. Мемлекет басшысының әділ соттың сапалы іске асуын жақсарту жөнінде сот жүйесінің алдына қойып отырған талаптың тұрақты түрде артуы ЖСК-ден соттар мен судьялардың тәуелсіздігі мен жауаптылығын қамтамасыз ету жөніндегі өз функциясын орындау бөлігінде нақтылықты талап етеді (*Конституцияның 82-бабына түсіндірмені де қараңыз*).

44.21) Мемлекет басшысының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі ашық болып табылады және жоғарыда көрсетілгендей, конституциялық және жай заңдар шығару арқылы Парламент түзетеді. Мұндай тәсіл (Парламент өкілеттігінің жабық тізбесімен салыстырғанда) саяси және заңдық тұрғыдан ақталады.

Біріншіден, президенттік өкілеттіктің конституциялық базасын мемлекеттік биліктің бірлігі және оны тармақтарға бөлу қағидаты құрайды. Екіншіден, бұл жағдайда еркі бастапқы болып табылатын заң шығарушы Республика Президентінің Негізгі Заңмен белгіленген құзыретіне қосымша мазмұн мен көлемді саналы түрде айқындайды. Үшіншіден, бұл стратегиялық ғана емес, тактикалық мәселелерді де айтарлықтай жедел шешуге мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге, Мемлекет басшысына заңмен өкілеттік беру мүмкіндігі туралы формальды-заңдық талап Республика Президентінің құқықтылығын шексіз кеңейту ықтималдығын білдірмейді. Бұл арада Конституцияның жалпы ережелері, оның Парламент пен Үкіметтің құзыретін белгілеген ережелері нысаналы шектеулер болып табылады.

Үшінші конституциялық реформаны дайындау және жүзеге асыру барысында Үкімет 11 конституциялық заңды, 20 кодексті және 298 заңды талдады. Президент өкілеттігімен белгіленетін нормалары 11 кодексте және 80 заңда қамтылған.

Мемлекет басшысы бастама жасап, Республика Парламенті 2017 жылғы 15 маусымда Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Конституциялық заңын қабылдады, онда Қазақстан Республикасының Президенті туралы, Тұңғыш Президент – Елбасы туралы, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы, Қазақстан Республикасының

Үкіметі туралы, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы, Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы, сайлау туралы және республикалық референдум туралы ҚР конституциялық заңдарына қажетті түзетулер енгізілген.

Республика Президентінің жекелеген әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешуге байланысты экономика, қаржы, мемлекеттік мүлікгі басқаруды қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу жөніндегі заңдармен белгіленген өкілеттіктерінің едәуір бөлігі Үкіметке және басқа да атқарушы органдар берілді. Осы мақсатта 2017 жылы 3 шілдеде Президент тапсырмасы бойынша әзірленген және Парламент қабылдаған Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Конституциялық заңына және Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Заңына Президент қол қойды.

3 шілдедегі 2017 жылғы ҚР Конституциялық заңы Конституцияға түзетулерді талап етпейтін, Республика Президентінің заң жүзінде белгіленген өкілеттіктерін қайта бөлуді көздейді.

Үкіметке экономикалық процестерді реттеу жөніндегі ҚР Президенттің мынадай өкілеттіктері берілді: Республикалық бюджет комиссиясын құру, ол туралы ережені бекіту, оның құрамын анықтау; Президентпен келісім бойынша мемлекеттік жоспарлау жүйесін айқындау; республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп жасау және ұсыну тәртібін айқындау.

Сондай-ақ, республикалық бюджет және оның өзгерістерін, Парламентке республикалық бюджет және оның атқарылуы туралы есеп беру ұсыныстарын әзірлеуге Үкіметтің қатысу тәртібін анықтау жөніндегі Президенттің өкілеттігі алынып тасталды.

2017 жылғы 3 шілдедегі өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Заңымен ҚР 4 кодексіне (Жер, Су, Бюджет, Кәсіпкерлік) және экономика, әлеуметтік даму және ұйымдастырушылық сипаты бар, Республика Президентінің бірқатар өкілеттіктерін Үкіметке беруді көздейтін 22 заңға түзетулер енгізілді.

Атап айтқанда, экономикалық процестерді реттеу саласында индустриялық-инновациялық қызметті қолдау саласындағы экономиканың басым секторларын анықтау; республикалық бюджет жобасын әзірлеу тәртібін анықтау; стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есепті жасау және ұсыну тәртібін анықтау; Ұлттық Банк және тиісті уәкілетті органдардың бірлескен ұсынымы негізінде арнайы валюталық режимді енгізу; мемлекеттік-жекешелік әріптестік мақсаттар үшін берілмейтін объектілер тізбесін анықтау сияқты Президентінің өкілеттіктері Үкіметке берілді.

Сонымен қатар, Үкімет Республика Президенті немесе Президент Әкімшілігінің келісімі бойынша мынадай міндеттерді жүзеге асыратын болады: Мемлекеттік жоспарлау жүйесін анықтау; жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді белгілі бір мерзімге тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдау; мемлекеттік орган туралы үлгі ережені бекіту; мемлекеттік

меншіктегі және иеліктен шығаруға жатпайтын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілер тізбесін бекіту және басқалар бойынша.

Әлеуметтік мәні бар мәселелер бойынша Президент Әкімшілігінің келісімімен мерекелік күндер тізімін бекіту бойынша, мемлекеттік қызметшілерге бонустар төлеу тәртібін анықтау бойынша өкілеттіктер Үкіметке берілді.

2017 жылғы 3 шілдедегі өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Заңымен сондай-ақ, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың шекарасын анықтау, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін анықтау, Президент Әкімшілігінің келісімімен Әуе кеңістігін бұзушы әуе кемелері бойынша қару және жауынгерлік техника қолдану ережесін бекіту жөніндегі Президентінің ұйымдастырушылық өкілеттігі Үкіметке берілді.

Мемлекеттік органдарға жұмысқа қабылдау кезінде шетелдік қызметкерлерге арнайы тексеру жүргізу тәртібін анықтау бойынша Президентінің өкілеттігі осы міндетті Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттікпен бірге жүзеге асыратын ҚР ҰҚК беріледі.

2017 жылғы 11 шілдедегі өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Заңымен ҚР Салық кодексіне, ҚР ҚК, ҚР ҚПК, ҚР ӘҚБтК және ҚР АПК-ке және басқа да бірқатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (барлығы 54 заң).

Құқықтық актілерді Конституцияға сәйкестендіру жөніндегі ауқымды жұмыс заңға тәуелді деңгейде жалғасуда.

45-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады.

2. ҚР 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңымен алып тасталды.

3. Республиканың Президенті қол қоятын Парламент актілері, сондай-ақ Үкімет бастамасымен шығарылатын Президенттің актілері тиісінше осы актілердің заңдылығы үшін заңдық жауапкершілік жүктелетін Парламенттің әр Палатасының Төрағаларының не Премьер-Министрдің алдын ала қолдары қойылып тиянақталады.

45.1. Республика Президентінің функцияларын және нақты өкілеттіктерін іске асыруды заңды түрде рәсімдеудің өте үлкен маңызы бар, өйткені саяси кеңістікке қарағанда, құқықтық кеңістіктің нақты шектеулері мен қағидалары бар.

Қазіргі уақытта Республика Президентінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың заңды нысандарының принципті бастаулары Конституцияда бекітілген. 45-бапта Республика Президенті актілерінің нысаны белгіленген: Республика Президенті Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін шығаратын жарлықтар және өкімдер.

Қазақстандық құқықтық жүйені құрудың конституциялық негізі *(сондай-ақ Конституцияның 4-бабына түсіндірмені қараңыз)* нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы бекітілген Құқықтық актілер туралы ҚР Заңының 10-бабында өзінің дамуы мен нақтылауын табады.

Республика Президентінің нормативтік («жай») жарлықтары алтыншы орынға, заңдардан және Парламент пен оның Палаталарының нормативтік қаулыларынан кейін қойылған. Демек, Республика Президентінің «жай» жарлығы Парламент пен оның Палаталарының нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келе алмайды.

Нормативтік құқықтық сипатқа тек «заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер» санатына жататын Президент жарлықтары ие екені туралы принципті ереже өте маңызды болып табылады.

Конституцияның 61-бабында заңмен реттелетін қоғамдық қатынастардың жан-жақты жиынтығы белгіленген. «Барлық өзге қатынастар заңға тәуелді актілермен реттеледі» *(сондай-ақ Конституцияның 61-бабының 2-тармағына түсіндірмені қараңыз)*.

Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 2-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында мынадай ереже белгіленген: «Республика Президентінің нормативтік актілерімен Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңмен белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады».

Өздеріңіз көріп отырғандай, бірыңғай нормативтік құқықтық кеңістіктің парламенттік және президенттік секторларының қиылысындағы туындаған бос кеңістікті Парламент Республика Президентінің қарауына тапсырды.

Осылайша, Парламенттің заңнамалық үстемдігімен қатар, заңмен реттелмеген саладағы Республика Президентінің қатар үстемдігінің мүмкіндігі көзделген. Осындай жағдайда актіні шығару кезінде Мемлекет басшысы тек Конституцияны басшылыққа алуға міндетті.

Мысалы, ҚР Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығымен **Қазақстанда Мемлекеттік жоспарлау жүйесі** бекітілді. **Бірнеше жылдың ішінде байқаудан өткізілді және түзетуге ұшырады.** Ал 2013 жылғы 3 шілдеде Парламент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдады. Қазіргі уақытта Мемлекеттік жоспарлау жүйесін құқықтық реттеу конституциялық реформамен Парламент пен Үкіметтің құзырына берілді.

Әрине, қазір өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасымен салыстырғанда ХХІ ғасырдың басында Парламенттің өнімді заң шығару қызметінің нәтижесінде Президенттің осындай актілерінің өрісі едәуір тарылды. Дегенмен, Конституцияның 40-бабында белгіленген Республика Президентінің функциялары саласында заңдық күші жағынан заңға тең жарлық шығару оның өкілеттігі болып табылады, Қазақстанның Мемлекет басшысы қолданыстағы Негізгі Заң негізінде оны «құқығы бойынша» пайдалана алады (*Конституцияның 40-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Президент туралы ҚР Конституциялық заңында Мемлекет басшысының жарлықтары мен өкімдеріне қойылатын белгілі бір талаптар белгіленген.

Конституциялық заңның 21-бабына сәйкес Республика Президентінің жарлық шығаруы арқылы: Президенттің Республика Президентінің актілерін шығаруды талап ететін конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады; мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді жұмыс істеуін және өкімет органдарының Қазақстан халқы алдында Конституциямен және заңдармен белгіленген жауаптылығын қамтамасыз ету мәселелері шешіледі; Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңмен белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады; Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

Республика Президентінің өкімдері Конституцияның, заңдардың және Президент жарлықтарының негізінде және соларды орындау үшін шығарылады. Өкімдермен әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу жүзеге асырылады; Республика Президентінің құзыретіне сәйкес конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды тұлғалар қызметке тағайындалады және босатылады.

Қажет болған жағдайларда Республика Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде өзінің тиісті өкілеттіктерінің қандай акт нысанында, Жарлық немесе өкім нысанында жүзеге асырылатындығын дербес анықтай алады (Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 20-бабы).

Құжатпен жұмыс жасаудың барлық сатыларында жарлықтарды әзірлеу технологияларына, оның қозғалысына қойылатын талаптар жеткілікті нақты белгіленген.

Нормативтік сипаты бар жарлықтар, егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе, олардың ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін Республиканың бүкіл аумағында бір мезгілде күшіне енгізіледі. Нормативтік сипаты жоқ Президент актілері, егер Мемлекет басшысы өзгеше белгілемесе, оларға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді. Президент актілері Құқықтық актілер туралы ҚР заңымен белгіленген ресми баспа органдарында жарияланады. Олар, сол сияқты өзге де баспа органдарында жариялануы, теледидар, радио арқылы, Интернетте жария етілуі, телеграф, телефакс арқылы берілуі, тиісті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғаларына таратылуы

мүмкін. Республиканың мемлекеттік құпиялары немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиясы баяндалған Президент актілері жариялауға жатпайды. Президенттің аталған актілерінің мазмұны белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында баяндалуы мүмкін.

45.2. ҚР 2017 жылғы 10 наурыздағы Заңымен 45-баптың 2-тармағы алынып тасталды.

Қазақстандық президенттік басқару нысанының моделі, қалыптасқан объективті мән-жайларға байланысты, Республика Конституциясына және Республика Президентінің және Парламентінің өз еркін білдіруге сәйкес, олардың арасында заң шығармашылық өкілеттікті уақытша қайта бөлуді жүргізуге, сондай-ақ Республика Президентінің заң күші бар жарлықтарды шығаруына мүмкіндік береді *(сондай-ақ Конституцияның 53-бабының 3) тармақшасына 61-бабының 2) тармақшасына түсіндірмені қараңыз).*

1995 жылғы Конституцияда алғашқы рет өкілеттік беру заңнамасының институты регламенттелді. **Конституцияға 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Республика Президентіне жүзеге асыру шеңберінде өкілеттік берілген заңнамалық құқықтылыққа қатысты Конституцияның 45-бабының 2-тармағына және 53-бабының 3) және 4) тармақшаларына ресми түрде түсіндірмелер берді¹.**

1995 жылғы Конституцияның 20 жылдан бері қолданылуы кезінде түрлі өткір жағдайларға және формальді негіздердің болуына қарамастан, еліміздің Президенті заң немесе заң күші бар жарлық шығаруға конституциялық өкілеттігін бір рет те пайдаланбағанын атап өту қажет. Нәтижесінде Мемлекет басшысының бұл резервтік өкілеттіктері және олардың заңды нысандары Конституциядан алынып тасталды.

Республика Президентінің парламенттің өкілеттік беруі бойынша конституциялық заң күші бар жарлықтар және «жай» заңдар шығаруға құқығы нақты жағдайларда туындағанын және оның астында нық заңды негіздер бар екенін естеріңізге саламыз.

Қазақстанның жаңа тарихында ҚР Жоғарғы Кеңесінің Республика Президентіне қосымша өкілеттіктерді беруінің екі оқиғасы белгілі.

1) XII шақырылымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі өзінің «Қазақстан Республикасының экономикасын қорғау жөніндегі кейбір шаралар туралы» 1993 жылғы 28 қазандағы Қаулысымен Республика Президентіне сессиялар арасындағы мерзімде кідіріссіз қажеттілік жағдайында, Конституцияның 64-бабының 6) тармақшасына сәйкес тиісті Заң жобасын одан кейін Парламент қарауына енгізе отырып, өзінің Конституцияның 78-бабының 6) тармақшасында көзделген өкілеттегін іске асыру мүмкіндігі берілді (қазақстандық ақшалай бірлік – теңгені енгізуге байланысты).

¹«Қазақстан Республикасы Конституциясының 45-бабының 2-тармағын, 53-бабының 3) және 4) тармақшаларын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 5 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды.

2) XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес ҚР Президентіне және жергілікті әкімшілік басшыларына қосымша өкілеттіктерді уақытша беру туралы заңмен Республика Президентіне қайта сайланған Жоғарғы Кеңестің бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге Конституция негізінде және оны орындау үшін тиісті заңдарды¹ қабылдағанға дейін қолданыста болатын заң күші бар актілерді шығару құқығын берген болатын. Республиканың Конституциялық Сотының 1995 жылғы 11 наурыздағы қосымша ұйғарымымен еліміз Президентінің конституциялық заң² күші бар жарлықтарды шығаруға құқықтылығы расталды.

Осының арқасында 1995 жылғы наурыз – 1996 жылғы қаңтар аралығында қазақстандық құқықтық жүйе асыра айтусыз алға қарай екпін жасады, ол Республика Президентінің мемлекеттік, экономикалық және басқа да салалардағы конституциялық және жай заңдардың күші бар жарлықтары тобымен толықтырылды. Қысқа мерзімде заң күші бар 134-тен астам жарлық және халықаралық шарттарды Қазақстанның ратификациялауы туралы 60-тан астам жарлық шығарылды. Заң күші бар жарлықтар «мәні бойынша Қазақстанның болашақтағы экономикалық жетістіктерінің түпқазығы болды. Еліміз экономиканы мүлдем жаңа бағытқа бұрған әлемдік стандарттарға сәйкес келетін заңдарға ие болды»³.

1995 жылы қабылданған конституциялық заң күші бар жарлықтар арасында: 28 қыркүйектегі сайлау туралы, 16 қазандағы Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы, 2 қарашадағы республикалық референдум туралы, 18 желтоқсандағы Үкімет туралы, 26 желтоқсандағы Президент туралы, 29 желтоқсандағы Конституциялық Кеңес туралы және басқалары.

Заң күші бар жарлықтар арасында: 3 қазандағы сақтандыру туралы, 3 қазандағы Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, 5 қазандағы өндірістік кооператив туралы, 20 қазандағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы, 21 желтоқсандағы прокуратура туралы, 23 қарашадағы дәрі-дәрмек құралдары туралы, 21 желтоқсандағы ұлттық қауіпсіздік органдары туралы, 22 желтоқсандағы жер туралы, 23 желтоқсандағы жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы, 23 желтоқсандағы электр қуаты туралы, 25 желтоқсандағы жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы, 26 желтоқсандағы мемлекеттік қызмет туралы және басқалары. Олардың барлығы 1995 жылғы Конституция қолданысқа енгізілгеннен кейін түрлі өзгерістер мен толықтырулармен Парламентпен жаңартылды және қазіргі уақытта конституциялық немесе жай заң нысанына ие болды.

Заң күші бар жарлықтар шығару құқығын пайдалана отырып

¹Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомосі. 1993. № 23–24. Бт.513.

² Казахстанская правда, 1995, 16 наурыз.

³ Орал Мұхамеджанов, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы. «Время испытаний, успехов и надежд». – Казахстанская правда, 2009, 9 желтоқсан.

Республика Президенті 1995 жылдың көктемінде Қазақстанның құқықтық жүйесін ыдыраудан сақтап қалды. Себебі, 1995 жылғы 6 наурыздағы «Т. Квятковскаяның ісі бойынша» Конституциялық Соттың баршаға белгілі шешімі өткір және күрделі мәселелерді туындатты. 1994 жылдың 19 сәуірінен 1995 жылдың 6 наурызына дейінгі қызметі барысында Жоғарғы Кеңестің XIII шақырылымымен талап етілген рәсімдерді сақтай отырып 314 акт, оның ішінде 24 заң қолданысқа енгізілді. Олардың негізінде әртүрлі құқықтық қатынастар пайда болды. Жоғарғы Кеңес заңсыз деп таныған заңдар мен қаулылар бір сәтте заңдық негіздерінен айырылды. Нәтижесінде көптеген мемлекеттік органдардың нақты келісімдеріне, уағдаластықтарға, үкімдеріне, шешімдеріне күмән келтірілді. Осы ерекше жағдайда Конституцияның және заңдылықтың кепілі – Мемлекет басшысы 13 наурыз күні Әділет министрінің бірінші орынбасары бастаған заң ведомстволары басшыларынан тұратын комиссия құрды. Комиссия қабылданған актілерге талдау жасап, ғалым-заңгерлермен қажетті консультациялар өткізді. Нәтижесінде Комиссия Республика Президентіне әр құжатқа қатысты ұсыныс енгізді.

Мемлекет басшысы Президентке уақытша қосымша өкілеттік беру туралы ҚР Заңын басшылыққа ала отырып, 1995 жылы 23 наурызда заң күші бар «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің актілері» Жарлығын шығарды.

Онда Жоғарғы Кеңестің барлық актілері шартты түрде 5 топқа бөлінген. Бірінші – бұл заңдар мен қаулылар, оларды қолданысқа енгізу туралы. Содан соң бірқатар шаруашылық міндеттерді шешуге бағытталған және бюджеттен қаржыландыруды көздейтін қаулылар.

Бұдан әрі – халықаралық шарттар, келісімдерді ратификациялау туралы қаулы және конвенцияларға қосылу мен кадр мәселелерін шешу бойынша қаулы. Ең соңғысы – алдыңғы топтардың шартты сипаттамаларына жатпайтын қаулылар. ҚР Президентінің аталған Жарлығымен олар қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданылуда және заңды күшінде деп танылды. Сонымен қатар, Жоғарғы Кеңес жұмысын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге қатысты 186 акт ондай деп танылған жоқ.

Қазақстан Республикасы Президентінің осындай ерекше қадамының арқасында биліктің тұрақтылығы және заңдылық режимі қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, қолданыстағы құқыққа Республика Президенті актілерінің тағы бір үлкен тарихи тобы жатады – Республика Президентінің мәжбүрлі дара билігі кезеңдерінде (наурыз 1995 – қаңтар 1996 жылдар) бұрын шығарылған конституциялық немесе жай заңдық күші бар жарлықтар. Конституцияның 92-бабы 3-тармағына сәйкес заңдардың өзгертілуі, толықтырылуы немесе жойылуы үшін көзделген тәртіппен олар өзгертілді, толықтырылды немесе күші жойылды. Бұл жұмыс жаңа Конституция күшіне енген қысқа мерзімді кезеңнен кейін іс жүзінде аяқталды және бүгінгі күні бұл тәжірибе ғылыми тұрғыда қаралады.

45.3. Контрассигнация институты, яғни Мемлекет басшысымен қол қойылатын құжаттардың жобаларын және оған жауап беретін тиісті

лауазымды тұлғалардың алдын ала қол белгілерін қоюы, жартылай президенттік және парламенттік басқару нысанындағы мемлекеттерде болады. Ол, әдетте, тек Мемлекет басшысы тікелей мемлекеттік сатқындық жасаған жағдайда ғана болатын оның конституциялық-құқықтық жауапкершілігімен түсіндіріледі.

Республика Конституциясының 45-бабы 3-тармағының нормасы 47-баптың 2-тармағының ережесімен байланысты (*сондай-ақ Конституцияның 47-бабының 2-тармағына түсіндірмені қараңыз*).

Республиканың Президенті қол қоятын Парламент актілеріне Парламент Сенаты Төрағасының және Мәжілісі Төрағасының алдын ала қолдары қойылып тиянақталады. Үкімет бастамасымен шығарылатын Республика Президентінің актілеріне Премьер-Министрдің алдын ала қолы қойылып тиянақталады.

Мемлекет басшысы қол қоятын Парламент актілерінің заңдылығы үшін Парламент Палаталарының Төрағаларына, ал Үкімет бастамасымен шығарылатын Республика Президентінің актілерінің заңдылығы үшін Премьер-Министрге заңдық жауапкершілік жүктеледі.

Осы көзқарасты Конституциялық Кеңес белгіледі: «Осы конституциялық нормада қолданылған «тиісінше Парламенттің әр Палатасы Төрағаларының не Премьер-Министрдің қолымен» деген грамматикалық тіркес», ол Парламент актілері, оларға Республика Президенті қол қояр алдында тек Парламент Палатасы Төрағаларының қолдары қойылып тиянақталады, ал Премьер-Министр тек Үкімет бастамасымен шығарылатын Президенттің актілеріне (жарлықтар, өкімдер) қолын қойып тиянақтайды.

Республика Президенті қол қояр алдында Парламент актілеріне Премьер-Министрдің алдын ала қолын қойып тиянақтау қажеттілігі Конституцияның басқа нормаларынан да туындамайды. Мәселен, Конституцияның 61-бабының 4-тармағына сәйкес Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Конституцияның 44-бабының 2) тармақшасына сәйкес Республика Президенті «...Парламент Сенаты ұсынған заңға ... қол қояды»¹.

Конституциялық Кеңестің пікірінше, егер Республика Үкіметі Парламент қабылдаған заң Конституцияға сәйкес емес деген қорытындыға келсе, қайтадан талқылау және дауыс беру үшін заңды немесе оның жекелеген бабын Парламентке қайтаруға құқығы бар Республика Президентінің назарына оны жеткізуге құқылы. Не болмаса Премьер-Министр Конституцияның 72-бабының 1-тармағына сәйкес Конституциялық Кеңеске жүгіне алады.

Осындай нысандағы контрассигнация институты қазақстандық президенттік басқару нысанының бір ерекшелігі болып табылады.

¹«Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Республика Президентінің Парламент актілеріне қол қояр алдында оларға өз қолдарын қоюға міндетті лауазымды адамдар тобы бөлігіндегі Қазақстан Республикасы Конституциясының 45-бабының 3-тармағын және 44-бабының 2 тармақшасын ресми түсіндіру туралы». Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 29 мамыр № 13/2 Қаулысы.

46-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды.

2. Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың ережелері Республиканың экс-Президенттеріне қолданылады.

4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.

46-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес 4-тармақпен толықтырылды.

Қазақстан Республикасының Президенті – Мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін оның жоғары лауазымды тұлғасы болып табылады.

Республика Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі (*Конституцияның 40 және 44-баптарына түсіндірмені қараңыз*).

Қазақстан Республикасы Президентінің тарихи миссиясын барынша жауапкершілікпен атқаруы, оның конституциялық функциялар мен өкілеттіктерді сенімді және тиімді жүзеге асыруы, сондай-ақ міндеттерді мінсіз атқаруы мемлекет пен қоғамнан оның мемлекеттік мәртебесі мен жеке басының ұйымдық-құқықтық жағдайлары мен қорғау құралдарының барлық құрамдас бөліктерін конституциялық деңгейде бекітуді және практикада қамтамасыз етуді талап етеді.

Белгілі бір кепілдіктер Мемлекет басшысы лауазымынан кеткен тұлғалар үшін беріледі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев институтының қолданыстағы Конституцияның жүйе құраушы құндылығы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік және қоғамдық құрылысы болып табылатын конституциялық бастамаларын белгілеу ерекше назар аударуды талап етеді.

Түсіндіріліп отырған 46-бап нормалары осы міндеттерді шешеді.

Сол немесе өзге нысанда және көлемде осындай кепілдік беру шетелдерде қарастырылғанын ескеру қажет.

46.1. Конституцияның 46-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды.

ҚР ҚК-нде «Қазақстан Республикасы Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау» деп аталатын арнайы 375-бап бар.

Ол мынадай үш бөліктен тұрады:

1-бөлік – Қазақстан Республикасы Президентін жария қорлау немесе оның ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу;

2-бөлік – Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасаған Қазақстан Республикасы Президентін жария қорлау немесе оның ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу;

3-бөлік – Қазақстан Республикасы Президентінің өз міндеттерін атқаруына кедергі жасау мақсатында оған немесе оның жақын туыстарына қандай да болсын нысанда ықпал ету.

Көрсетілген әрекеттері үшін кінәлі қылмыстық жауапқа тартылады.

Президенттің ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұғатын қылмыстық жазаланатын әрекеттен, сын тұрғысындағы айтылғандар бөлекше қарастырылады. ҚР ҚК-нде ҚР Президентінің жүргізіп отырған саясаты туралы сын тұрғысында айтылған жария сөздер жоғарыдағы 375-бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды деген арнайы ескерту бар.

46.2. 46-баптың 2-тармағындағы ережеде Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылатыны көзделген. Тиісті шаралар Президент туралы ҚР Конституциялық заңымен нақтыланған («Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету» V тарауындағы 28–33-баптары).

Республика Президенті мен оның отбасы мүшелерін қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және күзету Республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жалақысы заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалады. Республика Президентіне жыл сайын күнтізбелік қырық бес күн мерзімге ақылы еңбек демалысы беріледі (29-бап).

Республика Президенті қызметінде болған кезеңге осы қызметке сайланған тұлға Республика аумағында резиденциялармен, Республика астанасында қызметтік пәтермен және мемлекеттік саяжаймен қамтамасыз етіледі.

Республика Президенті арнайы мақсаттағы автокөлікпен қамтамасыз етіледі.

Республика Президенті мен оның отбасы мүшелеріне тұрғын үй және көлік, медициналық, санаторий-курорттық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, сондай-ақ өздерінің құзыретіне сәйкес ҚР Мемлекеттік күзет қызметі мен ҰҚК қамтамасыз етеді.

Республика Президенті мен оның отбасы мүшелеріне қызмет көрсетуді ҚР Президентінің Іс басқармасы қамтамасыз етеді.

Арнайы байланыс құралдарымен қамтамасыз етуді Мемлекеттік күзет қызметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президенті қызметінің бүкіл кезеңіне Республика Президентінің жеке кітапханасы мен жеке мұрағаты құрылады және қалыптасады (30-бап).

Республика Президентін күзету Мемлекеттік күзет қызметінің тиісті бөлімшесіне жүктеледі.

Республика Президентінің зайыбы (жұбайы) және Президентпен бірге тұратын басқа да отбасы мүшелері күзетілуге тиіс.

Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 32 және 33-баптарымен Республика Президентінің Әкімшілігі, консультациялық-кеңесші органдар, Мемлекет басшысы жанындағы мекемелер мен ұйымдардан тұратын Республика Президентінің функциялары және құзыретін жүзеге асыруда көмек көрсететін институционалдық механизм құрылды (*Конституцияның 44-бабына түсіндірмені қараңыз*).

46.3. Конституцияның 46-бабы Қазақстан Республикасының Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайтыны туралы, Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау туралы ережелер Республиканың экс-Президенттеріне қолданылады.

Президент туралы ҚР Конституциялық заңында бұрынғы Республика Президенттерінің мәртебесі белгіленген. Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің, қызметінен кетірілгендерден басқасының, Қазақстан Республикасының экс-Президенті деген атағы болады.

Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Республика Конституциялық Кеңесінің мүшелері болып табылады; Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырыстарына, Республика Президентінің қызметке кірісуіне, Республиканың мемлекеттік мерекелеріне арналған салтанатты мәжілістерге және мемлекет өткізетін өзге де іс-шараларға қатысуға хақылы.

Республиканың экс-Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды. Республика экс-Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылық заң бойынша қудаланады (34-бап).

Республиканың экс-Президентін қамтамасыз ету, оған қызмет көрсету және оны күзету мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

Республиканың экс-Президентіне өмір бойы:

– Республика Президентінің шешімімен Республика Президенті лауазымдық жалақысының сексен пайызы мөлшерінде зейнетақы тағайындалады. Бұл ретте, Президент туралы Конституциялық заң жағдайында белгіленген Республика экс-Президентінің зейнетақысы Республика Президентінің лауазымдық жалақысының өсуі ескеріліп, арттырылып отырады;

– қажетті қызмет көрсетілетін пәтер мен мемлекеттік саяжай, жеке күзет, жүргізушісімен дербес автомобиль беріліп, ел ішінде көлікпен тегін жүріп-тұру, тегін медициналық, санаторий-курорттық емдеу қызметі көрсетіледі.

– Қазақстан Республикасы Президентінің жеке мұрағаты мен жеке кітапханасының материалдары Республика Президенті ретіндегі қызметтік жұмысы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы экс-Президентінің меншігінде болады.

Республиканың экс-Президенті, мемлекетке опасыздық жасаған жағдайларды қоспағанда, өзінің Республика Президенті өкілеттігін атқаруымен байланысты іс-әрекеті үшін жауап бермейтін жеке басына тиіспеушілік кепілдігі қарастырылады (36-бап).

Республиканың экс-Президентіне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне ешкімнің тиісуіне болмайды.

Республиканың экс-Президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылық заң бойынша қудаланады.

46.4. 46-баптың түсіндірме беріліп отырған 4-тармағына сәйкес Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттілігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.

Қажетті саяси-құқықтық алғышарттар бұл үшін объективті қалыптасты.

XX және XXI ғасырлар аралығында 1995 жылғы Конституция мен Республика Президентінің өткізген терең өзгерістер, саяси тұрақтылық жағдайы және қоғамдық келісім стратегиясының іске асырылуы арқасында ел тереңдағдарыстаншықты. Тұрақты даму кезеңі басталды. Н.Ә.Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатының нақты маңызды нәтижелері көріне бастады.

Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарының сабақтастығын, елдегі бұдан кейінгі әлеуметтік-экономикалық және демократиялық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында Жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, оның бірлігін, Конституцияны, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен Елбасы ретінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің саяси және құқықтық жағдайы 2007 жылғы 27 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» ҚР Конституциялық заңымен анықталды.

Республика Президенті осы Конституциялық заңға қол қоймас бұрын Негізгі Заңға сәйкестігін тексеру үшін оны ҚР Конституциялық Кеңесіне жіберді.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» ҚР Конституциялық заңының «Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы» 2000 жылғы 3 шілдедегі ҚР КК № 16/2 қаулысына сәйкес аталған Конституциялық заң экс-Президенттер үшін Конституцияда белгілеген қол сұғылмаушылық пен қамтамасыз ету туралы кепілдіктерді жаңа тәуелсіз мемлекет құрылысында Қазақстан Республикасы Тұңғыш

Президентінің атқарған ерекше рөлі мен қосқан өлшеусіз үлесіне қатысты нақтылы көрсетеді.

Конституциялық Кеңестен оң шешім алған соң Республика Президенті аталған конституциялық заңға қол қойды.

Парламент 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауы арқылы Негізгі Заңның 42-бабы 5-тармағының екінші бөлігіне «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» деген ұғым қосылды, ал 46-бап «Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады» делінетін 4-тармақпен толықтырылды.

Осылайша, Қазақстанда ел Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы» ҚР Конституциялық заңымен Республиканың Тұңғыш Президентінің ерекше мәртебесі регламенттелді.

2010 жылғы 14 маусымдағы ҚР Конституциялық заңымен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша үш конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» мәртебесі «Елбасы» деген сөздермен толықтырылды.

Сол күні «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Алайда, Мемлекет басшысы аталған конституциялық және жай заңға қол қоюдан бас тартты.

Халыққа Жолдауында Н.Ә.Назарбаев қол қоймауына байланысты өз шешімін түсіндіріп өтті.

«Ең әуелі, маған заңды тұрғыдан Елбасы деген ресми мәртебе белгілегені үшін депутаттарға зор алғыс айтамын. Осы мәртебені қабылдау туралы тілек айтып, он мыңдаған хат жолдаған бүкіл отандастарыма – көпұлтты Қазақстанның барша азаматтарына шын жүректен ризашылық білдіремін...

Сонымен қатар, мен Елбасы мәртебесін тек заңдармен немесе өзге де құқықтық актілермен белгілеуге болмайды деп есептеймін...

Жоғарыда айтылған жайттарға байланысты, құрметті Сенат және Мәжіліс депутаттары, маған жіберілген заңдарға қол қоюдан бас тарту жөніндегі ұстанымымды дұрыс түсінулеріңізді өтінемін»¹.

Кейінірек, ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 2 нормативтік қаулысында былай деп бекітілді: «Конституцияның 42-бабының 5-тармағына және 46-бабының 4-тармағына «Елбасы»

¹ Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности. 2010 год. – Астана: Деловой Мир Астана. - СС. 259–260.

ұғымының енгізілуі Республиканың Тұңғыш Президентінің – Елбасының конституциялық-құқықтық мәртебесінен қисынды түрде келіп шығады және Негізгі Заңның ережелері мен нормаларына сәйкес келеді».

2011 жылы 14 желтоқсанда Парламент заңды түрде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін – мемлекеттік мерекені белгіледі.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен ерекше қорғалатын конституциялық құндылық ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі белгіленді. 91-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылды: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді».

Көріп отырғанымыздай, Елбасының қазақстандық саяси-құқықтық институт эволюциясы 17 жыл ішінде Конституциялық заңмен көзделген «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» мәртебесінен Конституциямен белгіленген «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы» мәртебесіне және қазіргі конституциялық құндылықтың ең жоғары дәрежесіне «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы» мәртебесіне дейінгі жолды басып өтті.

Мәртебенің мұндай дамуы ғылыми тұрғыда әбден негізді.

Барлық заңдарға өз сайлаушылары мен саяси партиялардың ұстанымдарын білдіретін парламентарийлер бастамашылық жасады. Олардың біраз бөлігі Конституциялық Кеңесте сараптамадан өтті және Негізгі Заңға сәйкес келеді деп танылды. Мемлекет басшысы қол қоймаған заңдардың қабылдану рәсімі толығымен заңды. Парламент Сенатының Төрағасы және Премьер-Министрдің қолдары қойылып тиянақталған соң, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 19-бабына сәйкес оларға қол қойылды деп есептеледі, олар заңды күшіне енді және қолданысқа енгізілді.

Егемендік алу, мемлекеттік тәуелсіздіктің барлық құрамдас бөліктерін қалыптастыру, Қазақстан Республикасын бүкіл әлем құрметтейтін, заманауи қалыптасқан мемлекетке айналдыру барысында Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев конституциялық Мемлекет басшысы ғана болып қойған жоқ. Оның аса көрнекті рөлі Конституция шеңберімен және құқық саласымен ғана шектеліп қалған жоқ.

Нұрсұлтан Әбішұлы халықпен, партиялармен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей сұхбаттасуда мемлекет пен қоғамды бір мақсатқа жұмылдырушы, біріктіруші орталық ретінде бірте-бірте саяси жүйеге енді.

Қазақстандықтардың тілегін негізге ала отырып және олармен бірлікте

Елбасы қолданыстағы Конституцияны қабылдауға бастамашылық жасады және конституционализмнің жүйелі бекітілуін ынталандырады, еліміздің даму стратегиясын ұсынды. Тікелей мемлекеттік аппарат және азаматтық қоғам институттары арқылы, сондай-ақ қарапайым адамдармен тұрақты қарым-қатынас жасау арқылы ол орталық мемлекеттік органдарда және еліміздің барлық өңірлерінде жұмыстың жүзеге асырылуын, олардың атқарылуын өзі бақылайды. Бұл ретте, ол өзінің Адам ретінде, Қазақстандық және Әлемдік ауқымдағы Басшы ретінде тамаша харизмасын барынша пайдаланады.

Қазақстан тарихындағы бұл өзгерістер кезеңінде Н.Ә.Назарбаевқа елімізді түбегейлі қайта құру міндеті жүктелді. Олардың шешімі өз кезегінде әлі де талай белестерден өтіп, қазіргі заманғы мемлекет пен дамыған азаматтық қоғам сапасына ие мемлекеттік билік органдары мен қоғамның күш-жігерін шоғырландыруды талап етті. Қауіп-қатерлерді еңсеру, еліміздің жеңістері мен жетістіктері Республиканың Тұңғыш Президенті – Елбасының конституциялық құндылығының жаңа қырларын толықтырады, қоғам мен мемлекет тарапынан оны қорғауды күшейтеді.

Н.Ә.Назарбаев Негізгі Заңда бекітілген құзыретті іске асыра отырып, мемлекет пен қоғам шыңында әрекет ете отырып, Жаңа Тәуелсіз Қазақстанның жарқын бейнесінің символы іспеттес. Қазақстандықтардың өз Елбасының аса қуатты әлеуетін барынша ұзақ және толық пайдалану үшін жағдай жасауға деген ынтасы өте негізді болып табылады.

Тарихта осынау ауқымды миссияны атқарған мемлекет басшысы көп емес, үнемі болып жатқан өзгерістерді қолдай отырып, бүкіл қоғам болашағына сенім артады, әрбір шенеунік пен патриотқа Қазақстан игілігі үшін күш-жігер жұмсау қажеттілігін сағат сайын жеке-дара дәлелдеп отыратын күнделікті жұмыс кестесі де соншалықты оңай емес.

Шетелдерде халық өмірінің өзгерісті кезеңінде ел басқарған көшбасшысына ризашылығын білдірген ұлттар айрықша құрмет көрсетіп жатады. Олардың есімдері елдерге, астаналарға, кітапханаларға, ғылыми және оқу орындарына, мұражайларға, маңызды сәулет кешендеріне, ұлттық валюталарға беріледі...

Тиісті баптар конституция мәтіндеріне енгізіледі. Мемлекеттік мерекелер, марапаттар, сыйлықтар мен гранттар тағайындалады...

Қазақстан мемлекеттілігін құрудың бастауында тұрған және демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде егемен Қазақстанды дамытуға аса зор үлес қосқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы болып табылатыны туралы Қазақстан қоғамында қалыптасқан қағида осы Республиканың Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы ҚР Конституциялық заңының 1-бабында бекітілген.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне – Елбасына оның тарихи миссиясына байланысты өмір бойы:

1) Қазақстан халқына, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік құрылыстың, елдің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар міндетті түрде қарауға жататын бастамалар жасау;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның палаталарының алдында, республика Үкіметінің отырыстарында ел үшін маңызды мәселелерді талқылау кезінде сөз сөйлеу; Қазақстан халқы Ассамблеясын басқару; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына кіру құқығы тиесілі.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Қазақстан Республикасының Президенттігіне сайлану құқығына шектеу қойылмайды.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары бойынша әзірленетін бастамалар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентімен – Елбасымен келісіледі.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының заңды қызметіне кедергі жасауға, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентін – Елбасын көпшілік алдында қорлауға немесе оның абыройы мен қадір-қасиетіне өзгелей қол сұғуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бейнесін бүлдіруге жол берілмейді және ондай әрекеттер заңмен қудаланады.

Осы Конституциялық заңмен Қазақстанның Мемлекет басшысы ретінде өкілеттіктерін тоқтатқаннан кейін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының басқа құқықтық, материалдық және ұйымдастыру кепілдіктері бекітілді.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының «Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы» ҚР КК 2017 жылғы 9 наурыздағы № 2 НҚ-да мынадай құқықтық ұстаным баяндалған: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Конституция құндылықтарының және Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі принциптерінің іргесін қалады. Олар адам және азамат, қоғам және мемлекет үшін аса маңызға ие, мызғымас тұрақтылығымен сипатталады, Негізгі Заңның бұдан кейінгі барлық нормаларының және құқық қолдану практикасының мазмұнын айқындайды».

Қазақстанның тәуелсіз, қуатты және дамыған азаматтық қоғамы бар табысты мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының бүкіл жаңа тарихы – бұл Негізгі Заңға Н.Ә.Назарбаевтың қолымен жазылған Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы конституциялық құндылықтарын бекіту, оның қызметінің түбегейлі принциптерін орнықтыру және оларды ізінше іске асыру.

47-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілігімен қабылданады.

2. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылдамау Республика Президентіне қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп тануға әкеп соғады. Республиканың Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы оның қай кезеңінде де осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.

3. Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды.

47-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес толықтырылды.

47.1. Қазақстан Республикасы Президентін қызметінен босатудың жалғыз негізі – оның науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге

асыруға қабілетсіздігінің дендеуі. Бұл жағдайда Президент «міндеттерін» оның барлық өкілеттіктерінің тұрғысынан кеңінен түсіну керек. Президентке міндет қана жүктелмейді, Мемлекет басшысы функциясын іске асыра алуы үшін оған ауқымды құқық кешені де беріледі.

Науқастануына байланысты қабілетсіздігі дендеген жағдайда Президент міндетін жүзеге асыруға байланысты Конституцияда бұл мәселені шешудің ерекше рәсімі көзделген. Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысы мен Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілігімен қабылданады. Парламент комиссиясы Президенттің дансаулық жағдайы туралы және оның өзінің міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндігінің деңгейі туралы қорытынды шығарады. Науқастануы себепті қабілетсіздігінің дендеуіне орай өзіне жүктелген функцияны атқара алмайтындығына байланысты Президентті мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарау кезінде конституциялық нормалардың сақталғандығы туралы Конституциялық Кеңес: Парламент комиссиясы дұрыс құрылуын; Палата депутаттары комиссияға теңбе-тең енгізілгенін; оған медицинаның тиісті салаларының мамандары енгізілуін, яғни Президент зардап шегетін ауру (аурулар) бойынша мамандар кіргізілуі; комиссияның Парламент Регламентімен көзделген Палаталар комиссиясы қызметінің тәртібін сақтауы мәселелері жөнінде қорытынды береді.

Бұл мәселені шешудің маңызды ерекшелігі Президентті науқастануына байланысты мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылдау үшін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған кездегі сияқты дауыс беру рәсімі белгіленеді: оған әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үші дауыс беруі тиіс.

47.2. Конституция Президентті қылмыстық жауапкершілікке тартудың жалғыз ғана негізін белгілейді, ол – мемлекетке опасыздық жасауы. ҚР ҚК қылмыс жасауды қылмыстық жаза қолданылатын қылмыс және саяси қылмыс деп бөлмейді. Мемлекеттік опасыздық жасау – қылмыстық жаза қолданылатын қылмыс. ҚР ҚК 175-баптың 1-тармағында опасыздық жасаудың мынадай анықтамасын береді: «Мемлекеттік опасыздық яғни соғыс уақытында немесе қарулы жанжал кезінде жау жағына өтіп кетуден, сол сияқты шпиондық жасаудан, мемлекеттік құпияларды жатқа беруден не Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында жасаған қасақана әрекет».

Өзінің міндеттерін орындау кезінде Президенттің мемлекетке опасыздық жасағаны үшін оны Парламент қана лауазымынан кетіре алады.

Бұл ретте мәселенің мәнісі қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы емес, Президентті мемлекетке опасыздық жасағаны жағдайда қызметінен кетіру туралы болып отыр.

Конституцияда Парламент қызметтен кетірген Президентке ешкімнің тиіспеушілігі құқығынан айыру мәселесі тікелей реттелмеген, сондықтан да, қажет болған жағдайда, мұны Конституциялық Кеңес шешуі тиіс.

Конституцияда Президентті қызметтен кетіру туралы мәселені қою және шешудің күрделі рәсімі көзделген. Президентке мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу және оны тексеру туралы шешім шығару Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Осылайша, Республика Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп қарсы айып тағу Мәжілістің ерекше қарауына жатады.

Президентке мемлекеттік опасыздық жасады деп айып тағу және оны тексеру туралы Мәжілістің шешімі Парламент Сенатына беріледі. Сенат бұл мәселені белгіленген конституциялық негіздер мен рәсімдерге сәйкес қарайды. Бұл мәселе Сенат регламентімен реттелмеген. Конституцияға сәйкес айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады. Парламенттің комитеттері мен комиссиялары туралы ҚР Заңында Конституцияның 47-бабы 2 тармағында көзделген Сенат өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында Сенат арнайы уақытша комиссия құрады деп көрсетілген. Осы комиссия Президенттің мемлекетке опасыздық жасаған айыбына тексеру жүргізеді. Уақытша арнайы комиссияның жұмыс нәтижелері Сенатқа беріледі. Сенат комиссияның жұмыс нәтижелерін қарап, мәселені мәні бойынша шешеді. Егер Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен комиссия жұмысының нәтижелері қабылданатын болса, онда олар Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қарауға жіберіледі. Конституцияда Президентке айып тағу туралы материалды Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қарауға берудің мүмкіндігі көзделмеген. Сондықтан да материалдар Парламент Палаталары депутаттарының бірлескен отырысында қаралады. Парламент бұл мәселе бойынша мынадай жағдайларда: а) айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы болған жағдайда; б) белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда; егер Жоғарғы Сот теріс қорытынды, яғни айыптаудың негізсіздігі туралы қорытынды берсе, Парламент Президентті лауазымынан кетіру туралы шешім қабылдай алмайды. Осы сияқты, Конституциялық Кеңес конституциялық рәсімдердің бұзылғандығы туралы теріс қорытынды берсе де, Парламент Президентті қызметінен кетіру туралы шешімді қабылдай алмайды.

Егер Жоғарғы Сот айыптаудың негізділігі туралы және Конституциялық Кеңес конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы қорытынды берсе, Парламент шешім қабылдай алады. Бұл мәселе бойынша түпкілікті

шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен қабылданады. Егер осындай шешім қабылданса, онда Президент лауазымынан кетірілді деп есептеледі.

Конституцияға сәйкес түпкілікті шешім, айып тағылған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде қабылдануға тиіс.

Егер көрсетілген мерзімнің ішінде түпкілікті шешім қабылданбаса, онда, Жоғарғы Сот пен КК оң қорытындылары болғанның өзінде де, Президентке қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп есептеледі.

Осылайша, ҚР Конституциясында Президентке қарсы айыптың күшін жоюдың мүмкін болатын төрт жағдайы көрсетілген:

1) егер Парламент мемлекеттік опасыздық жасағандығы туралы және Президентті лауазымынан кетіру туралы шешім қабылдамаса, Жоғарғы Сот пен Конституциялық Кеңестің теріс қорытындылары болу себебінен қабылдамаса;

2) айып тағу және кетіру мәселесі бойынша түпкілікті шешім қабылдау мерзімі бітсе;

3) егер Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің Президентке айып тағу және оны тексеру туралы бастамасын Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілігімен қолдамаса;

4) егер Сенат Президентке айып тағуды тексеру бойынша уақытша арнайы комиссияның жұмыс нәтижелерін Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаса.

Президентті мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы кез келген жағдайда оның қай кезеңінде де осы мәселені қарауға бастама жасаған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.

47.3. Конституция бойынша Президент Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қарап жатқан кезде Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселені қозғауға тыйым салынады. Аталып өткендей, Конституцияда көзделген жағдайларда Президент Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарату туралы мәселені қарауға құқылы. Парламент депутаттарының бір бөлігі Президенттің олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуына жол бермеу мақсатында Президентті қызметінен кетіру туралы мәселеге бастама жасауы әбден мүмкін. Президентті қызметінен кетіру туралы мәселені қозғауға конституциялық тыйым салу Конституциямен көзделген жағдайларда ҚР Президентінің Парламентті немесе Парламент Мәжілісін таратудың конституциялық құқығына кепілдік болып табылады. Мұндай тыйым салу болуы мүмкін саяси дағдарыстың да алдын алады.

48-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздерде және тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған тұлғаның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасауға құқығы жоқ.

48-бап 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

48.1. 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңының редакциясындағы Конституцияның 48-бабында жоғарғы мемлекеттік органдарды ұйымдастыру негіздері едәуір кеңейтілген.

Онда Конституциямен көзделген жағдайларда Республика Президентінің өкілеттігі өзіне өтетін жоғары лауазымды тұлғалар көрсетілген. Бірінші кезекте бұл Парламент Сенатының Төрағасы. Егер қандай да бір себеппен Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді. Егер қандай да бір себеппен Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Көрсетілген ережелер терең саяси мағынаға ие, ол халыққа арналған және Президент жауапкершілігін арттырады.

Халық Парламент депутаттарын ұсыну, талқылау және сайлауға мейлінше жауаптылықпен қарауы тиіс. Өйткені, әр депутаттың Сенат немесе Мәжіліс Төрағалығына сайлануы ықтимал және мұндай жағдайда ҚР Президентінің өкілеттігін алудың конституциялық мүмкіндігін иеленеді.

Президенттің Премьер-Министр кандидатурасын таңдау жауапкершілігі күшейтілген. Егер Сенат Төрағасы мен Мәжіліс Төрағасы тікелей немесе жанама түрдегі халық таңдаулылары болатын болса, Премьер-Министр – тағайындалатын тұлға. Сондықтан Премьер-Министр кандидатурасына қойылатын талаптар күшейтіледі.

Осы орайда Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы және Премьер-Министр лауазымдарына кандидаттарға Президенттікке кандидатқа қойылатын талаптардың да міндетті түрде қойылуы тиіс пе деген мәселені заңдық тұрғыда реттеудің де қажеттігі туындайды.

Егер Президент өкілеттігі әлгі аталған жоғары лауазымды тұлғалардың біріне өтетін болса, онда ол тиісті өкілеттіктерін доғарады. Босаған орынды иелену Конституцияда көзделген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Президент өкілеттігі өзіне ауысқан тұлға халық сайлаған Президент өкілеттігінің мерзімі аяқталғанға дейін оны жүзеге асырады.

48.2. Президент өкілеттігі жоғар мемлекеттік орынға тікелей халық сайламаған тұлғаға көшуінің мүмкіндігіне байланысты, Конституцияда Президент лауазымын сайланбай иеленетін тұлғаның айрықша өкілеттіктерінің біріне шектеу көзделген. Мұндай тұлға Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне бастама жасауға құқылы емес, яғни Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені Парламенттің алдына қоя алмайды немесе Республикалық референдумға шығара алмайды.

Алайда, Парламент пен Үкімет Президентке Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тиісті ұсыныс енгізе алады. Мұндай жағдайда Президент өкілеттігін өзіне алған тұлға теориялық тұрғыдан келгенде мынадай үш шешімнің бірін қабылдауға тиіс:

1) мәселені Парламент қарауына беру; 2) мәселені Республикалық референдумға шығару; 3) Конституцияға түзетулер енгізу туралы ұсынысты қабылдамау.

Алайда Конституцияның өзінде мұндай жағдай тікелей көзделмегендіктен, Конституцияның 48-бабы 1-тармағында тізбеленген тұлғалардың Президент міндеттерін атқару кезінде Конституцияға түзетулер енгізу туралы ұсыныс енгізуінің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы түпкілікті шешімді Негізгі Заңға ресми түсінік беру арқылы Конституциялық Кеңес шешуге тиіс.



IV Бөлім
ПАРЛАМЕНТ

49-бап

1. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.
49-баптың 1-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалды.

2. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

49-баптың 2-тармағына 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес өзгертулер енгізілді.

3. Парламенттің өкілеттігі Конституцияда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.

49.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында «Парламент» термині алғаш рет қаралып отырған Конституциямен енгізілді, ол тең құқылы палаталар – Сенат пен Мәжілістен тұратын қос палаталы дербес заң шығару билігі тармағының негізін бекітті.

Негізгі Заң қолданылып келе жатқан жиырма жылдан астам кезеңде Қазақстан Республикасының Парламенті оның құрылуы кезінде әрекет еткен заңнаманы Конституцияға сәйкес келтіру, қоғамдық қатынастардың кең аумағы бойынша заңдарды қабылдауға бағытталған ауқымды жұмыс атқарды.

Мемлекеттік органдардың жүйесінде Парламентті ең жоғары өкілді орган ретінде тікелей бекіту оның ұйымдастырылуының демократиялық негізімен айқындалады, оған оның депутаттарының жалпыға бірдей, тең, төте және жанама сайлау құқығының негізінде қол жеткізіледі.

Парламент депутаттарының сайлануы бүкіл халықтың және республиканың түрлі өңірлерінде тұрып жатқан оның әртүрлі әлеуметтік топтарының мүдделерін білдіруді қамтамасыз етеді. Ең жоғары өкілеттік орган ретінде Парламент Қазақстанның бүкіл халқының мүдделері мен еркін білдіруші болып табылады.

Басқарудың әрекет етіп отырған нысанының аумағында және қазіргі

уақыттағы конституциялық-құқықтық нысанның көлемінде билікті қайта бөлу мен мемлекеттік биліктің заң шығару және атқарушы тармақтарының арасында өзара қарым-қатынас тетіктерін жетілдіру мақсатында 2017 жылы Республикада кезекті конституциялық реформа жүргізілді, ол Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардан көрініс тапты.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен қаралып отырған баптың 1-тармағына өзгеріс енгізу жолымен және Негізгі Заңда айқындалған мемлекеттік биліктің бөліну қағидасын есепке ала отырып, заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы ретіндегі Парламенттің мәртебесі нақтыланды.

Заң шығару билігін Республика Парламенті заңдар қабылдау жолымен жүзеге асырады, бұл оның биліктің бөліну жүйесіндегі басты функциясы болып табылады. Заңдарды қабылдау нәтижесінде мемлекеттің құқықтық жүйесі қалыптасады, ол заңнаманы қалыптастыру арқылы қоғам мен мемлекеттің даму процесінде пайда болатын маңызды қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді қамтамасыз етеді.

Конституцияның 61-бабының 3-тармағында Парламент шығаратын заңдар деңгейінде реттелетін және айқындалатын аса маңызды қоғамдық қатынастардың аумағы, негізгі қағидалар мен нормалар белгіленген. Парламенттің заң шығару өкілеттіктері Конституцияда көзделген нормаларға, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңға, «Қазақстан Республикасы Парламенттің комитеттері мен комиссиялар туралы Заңға, сондай-ақ Парламент пен оның Палаталарының Регламентіне сәйкес реттеледі.

49.2. Конституция бойынша (*59-бап 2-тармақ*) Парламенттің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

Конституция, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы және де басқа заңнамалық актілер «сессия» ұғымын анықтамайды. Аталған ұғымның мазмұнын Конституция мен қолданыстағы заңнаманың нормаларын салыстыру және талдау жолымен анықтауға болады, аталғандарға сәйкес Парламент сессиясы – бұл Парламент Палаталары белгіленген тәртіппен Палаталардың отырыстарын өткізуге және өз құзыретіне сәйкес шешімдер қабылдауға құқылы уақыт кезеңі. Сессиялар кезінде Палаталар мен олардың комитеттерінің және комиссияларының отырыстары өткізіледі, сондай-ақ парламенттік тыңдаулар өтеді, депутаттардың Парламенттегі және сайлаушылармен жұмысы жүзеге асырылады.

Парламент сессиясын Республика Президенті ашады және сессия Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында жабылады. Сессияның ашылуында Мемлекет басшысы Парламенттің алдағы сессиядағы жұмысының басымдықтарын айқындайды.

Шетелдерде Парламент сессиясының ашылуына айрықша маңыз берілетінін атап өткен жөн. Мысалы, Ұлыбританияда Елизавета II ханшайымы британ Парламентінің жаңа сессиясының ашылуы салтанатты мерекесінде тақтан сөз сөйлейді.

Сессия тұтасымен алғанда Парламенттің, сонымен қатар оның жеке Палаталарының белгілі бір мерзімдегі өкілеттіктері заңдылығының шарты болып табылады. Сессия Мәжіліс шақырылымының кезегін айқындайды. Мәжіліс шақырылымы, өз алдына, тұтасымен алғанда барлық Парламенттің шақырылымын айқындайды.

49.3. Парламенттің өкілеттігі Конституцияда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін (*Конституцияның 63-бабына түсіндірмені қараңыз*).

49.4. Түсіндірме беріліп отырған баптың бұл тармағында Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен белгіленетіні анықталады.

Заңды күші мен нормативтік құқықтық актілердің сатысындағы орнына сәйкес, Конституция ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылатын Негізгі Заң ретінде, Парламент пен оның Палаталары өкілеттіктерінің толық тізімін айқындайды, Парламент сессияларының шақырылу тәртібін, Парламент пен оның Палаталарының құрылымы мен құрамын, депутаттардың мәртебесін және басқа да мәселелерді реттейді.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң Парламент пен оның Палаталарының құзыретін, сонымен қатар, оны жүзеге асырудың ұйымдық нысандарын, заң шығару процесінің мәселелерін, үйлестіруші, жұмыс органдарының және консультативтік-кеңесші органдардың қалыптасуының тәртібін нақтылайды, Палата Төрағаларының сайлану тәртібін, олардың ұйымдық-уәкілдік өкілеттіктерін реттейді. Онда депутаттың конституциялық мәртебесі, оның Палаталардағы, өзге де жұмыс органдарындағы қызметі, депутаттардың басқа да лауазымды тұлғалармен және сайлаушылармен өзара қарым-қатынастары кеңінен ашылып реттеледі.

Депутаттық қызметтің тәртібі мен депутаттық этика ережелері Парламенттің және оның Палаталарының Регламенттерінде толығымен айқындалған.

50-бап

1. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.

50-баптың 2-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

50-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

4. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды.

5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

50-баптың 5-тармағы 1998 жылғы 7 қазанындағы ҚР Заңына сәйкес толықтырылды.

50.1. Жоғары өкілді орган ретінде Парламенттің екі палаталы құрылымын белгілей отырып, Конституцияның 3-бабының 1-тармағына сәйкес халық қана мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатындықтан, заң шығарушы Парламентте көп ұлтты халықтың барынша толық өкілдігін қамтамасыз ету мақсаты көзделді. Осылайша, заң шығарушы билікті жүзеге асыруда халық тілегін қалыптастыру мен білдірудің тұрақты жұмыс істейтін механизмі орын алады. Дәл осы қос палаталы Парламент қазақстандық қызметте өзінің өзектілігі мен өміршеңдігін көрсетті. Отандық тәжірибе мен Қазақстанның даму жолын ескере отырып, бекітілген конституциялық норма-қағидаттар қолданыстағы Негізгі Заң қабылданған сәттен бастап 22 жыл ішінде уақыт сынынан өтті.

Тұрақты негіздегі Парламент қызметі туралы конституциялық ереже оның сессиялар арасындағы уақыт кезеңінен басқа уақытта үздіксіз жұмыс істейтінін білдіреді. «Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау Сенаттың ерекше қарауына жататыны» көзделген Конституцияның 55-бабының 5) тармақшасындағы ереже сондай-ақ, Парламенттің екі палаталы құрылымының орындылығын және тұрақты сипатқа ие екендігін растайды. Республика Парламентінің құрамы мен құрылымы, сондай-ақ Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 4-бабында көзделген.

Конституцияның 49-бабына өзгерістер енгізген, ҚР Парламенті жоғары өкілді орган ғана емес, сонымен қатар енді заң шығарушы билікті жүзеге асыратын орган деп бекітілген 2017 жылғы 10 сәуірдегі Заңға сәйкес Парламент тұрақты негізде әрекет етеді.

Бұл Республикада мемлекеттік билік біртұтас, Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады делінген Конституцияның 3-бабының 4-тармағымен жүйелі байланыста анық негізделген.

50.2. Палаталардың сандық және сапалық құрамы, сондай-ақ оларды қалыптастыру тәртібі өзара ерекшеленеді. Сан жағынан Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың сайланған депутаттарының жартысы әр үш жыл сайын қайта сайланады.

Конституцияда атап өтілгендей, Парламент – биліктің жоғары өкілді органы, ал Сенат оның ажырамас бөлігі болып табылады, оған жүктелетін конституциялық өкілеттіктердің мағынасына сәйкес өңірлердің тең құқылы өкілдері ретінде оның депутаттарының баламалы заңдылығының қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты Сенат депутаттығына үміткерлер мәслихат депутаттары болып табылатын таңдаушылар арқылы өз заңдылығына ие болады. Сайлаушы-таңдаушылар барлық мәслихаттардың атынан өкілдік ететін әр облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының мәслихат депутаттарының бірлескен отырыстарында сол немесе басқа үміткерді сайлауға дауыс береді. Осылайша, Сенат депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында жүзеге асырылады.

Қоғамның өзге де маңызды мүдделері деп, біздің ойымызша, демократияны одан әрі дамыту, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қолдау, халықтың жасампаз белсенділігін арттыру, қоғамдық сананы жаңғырту, халықтың барлық топтарының маңызды мүдделерін білдіру деп түсіну керек.

50.3. Мәжіліс жүз жеті депутаттан тұрады. Олардың сайлануы сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 12-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты партиялық тізімдер бойынша пропорционалды сайлау жүйесі негізінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Мұндай тәсіл электоральды кезеңде азаматтар неғұрлым әлеуметтік, өзекті және халықтың ең көп тобының мүдделеріне жауап беретін партияның сайлауалды бағдарламасын таңдағандықтан, партиялардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудың бірегей ұлттық моделін іс жүзіне асыру іспетті Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдеріне бөлінетін парламенттік квотаны ерекше атап өткен жөн. Бұл ұлтаралық келісімнің бұрын-соңды болмаған конституциялық құралы қоғамдағы келісім мен тұрақтылық жолында қызмет етті және қызмет етеді де. Қолданыстағы ҚР Конституциясы осы уақыт ішінде конституциялық құндылыққа айналды. Шетелдік конституционалистер ұлтаралық және этносаралық қатынастардың күрделі саласына деген, оған қоса еліміздің Негізгі Заңы деңгейіндегі осындай тәсілдің бірегейлігін бірнеше мәрте атап өтті.

50.4. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды. Мәжіліс пен Сенаттың әр түрлі қалыптастыру тәсілдері мен әр түрлі конституциялық өкілеттігін ескеретін болсақ, бұл өте қисынды. Сенат пен Мәжіліс депутаттарын сайлау (тағайындау) тәсілдері мен олардың өкілеттік мерзімдерінің айырмашылықтары бар. Конституцияның 61-бабына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады. Осыған байланысты заң шығарушылық жұмыс қорытындысының әр түрлі құқықтық салдарын ерекше атап өту керек. Осылайша, Мәжіліспен қаралған және мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, Сенат қабылдағаннан кейін заңға айналады және он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады.

50.5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл. Бұл ретте, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 24-бабының 1-тармағына сәйкес Парламент депутатының өкілеттігі ол Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып тіркелген кезден басталады.

Депутаттар Қазақстан халқына мынадай ант береді: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндетін адал атқаруға ант етемін». Ант қабылдауды белгіленген тәртіпте Президент жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабы 5-тармағын, 51-бабы 5-тармағын, 52-бабының 4 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2003 жылғы 11 ақпандағы қаулысына сәйкес Конституцияның 50-бабының осы тармағында белгіленген Сенат және Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі Парламент депутаттары өкілеттігінің шекті мерзімі болып табылады. Ол кезектен тыс сайлауларда сайланған депутаттар үшін де белгіленген.

Бұл өкілеттік мерзімі Республика Президенті тағайындаған Сенат депутаттарына қатысты. Осы депутаттарды кезекті тағайындау олардың өкілеттік мерзімі біткеннен кейін әрбір алты жыл сайын жүзеге асырылады. Егер осы мерзім ішінде тағайындалған депутаттардың қайсы

бірінің өкілеттігі Конституцияның 52-бабының 5-тармағына сәйкес Президент шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, оның орнына тағайындалған адамға өкілеттік алты жылдық кезең аяқталғанға дейін қалған мерзімге беріледі.

51-бап

1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырындауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

51-баптың 1-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

2. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Бұл орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

51-баптың 2-тармағына 1998 жылғы 7 қазанындағы ҚР Заңына сәйкес толықтырулар енгізілді.

3. Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

51-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

51-баптың 4-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

5. Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі.

51-баптың 5-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

6. Парламенттің депутаты Қазақстан халқына ант береді.

51.1. 1995 жылғы Конституция қабылданғалы Қазақстан Республикасының бүкіл әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси құрылымы оның ережелеріне негізделеді. ҚР Конституциясының мәтінінде демократиялық мемлекеттік құрылыс саласындағы әлемдік қауымдастықтың ең үздік жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік беретін құқықтық тетіктерді нақтылай алатын, түзете алатын және енгізе алатын ережелердің бар екенін атап кету керек.

Бастапқыда 1995 жылғы Конституция Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау кезінде мажоритарлық сайлау жүйесін белгілеген еді. 1998 жылы Конституцияға түзетулер енгізілгеннен кейін Мәжіліс аралас сайлау жүйесі негізінде қалыптастырылатын болды: оның 67 депутаты мажоритарлық сайлау жүйесі негізінде бір мандаттық сайлау округтері бойынша, ал 10 депутат – сайлау жүйесі негізінде партия тізімдері бойынша сайланады.

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес Парламент Мәжілісінің 98 депутаты партия тізімдері бойынша барабар сайлау жүйесінің негізінде сайланатын болды. Осы жүйе бойынша 2007 жылғы 18 тамыздағы, 2012 жылғы 15 қаңтардағы және 2016 жылғы 20 наурыздағы сайлау өткізілді.

Ұлттық азшылықтардың сайлау құқықтарына кепілдік беру, елдің заң шығару органында олардың өкілдігін қамтамасыз ету мақсатында (бұл жөнінде міндеттеме 1990 жылғы 29 маусымдағы ЕҚЫҰ Адами өлшем бойынша конференцияның Копенгаген жиналысы құжатының 31-тармағында қарастырылған) Қазақстан халқының Ассамблеясына Парламент Мәжілісінің тоғыз депутатын сайлау құқығы берілді. Қазақстан халқының Ассамблеясы бұл құқықты 2007 жылғы 20 тамыздағы, 2012 жылғы 16 қаңтардағы және 2016 жылғы 21 наурыздағы сайлауларда пайдаланған болатын.

Қазақстан халқының Ассамблеясы және Хорватия мен Словениядағы ұлттық азшылықтардың электораттық құқықтарын шешу тәжірибесі арасында кейбір ұқсастықтарды келтіруге болады. Осылайша, Хорватия парламентінде ұлттық азшылықтарға 8 депутаттық мандат, ал Словенияның Ұлттық ассамблеясында (парламентінде) осы елде ұлттық азшылықтар болып табылатын итальяндықтар мен венгрлер үшін 2 депутаттық орын резервке қойылған.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 9 ақпандағы Конституциялық заң кемінде екі саяси партияның қатысуымен Парламент Мәжілісін кепілді қалыптастыру тетігін енгізді. Себебі 2007 жылы өткен сайлауда 98 депутаттық мандаттың

барлығын алған тек бір партия ғана жеті пайыздық межеден асқан, сондықтан бұл тетік енгізілді.

Кейінгі сайлау барысында бірқатар партиялар бұл талапты орындады. 2012 жылғы 15 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің сайлауына жеті саяси партия қатысты, жеті пайыздық межеден асқан үш партия Парламенттің Мәжілісінде орын алған болатын. Мәселен, «Нұр Отан» партиясы сайлаушылар дауыстарының 80,99 пайызына ие болды: осыған сүйене отырып, оған 83 депутаттық мандат берілді, «Ақ жол» партиясы 7,47 пайыз алды, оған 8 депутаттық мандат берілді, ал Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы 7,19 пайыз жинап, 7 депутаттық мандатқа ие болды. 2016 жылдың 20 наурызында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы еліміздің ең жоғары заң шығару органы қайтадан көп партиялы болғанын көрсетті. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы бұл сайлаудың қорытындысын айқындап, оны жариялады, оған сәйкес «Нұр Отан» партиясына 6 183 757 азамат немесе дауыс беруге қатысқандардың 82,20 пайызы; «Ақ жол» партиясына – 540 406 азамат немесе жалпы қатысқандардың 7,18 пайызы; Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясына – 537 123 азамат немесе жалпы қатысқандардың 7,14 пайызы дауыс берді. Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 43 – 46-баптарына сәйкес «Нұр Отан» партиясына Парламент Мәжілісі депутаттарының 84 мандаты, «Ақ жол» партиясына – 7 мандат, Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясы – 7 мандат берілді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы қызмет еткелі осы уақытқа дейін елімізде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін сайлау бойынша 6 сайлау науқаны өткен болатын.

51.2. Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының нормаларына сәйкес (69 – 84-баптар) Парламент Сенатының депутаттарын сайлау жасырын дауыс беру кезінде жанама сайлау құқығына негізделеді. Бұл құқықтан туындайтыны – Сенат депутаттары сайлаушылар дауыс беретін тікелей сайлауда сайланбайды, оларды барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары сайлайды. Азаматтар мәслихаттардың депутаттарын сайлайды, ал олар өз кезегінде Сенатты сайлау кезінде Сенат депутаттарын сайлауға қатысу құқығын іске асырады.

Сенатқа сайлау баламалы негізде өтуі тиіс, яғни Сенаттағы бір орынға кемінде екі үміткер болуы тиіс. Сайлау таңдаушылардың – облыстардың, Астана және Алматы қалалары мәслихаттарының депутаттарының бірлескен отырысында өтеді. Бірлескен отырыс өткізілетін үй-жайда дауыс беру пункті ашылады.

Егер бірлескен отырысқа барлық мәслихаттардан өкіл болатын сайланған депутаттар санының елу пайыздан астамы қатысса, ол заңды болады. Тиісті облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала және республика астанасы) сайлау комиссиясы дауыстарды санайды және дауыс беру қорытындыларын анықтайды.

Республика бойынша Сенат сайлауының қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірмей шығарады. Дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған немесе қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады. ҚР ОСК облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала және республика астанасы) сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде Сенаттың сайланған депутаттарын тіркейді.

Көріп отырғанымыздай, Сенатты әрбір облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және республика астанасынан екі адамнан Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңында көзделген тәртіппен сайланған депутаттар құрайды. Әрбір үш жыл сайын Сенаттың сайланатын депутаттарының тең жартысы қайта сайланады (16 депутат). Соңғы рет Сенат депутаттарының жартысы 2017 жылдың 28 маусымында сайланды. Он алты депутаттық орынға 38 үміткер болды. Сайлау қорытындысы бойынша өзін-өзі ұсынғандардың қатарынан 9 үміткер және жергілікті атқарушы органдардың 7 кандидаты жеңімпаз атанды. Осы Сенатқа сайлаудың ерекшелігі сол, алғашқы рет бүкіл ел бойынша таңдаушыларды тіркеудің электронды жүйесі қолданылып және елдің барлық аймақтары бойынша әрбір кандидатқа берілген дауыстардың саны туралы ақпарат ұсынылды. Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттен тыс барлық қалаушылар нақты уақыт режимінде таңдаушыларды тіркеу мен дауыс беру қорытындыларын жүргізу барысын бақылау мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен бірге, Сенат депутаттарының кезекті сайлауы олардың өкілеттік мерзімі бітуінен кемінде екі ай бұрын өткізілетінін атап айтқан жөн. Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Парламент депутатының өкілеттігі оны Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутаты ретінде тіркеген күннен басталады, ал келесі сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады.

Қолданыстағы Конституция қабылданғалы Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау бойынша 9 сайлау науқаны өтті.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Парламент депутатының өкілеттігі оны Республиканың Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутаты ретінде тіркеген күннен басталады және тиісінше Сенаттың сайланған депутаттарын тіркеу сәтінен бастап аяқталады.

51.3. Парламент палатасын мерзімінен бұрын тарату Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу үшін негіздеме болып табылады.

Парламент Сенатына қатысты кезектен тыс сайлау депутаттың

өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған, мандатынан айырылған, депутат қайтыс болған жағдайда өткізілуі мүмкін. Сенат депутатының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, ҚРОСК депутаттың өкілеттіктері тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, шығып кеткен депутаттың орнына Сенат депутатының сайлауын тағайындайды.

Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 83-бабына сәйкес Сенат депутатының кезектен тыс сайлауы кезекті сайлау үшін белгіленген ережелерге сәйкес өткізіледі. Бұл ретте сайлау науқанын өткізу мерзімін ҚРОСК айқындайды.

Қазақстан Президенті жалпы Парламенттің және оның палаталарының кезектен тыс сайлауын тағайындауға құқылы. Конституцияға сәйкес Мәжіліске қарағанда, Сенаттың таратылуы мүмкін емес. Алайда, Конституция Парламенттің екі палатасының бір мезгілде таратылуына рұқсат береді. Мұндай жағдайда Парламент таратылғаннан кейін өткізілетін кезектен тыс сайлауда Сенат депутаттарының жартысы Конституцияның 51-бабының 2-тармағына сәйкес үш жылдық мерзімге сайланады. 1995 жылғы Конституция қабылданғалы Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы үш рет өткізілді: 2007 жылғы 18 тамызда, 2012 жылғы 15 қаңтарда және 2016 жылғы 20 наурызда.

51.4. Парламент Мәжілісі мен Сенатының депутаты болып сайлану үшін кандидат Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс. Парламентке сайлану үшін азаматтықтың болуы әлемнің барлық елдерінде дерлік конституциялық талап болып табылады.

ҚР Парламентінің депутатына қойылатын басқа талап оның соңғы он жыл бойы ел аумағында тұрақты тұруы болып табылады. Дәл осындай талаптар, мәселен, Аргентина, Польша, АҚШ заңнамасында қарастырылған. Себебі, ҚР Парламентінің депутаты қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және басқа да қажеттіліктерін білуге тиіс, бұл депутаттың бүкіл қазақстандық қоғамның мүддесінде заң шығармашылығы жұмысына кәсіби қатысуы үшін міндетті шарт болып табылады.

Қазақстан заңнамасы Парламент депутаттарына кандидаттар үшін бірқатар жас шектеулерін көздейді: Сенат депутаты үшін – 30 жас және Мәжіліс депутаты үшін – 25 жас. Осындай шектеулер әлемнің көптеген елдерінің заңнамасында бар. Мәселен, Италияда, Чехия мен Чилиде сенаторлардың жасы айтарлықтай үлкендеу болуы қажет. Бұл елдерде кандидат кемінде 40 жасқа жеткен болуы тиіс.

Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттың жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс. Сенатордың жоғары білімді болуы туралы талап Мысыр, Филиппин және Таиланд заңдарында да қарастырылған. Өйткені заң шығармашылығы жұмысы белгілі бір білім деңгейін және заң техникасының сақталуын талап етеді. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не астананың аумағында кемінде 3 жыл тұрақты тұруға тиіс. Бұл талап Сенат қызметінің

ерекшелігімен айқындалады, оның құрамына елдің барлық өңірлерінен 32 депутат кіреді. Сенат депутаттары өңірлердің мүдделерін жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, алға тартуға тиіс.

51.5. Конституцияның 51-бабы 5-тармағына сәйкес «Республика Парламенті депутаттарын сайлау конституциялық заңмен реттеледі». Бұл Заң – Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңы, оның 1-50-баптарында кез келген, оның ішінде Парламент депутаттарын сайлауды даярлау мен өткізуге қатысты жалпы қатынастар реттеледі. Бұл баптар сайлау құқығының қағидаттарын қамтиды, сайлау комиссияларының жүйесі мен өкілеттіктерін, сайлаушылардың тізімін жасау тәртібін, сайлау алдындағы үгітті жүргізу, сайлауды қаржыландыру, дауыс беру және сайлау қорытындыларын шығару рәсімін, сайлау еркіндігінің кепілдіктерін қамтиды.

69-84-баптарды қамтитын Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 11-тарауы Сенат депутатының сайлауын тағайындау рәсімін реттейді, кандидаттарға қойылатын талаптарды белгілейді, сайлау қорларының мөлшерін, кандидаттарды ұсыну және тіркеу тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау қорытындыларын анықтау және жариялау, сондай-ақ қайта дауыс беруді және қайта сайлауды өткізу тәртібін белгілейді.

85-100-баптарды қамтитын Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 12-тарауы сайлауды тағайындауды, кандидаттарды ұсыну мен тіркеуді, сайлау жарнасының төленуін, саяси партиялардың сайлау қорларының мөлшерін, қайта дауыс беру мен қайта сайлауды өткізуді қоса алғанда, Парламент Мәжілісіне сайлауды өткізу рәсімдерін реттейді. Дәл осы тарауда Мәжілістің 9 депутатын сайлау бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясын өткізу, оның ішінде дауыстарды санау, дауыс беру қорытындыларын шығару, қайта дауыс беру туралы ережелер қарастырылған.

51.6. Конституцияның ережелеріне сәйкес Парламент депутаттары Қазақстан халқына ант береді. Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында депутаттар Парламенттің бірінші сессиясында палаталардың бірлескен отырысы барысында ант береді деп жазылған. Мәселен, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 24-бабының 1-тармағында Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіне жүктелген депутаттың мәртебелі міндетін абыроймен атқаруға міндеттенетіндігі айтылады. Ант беру елдің жоғары лауазымды тұлғалары және Парламент депутаттарының қатысуымен салтанатты жағдайда өткізіледі. Ант Мәжіліс депутаттарына жоғары этикалық және кәсіби міндеттемелерді жүктейді, сайлаушылардың алдында депутаттық борышын адал орындауын білдіреді.

52-бап

1. 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен алынып тасталды.

2. Парламент депутаттары оның жұмысына қатысуға міндетті. Парламентте депутаттың жеке өзі ғана дауыс береді. Депутаттың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспауы, сол сияқты дауыс беру құқығын басқа біреуге беруі депутатқа заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.

3. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

52-баптың 3-тармағына 1998 жылғы 7 қазанындағы ҚР Заңына сәйкес өзгеріс енгізілді.

4. Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

5. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты:

- 1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты:

- 1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;
- 2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

52-баптың 5-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

6. Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың осы баптың 3-тармағының талаптарын, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және өкілеттігінен әрі депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді әзірлеу Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына жүктеледі.

52.1. Конституцияның 52-бабының 1-тармағына сәйкес Парламент депутаты императивтік мандатпен байланысты бола алмайды. Бұл норма Конституцияның мәтінінде 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен өзгерістер енгізілгенге дейін болған, онымен аталған тармақ алынып тасалды. Бұл ретте заңның авторлары бұл норманы барабар дауыс беру жүйесінің енгізілуімен, сондай-ақ партия тізімдері бойынша сайланған Мәжіліс депутаттары өздерін сайлаған партияның мүдделерін білдіруге тиіс деп негіздеді.

52.2. Қазақстанның Конституциясына сәйкес халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Сайланбалы орган ретінде Парламент азаматтардың өздері немесе өз өкілдері арқылы жанама түрде сайлайтын депутаттардан тұрады. Осыған орай депутат өзіне жүктелген өкілеттіктерді жеке өзі іске асыруға тиіс және шешім қабылдау барысында басқа тұлғаға өз даусын беруге құқығы жоқ.

Еліміздің заң шығару функцияларын жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде Парламент депутаттары өз жұмысының барысында ел дамуының ұзақ мерзімді міндеттеріне ықпал ететін маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдайды. Сондықтан дәлелді себептерсіз, олардың отырыстарға қатыспауына болмайды. Осындай іс-әрекеттер үшін депутаттарға қатысты Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңның 33-бабында көзделген жазалау шаралары қолданылады. Нақтырақ айтқанда, аталған Конституциялық заңның 33-бабының 1-тармағында «Депутат Палаталар мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспаған жағдайда оған қатыспаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады» деп жазылған. 33-бабының 2-тармағына сәйкес депутат өзінің даусын басқа біреуге берген жағдайда Палата Бюросының шешімімен оған дауысты басқа біреуге беруге жол берілген күн үшін жалақы төлеуден, ал дауыс басқа біреуге қайталап берілген жағдайда айлық жалақысын төлеуден бас тартылады.

52.3. Қазақстан Республикасының Конституциясы Парламент депутатының оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметпен айналысуына рұқсат береді. Табыс әкелуі мүмкін басқа қызмет

түрлеріне тыйым салынған. Парламент депутатының басқа өкілді органы депутатының лауазымын және ақысы төленетін басқа да лауазымдарды атқару, сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысу құқығын шектеу мемлекеттік функцияларды орындау кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында Қазақстанның Конституциясында қарастырылған. Депутат жұмысының мақсаты жеке мүдделесін емес, мемлекеттік міндеттерді шешуді көздеуі тиіс. Осыған орай депутаттар Парламенттің жаңадан сайланған депутаттары тіркелмей тұрып, Конституция мен заңдарға сәйкес депутат мәртебесіне сай келмейтін міндеттерді доғаруға тиіс.

52.4. Конституцияның осы бабымен белгіленген депутатқа ешкімнің тиіспеуі – Парламент депутатының қызметі кепілдіктерінің бірі. Парламент депутатының жоғарғы мәртебесі ескеріле отырып, Конституция депутатты әкімшілік құқық бұзушылықты немесе қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерді жасағаны үшін жауапқа тартудың ерекше тәртібін белгілейді. Конституцияның 52-бабының 4-тармағы Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының «Депутатқа ешкімнің тиіспеуі» деп аталатын 32-бабымен толық ашып көрсетілген. Бұнда, атап айтқанда, «Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапкершілікке тартуға болмайтыны» бекітілген.

«Депутатты қылмыстық жауаптылыққа тартуға, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге немесе сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Бас Прокурор Сенатқа не Мәжіліске ұсыну енгізеді, мұны палаталар тиісті Палатаның отырысында қарауға әзірлеу үшін Орталық сайлау комиссиясына жібереді». «Бас Прокурордың ұсынуы және Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы олар келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады және Палата тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы. Палата уәжді шешім қабылдайды және оны Республиканың Бас Прокурорына және анықтау мен алдын ала тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органының басшысына үш жұмыс күні ішінде жібереді. Депутат өзіне ешкімнің тиіспеуі туралы мәселені Палата қараған кезде қатысуға құқылы».

Қарастырылып отырған заңның 32-бабының 3-тармағында: «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Парламент депутаты қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік

ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады. Орталық сайлау комиссиясы іс бойынша шешім қабылдаған тиісті соттан Парламент депутатын айыптау бойынша істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алады және оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, тиісті Палатаға депутаттық мандаттан айыру туралы ұсыну енгізеді» деп айтылған.

52.5. Парламент Мәжілісі депутатының өкілеттік мерзімі – бес жыл, ал Парламент Сенаты депутатының өкілеттік мерзімі алты жылды құрайды. Дегенмен, Парламент депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға болады. Конституцияның 52-бабының 5-тармағында Парламент депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, депутаттық мандаттан айыру негіздері қарастырылған, Президент тағайындаған Сенат депутатының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату шарттары реттеледі.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2003 жылғы 12 мамырдағы № 5 қаулысына сәйкес Парламент депутатының өкілеттігін тоқтату немесе оны мандатынан айыру туралы Парламент Палаталарының қаулылары, оларды қабылдау нәтижесінде туындайтын салдар бойынша емес, бұл адамның Парламент Палатасы құрамынан шығып қалуына әкеп соқтырған негіздердің сипаты бойынша ажыратылады. Депутаттық өкілеттікті тоқтату түрінде оны жоғалтуға объективті негіздер себеп болады, мәселен, депутаттың орнынан кетуі, қайтыс болуы, соттың оны әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған не хабар-ошарсыз жоғалды деп тануы. Мандатынан айыру соттың оның құқық бұзушылық немесе қылмыс жасаудағы кінәсін тануы немесе депутаттың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты қоныс аударуының салдары болып табылады.

Парламент Мәжілісінің депутатын мандатынан айыру депутаттың саяси партиядан шығуы немесе шығарылуы, саяси партияның қызметін тоқтату сияқты негіздермен толықтырылған. Бұл негіздемелердің Қазақстан Конституциясына енгізілуі Мәжіліс депутаттары өздерін сайлаған саяси партиялардың мүдделерін білдіретіндігімен айқындалған.

Қазақстан Конституциясының 50-бабының 2-тармағы Мемлекет басшысының Сенаттың 15 депутатын Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, тағайындайтынын белгілейді. Парламент Сенаты депутатының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын Қазақстан Республикасының Президенті тоқтата алады.

Парламенттің не Парламент Мәжілісінің таратылуына байланысты Парламенттің не Парламент Мәжілісінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға қатысты Парламенттің не Парламент Мәжілісінің таратылуын жалпы Парламенттің не тиісінше Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату деп түсіну қажет.

Конституцияның 63-бабының 1-тармағына сәйкес Мемлекет басшысы Парламент палаталарының төрағаларымен немесе Қазақстанның Премьер-Министрімен консультациялар өткізу секілді конституциялық рәсімді міндетті түрде сақтай отырып, Парламентті не Парламент Мәжілісін тарата алады. Яғни, ел Президентіне Парламентті не Парламент Мәжілісін таратуға ерекше құқық берілген. Конституцияның 63-бабының 2-тармағына сәйкес Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

52.6. Конституцияның 51-бабының 5-тармағында Республика Парламентінің депутаттарын сайлау Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңымен реттеледі деп жазылған, оның 12-бабының 2-тармағында ҚР ОСК Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады, сондай-ақ Парламент Сенатының депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге басшылық етеді делінген. Қазақстан Конституциясының 52-бабының 6-тармағы Орталық сайлау комиссиясына Парламент депутаттарын сайлауды ұйымдастыру бойынша өкілеттіктер жүктелгендіктен, оған депутаттарға қатысты жазалау шараларын қолдануға, олардың депутаттық қызметпен байланысты шектеулерді, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына, сондай-ақ депутаттардың өкілеттіктерін тоқтатуға және өкілеттіктері мен депутаттық қолсұғылмаушылығынан айыруға байланысты мәселелерді пысықтау бойынша өкілеттіктер жүктелетінін белгілеген. Конституцияның 52-бабының 5 және 6-тармақтары Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 33-бабының 3 және 4 – тармақтарында одан әрі жалғасын тапқан, онда депутаттарға жазалау шараларын қолдануға байланысты мәселелерді әзірлеуді «Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады» – деп айтылған. ҚР Ортсайлаукомының іс-қимылдары осы бағытта «Депутаттарға жазалау шараларын қолдануға, олардың депутаттық қызметпен байланысты шектеулерді, депутаттық әдеп ережелерін сақтауына байланысты, сондай-ақ депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға, оларды өкілеттігінен және депутатқа ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыруға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына дайындау жөніндегі ережені бекіту туралы» 2016 жылғы 22 маусымдағы №40/137 оның қаулысымен реттелген (Ереженің 9-16 тармақтары).

53-бап

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:
1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

3) 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен алынып тасталды;

4) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

5) Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

6) Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

7) палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды;

8) Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

53-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңы редакциясында баяндалған.

53.1) Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Республика Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Елдің Негізгі Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заңға бастамашылық жасауға өкілетті конституциялық субъект – Мемлекет басшысы ғана болып табылады. Мұндай конституциялық өзгерістер 1998, 2007, 2011 және 2017 жылдары орын алғанын айта кету керек. Әрбір аталған конституциялық өзгерістер мемлекеттік құрылысымызды алға қарай дамытты, Негізгі Заң ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті нығайтуға, Республикамызды одан әрі дамытуға әрқашан қажетті құқықтық кеңістікті қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасында конституционализмнің дамуындағы маңызды кезең – Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша жүргізілген конституциялық реформа болып табылады, оның негізгі басымдықтары алғаш 2017 жылғы 25 қаңтардағы мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі оның Қазақстан халқына Жолдауында айтылды. 2017 жылғы 25 қаңтардағы ҚР Президентінің Өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасы 2017 жылдың 26 қаңтарынан 26 ақпанына дейінгі кезеңде бүкілхалықтық талқылауға

шығарылды. Осы бүкілхалықтық талқылаудың қорытындысы 2017 жылғы 3 және 6 наурыздағы ҚР Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында екі оқылымда ҚР Парламенті қабылдаған ҚР «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы болды, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.

Аталған заңға 2017 жылғы 9 наурыздағы ҚР Конституциялық Кеңесінің оң қорытындысынан кейін 2017 жылы 10 сәуірде Президент ашық түрде қол қойды.

Бұл жерде ҚР Конституциясының 91-бабының 2-тармағында еліміздің Негізгі Заңына өзгерістер енгізу мәселелері бойынша заң шығарушыға нақты белгіленген шектеулер бар екенін айта кету керек. Жүргізілген конституциялық реформаға сәйкес бұл норма да өзгерістерге ұшырады. Қолданыстағы редакцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкес «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді». Бұл негізді, өйткені қазір жаңа тегеурінді талаптарды орындайтын жаһандық трансформациялау мен өзгерістер уақыты.

Конституцияда аумақтық тұтастық пен мемлекеттің біртұтастықтың мызғымастығын ғана емес, сонымен қатар мемлекетіміздің тәуелсіздігін де заң шығарушы өзгеріссіз конституциялық құндылықтардың осы тізіміне қосты.

Республика қызметінің түбегейлі принциптерінің мызғымастығына келер болсақ, олар Конституцияның 1-бабының 2-тармағында белгіленген, оларға қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу жатады. Бұл қағидаттар өзгеріссіз деп танылды, өйткені қолданыстағы Негізгі Заң осы уақыт ішінде заң шығару мен құқық қолдануда уақыт сынынан өтті, дәлосы қағидаттар елімізде мемлекеттілікті дамытуда көрнекті нәтижелерге әкелді. Конституциялық заң шығарушы бұл конституциялық қағидаттардың авторы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаев екенін атап өтуді қажет көрді, бұл әбден негізді болып табылады. Сондай-ақ, 91-баптың 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі мызғымас болып табылады, бұл норма Қазақстан Республикасының барлық жетістіктері атымен тығыз байланысты тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қосқан үлесін айғақтайтын норма-қағидат ретінде заң шығарушымен баянды етілген.

Аталған конституциялық өзгерту республикалық референдум туралы ҚР Конституциялық заңының 3-бабында өз көрінісін тапты.

Осы конституциялық реформаның арқасында заң шығарушымен жасалған тағы бір құнды толықтыру мынада: «Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады». Бұл Конституциялық Кеңес Республикадағы конституциялық бақылаудың мемлекеттік органы ретінде Конституцияның сақталуы тұрғысынан алдын-ала тексеруді жүзеге асыруы тиіс дегенді білдіреді. Тек Конституциялық Кеңестің оң қорытындысын алғаннан кейін Негізгі Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу рәсімі жалғастырылуы мүмкін.

Тікелей Парламентте Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу рәсімі оның Регламентінде баяндалған. 19-бапта көрсетілгендей, Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілігімен қабылданады. Сондай-ақ, бұл мәселелер Мәжіліс Регламентінде ішінара көрініс тапқан, ал Парламент Сенатының Регламентінде ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар бұл мәселе бойынша шешім қабылдамастан, Сенат отырысында қаралуы мүмкін деп атап көрсетілген.

53.2) Парламент Палаталардың бірлескен отырысында Үкімет пен ҚР Есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді.

Үкімет пен Есеп комитетінің есептері алдымен – Мәжілісте, содан кейін Сенатта өз кезегімен талқыланады (Конституцияның 54-бабы 2-тармағының 1-тармақшасы). Содан кейін Үкімет пен ҚР Есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері Палаталардың бірлескен отырысында талқыланады. Егер Парламент Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекітпесе, бұл Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді.

Атап өтілген, заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына өзара іс-қимыл жасау механизмі Республикада мемлекеттік билік біртұтас және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады делінген Конституцияның 3-бабының 4-тармағымен белгіленген қағидатқа сәйкес келеді. Ел бюджеті қоғамның барлық мүдделері көрініс тапқан ең күрделі мемлекеттік құжат болып табылады, Конституцияның 1-бабы 2-тармағында көзделгендей ол экономикалық тұрғыдан негізделген және мемлекеттің барлық азаматтарының игілігі үшін іске асырылуы тиіс. Сондықтан республикалық бюджетті құрастыруда және іске асыруда, оның тек экономикалық қана емес, әлеуметтік сипатын да ескере отырып конституциялық заңдылықты сақтау өте маңызды болып табылады.

Мысалы, 2017 жылғы 19 маусымдағы ҚР Парламентінің қаулысымен ҚР Үкіметі мен Есеп комитетінің 2016 жылға республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептері бекітілген. Үкімет есебі салық түсімдері, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, трансферт түсімдерінен тұратын кірістердің мөлшері, сондай-ақ, таза бюджеттік несиелеу шығындары, қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо, тапшылықты және бюджет тапшылығын қаржыландыруды көздейді. Республикалық бюджетті бекіту кезінде Парламент негізделген бюджетті қалыптастыруға, жергілікті атқарушы органдарда трансферттер жағдайында бюджеттің тиімді атқарылуына бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігіне және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан бюджеттік қаражатты тиімсіз игеруді анықтаған кезде ҚР Есеп комитетінің іс-әрекеттерінің құқықтық салдарына назар аударады.

ҚР Үкіметі мен Есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту тәртібі Парламент Регламентінің 6-тарауымен реттелген.

53.3) 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен алынып тасталды

53.4) Республика Президенті Республиканың демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмысы бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған мән-жайлар талап ететін шараларды қолданады (Конституцияның 44-бабының 16-тармақшасы).

Республика Президенті Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялап, бұл туралы Парламентке дереу хабарлайды (Конституцияның 44-бабының 17-тармақшасы).

Бұл соғыс және бітімді жариялау мәселелерінде Президенттің конституциялық өкілеттігі заң шығарушы билікті жүзеге асыратын Республиканың жоғары өкілді органы – Парламент арқылы іске асырылады.

Бұл мәселелер ҚР қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Заңында нақтыланған. Мәселен, «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» ҚР Заңының 6-бабында Парламенттің қорғаныс саласындағы, оның ішінде соғыс және бітім мәселелерін шешу жөніндегі өкілеттіктері көзделген.

Заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғары өкілді орган, осындай өкілеттік берілген заңнамалық органдар және басқа да елдердің, мысалы, Француз Республикасы Конституциясының 35-бабы мынаны көздейді: «соғыс кезін Республика Парламенті жариялайды. Соғыс жарияланғаннан

кейін үш күннен кешіктірілмей шекара сыртында қарулы күштерді жұмылдыру туралы өз шешімін Үкімет Парламентке хабарлайды». Ол көзделген мақсаттарды нақтылайды. Осы ақпараттан кейін қандай дауыс беру болмасын ізінше талқылау болу керек. Егер әскери араласу ұзақтығы төрт айдан асып кетсе, Үкімет оны ұзартуға Парламенттен рұқсат беруді сұрайды. Ол Ұлттық жиналыстың соңғы шешім шығаруын сұрайды. Егер 4 ай мерзім өткен соң Парламент отырыс өткізбесе, ол өз шешімін кезекті сессия ашылғаннан кейін шығарады. Сондай-ақ, Италиян Республикасы Конституциясының 78-бабы: «Парламент Палаталары соғысты жариялауға рұқсат етеді және Үкімет қажетті өкілеттіктерге ие болады» – деп белгілейді.

53.5) Парламент Палаталардың бірлескен отырысында Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды.

Парламенттің бұл өкілеттіктері, Конституцияның 44-бабының 12) тармақшасында «Қазақстан Республикасының Президенті Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады» деп бекітілген Республика Президентінің өкілеттіктеріне сәйкес келеді. Осындай шешім қабылдау рәсімі Парламент Регламентінің 12-тарауында егжей-тегжейлі айқындалған. Мәселен, Парламент Регламентінің 65-тармағында көзделген бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау бойынша халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы Республика Президентінің ұсынысы Парламент Палаталарының бірлескен отырысына енгізіледі.

Шешім Парламенттің әр Палатасы депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

Аталған конституциялық норманы іске асыру шеңберінде ҚР Парламенті 2015 жылғы 15 маусымда Қазақстан Республикасының қабылданған халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операцияларға (миссияларға) Қазақстан Республикасының ұлттық контингентінің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін «Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі туралы» ҚР Заңын қабылдады.

Осы заңға сәйкес «бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі операция (миссия) (бұдан әрі – бітімгершілік операция) – әлеуетті немесе орын алып отырған қарулы қақтығыс аудандарындағы ахуалды тұрақтандыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысына сәйкес қабылданатын, бітімгершілік операцияларды жүргізуге арналған мандатқа сәйкес жүзеге асырылатын және қақтығысты шешуге ықпал ететін жағдайларды жасауға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға немесе қалпына келтіруге бағытталған әскери және азаматтық персоналдың мақсаттары, міндеттері, орны мен уақыты бойынша өзара байланысқан және келісілген іс-қимылдарының жиынтығы»; «бітімгершілік қызмет – Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес

Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер (мемлекет) қабылдайтын, саяси, экономикалық, әскери және өзге де сипаттағы дауларды шешуге, сондай-ақ үшінші тараптың араласуы арқылы мемлекеттер арасындағы немесе мемлекет шегіндегі қақтығыстарды болдырмауға, олардан қалыс қалуға және тоқтатуға және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға ықпал ететін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін гуманитарлық көмек көрсетуге бағытталған шаралар жиынтығы»; «ұлттық контингент – Қазақстан Республикасының әскери және азаматтық персоналы». Мәселен, Қазақстанның ұлттық контингенті қазір Батыс Сахарада, бұл шешімді 2013 жылғы 20 желтоқсанда Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның миссияларына қатысу үшін жіберу туралы ұсынысы бойынша Парламент қабылдаған.

53.6) Парламент Палаталардың бірлескен отырысында Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауларын тыңдайды және одан әрі заң шығарушылық жұмыстар үшін оны назарға алады. Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауларын тыңдау рәсімі Парламент Регламентінің 69-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 17-бабында ҚР КК конституциялық іс жүргізу практикасын қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жібереді, онда Негізгі Заң нормаларын түсіндіру жөніндегі конституциялық бақылау органы қызметінің нәтижелері, сондай-ақ заң нормаларының Конституцияға сәйкестігі туралы тиісті субъектілердің өтініштерін қарау кезінде әзірленген құқықтық позициялары баяндалады. Сондай-ақ, Республиканың қолданыстағы заңнамасында іске асырылмаған Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларының құқықтық позициялары белгіленеді. Осы құжаттың ұсынымдық сипатына қарамастан, Конституциялық Кеңес елдегі конституциялық бақылаудың мемлекеттік органы болып табылатынын ескере отырып аталған конституциялық жолдаудың рөлі аса маңызды екенін атап өту керек.

Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық Кеңестің жыл сайынғы жолдауларын тыңдау рәсімі Парламент Регламентінің 69-тармағына сәйкес Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жүзеге асырылады.

53.7) Парламент Палаталардың бірлескен отырысында Палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын қызметке сайлайды және қызметінен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 11-бабына сәйкес Палаталардың бірлескен

қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде сандық құрамы Палаталар арасында келісу бойынша белгіленетін бірлескен комиссиялар құруға құқылы. Комиссия мүшелерін сайлауды әр Палата жеке-дара жүзеге асырады.

Осы мәселелер Парламенттің комитеттері мен комиссиялары туралы заңмен, сондай-ақ Парламент Регламентімен егжей-тегжейлі реттелген. Осылайша, бірлескен комиссия құру туралы бастама Парламент депутаттарына тиесілі, ол үшін Палаталардың бірінің депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс беруі және шешім басқа Палатаның сондай көпшілік дауысымен қолдау табуы қажет.

Бірлескен комиссия мүшелерін өздерінің жалпы отырыстарында Палаталардың депутаттары ұсынады және депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен Палаталардың қаулыларымен бекітіледі.

Бірлескен комиссия мүшелері Палаталарда бекітілгеннен кейін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында әр Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен осындай бірлескен комиссия құру туралы қаулы қабылдайды.

Бірлескен комиссиялар Парламенттің жұмыс органдары болып табылады және тікелей соның алдында есеп береді.

Бірлескен комиссияның төрағасын сайлау Палаталардың бірлескен отырысында Палаталардың бірінің депутаттары жалпы санының көпшілігі жақтап дауыс беруімен жүзеге асырылады. Комиссия бірлескен комиссия төрағасының кандидатурасы туралы Парламентке ұсыныс енгізуге құқылы.

Бірлескен комиссия төрағасы Парламенттің әр Палатасы депутаттарының жалпы санынан көп дауыс жинаған үміткер сайланады.

Бірлескен комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігінің дауысымен қабылданады. Егер дауыс тең бөлінген жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

Комиссияда Мәжілісі пен Сенат депутаттарының бөлек дауыс беруі жүргізілмейді.

Комиссия отырысына бірлескен комиссияның жалпы санының кемінде үштен екі мүшесі қатысқан жағдайда оның отырысы заңды болып табылады.

Бірлескен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

Осылайша, 2017 жылғы 3 наурыздағы ҚР Парламентінің бірлескен отырысының қаулысымен Парламенттің қос Палатасының депутаттары ішінен және екінші оқылымға «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын дайындау үшін 2017 жылғы 25 қаңтардағы ҚР Президентінің Өкімімен құрылған мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының мүшелерінен бірлескен комиссия құрылды.

Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармағында, 57-бабының 5) және 6) тармақшаларында көзделген Парламент пен оның Палаталарының өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында Парламент Палаталары арнаулы уақытша комиссия құрады.

53.8) Парламент Палаталардың бірлескен отырысында Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Мысалы, Конституцияның 61-бабының 7-тармағына сәйкес Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр қоюға құқылы Үкіметке сенім туралы мәселені қарайды.

Сонымен қатар, Палаталардың бірлескен отырысында Конституцияда көрсетілген тәртіппен Парламент іске асыратын өкілеттіктердің тізбесі түпкілікті болып табылады.

Парламенттің және оның Палаталарының өкілеттігін кеңейту Конституцияның 91-бабында көрсетілген тәртіппен Негізгі Заңға тиісті өзгерістер енгізу арқылы ғана мүмкін болады.

54-бап

1. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:

1) республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;

3) Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;

4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;

5) мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;

6) рақымшылық жасау мәселелерін шешеді;

7) Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

2. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

1) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;

2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы осы тармақшада көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшіннің даусымен еңсереді;

3) республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

54-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

54.1. Түсіндірме беріліп отырған баптың 1-тармағында Парламенттің мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау және конституциялық заңдар мен бірқатар мәселелер бойынша заңдарды қабылдау құзыреті айқындалған.

Парламент Палаталарының бөлек отырыстары әлемдік практикаға сәйкес келеді. Бұл ретте еліміздің Парламенті Палаталарының бөлек отырысы қағидаты Парламент Сенатының өңірлерден өкілдік етуіне, ал Мәжіліс жалпыхалықтық өкілдік Палатасы болып табылуына байланысты. Ішінара Палаталар құзыреттерінің әртүрлі болуы да сондықтан, олар бір-біріне тәуелсіз, өздерінің заң шығару өкілеттіктерін дербес жүзеге асырады және әрқайсысы өз Регламентін қабылдай отырып, қызметтің ішкі тәртібін белгілейді.

Заң жобасын Парламентте қарау кезінде ол бірнеше сатыдан өтеді: Мәжілісте мақұлданады, Сенат тиісті өзгерістермен және толықтырулармен Мәжіліске қайтаруға, заң жобасын қабылдамауға және қабылдауға құқылы. Қажет болған жағдайда заң жобасы екі Палатаның депутаттарынан құрылатын келісу комиссиясының талқылауына шығарылады.

Президентке қол қоюға ұсынылғанға дейін заң әртүрлі пікірлер мен көзқарастар ескеріле отырып, мұқият пысықталады, оның барысында даулы мәселелер белгіленген рәсім бойынша қағидатты құқықтық негізде шешіледі.

Осылайша, Парламент қызметінің осындай бөлек ұйымдастырылуы қабылданатын заңдар сапасының жақсы болуын қамтамасыз етеді.

54.1.1) Парламент республикалық бюджетті бекіте отырып, тиісті заң қабылдайды және Үкіметке мемлекеттік бюджет қаражатын бекітілген көлемде және белгіленген шығыстар сомасына сәйкес жұмсауға уәкілеттік береді. Республикалық бюджетке де өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Әлемдік практикада Парламенттің мемлекеттік кірістер мен шығыстарды бекіту жөніндегі өкілеттігі жай заңдарды қабылдаудан өзгеше арнайы рәсім бойынша мемлекеттік бюджет туралы заңды жыл сайын қабылдау нысанында жүзеге асырылады. Мысалы, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Жапонияда және басқа елдерде мемлекеттік бюджет туралы заң емес, қаражат бөлу және кірістер туралы жекелеген заңдар топтамасы арқылы жүзеге асырылатын қаржылық бағдарламалар қабылданады.

Жалпы алғанда республикалық бюджет жобасын қарау рәсімі басқа заң жобаларын қарау рәсіміне ұқсас. Тек кейбір ерекшеліктері ғана бар.

Әдетте, республикалық бюджет туралы заң жобасын қараудың қалыптасқан практикасы оны жұмыс топтарының отырыстарында бас комитеттің басшылығымен кеңінен талқылауды көздейді. Жұмыс топтарында республикалық бюджет жобасы құрылымы бойынша, әрбір бөлім бойынша, оның ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары бойынша жеке-жеке талқыланады. Осыған байланысты тиісті мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен басқа да ұйымдардың уәкілетті өкілдері шақырылады.

Республикалық бюджет жобасын қарау кезінде Парламент мына қағидаттарды ұстанады:

- 1) негіздемелік қағидаты;
- 2) бюджет теңгерімділігін сақтау қағидаты.

Республикалық бюджет туралы заң жобасын Парламенттің Мәжілісі мен Сенатының отырыстарында қарау Үкімет уәкілеттік берген адамның Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бойынша және республикалық бюджет туралы заң жобасы бойынша, Ұлттық Банк Төрағасының ақша-кредит саясаты туралы, сондай-ақ Парламент Палаталары уәкілеттік берген адамдардың баяндамаларын, заң жобасы бойынша қорытындыларымен бірге қамтиды.

Республикалық бюджет туралы Заң жыл сайын жоспарлы үш жылдық кезеңге қабылданатын болғандықтан, оған өзгерістер мен толықтырулар ағымдағы қаржы жылы ішінде енгізіледі.

54.1.2) Мемлекеттің салық жүйесінің құрылымы мен оның ұйымдастырылуы оның мемлекеттік және экономикалық даму деңгейін сипаттайды.

Конституцияның 35-бабы бойынша салықты төлеу **әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады. Конституцияның 61-бабында олар заңмен реттелетін аса маңызды қоғамдық қатынастарға жатқызылған.**

Салықтар мен алымдар қоғамның даму деңгейіне, тұрақтылық пен қауіпсіздікке әсер ететін мемлекет бюджетін қалыптастырады және айқындайды. Салықтық құқықтық қатынастар мен заңнама жолға қойылған елдерде экономикалық жағдай орнықты екені белгілі. Бұл ретте әртүрлі мемлекеттердегі салық салу жүйесі, олардың бағыттары мен дамуы көбіне жеке-даралығымен ерекшеленеді.

Салық кодексінің 55-бабына сәйкес (2017 жылдың 1 шілдесіне) салықтардың 13 түрі және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің 18 түрі көзделген.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер тек ҚР Салық кодексі арқылы белгіленеді, қолданысқа енгізіледі, өзгертіледі немесе күші жойылады. Бұл ретте Салық кодексінің 3-бабына сәйкес салықтық әкімшілік ету, салық есептілігін белгілеу ерекшеліктері, сондай-ақ салық төлеушілердің (салық агенттерінің) жағдайын жақсарту жөніндегі өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей қабылдануы және олар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қана қолданысқа енгізілуі мүмкін.

54.1.3) 1991–1993 жылдар ішінде Республикада бірыңғай республикалық аумақтық-әкімшілік тетіктің қолданысы қағидатын айқындайтын уақыт сынынан өткен заңнамалық база болған жоқ. Бұл жағдай анархия элементтерін тудырды: аумақтық бірліктердің атауларын билік органдарымен қандай да бір байыпты келісулерсіз өзгерту, әртүрлі облыстардың аудандары арасындағы бұрыннан бар шекараларды өз бетінше өзгерту әрекеттері және т.б.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының Заңы аумақтық-әкімшілік жүйенің тыныс-тіршілігінің құқықтық негіздерін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт болды.

Заңнамалық тұрғыдан «Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс кіреді» деп айқындалды (Заңның *1-бабы*).

1997 жылғы әкімшілік-аумақтық реформа қазіргі мемлекетішілік аумақтық жүйені қалыптастырудағы маңызды оқиға болды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен Ақмола қаласы Республиканың астанасы болып жарияланды, оның атауы 1998 жылғы мамырда Астана қаласына өзгертілді.

54.1.4) Түсіндірме беріліп отырған тармақшада Парламентке мемлекеттік наградаларды тағайындау, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілеу, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындау құқығы жүктеледі.

Мемлекеттік наградаларға байланысты мәселелер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен регламенттеледі, оған сәйкес ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері – «Алтын Қыран» ордені, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да ордендері, медальдары, құрметті атақтары және Құрмет грамотасы мемлекеттік наградалар болып табылады.

Мемлекеттік наградалармен марапаттауды Республика Президенті жүзеге асырады.

Мемлекеттік наградаларға ұсынуды Президентке Парламент, Үкімет, министрліктер, басқа да орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және тағы басқалар енгізеді.

ҚР КК 1999 жылғы 30 маусымдағы №10/2 қаулысымен Конституцияның бұл нормасына ресми түсіндірме берілді. Бұған Парламент Сенаты мен Мәжілісі төрағаларының Конституцияда және Республиканың қолданыстағы заңнамасында Мемлекет басшысын Қазақстанның мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы шешім қабылдау субъектісі айқындалмағанына қатысты жүгінімі себеп болды. Осыған байланысты қандай орган Мемлекет басшысын марапаттау туралы шешім қабылдау субъектісі болып табылады және Парламент мұндай шешім қабылдай ала ма деген мәселе қойылды.

Республика Конституциясының 44-бабының 13) тармақшасына сәйкес Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттау құқығы Қазақстан Республикасы Президентінің айрықша құзыреті болып табылады. Парламентке келетін болсақ, ол тек мемлекеттік наградаларды тағайындайды (*Конституцияның 54-бабының 1 тармағының 4) тармақшасы*).

Парламент мәртебесінің ерекшелігі – оның түпкілікті өкілеттіктерін Республика Конституциясы айқындайды. Конституцияның 3-бабының 3-тармағында және 53-баптың 8) тармақшасында бекітілген ереже императивтік сипатқа ие.

Республика Конституциясы Парламентке мемлекеттік наградалармен марапаттау уәкілеттігін бермейтін болғандықтан, ол Мемлекет басшысын марапаттау туралы шешім қабылдау субъектісі болуға құқылы емес.

Республика Конституциясының нормаларын талдауды ескере отырып, Конституциялық Кеңес Мемлекет басшысын Қазақстанның мемлекеттік наградасымен марапаттауға болады деген қорытындыға келді. Сонымен қатар Конституциялық Кеңес Республика Президентіне қатысты мемлекеттік наградалармен марапаттаудың өзге тетігін белгілеген дұрыс болар еді деп атап көрсетті. Парламент Мемлекет басшысын марапаттау туралы шешім қабылдау субъектісі болуы мүмкін. Республика Конституциясы 91-бабының талаптарын сақтай отырып, осындай тәртіпті белгілеу мүмкін болады.

Мемлекеттік рәміздер туралы Конституциялық заңды Парламенттің қабылдауы, ал Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың оған қол қоюы Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындау жөніндегі Парламенттің құқықтарын іске асырудың жарқын мысалы болып табылады. Оған сәйкес Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері болып табылады.

Республикада 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні деп белгіленген.

54.1.5) Мемлекеттік сыртқы қарыздар төлем балансын ұстау және республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін тартылады.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар бойынша алынған қаражат олардың нысаналы мақсатына қарай қайтарымсыз пайдалануға тікелей жіберілуі немесе қайтарымды негізде қарыз алушыларға берілуі мүмкін.

Қарыз қаражатын қайтарымсыз пайдалану бюджеттік жұмсау немесе оларды Ұлттық Банктің пайдалануы жолымен, ал қарыз қаражатын ішкі қарызалушыларға беру мемлекеттік кредит беру жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражаты мемлекеттік сыртқы қарыз шарттарында көзделген мақсаттарға ғана пайдаланылуға тиіс.

Тәуелсіздік алған кезден бері жалпы сомасы 13,9 млрд. АҚШ доллары болатын қарыздар тартылған, олар еліміздің әлеуметтік дамуына жіберілді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасымен ынтымақтасатын негізгі халықаралық қаржылық ұйымдар бөлінісінде Қазақстан Республикасы тартқан, Парламент ратификациялаған қарыздардың көлемі мыналарды құрады:

ХҚДБ – 7,6 млрд. АҚШ доллары; АДБ – 3,9 млрд. АҚШ доллары; ЕҚДБ – 525 млн. АҚШ доллары; ИДБ – 220 млн. АҚШ доллары.

Әлемдік тәжірибе көптеген серпінді дамушы елдер басқа мемлекеттерге көмек көрсете отырып, барынша дамыған мемлекеттерден көмек алуды ойдағыдай жолға қойып отырғанын көрсетті.

Мемлекеттің экономикалық және өзге де көмегі сыртқы саясаттың қажетті элементі болып табылады, өйткені ол елдің беделін жақсартуға, бизнестегі мүдделерін ілгерілетуге ықпал етеді, сондай-ақ мұндай құралды пайдалану әлемдік аренада өзінің рөлі мен ықпалының өсуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы дәстүрлі түрде дамушы елдерге экономикалық және өзге де көмекті әлеуметтік-экономикалық дамуға жәрдемдесу мақсатында қайтарымсыз немесе жеңілдікті негізде ақшалай немесе заттай нысанда техникалық көмек, гранттар немесе кредиттер түрінде береді.

54.1.6) Рақымшылық жасау демократиялық, құқықтық мемлекеттің ізгілік танытуы, қылмыс жасаған адамдардың құқықтарын құрметтеу және оларға сенім білдіру болып табылады. Қазақстанда шығарылатын рақымшылық туралы актілердің негізінде жеке адамның, қоғамның мүдделерін қорғайтын және өз саясатында ізгіліктің ұлы қағидаттарын жүргізетін мемлекеттің терең халықтық сипаты жатыр.

Парламенттің заң шығарушылық құзыреті Конституцияға сәйкес елдің Негізгі Заңының 61-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелерге қатысты қоғамдық қатынастарды реттеумен ғана шектелмейді. Парламенттің заң шығарушылық құзыретінің аясы рақымшылық жариялау туралы заңдармен реттелетін қоғамдық қатынастарды да қамтиды.

Қылмыс жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде жазадан босатыла алады, не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңілдеу түрімен ауыстырылуы мүмкін, не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны әрі қарай өтеуден босатылған адамдардан сотталғандығы рақымшылық туралы актімен алынып тасталуы мүмкін.

Қазақстанда рақымшылық жасау актілері, әдетте, айтулы оқиғалармен немесе мерейтой күндерімен байланысты қабылданады. Тәуелсіздік жылдары ішінде елімізде рақымшылық жасау туралы 12 заң қабылданды, олардың ішінде: «Қазақ Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы»; «Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы»; «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»; «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы»; «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануының он жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»; «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»; «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы» және **«Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»**; «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы».

54.1.7) Парламенттің халықаралық шарттарды ратификациялау және олардың күшін жою жөніндегі өкілеттіктері нақ Парламенттің тиісінше халықаралық шарт жасасуға түпкілікті келісім беретініне немесе мемлекеттің оны бұзуға бағытталған еркін білдіретініне байланысты.

Ратификацияланған халықаралық шарттар ұлттық заңдардың алдында басым күшке ие болады.

Халықаралық шартты Парламентте ратификациялау рәсімі өз кезегі бойынша заңдарды қарау сияқты сатылардан өтеді.

2017 жылғы конституциялық реформа шеңберінде Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады (*Конституцияның 4-бабына түсіндірмені қараңыз*).

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заң Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау,

өзгерту және тоқтату тәртібін белгілейтін негізгі нормативтік құқықтық акт болып табылады. Халықаралық шарттар Республика Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына, халықаралық шарттың өзінің ережелеріне және Республиканың өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жасалады, орындалады, өзгертіледі және тоқтатылады.

Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңының 11-бабында толық тізбелері көзделген халықаралық шарттар ратификациялануға жатады.

Күшін жою халықаралық шарттардың өздерінде көрсетілген талаптарға, халықаралық құқықтың нормаларына және Халықаралық шарттар туралы заңның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Парламент күшін жою туралы тиісті заң қабылдау арқылы халықаралық шарттың күшін жояды.

54.2. Парламент Палаталардың бөлек отырыстарында мәселелерді – әуелі Мәжілісте, а содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

54.2.1) Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды.

Бюджетке түсімдердің түсуін, бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуын қамтамасыз ету, бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау ҚР Бюджет кодексінің 82-бабына сәйкес бюджеттің атқарылуы болып табылады. Республикалық бюджеттің атқарылуын Қазақстан Республикасының Үкіметі қамтамасыз етеді. Бюджеттің атқарылуы ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталады. Бюджеттің атқарылуы республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы маслихат шешімімен бекітілген тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты көлемінің шегінде жүзеге асырылады.

Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Үкімет жыл сайын ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей Парламентке және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ұсынады. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Парламентте қарау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

ҚР Есеп комитеті Парламентке қарау мен бекіту және Үкіметке ақпарат үшін ағымдағы жылдың 15 мамырынан кешіктірмей өзінің мазмұны бойынша Үкіметтің тиісті есебіне қорытынды болып табылатын, есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынады.

Парламент Есеп комитетінің есебін алғаннан кейін есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкіметтің

жылдық есебін өз кезегімен қарау арқылы Палаталардың бөлек отырысында – әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта талқылайды.

Әдетте, республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті қараудың қалыптасқан практикасы түсімдер бойынша, оның ішінде түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасында бөлу бойынша, шығындар бойынша, оның ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаражатты пайдалануы бойынша бюджеттің атқарылуын жеке-жеке егжей-тегжейлі талқылауды көздейді. Мұндай талқылауды Палатаның есепті қарауға жауапты бас комитеті ҚР Есеп комитетінің, тиісті мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен өзге ұйымдардың уәкілетті өкілдерін тарта отырып ұйымдастырады. Бұл ретте бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

54.2.2) Республика Президентінің қарсылықтарын туындатқан заңдар немесе заң баптары бойынша қарсылық жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайта талқылау мен дауыс беруді өткізеді.

Әлемдік заңнамалық практикада Мемлекет басшысының өзіне қол қоюға берілген заңды Парламентте қайтадан қарау үшін қайтару құқығы Президенттің кейінге қайтару ветосы деп аталады. Алайда, мұндай құқық барлық президенттерге берілмеген. Германияда Президент Парламент қабылдаған және оған Үкіметті басқаратын Канцлер ұсынған барлық заңдарға қол қоюға міндетті.

Қол қойылмаған заңды Парламентке оны қайта талқылау және дауысқа салу үшін қайтара отырып, Мемлекет басшысы өзінің қалауы бойынша қарсылықтарды тұтастай заңмен немесе оның жекелеген баптарымен келіспеушілігін білдіре алады.

Президент қарсылықтарымен қайтарылған заңды Парламент Палаталарында қайта қарау тәртібі Палата Регламенттерінде егжей-тегжейлі өз көрінісін тапқан.

Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салу қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде өткізіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Егер Мәжіліс қарсылықты үштен екі дауыспен еңсере алмаса, онда қарсылықты қараудың одан арғы рәсімі тоқтатылады. Бұл жағдайда Сенат қарсылықты қарамайды, өйткені Сенаттың қарсылықты қарауға қатысуы тек Мәжіліс қарсылықты еңсерген жағдайда ғана мүмкін болады.

Егер Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен заң бойынша бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, онда заң Президент қарсылықтарымен бірге әрі қарай қарау үшін Сенатқа беріледі.

Егер Сенат дауыс беру қорытындылары негізінде Парламенттің заң бойынша бұрын қабылдаған шешімін растамаса, онда заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Егер Сенат Палата депутаттары жалпы санының үштен екісін құрайтын көпшілік дауысымен заң бойынша бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, онда Президенттің заң бойынша қарсылықтары еңсерілді деп есептеледі. Бұл жағдайда заң немесе тиісінше оның баптары Парламент бірінші жолы қабылдаған редакциясында қабылданды деп есептеледі және Президент осы заңға ол қол қоюға ұсынылған кезден бастап бір ай ішінде қол қояды.

Егер Республика Президентінің қарсылықтары Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға енгізілген жағдайда, онда қарсылықтар заңдарға қарсылықтарды қарау үшін көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығы Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің дауысымен еңсеріледі.

Сенаттың Парламент функциясын орындауы кезеңінде (Мәжіліс таратылған жағдайда) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салу Президент қарсылығы жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде өткізіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылығының қабылданғанын білдіреді. Егер Сенат депутаттардың жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысымен тұтастай заң бойынша немесе оның жекелеген баптары бойынша өзі бұрын қабылдаған шешімін растаса, Президенттің қарсылықтары еңсерілген болып есептеледі. Бұл жағдайда заң немесе оның баптары Парламент оны бірінші жолы қабылдаған редакцияда қабылданды деп есептеледі және Президент бір айдың ішінде заңға қол қояды. Егер қарсылықтар еңсерілмесе, заң Қазақстан Президенті ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Парламент жұмыс істеген жылдар ішінде Президент Парламент қабылдаған заңдар бойынша 19 қарсылық енгізді. Атап айтқанда, Жер кодексі бойынша, қоғамдық бірлестіктер туралы, тұрғын үй қатынастары туралы, білім туралы, зейнетақымен қамсыздандыру туралы және т.б.

54.2.3) Республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтереді.

Біздің мемлекетте тікелей демократия нысандарына: сайлау, референдум, жиналыстар, митингілер, көше шерулері, демонстрациялар, үндеулер және басқа акциялар жатады. Олардың тиімділігі азаматтардың саяси белсенділігі деңгейіне, құқықтық реттеудің баламалы болуына және биліктің жауап реакцияға қабілеттілігіне байланысты. Дегенмен Конституция осы тізбенің ішінен сайлау мен республикалық референдумды тікелей демократияның жоғары нысанына жатқызады. Республикалық референдумның, сайлаумен сыртқы ұқсастығымен бірге бірқатар айырмашылықтары бар. Олардың негізгі айырмашылықтары мыналардан тұрады: сайлау кезінде қандай да бір сайланбалы лауазымға кандидат азаматтардың ерік білдіру объектісі болады, ал референдум өткізген кезде азаматтардың ерік білдірулері белгілі бір мәселеге бағытталған.

Конституция Парламентке республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтеруге құқық берді (*54-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы*). Бұл мәселе әуелі Мәжілісте, содан кейін Сенатта қаралады. Бастама көтеру дегеніміз Президентке республикалық референдум тағайындау туралы өтініш жасауды білдіреді, өйткені Президент қана Мемлекет басшысы ретіндегі конституциялық мәртебесіне орай осындай шешім қабылдауға құқығы бар бірден бір субъект болып табылады. Оның үстіне Президент өз бастамасы бойынша осындай шешім қабылдай алады.

Парламентпен қатар Үкімет және референдумға қатысу құқығы бар республика азаматтары республикалық референдумды тағайындау туралы бастаманың субъектілері болып табылады. Бұл ретте, оны тағайындау туралы мәселе көтеретін азаматтар саны барлық облыстарды, республика астанасын және республикалық маңызы бар қаланы тең мөлшерде білдіретін екі жүз мың адамнан кем болмауы тиіс. Республикалық референдумды өткізу шарттары мен оның рәсімі «Республикалық референдум туралы» ҚР Конституциялық заңында реттелген.

Республикада референдум екі рет өткізілді: 1995 жылғы 29 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасы бойынша өткізілген референдумның шешімімен Қазақстан Республикасы Президенті өкілеттіктерінің мерзімі ұзартылды; 1995 жылғы 30 тамызда Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша референдумда Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы қабылданды.

55-бап

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;

55-баптың 1) тармақшасына 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес өзгертулер енгізілді.

1-1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату;

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес 55-бап 10-1) тармақшасымен толықтырылды.

2) Республика Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;

3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

4) 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен алынып тасталды;
5) Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде Республика Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;

55-баптың 5) тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

6) Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

55-баптың 6) тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

Түсіндірме беріліп отырған бапта Сенаттың ерекше қарауына жататын мәселелер қарастырылады. Бұл мәселелерді Сенат қана қарай алады және дербес шеше алады.

55.1) Жоғарғы Соттың Төрағасын, Жоғарғы Соттың судьяларын Президенттің ұсынуы бойынша Сенат сайлайды және қызметтерінен босатады. Президенттің ұсынуы Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделеді (Конституцияның 82-бабына түсіндірмені қараңыз).

Көрсетілген қызметтерге кандидатуралар Сенаттың тиісті комитетінде алдын ала талқыланады. Комитет әрбір талқыланатын кандидатура бойынша Сенат отырысында жария етілетін қорытынды береді. Комитет тек уәжделген шешімнің негізінде ғана Палатаға ұсынылатын кандидатураларды сайлауды немесе қабылдамауды ұсына алады. Сенат Президент ұсынған кандидатураларды талқылай алады, егер депутаттар талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін. Егер Сенат Президент ұсынған кандидатуралар бойынша оларды қызметке сайлау туралы шешімдер қабылдмаса, Президент Сенатқа нақ сол адамдарға немесе жаңа кандидатураларға жазбаша ұсыну енгізеді.

Сенат отырыста Жоғарғы Сот Төрағасы мен судьяларының анттарын қабылдайды. Судьялар антының мәтіні Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында айқындалған.

Жоғарыда көрсетілген адамдарды қызметке сайлау және қызметтен босату туралы Сенат шешімі Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Палата дауыс берудің өзге тәртібін айқындамаса, әр кандидатура бойынша шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

55.1.1) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге Сенат қызметке сайлайды және қызметтен босатады. Бұл құзыретті Сенат 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен жүзеге асырылған конституциялық реформа шеңберінде иеленді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың

құқықтары мен бостандықтары сақталуына бақылауды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде оларды қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдайды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына кандидат Сенаттың тиісті комитетінде алдын ала талқыланады. Талқылау нәтижелері бойынша, Комитет Палатаға Президент ұсынған кандидатураны сайлауға немесе қабылдамауға байланысты қорытынды береді.

Омбудсменді қызметке сайлау және қызметтен босату туралы Сенат шешімі Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Палата дауыс берудің өзге тәртібін айқындамаса, әр кандидатура бойынша шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Президенттің ұсынуымен Сенат Адам құқықтары жөніндегі уәкілді атқаратын қызметінен мерзімінен бұрын босатуы мүмкін. Жоғарыда аталған тұлғаны қызметінен мерзімінен бұрын босатудың негіздері Президенттің «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымын құру туралы» 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен анықталған.

55.2) Республика Президенті Ұлттық Банк Төрағасын, Бас Прокурорды және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындауға Сенаттың келісімін алу үшін Палатаға тиісті жазбаша ұсыну енгізеді, соның негізінде бұл мәселені Сенаттың күн тәртібіне енгізу туралы шешім қабылданады. Келісім беру Сенат отырысында кандидатураны тиісті комитеттің отырысында алдын ала қарағаннан кейін жүзеге асырылады. Отырысқа Республика Президентінің өкілі қатысады. Мәселені Сенат отырысында қарау кезінде кандидатураны қызметке Президент немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ұсынады.

Егер депутаттар талап етпесе, ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашылмауы мүмкін. Сенат келіспеген жағдайда Президент екінші рет Сенатқа нақ сол немесе жаңа кандидатураларға ұсыну енгізеді. Палатаның шешімі Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Президенттің кандидатуралары қабылданбаған жағдайда, Сенат уәжделген қаулы қабылдауы тиіс.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Президенттің аталған лауазымды адамдарды тағайындауына келісім алдын ала не соңыра ұсыну барысында алынады.

55.3) Бас Прокурорды ешкімнің тиіспеу құқығынан айыру оны қызметке тағайындаған кездегі тәртіппен жүргізіледі.

Жоғарғы Соттың Төрағасын және судьяларын ешкімнің тиіспеушілігінен айыру оларды лауазымға сайлау кезіндегі тәртіппен жүргізіледі.

Егер Сенат лауазымды адамдарды ешкімнің тиіспеушілігінен айыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, Президент Сенатқа осы мәселе жөнінде қайтадан жазбаша ұсыным енгізуге құқылы.

Сенаттың шешімі барлық жағдайларда қаулымен ресімделеді.

55.4) 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен алынып тасталды.

55.5) Парламент Мәжілісі таратылған, қызметін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сенат Парламенттің функциясын атқарады.

Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін (*Конституцияның 63-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Мәжіліс болмаған кезеңде Парламент заң шығару саласындағы өз қызметін тоқтата алмайды. Бұл ретте Мәжіліс таратылған жағдайда ел ұзақ уақыт заң шығаратын органсыз қала алмайды деген конституциялық кепілдік сақталады және Парламентті таратпастан, Сенатты тарату орын алмайтындығын ескеріп, Конституция Сенатқа конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау жөніндегі Республика Парламентінің функциясын атқаратын айрықша өкілеттік береді.

Сенат аталған функцияны үш рет: 2007 жылдың 21 маусымынан 11 шілдесіне дейін, 2011 жылдың 16 қарашасынан 2012 жылдың 19 қаңтарына дейін және 2016 жылдың 21 қаңтарынан 24 наурызына дейін атқарды. Осы кезеңдерде Сенат 164 заңды қарап, қабылдады.

55.6) Парламент Сенаты Конституция өзіне жүктеген өзге де өкілеттіктерді (*47-бап, 2-тармақ, 54, 60, 61-баптар және т.б.*) жүзеге асырады. Конституцияның 57-бабының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес Палата өз құзыретіндегі мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді, сондай-ақ Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Үкімет мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдайды, оның қорытындылары бойынша олар Республика заңдарын орындамаған жағдайда Үкімет мүшелерін қызметінен босату туралы Президентіне өтініш жасауға құқылы.

56-бап

1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады:

1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;

2) Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен Республика Президентіне Республика Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;

3) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;

4) Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2. Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

56-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында

Түсіндіріліп отырған бап заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғары өкілді орган Палаталарының бірі – Парламент Мәжілісінің рөлін ашады.

Мысалы, 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2017 жылғы 30 маусымға дейінгі аралықта Палаталардың 6 бірлескен отырысы, Мәжілістің 38 пленарлық отырысы, 2 парламенттік тыңдау, 340 тұрақты комитеттер мәжілісі, 763 заң жобалары жөніндегі жұмыс топтарының отырыстары өткізілді.

Ағымдағы сессияда парламентарийлер Тәуелсіз мемлекет жылдарында Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың және Республика халқының барлық жетістіктері көрсетілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясын қабылдады.

Мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын заңнамалық қамтамасыз ету мақсатында ауқымды заң шығарушылық жұмыс жүргізілді.

Мәжілісте заңнамалық реттеуді талап ететін ең маңызды мәселелер талқыланды. 16 үкіметтік сағат, 25 «дөңгелек үстел», комитеттердің 17 көшпелі отырысы өткізілді.

Парламентарийлердің назарында «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, аграрлық секторды дамыту, жаппай кәсіпкерлік және іскерлік белсенділікті жақсарту, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әскери қызмет өткеру механизмін жетілдіру, экстремизм мен лаңкестікке қарсы іс-қимыл, және салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру және басқаларды іске асыру мәселелері болды.

Сайлаушыларды толғандырған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамудың өзекті мәселелері депутаттық сауалдарда Үкімет және басқа да мемлекеттік органдардың алдына қойылды, аталған сессияда оның ішінде 280 жіберілді. Олар тақырыптардың ең кең спектріне қатысты: экономика және қаржы, банк жүйесінің индустриялық-инновациялық дамуы, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және өңірлік даму, қорғаныс, құқық қорғау, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және басқа да мәселелер.

Депутаттық корпустың халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатияны дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталды.

56.1.1) Түсіндіріліп отырған нормадан байқалатындай, заң шығару бастамашылығы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына және Үкіметке берілетіні және тек Мәжілісте ғана іске асырылатыны Конституцияның 61-бабының 1-тармағы ережелерімен бекітілген.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 15-бабына сәйкес заң шығару бастамашылығы құқығы субъектінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады. Заң жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімді: Республика Президенті – арнайы жолдаумен, Парламент депутаттары – ұсынумен, Үкімет қаулымен ресімдейді.

Республика Президенті, депутаттар және Үкімет енгізген заңнамалық актілердің жобалары Мәжіліс қаулысымен Мәжілістің тиісті тұрақты комитеттеріне қарауға жіберіледі әрі бұлар жөнінде Мәжілістің тұрақты комитеттерінің қорытындылары болған ретте ғана олар жалпы отырыста қаралуы мүмкін.

Мемлекеттік кірістердің қысқаруын немесе мемлекеттік шығыстардың ұлғаюын көздейтін заңдардың жобалары Үкіметтің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Мәжіліске енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді (*Конституцияның 61-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Мәжіліс қызметінің көрнекілігі үшін практикадан келесі статистиканы келтіруге болады. Сонымен сессия барысында (2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2017 жылдың 30 маусымына дейін) Мәжілістің қарауында 110 заң жобасы болған, соның ішінде 27 – алдыңғы сессиялардан көшті, 83 – сессия барысында түсті. 8 заң жобасының бастамашылары депутаттар болып табылады. 83 заң жобасы Палатамен қаралып, мақұлданып, Парламент Сенатына жіберілді.

Парламент Палаталарының бірауыздан қабылданған шешімімен «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Одан әрі заң шығарушылық жұмыс конституциялық өзгерістердің заңнамалығын бекітуге бағытталған. Сонымен, Парламент Мәжілісімен мақұлдаған заң жобалары: «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Прокуратура туралы»

Мәжіліс бірқатар заң жобаларын қарады: еліміздің сыртқы саясатының басымдықтарын қамтамасыз ететін және салық саласында шет елдермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған

халықаралық келісімдерді ратификациялау туралы; ЕАЭО ТМД, ИКҰ шеңберінде кейбір қызмет аспектілерін реттеу; кедейліктің күшін жою бойынша тұрақты даму және күш жұмсау контекстінде климаттың өзгеру қаупіне ғаламдық ден қоюды нығайту және басқалар.

56.1.2) Бұл норманы Конституцияның 44-бабының 3-тармағымен жүйелі байланыста қарастыру қажет. Бұл бапта Қазақстан Республикасының Президенті Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжіліс қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді деп белгіленген; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрі тағайындалады.

Премьер-Министрді тағайындауға Мәжілістің келісім беру тәртібі Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен реттеледі, Парламент Мәжілісінің Премьер-Министрді тағайындауға келісімі Палатаның отырысында беріледі деп 22-баптың 2-тармағында көрсетілген.

Осы мәселені қарастыру рәсімі Мәжіліс Регламентінде егжей-тегжейлі жазылған.

Премьер-Министрді қызметке тағайындауға Парламент Мәжілісінің келісімін алу үшін Республика Президенті Палатаға жазбаша ұсыну енгізеді.

Республика Президентінің жазбаша ұсынуы негізінде Палата Бюросы осы мәселені Палатаның ең таяудағы отырысының күн тәртібіне енгізу туралы шешім қабылдайды.

Премьер-Министр лауазымына кандидатураларды Палата отырысында Республика Президенті немесе ол уәкілеттік берген Республиканың лауазымды адамы таныстырады.

Палата отырысында кандидатқа және кандидатты таныстырушы адамға сұрақтар қойылуы мүмкін. Депутаттар ұсынылған кандидатты «жақтап» немесе оған «қарсы» пікірлер білдіруге құқылы.

Егер депутаттар ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашуды талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін.

Мәжіліс Премьер-Министрді тағайындау үшін шешімді Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды. Егер Палата дауыс берудің өзгеше тәртібін белгілемесе, мұндай шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Мәжілістің қаулысымен ресімделеді.

56.1.3) Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Республика Президентінің кезекті сайлауын Мәжіліс қыркүйектің екінші жексенбісінен кешіктірмей жариялайды.

Президенттің кезекті сайлауы көрсетілген мерзімде Мәжілістің қаулысымен жарияланады. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 51-бабына сәйкес ол бес жылда бір рет тиісті жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және өзінің мерзімі жағынан Парламенттің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

Жоғарыда аталған Конституциялық заңның 64-бабына сәйкес, егер Президент сайлауы жарамсыз деп танылса, не қайта дауыс беру сайланған Президентті анықтауға мүмкіндік бермесе, Орталық сайлау комиссиясы Президент сайлауын қайта тағайындайды, ол алғашқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі.

56.1.4) Мәжіліс Конституцияда жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Мәселен, Конституцияның 70-бабының 1-тармағына сәйкес Үкімет жаңадан сайланған Республика Парламенті Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғарады. Бұл новелла 2017 жылдың наурызында жүргізілген конституциялық реформа барысында қабылданды, ол биліктің атқарушы тармағына қатысты Республиканың жоғары өкілді органының жеке-дара Палатасы ретінде Парламент Мәжілісінің бақылау функцияларын күшейтуді білдіреді.

56.2. Мәжіліс Үкіметке Мәжіліс депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен сенімсіздік білдіруге құқылы. Заң шығарушы Негізгі Заңда Мәжіліс депутаттары Үкіметке сенімсіздік білдіруге бастамашылық жасайтын нақты негіздемелерді көздемеген. Бұл конституциялық заң немесе заң деңгейінде заң шығарушыға көп мүмкіндіктер қалдырып, осындай құқықтық негіздерді көздеу мақсатында жасалған деп түсіну керек. Өйткені, өмір әрқашан әрқилы және Негізгі Заңда көзделгеннен де кеңірек. Сондықтан, қажет болған жағдайда конституциялық норманы өзгертпес үшін, заң шығарушы тек Мәжіліс депутаттарының құқығын көрсете отырып, заң деңгейінде заң шығарушының қарауына қалдырады, ол үшін Конституцияда да негіздемелер тізбесін қарастырмайды.

57-бап

Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз:

1) Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

57-баптың 1) тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

2) Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген ретте Парламент құратын комиссия мүшелерінің тең жартысына өкілеттік береді;

3) Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің тең жартысын сайлайды;

4) Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан Палаталардың депутаттарын айыру мәселелерін шешеді;

5) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді;

6) Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі көпшілік даусымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады;

57-баптың 6) тармақшасы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

7) Палаталардың үйлестіруші және жұмыс органдарын құрады;

8) өз қызметінің регламентін, Палатаның ұйымдастыру және ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдайды.

57.1) Жоғары билік тармақтарының бірі ретіндегі Парламент Палаталарының ҚР КК, ҚР ОСК, ҚР Есеп комитетінің мүшелерін тағайындау жөніндегі өкілеттігі оларда осы санамаланған мемлекеттік органдарға қатысты билік функцияларының бар екенін куәландырады. Заң шығарушы осы нормада бірінші кезекте, Республика үшін маңызды мемлекеттік органдарды қалыптастыруда мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы ретінде халық өз өкілеттігін беретін жоғары өкілді органның қатысуын көздейді.

Құрылымдық тұрғыда жоғарыда санамаланған мемлекеттік органдардың Парламент Палаталары тағайындайтын лауазымды адамдары жиынтығында олардың мүшелерінің жалпы санының шамамен үштен екісін құрайды, ал осы органдар мүшелерінің үштен бірін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Сөйтіп, Негізгі Заңның осы нормасында Президент пен Парламент арасындағы жекелеген мемлекеттік органдардың құрамдарын қалыптастыру жөніндегі өкілеттіктердің бөліну қағидаты іске асырылады.

Сенат және Мәжіліс регламенттеріне сәйкес Төраға ұсынған кандидатураларды тиісті комитет өз отырысында алдын ала талқылайды. Комитет кандидатураларды қарау нәтижелері бойынша талқыланған әр кандидатура бойынша Палатаның отырысында жария етілетін қорытынды

шығарады. Отырыста: кандидатқа немесе кандидатты таныстырушы адамға сұрақтар қойылуы; депутаттар ұсынылған кандидатураны «жақтап» немесе оған «қарсы» пікір айтуы мүмкін.

Егер депутаттар ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашуды талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін. Егер Палата дауыс берудің өзгеше тәртібін белгілемесе, шешім әрбір кандидатура бойынша ашық дауыс беру арқылы жеке қабылданады. Сенат және Мәжіліс көрсетілген адамдарды лауазымға тағайындау туралы шешімді Парламенттің тиісті Палатасы депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

Шешім әрбір кандидатура бойынша тиісті Палатаның қаулысымен жеке-жеке ресімделеді.

57.2) Конституцияның 47-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда, Парламент Палаталарының әрқайсысы Парламент құратын комиссия мүшелерінің жартысын басқа Палатаның қатысуынсыз жібереді.

Көрсетілген нормаға сәйкес Республика Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін атқаруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Палаталардың бірлескен отырысында комиссия қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үш көпшілік даусымен қабылданады.

Палаталардан комиссия мүшелерінің кандидатураларын тікелей Палата депутаттары ұсынады және олар жалпы отырыстарда қаралады. Мәжіліс және Сенат депутаттары жалпы санының неғұрлым көп даусын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Парламенттің әр Палаталасы депутаттарының жалпы санының неғұрлым көп даусын алған сайланған кандидат бірлескен комиссияның төрағасы болып есептеледі. Бірлескен комиссияның төрағасы, егер бұған Парламенттің әр Палатасы депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметінен кері шақырылып алынуы мүмкін. Комиссияның отырысы, оған бірлескен комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқылы болады.

57.3) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз Палаталардың бірлескен комиссиялары мүшелерінің жартысын сайлайды.

Бұл конституциялық норманың іске асырылуы Парламенттің комитеттері мен комиссиялары туралы ҚР заңында, Парламент Палаталарының регламенттерінде егжей-тегжейлі қарастырылған.

Мәселен, Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға құқылы. Бірлескен комиссиялардың сандық құрамы Палаталар арасындағы келісім бойынша айқындалады.

Осы комиссиялардың қарау нысанасы Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелер бола алады. Әдетте, олар – қандай да бір заң жобалары бойынша Мәжіліс пен Сенат арасындағы келіспеушіліктерді шешуді талап ететін мәселелер. Бірлескен комиссиялар Парламенттің жұмыс органдары ретінде әрекет етеді. Бірлескен комиссияларды құру жөніндегі өкілеттік те Парламент Палаталарының бірлігін және оның депутаттарының теңдігін көрсетеді (Конституцияның 53-бабының 7-тармағына берілген түсіндірмені қараңыз)

57.4) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз Палата депутаттарының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ ҚР Бас Прокурорының ұсынуы бойынша Палата депутаттарын қол сұғылмаушылығынан айыру мәселелерін шешеді.

Бұл норманы түсіндіре отырып, оны депутаттық өкілеттікті тоқтатудың және депутаттық мандатынан айырудың құқықтық негіздері белгіленген Конституцияның 52-бабымен өзара байланыста қарастыру керек.

Мәселен, Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапкершілікке тартуға болмайды (52-баптың 4-тармағы).

Аталған рәсімдер ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында, атап айтқанда, аталған заңның 24 және 32-баптарында, сондай-ақ Палаталардың регламенттерінде нақтыланады.

Мәселен, Парламент депутатының өкілеттігі ол орнынан түскен, қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен Конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмыс атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқылы емес. Осы қағиданың бұзылуы ҚР ОСК ұсынысы бойынша депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

Парламент Мәжілісінің ҚХА сайлаған депутаттарының өкілеттігі оның шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық мәслихаттары атынан өкілдік ететін депутаттар болып табылатын таңдаушылардың бірлескен отырысында

сайланған Сенат депутаттарының өкілеттігі осы таңдаушылардың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент депутаты:

- 1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Мәжіліс депутаты:

- 1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;
- 2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент және Мәжіліс депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Мәжіліс таратылған жағдайларда тоқтатылады.

Депутаттардың өкілеттігін тоқтатуға және оларды өкілеттігінен және депутаттық қол сұғылмаушылығынан айыруға байланысты мәселелерді дайындау ҚР ОСК-ға жүктеледі.

Республиканың Бас Прокуроры депутатты қылмыстық жауапқа тартуға, қамаққа алуға немесе сот тәртібімен салынатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Парламент Палаталарына ұсыну енгізген кезде Палата осы ұсынуды қорытынды дайындау және оны Палатаның жалпы отырысында қарауға енгізу үшін ҚР ОСК-ға жібереді.

Республиканың Бас Прокуроры ұсынуды депутатқа айып тағудың, оны қамаққа, ұйқамаққа алуға санкция берудің, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберудің алдында енгізеді.

Бас Прокурордың ұсынуы мен ҚР ОСК қорытындысы олар келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады. Парламент Палаталары тиісті лауазымды адамдардың қосымша ақпарат беруін талап етуге құқылы.

Депутат өзінің қол сұғылмаушылығы туралы мәселені Парламент Палаталары қараған кезде қатысуға құқылы.

57.5) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз өз құзыреті мәселелері бойынша парламенттік тыңдау өткізеді.

Парламенттік тыңдау Палата қызметін ұйымдастыру нысаны болып табылады, оның мақсаты – Палатаның құзыретіне жататын маңызды мәселелерді алдын ала талқылау. Оның негізгі мақсаты талқыланатын проблемалар бойынша қатысуға шақырылған сарапшылардың пікірін анықтау, мәселелерді сапалы түрде шешуге ықпал ететін келісілген ұстаным мен ұсынымдарды әзірлеу болып табылады. Парламенттік тыңдау, бір жағынан, жұртшылықпен кері байланыс рөлін атқарады, ал екінші жағынан – парламенттік бақылау құралы болып табылады.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес парламенттік тыңдауды Палаталар

Бюросының шешімі бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді және олар ашық және жабық түрде өткізілуі мүмкін.

Парламенттік тыңдау Палаталардың бірлескен немесе бөлек отырыстары күндерінде өткізілмейді.

Палаталардың регламенттеріне сәйкес парламенттік тыңдауды дайындау үшін арнайы уақытша комиссиялар құрылады. Парламенттік тыңдауға шақырылған адамдардың құрамын осы тыңдауды ұйымдастыратын Палата комитеттері, комиссиялары белгілейді.

Парламенттік тыңдаудың тақырыбы, оның өткізілетін уақыты мен орны туралы ақпарат парламенттік тыңдау басталғанға дейін жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарына беріледі.

Парламенттік тыңдауды Палата Бюросының шешімі бойынша Мәжіліс комитеттері өткізеді.

Палатаның комитеттері мен комиссиялары бірлескен парламенттік тыңдау өткізуі мүмкін.

Парламенттік тыңдау бұқаралық ақпарат құралдары мен жұртшылық өкілдері үшін ашық болады.

Палата Бюросының немесе комитеттің (комиссияның) шешімі бойынша, егер тыңдау мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерге қатысты болса, жабық тыңдау өткізілуі мүмкін.

Парламенттік тыңдауды Палатаның тиісті комитетінің, комиссиясының төрағасы жүргізеді.

Парламенттік тыңдау қорытындылары бойынша тыңдауға қатысқан Палата депутаттары көпшілігінің мақұлдауы арқылы ұсынымдар қабылданады.

Парламенттік тыңдауда қабылданған ұсынымдар барлық депутаттарға, тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерге жеткізіледі және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылуы мүмкін.

Мысалы, VI шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің екінші сессиясы кезінде (2016 жылдың 1 қыркүйегі – 2017 жылдың 30 маусымы) «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жаңғырту» және «Қазақстан Республикасында халықты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз ету және фармацевтика саласының жай-күйі мен дамуы» тақырыптарында екі парламенттік тыңдау жүргізілді.

Ашық парламенттік тыңдаудың есептері Парламент басылымдарында жариялануы және бұқаралық ақпарат құралдарында жазып-көрсетілуі мүмкін.

Жабық парламенттік тыңдаудың материалдары Парламент депутаттарына, Президент пен Үкімет өкілдеріне, сондай-ақ өкілдері парламенттік тыңдауға қатысқан мемлекеттік органдарға ғана арналады.

57.6) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы

бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің қызметі мәселелері бойынша олардың есептерін тыңдауға құқылы.

Палата Үкімет мүшесінің есебін тыңдау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Палата оның мерзімін белгілейді және есебі тыңдалатын Үкімет мүшесін Палата шешімі және ол тыңдалатын күн туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Сонымен бір мезгілде Палата Үкімет мүшесін тыңдауды ұсынған бастамашы топтан баяндамашыны белгілейді.

Үкімет мүшесі оның есебін тыңдау туралы Палатаның шешім қабылдауына негіз болған құжаттармен танысуға құқылы және өзін тыңдайтын күнгі Палатаның жалпы отырысына қатысуға міндетті.

Палатаның Үкімет мүшесінің есебін тыңдау жөніндегі өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында есепті тыңдау бастамашылары қатарынан арнаулы уақытша комиссия құрылады.

Жарыссөз аяқталғаннан кейін жалпы отырыста төрағалық етуші мәселені Палата дауысына салады:

Палатаның жалпы отырысында Үкімет мүшесінің есебін тыңдау төрағалық етушінің қысқаша кіріспе сөзімен басталады, ол мәселенің мәні туралы хабарлама жасайды.

Төрағалық етушінің сөзінен кейін Үкімет мүшесін тыңдауды ұсынған бастамашы топтың баяндамашысына сөз беріледі, ол осы шешімнің қабылдануын туындатқан уәждерді жария етеді.

Бұдан кейін сөз тыңдалатын Үкімет мүшесіне беріледі.

Есеп беруден кейін депутаттар сұрақтар қоюға және оларға жауаптар алуға, өз пікірін айтуға құқылы.

Жарыссөз аяқталғаннан кейін жалпы отырыста төрағалық етуші:

- 1) Үкімет мүшесінің есебін назарға алу туралы;
- 2) Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда, оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасау жөніндегі мәселені Палатаға дауысқа салады.

Үкімет мүшесінің есебін назарға алу туралы шешім Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және қаулымен бекітіледі.

Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда, оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Бұл жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады.

Егер Республика Президенті мұндай өтінішті қабылдамай тастаса, онда депутаттар Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен алғашқы өтініш берілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін Республика Президентінің алдына Үкімет мүшесін қызметінен босату туралы мәселені қайталап қоюға құқылы, көрсетілген жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады.

Осы норманың түсіндіріліп отырған қолданыстағы редакциясына сәйкес Президент мұндай өтінішті бірден қанағаттандырады, бұл жоғары өкілді органның беделін де, Үкіметтің жауапкершілігін де айғақтайды.

Қайталап өтініш жасау үшін алты айлық мерзім Үкімет мүшесіне жүктелген міндеттерді шешуге қабілеттілігін дәлелдеуге мүмкіндік беру үшін белгіленген.

57.7) Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңға сәйкес Палаталар төрағалары жанынан құрылатын Сенат Бюросы мен Мәжіліс Бюросы Парламенттің үйлестіру органдары болып табылады.

Палаталар Бюроларының құрамына Палаталар төрағаларының орынбасарлары, Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары кіреді. Мәжіліс Бюросының құрамына Мәжілісте өкілдік ететін саяси партиялар фракцияларының жетекшілері де кіреді.

Палаталар Бюролары:

1) Палаталар комитеттері мен комиссияларының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) Палаталар үшін заң жобаларын және Парламент пен оның Палаталарының өзге де шешімдер жобаларын қарауының кезектілігі жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) бірнеше комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша комитеттердің бірлескен жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

4) аталған Конституциялық заңда Парламенттің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған, Палаталар жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелерін шешеді.

Палаталар Бюроларының отырыстарын Палаталар төрағалары қажеттілігіне қарай шақырады және оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқанда құқықты болады.

Сенат және Мәжіліс Бюросының функциялары олардың регламенттерінде нақтыланған.

Парламенттің жұмыс органдары Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңның 11-бабымен реттелген. Тұрақты комитеттер мен комиссиялардың өкілеттіктері және қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

57.8) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз өз қызметінің регламентін және Палатаның ұйымдастырылуына және оның ішкі тәртіптемесіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешімдерді қабылдайды.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Парламенттің және оның Палаталарының регламенттері:

1) Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарын өткізудің шарттары мен тәртібін;

2) Парламенттің және оның Палаталарының жұмыс органдарын құру тәртібін;

3) Парламенттің және оның Палаталарының, олардың жұмыс органдарының қызметі ұйымдастырылуының;

4) Парламент Палаталары депутаттарының және лауазымды адамдарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруының шарттары мен тәртібін белгілейді.

Мәжіліс Регламенті, өзінің көзделген реттеу нысанасынан басқа, саяси партиялардың фракцияларын ұйымдастырудың және олардың жұмыс тәртібінің ерекшеліктерін айқындайды.

Парламенттің Регламенті, Сенат пен Мәжілістің регламенттері тиісінше Парламенттің қаулысымен, оның Палаталарының қаулыларымен бекітіледі.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 14-бабына сәйкес Парламент депутаттарының оның конституциялық өкілеттігін жүзеге асыруды мақсат етіп, регламенттермен белгіленген шарттар мен рәсімдер сақталмай өткізілетін кез келген отырысы заңсыз болып табылады. Мұндай жиналыста қабылданған актілер жарамсыз болып табылады.

58-бап

1. Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған төрағалар басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

2. Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы.

3. Парламент Палаталарының төрағалары:

1) Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді;

2) Палаталардың қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылық жасайды;

3) Палаталар төрағаларының орынбасарлары қызметіне сайлау үшін Палаталарға кандидатуралар ұсынады;

4) Палаталар қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды;

6) Палаталар шығаратын актілерге қол қояды;

7) палаталарға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

58-баптың 7) тармақшасы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

8) өздеріне Парламент регламенті жүктейтін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Мәжіліс Төрағасы:

1) Парламент сессияларын ашады;

2) Палаталардың кезекті бірлескен отырыстарын шақырады, Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

5. Палаталардың төрағалары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

58.1. Палаталардың әрқайсысынан Төрағаны сайлау Сенат пен Мәжілістің қызметін ұйымдастырудағы маңызды құрамдас бөлік болып табылады.

Парламент Палатасының Төрағасы – Парламент қызметінің барлық аспектілері бойынша Палата қызметіне басшылықты жүзеге асыру үшін және мемлекеттік билік органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ шет мемлекеттердің парламенттерімен және халықаралық парламенттік ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Парламенттен өкілдік ету үшін Палата депутаттарының арасынан жасырын дауыс беру арқылы сайланатын лауазымды адам.

Палата Төрағалары мемлекеттің негізгі тұлғаларының бірі болып табылады.

Түсіндірме беріліп отырған баптың 1-тармағы мазмұнының мәні Парламент Палаталары өз басшылығын дербес құрап алатынын білдіреді.

Парламент Палаталарының Төрағалары тиісті Палаталардың депутаттарының арасынан жасырын дауыс беру арқылы оның депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалатын Палатаның өкілеттік мерзіміне сайланады. Палата Төрағаларын сайлаудағы айырмашылық – әр Палатаның Төрағасы қызметіне кандидатураларды тиісінше Парламент Сенаты үшін – Қазақстан Республикасының Президенті, Мәжіліс үшін – Палата депутаттары ұсынады. Сонымен қатар Парламенттің бірінші сессиясында Сенат Төрағасы мен Мәжіліс Төрағасы сайланғанға дейін, Сенат пен Мәжіліс отырыстарында тиісінше Республика Президенті және Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы төрағалық етеді.

Парламент Палаталары төрағаларын және оның орынбасарларын сайлаудың одан арғы рәсімі Палата Регламенттерімен айқындалады және біркелкі болып табылады.

Төраға қызметіне кандидатқа Палата алдында сөз сөйлеу құқығы беріледі. Кандидаттың сөзінен кейін депутаттар оған сұрақтар қоюға, кандидатура жөніндегі өз пікірлерін айтуға, ұсынылған кандидатураны «жақтап» немесе «қарсы» үгіттеуге құқығы бар. Кандидатураны талқылау бөлінген уақыттың аяқталуына байланысты немесе депутаттардың ұсыныстары бойынша Палата шешімімен тоқтатылады.

Жасырын дауыс беру нәтижесінде Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысын алған кандидат Палата Төрағасы қызметіне сайланды деп есептеледі.

Палата Төрағасын сайлау туралы отырыста төрағалық етуші қол қоятын қаулы қабылданады. Палата Төрағасын сайлағаннан кейін Палата отырысын тиісті Палатаның Төрағасы жүргізеді.

Ата Заңның 58-бабының 1-тармағы Палата төрағалары қызметіне кандидатураларға мынадай талаптарды:

- 1) тиісті Палатаның депутаты болуын;
- 2) мемлекеттік тілді еркін меңгеруін көздейді.

Мемлекеттік тілді еркін меңгеру туралы талап Палата төрағаларының Палата жұмысын мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізуге тиіс екендігімен түсіндіріледі. Осындай ереже Сенат Регламентінде де, Мәжіліс Регламентінде де бекітілген.

Конституция бойынша Парламент Палаталарының Төрағалары жоғары мемлекеттік лауазымдар иерархиясында жоғарғы орын алады және елдің саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Қос палаталы Парламенттің қызметі кезеңінде Палата Төрағалары болып бірқатар белгілі мемлекет қайраткерлері сайланды.

1996 жылғы 30 қаңтардағы Парламент Сенатының бірінші шақырылымдағы бірінші отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Сенат Төрағасы болып Өмірбек Байгелді сайланды.

Екінші шақырылымдағы Парламент Сенатының Төрағалары болып Оралбай Әбдікәрімов және Нұртай Әбіқаев сайланды. Үшінші шақырылымдағы Сенат Төрағасы болып Нұртай Әбіқаев қайтадан сайланды.

2007 жылғы қаңтардан 2011 жылғы сәуірге дейін үшінші, төртінші шақырылымдағы Парламент Сенатының Төрағасы болып Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланды.

2011 жылғы 15 сәуірде төртінші шақырылымдағы Парламент Сенатының Төрағасы болып Қайрат Әбдіразақұлы Мәми сайланып, бұл қызметте 2013 жылғы қазанға дейін болды.

2013 жылғы қазанда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бесінші шақырылымдағы Парламент Сенатының Төрағасы болып сайланды.

және қазіргі уақытқа дейін алтыншы шақырылымдағы Парламентте осы қызметті атқаруда.

2017 жылғы 14 қыркүйекте Парламент Сенатының мәжілісінде ҚР Президентінің ұсынысы бойынша Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы болып қайтадан сайланды.

1996 жылғы қаңтарда бірінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Марат Тұрдыбекұлы Оспанов сайланды. 1999 жылғы желтоқсанда екінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Жармахан Айтбайұлы Тұяқбай сайланды.

2004 жылғы қарашадан 2007 жылғы маусымға дейін үшінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Орал Байқонысұлы Мұхамеджанов қызмет етті. 2007 жылғы қыркүйекте төртінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Аслан Есболайұлы Мусин сайланды.

2008 жылғы қазанда төртінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Орал Байқонысұлы Мұхамеджанов қайта сайланды.

2012 жылғы 20 қаңтарда бесінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулин сайланды.

2014 жылғы сауірден 2016 жылғы наурызға дейін бесінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Қабиболла Қабенұлы Жақыпов қызмет етті. 2016 жылғы 24 наурызда алтыншы шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Бақтықожа Салахатдинұлы Ізмұхамбетов сайланды.

2016 жылғы 22 маусымда алтыншы шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің Төрағасы болып Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулин қайта сайланды және осы уақытқа дейін осы қызметті атқаруда.

58.2. Түсіндірме беріліп отырған баптың 2-тармағына сәйкес Палаталардың Төрағалары, егер бұл үшін Палаталардың депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы.

Палата Төрағаларының кері шақырылып алынуына депутаттық этика қағидаларын бұзуы, Палата қызметін басқаруға қабілетсіздігі, саяси дағдарысқа алғышарттар жасауы және басқалар негіз болады.

Палата Төрағалары өз еркімен орнынан түсуге құқылы. Аталған құқықты іске асыру Палатаның депутаттық корпусының оң шешіміне байланысты: егер бұл үшін депутаттардың жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, Палата Төрағасының өз еркімен орнынан түсуі қабылданды деп есептеледі. Депутаттар Палата Төрағасының өз еркімен орнынан түсуін қабылдамауы да мүмкін. Бұдан депутаттар Палата Төрағасының өз еркімен орнынан түсуін қабылдау үшін салмақты себептер талап етілетіні көрінеді. Бұл ретте Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы да, регламенттік нормалар да оларды айқындамайды, оны депутаттардың қарауына қалдырады. Өз еркімен

орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Палата Төрағасы өз өкілеттіктерін орындауды одан әрі жалғастырады.

58.3. Түсіндірме беріліп отырған баптың 3-тармағында Парламент Палаталары төрағаларының құзыреті бекітіледі, ол әр Палатаның Регламенттерінде анағұрлым нақты айқындалады. Палата Төрағаларына Палата қызметін ұйымдастыру, өздеріне Конституциямен, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен, Парламенттің және оның Палаталарының Регламенттерімен жүктелген міндеттерді орындау жөнінде үлкен өкілеттіктер беріледі.

58.3.1.) Палата Төрағалары тиісті Палаталардың отырыстарын шақырады және оған төрағалық етеді. Сенат пен Мәжіліс төрағаларының отырыстарды шақыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін іске асыру тәртібі әр Палатаның Регламенттерімен реттеледі. Сенат Регламентінің 5-тармағына сәйкес Палатаның отырысын, әдетте, Палата депутаттарын отырыс өткізілерден жеті күн бұрын хабардар ете отырып, Сенат Төрағасы шақырады. Жекелеген жағдайларда Сенат Төрағасы Палата отырысын өзге мерзімдерде шақыра алады. Мәжіліс Регламентінің 5-тармағына сәйкес Палатаның жалпы отырысын Мәжіліс Төрағасы шақырады.

Палатаның отырыстарында төрағалық етуді жүзеге асыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктердің мазмұны олардың Регламенттерінде ашып көрсетіледі.

58.3.2.) Палата Төрағаларына Палаталардың қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылық жасау жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

Палата отырысының күн тәртібі қызметіне Палата Төрағасы басшылық ететін Бюрода алдын ала қаралады және Палата талқылауына енгізіледі. Бюро ұсынған күн тәртібіне депутаттар өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Отырыстың күн тәртібі Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

58.3.3.) Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 9-бабының 8-тармағына сәйкес Сенат Төрағасының және Мәжіліс Төрағасының Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен тиісті Палата сайлаған екі-екіден орынбасарлары болады.

Палата төрағалары орынбасарлары қызметіне кандидатураны Палата төрағалары енгізеді.

Палата Төрағасының орынбасарлары қызметіне кандидатуралар бойынша талқылау мен дауыс беру Палата Төрағасы қызметіне кандидатураны талқылайтын және оған дауыс беретін тәртіппен жүреді.

Палаталар төрағаларының орынбасарлары Палаталар төрағаларының уәкілдік беруімен олардың жекелеген функцияларын атқарады, сондай-ақ төрағалар орнында болмаған немесе өз міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда олардың міндеттерін атқарады. Палаталар төрағаларының орынбасарлары Палаталар төрағаларының ұсынысы

бойынша, егер бұл үшін тиісті Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін.

58.3.4). Парламент Палаталары Төрағаларының конституциялық өкілеттіктеріне Палаталар қызметінде Регламенттің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік биліктің өзге де органдарымен қарым-қатынастарда Палатадан (Парламенттен) өкілдік ету жатады.

Палата Төрағасының өкілеттіктерінің негізгі бөлігі жалпы отырыстарды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты және көбіне Палата отырыстары барысында оларға төрағалық ету кезінде іске асырылады.

58.3.5). Палаталар Төрағалары Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды. Парламенттің үйлестіруші органдары Палаталар төрағаларының жанынан құрылатын Сенаттың Бюросы және Мәжілістің Бюросы болып табылады. Палаталар Бюроларының құрылымына Палаталар төрағаларының орынбасарлары, Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары кіреді. Мәжіліс Бюросының құрамына Мәжілісте өкілдік ететін саяси партиялар фракцияларының жетекшілері де енеді. Палаталар Бюроларының отырыстарын Палаталардың төрағалары қажетіне қарай шақырады.

Палаталар Бюроларының құзыретіне Палаталардың комитеттері мен комиссияларының жұмысын үйлестіру, Палаталар үшін заңдардың жобаларын қараудың кезектілігі жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен Парламенттің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Палаталар жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелерін шешу жатады.

58.3.6). Палаталар төрағаларының конституциялық маңызды өкілеттіктерінің бірі Палаталар шығаратын актілерге қол қою болып табылады.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 13-бабына сәйкес қаулылар, үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заң сипаты жоқ өзге де актілер Палата актілері болып табылады. Оларды қабылдау Парламент пен оның Палаталарының регламенттерінде белгіленген шарттар мен талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

58.3.7). Парламент Палаталары Конституциялық Кеңес, Орталық сайлау комиссиясы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің құрамдарын қалыптастыруға қатысады. Ата Заңның 57-бабына сәйкес Парламенттің әр Палатасы басқа Палатаның қатысуынсыз Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін қызметке тағайындайды.

Палаталарға аталған лауазымды адамдарды қызметке тағайындау үшін кандидатураларды ұсыну Парламент Палаталары төрағаларының құзыретіне жатқызылған.

Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшелері қызметіне тағайындау туралы шешім Палаталар Регламенттеріне сәйкес Палаталар отырыстарында әрбір кандидатура бойынша жеке ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

58.3.8). Парламент Палаталары төрағаларының түсіндіріліп отырған баптың 3-тармағында көзделген өкілеттіктері толық сипатқа ие емес, өйткені төрағалар Парламент Регламентімен өздеріне жүктелген басқа да міндеттерді орындайды.

Мысалы Сенат Төрағасы:

Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қарау үшін Сенаттың комитеттеріне жібереді;

Сенат қабылдаған заңдарды қол қою үшін Қазақстан Республикасының Президентіне жібереді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ шет мемлекеттердің парламенттерімен өзара қатынастарда Парламент Сенатынан өкілдік етеді;

Мәжіліс Төрағасымен бірге Палаталардың кезектен тыс бірлескен отырысын шақыру туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді;

Парламент Сенатының Конституциялық Кеңестегі өкілдерін белгілейді;

жеке мәселелер бойынша азаматтардың хаттарын, шағымдарын және басқа да өтініштерін қарауды Палата Аппаратына тапсырады; мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ азаматтардың заң шығарушылық жұмыс мәселелері бойынша өтініштерін комитеттердің шешуіне береді;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

58.4. Мәжіліс Төрағасының өкілеттігі Сенат Төрағасының өкілеттігіне негізінен ұқсас, сонымен қатар кейбір айырмашылықтары да бар. Бұл айырмашылықтар Палаталардың құзыреттері мен ұйымдастырылу ерекшеліктеріне байланысты.

Түсіндірме беріліп отырған баптың 4-тармағына сәйкес:

Мәжіліс Төрағасы:

1) Парламент сессияларын ашады;

2) Палаталардың кезекті бірлескен отырыстарын шақырады, Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

58.4.1). Көптеген елдерде Парламенттің сессиясын Президент немесе Монарх ашады. Бұл акт жоғары өкілді органның заңды екендігінің символы, сондай-ақ олардың тікелей өзара байланысы бар екендігін бейнелейді.

Мәжіліс Төрағасының Парламент сессиясын ашу құқығы Президент болмаған жағдайда ғана іске асырылады және Парламент пен Парламент Мәжілісінің Регламенттерінде жан-жақты регламенттеледі. Мәжіліс

Төрағасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы үкім шығарады, ол туралы Парламент депутаттарына хабарлайды.

58.4.2). Мәжіліс Төрағасының түсіндірме беріліп отырған баптың 4-тармағының 2) тармақшасында бекітілген өкілеттігін іске асыру тәртібі Парламент Регламентінің II бөлімінде егжей-тегжейлі регламенттелген. Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қос Палатаның жүргізуіне жатқызылған конституциялық өкілеттіктер, атап айтқанда, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауларын және тағы басқаларды тыңдау іске асырылады.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысын, Палаталардың депутаттарына алдын ала хабарлай отырып, Мәжіліс Төрағасы шақырады. Бұл ретте Мәжіліс Төрағасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкім шығарып, ол туралы Парламент депутаттарына хабарлайды. Бірлескен отырыстарда төрағалық етуді Мәжіліс Төрағасы атқарады.

Бірлескен отырыста төрағалық етуші функциясын жүзеге асыра отырып, Мәжіліс Төрағасы жарыссөзде сөз сөйлеуге жазылғандар туралы мәліметтерді жария етеді; Палаталардың депутаттарына сөйлеу үшін сөз береді; сөйлеуші Регламентті бұзған жағдайда, оған ескерту жасайды; депутатқа рәсімдік мәселелер бойынша кезектен тыс сөз береді. Сондай-ақ заңдардың, қаулылардың, үндеулердің, декларациялардың, мәлімдемелердің және Парламенттің басқа да актілерінің жобалары бойынша дауыс беруді ұйымдастырады.

58.5. Түсіндірме беріліп отырған баптың 5-тармағына сәйкес Палаталардың төрағалары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша құқықтық актілер болып табылатын өкімдер шығарады. Палата төрағалары Парламент Палаталарының кезекті және кезектен тыс отырыстарын шақыру туралы, халықаралық ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылатын ресми және жұмыс сапарлары туралы, сондай-ақ депутаттардың шетелге іссапарлары туралы, депутат депутаттық этика қағидаларын бұзған жағдайда оған қолданылатын жазалау шаралары туралы өкімдер және Парламент Палаталары төрағаларына жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыруға байланысты басқа да үкімдер шығарады.

59-бап

1. Парламент сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі.

2. Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізіледі.

4. Парламент сессиясын, әдетте, Республика Президенті ашады және сессия Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында жабылады. Парламент сессиялары аралығындағы кезенде Республика Президенті өз бастамасымен, палаталар төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

59-баптың 4) тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

5. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық отырыстар болып табылады. Регламенттерде көзделген реттерде жабық отырыстар өткізілуі мүмкін. Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

59.1. Түсіндірме беріліп отырған баптың 1-тармағы Парламент жұмысының ұйымдық нысанын айқындайды.

ҚР Конституциясы және басқа да заңнамалық актілері нормаларының мағынасына сәйкес Парламенттің қыркүйек айының бірінші жұмыс күнінен бастап маусым айының соңғы жұмыс күніне дейін заң шығару функциясын жүзеге асыруы Парламент сессиясы деп түсініледі.

Бұл ретте, қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіру және Конституцияның ережелері мен нормаларын жүзеге асырудың тетіктерін жасау мерзімдердің конституциялық-құқықтық маңызын құрайды деп бекітілген 2012 жылғы 13 сәуірдегі ҚР ККНҚ-ның құқықтық позициясын ескеру қажет. Негізгі Заңда бекітілген нақты мерзімдер арқылы жекелеген мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызмет атқару кезеңдерін, өз өкілеттіктерін іске асыруының басталуы мен аяқталуын, сондай-ақ мемлекеттік билік тармақтарының тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі қолданылатын жағдайда өзара әрекеттесуін айқындайды. Бұл мерзімдерді сақтау конституциялық заңдылық режимін қамтамасыз ету шарттарының бірі болып табылады.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Парламент сессияларында Сенат пен

Мәжілістің бірлескен және бөлек отырыстарында Парламенттің құзыреті жүзеге асырылады.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысын Мәжіліс Төрағасы шақырады. Ол Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкім шығарып, оны Парламент депутаттарына хабарлайды.

Мәжіліс пен Сенаттың жалпы отырыстарын өткізу тәртібі олардың регламенттерінде белгіленген.

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысын Мәжіліс Төрағасы шақырады. Парламенттің және Мәжілістің жалпы отырыстары өткізілмейтін кезеңде депутаттар Парламенттің жұмыс органдарында жұмыс істейді.

Егер Парламент Мәжілісінің жалпы отырысына Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысатын болса, жалпы отырыс құқықты деп саналады.

Жалпы отырыстың күн тәртібі және онда мәселелерді қарау реті алдын ала Бюрода (соның ішінде сұрау салу арқылы) қаралады және жалпы отырыста Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

Күн тәртібі мен жұмыс реті жөніндегі ұсыныстар мен ескертпелер әрбір ұсыныс бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Мәжілістің жалпы отырыстары ашық жүргізіледі.

Мәжіліс депутатының ұсынысы бойынша, егер бұған қатысып отырған депутаттар жалпы санының көпшілігі жақтап дауыс берсе, Палата жабық отырыстар өткізе алады.

Сенаттың отырысын, әдетте, Палата депутаттарын отырыс өткізілерден жеті күн бұрын хабардар ете отырып, Сенат Төрағасы шақырады. Жекелеген жағдайларда Сенат Төрағасы Палата отырысын өзге мерзімдерде шақыра алады.

Сенат отырысты өткізудің өзге де уақыты туралы шешім қабылдай алады.

Қажет болған жағдайда, депутаттардың басқа мәселелер бойынша сөз сөйлеуі үшін отырыстың соңында 30 минутқа дейін уақыт бөлінеді.

Егер Сенат отырысына Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол құқықты деп саналады.

Отырыстың күн тәртібі алдын ала Сенат Бюросында қаралады және Палатаның талқылауына енгізіледі.

Бюро ұсынған күн тәртібіне депутаттар өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

Сенат отырысының күн тәртібі ашық дауыс беру арқылы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен бекітіледі.

Сенаттың жалпы отырыстары ашық жүргізіледі.

Жабық отырыс өткізу туралы шешім Сенат депутаттары жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

59.2. ҚР Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1999 жылғы 14 шілдегі № 13/2 Нормативтік қаулысында берілген түсіндірмеге сәйкес, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңның 7-бабында Парламент сессияларын жүргізу үшін белгіленген кворум болған кезде, Парламенттің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

Демек, бірінші сессия әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде өткізіле алады.

59.3. ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1999 жылғы 30 маусымдағы № 14/2 қаулысына сәйкес Конституцияның 59-бабының 3-тармағы Қазақстан Республикасы Парламентінің кезекті сессияларын бір жылда бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен бастап маусымның соңғы жұмыс күніне дейін өткізетінін белгілейді. Бұл осы нормада Парламенттің сессиялық жұмысының жалпы кезеңі көзделетінін білдіреді, бұл ретте Конституцияда көрсетілген кезеңді өзгертуге тыйым салатын нормалар жоқ.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес жұмыс күндері деп демалыс немесе мереке (ұлттық және мемлекеттік мерекелер) күндері болып табылмайтын күндерді түсіну керек.

Парламенттің Регламентіне сәйкес заңда белгіленген мереке, демалыс күндері мен парламенттік каникул күндері Парламенттің жұмыс істемейтін күндері болып табылады. Парламенттік каникул Республика Парламентінің қаулысымен жарияланады.

59.4. Түсіндірме беріліп отырған баптың 4-тармағының ережелері Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында дамытыла түседі.

Президенттің сессияны ашу құқығы Президент туралы ҚР Конституциялық заңында да көзделген. Аталған конституциялық заңның 9-бабының б) тармақшасына сәйкес Президент Парламенттің сессиясын ашады.

Парламенттің кезекті сессияларын Президенттің ашуына қатысты осы заңнамалық ережелер империятивті ережелер емес, бұл – Президенттің құқығы, сондықтан заң шығарушы осы құқықты іске асыруды осы құқық субъектісінің өзінің қарауына қалдырды. Сондықтан Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 6-бабының 5-тармағында Парламенттің сессиясын Республика Президенті болмаған кезде Мәжіліс Төрағасы ашады деп көзделген.

Парламенттің бірлескен отырыстарын өткізу тәртібі Республика Парламентінің Регламенті белгіленген.

Парламенттің сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, Палаталар төрағаларының немесе Парламент

депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралады.

59.5. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстарына әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысуы көзделген кворум болған кезде олардың құқықты болып есептелуінің шарты болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, түсінік беріліп отырған нормаға қатысты тұрғыда кворум деп Парламент не оның Палаталары депутаттарының белгілі бір саны түсініледі, ол болған кезде Парламенттің (Палаталардың) отырысы құқықты болып есептеледі, ол өзінің құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдауға құқылы болады.

Парламент Регламентіне сәйкес Парламенттің отырысы оған әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқықты болады.

Парламент отырысының құқықтылығын анықтау үшін әрбір Палата депутаттарының дербес тіркелуі өткізіледі. Әрбір дауыс беру алдында депутаттарды қосымша дербес тіркеу өткізілуі мүмкін. Рәсімдік мәселелер бойынша дауыс беру алдында депутаттарды қосымша дербес тіркеу өткізілмейді.

59.6. Парламент пен оның Палаталарының басты қызмет шарттарының бірі сессиялардың ашық жүргізілуі болып табылады.

Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық жүргізіледі. Палаталар регламенттерінде көзделген жағдайларда, олардың жабық отырысы өткізілуі мүмкін.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында және Парламенттің, Мәжіліс пен Сенаттың регламенттерінде кез келген отырыстарға қатысу құқығы бар тұлғалар тобының аясы кеңейтілген.

Оларға сәйкес Республика Президенті, Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банкі Төрағасы, Бас Прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, сондай-ақ Мемлекеттік хатшы мен Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы Парламенттің кез келген отырысына қатысуға құқылы және өз сөзін тыңдатуға құқығы бар.

Жариялылық қағидаты Палаталардың отырыстарына ғана емес, Парламент қызметінің өзге де нысандарына да қолданылады.

Сенат және Мәжіліс регламенттеріне сәйкес Парламент қызметінде жариялылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу, Палаталар мен олардың құрылымдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын жүзеге асыру, сондай-ақ баспасөзге, теледидар мен радиоға ресми материалдар әзірлеу мақсатында Парламенттің әр Палатасында баспасөз қызметі құрылады.

Мысалы, Мәжіліс депутаттарының VI шақырылымдағы екінші парламенттік сессиясының жұмысы отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапты.

Өткен жылдармен салыстырғанда Мәжілісте барлық парламенттік іс-шаралардың жариялылығы және депутаттық жұмыс туралы ақпаратқа қолжетімділік қамтамасыз етілді. Бұған Мәжілісте Палатаның ашықтығы бойынша Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда әзірленген жаңа медиа-форматты енгізу мүмкіндік туғызды.

Парламенттің 20 жылдық тарихында БАҚ өкілдерін аккредиттеу Ережелерін алғаш рет қабылдау бірінші жаңалық болды. Мәжіліс Бюросының қаулысымен бекітілген бұл құжат отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарымен барлық ақпараттық қызметті бір жүйеге келтіреді. Әр түрлі меншік нысанындағы және саяси БАҚ-тан қандай да бір шектеулерсіз журналистерді аккредиттеу депутаттық қызметті әр қырынан көрсетілуін қамтамасыз етті. Мәжілісте ұсынылған БАҚ шетелдік, сонымен бірге мемлекетаралық, отандық республикалық және аймақтық мәртебеге ие. Палатаның қызметін ақпараттық сүйемелдеу 60-тан астам баспа және электронды басылымдармен қамтамасыз етілген. Олардан 400-ден астам журналист баспасөз қызметімен аккредиттелді. Баспасөз қызметі олардың ішінен ұтқырлығымен және шапшаңдығымен ерекшеленетін алғаш рет парламенттік пул құрды. Осындай өкілді медиа-корпус биліктің жоғары өкілді органына БАҚ-тың қызығушылығы артқанын айғақтайды.

Әр түрлі отырыстар енді журналистердің, Парламентке өтпеген саяси партиялар, ҮЕҰ өкілдерінің, БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЕО, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ бағыттары бойынша ұйымдар, сондай-ақ жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер өкілдерінің кеңінен қатысуымен өтеді. Жаңадан құрылған ақпараттық сүйемелдеу Палатадағы алуан түрлі пікірлердің БАҚ толық көрсетілуіне мүмкіндік береді. Олар Мәжілісте қаралатын заң жобаларын қабылдауда ғана емес, сондай-ақ оның мәнін халыққа түсінікті етіп жеткізуде депутаттардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Аккредиттелген журналистер баспасөз қызметімен Палатаның жұмыс топтарының, бейінді комитеттерінің, партиялық фракциялардың және ҚХА депутаттық тобының отырыстарын, Мәжілістің жалпы отырыстарын, Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарын, үкімет сағаттары және парламенттік тыңдауларды жария етуге шақырылады. Ақпараттық күн тәртібінде журналистерге сондай-ақ: халықаралық кездесулер, форумдар және депутаттардың шетелдік сапарлары, «дөңгелек үстелдер», семинарлар және конференциялар ұсынылады. Парламентарийлердің отырысы баспасөз және жұртшылық үшін Мәжіліс қабырғасында ғана емес, өңірлердегі көшпелі іс-шараларда да ашық.

Парламент тақырыбын 15 жетекші телеарна («Қазақстан», «Хабар», «Хабар 24», «Астана», «Первый канал Евразия», «Мир», «31-арна», «СТВ», «КТК», «Kazakh TV», «Алматы», «ТДК – 42», «Асыл арна», «Atameken business channel»), қазақ және орыс тілдерінде шығатын 20-дан астам баспа басылымдары, 30-дан астам интернет-порталдар мен ақпараттық агенттіктер, соның ішінде «Қазақпарат», «Tengrinews», «Zakon», «Ratel»,

«Информбюро», «Рейтер», «ТАСС», «Ресей» және басқалар жүргізеді. Нақты уақыт режимінде интернет-кеңістікте таратуды: www.zakon.kz, www.tengrinews.kz және www.bnews.kz. жүзеге асырады. Мәжіліс туралы да жалпы республикалық радио арналар таратады: «Қазақ радиосы», «Шалқар» радиосы, «Астана» радиосы, сондай-ақ дүниежүзілік «Азаттық» радиосы және «ТРТ» (Түрік телерадиокомпаниясы).

Жаңалық хабарламалардан басқа, БАҚ-та апталық қорытынды шығарылымдары, шолу және сараптамалық материалдар, сондай-ақ Мәжіліс депутаттарының қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар мен телевизиялық ток-шоу шығады. Сонымен қатар, парламентарий Мәжіліс қызметінің ең өзекті мәселелері бойынша ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Орталық коммуникациялар қызметінің брифингтерінде сөз сөйлейді.

Парламенттік іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеудің жаңа форматына қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу нәтижесінде қол жеткізілді. Мәжілістің интернет-ресурсын жаңғырту (www.parlam.kz) Палатаның жалпы отырыстарынан, Мәжілістегі үкімет сағаттарынан онлайн-көрсетілім жүргізуге мүмкіндік берді. Парламенттік веб-сайтты тұрақты пайдаланушылар ТМД (Қырғыз Республикасы, Әзірбайжан, Ресей, Украина, Беларусь), Еуропалық одақ, Таяу Шығыс және Африка, Латын Америкасы, сондай-ақ АҚШ, Ұлыбритания, Түркия елдері және т. б. болды. Қазіргі уақытта «Хабар», «Хабар 24» телеарналары тұрақты негізде жаңалықтарда Палатаның жалпы отырыстарынан және парламенттік басқа да іс-шаралардан тікелей эфир жүргізеді. Қосымша «Хабар 24» эфирде «Заң жобасы»/«Проект закона» екі тілді бағдарлама шығаруды жүзеге асырады. Сондай-ақ, Мәжіліс әлеуметтік желілерге де қатысады: «Твиттер», «Фэйсбук» және «ВКонтакте».

VI шақырылымның екінші сессиясын ашу кезінде берілген Президент тапсырмаларын орындауда Палатаның жаңа медиа-форматы Мемлекет басшысының стратегиялық басымдықтарын заңнамалық қамтамасыз ету бойынша Мәжіліс жұмысын БАҚ-та кеңінен көрсетуді қамтамасыз етті.

60-бап.

1. Палаталар әр Палатада саны жетіден аспайтын тұрақты комитеттер құрады.

2. Палаталардың бірлескен қызметтеріне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға хақылы.

3. Комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар шығарады.

4. Комитеттер мен комиссияларды құру, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру тәртібі заңмен белгіленеді.

60.1. Парламент қызметінде Палаталардың жұмыс органдары – тұрақты комитеттер мен комиссиялар жұмысына елеулі рөл беріледі. Тұрақты комитеттерде Парламент депутаттары жұмысының көп бөлігі жүзеге асырылады.

Парламент Палаталарының депутаттары заң шығару процесі барысында көптеген мәселелерді шешеді. Комитетте мәселелерді алдын-ала зерттеу және пысықтау, комитеттің құзырына кіретін мәселелерді тереңірек және жан-жақты қарауға мүмкіндік береді. Палата отырысында мәселелерді талқылау кезінде әр депутатты тыңдау мүмкіндігі бола бермесе де, Комитеттің қарауына әр депутаттың атынан ұсыныстар түсуі ықтимал.

Комитеттер Палаталардың тұрақты жұмыс істейтін жұмыс органдары болып табылады, олар өз қарауына жататын мәселелер бойынша заң жобаларын дайындауды және алдын ала қарауды, заң жобалары бойынша қорытындылар дайындауды жүзеге асырады; парламенттік тыңдауларды, үкімет сағаттарын ұйымдастырады; өз қызметін ұйымдастыру мәселелерін шешеді.

Конституцияға сәйкес тұрақты комитеттерді Палаталар құрады, әр Палатада олардың саны жетіден аспауға тиіс.

Тұрақты комитеттердің атаулары тиісті Палаталар депутаттарының ұсынысы бойынша Сенаттың және Мәжілістің отырыстарында айқындалады. Сенатта оның құрамының жартысы қайта сайланғаннан кейін Палата отырысында комитеттердің төрағалары, сондай-ақ тұрақты комитеттердің құрамына депутаттар сайланады.

Қажет болған жағдайда жаңа тұрақты комитеттер құрылуы, бұрын құрылғандар таратылуы және қайта ұйымдастырылуы мүмкін. Мәселен, Сенат жұмысын бастаған 1996 жылы төрт тұрақты комитет құрылды, 2005 жылы әлеуметтік-мәдени даму жаңа тұрақты комитеті құрылды, ал 2007 жылы алтыншы комитет – аграрлық мәселелер және қоршаған ортаны қорғау комитеті құрылды.

Халықаралық тәжірибеде комитеттердің (комиссиялардың) қажетті санын, атауын және құзыретін айқындау кезінде парламентшілер осы органдардың қызметі ұлттық саясаттың барлық салаларын қамтуға тиіс екендігін негізге алады. Осындай ұстанымның нәтижесінде шетел парламенттерінің Палаталарында тұрақты комитеттер (комиссиялар) саны әдетте едәуір көп болады. Жапонияда Парламенттің жоғарғы Палатасында 18 тұрақты комиссия, ал төменгі Палатасында 21 комиссия жұмыс істейді, Швецияда 16 комиссия құрылған, Италияда – 14, Германияда – 20-дан астам, ал Израильде бір палаталы Кнессетте 9 тұрақты комитет жұмыс істейді. АҚШ-та өкілдер Палатасында – 22, Сенатта 6 тұрақты комитет бар.

Сенатта конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары; қаржы және бюджет; халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік; экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік; әлеуметтік-мәдени даму және ғылым; аграрлық мәселелер, табиғатты

пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі тұрақты комитеттер құрылды.

Мәжілісте заңнама және сот-құқықтық реформа; аграрлық мәселелер; әлеуметтік-мәдени даму; экономикалық реформа және өңірлік даму; қаржы және бюджет; экология мәселелері және табиғат пайдалану; халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі тұрақты комитеттер құрылды.

60.2. Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға құқылы, олардың сандық құрамы Палаталар арасындағы келісім бойынша белгіленеді. Комиссиялар мүшелерін сайлауды әрбір Палата дербес жүзеге асырады.

Палаталардың бірлескен комиссияларының қызметінде тұрақты комитеттермен көптеген ортақ белгілері бар. Дегенмен айырмашылықтары да бар. Бірлескен комиссиялар тұрақты комитеттерге қарағанда уақытша болуы, белгілі бір мерзіммен және (немесе) нақты міндетпен шектелуі мүмкін. Осыған байланысты олар Палаталардың көмекші органдары ретінде қарастырылады. Сондай-ақ бірлескен комиссиялар құрылуының, мәселен, Палата депутаты міндетті түрде бірінде мүшесі болуға тиіс тұрақты комитеттер сияқты міндетті сипаты болмайды. Сонымен бірге бірлескен комиссиялар да тұрақты комитеттер сияқты Палатаның қызметін қамтамасыз етеді.

Бірлескен комиссия құру туралы бастаманы, егер бұған Палаталар бірінің депутаттары жалпы санының көпшілігі жақтап дауыс берсе және шешімді басқа Палатаның сондай көпшілігі қолдаса, Парламент депутаттары көтереді. Палаталарда бірлескен комиссияның мүшелерін бекіткеннен кейін Палаталардың бірлескен отырысында Парламент әрбір Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен осындай бірлескен комиссия құру туралы қаулы қабылдайды. Бірлескен комиссиялар Парламенттің жұмыс органдары болып табылады және тікелей соның алдында есеп береді.

Бірлескен комиссияның төрағасын сайлау Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің әр Палатасы депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады. Комиссияның отырысы, егер оған бірлескен комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болады.

Сонымен қатар Сенат уақытша арнаулы комиссия құра алады. Оның мақсаты – Конституцияның 47-бабының 2-тармағында, 57-бабының 5) және 6) тармақшаларында көзделген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру, яғни Қазақстан Республикасы Парламентінің Президент мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда оны қызметінен кетіруі және өз құзыретінің мәселелері бойынша парламенттік тыңдаулар өткізуі, сондай-ақ Үкімет мүшелері қызметінің мәселелері бойынша олардың есептерін тыңдау, оның қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын

орындамаған жағдайда, Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға құқылы.

Палаталар дауыстарды санау үшін Санақ комиссиясын құруға құқылы (*Сенат Регламентінің 32 және 33-тармақтары және Мәжіліс Регламентінің 24-тармағы*).

60.3. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тұрақты комитеттер мен комиссиялар қаулы шығарады. Сондай-ақ тұрақты комитеттер заң жобаларын, қызметтерге Палата сайлайтын кандидаттарды немесе оларды тағайындау үшін тиісті Палатаның келісімі талап етілетін кандидаттарды талқылау нәтижелері бойынша қорытындылар қабылдайды. Комитеттер өздерінің қарауына жататын мәселелер қаралғаннан кейін қаулылар және қорытындылар қабылдайды. Бұл актілерде нормативтік нормалар қамтылмайды және олар ұсынымдық сипатта болады.

60.4. Комитеттер мен комиссияларды құру және олардың қызметін ұйымдастыру тәртібі, олардың өкілеттіктері Парламенттің комитеттері мен комиссиялары туралы ҚР Заңында айқындалады, сондай-ақ Палаталардың Регламенттерімен реттеледі.

Тұрақты комитеттердің саны әрбір Палатада жетіден аспауға тиіс. Тұрақты комитеттер депутаттар арасынан құрылады. Ең алдымен олар Парламенттің заң жобаларымен жұмысының тиімділігін арттыру үшін құрылады. Комитеттер мен комиссиялар сияқты жұмыс органдарының болуы жүктемені пәрменді бөлуге және заң жобаларымен жұмыс барысында көбірек мамандануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрақты комитеттер Палатаның қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарауды және әзірлеуді жүзеге асырады.

Палата тұрақты комитеттердің атауын айқындайды, депутаттар арасынан тұрақты комитеттер төрағасын сайлайды. Тұрақты комитеттер өз отырыстарында комитет хатшысын сайлайды. Комитеттердің сандық құрамын Палата айқындайды. Парламент депутаты Палатаның бір ғана жұмыс органының мүшесі бола алады.

Комитеттер өз қызметінде заң жобаларына қорытындылар әзірлейді, жұмыс топтары отырыстарын, комитеттің отырыстары мен кеңейтілген отырыстарын өткізеді, оның ішінде мүдделі тараптардың қатысуымен өткізеді. Комитеттер өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар, көшпелі отырыстар және т.б. өткізуге құқылы.

Сонымен қатар комитет өз отырыстарына заң жобасының бастамашысын, оның өкілдерін, сарапшылар ретінде мамандар мен ғалымдарды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары Парламент Палаталарында тіркелген жағдайда олардың өкілдерін шақыра алады.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Палаталар комитеттеріне сұратылатын материалдар мен құжаттарды қазақ және орыс тілдерінде, заңмен қорғалатын құпия ескеріле отырып, ұсынуға міндетті.

Тұрақты комитеттер өз қызметінің негізгі бағыттары бойынша кіші комитеттер құруы мүмкін.

Қаралып отырған заң жобалары бойынша туындаған келіспеушіліктерді еңсеру үшін Сенат пен Мәжіліс әрбір Палата депутаттарының тең санымен келісім комиссияларын құрады.

Бірнеше тұрақты комитеттердің құзыретіне жататын мәселелерді комитеттердің өз бастамасы бойынша, сондай-ақ Палатаның тапсырмасымен, не Палата Бюросының ұсынымымен комитеттердің бірлесіп әзірлеуіне және қарауына болады. Бұл орайда жұмысты үйлестіру, ұсыныстар мен ескертпелерді қорыту үшін Палата Бюросы осы мәселе бойынша тұрақты бас комитетті айқындайды.

Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-теңдік негізде бірлескен комиссиялар құруға құқылы, олардың сандық құрамы Палаталар арасындағы келісу бойынша белгіленеді. Комиссиялардың мүшелерін сайлауды әрбір Палата дербес жүзеге асырады. Осындай комиссиялар Парламент Регламентінің жобасын әзірлеу мәселесі бойынша құрылады (*Парламент Регламентінің 135-тармағы*).

61-бап

1. Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

61-баптың 1-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

2. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

61-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

- 4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;
- 5) республикалық бюджетке;
- 6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;
- 7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;
- 8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;
- 9) айналадағы ортаны қорғауға;
- 10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;
- 11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.

4. Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Тұтас алғанда, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылауға және дауысқа салуға беріледі. Қайта қабылданбаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды.

5. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгертулермен және толықтырулармен келіссе, заң қабылданды деп есептеледі. Егер Мәжіліс нақ сондай көпшілік дауыспен Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі.

5-1. Мәжіліс депутаттары қараған және олардың жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен мақұлданған конституциялық заң жобасы Сенатқа беріледі, онда алпыс күннен асырылмай қаралады. Сенат депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен қабылданған жоба конституциялық заңға айналады және он күн ішінде Республика Президентіне қол қоюға ұсынылады. Конституциялық заң жобасын тұтастай қабылдамауды Мәжіліс немесе Сенат Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады.

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес 61-бап 5-1 тармағымен толықтырылды.

Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен конституциялық заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен келіссе, конституциялық заң қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс, Сенат енгізген өзгерістер мен толықтырулар бойынша дауыс беру кезінде олармен депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен келіспесе, онда палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес 61-баптың 6-тармағы толықтырылды.

7. Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім туралы мәселе қоюға хақылы. Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-баптың 7-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

61.1. Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заңнамалық актісінің мәтінін ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады деп айқындалған.

Конституцияның 62-бабының 1-тармағында Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заңнамалық актілерді қабылдайды деп белгіленген.

Құқықтық актілер туралы ҚР Заңында нормативтік құқықтық актілердің қай түрлері заңнамалық акт болып танылатыны нақтыланған. Оларға Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заң, конституциялық заң, шоғырландырылған заң, заң, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Сенат пен Мәжілістің қаулылары жатады.

Түсінік беріліп отырған нормаға сәйкес заң шығару бастамашылығы құқығы үш субъектіге – Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне тиесілі.

Заң шығару бастамасы субъектілерінің құқығы тиісті конституциялық заңдарда егжей-тегжейлі көрініс тапқан.

Заң шығару бастамасының нысаны Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Президенті туралы Конституциялық заңның 9-бабына сәйкес Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жобаны Парламенттің қарауына беру құқығы болып табылады.

Заң шығару бастамасы құқығы тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады. Бұл заң шығару құқығы субъектілерінің барлығы заң жобасын Мәжіліске ғана енгізетінін білдіреді.

Мәжіліс Регламентінде заң шығару бастамасының конституциялық құқығын іске асыру нысаны туралы нормалар бар. Мәселен, Республика Президенті заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімді арнайы жолдаумен ресімдейді. Республика Президентінің заң шығару бастамасы құқығын іске асыру ережелерінде көзделгендей, арнайы жолдау Қазақстан Республикасы Президентінің ресми хаты болып табылады, сол арқылы заңнамалық актінің жобасы Мәжіліске енгізіледі. Арнайы жолдауда заңнамалық акті жобасының атауы және оны қабылдаудың негіздемесі болуға тиіс.

Парламент депутаттары заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімді тиісті ұсынумен ресімдейді. Депутаттық қызмет практикасына сәйкес мұндай ұсыну Мәжіліс Төрағасының атына жіберіледі және оған заң жобасына бастамашы болған барлық депутаттар қол қояды.

Республика Үкіметі заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімді тиісті қаулы шығару арқылы қабылдайды.

Осылайша, заң жобасын енгізген кезде заң шығару бастамашылығы құқығының субъектісі бірқатар құжаттар мен материалдарды ұсынуы тиіс, атап айтқанда:

- 1) жобаны Үкімет енгізген жағдайда Үкімет қаулысы;
- 2) заң жобасына депутат (депутаттар) бастамашылық жасаған жағдайда ұсыныс;
- 3) заң қабылдау қажеттілігі негіздемесімен, оның мақсаттары мен міндеттерінің сипаттамасымен бірге түсіндірме жазба;
- 4) егер заңды іске асыру шығындарды талап еткен жағдайда қаржы-экономикалық есеп;

5) депутат бастамашылық жасаған және мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заң жобасы бойынша Үкіметтің оң қорытындысы;

6) қабылданатын заңы қолданудың экономикалық, әлеуметтік, заңдық, экологиялық нәтижелерінің ықтимал болжамдары;

7) халықаралық шарттарды ратификациялау және олардың күшін жою туралы заң жобаларын қоспағанда ғылыми сараптаманың қорытындысы;

8) мәліметтер көрсетілетін анықтама парағы, онда:

– жобаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган туралы;

– жұмыс тобының құрамы туралы (егер ол құрылса);

– заң жобасы бойынша баяндамашы туралы;

– осы заңның қабылдануына байланысты өзгертілуге, толықтырылуға немесе күші жойылды деп танылуға жататын заңнамалық актілердің тізбесі және осы заңды іске асыру үшін қажетті нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу туралы ұсыныстар.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі міндетті талап – заң техникасы сақтала отырып орындалған өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесімен баптардың қолданыстағы және жаңа редакцияларының салыстырмалы кестесін ұсыну болып табылады.

Егер заң жобасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғаса, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындысы ұсынылады.

Халықаралық шарттарды ратификациялау туралы заң жобасын енгізген кезде, оған мыналар қоса тіркеледі:

1) халықаралық шарттардың ҚР Сыртқы істер министрлігі ресми куәландырған, олар жасалған тілдердегі көшірмелері (халықаралық шарттардың депозитарийі ресми куәландырған), сондай-ақ егер халықаралық шарттар жасау тілінде болмаған жағдайда, оларды жасауға жауапты Республиканың орталық мемлекеттік органы ресми куәландырған олардың қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы;

2) Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңына сәйкес жүргізілген ғылыми сараптама қорытындысы. Заң жобасымен бірге тәуелсіз сараптаманың қорытындысы ұсынылуы мүмкін.

Қағаз және электронды жеткізгіштегі заң жобасы қазақ және орыс тілдерінде Мәжіліске енгізіледі. Заң жобасы Мәжіліс Аппаратында тіркеледі және Палата басшылығына жіберіледі.

Көрсетілген қосымшалардың біреуі болмаған, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес болмаған жағдайда Палата Аппараты белгіленген талаптарды орындау үшін құжаттарды тіркеместен бес күн ішінде заң жобасының бастамашысына қайтарады.

Тіркелген заң жобасы алдын ала қарау және онымен одан әрі жұмыс істеу тәртібі туралы ұсыныстар дайындау үшін Мәжіліс қаулысымен тиісті

комитетке (комитеттерге) жіберіледі. Егер заң жобасы екі және одан да көп комитетке жіберілген болса, онда қаулыда бірінші көрсетілгені басты болып есептеледі.

Қорытынды әзірлеу үшін қажетті мерзім тапсырмада көрсетіледі және тиісті комитеттер мен Палата Аппаратының заңнама бөліміне тіркелген заң жобасы келіп түскен күннен бастап кем дегенде отыз күнгізбелік күннен кем болмауы керек.

Заң жобасын қарау, заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу тәртібі Палатаның тиісті комитетімен дербес белгіленеді.

Палата Комитеті заң жобасы бастамашыларының жұмыс топтарының құрамына мемлекеттік органдардың, консультативтік-кеңесші органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдерін, сарапшыларды, мамандарды, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларын тартуға құқылы.

Жұмыс тобының отырыстарында шешімдер депутаттардың-жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

Тұрақты комитет заң жобасын тәуелсіз ғылыми және өзге де сараптамаларға жіберуге құқылы.

Балама заң жобалары негізгі жобамен бір мезгілде Палата комитеттерімен қаралады және әрбір жоба бойынша жеке-жеке қорытынды әзірленеді.

Заң жобасын комитеттерде талқылау ашық өтеді. Заң жобасын қарау нәтижелері бойынша комитет қорытынды қабылдайды.

Бас комитет: заң жобасын қабылдау немесе қабылдамау қажеттігі негізделген қорытындыны; заң жобасын қарау нәтижелері туралы Мәжіліс қаулысының жобасын; тұрақты комитеттері мен Палата депутаттарының түзетулері жинақталған заң жобасына салыстырма кестені дайындайды.

Салыстырма кесте екі оқылымды талап етпейтін заң жобаларына дайындалады, ал кемінде екі оқылымда қабылданатын жобалар бойынша – екінші (кейінгі) оқылымға дайындалады.

Кемінде екі оқылым өткізу көзделген заң жобасы бойынша бас комитет тұрақты комитеттердің қорытындыларын алғаннан кейін Мәжілістің талқылауына бірінші оқылымда қаралуға жататын тұжырымдамалық ережелерді дереу енгізуге құқылы.

Жалпы отырыстың қарауына дайындалған заң жобасын, оған қатысты материалдарды, сондай-ақ Аппараттың Заңнама бөлімінің қорытындысын бас комитет Мәжілістің жалпы отырысының қарауына енгізу үшін оның отырысы басталардан кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей Палата Бюросына жібереді.

Бас комитеттің қорытындысын ескере отырып Палата бюросы жалпы отырыстың күн тәртібіне заң жобасын енгізу туралы ұсыныс жасайды.

Заң жобаларын, соның ішінде конституциялық заңдарды қарау, егер Палата нақты жобаға қатысты басқа шешім қабылдамайтын болса, Мәжілістің жалпы отырыстарында бір оқылымда жүзеге асырылуы мүмкін.

Кодекстің жобалары, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар кемінде екі оқылымда қаралады.

Заң жобасының бастамашысы ұсынған Заң жобасының мәтіні және оған қатысты материалдар жалпы отырыста бұл заң жобасын қарағанға дейін 10 күннен бұрын депутаттарға ұсынылады, сондай-ақ автоматтандырылған жүйеде орналастырылады.

Заң жобасының бірінші оқылымында Палата осы жоба бастамашысының баяндамасын және бас комитеттің қосымша баяндамасын тыңдайды, заң жобасының тұжырымдамалық ережелерін талқылайды және түзетулер түрінде ұсыныстар мен ескертулер білдіреді.

Мәжілістің талқылау нәтижелері бойынша заң жобасының негізгі ережелерін мақұлдайды немесе қабылдамайды.

Бірінші оқылымда қаралған заң жобасы бойынша шешімі, егер ол Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен бекітілсе, қабылданған болып есептеледі. Мұндай шешім Мәжіліс қаулысымен ресімделеді.

Бірінші не екінші (келесі) оқылымда мақұлданған Заң жобасына түзетулер, оларды қабылдау қажеттілігін негіздей отырып, заң жобасы бойынша екінші (кейінгі) оқылым басталғанға дейін кемінде 10 күн қалғанда депутаттар арқылы жазбаша түрде бас комитетке беріледі.

Егер заң жобасына енгізілген түзету мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін болса, онда бас комитет қорытынды жасау үшін енгізілген түзетуді Үкіметке жібереді. Осы түзетулер бойынша Үкімет қорытындысын Үкімет Регламентімен белгіленген мерзімде береді.

Егер Үкіметтің қорытындысы бойынша қосымша түсіндірмелер қажет болса, комитет оларды Үкіметтен талап етуге құқылы.

Бас комитет заң жобасына енгізілген түзетулерді қарайды және оны екінші оқылымға дайындайды.

Заң жобасы бойынша екінші оқылымда бас комитеттің төрағасы немесе комитет мүшелерінің бірі не Үкіметтің өкілі баяндама жасайды. Баяндама бойынша жарыссөз ашылмайды.

Екінші оқылым барысында заң жобасын жазбаша түрде қарау кезінде енгізілген түзетулер ғана қаралады.

Қосымша шығыс немесе мемлекеттік бюджет кірісінің азаюына әкелуі мүмкін түзетулер енгізілген жағдайда, Палата Үкіметтен қорытынды талап етеді не комитетке пысықтауға қайтарады.

Дауыс беруге әрбір бап жеке-жеке не енгізілген түзетулермен бірге заң жобасының тарауы немесе бөлімі, ал содан соң бүкіл жоба тұтастай қойылады. Егер мұндай тәртіпке бірде-бір депутат қарсы болмаса, Палата тұтастай заң жобасына бірден дауыс беру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Екінші оқылымда заң жобасын қарау нәтижелері бойынша Палата мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) мақұлдау;
- 2) пысықтауға комитетке қайтару;
- 3) келесі оқылымды өткізу;
- 4) қабылдамау.

Мәжіліс қараған және мақұлдаған Конституциялық заң жобасы немесе заң жобасы, Палата қаулысымен бірге мақұлданған күннен бастап 10 күн ішінде, бас комитет төрағасы мен Мәжіліс Аппаратының тиісті бөлім басшысының алдын ала тиянақталған қолдарымен Палата Аппараты арқылы Сенат қарауына беріледі.

Түсіндіріліп отырған норма тиісті бөлігінде және Парламент комитеттері мен комиссиялары туралы ҚР Заңында көрсетілген.

Сонымен бірге, Негізгі Заңда бір маңызды конституциялық алып тастау бар. Парламент Мәжілісі мерзімінен бұрын өз өкілеттігін тоқтатқан және Парламент Сенаты осы кезеңде заң қабылдау бойынша Парламент функцияларын өзіне қабылдаған жағдай туралы сөз болып отыр (Конституцияның 55-бабының 5-тармағы). Осыған сүйене отырып, Сенат Регламентінде заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісі заң жобасының мәтінін Сенатқа енгізуіне сәйкес нормалар болады.

61.2. Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 17-бабының 2-тармағында Республика Президентінің Парламентке арнайы жолдауымен заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді. Мемлекет басшысының бұл көрсетілген құқығы Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 9-бабының 10) тармақшасында да қамтып көрсетілген.

Парламент Мәжілісіне енгізілген немесе енгізуге дайын заң жобаларына қатысты заң жобаларының қаралу басымдығын, әдетте, Мемлекет басшысы айқындайды. Осы рәсімнің құқықтық негіздері ҚР Президентінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі № 1074 Жарлығымен бекітілген Заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеу ережелерінде белгіленген.

2017 жылғы конституциялық реформаға дейін Мемлекет басшысы Заңдар жобаларын қараудың басымдығын ғана емес, сондай-ақ олардың қаралуын шұғыл деп жариялағанын да атап өткен жөн. 2017 жылғы 10 сәуірдегі ҚР Заңына сәйкес бұл конституциялық норма өзгеріске ұшырады және заң жобасының басымдығын белгілеу құқығы Республика Президентіне қалдырылды.

61.3. Түсіндіріліп отырған баптың 3-тармағында Парламент онда егжей-тегжейлі баяндалған, аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы деген норма баяндалған. Барлық өзге қатынастар заңға тәуелді актілермен реттеледі, осылайша, заң шығарушы реттелген соң заң қабылдануы тиіс аса маңызды қоғамдық қатынастардың толық тізбесін береді.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарына, 24-бабының 2-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы» ҚР КК 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 қаулысында Конституцияның 61-бабының 3-тармағына сәйкес Парламенттің қалыптасқан мән-жайлар мен тиімділік қағидаты негізінде жаңа заңдық нормаларды белгілеуге, оның ішінде әрдайым өзгеріп отыратын және серпінді қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жоюға құқығы бар деп түсіндіреді.

Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің негіздеріне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға құқылы.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 Нормативтік қаулысына сәйкес заң шығару қызметінің негізгі қағидаттары деп, бірінші кезекте, Конституция кіріспесінің идеяларын, Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі принциптерін (қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу) есептеген жөн.

Қазақстанның өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатындығы, біртұтас мемлекеттігі және президенттік басқару нысаны, халық пен мемлекет егемендігінің ара-қатынасы; мемлекеттік биліктің біртұтастығы және оның тармақтарға бөлінуі; қолданыстағы құқық туралы нормалар; мемлекеттік органдар жүйесін құру қағидаттары, мемлекеттік органдардың түрлері, оларды құрудың тәртібі, олардың функциялары мен өкілеттіктері, олар шығаратын (қабылдайтын) актілер, өзара қарым-қатынасы мен қатар бағыныстылығының негіздері Парламенттің заң шығару қызметіндегі Конституцияның негізгі ережелері болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 Нормативтік қаулысына түсіндірме беру туралы» 2013 жылғы 16 мамырдағы № 2 қосымша қаулысында Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында белгіленген «мемлекеттік органдарды ұйымдастыру мен олардың қызметінің негіздері» деп мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесінің мазмұнына (басшылық жасау салалары, миссиялары, негізгі

міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері), құру, тарату, қайта құру және қызметін ұйымдастыру тәртібіне деген негізгі тәсілдерді айқындайтын түбегейлі қағидаттар мен нормаларды түсінген жөн деп нақтылайды.

Заңдарда мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізін құрайтын функциялар, сондай-ақ іске асырылуы Конституцияның 61-бабының 3-тармағында көрсетілген аса маңызды қоғамдық қатынастарды қозғайтын функциялар белгіленеді. Бұл, оның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігі мәселелеріне, құқық шектеу сипатындағы шараларға, сондай-ақ, құқық қорғау, бақылау-қадағалау функцияларын және жекелеген қызмет түрлерін іске асыруға рұқсат беру тәртібін белгілеуді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың мемлекеттік емес ұйымдармен және жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынасына қатысты болады.

Заңға тәуелді деңгейде, іске асырылуы Конституцияның 61-бабының 3-тармағында санамаланған қоғамдық қатынастарды қозғамайтын функциялар белгіленеді. Бұл заңда бекітілген функцияларды жүзеге асыру механизмін айқындауға, мемлекеттік органдардың іштей ұйымдастырылуы мен қызметіне, техникалық және технологиялық нормаларды қабылдауға (шығаруға) қатысты болуы мүмкін.

61.4. Заң жобасын қарау рәсімі Конституцияның 61-бабының осы көрсетілген және келесі тармақтарының нормаларына негізделеді. Заңдарды қабылдау рәсімі Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 18-бабында егжей-тегжейлі жазылған. Осы тармақтарды дамыту тұрғысынан Парламенттің, Мәжіліс пен Сенаттың регламенттері қабылданды.

Мәжілістің жалпы отырысында Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы мақұлданған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Сенатқа беріледі.

Парламент Регламентінде Мәжіліс Сенатқа қазақ және орыс тілдерінде заң жобасымен бірге жіберетін материалдардың тізбесі айқындалған, олар:

- 1) Мәжілістің заң жобасын мақұлдау туралы қаулысы;
- 2) бастамашысы Мәжіліс Регламентіне сәйкес ұсынған қосымшаларымен қоса бастамашының редакциясындағы заң жобасы;
- 3) Мәжіліс мақұлдаған редакциядағы заң жобасы;
- 4) Мәжіліс отырысының стенограммасы;
- 5) құқықтық нормалардың бұрынғы және жаңа редакцияларының салыстырма кестесі;
- 6) заң жобасына Мәжіліс депутаттары енгізген және мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін түзетулер бойынша Үкіметтен алынған қорытындылар;
- 7) ілеспе хат.

Халықаралық шартты ратификациялау немесе денонсациялау туралы заң жобасы жіберілген кезде, Мәжіліс халықаралық шарттың және оған қосымшалардың тиісті уәкілетті орган куәландырған көшірмесін не, егер халықаралық шартқа қазақ және (немесе) орыс тілдерінде қол қойылмаса,

оның аталған тілдерге аударылған, тиісті уәкілетті орган куәландырған дәлме-дәл аудармасын қоса береді.

Конституция заң жобасын Сенатта қараудың нақты мерзімін белгілейді, заң жобасы Сенат Аппаратында тіркелген күннен бастап, Парламент сессиялары аралығындағы уақытты есептемегенде, Сенатта күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей қаралады. Сенат келіп түскен заң жобасын Сенаттың Регламентіне сәйкес қарайды. Заң жобасын жалпы отырыста талқылау қорытындылары бойынша Сенат Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) заң жобасы қабылдансын;
- 2) заң жобасы тұтастай қабылданбасын және ол Мәжіліске қайтарылсын;
- 3) заң жобасы өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге Мәжіліске жіберілсін.

Сенат заң жобасын қабылдаған жағдайда, ол заңға айналады және күнтізбелік он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады.

Заң жобасы қабылданбаған жағдайда, ол шешім қабылданған кезден бастап он екі күн ішінде қабылдамаудың уәжді негіздемесі беріліп және отырыс стенограммасымен бірге Мәжіліске қайтарылады. Мәжіліс Бюросы заң жобасын қоса тіркелген құжаттарымен бірге бас комитетке береді, ол Сенаттың қайтару негіздерін қарап, олар бойынша қорытынды береді және туындаған келіспеушіліктерді еңсеру жөніндегі өз ұсыныстарын Палатаның қарауына енгізеді.

Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының үштен екі даусымен жобаны мақұлдаса, ол қайта талқылау және қосымша дауысқа салыну үшін Сенатқа жіберіледі. Бұл ретте заң жобасын Мәжіліске сол сессиясының ішінде қайтадан енгізуге болмайды.

61.5. Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 18-бабының 2-тармағына сәйкес Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларға келіскен жағдайда заң қабылданды деп есептеледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларға келіспеген жағдайда Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Мәжіліс Регламентіне сәйкес Палата Бюросы Сенат енгізген өзгерістер мен толықтыруларды Мәжілісте заң жобасын қарау сатысында бас комитет болып белгіленген Мәжіліс комитетіне ол бойынша ұсыныс дайындау үшін жібереді. Бас комитет Сенаттың түзетулерін зерделегеннен кейін Парламент Мәжілісінің қарауына қорытындыны шығарады.

1. Бас комитеттің қорытындысында Сенат енгізген өзгерістер мен толықтыруларға келісім білдіру туралы ұсыным болады. Мәжіліс ұсынылған түзетулерге депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келісім

береді. Бұл жағдайда, заң қабылданған болып есептеледі және Мәжілістің жалпы отырысында қабылданған күннен бастап бес күн ішінде Сенатқа жіберіледі. Сенат ұсынған өзгерістер мен толықтыруларға Мәжілістің келіскені туралы Мәжіліс қаулы қабылдайды. Сенат қабылданған заң келіп түскен күннен бастап бес күн ішінде оны Республика Президентіне қол қоюға жібереді.

2. Бас комитет өз қорытындысында Сенаттың түзетулерімен келісуге болмайды деп есептейді және келісім комиссиясын құру қажет деп санайды. Мәжіліс ұсынылған түзетулерге депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келісім бермейді. Бұл жағдайда, Парламент Палаталары арасында туындаған келіспеушіліктерді еңсеру үшін келісу рәсімдерінің тетігі іске қосылады.

Мәжіліс пен Сенат әрбір Палатадан саны теңдей депутаттардың қатысуымен келісім комиссиясын құрады. Практикада заң жобасы бойынша келісім комиссиясының құрамына депутаттарды сайлау туралы шешімді Парламенттің әр Палатасы дербес, әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қабылдайды. Палаталар келісім комиссиясының мүшелерін сайлауды Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен дербес жүзеге асырады. Әр Палатадан депутаттар санының теңдей болуы Сенат, әдетте, келісім комиссиясының құрамына Мәжілістен сайланған депутаттардың санына тең санда депутаттар сайлайды дегенді білдіреді.

Парламент Регламенті келісім комиссиясының жұмысына заң шығару бастамасы құқығы субъектісінің (ол уәкілеттік берген адамның) және келісім комиссиясы құрамына сайланбаған Парламент депутаттарының кеңесші дауыс құқығымен қатысуына жол береді.

Келісім комиссиясының бірінші отырысында келісім комиссиясының құрамына сайланған Мәжіліс пен Сенат депутаттары өз құрамынан комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен төрағаны сайлайды. Бұл ретте келісім комиссиясының төрағасын сайлау алдыңғы отырыстағы Палата өкілінің төрағалық ету кезектілігін ескере отырып жүзеге асырылады.

Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің регламенттеріне сәйкес келісім комиссиясы заң жобасының Сенат пен Мәжіліс арасында келіспеушіліктер туғызған ережелерін ғана қарайды. Келісім комиссиясының жұмысы заң жобасының бірыңғай мәтінін жасауға бағытталады.

Келісім комиссиясының мүшелері Сенаттың әрбір түзетуін жеке-жеке қарайды және келісім комиссиясы дауыс беру қорытындысы бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) заң жобасының нормасы Мәжіліс мақұлдаған редакцияда қабылдансын;
- 2) заң жобасының нормасы Сенат ұсынған редакцияда қабылдансын;
- 3) заң жобасының нормасы келісім комиссиясының мүшелері бірлесіп әзірлеген редакцияда қабылдансын.

Бұл ретте, Сенаттың Регламентіне сәйкес, шешім қабылдаған кезде Сенаттан сайланған келісім комиссиясының мүшелері қаралып отырған заң жобасының тиісті ережелерінің редакциясы бойынша Сенат ұсынғандардан өзгеше ұсыныстарды жақтап дауыс беруге құқылы.

Келісім комиссиясы шешімді өз мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Шешім, егер оған келісім комиссиясы мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар саны теңдей болған жағдайда, комиссия төрағасының даусы шешуші болып есептеледі.

Жұмыс нәтижелері бойынша келісім комиссиясы келіспеушіліктерді еңсеру жөніндегі ұсыныстар қамтылған қаулы қабылдайды, ол Мәжіліс Бюросы арқылы Мәжілістің жалпы отырысының қарауына енгізіледі. Өзгерістер енгізілген заң жобасы баптарының салыстырма кестесі келісім комиссиясының қаулысына қоса беріледі.

Мәжіліс келісім комиссиясының қаулысында көрсетілген ұсыныстарды ғана қарайды. Осы ұсыныстар шегінен тысқары түзетулердің ешқайсысы қарау нысанасы бола алмайды.

Мәжіліс келісім комиссиясының әрбір ұсынысы бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жеке-жеке шешім қабылдайды. Мәжіліс келісім комиссиясының ұсыныстарымен келісуі немесе келіспеуі мүмкін.

Егер Мәжіліс заң жобасын келісім комиссиясының редакциясында депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мақұлдаса немесе Мәжіліс бұрын қабылдаған редакцияда заң жобасын көпшілік дауыспен қайта мақұлдаса, онда тиісті қаулы қабылданады. Палатаның қаулысы келісім комиссиясының материалдарымен (қаулы, комиссия отырысының хаттамасы) бірге күнтізбелік жеті күн ішінде Парламент Сенатына жіберіледі.

Мәжіліс келісім комиссиясының ұсыныстарымен келіспеген жағдайда, Палата келісім комиссиясының құрамына жаңа депутаттар сайлайды. Бұл жағдайда, Сенат пен Мәжіліс мақұлдайтын шешім шығару үшін қайтадан келісу рәсімдері өткізіледі.

Сенат келісім комиссиясының ұсыныстары және Мәжілістің шешімі бойынша Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен шешім қабылдайды. Сенат келісім комиссиясының ұсыныстарымен және Мәжілістің шешімімен келісуі немесе келіспеуі мүмкін.

Сенат келіскен жағдайда заң жобасы заңға айналады және күнтізбелік он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады.

Сенат келісім комиссиясының ұсыныстарымен келіспеген жағдайда, осы Палата да келісім комиссиясының құрамына жаңа депутаттар сайлайды. Бұл жағдайда, Сенат пен Мәжіліс мақұлдайтын шешім шығару үшін қайтадан келісу рәсімдері өткізіледі.

61.5-1. Конституциялық заңның жобасы, сол сияқты оған өзгерістер

мен толықтырулар енгізу мақұлдау және қабылдау кезінде Парламенттің әр Палатасы депутаттарының жай көпшілік даусын емес, айқын көпшілік даусын белгілеуді талап етеді. Ол Парламент Палаталарының депутаттары тиісті Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауыс беруге тиіс екенінен көрінеді. Конституциялық заң жобасын тұтастай қабылдамаған кезде дауыстың бұдан гөрі аз саны белгіленеді – мұнда депутаттардың жалпы санының көпшілік даусы жеткілікті.

Конституциялық заң жобасы Мәжілісте де, Сенатта да қабылданбаған кезде ол бастамашысына қайтарылады.

Сенат конституциялық заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, Мәжіліс олармен келісуі, сондай-ақ Сенат енгізген өзгерістер мен толықтыруларға келіспеуі мүмкін. Мәжіліс келіскен жағдайда, конституциялық заң жобасы қабылданды деп есептеліп, ол Мемлекет басшысының қол қоюына жіберіледі. Егер Мәжіліс келісім білдірмесе, онда келісу рәсімдері жай заң жобасын қарау кезіндегі келісу рәсімдеріне ұқсас түрде жүргізіледі.

Тиісті рәсімдердің заңнамалық негізі Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында белгіленген.

61.6. Осы норманың императивтік сипаты бар және ол мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобаларын Парламент Мәжілісіне енгізу үшін Үкіметтің оң қорытындысы болуының міндетті екенін белгілейді.

Бұл ретте осы талап Мәжіліске енгізілетін заңдардың жобаларына да, Парламент Палаталарында қаралып жатқан заңдардың жобаларына да қолданылады.

Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Республика Үкіметі бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заң жобасы бойынша заң шығару бастамасы құқығын іске асыру оның параметрлерін бюджеттік жоспарлау кезінде алдын ала ескеру қажеттігін көздейді.

Осы нормада Үкіметтің оң қорытындысы оның енгізіліп отырған заң жобасында көзделген мемлекеттік кірісті қысқартуға немесе мемлекеттік шығысты көбейтуге келісім білдіргенін, оны мақұлдайтынын білдіреді.

Президент өзінің заң шығару бастамасы құқығы тәртібімен бастама жасаған заң жобасына Үкімет қорытындысының болуы талап етілмейді.

Республикалық бюджетті нақтылау республикалық бюджет туралы заңға Үкіметтің және (немесе) Парламент депутаттарының алдын ала Республикалық бюджет комиссиясында қаралатын ұсыныстары негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылатын болғандықтан, Мемлекет басшысының шығын шығаруды қажет ететін заң жобасы Парламентке Үкіметтің тиісті қаржы жылына арналған бюджетті нақтылау туралы ұсынысымен бір мезгілде енгізілуі мүмкін.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2000 жылғы 15 маусымдағы № 9/2 қаулысына сәйкес Конституцияның 61-бабының 6-тармағын мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заң жобаларына қорытындыларды алқалы орган ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі беруі керек деп түсіну қажет.

Қорытынды Республика Үкіметінің тиісті қаулысын қабылдаумен немесе оның отырысының хаттамалық шешімімен, сондай-ақ Үкіметтің ұжымдық, заңды пікірін білдіретін басқа құжатпен ресімделеді. Қорытындыға Республика Премьер-Министрі не ол болмаған кезде – Республика заңнамасына сәйкес Премьер-Министрді алмастыратын Премьер-Министрдің орынбасары қол қояды.

Парламенттің мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін ағымдағы түзетулері бар заң жобаларына Үкіметтің қорытындыларын дайындаудың егжей-тегжейлі мәні Үкімет Регламентінде көзделген.

61.7. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 7-тармағын және 53-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 18/2 қаулысына сәйкес Парламенттің Үкімет енгізген заң жобасын қабылдамауы дегенде Парламент Палаталарының бірлескен отырысында дауысқа салынған заң жобасы Конституцияда көзделген әр Палата депутаттарының оны қабылдау үшін көпшілік даусын ала алмады деп түсіну керек.

Үкімет енгізген заң жобасын қабылдамау Парламент депутаттарының қарастырылап отырған заң жобасымен тұтастай келіспейтінін және тиісінше оны қабылдамайтынын білдіреді.

Заң жобасын қабылдамау заң шығару процесінің кез келген сатысында кейіннен Конституцияда және заңдарда, Парламент пен оның Палаталарының регламенттерінде көзделген барлық рәсімдерді сақтай отырып, заң қабылдауға мүмкіндік бермейтін жағдайлардың туындауына байланысты. Мұндай жағдайларға: Парламент Мәжілісінің заң жобасын қарауға қабылдау кезінде оны қабылдамай тастауы; заң жобасын Мәжілістің мақұлдамауы; заң жобасын Сенаттың қабылдамай тастауы және онымен Мәжілістің келісуі; Мәжіліс қайта мақұлдаған заң жобасын Сенаттың қайтадан қабылдамай тастауы; Палаталардың бірлескен отырысында қаралуға тиісті заң жобасын Парламенттің қабылдамай тастауы; Үкімет Палаталардың бірі немесе Парламент енгізген түзетулермен келіспеген жағдайда, өзі бастамашылық жасаған заң жобасын заң шығару процесінің кез келген сатысында кері қайтарып алуы жатады.

Үкіметке сенімсіздік білдіруді жариялау рәсімін қолдану мемлекеттік билік жүйесінде қарама-қайшылыққа жол бермеуге мүмкіндік береді. Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қойылған кезден бастап ол бойынша дауыс бергенге дейінгі қырық сегіз сағаттық кезең, сондай-ақ рәсімді теріс

пайдалануды болғызбайтын уақыттық шектеулер де осыған байланысты белгіленген.

Үкіметке сенімсіздік білдіруді жариялау үшін Парламенттің әр Палатасы депутаттары жалпы санының көпшілік даусын алу қажет, мұндай көпшілік дауыс болмаған жағдайда Үкіметтің заң жобасы қандай да бір қосымша дауыс берусіз қабылданған болып танылады.

Республика Премьер-Министрі Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қойған жағдайда, Конституцияның 61-бабының түсіндірме беріліп отырған тармағына сәйкес бұл мәселе бойынша дауыс беру осы мәселе қойылған кезден бастап қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмейді. Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе ол енгізілген бірлескен отырыста қаралуға тиіс.

Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қойылған кезден бастап конституциялық норма белгілеген уақыт Парламент депутаттарының өз ұстанымдарын салмақтап, екшей отырып жасап шығаруына арналған. Белгіленген қырық сегіз сағат біткен соң Парламент бұл мәселені кейінге қалдыра алмайды және ол өзінің ерекше конституциялық маңыздылығына байланысты жедел түрде шешілуге тиіс.

Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру бойынша дауыс беру жедел түрде, Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген сенім білдіру туралы мәселе қойылған кезден бастап қырық сегіз сағат өткеннен кейін жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 7-тармағына және 28-бабының 1-тармағына ресми түсіндірме беру туралы» ҚР КК 1999 жылғы 12 наурыздағы № 3/2 қаулысында Республика Премьер-Министрі Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкімет енгізген бір ғана заңды, оның ішінде республикалық бюджет туралы заңды да, Парламенттің қабылдамауына байланысты Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені бір мезгілде қоюға құқылы деп нақтыланады.

«Конституциялық мерзімдерді есептеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 НҚ-дан туындайтындай, «жыл» деген уақыт кезеңін Конституцияның 61-бабының түсінік беріліп отырған тармағына қатысты қолдануда ағымдағы жыл деп (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) түсінген жөн.

62-бап.

1. Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды.

2. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен енгізіледі.

4. Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады.

5. Парламент пен оның Палаталарының заң актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.

62-баптың 6-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

7. Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

8. Республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі.

62.1. Құқықтық актілер туралы ҚР Заңына сәйкес заңнамалық акт деп конституциялық заң, кодекс, заң, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түсініледі.

Парламенттің заң шығару құзыреті, яғни Қазақстанның бүкіл аумағында міндетті заң күші бар заңдарды, сондай-ақ Парламент қаулыларын, Сенат пен Мәжіліс қаулыларын қабылдау заң шығару билігі тармағының жоғары органы ретіндегі оның қызметі нысанының аса маңызды саласы болып табылады. Парламентте Сенаттың заңды қабылдауымен аяқталатын заң шығару процесінің негізгі сатысы өткізіледі. Парламент Мәжілісі мен Сенатында заң жобасының өту рәсімдері Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында, сондай-ақ Парламенттің және оның Палаталарының регламенттерінде егжей-тегжейлі реттелген.

Көрсетілген актілерде заң жобаларын жұмысқа қабылдау, Палаталар комитеттерінде қарау, жалпы отырыстарда талқылау, жобаларды қабылдау, Палаталар арасында келіспеушіліктер болған кезде оларды жою, Мемлекет басшысының қол қоюына жіберу тәртібі айқындалған.

62.2. Парламент Мәжілісі қараған және мақұлдаған, содан кейін Парламент Сенаты қабылдаған заң жобасы заңға айналады. Алайда бұл оған толыққанды заң мәртебесі берілгенін білдірмейді, өйткені оның тиісті заң күшіне ие болуы Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейін ғана мүмкін болады.

Республика Президентінің заңға қол қоюы Мемлекет басшысының заң шығару процесіне қатысу тәсілі болып табылады және заң аяқталған заңдық нысанға ие болғанын, нормативтік құқықтық актілер иерархиясында өз орнын алғанын және мемлекеттің құқықтық жүйесіне енгенін айғақтайды. Осы кезең заң шығару процесінің соңғы сатысы болып табылады, бұлар – промульгация деп те аталады. Промульгация бірнеше элементтерден тұрады, бұл – заңның өзін және оның барлық конституциялық рәсімдер сақтала отырып қабылданған фактісін куәландыру, заңға қол қою және оны жариялау.

Республика Парламенті қабылдаған заңдарды қол қоюға жіберу тәртібі Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен регламенттеледі. Парламент қабылдаған заңдар қабылданған күнінен бастап он күннің ішінде Парламент Палаталарының әрқайсысы Төрағасының қолдарымен, сондай-ақ егер заң жобасын Үкімет енгізсе, Премьер-Министрдің қолымен алдын ала тиянақталып, Республика Президентінің қол қоюына ұсынылады, ол Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, оны жариялайды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады.

«Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарға қол қоюы үшін белгіленген бір ай мерзім бөлігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 2) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2010 жылғы 18 қазандағы № 3 Нормативтік қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарға қол қоюы үшін белгіленген бір айлық мерзім бөлігінде, Қазақстан Республикасының Президенті «Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді...» деген бөлігінде Конституцияның нормаларын, олар бір ай мерзімді Мемлекет басшысының заңға тек қол қоюы үшін ғана белгілейді деп түсінген жөн. Заңды халыққа жария ету мерзімдері, қажет болғанда, заңнамалық актілерді әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібін регламенттейтін арнаулы заңда айқындалуы мүмкін.

Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында Мемлекет басшысы заңға бір айлық мерзімде қол қоймайтын және оны қайтармайтын ерекше жағдай көзделген. Алайда бұл заңнамалық актіге Президент вето қояды дегенді білдірмейді. Мұндай жағдайда заңға қол қойылды деп танылады. Конституциялық заңның қаралып отырған нормасы Қазақстан заңнамасында абсолюттік вето қоюдың жоқ екенін білдіреді.

Заң шығару тәжірибесінде Мемлекет басшысының қолы қойылмай, заң күшіне енген жағдай орын алды. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 14 маусымдағы ҚР Конституциялық заңы Парламент Сенаты мен Мәжілісі Төрағаларының, Премьер-Министрдің қолдарымен тиянақталды, бұл осы конституциялық заңның құқықтық орындылығын және осы лауазымды адамдардың оның заңдылығына құқықтық тұрғыдан жауаптылығын айғақтайды.

62.3. Конституциямен реттелетін қоғамдық қатынастардың маңыздылығы, оның нормативтік құқықтық актілер жүйесіндегі тұрақтылығы мен үстемдігін қамтамасыз ету қажеттігі, нормативтік құқықтық актілердің Конституция нормаларына сәйкес болуы құқықтық тұрғыдан оның ерекше қорғалуын да қажет етеді. Мұндай қорғау әрбір елдің Негізгі Заңында бекітілген қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың мызғымастығына, жеке адамның құқықтық мәртебесінің тұрақтылығына қол жеткізуге, конституциялық құқықтың барлық субъектілерінің Конституция нормаларын мүлтіксіз сақтауына бағытталған және оны өзгертудің күрделенген тәртібін көздейді. Осыған байланысты барлық дерлік мемлекеттердің конституцияларында оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің ерекше тәртібі белгіленеді. Мысалы, АҚШ Конституциясына түзетулер енгізу рәсімінде түзетуді алдымен Палаталардың әрқайсысының үштен екісінің көпшілік дауысымен Конгресс қабылдайды, содан соң түзетуді барлық штаттардың кемінде төрттен үшінің заң шығару жиналысы мақұлдауы тиіс деп көзделген.

Республика Конституциясының 91-бабына сәйкес Парламент Республика Президентінің ұсынысы бойынша Палаталардың бірлескен отырысында Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік дауысымен енгізіледі.

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылдау арқылы конституциялық түзетулер енгізу рәсімдерін егжей-тегжейлі реттеу Парламент Регламентінде жүзеге асырылған, соған сәйкес Президенттің Конституцияға өзгерістер немесе толықтырулар жобасын енгізу жөніндегі ұсыныстары түскен кезде Мәжіліс Төрағасы оларды бірінші оқылымда қарау үшін Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақырады. Президент ұсыныстарының Парламентте қаралу тәртібін Республика Президенті айқындайды.

Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігін, біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі

принциптерін және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесін өзгертуге Республика Конституциясымен тыйым салынады (*Конституцияның 44 және 91-баптарына түсіндірмені қараңыз*).

Халықаралық конституциялық практикада мұндай шектеу бірегей емес. Көптеген мемлекеттердің конституцияларында оларға енгізілген конституциялық қағидаттарды өзгертуге тыйым салынады. Грекияның, Италияның, Францияның, Алжирдің және бірқатар елдердің конституцияларында республикалық басқару нысанының күшін жоюға тыйым салынады. Кейбір федерациялардың негізгі заңдары мемлекеттік құрылыстың федералдық нысанын өзгертуге жол бермейді. Грекияның Конституциясында ар-ождан бостандығын жариялайтын бапты қайта қарауға тыйым салынған.

62.4. Конституциялық заңдардың ерекшелігі – олар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша ғана қабылдануы мүмкін.

Қазақстанда конституциялық заңдар органикалық заңдардың рөлін атқарады. Олар Конституцияға қандай да бір өзгерту енгізбейді, тек Негізгі Заң нормаларының тікелей нұсқауларына сәйкес оның ережелерін толықтырумен және дамытумен ғана ерекшеленеді. Конституция (Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар) мен жай заңдар арасында орналасқан Конституциялық заңдар, конституциялық нормалардың мазмұнынан туындайтын аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді.

Конституциялық заңдардың басты заңдық қасиеті олардың біртұтас конституциялық организмнің құрылымдық жағынан айрықшаланған бөліктері болып қала отырып, Конституциямен бірдей объектілерді соншалықты реттейтіндігінен гөрі, нормативтік құқықтық актілердің бұл түрі Конституцияны конституциялық нормалардың өздерімен емес, қайта конституциялық-құқықтық, яғни дәрежесі төмен нормалармен нақтылауға және толықтыруға арналғандығынан көрінеді, өйткені конституциялық императив заңдық тұрғыдан жоғарырақ, маңыздырақ, күштірек.

Іс жүзінде Конституция қолданысқа енгізілгеннен кейін он конституциялық заң қабылданды. Олар: Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 41-бабының 1 және 3-1-тармақтары, 50-бабының 2 және 3-тармақтары және 51-бабының 5-тармағы); Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 49-бабының 4-тармағы, 52-бабының 5-тармағы); Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 64-бабының 4-тармағы); Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 71-бабының 6-тармағы); Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 46-бабының 4-тармағы); сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 75-бабының 4-тармағы және 82-бабының 3-тармағы), Қазақстан Республикасының

мемлекеттік рәміздері туралы ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 9-бабы) және «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» ҚР Конституциялық заңы (Конституцияның 2-бабының 3-1 тармағы), сондай-ақ республикалық референдум туралы» ҚР Конституциялық заңы және Қазақстан Республикасының Президенті туралы ҚР Конституциялық заңы.

Президент мәртебесін және референдум өткізу тәртібін құқықтық регламенттеу мәселеріндегі Конституциялық заңның нысаны реттелетін қатынастардың маңыздылығымен, атап айтқанда, Мемлекет басшысының мемлекеттік билік жүйесіндегі рөлімен және функцияларымен және тікелей демократияны жүзеге асырудың нысаны ретінде референдумның маңыздылығымен байланысты болды.

Конституцияның мәтінінде осындай деп аталған конституциялық заңдар онда толық айқындалмаған, ал «конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша қабылданады» деген ереже олардың заң шығарушының қалауы бойынша, бірақ конституциялық нормалардың мазмұны шеңберінде қабылданатынын білдіреді.

Конституциялық заңдар, егер олар үшін Мәжіліс депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі жақтап дауыс берген болса, мақұлданды деп, егер олар үшін Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі жақтап дауыс берген болса, қабылданды деп есептеледі.

Конституциялық заң мен заң жобаларын тұтастай қабылдамауды Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Палаталар жүзеге асырады.

62.5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының заңнамалық актілері Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Сөз, ең алдымен, қабылдануы үшін депутаттардың басым не жай көпшілік дауысы қажет заңдардың үш түрі (Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін, конституциялық және жай заңдар) туралы болып отыр. Қалай болғанда да бұл мәселеде конституциялық нормалар бағыт-бағдар болып табылады, оларға Парламенттің заң шығару қызметінің процестік аспектілерін реттейтін туынды құқықтық актілердің нормалары сәйкес келуге тиіс.

Сенат Регламентінде дауыс беру қорытындыларын анықтау үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

Сенат депутаттарының жалпы саны – өкілді органдар сайлаған және Республика Президенті тағайындаған депутаттар саны;

отырысқа қатысып отырғандардың саны – әрбір отырыстың алдында және дауыс беруді өткізудің алдында тіркеуден өткен Сенат депутаттары;

жай көпшілік дауыс – қаралып отырған мәселеге қарай, Сенат депутаттары жалпы санының, отырысқа қатысып отырған депутаттар санының жартысынан асатын дауыстар саны;

басым көпшілік дауыс – қаралып отырған мәселеге қарай, Сенат депутаттары жалпы санының төрттен үші не үштен екісін құрайтын дауыстар саны.

62.6. Жоғарыда Конституцияның 62-бабының 3-тармағына берілген түсіндірмеде көрсетілгендей, Негізгі Заңға түзетулер енгізудің күрделендірілген тәртібі оның ерекше рөліне байланысты және көптеген елдердің конституциялық заңнамасы осындай сипатта. Италияда Конституцияны өзгертетін немесе толықтыратын заңдар үш айдан кем болмайтын аралықта өткізілген екі реттен дауыс бергеннен кейін және екінші дауыс беру кезінде әрбір Палатаның абсолюттік көпшілігі мақұлдаған соң Палаталардың әрқайсысында қабылданады. Конституцияға түзетулер Палаталар бірінің мүшелерінің кемінде бестен бірінің немесе бес жүз мың сайлаушының немесе облыстық кеңестердің кемінде бесеуінің талабы бойынша референдумға шығарылады.

Парламент Регламентіне сәйкес мұндай заң жобасын қарау рәсімі кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Парламент Регламентінің 31-тармағында, бірінші оқылымды өткізген кезде төрағалық етуші Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар жобасын енгізу бастамашысына немесе оның өкіліне, содан соң белгіленген кезек ретімен депутаттарға сөз береді деп белгіленген. Бірінші оқылымда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар жобасы тұжырымдамалық жағынан талқыланады.

Талқылау нәтижелері бойынша Парламент Конституцияға өзгерістер мен толықтырулардың енгізілген жобасын бірінші оқылымда мақұлдау және оларды екінші оқылымға әзірлеу немесе оларды қабылдамау туралы қаулы қабылдайды. Бұл орайда дауыс беру әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік дауысымен өткізіледі.

Екінші оқылымда дауыс беру қорытындылары бойынша, егер үшінші оқылым өткізу туралы шешім қабылданбаса, Парламент әрбір Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік дауысымен Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды. Егер дауыс бергенде белгіленген дауыстар саны алынбаған жағдайда, Президенттің Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстары қабылданбады деп есептеледі.

Конституциялық-құқықтық заңнамада «оқылым» ұғымы айқындалмайды, дегенмен оның мазмұны осы рәсімнің құрамдас элементтерінен туындайды; оқылым дегеніміз, бұл – заң жобасын Парламент Палаталарының бөлек немесе бірлескен отырыстарында жүзеге асырылатын талқылау және ол бойынша процестік шешім қабылдау.

62.7. Аталған нормада Конституцияның жоғары заң күші, оның заңдардың және заң шығару билігі органының өзге де актілерінің алдындағы басымдығы бекітіледі, сондай-ақ заңдардың Парламент және оның Палаталары қаулыларының алдындағы артықшылығы жарияланады. Тұтастай алғанда, сөз нормативтік құқықтық актілер иерархиясы құрылысының принципті позициялары туралы болып отыр.

Осы Конституциялық тұжырымда норма шығармашылық саласында да, Парламенттің құқық қолдану қызметінде де қолданылатын заңның үстемдік қағидаты көрсетілген.

62.8. «Арнайы заң» ұғымы Конституцияда екі рет: 62-баптың осы тармағында және 93-бапта қолданылады (*сөз Тіл туралы ҚР Заңы жөнінде болып отыр*).

Құқықтық актілер туралы ҚР Заңы Конституцияның 62-бабында көрсетілген қоғамдық қатынастарды регламенттейтін арнайы заң болып табылады. Ол нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жоспарлаудың, әзірлеудің құқықтық негіздерін белгілей отырып, еліміздегі норма шығармашылық қызметтің жалпы қағидаттары мен негізгі сатыларына ғылыми сараптама жүргізу, нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, жариялау, қолданысқа енгізу және олардың уақыт пен кеңістік тұрғысынан және адамдар тобы бойынша қолданылу тәртібін айқындайды. Сонымен қатар онда нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіру, жүйелеу мен есепке алу мәселелері регламенттеледі. Конституцияны қабылдау, өзгерту және оның қолданысын тоқтату рәсімдері, мемлекеттік емес ұйымдардың және уәкілетті органдар болып табылмайтын мемлекеттік ұйымдардың нормативтік құқықтық актілері осы Заңның реттеу аясынан тыс тұр.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабы 8-тармағының және 83-бабы 1-тармағының нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2013 жылғы 6 наурыздағы №1 қаулысының нормаларына сәйкес Конституция арнаулы құқықтық заңның реттеу нысанасын Конституцияның 62-бабының 8-тармағында көрсетілген заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, ұсыну, талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібімен ғана шектемейді. Оған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құқық шығару және құқық қолдану қызметінің басқа да мәселелері, солардың ішінде нормативтік болып табылмайтын құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау тәртібін реттеу мәселелері енгізілуі мүмкін. Қажет кезде заң шығарушы, Конституциямен көзделген өкілеттіктерін пайдалана отырып, мұны жасауға хақылы.

Парламент пен оның Палаталарының Регламенттері мазмұны жағынан көбінесе конституциялық құқықтың процестік дерек көздері бола отырып, Парламент пен Палаталардың қызметін ұйымдастыру рәсімдерін айқындайды. Парламент Регламенттерінің реттеу салалары Палатаның мәртебесіне, заң шығару процесіндегі функцияларының ерекшелігіне, олардың жүзеге асыратын өкілеттіктерінің ерекшеліктеріне және солардан туындайтын парламенттік рәсімдерге қарай ерекшеленеді.

Парламент өкілеттіктерін жүзеге асырудың процестік нысандарын нақтылай отырып, Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының конституциялық нормалары мен ережелерін айтарлықтай дамыта отырып, Регламенттер қажетті құқық қолданудың құқықтық базасын іске асырудың процестік құралдарымен толықтырады.

Парламент Регламенті, Сенат пен Мәжіліс Регламенттері Парламенттің және тиісінші оның Палаталарының қаулыларымен қабылданған, сондықтан нормативтік актілер иерархиясында олар жай заңдар мен Президенттің нормативтік жарлықтары арасындағы аралық жағдайға ие болып отыр.

63-бап.

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

63-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

63.1. Парламентті тарату – аса жауапты және күрделі шешім. Мұндай құқық мемлекетте биліктің бір де бір тармағына жатпайтын және басқаға ұқсамайтын осындай жағдайларда төреші болып танылатын Мемлекет басшысы ретінде Президентке ғана берілген. Президент қана мемлекеттің саяси тұрақтылығына, барлық билік тармақтарының қалыпты жағдайда жұмыс істеуіне бағыт беріп, мемлекеттік билік тармақтарының қайшылығына жол бермеу үшін шаралар қолдануға, ал осындай жағдай туындаған болса – мемлекет мүддесін негізге ала отырып, барабар іс-әрекет жасауға тиіс.

Жоғары өкілді орган ретінде Парламент Қазақстан халқының мүдделерін білдіруі тиіс. Соған қосымша оның Палаталары: Сенат – өңірлер мен мәслихаттардың қалауын, Мәжіліс – азаматтардың партиялық қалауы мен Қазақстан халқы Ассамблеясы ұстанымының ерекшеліктерін білдіреді.

2007 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістерден кейін 63-баптың 1-тармағының жаңа редакциясы парламенттік немесе аралас басқару нысандарындағы елдерде қолданылатын заң шығарушы орган өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату институтын сақтап қалды.

Президентке Парламентті тұтастай немесе Мәжілісті ғана тарату туралы мәселені өз бетінше шешуге құқық беріледі. Еліміздің Президенті мұндай құқықты пайдалану үшін қажетті рәсімдер ретінде Конституция Парламент Палаталарының төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультацияларға сілтеме жасайды.

Конституцияның 63-бабы 1-тармағының ережелері Парламент Палаталарының бірде-біреуінің өзін-өзі таратуын көздемейді. Президент тұтас алғанда Парламентті де, оның жекелеген Палатасы – Мәжілісті де таратуы мүмкін. Жеке Палата ретінде Сенат таратылмайды. Конституция Парламентті немесе Мәжілісті таратуға себеп болуы мүмкін негіздерді жазбайды.

Бір Палата – Мәжілісті ғана ықтимал тарату сайлауда жеңіп шыққан партияның партиялық өкілдік Палатасына және жалпы қызмет бағдарламасын іске асыру жөніндегі Үкіметтің басты серіктесіне

айналдыруға байланысты болып отыр. Қазіргі көппартиялы Мәжілістің «Нұр Отан» партиясы, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы және Қазақстанның халықтық коммунистік партияларынан құрылған үш фракциясы бар, олар сындарлы бәсекелестікті жүзеге асырады және қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігін сапалы құқықтық реттеуге ұмтылады.

Бір Палата – Мәжілісті таратқан кезде Мәжіліске сайлауды дайындау және өткізу кезінде Парламенттің заң шығарушылық қызметі үзілмейді және Конституцияның 55-бабы 5) тармақшасына сәйкес оны жүзеге асыруды Сенат жалғастырады.

Парламентті тарату рәсімі Палата басшыларымен және Премьер-Министрмен консультациялар жүргізу қажеттігін көздейді.

Осындай консультацияларды рәсімге енгізу дағдарысты жағдайдың туындау себебін, сондай-ақ әдеттен тыс жағдайдан ең соңғы саяси құрал – таратуды пайдаланбай шығудың мүмкіндігі немесе, керісінше, мүмкін еместігі туралы мәселелерді анағұрлым терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Мәселенің ерекшелігіне байланысты шетелдердің конституцияларында парламентті таратудың нақты негіздері әрдайым жазыла бермейді. (Франция Республикасы, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі және Солтүстік Ирландия, Италия және т.б.).

Президенттің Парламентті тарату құқығы абсолютті құқық болып табылады, яғни Президент Парламентті таратуға құқығы бар жалғыз субъект. Сонымен қатар, осы құқық Президенттің өкілеттігін уақытша қабылдаған адамға қолданылмайды.

Конституция бойынша Республика Президенті Мемлекет басшысы және жоғары лауазымды адам ретінде ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды (Конституцияның 40-бабы 1-т.), мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін, өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді (Конституцияның 40-бабы 3-т.). Осыған байланысты Президентке халық пен мемлекеттік биліктің нышаны мен кепілі ретінде жеке-дара шешім қабылдауда басым өкілеттіктер беріледі. Қазақстан Республикасының Президенті атқарушы билікті басқармайды (көптеген елдерде осылай белгіленген), биліктің бір тармағының бөлігі болып табылмайды, олардың мүддесін білдірмейді.

Осымен бірге, Президентке барлық билік тармақтарына ықпал ету өкілеттігі берілген және осыған байланысты басқа да реттеу тетіктерін қолдануға құқылы, мысалы, өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдай алады және оның кез келген мүшесін қызметтен босата алады (Конституцияның 70-бабы 7-т.).

63.2. 2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде 63-баптың 2-тармағының редакциясы өзгерді және Парламентке немесе Парламент Мәжілісіне тарату рәсімдерін қолдану мүмкіндігін жоққа шығаратын бірқатар мән-жайлардан тұрады. Парламент немесе Парламент Мәжілісі:

- а) төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде;
- б) Президент өкілеттігінің соңғы алты айында;

в) алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратылмайды.

Республиканың заңнамасына сәйкес төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңдерінде айрықша режим белгіленеді, ол Президенттің жарлығымен енгізіледі және жойылады. Айрықша режимнің құқықтық тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қолданылады және ертерек қабылдануы мүмкін немесе төтенше немесе соғыс жағдайы туындаған кезеңдерде қабылданады.

Осындай жағдайларда Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарату ахуалды одан әрі қиындатып жіберер еді. Мұндай жағдайларда атқарушы билік өкілеттіктері кеңейтіледі, әсіресе толыққанды заңнамалық билік тармағы ретінде салмақты орын алмастырушы болғаны өте маңызды. Осындай кезеңде демократиялық институттардың тұрақтылығын сақталып қалуда Парламенттің рөлі арта түседі.

Республика Президенті қызметте болған соңғы алты ай ішінде де Парламентті немесе Мәжілісті таратуға жол берілмейді.

Осы конституциялық норма Президентке өз қызметін қалдырар алдында бір сайлау науқанын екіншісіне ішінара жүктей отырып қысқа мерзімде екі сайлау науқанын өткізуге немесе президенттік және парламенттік сайлауларды біріктіруге елді мәжбүрлеуіне де мүмкіндік бермейді. Бұл жағдай кандидаттардың да, сайлаушылардың да жағдайын, жалпы елдегі ахуалды да ушықтырып жіберер еді, өйткені президенттік және парламенттік сайлауларды қысқа уақыт аралығында өткізу орасан зор салмақ және бюджеттен біршама қаражат бөлуді талап ететін шығынды міндет болып табылады.

Конституцияда белгіленген мұндай тетік билік тармақтарын тепе-теңдікте ұстап қана қоймай, Президент билігі институтының қалыптасуындағы тепе-теңдікті сақтайды.

Парламентті немесе Парламент Мәжілісін таратуға тыйым салу туралы шектеу алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде жоғары заң шығарушы орган қызметінің тұрақтылығына кепілдік береді және мемлекеттің де, сайлау науқандарына қатысушылардың да орасан зор қаржылық шығындарын болдырмайды.

1995 жылғы ҚР Конституциясының қолданыстағы кезеңінде Парламенттің төменгі Палатасы – Мәжіліс үш рет таратылған болатын:

Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өз жұмысын Қазақстан Президентінің «Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлығының жариялануына байланысты 2007 жылғы 20 маусымнан бастап тоқтатты.

Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өз жұмысын Қазақстан Президентінің «Төртінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын

тағайындау туралы» Жарлығының жариялануына байланысты 2011 жылғы 16 қарашадан бастап тоқтатты.

Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өз жұмысын Қазақстан Президентінің «Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлығының жариялануына байланысты 2016 жылғы 20 қаңтардан бастап тоқтатты.

Мәжіліс әр таратылғаннан кейін депутаттар сайлауы барлық ережелер бойынша және қатаң белгіленген мерзімде жүргізілгенін ерекше атап өтеміз.

Қазіргі уақытта алтыншы шақырылған Қазақстан Республикасының Парламенті жұмыс істейді, оның құрамы Мәжілістің соңғы таратылуы мен Парламент депутаттарының сайлауынан кейін едәуір жанарды.



V Бөлім
ҮКІМЕТ

64-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

2. Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің қызметінде Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауапты.

64-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

3. Конституцияның 57-бабының б) тармақшасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент палаталарына есеп береді.

4. Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

64.1. Конституцияның бұл бабында мемлекеттің тетігінде және билікті бөлу жүйесінде Үкіметтің орны мен рөлі айқындалады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі – Конституцияда және өзге де заңнамалық актілерде белгіленген құзыретке қатаң түрде сәйкес мемлекеттік басқару мәселелерін шешуге бағытталған, елдің бүкіл аумағында жоғары атқарушы билікке ие атқарушы-өкімдік орган. Үкімет атқарушы органдардың бірыңғай жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Атқарушы билік Конституцияның, заңдардың нормалары және республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері негізінде әрекет етеді. Үкіметтің негізгі функционалдық мақсаты заңдарды және өзге де құқықтық актілерді орындау, елді басқару бойынша міндеттерді жүзеге асыру, экономикалық даму, азаматтардың әл-ауқаты үшін жағдай жасау және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.

Үкімет мемлекеттің барлық органдарымен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Конституцияда Үкіметтің Президентпен, Парламентпен және өзге де билік органдарымен өзара қарым-қатынастарының нормативтік негіздері белгіленді, тежемелік әрі тепе-теңдік тетігі айқындалды.

Түрлі елдерде Үкіметтің мәртебесі әртүрлі және көбіне басқару нысанымен, партиялық дәстүрлерімен және саяси мәдениетімен айқындалады.

Кейбір елдерде Үкімет елді ағымдағы жедел басқаруды жүзеге асыратын биліктің жоғары алқалы және атқарушы-өкімдік органы болып табылады. Парламенттік басқару нысанындағы елдерде (Италия, Испания, Жапония және басқалар) ол Кеңес немесе Министрлер Кабинеті деген атауға ие. Президенттік немесе аралас басқару нысанындағы елдерде ол – Үкімет (Қазақстан, Франция) федеративтік басқару нысанындағы елдерде – Федералдық кеңес (Швейцария); Федералдық үкімет (ГФР, Австрия және басқалар) деп аталады.

Атқарушы билік құрылымына орталық және жергілікті атқарушы органдар, жалпы және арнайы құзыреттері бар органдар кіреді. Олар ұйымдастырушылық және функционалдық тұрғыдан өкілді органдардан бөлінген.

Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Үкімет:

1) министрліктердің қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың Республика заңдарын, Президенттің және Үкіметтің актілерін орындауын қамтамасыз етеді;

2) министрлердің ұсынуы бойынша министрліктер туралы ережелерді, олардың аумақтық органдарындағы және өздеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекітеді;

3) министрліктер актілерінің толығымен немесе бір бөлігінде күшін жояды немесе қолданылуын тоқтата тұрады;

4) сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерінің орынбасарларын қоспағанда, министрлердің ұсынуы бойынша олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Бұдан басқа, осы Конституциялық заңға сәйкес Үкімет мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі Республика атқарушы органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың Республика заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын бақылайды; жергілікті атқарушы органдар актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды не қолданылуын тоқтата тұрады, оларды жою не тоқтата тұру туралы ұсыныстарды Республика Президентінің қарауына енгізеді.

64.2. Үкімет биліктің алқалы органы ретінде алдына қойылған мемлекеттік міндеттерді кеңінен талқылау негізінде шешімдер қабылдайды. Алқалылық мемлекеттік өмірдің күрделі мәселелерін талқылауға, проблемаларды шешудің неғұрлым баламалы әрі тиімді нұсқаларын табуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл қағидат ел үшін маңызды басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Конституцияға сәйкес Үкімет өз қызметінде Президент пен Парламент алдында жауапты. 2017 жылғы конституциялық реформа Үкіметтің құқықтық мәртебесіне саяси жауаптылық бөлігінде белгілі бір түзетулер енгізді. Бұл түзетулер Үкіметті құру тәртібіне, құзыретінің көлеміне,

функционалдық міндеттеріне, сондай-ақ орнынан түсу және өкілеттіктерді доғару институтына қатысты.

Негізгі Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады (65-баптың 1-тармағы). Тиісінше, ол өз қызметінде Республика Президенті алдында заңнамада белгіленген нысанда жауапты болады.

Сонымен қатар, Үкімет Республиканың Парламентіне есеп береді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес бірлескен отырыста Парламент Үкімет пен ҚР Есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді (Конституцияның 53-бабының 2-тармағы).

Үкіметтің жауаптылығы – бұл Конституцияға және заңдарға негізделген ерекше құқықтық қатынас және атқарушылық билік немесе жеке министр қызметіне қоғам мен оның саяси институттарының сенімін жоғалтуды білдіреді.

Жауаптылық институты парламентаризмнің маңызды элементі және парламенттік бақылаудың анағұрлым тиімді нысандарының бірі, атқарушылық билік жұмысы сапасының индикаторы болып табылады.

Үкіметтің жауаптылығы саяси дағдарыстарды шешу тәсілдерінің бірін білдіреді және саяси процестерді тұрақтандыруға және конституциялық тұрақтылықты сақтауға бағытталған.

Әлемде Үкімет жауаптылығының түрлі нысандары бар. Жауаптылық ұжымдық және дербес, саяси және заңдық болуы мүмкін.

Үкіметті жауаптылыққа тартудың ең тараған тетіктерінің бірі сенімсіздікті білдіру болып табылады. Парламент практикасында – сенімсіздік білдіру Үкіметтің жүргізіліп жатқан саяси немесе әлеуметтік-экономикалық желісін мақұлдамауды білдіреді. Үкіметтің орнынан түсуі және жаңа Кабинеттің құрылуы парламенттік және аралас басқару нысанындағы елдерде сенімсіздік білдірудің қорытындысы болып табылады. Аралас басқару нысаны кезінде бұл Парламент немесе оның төменгі палатасын таратуға әкелу мүмкін.

Бұл институт Қазақстан Республикасының Конституциясында да көзделген, оған сәйкес Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге құқылы (Конституцияның 56-бабының 2-тармағы).

64.3. Үкіметке қатысты Парламенттің бақылауы нысандарының бірі Үкімет мүшелерінің өз қызметі мәселелері бойынша есептерін тыңдау болып табылады.

Конституцияға сәйкес Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға құқылы. Есепті тыңдау қорытындылары бойынша Үкімет мүшесі Республика заңдарын орындамаған жағдайда Палата депутаттары жалпы санының кемінде

үштен екі көпшілік дауысымен оны қызметінен босату туралы Республика Президентіне өтініш жасауға құқылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті Үкімет мүшесін қызметінен босатады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бұзғаны үшін министрдің жауаптылығы басталуы мүмкін негіздердің нақты тізбесі көзделмеген. Заңнаманы талдау Үкімет мүшесінің жауаптылығы жоғары мемлекеттік органдағы қызметпен үйлеспейтін құқық бұзушылықтар жасалған кезде басталатынын көрсетті.

64.4. Конституцияға сәйкес Үкіметті ұйымдастырудың және оның қызметінің тәртібі конституциялық заңда айқындалады. Конституцияның нормаларын іске асыру және Үкіметпен оған есеп беретін өзге де мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін 1995 жылы атқарушы билік қызметінің ұйымдастырушылық және функционалдық аспектілерін регламенттейтін «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заң (сол уақытта ҚР Президентінің конституциялық заң күші бар жарлығы) қабылданды.

Конституциялық заңда мемлекет тетігіндегі және билікті бөлу жүйесіндегі атқарушылық биліктің орны мен рөлі, мәртебесі мен оның құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызметінің құқықтық негіздері, құрылу тәртібі, құрылымы мен құрамы айқындалады, Президентпен, Парламентпен және басқа да мемлекеттік билік органдарымен өзара қарым-қатынастары реттеледі.

Үкіметтің құзыреті атқарушы биліктің құқықтық мәртебесінің функционалдық бөлігін білдіреді, ол Конституцияда және Үкіметі туралы ҚР Конституциялық заңында бекітілген мемлекет тетігіндегі атқарушы билік институтының әлеуметтік-саяси мақсатының болуына байланысты.

Конституцияға және Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Үкімет Президентпен және Парламентпен қатар заң шығару бастамасының субъектісі болып табылады. Үкімет Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді; мемлекеттік кірістің қысқаруын немесе мемлекеттік шығыстың көбеюін көздейтін заң жобалары бойынша қорытынды береді; өз құзыретінің мәселелері бойынша Президенттің тапсырмаларын орындайды; министрліктердің заңдарды орындауын бақылауды қамтамасыз етеді.

65-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Республика Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

65.1. Қазақстан президенттік басқару нысанындағы республика болып табылатындықтан, Үкіметті құруды Президент жүзеге асырады. Әйтсе де, заң ғылымында президенттік басқару нысаны президенттік республикаға тепе-тең болып табылады ма, әлде олардың арасында айырмашылық бар ма, дегенге қатысты дау туындап тұр. Қазақстанның президенттік басқару нысанындағы президенттік республиканың негізгі белгілерінің болуын теріске шығару дұрыс болмас еді. Осындай белгілердің бірі үкіметті құрудың дәл осы парламенттен тыс тәсілі болып табылады. Сондықтан, Үкіметті құруды Президентке жүктеу ақылға қонымды болып табылады.

Парламенттік басқару нысанындағы елдерде, парламенттік республика немесе монархия болсын, елдің басты атқарушы органын құру – жоғары өкілді органның айрықша құзыры.

Үкіметті құру тәртібі Конституцияның өзінде, атап айтқанда, осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ 44-баптың 3) тармақшасында айқындалған.

65.2. Түсіндірме берілетін норма Премьер-Министрдің Үкіметті құруға қатысу бойынша өкілеттіктерін бекітеді. Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы өзінің ұсынымдарын Республика Президентіне енгізеді. Осындай ұсыным негізінде Президент Үкіметтің құрылымын айқындайды, оның мүшелерін тағайындайды.

Дәл осы жерде президенттік республика, мысалы, АҚШ пен қазақстандық президенттік басқару нысаны арасындағы айырмашылықты көруге болады. Классикалық президенттік республикада президент, әдетте, үкіметті басқарады және мемлекет басшысы мен үкімет басшысының өкілеттіктерін қоса атқарады. Премьер-Министр лауазымы құрылған кезде басқа модель де болуы мүмкін, бірақ оның өкілеттіктері шектеулі болады, ал іс жүзінде атқарушы билікті президент басқарады.

Қазақстандағы президенттік басқару нысаны Үкіметті құруға оның басшысының белсене қатысуын көздейді, ол Президентке жоғары атқарушы органның құрамы мен құрылымы туралы өз ұсыныстарын енгізеді. Құрылым оның ұйымдық жағын, яғни, қандай органдар «үкімет» деген ұғымды қамтитынын сипаттайды, ал құрамы дербес құрауышын, атап айтқанда, қандай лауазымды адамдар Үкімет мүшелері болып табылатынын айқындайды.

Үкіметтің құрылымы тізбесі мен құзыреті ел қажеттіліктеріне қарай өзгеруі мүмкін министрліктер мен өзге де органдарды құратын Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде айқындалады.

Конституцияның 44-бабының 3-тармағына сәйкес Президент сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін лауазымдарына дербес тағайындайды (яғни Премьер-Министрдің ұсынысынсыз). Мұндай тәртіп осы министрліктердің мемлекеттік билік тетіктеріндегі стратегиялық рөлін ескереді.

Премьер-Министр кандидатурасының өзі қазіргі уақытта Президенттің айрықша таңдауы болып табылмайтынын айта ету қажет: Алдымен Мемлекет басшысы саяси партиялардың Мәжілістегі фракциялармен

консультациялар жүргізуі тиіс. Сосын Палатаның келісімін алу үшін кандидатураны Мәжілістің қарауына енгізеді. Депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданғаннан кейін ғана ҚР Премьер-Министрін тағайындау туралы жарлық шығаруға тиіс.

2017 жылы Конституцияға енгізілген түзетулерге сәйкес, Премьер-Министр Үкіметтің құрамы жөніндегі өз ұсынысын Мемлекет басшысына Парламент Мәжілісінің консультациясынан кейін жібереді.

Осылайша, Конституцияға енгізілген түзетулер Үкімет басшысына Мәжілістің, оның ішінде атқарушы биліктің жоғары органының құрамы туралы ұсыныстарды дайындау кезінде онда ұсынылған саяси партиялардың пікірін ескеруді міндеттейді, бұл Үкіметті қалыптастыру мәселелерінде жоғары заң шығару органының рөлін күшейтеді.

65.3. Үкімет мүшелерінің халыққа және Президентке ант беруі, біріншіден, республикалық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей нысанда өз билігін жүзеге асырудан басқа, өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға, оның ішінде Үкіметке беретін халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатынына, екіншіден, Президент Үкімет мүшелерінің бірқатарын тағайындайтынына негізделген.

Үкімет мүшелерінің ант қабылдау тәртібі «Мемлекеттік қызметшілердің және Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының ант беру қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 16 тамыздағы ҚР Президентінің №532 Жарлығында белгіленген.

66-бап.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

66-баптың 1) тармақшасы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес 66-баптың 2) тармақшасына өзгертулер енгізілді.

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) *2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен алынып тасталды;*

9) *2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен алынып тасталды;*

9-1) Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді;

2017 жылғы 10 наурызындағы ҚР Заңына сәйкес 66-бап 9-1) тармақшасымен толықтырылды.

10) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

ҚР Үкіметі Конституцияға және өзге де құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттің негізгі функцияларын іске асыруда ерекше рөл атқарады. Оның қызметі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін, бюджеттік және қаржылық саланы, қорғаныс пен қауіпсіздікті, заң жобаларын әзірлеу мен олардың орындалуын, экологиялық және ақпараттық қауіпсіздікті және т.б. қамтиды.

Қолайлы инвестициялық климатты қалыптастыру және экономиканы дамыту үшін шетелдік капиталды тарту Үкіметтің маңыздылығы кем емес өкілеттігі болып табылады. Конституцияда бүкіл өкілеттіктің тізбесін көздеу мүмкін емес, өйткені оның қызметі іс жүзінде өз мазмұнымен мемлекеттің және қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтиды.

66.1. 66-бапта ҚР Үкіметінің негізгі өкілеттіктері бекітілген. Конституцияға сәйкес атқарушы билікке мемлекеттік саясатты іске асыру және заңдардың орындалуын қамтамасыз ету жүктеледі. Осыған байланысты Үкімет өз құзыреті арқылы ағымдағы басқару бойынша әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты – бұл ұлттық экономиканың шаруашылық жүргізудегі әртүрлі субъектілерінің мүдделерін іске асыру үшін жүзеге асырылатын іс-шаралар жүйесі. Бұл саясат экономиканың қарқынды дамуына және еліміздегі әлеуметтік проблемаларды тиімді шешуге бағытталған.

Мемлекеттің қорғаныс қабілеті сыртқы агрессияны тойтару және аумақтық тұтастықты қорғау үшін әскери және өзге де құралдардың жиынтығын білдіреді.

Еліміздің қорғаныс қабілетінің жай-күйі мемлекеттің қауіпсіздігімен

тікелей байланысты. Мемлекеттің қауіпсіздігі сыртқы және ішкі қатерден қорғалу деңгейін сипаттайды. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде маңызды рөл Үкіметке тиесілі.

Үкімет мемлекеттің осы салалардағы саясатының негізгі бағыттарын айқындап қана қоймайды, сонымен бірге тиісті атқарушы органдар жүйесі арқылы олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.

2017 жылғы конституциялық реформа Үкіметтің өкілеттіктерін кеңейтті. Оған Президенттен мемлекеттік бағдарламаларды бекіту құқығы берілді, бұрын ол тек оны әзірлейтін және Мемлекет басшысына бекітуге енгізетін. Мемлекеттік бағдарламалар негізгі басымдылықтарға және елді дамытудағы мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік саясаттың шаралары мен құралдары жүйесін білдіреді.

Бірақ, Үкімет мемлекеттік бағдарламаларды бекітуді Республика Президентімен келісу бойынша жүзеге асырады. Бұл мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын, таяу жылдарда оны дамыту стратегиясын Президенттің өзі айқындайтындығымен түсіндіріледі. Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін Мемлекет басшысы бекітеді (*Конституцияның 44-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Үкіметтің мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттігі сақталған.

66.2. ҚР Бюджет кодексінің 7-бабына сәйкес мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры республикалық бюджет болып табылады.

Бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджетті жыл сайын әлеуметтік-экономикалық даму болжамын есепке ала отырып, жоспарлау кезеңінде әзірлейді.

Ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей аталған орган республикалық бюджет туралы заң жобасын Үкіметтің қарауына ұсынады. Үкімет республикалық бюджет туралы заң жобасын ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей Парламентке енгізеді. Республикалық бюджетті бекіту ағымдағы қаржы жылының 1 желтоқсанынан кешіктірмей әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта Палаталардың бөлек отырысында жүйелі қарау арқылы жүргізіледі.

Үкімет республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді. Үкіметтің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру жөніндегі қаулысы Президент республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде қабылданады.

Парламент Үкіметтің және ҚР Есеп комитетінің есептерін қарайды. Бұл – өкілді заң шығарушы биліктің Үкіметті бақылау нысанының бірі.

Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Үкімет жыл сайын ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кешіктірмей Парламентке және Есеп комитетіне ұсынады.

66.3. Үкімет Парламент Мәжілісінде ғана іске асырылатын заң шығару бастамасы құқығына ие. Заңнамалық акт жобасын енгізу туралы шешім Үкіметтің тиісті қаулысын шығару арқылы қабылданады.

66.4. Мемлекеттік меншік – мүлік меншігі нысаны, оның ішінде толықтай не үлестік немесе бірлескен меншік негізінде мемлекетке тиесілі өндірістің құралдары мен өнімдері.

Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес республикалық мүліктің құрамына: мемлекеттік қазынаның мүлкі: (республикалық бюджеттің қаражаты және ҚР Ұлттық қорының қаражаты); республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мүлік кіреді.

Үкіметтің мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы құзыреті осы Заңның 11-бабында бекітілген. Үкімет:

мемлекеттік мүлікті тиімді басқару саясатын жүзеге асырады;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласында нормативтік құқықтық актілер шығарады;

мемлекеттік мүлікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын республикалық заңды тұлғаларды, ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту не оларды иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды.

66.5. Конституцияның 40-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын Президент айқындайды.

Сонымен қатар, Үкімет атқарушы билікті жүзеге асыратын алқалы орган бола отырып, Мемлекет басшысының конституциялық өкілеттіктерін іске асыруға бағытталған мемлекеттің сыртқы саясатын жүргізу жөніндегі шаралар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, Үкімет шет мемлекеттерде және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етуді қамтамасыз етеді, үкіметаралық келісімдер жасасады, олардың орындалуы жөнінде шаралар қабылдайды, сыртқы сауда, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық саласында басшылық жасауды жүзеге асырады.

Үкіметтің тиісті өкілеттіктері ҚР Конституциясын іске асыру мақсатында қабылданған салалық заңнамалық актілерде айқындалған.

66.6. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасауды заңнамалық актілермен айқындалған шеңберде Үкімет жүзеге асырады.

Нормативтік өзара қарым-қатынастардың негіздері Конституцияда және Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңында, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған заңнамалық актілерде берілген.

Осылайша, министрліктерге және жергілікті атқарушы органдарға қатысты Үкімет олардың заңдарды, Республика Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын бақылайды.

Үкімет министрлердің ұсынуы бойынша министрліктер туралы ережелерді, олардың аумақтық органдарындағы және өздеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекітеді.

66.7. Елдің жоғары атқарушы органы ретіндегі Үкімет мәртебесін негізге ала отырып, оған Республика министрліктерінің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының актілерінің күшін жою немесе қолданылуын толық немесе бір бөлігінде тоқтата тұру құқығы жүктеледі. Атқарушы билік органдары жүйесінде актілердің күшін жоюдың тікелей тәртібі Үкіметтің төмен тұрған атқарушы органдардың қызметін бақылау функцияларының бір бөлігі болып табылады.

66.8) *2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен алынып тасталды;*

66.9) *1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңымен алынып тасталды;*

66.9-1. 2017 жылы жүргізілген конституциялық реформа шеңберінде Президентке тиесілі болған мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын органдарын қаржыландырудың және жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту құқығы Үкіметке берілді. Бұл өкілеттікті Үкіметке беру Президенттің атқарушы билік жүйесіне кірмейтіндігіне және оның Үкіметке қатысты функциялары, негізінен, оның қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындауға және оның жұмысын бақылауға қатысты болуына байланысты. Көрсетілген құқық рөлі мен жауапкершілігі арта түсетін Үкімет жүзеге асыратын ағымдағы басқаруға байланысты. Сол уақытта Мемлекет басшысының бақылау элементі сақталады, өйткені шешім Президенттің келісімімен қабылданады.

66.10. Конституцияның 66-бабында Үкіметтің құзыреті түбегейлі бекітілмеген және ашық сипатқа ие. Оған Конституцияның басқа да баптарында, сондай-ақ заңдарда және Президент актілерінде, оның ішінде Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңында жүктелген өзге де функциялар мен өкілеттіктер жүктелуі мүмкін.

67-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

- 1) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;**
- 2) 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен алынып тасталды;**
- 3) Үкімет қаулыларына қол қояды;**
- 4) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады;**

67-баптың 4) тармақшасы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен толықтырылды.

Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады.

67-бапта Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің негізгі өкілеттіктері бекітіледі, ол Үкіметтің қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысына дербес жауап береді; Үкімет қаулыларына қол қояды; Үкімет қызметінің негізгі бағыттары және оның барлық маңызды шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндайды. Бұл өкілеттіктер оның Үкімет басшысы ретіндегі мәртебесінен туындайды.

Билік өкілеттіктерін конституциялық реформа шеңберінде биліктің жоғары органдары арасында қайта бөлумен Үкіметтің, тиісінше, оның басшысының рөлі мен жауапкершілігі күшейді.

Бұл бапта да Премьер-Министрдің өкілеттіктері толық айқындалмаған, олар сілтемелік сипатқа ие. Оған Үкіметтің қызметін ұйымдастырумен және басшылық етумен байланысты басқа да бірқатар функциялар жүктеледі.

68-бап

1. Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Республика Премьер-Министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс.

68-баптың 1-тармағы 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаттары болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік іспен шұғылдануға, заңнамаға сәйкес өздерінің лауазымдық міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

68-баптың 2-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

68.1. Үкімет мүшелері мемлекеттік қызметшілер бола отырып, шешімдер қабылдауда дербестікке ие. Үкімет мүшесінің құқықтық мәртебесі үшін осы қағидат негіз қалаушы болып табылады, оның іс-әрекетіндегі еркіндігінің дәрежесін сипаттайды.

Үкімет мүшелері шешімдерді қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға және азаматтардың құқықтарын,

бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды басшылыққа алуға міндетті.

Лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асырған кезде бейтарап болуға және діни әрі өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болуға, заңда белгіленген шектеулерді өзіне қабылдауға, қызметтік әдеп нормаларын сақтауға тиіс және басқалары.

Үкімет мүшелері дербестікке ие бола отырып, Премьер-Министрге тікелей бағынады, оның алдында дербес жауапты болады.

Үкіметтің жүргізіп жатқан саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс. Орнынан түсу мемлекеттік қызметшінің өзінің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асыратын, тиісті мемлекеттік лауазымдағы міндеттерді атқаруын тоқтатуды білдіреді.

68.2. ҚР Конституциясында Үкімет мүшелерінің, біріншіден, депутаттық мандат алуға; екіншіден, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін лауазымды атқаруға; үшіншіден, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге болмайтыны туралы тармақтар ерекше ескертілген. Қандай да бір коммерциялық органның құрамына кіру заңнамаға сәйкес олардың лауазымдық міндеттері болып табылатын мән-жайлар соңғы қағидаға жатпайды. Мысалы, «Самұрық-Қазына» Директорлар кеңесіне лауазымы бойынша Премьер-Министр, Қаржы министрі, Ұлттық экономика министрі және басқа лауазымды тұлғалар кіреді.

Жоғарыда аталған шектеулер атқарушы билік органдарының құқықтық жағдайын реттейтін қазіргі заманғы елдердің көпшілігіне тән. Көбінесе қағидалар билік органдарының қызметінде тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Шектеулер Үкімет мүшелері құзыретін іске асырған кезде жеке мүдделердің туындауынан құқықтық кепілдік болып табылады.

69-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығарады.

2. Республиканың Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар өкімдер шығарады.

3. Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заң актілеріне, Республика Президентінің жарлықтары мен өкімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

69.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары – бұл жоғары атқарушы органның өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шығаратын және Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар құқықтық актілері.

Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңының 10-бабына сәйкес олар Республика Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін шығарылады, яғни заңға тәуелді сипатта болады. Қаулылар нормативтік (құқық нормаларын қамтиды) және жеке-дара (нақты мәселелер бойынша қабылданады және нақты орындаушыларға жолданатын, жеке-дара қолданылатын актілер болып табылады) болуы мүмкін. Үкіметтің қаулылары Үкімет мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және оған Республиканың Премьер-Министрі қол қояды.

69.2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады. Мысалы, мұндай актілерді шығару арқылы конституциялық мәртебеге ие емес лауазымды адамдар тағайындалуы және босатылуы, мемлекеттік органдардың басшыларына тапсырмалар және т.б. берілуі мүмкін.

Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері – бұл заңға тәуелді актілер. Нормативтік құқықтық актілер сатысында Құқықтық актілер туралы ҚР Заңының 10-бабына сәйкес Үкіметтің нормативтік құқықтық қаулылары жетінші сатыда тұр. Олар Конституцияға, заңнамалық актілердің барлық түрлеріне қайшы келмеуге тиіс.

Аталған заңның 64-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жеке-дара қолданылатын құқықтық акт Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамаға және жоғары тұрған мемлекеттік органдардың құқықтық актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

Осыған байланысты Үкіметтің өкімдері де жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге ғана емес, Президенттің өкімдеріне де қайшы келмеуге тиіс.

70-бап

1. Үкімет жаңадан сайланған Республика Парламенті Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғарады.

70-баптың 1-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

2. Егер Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы.

3. Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді.

70-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады.

70-баптың 6-тармағына 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес өзгертулер енгізілген.

7. Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы. Премьер-Министрді қызметінен босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

70.1. 2017 жылғы конституциялық реформада Үкімет Республика Президентінің алдында емес, жаңадан сайланған Парламент Мәжілісі алдында өз өкілеттіктерін доғарады деп айқындап, Үкіметтің мәртебесі негізіне нақтылау енгізді.

Үкіметтің Парламент Мәжілісінің жаңа құрамының алдында өкілеттікті доғару институты – тежелік әрі тепе-теңдік жүйесінің және билік тармақтарының өзара іс-қимыл жасау процесінің маңызды элементі.

70.2. Өз еркімен орнынан түсу Үкіметтің конституциялық-құқықтық мәртебесінің маңызды элементі болып табылады.

Қазақстанда Үкіметтің немесе жекелеген министрдің орнынан түсуінің өзіндік ерекшеліктері бар. Орнынан түсу институты Үкіметке қатысты президенттік бақылау нысандарының бірін білдіреді. Осындай конституциялық нормалар, жалпы алғанда, Үкіметтің және әрбір жекелеген министрдің жұмысындағы тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

70.3. Парламент Мәжілісінің немесе Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіруі Үкіметтің орнынан түсуіне дербес негіз болып табылады.

Конституцияның түсіндірме берілетін нормасы Үкіметтің өз орнынан түсуі туралы мәлімдеу құқығын жалпы түрде айқындайды. Үкіметке сенімсіздік білдіру рәсімі Конституцияда, Үкімет туралы ҚР Конституциялық заңында және Парламент Регламентінде регламенттелген. Парламент Мәжілісінің Үкіметке сенімсіздік білдіру мүмкіндігі билік тармақтарының өзара тиімді іс-қимыл жасауы үшін маңызы зор.

Сенімсіздік білдіру Үкіметті және оның мүшелерін Парламент Мәжілісі алдындағы саяси жауапкершілікке тартудың тетігін білдіреді. Конституцияның 56-бабының 2-тармағына сәйкес Мәжіліс депутаттарының

жалпы санының көпшілік дауысымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге құқылы.

Шетелдік практикада парламенттік сенімсіздіктің негізгі екі нысаны кездеседі – сенімсіздік білдіру және кінәлау қарары. Екі рәсім де саяси өзгерістердің тетігін іске қосады. Парламентарлық елдерде Үкімет орнынан түседі. Басқарудың президенттік және аралас модельдерінде Үкіметтің орнынан түсуінен басқа, парламенттің төменгі палатасы да таратылуы мүмкін. Белгілі бір мән-жайлар болған кезде бір мезгілде парламенттің таратылуы және үкіметтің орнынан түсуі мүмкін.

Қазақстанда Үкіметке сенімсіздік білдіру оның автоматты түрде орнынан түсуін білдірмейді. Республика Президенті осындай орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені жеке өзі он күндік мерзімде қарайды.

70.4. Республика Президенті мемлекеттік өмірдегі мәселелерді Конституция және заң шеңберінде шешуге мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы мемлекет басшыларына тән бірқатар дискрециялық өкілеттіктерге ие.

Конституцияда көзделген он күндік мерзім консультациялар мен проблеманың саяси және құқықтық аспектілерін талдау және осының негізінде шешім қабылдау қажеттігімен байланысты.

70.5. Қазақстан Республикасының Конституциясында Президенттің, Парламенттің және Үкіметтің мемлекеттік өмірдің әртүрлі салаларындағы функционалдық өзара іс-қимылы көзделген.

Үкіметтің орнынан түсуі туралы мәселені шешу тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің және құқықтық рәсімдердің легитимділігін қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады. Президент бұл жағдайда мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісіп жұмыс істеуін және олардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Бұл норманың мағынасы Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданған жағдайда, олардың қызметінің тоқтатылатындығы болып табылады. Президент мақұлдаған жағдайда Парламент Мәжілісінде ұсынылған саяси партиялардың көзқарасына келісімін білдіреді.

70.6. Республика Президенті Парламент Мәжілісінің Үкіметті орнынан түсіру туралы ұсынысын, егер оны орынсыз деп есептесе, қабылдамауға құқылы.

Егер Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаса, Президент оларға өз міндеттерін әрі қарай атқаруды тапсырады. Мұндай қағида Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Үкіметке сенімсіздік білдіру мәлімделген жағдайларда да қолданылады (Конституцияның 61-бабы 7-тармағы).

70.7. Президенттің өз бастамасы Үкіметтің орнынан түсуінің дербес негіздемесі болуы мүмкін. Мұндай жағдайда орнынан түсу себептері Конституцияда көзделмеген.



VI Бөлім
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
КЕҢЕС

71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның даусы шешуші болып табылады.

3. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін – Республика Президенті, екі-екі мүшеден тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.

71-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңында баяндалған.

4. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 1-бабының 1-тармағына сәйкес Конституциялық Кеңес Республиканың бүкіл аумағында Конституцияның жоғары тұруын қамтамасыз етеді. Өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде Конституциялық Кеңес дербес және мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға тәуелсіз, Республика Конституциясына ғана бағынады әрі саяси және өзге

себептерді негізге ала алмайды. Конституциялық Кеңес Негізгі Заңды және осы Конституциялық заңды басшылыққа ала отырып, соттардың немесе басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтау мен зерттеуге бармай-ақ өз өкілеттігін жүзеге асырады. Осыған орай, қарау мәні өз құзыретіне жатпайтын өтініштер келіп түскен жағдайда, Конституциялық Кеңес оларды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартады.

Конституциялық Кеңестің қызметі конституциялық құрылыстың негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, қолданыстағы құқықтың конституциялығын қамтамасыз етуге және біртұтас мемлекеттік биліктің тармақтары арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін сақтап тұруға бағытталған (*Конституцияның 72-бабына түсіндірмені қараңыз*).

71.1. Конституциялық Кеңес – жеті мүшеден, соның ішінде Төрағадан тұратын алқалы орган. Олардың өкілеттіктерінің мерзімі алты жыл. Конституциялық Кеңестің қызметінде алқалықтың тұжырымдамалық маңызы өте зор. Конституциялық Кеңес алқалы түрде – отырысқа қатысқан Конституциялық Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен өтініштерді қарайды және өз шешімін қабылдайды. Отырыс, егер оған Конституциялық Кеңес құрамының кемінде үштен екісі қатысса, құқылы болады.

Осы Конституциялық заң Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмауына кепілдік береді. Шығып қалған немесе қызметте болу мерзімі аяқталған жағдайда Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен, шығып қалған немесе осы қызметтерде болу мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай ішінде ауыстырылады.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттігі Конституциялық заңның 14 және 15-баптарында белгіленген жағдайларда тоқтатыла тұруы немесе мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 14-бабына сәйкес Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттігін Конституциялық Кеңестің өтініші бойынша оны тағайындаған адам немесе орган, мынадай жағдайларда егер ол: дәлелді себептерсіз кемінде қатарынан үш рет Конституциялық Кеңестің отырыстарына қатыспаса; денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы өз міндеттерін орындай алмаса; заңды күшіне енген сот шешімі бойынша хабар-ошарсыз кеткен деп танылса, тоқтата тұруы мүмкін. Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе мүшесінің өкілеттіктері, егер заңда белгіленген тәртіппен оны ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуға, сотта медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы тиісті өтінішхатты қозғауға келісім берілген

жағдайда да тоқтатыла тұруы мүмкін. Өкілеттіктерін тоқтата тұру туралы шешім өкілеттікті тоқтатуға негіздер байқалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қабылданады және оларды тоқтата тұруға негіздер дәйексіз болып қалғанға дейін қолданылады.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 15-бабына сәйкес Конституциялық Кеңес Төрағасының өкілеттігін Президент тоқтатады, ал Конституциялық Кеңес мүшесінің өкілеттігін оны тағайындаған Президент, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі тоқтатады. Конституциялық Кеңес Төрағасының, мүшесінің өкілеттігін тоқтатуға: орнынан түсуі туралы өтінішінің қанағаттандырылуы; Жоғарғы Соттың ол жөнінде заңды күшіне енген айыптау үкімінің болуы; заңды күшіне енген сот шешімімен оның іс-әрекетке қабілетсіз деп танылуы; заңды күшіне енген сот шешімімен оның өлген деп танылуы; оның қайтыс болуы; антты бұзуы, Конституцияның және Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының талаптарын орындамауы, оның жоғары мәртебесімен сыйыспайтын, атына кір келтіретін қылық жасауы; Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген талаптар бұзыла отырып тағайындалуы; қызметте болуының Конституцияда белгіленген мерзімінің аяқталуы негіз болып табылады.

Одан тыс, Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттігі өздері иеленіп отырған лауазымының депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайтындығы туралы қағидатты бұзған, сондай-ақ саяси мақсаттарды көздейтін саяси партияға немесе өзге де қоғамдық бірлестікке кірген жағдайда тоқтатылуы мүмкін (*Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 10-бабының 2-тармағы және 15-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы*).

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады. Қазақстан Республикасының бұрынғы Президенттері, қызметінен кетірілгендерінен басқа, экс-Президент атағына ие (*Конституцияның 42-бабының 3-тармағына түсіндірмені қараңыз*).

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 4-бабында Конституциялық Кеңес мүшелігіне кандидаттарға жас шамасына, кәсібилігіне қарай қойылатын және өзге де талаптар белгіленген. Мәселен, Конституциялық Кеңестің құрамына отыз жасқа толған, Республика аумағында тұратын, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар Республика азаматы тағайындала алады. Аталған талаптар Республиканың экс-Президенттеріне қолданылмайды.

Конституциялық Кеңес құрылғалы бері оның құрамында 22 жоғары білікті құқықтанушы, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық

ғылым академиясының академигі (1), заң ғылымдарының докторлары (10) мен кандидаттары (8), сондай-ақ Президент Әкімшілігінде, сот жүйесінде, прокуратура және әділет органдарындағы үлкен жұмыс тәжірибесіне ие практик – заңгерлер жұмыс істеді.

71.2. Конституцияның 71-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген, Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін қызметке тағайындаудың тәртібі Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің тәуелсіздігіне берілген кепілдік болып табылады. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен екі мүшесін қызметке тағайындау кезінде Республика Президенті тиісті Жарлық шығарады.

Түсіндірме беріліп отырған тармаққа сәйкес, Конституциялық Кеңес мүшелерінің дауыстары тепе-тең бөлінген жағдайда, Төрағаның дауысы шешуші дауыс болып табылады. Конституциялық Кеңестің Төрағасы барлық жағдайларда өз даусын ең соңында береді. Конституциялық Кеңес Төрағасының шешуші дауыс беру құқығы Конституциялық Кеңес Төрағасын Конституциялық Кеңес мүшесі ауыстырған жағдайда қолданылмайды. Бұл жағдайда Конституциялық Кеңес Төрағасының немесе бастапқы дауыс беруге қатыспаған мүшесінің қатысуымен қайтадан дауыс беру өткізіледі (*Конституциялық Кеңес туралы Конституциялық заңның 33-бабының 3-тармағы*). Аталған Конституциялық заңның 33-бабының 4-тармағына сай, Конституциялық Кеңестің мәжілісі кезінде оның отырысқа қатысқан мүшелерінің ешқайсысының да қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға хақы жоқ.

Конституциялық Кеңестің барлық мүшелері үшін ортақ өкілеттіктерден тыс, Төраға жыл сайын Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдауын жария етеді. Оған басқа да кейбір функциялар берілген. Мәселен, Республика Президентінің талап етуі бойынша оған елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат береді, өтініштегі мәселелерді қарауға дайындыққа басшылық жасайды, отырысты шақырады, Кеңес мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі, Конституциялық Кеңестің жұмыс регламентін бекітуге ұсынады, Конституциялық Кеңес отырыстарының шешімдері мен хаттамаларына қол қояды.

Қазақстанның конституциялық тәжірибесінде Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінің лауазымына мемлекеттік-құқықтық институттар жүйесінде конституциялық бақылау органының рөліне сәйкес келетін мән беріледі. Мәселен, Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті халыққа ант берген кезде қатысады (*Конституцияның 42-бабының 2-тармағына түсіндірмені қараңыз*).

Сонымен бірге Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Парламенттің жаңадан сайланған депутаттарының антын Президент

қабылдаған кезде қатысады (*Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңның 24-бабы*).

71.3. 2007 жылы жүргізілген конституциялық реформалар барысында Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның ұсынымы бойынша Конституциялық Кеңесті қалыптастыру тәртібі өзгерді. Конституцияның 71-бабы 3-тармағының жаңа редакциясына сәйкес Республика Президенті, Парламент Сенаты мен Мәжілісі Конституциялық Кеңестің екі-екіден мүшесін тағайындайды. Осылайша, Конституциялық Кеңестің құрамы Конституцияның кепілдігі – Мемлекет басшысының, сондай-ақ Парламент Палаталарының қатысуымен қалыптасады.

Парламент Палаталарының Конституциялық Кеңес мүшелерін ұсынуы және тағайындау тәртібі Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен және тиісінше Парламент Сенатының (*8-тарау, 1-параграф*) және Мәжілісінің (*6-тарау*) Регламенттерімен реттеледі. Парламент Палаталарының Төрағалары Палаталарға Конституциялық Кеңестің мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады. Қызметке тағайындау Палатаның отырысында іске асырылады.

Палаталар қызметке тағайындау үшін ұсынған кандидатуралар бұл мәселе Палатаның отырысында қаралғанға дейін Палатаның бейінді комитетінің отырысында талқылануы тиіс. Кандидатураларды қарау қорытындылары бойынша комитет талқыланған кандидатура жөнінде қорытынды жасап, ол Палатаның отырысында жария етіледі. Тиісті Палатаның отырысында кандидатқа және кандидатты таныстырған адамға сұрақтар берілуі, депутаттар ұсынылған кандидатураны «жақтап» немесе «қарсы» пікір білдіруі мүмкін. Ұсынылған кандидатура бойынша, егер депутаттар мұны талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін. Парламенттің тиісті Палатасы ұсынылған кандидатуралар бойынша қызметке тағайындау туралы шешім қабылдамаған жағдайда, Төраға тиісті Палатаға сол немесе өзге бір адамдар бойынша жазбаша ұсынымдар енгізеді. Парламент Мәжілісі мен Сенаты Конституциялық Кеңестің мүшесі қызметіне тағайындау туралы шешімді Парламенттің тиісті Палатасы депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды. Шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданып (егер Палата дауыс берудің өзге тәртібін белгілемесе), тиісті Палатаның қаулыларымен ресімделеді. Палата Төрағасы Конституциялық Кеңестің мүшесі қызметіне тағайындау үшін ұсынған кандидатуралар қабылданбаған жағдайда, тиісті Палатаның шешімінде қабылдамаудың жан-жақты дәлелі болуға тиіс (*Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 9-бабы 5-тармағының б) тармақшасын және 23-1-бабын қараңыз*).

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерінен олар тағайындалғаннан кейін Парламент Палаталарының бірлескен отырысында салтанатты жағдайда Республика Президенті мынадай мазмұнда ант

қабылдайды: «Өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы (мүшесі) міндетін адал атқаруға, әділ болуға және басқа ешкімге, еш нәрсеге емес, тек Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана бағынуға салтанатты түрде ант етемін». Ант беру рәсімі осы органның ерекше мәртебесін, оның мүшелерінің азаматтық және кәсіби жауапкершілігі өте жоғары екендігін көрсетеді.

Конституцияның талаптарының бірі Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысын әр үш жыл сайын жаңарту болып табылады. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 71-бабы 3-тармағының екінші абзацының нормасын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 16 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысында, Конституцияның 71-бабының 3-тармағында көзделген Конституциялық Кеңес құрамының жаңартылуы деп, алдын Конституциялық Кеңестің мүшелері болмаған жаңа адамдарды да, бұрын осы қызметті атқарғандарды да тағайындау мүмкін деп түсінген жөн, деп түсіндірме берілді.

71.4. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне сәйкес мемлекеттік саяси қызметшілерге жатқызылған.

Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің тәуелсіздігі олардың құқықтық мәртебесінің негізі болып табылады және соның құрамдас бөліктерінің мазмұнын айқындайды. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшесі лауазымдарының өкілді органның депутаттық мандатымен сыйыспаушылығы, оларға оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге тыйым салынуы мемлекеттік органдардан, ұйымдардан немесе жеке мүдделерден Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің әділдігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етуге қаратылған.

Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелеріне ерекше тәртіппен оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтермен айналысу құқығын беретін конституциялық қағиданы оның жеке сипатта болуымен және олардың негізгі қызметінен мейлінше бөлек ғылым, білім, мәдениет, техника, әдебиет және өнер саласында жүзеге асырылатындығымен түсіндіруге болады. Оның үстіне, бұл теория мен практиканың байланысын нығайтуға, сондай-ақ заң ғылымының дамуына септігін тигізеді, өйткені, жоғарыда айтылғандай, Конституциялық Кеңесте жоғары білікті мамандар қызмет атқарады.

71.5. Конституцияға сәйкес Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелеріне қол тигізуге болмайды, яғни оларды сот тәртібімен

қолданылатын қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартудың, сондай-ақ қамаудың және алып келудің ерекше тәртібі бар.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 12-бабына сай қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өз өкілеттіктері мерзімі ішінде Парламенттің келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін Конституциялық Кеңестің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін, ол Конституциялық Кеңестің Төрағасын немесе мүшесін қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім беру туралы Парламентке ұсыныс енгізеді. Конституциялық Кеңестің Төрағасы немесе мүшелері қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не олар ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.

Қол сұғылмаушылығы Конституциямен бекітілген, тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бұдан бұрын оған қатысты сұралмаған тұлғаның әрекеті ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстан ауырлығы жеңілдеу қылмысқа қарай сараланып өзгерген кезде, қол сұғылмаушылықтан айыру тәртібі туралы ережелерді сақтау міндетті деп санау керек¹.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін әкімшілік жауаптылыққа тарту ерекшеліктері ӘҚТК 872-бабымен айқындалады және мынаған келіп саяды: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің келісімінсіз алып келуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларына тартуға болмайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауаптылыққа тартуға, алып келуге келісім алу үшін ҚР Бас Прокуроры Қазақстан Республикасының Парламентіне тиісті ұсыныс енгізеді. Ұсыныс әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс сотқа жіберілер алдында, ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшелерін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті сотқа, органға (лауазым-

¹ ҚР КК 2003 жылғы 30 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 4-тармағын, 71-бабы 5-тармағын, 79-бабы 2-тармағын, 83-бабы 3-тармағын және 15-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» № 10 қаулысын қараңыз

ды адамға) мәжбүрлеп жеткізу қажеттігі туралы мәселені шешер алдында енгізіледі. ҚР Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Парламентінің шешімін алғаннан кейін істі одан әрі жүргізу осы Кодекстің 813-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды (*Конституциялық Кеңес туралы Конституциялық заңның 12-бабының 3-тармағы*).

71.6. Конституцияның 71-74-баптары нормаларын дамыта түсу мақсатында, Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі Конституциялық Кеңес туралы Конституциялық заңмен реттеліп, оның құрамын жасақтау тәртібі нақтыланады, Конституциялық Кеңестің мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар, Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің мәртебесі, конституциялық іс жүргізудің процестік негіздері, Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдері қабылдануының салдары мен оларды орындаудың тәртібі, сондай-ақ басқа да бірқатар мәселелер көрсетіледі.

72-бап

1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1) дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

2-1) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

72-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес 2-1) тармақшасымен толықтырылған.

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

5) Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді.

2. Конституциялық Кеңес Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.

72-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

1. Конституцияда және Конституциялық заңда Конституциялық Кеңеске өтініш білдіруге құқығы бар субъектілер юрисдикциясының шеңбері, сондай-ақ олардың қатары айқындалған. Конституцияның 72-бабының 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша Президент, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі (қазіргі уақытта өтінішке кемінде 31 депутат қол қоюы тиіс), Республика Премьер-Министрі Конституциялық Кеңеске өтініш білдіру субъектілері болып табылады. Конституциялық Кеңеске соттар Конституцияның 78-бабында белгіленген реттерде жүгінуге құқылы.

Конституциялық Кеңес қызметінің ең кереметі – оған Конституцияның кепілі ретінде Республика Президенті де, мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының өкілдері: заң шығару билігі атынан – Парламент палаталарының төрағалары мен депутаттары, атқарушы биліктің атынан – Премьер-Министр, сот билігі атынан Республика соттары да жүгіне алады.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңында Конституциялық Кеңеске өтініш берудің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар бекітілген. Өтініш жазбаша түрде беріледі. Оларда: Конституциялық Кеңестің атауы, өтініш жасаушының атауы, тұрғылықты жері, мекенжайы және ол туралы өзге де қажетті деректер, актілерге қол қойған немесе оларды шығарған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың атауы, тұрғылықты жері және мекенжайы, өтініштің мәні, өтініш жасауға негіз болатын және оның негізділігін растайтын өзге де деректер, мәнжайлар мен айғақтар, Конституция мен Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының Конституциялық Кеңеске өтініш жасау құқығын беретін нормалары және т.б. көрсетілуі тиіс (*Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 22-бабы*).

Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар өз өкілеттіліктері шеңберінде Конституциялық заңмен айқындалған процессуалдық құқықтарға ие. Олар: іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардың қысқаша үзінділері мен көшірмелерін алуға; дәлелдер келтіруге, оларды зерттеуге қатысуға және өтініштері мен қарсылықтарының негізі ретінде өздері сілтеме жасап отырған мән-жайларды дәлелдеуге; конституциялық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өздерінің дәйектері мен ойларын Конституциялық Кеңеске айтуға; өтініштерін мәлімдеуге және мәлімденген өтініштер бойынша өз пікірін айтуға; Конституциялық Кеңеске ауызша және жазбаша түсініктер беруге хақылы (*Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 21-бабы*).

71.1.1). Конституциялық Кеңес дау туған жағдайда Республика Президенті сайлауының, Парламент депутаттары сайлауының, республикалық референдумның дұрыс өткізілгендігі туралы мәселені шешеді.

Қазақстан халқының республикалық референдум және еркін сайлау арқылы өз билігін жүзеге асыруы кезінде конституциялықты қамтамасыз етудің негізгі тетігінің бірі Конституциялық Кеңестің Республика Президи-

денті сайлауының, Парламент депутаттары сайлауының, республикалық референдумның дұрыс өткізілгендігі туралы мәселені қарауы болып табылады. Республика Президенті сайлауының, Парламент депутаттары сайлауының, республикалық референдумның дұрыс өткізілгендігі туралы мәселені қарау рәсімі және өтініш нысанына қойылатын талаптар Конституциялық Кеңес туралы, сайлау туралы және республикалық референдум туралы конституциялық заңдарда бекітілген.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 22-бабының 4) тармақшасында жалпы талаптардан тыс сайлаумен және референдуммен байланысты мәселелерге қатысты өтініштер сәйкес келуі тиіс өзге де арнайы талаптар бекітілген: егер өтініште оларды өткізудің дұрыстығы туралы мәселе қойылған ретте, Президент, Парламент депутаттары сайлауын және республикалық референдум өткізуге байланысты актілерге қол қойған немесе оларды шығарған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың атауы, тұрғылықты жері және мекенжайы көрсетілуі тиіс.

Конституциялық Кеңестің мұндай өтініштерді қарау нәтижесінде қабылдаған қорытынды шешімінің мазмұнында Президент сайлауын, Парламент депутаттары сайлауын немесе республикалық референдум өткізудің дұрыстығы тексерілген учаскелер, округтер, әкімшілік-аумақтық бірліктер көрсетілуі тиіс (*Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 37-бабының 9-тармақшасы*).

71.1.2). Конституциялық Кеңестің негізгі функцияларының бірі Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін Республика Конституциясына сәйкестігін қарау болып табылады.

Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін Конституцияға сәйкестігін қараудың өз ерекшеліктері бар. Біріншіден, мұндай бақылау күшіне енбеген және қолданысқа енгізілмеген заңдардың конституциялылығын анықтайды, яғни конституциялық заңдылық режимі бұзылуын алдын-ала ескертіп отырады. Екіншіден, заңдарды алдын ала бақылау Парламенттің заңдарды қабылдау барысында туындайтын заң шығарушылық процес субъектілерінің арасындағы даулы оқиғаларды шешудің пәрменді тетігі болып табылады. Сол арқылы, Республика Президентін еліміздің Негізгі Заңына қайшы келетін заңдарға қол қоюдан сақтандырады.

Конституцияға сәйкес әлі күшіне енбеген заңдарды даулау құқығы заң шығару бастамасы және заңдарды қабылдау процесі құқығының барлық субъектілеріне: Республика Президентіне, Парламент Палаталарының төрағалары мен депутаттарына, Премьер-Министрге берілген.

Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін қарау кезінде Конституциялық Кеңес заңның нормативті мазмұнына ғана емес, заң шығару процесінің формальды жағына да назар аударады. Яғни, алдын ала бақылауды жүзеге асыра отырып, Конституциялық Кеңес Мәжілісте заң жобасын мақұлдау, оны Сенатта қабылдау, Үкіметтің заң жобасы бо-

йынша міндетті оң қорытындысының болуы тәртібіне және т.б. қатысты Конституция нормаларының сақталуын тексеруге құқылы. Осылайша, Парламент қабылдаған заңдардың конституциялығын анықтаудың негізі Конституцияның материалдық та, іс жүргізу де нормалары болып табылады. Конституцияның 61-бабының 4-тармағына сәйкес Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Президент оған берілген заңға бір айдың ішінде қол қояды, жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады (*Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 19-бабының 2-тармағы*).

Өзі құрылған күннен бастап осы түсіндірме шығарылғанға дейін Конституциялық Кеңес Парламент қабылдаған заңдардың оларға Президент қол қойғанға дейін Конституцияға сәйкестігін қарау туралы 31 өтінішті қараған. Олардың ішінде 15 заң конституциялық емес деп танылды. Конституциялық Кеңестің қаулылары ескеріле отырып, жекелеген заңдар кейін қайта қабылданды (*мәселен, ҚР КК 1998 жылғы 27 наурыздағы № 1/2 Қаулысымен Конституцияға сәйкес емес деп танылған ҚР АҚ Ерекше бөлімі, ҚР КК 1999 жылғы 3 тамыздағы № 17/2 қаулысымен Конституцияға сәйкес емес деп танылған «Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы № 30-III ҚР Заңы және т.б.*).

Конституциялық Кеңес конституциялық заңдар мен заңдарды (кодекстерді) Конституцияға сәйкестігі тұрғысында қарауға құқылы, өйткені, Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 3 шілдедегі № 15/2 қаулысына сай, Конституцияда қолданылған «заң» санаты туыстас ұғым ретінде өз мазмұнымен «конституциялық заң» ұғымын да қамтиды

72. 1.2-1) Конституцияға 2007 жылы 21 мамырдағы Заңмен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Парламенттің және оның Палаталарының қаулыларын Негізгі Заңға сәйкестігі тұрғысында қарау құқығын бере отырып, Конституциялық Кеңестің құзыретін кеңейтті. Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысына сай Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Конституцияның 4-бабы 1-тармағында көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілерге жатады.

Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 10 маусымдағы № 8 қаулысына сәйкес Конституцияның 62-бабы 1-тармағында Парламенттің қаулылары, оның Палаталарының қаулылары «заң актілері» деп, Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің Конституция баптарымен толық көзделген, заң шығару өкілеттігімен қатар іске асырылатын, өздерінің құқық қолдану өкілеттігін жүзеге асыру актілерінің нысаны мағынасында аталған. Ең жоғары өкілді орган және оның Палаталары Конституцияның бұл нормаларын орындау мақсатында өз қарауына жататын нақты мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды, өзінің заңдық күші жағынан олар заңдармен, мемлекеттік биліктің басқа институттары: Президенттің, атқарушы органдардың,

соттардың және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілерімен құқықтық бәсекелестік қатынасына түспеуге тиіс. Парламенттің, Сенат пен Мәжілістің қаулылары, әдетте, ұйымдық-құқықтық маңызы бар парламенттік құқық қолдану актілері болғандықтан, міндетті сипатқа ие.

Парламенттің және оның Палаталарының қаулыларымен Республика Президентінің сайлауын тағайындауды, Президенттің Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруін, Үкіметтің бюджеттік жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін бекітуді, сондай-ақ бірқатар басқа да мәселелерді қоса алғанда, мәселелердің кең ауқымы реттеледі. Парламенттің және оның Палаталарының қаулыларымен Республиканың мемлекеттік органдарының бірқатар басшылары мен лауазымды адамдары тағайындалады. Конституция және конституциялық заңнама Парламенттің және оның Палаталарының қандай қаулыларын Конституциялық Кеңес Конституцияға сәйкес келу мәніне қарай алатынын нақтыламайды, Парламенттің және оның Палаталарының мұндай актілерін тексеру бойынша конституциялық іс жүргізудің қандай да бір айырмашылығын немесе ерекшелігін белгілемейді.

72.1.3) Халықаралық шарттардың оларды Парламент ратификациялағанға дейін Конституцияға сәйкестігін тексеру халықаралық шарттар Конституцияның 4-бабы 3-тармағында көрсетілген қасиеттерге ие болғанға дейін жүзеге асырылатын алдын ала бақылау болып табылады. Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың оның заңдары алдында басымдығы болады. Осылайша, Конституция Республиканың халықаралық шарттарын бақылаудың ратификациялағанға дейінгі нысанын бекіте отырып, Конституцияға сәйкес келмейтін және мемлекеттің, қоғам мен азаматтардың конституциялық мүдделерін бұзатын халықаралық актілерді ратификациялау кезінде болуы мүмкін салдарға жол бермеу тетігін бекітеді. Сонымен қатар, Республиканың халықаралық шарттарын оларды ратификациялағанға дейін қарау Конституцияны қорғаудың тиімді нысаны болып табылады және оның Республиканың халықаралық құқықтық қатынастар саласындағы үстемдігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық Кеңестің бірқатар қаулыларында Республиканың халықаралық шарттары мен Негізгі Заңның арақатынасы туралы мәселелер қаралған. Онда халықаралық шарттардың Конституцияға сәйкес келуі міндеті көрсетілген¹ (*Конституцияның 4-бабының 3-тармағына түсіндірмені қараңыз*).

¹«Қызылорда облыстық сотының «Байқоңыр» кешенін жалға беру туралы шарттың 6-бабы 6.12-тармағының екінші бөлігін, «Байқоңыр» кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімнің 5 және 11-баптарын конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынымы туралы» Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 7 мамырдағы № 6/2 қаулысын және «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдардың және олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты ресми түсіндіру туралы» Конституциялық Кеңестің 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 Нормативтік қаулысын және т.б. қараңыз.

Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңының 11-бабында тізбесі белгіленген Республиканың халықаралық шарттары ғана Конституцияға сәйкестігін қарау нысаны бола алады.

Конституциялық Кеңеске өтініш жасалған жағдайда халықаралық шарттарды ратификациялау мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған халықаралық шарттар ратификацияланбайды (*Конституцияның 74-бабының 1-тармағына түсіндірмені қараңыз*).

Конституциялық Кеңес Конституцияның 78-бабының тәртібімен соттардың өтініші бойынша ратификацияланған халықаралық шарттардың да конституциялығын тексеруге құқылы. 2001 жылы Қызылорда облыстық сотының өтініші бойынша Конституциялық Кеңес, Қазақстан мен Ресей Федерациясының арасында жасалған, «Байқоңыр» кешенін жалға беру туралы шарттың және «Байқоңыр» кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы туралы келісімнің жекелеген нормаларын конституциялық емес деп тапты (*2001 жылғы 7 мамырдағы № 6/2 қаулы*). Конституциялық Кеңестің пікірінше, Ресей Федерациясының юрисдикциясы Қазақстанның аумағына және оның азаматтарына қолданылуы Республика Конституциясының 2-бабы 2-тармағының, 3-бабы 3 және 4-тармақтарының қағидаларын бұзады, өйткені Қазақстанның егемендігіне нұқсан келтіреді. Соңыра, бұл екіжақты келісімдерді Конституциялық Кеңестің жоғарыда айтылған құқықтық ұстанымдарына сәйкестендіру мақсатында, оларға өзгерістер енгізілді.

72.1.4). Негізгі Заң Конституциялық Кеңеске Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру құқығын береді. Конституцияның 72-бабының 1-тармағы 4) тармақшасы нормасының мазмұны Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 19/2 қаулысында ашып көрсетілген. Бұл Қаулыда Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру дегеніміз, Конституциялық Кеңестің конституциялық нормалардың мазмұны мен мағынасын анықтауы және түсіндіруі деп көрсетілген. Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру құқығынан Конституциялық Кеңес шешімдерінің заңдық күші келіп шығады, олар Конституциялық Кеңестің түсіндіру нысаны болған нормалардың заңдық күшіне тең. Конституцияның 4-бабының 1-тармағымен Қазақстан Республикасында қолданылатын құқықтың қайнар көзі болып танылған Конституциялық Кеңестің тиісті қаулыларының ережелері Конституциялық құқықтың нормаларымен бірге қолданылады. Конституциялық норманың тоқтатыла тұруы, жойылуы немесе өзгертілуі Конституцияның осы нормасын ресми түсіндіру жөніндегі Конституциялық Кеңестің тиісті қаулысының тоқтатыла тұруына, жойылуына немесе өзгертілуіне әкеп соқтырады.

Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру – бұл нормативтік түсіндіру, оны Конституциялық Кеңес Конституция нормаларының мазмұнынан үзінді алып, анықтаудың түрлі тәсілдері көмегімен Конституция нормаларының сөзбен берілген мағынасына сәйкес береді. Түсіндірудің көлемін алдын ала белгілеу мүмкін емес, Конституциялық

Кеңес Конституция нормаларын ресми түсіндірудің әдістерін таңдауда тек Конституцияның өзіне ғана тәуелді. Конституция нормаларының, оның жалпы ережелерімен және принциптерімен қисынды түрде байланыстылығы мен қабаттастығы назарға алынады. Конституциялық Кеңестің нормативтік түсіндірулері, Конституция нормаларын тек өтініш субъектілерінің мәселелері бойынша ғана түсіндіруге жағдай жасай отырып, бұл нормалардың мағыналық түсіндірмесін тікелей конституциялық реттеу үшін толықтыра түседі. Бұл орайда Конституциялық Кеңестің Конституцияның нормаларынан келіп шығатын құқықтық позициясы Конституцияның өзіне сәйкес келеді. Конституцияның мазмұнынан, онда жазылған нормалардан, жалпы ережелер мен принциптерден тікелей келіп шықпайтын ұйғарымдарды Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жасамайды. Конституцияның нормаларын түсіндіре отырып, Кеңес конституциялық реттеу нысанының шегінен шығып кетпейді.

Конституциялық Кеңес құрылған күннен бастап оған келіп түскен өтініштердің 40%-дан астамын Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру туралы өтініштер құрайды. Конституцияның нормаларын ресми түсіндіру туралы қаулыларда Конституциялық Кеңес адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын іске асыру және қорғау, Қазақстан Республикасының азаматтығы, Республика Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі, Парламенттің құзыреті, ұйымдастырылуы және оның депутаттарының мәртебесі, заң шығару процесі, биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өзара қарым-қатынасы, сайлау жүйесі, Үкіметтің, соттардың және өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті, қызметі мәселелері және т.б. қарады.

72.1.5). Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 17-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Парламент тиісінше Республика Президентін мерзімінен бұрын қызметінен босату немесе оны қызметінен кетіру туралы шешім қабылдағанға дейін, Конституцияның 47-бабының 1-2-тармақтарында белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді.

ҚР Конституциясының 47-бабының 1-тармағына сәйкес Президентті қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілігімен қабылданады. Конституцияның 47-бабының 2-тармағында қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады.

деп белгіленген (*Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарына түсіндірмені қараңыз*).

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 39-бабының 6-тармағына сәйкес Парламенттің тиісінше Республика Президентін лауазымынан мерзімінен бұрын босату немесе қызметінен кетіру туралы шешім қабылдауы алдында белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталмағандығы туралы қорытынды бұл мәселені қараудың тоқтатылуына әкеліп соғады. Белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғандығы туралы қорытынды оны қарауды жалғастыруға жол береді.

72.2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Республика Президентіне кейінгі конституциялық бақылау деп аталатын, атап айтқанда, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдау құқығы берілген. Мемлекет басшысының осындай өкілеттігі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, егемендікті және мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз ету мүдделерімен байланыстырылады, ол Негізгі Заңның 40-бабында бекітілген Конституцияның мызғымастығының, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі деген конституциялық-құқықтық мәртебесінен туындайды (*Конституцияның 44-бабы 10-1) тармақшасына түсіндірмені қараңыз*).

Конституциялық Кеңес Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды (*Конституцияның 78-бабына түсіндірмені қараңыз*). Республика соттарының ұсынымдары бойынша қолданыстағы заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын тексеру механизмі, ең алдымен, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған.

Соттар өздерінің іс жүргізуінде жатқан іс бойынша қолданылуға тиісті заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларының конституциялығын тексеру туралы ұсыныммен Конституциялық Кеңеске жүгіне алады (*Конституцияның 4-бабына түсіндірмені қараңыз*).

Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 15 маусымдағы ҚР Конституциялық заңымен Конституциялық Кеңес туралы Конституциялық заңның 22-бабының 3-тармағынан егер Конституциялық Кеңеске өтініш жасау субъектісі сот болса, тиісті сот төрағасының ұсынысқа қол қою қажеттігі туралы талап алып тасталды. Енді өтінішке тиісті субъект қол қоюы тиіс. Іс жүргізу туралы заңнамаға сәйкес бірінші сатыдағы соттарда істерді судьялар жеке-дара, ал апелляциялық және кассациялық тәртіппен – біреуінің төрағалық етуімен, бірнеше судья құралып алқалы түрде қарайды. Сондықтан соттарға қатысты тиісті субъект ретінде ұсынысқа істі жүргізуші судья, ал істі алқалы түрде қарау кезінде – төрағалық етуші судья қол қояды.

Өткен жылдар ішінде Конституциялық Кеңес соттардың 67 өтінішін қарады. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы»¹ ҚР 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңының 25-бабы 1-тармағы б) тармақшасының, 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167-I ҚР Қылмыстық кодексінің² 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің, «Нотариат туралы»³ ҚР Заңының 15-бабы 3-тармағының және кейбір басқа да нормалар конституциялық емес деп танылып, соған байланысты олардың күші жойылды.

Соттардың ұсыныстарын қараудың қорытындылары бойынша бірқатар заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормалары Конституцияға сәйкес деп танылды. Сонымен бірге, осы ұсыныстар бойынша қабылданған қаулыларында Конституциялық Кеңес заңнаманы жетілдіру, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру бойынша шаралар қабылдау қажеттігін көрсетті.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен ерекше қорғалатын конституциялық құндылықтардың тізбесі кеңейтілді: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді» (*Конституцияның 91-бабының 2-тармағы*). Конституциялық Кеңес өзінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 Нормативтік қаулысында атап өткендей, сол арқылы, өзінің конституциялық мәртебесі мен жеке қасиеттері арқасында егемен Қазақстанның, оның ішінде Негізгі Заңның конституциялық құндылықтары және Республика қызметінің түбегейлі принциптері қалыптасуы мен дамуына шешуші үлес қосқан; Қазақстанның бірлігі, Конституциясы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қорғалуын қамтамасыз еткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің Негізін салушы ретіндегі тарихи миссиясы конституциялық жолмен расталды. Осыған байланысты, жаңғыртылған Конституциямен оларды республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына шығарғанға дейін Негізгі

¹ ҚР КК «Қостанай облысы Қостанай қаласының N 2 сотының өтініші бойынша «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі N 310-III Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 3-тармағының және 25-бабының 1-тармағы б) тармақшасының конституциялылығын тексеру туралы» 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 4 НҚ қараңыз.

² ҚР КК «Алматы облысы Қапшағай қалалық сотының өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы бірінші және төртінші бөліктерінің конституциялылығын тексеру туралы» 2008 жылғы 27 ақпандағы N 2 НҚ қараңыз.

³ ҚР КК «Астана қаласы сотының өтініші бойынша «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 3-тармағының конституциялылығын тексеру туралы» 2005 жылғы 31 қаңтардағы №1 қаулысын қараңыз.

Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың аталған талапқа сәйкес келетіндігі туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысын міндетті түрде алу көзделген. Бұл, егер аталған конституциялық қағидастардың құқық шығармашылық және құқық қолдану процесінде сақталуын қадағалайтын құрылым заңнамалық және заңға тәуелді деңгейлерде бар болса (прокуратура, әділет органдары және басқалары), ал конституциялық деңгейде мұндай арнаулы тетіктердің болмауына байланысты. Енді бұл Конституциялық Кеңеске жүктелді, ол еліміздің Негізі Заңына енгізілетін түзетулер аталған құндылықтарға нұқсан келтірмейтіндігі туралы қорытынды беретін болады. Осыған ұқсас тәжірибе, мәлім болғандай, шет мемлекеттердің көбінде орын алған (*Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасын және 91-бабының 2 және 3-тармақтарын қараңыз*).

73-бап

1. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Кеңес өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

4. ҚР 2017ж. 10.03. Заңымен алып тасталды.

73.1. Осының алдындағы бапқа берілген түсіндірмелерде айтылып өткендей, Президенттің, Парламент депутаттарының сайлауын және республикалық референдум өткізудің дұрыстығына байланысты дау туындаған жағдайда, уәкілетті субъектілердің өтініші бойынша бұл мәселені Конституциялық Кеңес қарауы мүмкін.

Бұл конституциялық қағидалар сайлау туралы және республикалық референдум туралы ҚР конституциялық заңдарында нақтыланады.

Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 68-бабына сай Республика Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін он күн ішінде берілуі мүмкін өтініші бойынша Конституциялық Кеңес дау туындаған жағдайда Республика Президенті сайлауын өткізудің дұрыстығы жөніндегі

мәселені шешеді. Бұл ретте Республика Президентінің қызметке кірісуі өтінішті қарау кезінде тоқтатыла тұрады. Орталық сайлау комиссиясы сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді.

Конституцияның 42-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының Президенті халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі деп бекітілген. Сондықтан, сайланған Республика Президентінің ант қабылдауы Конституциялық Кеңес шешім шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы туралы дау туындаған жағдайда, оны қарау туралы өтініштер сайлау қорытындылары шығарылғаннан кейін 10 күн ішінде Конституциялық Кеңеске беріледі. Бұл жағдайда Парламент Сенаты мен Мәжілісінің сайланған депутаттарын тіркеу өтінішті қарау кезеңінде тоқтатыла тұрады. Орталық сайлау комиссиясы сайлауды әзірлеу мен өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді (Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 84 және 100-баптары).

Республикалық референдум өткізудің дұрыстығы жөніндегі мәселені қарау туралы өтініш Конституциялық Кеңеске келіп түскен жағдайда, республикалық референдум қорытындыларын шығару өтінішті қарау уақытына тоқтатыла тұрады. Орталық сайлау комиссиясы референдумды әзірлеу мен өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді (Республикалық референдум туралы ҚР Конституциялық заңының 32-бабы).

73.2. Республика Конституциясы заң шығару процесінің негізгі кезеңдерін реттейді, соның ішінде Мемлекет басшысының заңдарға қол қою мерзімін айқындайды. Оны сақтау конституциялық заңдылық режимін қамтамасыз ету шарттарының бірі болып табылады.

44-баптың 2) тармақшасында Республика Президенті Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады деп бекітілген.

«Конституциялық мерзімдерді есептеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 Нормативтік қаулысында, бір ай мерзім Мемлекет басшысының заңға қол қоюы үшін бөлінген уақыт болып табылады, оны Республика Президенті заңды алған күннен бастап есептеу қажет, ал бұл мерзім келесі айдың тиісті күнінде (күн санында) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күні жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады деп көрсетілген.

Аталған уақыт кезеңі ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар Парламент қабылдаған заңды алдын-ала конституциялық бақылау тәртібімен Конституцияға сәйкестігі тұрғысында тексертуге бастама жасай алады. Сондықтан, егер заң оның Конституцияға

сәйкестігін тексеру үшін Конституциялық Кеңеске жолданатын болса, бұл бір ай мерзімнің өтуі тоқтатыла тұрады. Заңды Конституцияға сәйкес деп тану оған қол қою мерзімінің өтуін жаңартады (Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 39-бабының 1-тармағы).

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабының 7) тармақшасын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2006 жылғы 18 мамырдағы № 2 Нормативтік қаулысында, халықаралық шартты ратификациялау дегеніміз – оны мемлекеттің уәкілеттік берілген органының түпкілікті түрде бекітуі, деп атап көрсетілген. Ол мынадай екі акт арқылы іске асырылады: халықаралық (ратификациялау грамотасында) және ішкі мемлекеттік (әдетте – заңда)». Конституцияның 54-бабына сәйкес ратификация Республика Парламентінің Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы іске асыратын құзыреті болып табылады.

Халықаралық шарттар туралы ҚР Заңы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртібін айқындайды. Бұған дейін атап өтілгендей, Заңның 11-бабында ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың тізбесі көзделген.

Аталған Заңның 12-бабына сәйкес Конституциялық Кеңес Республика Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттарының жалпы санының кем дегенде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініштері бойынша халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды. Конституциялық Кеңеске өтініш жасалған жағдайда халықаралық шарттарды ратификациялау мерзімінің өту уақыты тоқтатыла тұрады. Республиканың халықаралық шарттарын Конституцияға сәйкес деп тану оларды ратификациялау процесін қалпына келтіреді.

73.3. Негізгі Заңда Конституциялық Кеңестің белгіленген талаптарға сәйкес келетін және конституциялық іс жүргізуге қабылданған өтініштерді қарауының мерзімі айқындалған. Конституциялық Кеңес өтініш түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

«Конституциялық мерзімдерді есептеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын ресми түсіндіру туралы» КК-тің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 2 Нормативтік қаулысында, аталған конституциялық норма келіп түскен өтінішті Конституциялық Кеңес қарап, ол бойынша шешім қабылдайтын уақыт кезеңін айқындайды деп түсіндірілген. Конституцияның 73-бабының 3-тармағымен белгіленген мерзім келесі айдың тиісті күнінде (күн санында) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы мұндай күні жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 26-бабының 2-тармағына сәйкес, бір-бірімен өзара байланысты өтініштер келіп түскен жағдайда Конституциялық Кеңес оларды бір конституциялық іс жүргізуге біріктіру туралы шешім қабылдай алады. Мұндай жағдайда шешім шығаруға бөлінген бір ай мерзімді Конституциялық Кеңеске соңғы өтініш түскен күннен бастап есептеген жөн.

«Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін» деген конституциялық ережені қатаң күнтізбелік мағынада түсінген жөн, яғни белгіленген кезеңнің соңғы күнінде бұл мерзім аяқталады.

73.4. Республика Президентінің Конституциялық Кеңес шешіміне қарсылық білдіретін құқығы көзделген және оларды қараудың тәртібі мен салдарын реттеген *Конституцияның 73-бабының 4-тармағы Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен алынып тасталды.*

Конституциялық Кеңесті күшейтуге бағытталып қабылданған шешімді Республика Президентінің Конституциялық Кеңеске жоғары дәрежеде сенім білдіруі, оның жауапкершілігін арттыруы деп қабылдау қажет, ол конституциялық бақылау органының қызметіне қойылатын талапты қатайта түседі. Көптеген шетелдік сарапшылар атап өткендей, осы конституциялық түзетулердің арқасында Қазақстанның Конституциялық Кеңесі енді өз құзыреті бойынша Еуропаның бірқатар елдерінің конституциялық соттарына теңесті.

74-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді.

2. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

74-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

3. Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Негізгі Заңның бұл бабының нормалары Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдері қабылдануының салдарына және олардың заңдық күшіне қатысты мәселелерді реттейді.

74.1. ҚР Конституцияның 74-бабының 1-тармағында тиісінше заңдарды Мемлекет басшысы қол қойғанға дейін және халықаралық шарттарды бекітілгенге дейін Конституциялық Кеңестің алдын-ала конституциялық бақылау тәртібімен қабылданған Нормативтік қаулыларының салдары туралы сөз болуда. Бұл конституциялық нормада Конституцияға сәйкес емес деп танылған Республиканың заңдары мен халықаралық шарттарына қол қойылмайды не, тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді деп бекітілген.

Қалыптасқан тәжірибе көрсеткендей, Парламент қабылдап, Республика Президентінің қол қоюына ұсынылған заңдарды Конституцияға сәйкестігі тұрғысында тексеру Конституциялық Кеңеске келіп түскен барлық өтініштің 28-нің нысанасы болған. 15 өтініш бойынша жалпы алғанда 17 заң Конституцияға сәйкес емес деп танылды, солардың ішінде: «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы», Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі, «Жануарлардың сирек және жойылып кету қаупі төніп тұрған түрлері туралы», «Халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың Қазақстан Республикасындағы қызметі туралы», «Балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар және т.б.

Бұл заңдардың бәріне Мемлекет басшысы қол қоймаған. Кейінірек Парламент олардың кейбіреулерін Конституциялық Кеңестің құқықтық ұстанымдарын ескере отырып қайта қабылдады.

Заңдарды немесе халықаралық актілерді Конституцияға қайшы келмейді деп тану оларға тиісінше қол қоюдың және ратификациялаудың мерзімін қайта жандандырады.

Конституциялық Кеңес қоғамда біраз толқушылық туғызған бірқатар заңдарды Конституцияға сәйкес деп тапты. Сол арқылы олардың конституциялығына байланысты туындаған күмән алынып тасталып, Мемлекет басшысы бұл заңдарға қол қойды. Мәселен, Конституциялық Кеңес қолданыстағы Жер кодексін, «Саяси партиялар туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды конституциялық деп тапты.

74.2. Конституцияның 74-бабының 2-тармағы Мемлекет басшысының өтініштері бойынша (*Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасына түсіндірмені қараңыз*) заңдарды және өзге де құқықтық актілерді, сондай-ақ соттардың ұсынымдары бойынша, яғни, былайша айтқанда, кейінгі конституциялық бақылау тәртібімен қаралған заңдарды және өзге де құқықтық актілерді конституциялық емес деп танудың салдарын реттейді (*Конституцияның 78-бабына түсіндірмені қараңыз*). Бұл бапта, конституциялық емес деп, соның ішінде адамның және азаматтың

Конституцияда баянды етілген бостандықтары мен құқықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің күші жойылады және олар қолданылмайды деп бекітілген. Бұл Конституциялық Кеңес осындай шешім қабылдаған сәттен бастап заң немесе өзге де құқықтық акт не олардың жекелеген нормалары өзінің заңдық күшін жоғалтатынын, Республиканың қолданыстағы құқығынан шығарып тасталатынын және бұдан әрі қолданылмайтынын білдіреді.

Конституциялық заңдылықты нығайтуда Конституциялық Кеңестің Республика соттарының өтініштерін қарауы маңызға ие екені бұған дейін аталып өтілген. Республика соттарынан келіп түскен 67 ұсынымның 28-і мәні бойынша қаралып, қорытынды шешім қабылданды.

Соттардың өтініштері бойынша Қазақ КСР-нің адвокатурасы туралы 1980 жылғы 13 қарашадағы Ереженің нормалары, Қазақ КСР ӘҚБтК, Қазақ КСР Азаматтық іс жүргізу кодексінің бірқатар ережелері, «Нотариат туралы» Заңның 15-бабы, 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодекстің 361-бабының, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Заңның 25-бабының нормалары, «Байқоңыр» кешенін жалға беру туралы Шарттың және Құқық қорғау органдарының «Байқоңыр» кешені аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етудегі өзара әрекеттесуі туралы Келісімнің ережелері конституциялық емес деп танылды.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 39-бабының 2-тармағында, конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілер заңдық күшінен айрылады, қолданылуға жатпайды және олардың күші жойылады. Мұндай заңға немесе өзге де құқықтық актіге негізделген соттардың және өзге құқық қолданушы органдардың шешімдері орындалуға жатпайды деп белгіленген.

Заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялық емес деп танылған нормаларына негізделген сот актілерін қайта қараудың тәртібі ҚПК, АПК, сондай-ақ ӘҚБтК-те белгіленген.

74.3. ҚР Конституциясы 74-баптың 3-тармағында Конституциялық Кеңес шешімдерінің жалпыға бірдей міндетті заңдық күшін бекітеді және кідіріссіз күшіне енуінің тәртібін белгілейді.

Олар қабылданған күнінен бастап Республиканың қолданыстағы құқығының бір бөлігіне айналады және құқықтық салдарға әкеп соқтырады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабының 1 және 5-тармақтарын, 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және 74-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 19/2 НҚ-да, Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктілігі оның заңдық күшінің ажырамас қасиеті болып табылады, ол қорытынды қаулы қабылдау арқылы конституциялық іс жүргізудің қисынды түрде аяқталғанынан айғақ береді. Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктілігі оның сол бір себеп

бойынша өтініш беру субъектісі үшін, сондай-ақ сөзсіздігіне меңзейді, өйткені Конституцияның 74-бабы 3-тармағына сай, Конституциялық Кеңестің шешімдері «шағымдануға жатпайды». Бұл шешімге шағымдануға ешкімнің құқығы да, ондай саты да жоқ дегенді білдіреді. Сонымен бірге, ерекше жағдайларда конституциялық құқықтың нормаларында Конституциялық Кеңестің өзі үшін, қолданыстағы қаулыны қайта қарау немесе оны түсіндіру жөнінде қосымша қаулы қабылдау мүмкіншілігі жоққа шығарылмайды деп түсіндірілді.

Конституциялық Кеңестің қаулылары ҚР Конституциясына негізделеді. Конституциялық емес деп танылған норманы қайта қабылдау арқылы Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулысын еңсеруге болмайды. Норма шығармашылығы Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларында баяндалған құқықтық ұстанымдарын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.



VII Бөлім
СОТТАР ЖӘНЕ
СОТ ТӨРЕЛІГІ

75-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

75-баптың 2-тармағы 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес толықтырылған.

3. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.

75-баптың 3-тармағына 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес өзгертулер енгізілген.

4. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

75.1. Сот төрелігі мемлекеттің ерекше функцияларының бірі және сот билігінің ажырамас белгісі болып табылады.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады, ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заңнамалық актілерді шығаруға тыйым салынады. Сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

ҚР ҚПК-нің 11-бабына сәйкес сот өкілеттігін кімнің болса да иемденуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Соттың үкімі бойынша және заңға сәйкес болмаса, ешкім де қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныла алмайды, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартыла алмайды. Соттың құзыреті, оның заңды құқығының шегі, оның қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру тәртібі заңмен айқындалады және оны өз бетінше

өзгертуге болмайды. Соттың қылмыстық іс бойынша үкімі мен басқа да шешімдерін тек тиісті соттар ғана тексеріп, қайта қарай алады.

ҚР АПК-тің 7-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот төрелігін азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген ережелер бойынша тек қана сот жүзеге асырады. Сот билігінің өкілеттігін кімнің де болса иеленуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады. Азаматтық іс бойынша сот шешімдерін тек тиісті соттар ғана тексеріп, қайта қарай алады.

Сот функцияларының ерекшелігіне қылмыстық-құқықтық жауапкершілік шараларымен кепілдік беріледі:

сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі жасау мақсатында сот қызметіне қандай да бір түрде болмасын араласу (ҚР ҚК 407-бабы 1 және 3-бөлігі);

істердің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяның, алқабидің заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында олардың, сол сияқты олардың жақындарының өміріне жасалған қол сұғу (ҚР ҚК 408-бабы);

істердің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяға, алқабиге, сол сияқты олардың жақындарына қатысты өлтірумен, денсаулыққа зиян келтірумен, мүлкін бүлдірумен немесе жоюмен қорқыту (ҚР ҚК 409-бабы 1,3,4-бөліктері);

сот талқылауына қатысушыларды не судьяны және (немесе) алқабиді қорлаудан көрінген, сотты құрметтемеу (ҚК 410-бабы 1,2-бөлігі);

істердің немесе материалдардың сотта қаралуына байланысты судьяға немесе алқабиге қатысты жала жабу (ҚР ҚК 411-бабы 1,3 -бөлігі);

Көрсетілген құқық бұзушылық құрамдары Қылмыстық кодекстің «Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар» деген тарауында айқындалған, оған сәйкес қылмыстық-құқықтық заңнамада сот төрелігі қылмыстық істерді сотта қарау сатысын ғана емес, қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысын да қамтиды.

Конституциялық-құқықтық мағынасында сот төрелігі соттың құзыретіне жатқызылған құқықтық істер мен дауларды қарау және шешу жөніндегі құқық қолдану қызметі болып табылады, өйткені Конституцияның 76-бабының 2-тармағына сәйкес сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, судья ҚР Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сот төрелігін іске асыру жөніндегі өкілеттіктер берілген, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайтын және сот билігін жүргізуші болатын мемлекеттің лауазымды адамы болып табылады. Судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды. Судьяны қылмысқа қарсы күрес,

заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың құрамына енгізуге болмайды.

Сот төрелігін тек сот – судьялардан құралған арнайы мемлекеттік орган, ал жекелеген жағдайларда алқабилердің қатысуымен жүзеге асырады.

Конституцияның 75-бабының 2-тармағына сәйкес заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Судьялар мен алқабилер шешім қабылдау кезінде олардың тәуелсіздігі мен дербестігін қамтамасыз ететін ерекше құқықтық мәртебеге ие.

Заңнамада «сот төрелігі» және «сот ісін жүргізу» ұғымдары тең мағыналы әрі өзара ауыспалы ұғым ретінде жиі қолданылатынын атап өту керек.

Белгілі бір ұқсастық кезінде көрсетілген терминдердің арасындағы айырмашылықтарды сөз қолдану этимологиясына және практикасына сүйене отырып анықтауға болады.

Сот қызметіндегі «сот төрелігі» ұғымы «әділетті», «заңды»¹ деген мағынада қолданылады. Тиісінше, «сот төрелігі» ұғымында сот қызметінің негізгі мазмұнды сипаттамасына, яғни оның қағидаттарына ерекше мән беріледі. Бұл «сот төрелігі» ұғымын жалпы немесе «кең» мағынасында түсіну.

Сот төрелігін сот ісін жүргізу ұғымымен теңестірген жағдайда, әдетте салалық тиесілігіне қарай ажыратылатын түрлі санаттағы істерді қарау және шешу жөніндегі сот қызметі ретінде «тар» мағынасында түсіндіреді.

Көрсетілген ұғымдардың ара қатынасы сот төрелігінің сот ісін жүргізудің нақты түрлері арқылы іске асырылатынынан көрінеді, сондықтан сот ісін жүргізуді сот төрелігінің процестік жүзеге асырылуы ретінде қарастыруға болады.

Бұдан бөлек, сот төрелігі немесе сот мекемелері (органдары) жүйесі - негізі латын тілінен шыққан «әділет»² (justitia - әділдік) сөзінің көпқырлы мағыналарының бірі екенін атап өтеміз.

75.2. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы теориялық зерттеулер тұрғысынан айтқанда, құқықтағы «іс жүргізу» ұғымы уәкілетті органдар мен лауазымды тұлғалардың мағынасы бойынша ұқсас істерді қарау (шешу) жөніндегі процестік әрекеттерінің жиынтығына тең.

Сот қарастырып отырған істердің мағынасына қарай сот ісін жүргізу тиісті процестік заңнамада айқындалған түрлі салалық нысанда жүзеге асырылады.

¹ Қараңыз: В.И.Даль. Толковый словарь русского языка. Современная версия.–М. Изд-во Эксмо, 2003. – С.520.

² Қараңыз: Большой юридический словарь/Подред. А.Я. Сухарева, В.Е. Крутских – 2-е изд.–М.: ИНФРА-М, 2004. – С.697.

Түсіндірме беріліп отырған нормада «заңмен белгіленген сот ісін жүргізудің өзге де нысандары» деген сөз тіркесі қолданылады. Сот ісін жүргізу нысандарының толық қамтылмаған тізбесі сот төрелігін жүзеге асырудың азаматтық-құқықтық, салалық аясынан бөлек, өзге де процестік-құқықтық тетіктерін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Сот ісін жүргізудің өзге де нысандарына әкімшілік сот ісін жүргізуді жатқызуға болар еді. Алайда, әкімшілік-құқықтық заңнамада «әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу» деген кеңірек ұғым пайдаланылады, оған соттардан бөлек, басқа да мемлекеттік органдардың қатысы бар. ӘҚТК-ке сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді судьялар ғана емес, уәкілеттік берілген өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қарайды. (685-735 баптар).

Оның үстіне, қазіргі заң ғылымында әкімшілік сот ісін жүргізу (әділет) деп әкімшілік органдар (басқару органдары) мен тұрғындардың (азаматтар мен ұйымдар) арасында туындайтын жариялы-құқықтық дауларды шешумен байланысты істер бойынша жүзеге асырылатын сот төрелігі түсініледі.

1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңымен Конституцияға «заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады» деген норма енгізілген. Алайда, қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилер институты «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарына сәйкес кейінірек енгізілді.

Қазақстанда алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылуда. Алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздері «Алқабилер туралы» көрсетілген Заңмен белгіленген, ал сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу, алқабилер қатысатын істер бойынша соттылық мәселелері мен іс жүргізу ерекшеліктері ҚР ҚПК-пен реттеледі.

Алқабилердің қатысуымен соттың қарауына жататын қылмыстық істер бойынша іс жүргізу ортақ ереже бойынша, бірақ ҚР ҚПК 14-тарауында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2 және 8-тармақтарын, 76-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) және 5) тармақшаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2007 жылғы 18 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысына сәйкес Конституцияның 13-бабы 2-тармағының, 75-бабы 2-тармағының, 76-бабы 2-тармағының және 77-бабы 3-тармағы 3) тармақшасының нормалары жиынтығынан келіп туындайтыны, айыпталушының (сотталушының) өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш мәлімдеуге құқығы, өзіне алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарланған және

істің барлық материалдары танысу үшін ұсынылған кезде ғана емес, іс сотқа келіп түскен сәттен, басты сот талқылауы тағайындалғанға дейін, қылмыстық іс бойынша сотта іс жүргізу кезінде де заң арқылы берілуі мүмкін.

Осыған байланысты, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары қорғалуына қосымша кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ алқабилер қатысатын соттың әлеуетін толығырақ жүзеге асыру мақсатында, Конституциялық Кеңес Үкіметке алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу мәселелері бойынша заңнамалық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасау туралы мәселені қарастыруды ұсынды.

Көрсетілген түзетулер заңнамаға «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 10 желтоқсандағы ҚР Заңының негізінде енгізілді.

Нәтижесінде, күдікті, айыпталушы оған алдын ала тергеудің аяқталғаны туралы хабарлаған және істің барлық материалдарын танысу үшін ұсынған кезде, сондай-ақ келесі кезеңде, оның ішінде сотта істі алдын ала тыңдауда, бірақ соттың басты сот талқылауын тағайындауына дейін істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініш мәлімдеуге құқығы бар (ҚР ҚПК 634-бабы 3-бөлігі).

Алқабилер қатысатын істер бойынша іс жүргізуді реттейтін заңнаманың нормаларын қолданудың дұрыс және біркелкі практикасын қамтамасыз ету үшін «Алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарауды реттейтін заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» ҚР ЖС 2012 жылғы 23 тамыздағы № 4 Нормативтік қаулысы (өзгерістерімен және толықтыруларымен) қабылданды.

75.3. Республиканың соттарына ҚР Жоғарғы Соты, заңға сәйкес құрылған Республиканың жергілікті және басқа соттары жатады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды.

Конституцияның 81-бабына сәйкес Жоғарғы Сот азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша жоғарғы сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық саты функциясын жүзеге асырады және нормативтік қаулыларды қабылдау арқылы сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді.

Жоғарғы Сот қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды; сот практикасын зерделейді және оны қорыту негізінде республика соттарының сот төрелігін жүргізуде заңдылықты сақтауы

мәселелерін қарайды; Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстанда қолданылатын құқық болып табылатын нормативтік қаулыларды қабылдайды; Жоғары Сот Кеңесімен бірге аудандық соттың төрағасы, облыстық соттың сот алқаларының төрағалары, Жоғарғы Соттың сот алқаларының судьялары мен төрағалары лауазымдарына кадр резервін қалыптастырады; заңмен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жергілікті соттар санатына облыстық және оған теңестірілген соттар (республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары), сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот) жатады.

2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде Республиканың сот жүйесінің құрамы туралы қарастырылып отырған норма Қазақстанда Жоғарғы Сот пен жергілікті соттардан бөлек «басқа соттардың» құрылатыны туралы ережемен толықтырылды.

Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 3-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған соттар (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) құрылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта елімізде әскери, экономикалық және әкімшілік соттар, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша және кәмелетке толмағандар ісі бойынша соттар табысты жұмыс істеуде.

Сот жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын мамандандырылған соттарды Президент құрады және облыстық немесе аудандық сот мәртебесіне ие болады.

2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес сот жүйесін дамытудың негізгі арқауы соттар мен судьяларды мамандандыру болып табылады.

Заң ғылымында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жалпы құзырлы соттардың ведомстволық бағынысына беретін, жариялық-құқықтық дауларды қарайтын әкімшілік әділет жүйесін қалыптастыру мәселесі талқылануда.

Соттардың ұйымдастырылуы мен қызметіндегі кейбір айырмашылықтарға қарамастан, Қазақстанның сот жүйесінің бірлігіне заңнамалық тұрғыдан кепілдік беріледі, ол барлық соттар мен судьялар үшін ортақ және бірыңғай сот төрелігі принциптерімен, сот ісін жүргізудің бірыңғай нысандарымен және қағидаларымен, судьялардың бірыңғай мәртебесін және барлық соттарды бірыңғай қаржыландыруды бекітумен қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның сот жүйесінің ерекшеліктерін сипаттай отырып, АХҚО сотының ерекше мәртебесін атап өткен жөн, себебі ол Республиканың сот жүйесіне кірмейді және оған сот жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету

жөніндегі жоғарыда аталған талаптар қолданылмайды. АХҚО соты Республиканың сот жүйесіне кірмейтініне қарамастан, АХҚО туралы ҚР Конституциялық заңының 13-бабына сәйкес ол өз қызметінде тәуелсіз.

АХҚО-ның соты – қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізбейді және ХҚО қатысушыларының, оның органдарының және (немесе) олардың шетелдік жұмыскерлері арасында туындайтын және ХҚО жүзеге асырған және оның құқығына бағынысты, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша оған берілген кез келген операцияға қатысты дауларды қарау және шешу жөніндегі айрықша құзыретке ие.

75.4. Республиканың сот жүйесі Республиканың Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалған. Қандай да бір атаумен арнайы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Сот жүйесін қалыптастыру мен жұмыс істеуінің негізгі мәселелері Республиканың Конституциясында, ал сот жүйесінің, судьялардың мәртебесі және соттардың қызметін қамтамасыз етудің егжей-тегжейлі құқықтық сипаттамасы Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында айқындалған.

Қызметі Конституциямен және заңдармен айқындалатын құқықтық шеңберден асатын, ерекше өкілеттіктері бар арнайы және төтенше соттар құруға конституциялық тыйым салу сот билігі тәуелсіздігінің елеулі кепілдігі болып табылады.

Конституциялық нормада көрсетілетін арнаулы сот деп нені түсінеміз және «арнаулы» мен «мамандандырылған» сот ұғымдарының арасындағы айырмашылықтар қандай?

Осы сұрақтарға түбегейлі жауап Конституциялық Кеңестің түсіндіру актісінде қамтылған.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2006 жылғы 14 сәуірдегі № 1 қаулысына сәйкес Республика Конституциясының 75-бабының 4-тармағын, Республиканың сот жүйесі Конституциямен және оған сәйкес келетін конституциялық заңмен белгіленеді деп түсінген жөн.

Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді деген конституциялық норма, мынадай белгілермен сипатталатын соттарды құруға тыйым салынатынын білдіреді:

олардың құрылысы, құзыреті және құрылу тәртібі Конституциямен және конституциялық заңмен емес, арнаулы нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі;

олардың сот төрелігін жүзеге асыруы, өзге соттар үшін заңдармен белгіленген сот ісін жүргізу тәртібінен алынып тастаулар қолданыла отырып жүзеге асырылады, бұл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірілуіне жағдай жасайды;

олар құрылған және қызмет істеген кезде Конституцияның 3-бабының 4-тармағымен көзделген мемлекеттік биліктің заң шығарушы,

атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципі сақталмайды, бұл арнаулы соттардың биліктің атқарушы тармағы органдарынан ұйымдық бағыныстылығынан немесе тәуелділігінен көрінеді.

Көрсетілген қаулыда Конституцияның 75-бабының 4-тармағында берілген «арнаулы сот» ұғымы, қорыта алғанда, осы көрсетілген белгілердің тым болмаса біреуіне ие болған соттарды белгілеу үшін пайдаланылады деп атап көрсетілген.

Мамандандырылған соттар, Конституцияның 75-бабының 4-тармағында көрсетілген арнаулы соттардан айырмашылығы, Қазақстан Республикасының бірыңғай сот жүйесінің құрамдас бөлігі бола отырып, Конституцияның талаптарынан келіп туындайтын мынадай сипаттарға ие болуға тиіс:

мамандандырылған соттар Қазақстан Республикасының бірыңғай сот жүйесіне жергілікті соттар ретінде кіруге тиіс;

олардың сот жүйесіндегі орны (облыстық немесе басқа жергілікті соттарға теңестірілуі) конституциялық заңмен айқындалуы тиіс;

мамандандырылған соттарда сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылуы тиіс;

мамандандырылған соттардың соттылығы заңмен белгіленуі тиіс;

мамандандырылған соттарға қатысты сот шешімдерін қайта қарау мүмкіндігі толық күйінде қамтамасыз етілуі тиіс;

мамандандырылған соттардың ұйымдық-құқықтық құрылуы және оларда сот төрелігінің жүзеге асырылуы, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына, сондай-ақ заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігіне деген конституциялық құқықтарына нұқсан келтірілуі мүмкіндігін болдырмайтын заң нормаларына негізделуі тиіс.

Қазақстанда қандай да бір атаумен төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Төтенше сот – бұл әдеттегіден тыс ерекше жағдайларда, мысалы соғыс, төтенше жағдайда қолданылатын, мемлекеттік төңкеріс жағдайында құрылатын өзгеше сот органы. Олардың қызметі заңда белгіленген рәсімнің шеңберінен шығып кетеді, істердің қаралуы жабық сипатта болады, ал шығарылатын шешімдер шағым беруге жатпайды.

Біздің мемлекетіміздің тарихында мұндай соттар қалыпты жағдайларда да – өткен ғасырдың 30-шы жылдарында НКВД-ның «үштігі» деген атаумен әрекет етті, ол 1937–1938 жылдары КСРО-да болған соттан тыс үкім шығару органы¹.

¹ Мысалы, НКВД үштігінің құрамын – 1937-1938 жылдары жаппай операциялар барысында қамауға алынғандардың істерін қарау үшін КСРО НКВД ҚазНҚВД жанынан құрылған НКВД басқармасы 1937 жылғы 30 шілдедегі №00447 қараңыз// Яковлев А.Н. Альманах «Россия. XX век» <http://www.alexanderyakovlev.org/almanah/inside/almanah-doc/1007240>.

Олардың қызметінің бағыты жазалау болғандықтан, Конституция мен заңдардың нормаларын белден басу қаупі көптеген демократиялық мемлекеттердің өз конституцияларымен төтенше соттарды құруға тыйым салуына себеп болғанын жалпы атап өтеміз.

76-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

2. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

76.1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады.

Сот билігін Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асыру сот төрелігінің соттардың (және судьялардың) құқық қолдану қызметі арқылы мемлекет берген өкілеттіктер шегінде іске асырылатындығымен алдын ала айқындалған.

Мемлекет атынан сот төрелігін жүзеге асыру тек Конституция мен заңға бағына отырып, қолданыстағы құқық нормаларына толық әрі нақты сәйкестікпен қылмыстық, азаматтық және өзге істерді әділ және бейтарап қарауды жүзеге асыратын судьяның жария етілген тұрақтылығымен және тәуелсіздігімен кепілдік беріледі.

Сот билігі өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды мақсат етіп қояды.

Сот төрелігі қара бастың қамы емес, сотқа жүгінген азаматтардың, ұйымдардың және басқа да құқық қатынастары субъектілерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау сот қызметінің түпкілікті нәтижесі болып табылады. Осы мән-жайлардан Қазақстан жалпы сот жүйесін және оның қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған шараларды қабылдады.

Осы процесте Қазақстан Республикасының 2005 жылы АСҚХП-ны ратификациялауы айқындаушы маңызға ие, оның нормаларын орындау үшін мемлекетішілік заңнамаға сот төрелігіне қолжетімділікті кеңейту үшін қолайлы құқықтық жағдайларды жасауды қамтамасыз ететін түзетулер енгізілді.

«Өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды... мақсат етіп қояды» деген бөлігінде қарастырылып отырған конституциялық норманың мазмұны туралы айтқанда, ғылыми әдебиетте оған әр түрлі түсіндірме берілетініне назар аударған жөн.

Кей ғалымдар оған «заңмен қорғау функциясы берілмегендіктен»¹, сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асырмайды деп санайды, басқалары құқықты сот емес, құқық сотта қорғалады деп нақтылайды².

Осы конституциялық нормада түрлі құқықтық қарым-қатынас субъектілерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған сот қызметінің мақсаты туралы немесе нақтырақ айтқанда, бағыты (рөлі) туралы сөз болып отыр.

Соттардың құқық қорғау функциясы бастапқыда құқықты дамытудың конституциялық-құқықтық мақсаты ретінде белгіленген, өйткені Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес *Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады*. Сонымен бірге, Конституция адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың маңызды конституциялық-құқықтық кепілі ретінде *әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуы құқығын* жариялайды (ҚР Конституциясының 13-бабы 2-тармағы).

Қаралып отырған мәселенің құқық қорғау қызметінің мазмұнын анықтау проблемасымен тығыз байланысты, заң ғылымында ол бойынша біркелкі амалдар жоқ.

Осы жағдайларға байланысты, құқық қорғау органдары қызметін – арнайы уәкілеттік берілген органдар қызметінің ғана емес, жалпы мемлекеттік қызметтің ажырамас белгісі ретінде түсіну жалпы алғанда дұрыс деп санаймыз³.

Сот төрелігі – мемлекеттік қызметтің бір түрі және сонымен бірге құқық қолдану нысанында құқықты іске асырудың классикалық мысалы, ол жеке құқықтық актілерді қабылдау арқылы заңдық істерді қарау және шешу жөніндегі биліктік ұйымдастырушылық қызмет болып табылады

Құқық қолданудың қолданыстағы заңнаманың негізінде және оны

¹ Қараңыз. Сулейменова Г.Ж. Судебная власть в конституционной системе разделения и взаимодействия ветвей государственной власти//Проблемы согласованного функционирования органов государственной власти Республики Казахстан и системы сдержек и противовесов. Алматы, 2006. – С.264.

² Қараңыз. Лапин Б.Н. Аналитическая записка о Конституционном законе Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей»// Суды без коррупции: Сб. материалов исследования. Алматы, 2001. 9-бет.

³ қараңыз, мысалы: Саакян Д.О. О правоохранительной деятельности и правоохранительных органах в Российской Федерации//<https://cyberleninka.ru/article/v/o-pravoohranitelnoy-deyatelnosti-i-pravoohranitelnyh-organah-v-rossiyskoy-federatsii>

орындау үшін, құқықтық қарым-қатынас субъектілерінің құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатыны белгілі.

Осыдан түсінік берілетін конституциялық ереженің екінші бөлігі – «сот билігі ... Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қоятыны» туындайды, өйткені заңдық істер мен дауларды қарау қоғамдық қатынастарды қараудың тиісті нысанасын реттейтін нормативтік-құқықтық базаға жүгінуді білдіреді.

Осы тұрғыда «қолданыстағы құқық» ұғымын пайдалану Қазақстан үшін өзгеше болып табылады, яғни Конституцияның 4-бабының 1-тармағына сәйкес ол Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады¹.

Бұл жағдайда, қолданыстағы құқық, яғни қолданыстағы құқықтық нормаларды сипаттау үшін пайдаланылатын нақты құқық туралы және олардың күшін жойған немесе заңды күшін жоғалтқан нормаларынан, сондай-ақ әлі қабылданбаған бірақ келешекте қабылануы тиіс, тек заң, ұсыныс, талап, құқықтық идея түріндегі ұсыныстар мен нормалардан аражігін ажырату туралы айтылады².

Осылайша, Конституцияның 76-бабының 2-тармағы соттар қызметінің қолданыстағы құқық нормалары міндетті түрде іске асырылған (қолданылған) жағдайда сот билігінің құқық қорғау функциясын іске асыруға бағытталғанын айқындайды.

76.2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттары негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Осы конституциялық нормаға Конституциялық Кеңес нақты конституциялық-құқықтық мәселелерді қарау кезінде екі мәрте түсіндірме берген.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы» ҚР КК 1999 жылғы 29 наурыздағы № 7/2 қаулысында «Сот билігі Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады» деген Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы 2-тармағының нормасын

¹ Қараңыз. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына және 12-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы» ҚР КК 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 қаулысы.

² Трубецкой Е.Н. Лекции по энциклопедии права–М., 1916. С.12. Цит. по https://ru.wikipedia.org/wiki/Позитивное_право.

Республикада сот әділдігін сот ісін жүргізудің заң белгілеген нысаны арқылы тек сот жүзеге асырады деп түсіну қажет деп айқындалған. Сотқа заң негізінде адамның және азаматтың кейбір конституциялық құқықтарын шектеуге жол беретін шешімдер, үкімдер және өзге де қаулылар қабылдауға, лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарауға, мемлекеттік органдардың Конституция мен Республика заңдарына қайшы келетін заңсыз актілерін бұзуға құқық берілген.

Ұлттық банктің екінші деңгейдегі банкілердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу мәселелеріне байланысты Конституциялық Кеңестің түсіндіру актісінде конституциялық құқықтарды алдын ала сот шешімінсіз заңға сәйкес (мүліктен күштеп айыру нысанында) шектеуге болатынын атап көрсеткен, сонымен бірге мемлекеттік органның шешіміне сот тәртібімен кейіннен шағым беру мүмкіндігін жоққа шығармайды¹.

Жоғарыда жазылғандарды негізге ала отырып, әңгіме соттардың қарайтын нысанасы заңмен олардың қарауына жатқызылған барлық істер мен даулар болып табылатыны туралы болып отырғанын атап өтеміз. Мұндай істер мен даулардың ауқымы аталған құқықтық бастаулармен реттелетін қоғамдық қатынастардың мазмұны бойынша айқындалады.

Халықаралық шарттардан туындайтын істер мен даулар туралы айтқанда, Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика ратификациялаған халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болатынын ескеру керек.

76.3. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Соттар қызметінің сөзсіз нәтижелі болуына және мемлекет сот актілерінің міндетті екендігіне кепілдік беруіне байланысты, сот төрелігі құқықтық қатынастар субъектілерінің заңды құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік қорғаудың ең пәрменді ұйымдық нысандарының бірі ретінде танылған².

«Соттардың шешімдері, үкімдері және өзге де қаулыларының» міндеттілігі сот анықтаған мән-жайларға, олардың құқықтық бағасына және сот актілерінде көрсетілген нұсқамаларға қатысты міндеттілікті білдіреді.

Процестік заңнама нормаларына сәйкес заңды күшіне енген үкімдер, шешімдер, қаулылар, ұйғарымдар, бұйрықтар барлық мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары,

¹ Қараңыз. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы 3-тармағын және 76-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы»

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 21/2 қаулысы.

² Азаматтық істер бойынша сот актілерінің нысандары туралы «Сот шешімі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысынан толығырақ қараңыз

қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар мен азаматтар үшін міндетті болып табылады.

Сот актілерін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындауға жатады және оларды орындамау, сондай-ақ олардың орындалуына кедергі жасау қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

ҚР ӘҚТК 669-бабына сәйкес сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау – жеке тұлғаларға, кәсіпкерлік субъектілеріне айыппұл салуға, ал лауазымды адамдарға, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға айппұл салуға немесе әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Сонымен бірге, заңды күшіне енген үкімді, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау қылмыстық жауаптылықты көздейді (ҚР ҚК 430-бабы).

Сот актілерін орындамағаны, сондай-ақ олардың орындалуына кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа үкімге, шешімге және өзге сот актісіне байланысты атқарушылық іс жүргізу барысында белгілі бір әрекеттерді жасауға міндетті адам ғана тартылады. Бұл ретте, борышкердің сот актісін оның белгілі бір бөлігінде орындауға мүмкіндігінің болмауы не толық көлемінде орындай алмауы адамды аталған жауапкершілік түрлеріне тарту мүмкіндігін жоққа шығарады¹.

Аталған норманы түсіндіруді аяқтай отырып, дербес құқықтық институт болып табылатын атқарушылық іс жүргізудің «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі ҚР Заңымен регламенттелетінін атап өтеміз.

77-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

3. Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

¹ Қараңыз. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» (өзгерістері және толықтыруларымен) № 12 нормативтік қаулысы.

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

1.1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

Судьялардың тәуелсіздігі мемлекеттік биліктің сот тармағы дербестігінің көрінісі болып табылады.

Судьялардың тәуелсіздігі принципінің маңызы кімнің де болсын ықпал етуінен еркін тек тәуелсіз сот қана заңдық істі немесе дауды мәні бойынша бейтарап және объективті қарап, шеше алатынында болып отыр.

Әділ сот төрелігінің қажетті алғышарты ретінде судьялардың тәуелсіздігіне судьялардың құқықтық мәртебесін, сот құрылысын, және сот қызметін жүзеге асырудың процессуалдық тетіктерін айқындайтын Конституцияның және заңдардың (кодекстердің) нормалармен кепілдік беріледі.

Судьялардың және жалпы сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мыналарды:

сот төрелігін жүзеге асырудың ерекше рәсімі және олардың қызметіне араласқаны үшін жауапкершілік;

судьяға ешкімнің тиіспеуі және оның отставкаға шығу құқығы;

лауазымға тағайындаудың (сайлаудың) ерекше тәртібі, өкілеттіктерді тоқтату және тоқтата тұру рәсімдері;

судьяны мемлекеттік материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етудің жоғары деңгейі;

судьяларды, олардың отбасы мүшелерін және оларға тиесілі мүлікті міндетті мемлекеттік қорғау жүйесін қамтитын құқықтық шаралар бағытталған.

«Судья сот төрелігін іске асыру кезінде ... Конституция мен заңға ғана бағынады» деген конституциялық тұжырым сот ісін жүргізу процесінде заңдылық принципін іске асыру қажеттігін білдіреді.

Бір жағынан, соттардың қызметі Конституция мен заңдардың қолданыстағы нормаларының шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс, екінші жағынан – судьялардың құқық қолдану процесінде конституциялық нормалар мен заң нормаларының басым маңызы бар нормативтік құқықтық актілердің қолданыстағы сатысын сақтау міндеті белгіленген¹.

Заңдылық принципі сот ісін жүргізу процесін, сот органдарының жұмыс істеу тәртібі мен жағдайларын заңнамалық деңгейде реттеудің міндеттілігін де алдын ала айқындап берді.

77.2. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша соттар есеп бермейді.

Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейтіні, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғатыны туралы конституциялық норма кімнің де болсын қандай нысанда болмасын заңдық істер мен дауларды қарау бойынша соттың қызметіне араласуға құқығы жоқ екенін білдіреді.

Қарастырылып отырған конституциялық нормада нақты іс бойынша шешім шығарылғанға дейін, соттың Конституция мен заңдарға негізделген, объективті және бейтарап сот төрелігін іске асыруына кедергі келтіру мақсатында сотқа кімнің де болсын тарапынан кез келген түрдегі заңсыз ықпал етуі туралы сөз болып отыр.

Сот органдарының заңды және бейтарап қызметін қамтамасыз ету және сот ісін жүргізу процесіне заңсыз ықпал етуді болдырмау мақсатында соттың қызметіне араласқаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Сот төрелігін іске асыруға кедергі келтіру мақсатында соттың қызметіне қандай нысанда болмасын араласу қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады, бұл ретте аталған қылмыстық құқық бұзушылықты саралау белгісі адамның қызмет бабын пайдалана отырып жасауы болып табылады (ҚР ҚК 407-бабы 1 және 3-бөлігі).

«Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деген конституциялық ереже судья мәні бойынша қаралған немесе іс жүргізуіндегі сот істеріне қандай да бір түсіндірмелер беруге міндетті еместігін білдіреді.

¹ Құқықтық актілер туралы ҚР Заңының 10-бабынан нормативтік құқықтық актілердің сатысы турады қараңыз.

Осы норманы іске асыру кепілдіктері әр алуан. Дегенмен, олардың тікелей көрінісін келіп түскен өтініштерді қараудың қолданыстағы рәсімдерінен, сондай-ақ сот ісін жүргізуді жүзеге асырудың оңтайлы жағдайларын жасауға бағытталған ұйымдастыру шараларынан табуға болады.

Мәселен, сот ісін жүргізудің барлық жағдайларында кеңесу бөлмесінің құпиясы қамтамасыз етіледі, ал сот ісін жүргізуде көзделген тәртіпке қарамастан берілген сот істері бойынша, сондай-ақ соттың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша өтініштерді сот қараусыз қалдыруға не тиісті органдарға жіберуге тиіс.

Сонымен қатар, судьяға сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұру міндеті жүктеледі.

77.3. Конституцияның 77-бабының 3-тармағында сот ісін жүргізудің негізгі принциптері айқындалған, олар құқық қолдану принциптері ретінде сипатталады: *«заңды қолданған кезде судья мына принциптерді басшылыққа алуға тиіс...»*.

77.3.1) Адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі.

Бұл АСКХП-де жария етілген құқықтың негізгі принциптерінің бірі: *«Қылмыстық іс бойынша айыпталған әрбір адам, кінәсі заң бойынша дәлелденгенге дейін, кінәсіз деп есептелуге құқылы»* (14-баптың 2-тармағы).

Кінәсіздік презумпциясы (жорамал) принципі әр адам оның қылмыстық құқық бұзушылық (қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық) жасағандығы үшін кінәлілігі көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналатынынан тұрады.

Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс (ҚР ҚПК 19-бабы).

Сотта оның қылмыс жасағаны үшін кінәлі екендігі дәлелденгенге және тиісті үкім заңды күшіне енгенге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында да адамның кінәлі екені туралы пайымдаулар мен пікірлерге жол берілмейді.

Сот ісін жүргізудің осы принципінің ерекшелігі оның соттық құқық қолданудың өзге де конституциялық принциптерімен өзара байланысуы болып табылады: айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес (Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 6) тармақшасы) және адамның

кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады (Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 8) тармақшасы).

Сол себепті, айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және сот талқылауы барысында сотталушының қылмыс жасауда кінәсі дәлелденген жағдайда қабылданады.

Кінәсіздік презумпциясы оның көріністерінің барлық нысандарында айыптауға бейімдікті теріске шығара отырып, айыпталушыны кінәлі еместігін дәлелдеу міндетінен босатады. Адамның қылмыс жасауға кінәлі екенін дәлелдеу міндеті заңмен айыптаушыға жүктеледі.

Кінәсіздік презумпциясының күші сот төрелігі саласымен шектелмей, қылмыстық процестің барлық сатыларында және оған қатысушылардың барлығына қолданылатынын атап өту қажет.

77.3.2) Бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды.

Сот ісін жүргізудің көрсетілген принципі АСКХП-де: «Ешкім де, егер жасаған қылмысы үшін әрбір елдің заңы мен қылмыстық іс жүргізу құқығына сәйкес кезінде үзілді-кесілді сотталып немесе ақталған болса, онда осы қылмысы үшін екінші рет сотталуға немесе жазалануға тиіс емес», деп айқындалған (14-баптың 7-тармағы).

Заңнамаға сәйкес бір сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол берілмейді (ҚР ҚПК 20-бабы), бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де екі рет әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайды (ҚР ӘҚтК 12-бабы).

Сот ісін жүргізудің осы принципі әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық қатынастарда қолданыла отырып, кейбір салалық ерекшеліктерге ие.

Мысалы, қылмыстық-құқықтық салада жаза тағайындаған кезде жасалған қылмыстың сол мән-жайларын қайталап ескеруге жол берілмейді, егер ауырлататын мән-жай ҚР ҚК ерекше бөлігіндегі бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде қарастырылса, онда ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайталап ескерілмеуі керек (ҚР ҚК 54-бабының 2-бөлігі).

77.3.3) Өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды.

Аталған конституциялық норма АСКХП 14-бабының 1-бөлігімен түйіндеседі, ол әркімнің өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыпты қарау кезінде немесе қандай да бір азаматтық процестегі өзінің құқықтары мен міндеттерін анықтау кезінде заң негізінде құрылған соттың істі әділ және жария талқылауын талап етуге құқығын, заң бойынша соттылығына жататын соттың және судьяның оның ісін қарауы құқығын айқындайды.

«Маңғыстау облыстық сотының Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 292-бабының алтыншы бөлігін конституциялық емес деп тану туралы ұсынымы жөнінде» ҚР ҚК 1999 жылғы 5 мамырдағы

№ 8/2 қаулысында Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасы істердің соттылығы туралы ережелердің болуын көздейді деп көрсетілген. Соттардың әртүрлі деңгейінің құзыреті заңмен олардың басқаруына жатқызылған істердің шеңбері бойынша ғана анықталады. Сонымен бірге еліміздің сот жүйесінің барлық буындарында істерді қараудағы іс жүргізу тәртібі барлық сотталушыларға қатысты бірыңғай және міндетті болып табылады және тұлғалардың бір тобына қандай-да бір жеңілдіктер жасамайды, сондай-ақ кімнің де өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуы құқығына нұқсан келтірмейді.

Соттылық (белгілі бір соттың жүргізуіне жатқызылған істердің шеңбері), сондай-ақ соттылықты айқындау ережесі процестік заңнамамен анықталады, бірақ оны өзгерту ісі сотта қаралып жатқан адамның келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын; 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысында аталып өткендей, іс жүргізу заңымен әртүрлі санаттағы істердің соттылығын анықтағанда өзіндік ерекшелігі, күрделілігі, істің қоғамдық мәні, оны тез және тиімді шешудің қажеттілігі ескеріледі. ҚПК немесе АПК нормаларында көрсетілгендей осы конституциялық ереженің негізінде іс бойынша тараптардың келісімінсіз істің соттылығын өзгертуге болмайды. Бұл конституциялық нормалардың тікелей қолданылатынын және заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларынан олардың басым болатынын белгілейтін Конституцияның 4-бабының 2-тармағынан туындайды. Сондықтан адамға және оның ісіне заңда көрсетілгенге сәйкес келмейтін, оның бұған келісімі жоқ кезде сотты болушылығын анықтау жағдайын Негізгі Заңның 77-бабы 3-бөлігінің 3) тармақшасындағы конституциялық норманы бұзу ретінде қарау керек.

Соттылығы бойынша заңмен жатқызылған сотта оның ісін қарауға адамның құқығын тану сот арқылы қорғалу және сот төрелігіне кедергісіз қол жеткізу құқықтарының кепілдіктерінің бірі ғана емес, әркімнің заң мен сот алдында тең болу көріністерінің бірі болып табылады¹.

77.3.4) Сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.

Сот процесіне әрбір қатысушыға өз сөзін тыңдату құқығын беру олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қажет кепілі болып табылады.

Сотта әркімнің өз сөзін тыңдату құқығы тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде сот ісін жүргізумен алдын ала айқындалған,

¹ ҚР КК 2007 жылғы 18 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2 және 8-тармақтарын, 76-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) және 5) тармақшаларын ресми түсіндіру туралы» № 4 Нормативтік қаулысы

өйткені сот процесінде оған қатысушылардың тең мүмкіндіктерінің негізінде іс бойынша шындықты анықтау үшін және ең соңында негізделген сот шешімін қабылдау үшін онтайлы жағдайлар жасалады.

Іс жүргізу заңнамасы сотты тараптардың құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін істің мән-жайын толық және объективті зерттеуге қажет жағдайлар жасауға, іске қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, іс жүргізу әрекеттерін жасау салдары туралы ескертуге, заңда көзделген жекелеген жағдайларда оларға құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесуге міндеттейді.

Осы конституциялық норманы іске асыру үшін сот ісін жүргізу тілін қамтамасыз ету туралы талап көзделген, оған сәйкес процеске қатысушылар өзінің ана тілінде немесе басқа тілде түсіндіруге, іс материалдарының тегін аудармасына және аудармашының қызметін өтеусіз пайдалануға құқығы бар.

Сот ісін жүргізуге қатысушыларға өз позициясын талап етуге тең мүмкіндіктер берілген, ал сот шешімі тараптарға әрқайсысы зерттеуге бірдей негіздерде қатысқан дәлелдемелерге ғана негізделуі тиіс.

77.3.5) Жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады.

Осы конституциялық ереженің мазмұны егер қылмыс жасалғаннан кейін барынша жеңіл жаза қолданылса, бұл заңның сол қылмыскерге қолданылуын белгілейтін АСҚХП-ның 15-бабының 1-тармағына сәйкес келеді.

«Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарына, 24-бабының 2-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы» ҚР КК 1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 қаулысына сәйкес жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайларын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Конституцияның аталған нормасын азаматтардың құқық бұзушылық жасағаны үшін заңдық жауапкершілігін реттеу саласына жататын және жауапкершіліктің жаңа түрлерін белгілейтін немесе оны жаңа санкциялар енгізу жолымен күшейтетін, яғни қылмыстық құқық бұзушылық жасаған азаматтардың жағдайларын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды деп түсінген жөн. Құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауаптылық заңмен алып тасталса немесе жеңілдетілсе, онда жаңа заңның кері күші болады.

Заңның кері күші қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық жауапкершілік туралы заңнамада жан-жақты айқындалған.

ҚР ҚК 6-бабына сәйкес іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе

жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады. Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылығын жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, осы іс-әрекетті жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды¹.

Заңның кері күшін айқындауда осындай әдіс ҚР ӘҚТК 5-бабында да көзделген. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін немесе оның күшін жоятын не әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның жағдайын өзге түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалмаған құқық бұзушылыққа қолданылады. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін немесе тұлғаның жағдайын өзге түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды.

Құқықтық актілер туралы ҚР Заңының 43-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің кері күші оның өзінде немесе нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу туралы актіде көзделген, сондай-ақ кейінгісі азаматтарға жүктелген міндеттерді алып тастайтын немесе олардың жағдайын жақсартатын жайттар осы баптың қағидаларына кірмейді.

Сонымен қатар, аталған Заң *азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын нормативтік құқықтық актілердің кері күші болмайтынын айқындайды* (43-бап 3-тармақ).

Көрсетілген норма жалпы құқықтық ереже ретінде, яғни салаларға және қолданылу жағдайына қатыссыз баяндалғандықтан, оны нақтылау (детализациялау) қажет деп санаймыз.

Біздің ойымызша, оны Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасы мәнмәтініде қарау қажет, онда азаматтарға жаңа міндеттерді жүктеу және олардың жағдайының нашарлауы туралы *азаматтардың құқық бұзушылықтар үшін заңдық жауапкершілігі мәселелерін реттейтін заңдарға қатысты* айтылады.

¹ ҚР КК «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану бойынша сот практикасы туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №15 НҚ қараңыз.

Бұл тұжырым Конституциялық Кеңестің жоғарыда аталған түсіндіру актісінен туындайды, онда заңдардың кері күші туралы норманың соттарға, мемлекеттік органдарға және құқық қолдану практикасын жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларға қолданылатыны белгіленген. Бұдан бөлек, *Парламенттің қалыптасқан жағдаяттар мен тиімділік принципі негізінде жаңа заңдық нормаларды белгілеуге*, оның ішінде – әрдайым өзгеріп отыратын және серпінді қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жоюға құқығы бар екені аталып өтілген. Бұл ретте, Парламент қабылдаған заңдар егер ол туралы шешім заңның өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы қаулыда бекітілген болса, кері күшпен әрекет етуі мүмкін.

77.3.6) Айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

Бұл конституциялық ережені іске асырудың кепілі тағылған айыпты дәлелдеу міндеті айыптаушыға жүктелетіні болып табылады.

Сот процесінде айыптау тарабында әрбір қылмыстық істі қараған кезде мемлекеттік не жеке айыптаушы міндетті түрде болуы тиіс.

ҚР ҚПК 121-бабына сәйкес дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады.

Қылмыстық істі қарайтын сот объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып, айыптау және қорғау тараптарына істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге олардың құқықтарын іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауға тиіс. Сонымен бірге сот аталған тараптардың пікірлерімен байланысты емес және өз бастамасымен іс бойынша шындықты анықтау үшін қажетті шаралар қабылдауға құқылы.

77.3.7) Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес.

Бұл норма әрбір адамның өзіне тағылған кез келген қылмыстық айыптауды қарау кезінде өз-өзіне қарсы айғақ беруге немесе өзін-өзі кінәлі деп мойындауға мәжбүрленбеуіне құқығы бар екенін айқындайтын АСҚХП-ге сәйкес келеді (14-баптың 3-тармағы).

Ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес, оларға ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынған, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілері, қарындастары, атасы, әжесі, немерелері жатады (ҚР ҚПК 28-бабы 1-бөлігі 7-бабы 11-тармақшасы).

«Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес» деген конституциялық норма дініне қарай тәубе үстінде діни қызметшілерге қылмыс (құқық бұзушылық) жасағанын не оған қатысы барын мойындап, сырын ашқан адамдардың заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Діни қызметшілердің өздеріне сеніп сырын ашқан адамдарға қарсы куәгерлік айғақ беруден бас тарту мүмкіндігі заң шығарушының діни қағидаларда белгіленген қоғамдық мораль нормалары мен жалпы адами құндылықтардың мызғымастығын мойындауының дәлелі болып табылады.

Түсіндірме беріліп отырған конституциялық нормада көрсетілген адамдар айғақ беруден бас тартуға құқылы және олар бұл үшін қандай да бір жауаптылыққа тартылмайды.

77.3.8) Адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады.

Кінәсіздік презумпциясының процестік құрамдасы болып табылатын бұл ережеге қылмыстық-процестік заңнамада түсіндірме беріледі.

Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс (ҚК ҚПК 19-бабы 3 және 4 бөлігі).

Басқаша айтқанда, егер барлық дәлелдер сотталушыны қорғау үшін тексерілмесе және бағаланбаса, оның кінәлі екендігіне күдік сейілмесе, сот болжамдарға негізделген айыптау үкімін шығаруға құқығы жоқ, егер қабылданған шаралармен күдік сейілмесе, онда олар сотталушының пайдасына түсіндіріледі.

Қылмыстық процестік заңнаманың кез келген күдік айыпталушының пайдасына түсіндірілетіндігі туралы нормасы, тиісті орган осы мақсатта заңмен көзделген барлық шараларды қабылдағаннан кейін сейілте алмаған күмәнге ғана қатысты болады¹.

Қосымша дәлелдемелерді жинақтаудың барлық тәсілдері толығымен пайдаланылған, ал іс бойынша жиналған дәлелдемелер адамның кінәлілігі не кінәсіздігі туралы бір мәнді тұжырым жасауға мүмкіндік бермеген жағдайларда, күдік сейілген жоқ деп танылады.

77.3.9) Заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес.

Егер дәлелдемелерді жинау кезінде Конституцияда кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары немесе іс жүргізу заңымен белгіленген оларды жинау және бекіту тәртібі бұзылса, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау мен бекітуді тиісті емес органмен (немесе тұлғамен) не іс жүргізу нормаларында көзделмеген әрекеттердің нәтижесінде жүзеге асырылса, онда олардың заңды күші болмайды.

¹ ҚР КК 2003 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-бабын, 175-бабы 3-бөлігінің «в» тармағын, 178-бабы 3-бөлігінің «в» тармағын, 179-бабы 3-бөлігінің «г» тармағын және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 19-бабы 3-бөлігін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсынысы туралы» № 9 қаулысы

Заңды түрде алынған, олардың негізінде сот іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады (толығырақ ҚР АПК-нің 64-бабының 1-тармағынан, ҚПК-нің 111-бабының 1-тармағынан, ӘҚТК-нің 765-бабының 1-тармағынан қараңыз). Дәлелдемелер ретінде рұқсат етілмейтін іс жүзіндегі деректердің тізбесі де іс жүргізу заңдарымен айқындалады (ҚР АПК-нің 66-бабы, ҚПК-нің 112-бабы, ӘҚТК-нің 765-бабының 3-тармағы).

ҚР ҚПК 115-бабының 3-бөлігіне сәйкес күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін.

Осылайша, ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес деген конституциялық норма адамның өз кінәсін мойындауын, егер онда іс бойынша жинақталған дәлелдемелердің жиынтығымен расталған қылмысты жасаудың нақты мән-жайлары туралы мәліметтер қамтылмаса, соттың айыптау үкімінде негізге алуға болмайтынын білдіреді.

77.3.10) Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Заңның ұқсастығы – бұл құқық қолдану процесінде анықталған мазмұны бойынша ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын құқықтағы кемшіліктерді еңсеру тәсілдерінің бірі.

Заң ұқсастығы да, құқық ұқсастығы да қоғамдық қатынастардың азаматтық-құқықтық саласында бар.

Даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған жағдайда дауды заңдардың жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып шешеді (ҚР АПК 6-бабының 4-тармағы).

Қоғамдық қатынастарды реттеудің қылмыстық-құқықтық саласындағы заң ұқсастығы қолданылмайды. Қылмыстық құқық бұзушылық деп (қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық) ҚР ҚК-де қарастырылған әрекеттер саналады, сондықтан қылмыстық құқықтағы олқылықтар еңсерілмейді, тек қылмыстық заңға (кодекске) өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы толтырылады, ал құқық қолдану оның нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

77.4. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

ҚР Конституциясының 77-бабы 3-тармағымен айқындалған сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылғанымен, олардың практикада іске асырылуы сот ісін жүргізудің нақты нысанына байланысты.

Конституцияда белгіленген сот төрелігінің негізін құрайтын принциптер сот органдарын ұйымдастыру мен оны қызметінің жалпы заңдылықтарын көрсетеді. Олар адамның және азаматтың конституциялық мәртебесін айқындайтын жалпы құқықтық принциптермен, сондай-ақ мемлекеттік билік берген органдар мен тұлғалардың қызмет етуінің негізгі құқықтық бастамаларын сипаттайтын принциптермен белгіленеді.

Сот төрелігі принциптеріне конституциялық мәртебе беру оның функцияларының құқық қорғау бағыты ескеріле отырып, мемлекеттік билік жүйесіндегі сот билігі тармағының маңыздылығы, сондай-ақ сот ісін жүргізудің мазмұндылығы және процестік сипаттамасы тұрғысынан жүзеге асырылды.

Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларына негізделген сот төрелігі принциптері сотта құқық қолдану үшін міндетті болып табылатын бірыңғай құқықтық ережелерді құра отырып, бір-бірімен ажырамас байланыста әрекет етеді.

Конституциямен, Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңымен, сондай-ақ өзге заңдармен белгіленген сот төрелігінің барлық соттар мен судьяларға ортақ және бірыңғай принциптері отандық сот жүйесінің бірлігін қамтамасыз етудің маңызды құқықтық кепілі болып табылады.

78-бап

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Конституциялық іс жүргізуге бастамашылық ету арқылы заң шығарушы және атқарушы органдардың актілеріне конституциялық бақылауды жүзеге асыру процесіне қатыса отырып, соттар белгіленген «тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесінің негізінде мемлекеттік биліктің басқа тармақтарымен өзара іс-қимыл функциясын іске асырады.

Конституциялық Кеңеске соттық жүгінудің негізі – соттың қарап шешуі¹, яғни соттың өздері қолданатын заңның немесе нормативтік

¹ «қарауы» деген «анықтау», «табу» дегенді білдіреді. Қараңыз. С.И.Ожегов, Н.Ю.Шведова Орыс тілінің түсіндірме сөздігі.—4-басылым.М.,2003.839 б.

құқықтық актінің адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіру немесе шектеу¹ фактісін табуы немесе анықтауы болып табылады.

Көп жағдайда бұл соттың болжамы болып қалады, өйткені заңның немесе өзге нормативтік құқықтық актінің конституциялығы немесе конституциялық еместігі туралы түпкілікті шешімді – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қабылдайды.

Аталған сот құқығын іске асырудың процестік тәртібі – іс бойынша іс жүргізуді міндетті түрде тоқтата тұру және ұсынысты Конституциялық Кеңеске жолдау болып табылады.

Процестік заңнаманың нормаларына сәйкес, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті. Сот Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімін алғаннан кейін іс бойынша іс жүргізу қайта басталады (ҚР ҚПК 10-бабы 2-бөлігі, ҚР АПК 6-бабы 2-бөлігі, ҚР ӘҚТК 8-бабы 3-бөлігі).

Егер Конституциялық Кеңес басқа соттың бастамасымен осы іс бойынша қолданылуға жататын нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексеріп жатқаны белгілі болған жағдайда, соттарға іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру міндеті жүктеледі.

Бұл ретте, азаматтық сот ісін жүргізу кезінде егер Конституциялық Кеңес басқа соттың бастамасымен осы іс бойынша қолданылуға жататын нормативтік құқықтық актінің конституциялылығын тексеріп жатқаны белгілі болған жағдайда сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға міндетті (ҚР АПК 272-бабы 1-бөлігінің 5) тармақшасы).

Қылмыстық сот ісін жүргізуде сот *тараптардың өтінішхаты бойынша* қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді толықтай немесе тиісті бөлігінде тоқтата тұруға немесе егер Конституциялық Кеңес басқа соттың бастамасымен осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын заңды немесе өзге нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынысты іс жүргізуіне қабылдаса, үкім шығаруды кейінге қалдыруға міндетті (ҚР ҚПК 45-бабы 2-бөлігі, 390-бабы 6-бөлігі).

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңының 39-бабының 2-тармағына сәйкес конституциялық емес, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілер заңдық күшінен айрылады, қолданылуға жатпайды және олардың күші жойылады. Мұндай заңға немесе өзге де құқықтық актіге негізделген соттардың және өзге құқық қолданушы органдардың шешімдері орындалуға жатпайды.

Конституциялық емес деп танылған заңға немесе өзге нормативтік актіге негізделген сот шешімдері орындалуға жатпайды деген норма салалық заңнамада да қамтылған.

¹ «нұқсан келтіру» «шектеу» мағынасын да қараңыз. 846 б.

Құқық қолданудың қылмыстық-құқықтық саласында қолданылатын ережеге сәйкес, егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда қылмыстық іс тоқтатылуға жатады (ҚР ҚК 35-бабы 1-бөлігінің 6-тармақшасы), ал үкімді орындау сатысында сот үкім шығарған кезде жазадан босату немесе жазаны жеңілдету, сотталған адам жасаған іс-әрекеттің саралануын өзгерту, жазалау мерзімін қысқарту, қылмыстың қайталануы туралы мәселелерді шешуі қажет (ҚР ҚПК 476-бабы 15) тармақшасы).

Сот актісін шығару кезінде сот қолданған заңның немесе өзге нормативтік құқықтық актінің конституциялық емес деп танылуы іс бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға және сот актісін жаңадан ашылған (ҚР ҚПК және ӘҚТК) немесе жаңа мән-жайлар бойынша (ҚР АПК) қайта қарауға негіз болады.

Соттардың осы саладағы құқықтық негіздері мен қызмет жағдайларын сипаттай отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілердің кейінгі конституциялық бақылауы туралы айтылып жатқанын атап өту қажет.

Конституцияда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады деп баянды етілген (12-баптың 2-тармағы).

Бұл конституциялық принцип сот өтініші нысанасының негізі болып табылғанымен, қазақстандық конституциялық-құқықтық ғылымда соттың бастамасы бойынша конституциялық бақылау аясын кеңейту туралы мәселе қойылған.

Мәселен, конституциялық іс жүргізуде заңды тұлғалардың (ұйымдардың) заңнамамен «нұқсан келтірілген» құқықтары мен бостандықтарын немесе жалпы мемлекеттің мүддесін қорғау ұсынылады.

Мемлекет мүдделерін қорғаудың қажеттілігі туралы қазақстандық белгілі ғалым Ғ.С. Сапарғалиев жазған болатын, оның көзқарасы бойынша, мемлекет мүдделерін «мемлекет мүдделеріне қысым жасауға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық шараларды» конституциялық емес деп тану арқылы қорғауға болады¹.

Соттардың өтініштері бойынша конституциялық бақылаудың

¹ Конституциялық қорғауды қажет ететін мемлекеттік мүдделер туралы толығырақ қараңыз. Сапарғалиев Г. Конституционное право РК: Академический курс. Алматы: 2005, 419-420-беттер.

нысанасы туралы сөз қозғағанда, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы да, осыған ұқсас мазмұндағы халықаралық шарттарды ресми жариялау да оларды қолданудың міндетті шарты болып табылатынын ескеру керек¹.

Соттар бастамашылық еткен конституциялық бақылауды жүзеге асырудың тағы бір ерекшелігі соттар өзінің іс жүргізуінде нақты заңды іс болған кезде ғана, осыған орай қолдануға жататын заңды немесе өзге де нормативтік актінің конституциялық еместігі туралы мәселе туындағанда Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті болып табылады. Осы себептен Конституциялық Кеңес іс қаралған және ол бойынша сот шешімі қабылданған соң, сондай-ақ нормативтік актінің конституциялық еместігі мазмұнынан көрініп тұрған, бірақ сот ісін жүргізуде іс болмаған жағдайларда соттардың ұсыныстарын қарай алмайды.

Конституциялық Кеңес туралы ҚР Конституциялық заңына 2017 жылы 15 маусымда енгізілген түзетулерге сәйкес 22-баптың 3-тармағынан сот төрағасының сот өтінішіне қол қою құқығы туралы ереже алынып тасталған. Осылайша, Конституциялық Кеңеске өтініштерге енді сот ісін жүргізу барысында заңның немесе өзге нормативтік құқықтық актінің конституциялық емес екенін анықтаған судья қол қоюға құқылы.

Мамандандырылған конституциялық бақылау функцияларының және соттардың заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі функцияларының ара жігін ажырату мәселелері – конституциялық бақылаудың тиімділігін күшейтудің практикалық аспектілерінің бірі.

Бұрын заң ғылымында соттарға заңдарды (нормативтік құқықтық актілерді) тікелей конституциялық бақылау функцияларын беру арқылы олардың өкілеттіктерін кеңейту туралы ұсыныстар айтылған, өйткені қолданыстағы тетігі азаматтардың заңды конституциялық деп тану арқылы өз құқықтарын тікелей қорғауларына заңдық мүмкіндік бермейді.

Көрсетілген ұсыныстарды іске асыру Конституциялық Кеңес пен соттардың арасында өкілеттіктердің қайталануымен байланысты күрделі құқықтық жағдаяттар тудыратыны сөзсіз. Оның нәтижесі қатар әрекет ететін конституциялық бақылаудың екі жүйесінің болуына немесе тек қана жалпы юрисдикциядағы соттар жүзеге асыратын конституциялық бақылаудың америкалық нұсқасына әкеп соғар еді.

Конституциялық Кеңес пен соттардың өзара қарым-қатынасы заңдылық пен конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы өкілеттіктерін заң жүзінде оңтайлы аражігін ажырату негізінде құрылуға тиіс.

¹Қараңыз; «Нормативтік құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 30-бабы, «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 Нормативтік қаулысының 5-тармағы.

Сонымен қатар, соттар қолданылып отырған нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп болжаған әр жағдайда конституциялық заңдылықтың мүддесі үшін Конституциялық Кеңеске жүгіну құқықтарын пайдаланулары керек, себебі қолданылып отырған нормативтік құқықтық актінінің конституциялығына сәл ғана күдік туындаған кезде конституциялық бақылау органына міндетті жүгінгенде ғана адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары нақты қорғалатынына кепілдік беруге болады.

79-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіртілуі мүмкін.

2. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, – Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

3. Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

79-баптың 3-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

4. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

79.1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады.

«ҚР Конституциясының 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2004 жылғы 23 маусымдағы № 6 қаулысына сәйкес Конституцияның 79-бабы 1-тармағының «соттар тұрақты судьялардан тұрады...» деген бөлігін судьялар, мемлекет атынан белгіленбеген мерзімге сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттік берілген мемлекеттің кәсіби лауазымды адамдары болып табылады деп түсінген жөн. Олар конституциялық заңда және өзге де заңдарда көзделетін негіздер бойынша

және сол тәртіппен өкілеттігі тоқтатылғанға дейін, судья лауазымында болудың бүкіл уақыты ішінде ауыстырылмайды.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда «тоқтатпайтын», «өзгермейтін», «мерзімсіз»¹ деген сөздер «тұрақты» деген сөздің мағынасын ашады. Осы конституциялық тұжырымда пайдаланылған «тұрақты судьялар» сөз тіркесі сот қызметінің тұрақтылығы мен үздіксіздігін сипаттайды, бұған судьялар корпусын қалыптастырудың белгіленген рәсімдерімен, сондай-ақ олардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етудің түрлі құқықтық шараларымен кепілдік беріледі.

Судья сот билігінің иесі бола отырып, өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды. Судьяға заңмен көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттер жүктелмейді. Судья қылмысқа қарсы күрес, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік құрылымдардың құрамына кіре алмайды.

Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы «судьялардың ауыстырылмайтындығы» принципін мынадай түрде анықтайды. Судьялар қызметке ҚР Конституциясына, осы аталған Конституциялық заңға, Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңына сәйкес сайланады немесе тағайындалады және *тұрақты негізде өкілеттіктерге ие болады*. Судьялардың өкілеттіктері тек қана осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін (24-бап).

Судьяның өкілеттігі, егер: судья Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелсе; судья заңды күшіне енген сот шешімімен хабарсыз кеткен деп танылса; судьяны қылмыстық жауапқа тартуға келісім берілсе; судьяның өкілеттігін тоқтату қажеттігі туралы Сот жюриінің шешімі болса; сондай-ақ басқа жұмысқа ауысса, тоқтатыла тұрады.

Сот төрағасын, сот алқасы төрағасын және судьяны қызметінен босату және өкілеттіктерін тоқтату негіздерінің толық тізбесі көрсетілген Конституциялық заңның 34-бабында айқындалған, оның ішінде:

- судьяның өз тілегі бойынша лауазымынан босауы;
- медициналық қорытындыға сәйкес кәсіптік міндеттерін одан әрі атқаруға кедергі болатын денсаулық жағдайы;
- судьяны іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп тану не оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
- осы судьяға қатысты айыптау үкімінің заңды күшіне енуі, қылмыстық істің сотқа дейінгі сатысында ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылуы;

¹ Қараныз. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. М., 2003. 570-бет; Даль В.И. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. Жаңа нұсқасы. М., 2003. 514-бет.

Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;
судьяның қайтыс болуы немесе соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімінің заңды күшіне енуі;

судьяның басқа лауазымға тағайындалуы, сайлануы және оның басқа жұмысқа ауысуы.

Судьяның өкілеттіктерін теріс себептер бойынша тоқтатуға заңды күшіне енген айыптау үкімі, қылмыстық істі ақталмайтын негіздер бойынша тоқтату, судьяның кәсіби жарамсыздығына орай атқаратын лауазымына сәйкес келмейтіні туралы, судьяны тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін немесе судьяға қойылатын талаптарды орындамағаны үшін оны лауазымынан босату қажеттігі туралы Сот жүриінің тиісті комиссияларының шешімдері негіз болып табылады.

Судьяның өкілеттіктерін тоқтатудың тағы бір негізі зейнеткерлік жасқа немесе судья лауазымында болудың шекті жасына толуы болып табылады.

Судья заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанда, одан әрі шекті жасқа дейін судья лауазымында болуына Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының келісімімен Жоғарғы Сот Төрағасы рұқсат береді. Судьяның шекті жасы алпыс бес жасты құрайды, ол осы тәртіппен ерекше жағдайда ғана бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Өкілеттікті тоқтатудың ерекше нысаны судьяның *отставкаға шығуы* болып табылады.

Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 35-бабына сәйкес мінсіз беделі, кемінде жиырма жыл судьялық жұмыс өтілі бар судьяның судья атағын, судьялар қоғамдастығына жататынын, жеке басына тиіспеушілік кепілдігін және Конституциялық заңда көзделген өзге де материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін сақтай отырып, лауазымынан құрметпен кету нысанында судья өкілеттіктерінің тоқтатылуы отставка болып табылады.

79.2. Судьяны, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз, ал Конституцияның 55-бабының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз оны қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы қазіргі уақытта көрсетілген тұлғалардың келісімімен судьяларға қолданылатын *ұстап алу, күзетпен ұстау, ұйқамаққа алу, күштеп әкелу* қылмыстық-процестік шараларының шеңберін, сондай-ақ олардың келісімі ауыр қылмысты ғана емес, *аса ауыр қылмысты* жасағанда да талап етілетінін нақтылайды.

Сонымен бірге, көрсетілген Конституциялық заңның 27-бабы 2-тармағында судьяға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негізгі

ережелері айқындалған. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру ҚР Бас Прокурорының келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Судья қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру ҚР Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Судьяға қатысты арнаулы жедел-іздістіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен прокурордың санкциясымен жүргізілуі мүмкін.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 4-тармағын, 71-бабы 5-тармағын, 79-бабы 2-тармағын, 83-бабы 3-тармағын және 15-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2003 жылғы 30 қаңтардағы № 10 қаулысына сәйкес, қол сұғылмаушылығы Конституцияда белгіленген, бұдан бұрын тиісті мемлекеттік органдардың келісімі оған қатысты сұралмаған тұлғаның әрекеті ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстан ауырлығы жеңілдеу қылмысқа қарай сараланып өзгерген кезде, тұтқынға алынатын және қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жағдайда, қол сұғылмаушылықтан айыру тәртібі туралы ережелерді сақтау міндетті деп санау керек.

Судьяға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу тәртібі ҚР ҚПК 550-бабында қарастырылған, оған сәйкес *судьяны қылмыстық жауаптылыққа тартуға, ұстауға, күзетпен ұстауға, ұйқамақта ұстауға, күштеп алып келуге* келісім алу үшін Бас Прокурор Президентке немесе Парламент Сенатына ұсыну енгізеді. Ұсыну судьяға күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны ұсынудың, сотқа күзетпен ұстау, ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат енгізудің, оны ұстап алу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына мәжбүрлеп әкелу қажеттігі туралы мәселені шешудің алдында енгізіледі.

Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін судьяны күзетпен ұстау, ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Астана қаласы аудандық сотының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Бас Прокурор қолдаған қаулысы негізінде шешеді. Судьяға қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін ұзарту туралы өтінішхат оны ҚР Бас Прокуроры қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.

Судьяға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің шарты мен тәртібі ҚР ӘҚТК 873-бабымен айқындалады. *Судьяны сот тәртібімен әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік жауаптылыққа тартуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін*

Бас Прокурор Президентке немесе Парламент Сенатына ұсыну енгізеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізумен аяқталған іс Бас Прокурор арқылы сотқа беріледі.

79.3. Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңда айқындалады.

Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзінде судьялар корпусын қалыптастыру тәртібін одан әрі жетілдіру жолдарын, оның ішінде судьялыққа кандидаттардың біліктілік талаптарын күшейту – сот жүйесінде кемінде бес жыл жұмыс стажы, қатаң тестілік іріктеу, босатылған негізде ұзақ мерзімді тағылымдама, судья мансабының барлық сатыларынан өту міндеттілігін айқындап берді¹.

Көрсетілген шаралар «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да кешенді әрі бір мезгілдегі жүйелі көрінісін тапқан, сондай-ақ Республика соттарының судьяларына ең төменгі талаптар қойылған Конституцияның бұрынғы редакциясының «заңмен қосымша талаптар белгіленуі мүмкін» деген ескертпесі бар 79-бабының 3-тармағына түзетулер енгізу қажеттігін алдын ала айқындалған.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес аталған норма елеулі өзгерістерге ұшырады. Ол сілтемелік нормамен ауыстырылды, оған сәйкес «Республика соттарының судьяларына қойылатын талаптар конституциялық заңмен айқындалады», бұл бірыңғай нормативтік құқықтық акті – Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында судьяға кандидаттарға қойылатын талаптарды кең көлемде сипаттауға мүмкіндік берді.

Аталған Конституциялық заңның 29-бабына сәйкес аудандық соттың судьясы болып: отыз жасқа толған; жоғары заң білімі бар, жоғары моральдық – адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және әдетте, сот отырысының хатшысы, сот консультанты (көмекшісі), прокурор, адвокат ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілі не заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он жыл жұмыс өтілі бар; біліктілік емтиханын тапсырған; медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған; негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін бір жылдық тағылымдамадан ойдағыдай өткен және тағылымдама нәтижесі бойынша сот жалпы отырысының оң қорытындысын алған, полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Облыстық соттың судьясы болып жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келетін, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар, оның ішінде кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі бар; сондай-ақ тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын және жоғары тұрған

¹ қараңыз: Н.Ә.Назарбаев. «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзі: «Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет: Бес институционалдық реформа» (2015 жыл 11 наурыз).

соттың екі судьясы мен отставкадағы бір судьяның жазбаша нысандағы кепілгерлігін алған азамат бола алады.

Аталған ортақ талаптарға сай келетін және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілі бар, оның кемінде он жылы судьялық жұмыс өтілі болатын, оның ішінде бес жыл облыстық соттағы судьялық жұмыс өтілі бар, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысының оң қорытындысын және жоғары тұрған соттың екі судьясы мен отставкадағы бір судьяның жазбаша кепілгерлігін алған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

Жоғарғы Сот Төрағасының лауазымына кандидатқа судьялық өтілдің болуы, Жоғарғы Соттың жалпы отырысының оң қорытындысының және тиісті жазбаша кепілгерліктің қажеттілігі туралы талаптар қолданылмайды.

Мамандандырылған магистратурада оқу бітірген және біліктілік емтиханын тапсырған адам оқуын бітірген күннен бастап төрт жыл бойы емтихан тапсырудан және тағылымдамадан босатылады

Жоғарғы Сот судьясының лауазымына конкурсқа қатысушылар құжаттарын Жоғары Сот Кеңесіне тапсырғаннан кейін тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің де қорытындысын алуға тиіс. Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

79.4. Судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Конституциялық заң судьяларды: Республика Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтауға, судьяның антына адал болуға, сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласу әрекеттеріне қарсы тұруға, судьялар кеңесінің құпиясын сақтауға міндеттейді.

Қазіргі кезде жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін этикалық жүріс-тұрыс стандарттары Судья әдебінің кодексімен¹ айқындалады, оған сәйкес судьяның кәсіби қызметі саяси партияда немесе саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерде мүше болумен сыйыспайды. Судьялар мұндай ұйымдарды қолдап, жұрт алдында

¹ 2016 жылы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Судьяларының жетінші съезінде қабылданған.

сөйлемегені, олардың саяси қызметіне қатыспағаны жөн, ол нақты бір іс бойынша шешім шығарумен байланысы жоқ мемлекеттік, саяси қызметке регламенттелмеген жариялы баға бермеуі керек (6-бап).

Қызметіне кіріскен кезде судья сот төрелігін жүзеге асыру процесінде және күнделікті өмірде жүріс-тұрыс әдебін сақтаумен байланысты шектеулерді өз еркімен қабылдайды.

Судья әдебінің кодексі ережелері бұзылып, сот билігі беделін түсіруге және судьяның беделіне нұқсан келтіруге алып келсе, бұл судьяны тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз болады. Азаматтардың өтініштері бойынша ұқсас бұзушылықтар үшін судьяға қатысты қоғамдық ықпал ету шаралары қабылдануы мүмкін.

80-бап

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Судьялардың тәуелсіздігінің кепілдерінің бірі – соттарды және судьяларды жеткілікті қаржылық қамтамасыз ету принципінің конституциялық деңгейде бекітілуі болып табылады.

Конституцияның түсіндірме беріліп отырған нормасы соттарды қаржыландырудың, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізілетінін және сот төрелігін жүзеге асыру бойынша толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс екенін айқындайды.

Сот жүйесін қаржыландыру мәселелері Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 57-бабында да регламенттеледі, оған сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотын, жергілікті және басқа соттарын қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа соттардың бюджеті соттардың конституциялық өкілеттіктерін орындауын толық қамтамасыз етуге тиіс.

Аталған Конституциялық заңда судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі де түсіндіріледі. Судьяға және оның отбасы мүшелеріне кезектен тыс, бірақ қызметіне кіріскен күнінен бастап алты айдан кешіктірілмей, нақты жер жағдайына қарай, мемлекеттік тұрғын үй қорынан, судьяны тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж азаматтардың санатына жатқызбайтын нормалар бойынша тұрмысқа жайлы тұрғын үй беріледі. Судья үнемі тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жай оның қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен жекешелендірілуі мүмкін. Судья қызметінен босатылғанда оны және отбасы мүшелерін басқа тұрғын үй бермей тұрып қызметтік тұрғын үйден шығаруға болмайды. Сот қысқартылған немесе қайта құрылған жағдайда, тиісті соттың судьялары азайғанда судья лауазымынан босату кезінде оған өзі тұрып жатқан қызметтік тұрғын үй-жайды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жекешелендіру құқығы беріледі (51-бап).

Судьялардың тәуелсіздігі принципін іске асыру бойынша шараларды айқындайтын халықаралық-құқықтық актілер нақты бір мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін ескере отырып, соттарды қаржыландыру жүйесін белгілеу мүмкіндігін қарастырады.

Аталған талапты орындау үшін кейбір конституцияларда *сот төрелігін жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен бекітілген пайыз бөлу туралы ереже бар*. Әлемдегі жекелеген дамушы елдер сот жүйесінің өз функциясын тиісінше орындауы үшін қажет деп санайтын ресурстарымен қамтамасыз ете алмайды. Бейжің принциптері (АПСАТ өңірінде сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты принциптер туралы Бейжің декларациясы) осыған байланысты құқық үстемдігі мен адамның құқығын қорғау принципін қолдау қажеттігін белгілейді, ол *ресурстарды бөлу кезінде сот билігі мен жүйесінің қажеттіліктерінің жоғарғы басымдылықта болуын талап етеді*¹.

Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдерінде сот билігінің тәуелсіздігі мәселелері жөніндегі Киев конференциясының Ұсынымдарында (*бұдан әрі – Киев конференциясының Ұсынымдары*) үкіметтің сот жүйесінің бюджеті бойынша ұсыныс беруге қатысты міндеттемелерін және парламенттің бюджетті қабылдау жөніндегі құзыреттеріне қарамастан, *сот билігінің мүддесін білдіретін органның үкіметке сот төрелігі жүйесінің бюджеттік талаптары туралы ақпарат беріп отыруы ұсынылады*, бұл хабардар шешім қабылдауға ықпал етер еді деп көрсетілген. *Сонымен бірге бұл органның бюджетті талқылау барысында парламенттің алдында сөз сөйлеуге мүмкіндігі болуға тиіс*².

Судьялардың жалпыға ортақ хартиясында осыған ұқсас ұстаным келтірілген, онда елдің басқа мемлекеттік органдары сот билігіне өз функцияларын орындау үшін тиісті деңгейде жабдықталына қажетті қаражатты беруі тиіс деп айқындалған. *Сот билігінің осы мәселелерге*

¹ қараңыз: Судьялардың, адвокаттардың және прокурорлардың тәуелсіздігі мен есеп беруіне қатысты халықаралық қағидаттар. Практикалық әдістеме (екінші редакциясы). Заңгерлердің халықаралық комиссиясы. Женева, 2007. 37-6.

² қараңыз. Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдерінде сот билігінің тәуелсіздігі мәселелері жөніндегі Киев конференциясының Ұсынымдарының 6-тармағы. Сотты басқару, судьяларды іріктеу және есеп беруі (2010 жыл 23-25 маусым).

қатысты қабылданатын шешімдерге қатысуға және пікірлерін айтуға мүмкіндігі болуы керек¹.

Сондықтан, тиісінше қаржыландыру сот жүйесі қызметін ұйымдастырудың маңызды аспектісі болып табылады. Соттардың және судьялардың тәуелсіздігіне кепілдік беру мақсатында соттарды қаржыландырудың жеткілікті деңгейімен және көлемімен қамтамасыз ету аса маңызды.

Көрсетілген талаптарды орындау үшін Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына уәкілетті органның басшысы (Жоғарғы Соттың аппараты) ҚР Бюджет кодексімен² көзделген тәртіпте құрылатын Республикалық бюджеттік комиссияның мүшесі болып табылады деген норма енгізілген.

Соттарды бюджеттік қаржыландыру мәселелерінің тәуелсіз және әділ сот төрелігі принциптеріне қатысты қолданылуы осыдан бұрын ҚР Конституциялық Кеңесте негізді аландаушылық туғызған болатын. 2007 және 2008 жылғы Жолдауларында ол соттарды қаржыландыру және судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету «сот төрелігін толық және тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс» деген конституциялық талаптың (80-бап) заңнамада және практикада толықтай іске асырылмай жатқанын атап көрсетті³.

Қаралып отырған саладағы заңнамалық базаны дамытудың тағы бір маңызды бағыты – сот қызметінің маңыздылығы мен жауапкершілігіне орай судьяларды соған барабар материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері жатады, өйткені судьялардың еңбегіне тиісті төлем жасау – сот билігінің тәуелсіздігінің құрамдас бөлігі.

Бұл саладағы халықаралық-құқықтық стандарттар шынайы экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін судья жеткілікті еңбекақы алуы керек деп қарастырады, бұл ретте, оның жалақысының көлемі оның шешімдерінің мағынасына және оның соттағы мінез-құлқына ықпал етуге, осылайша оның тәуелсіздігі мен бейтараптылығын бұзуға бағытталған қысымнан қорғайтындай етіп белгіленуі тиіс⁴.

Осы тұрғыдан алғанда, *соттарға ақы төлеу деңгейі заңмен кепілдендірілуі керек* деген ұстаным дұрыс болады, ал бөлінуі таңдау

¹ қараңыз. Судьялардың жалпыға ортақ хартиясының 14-бабы. Судьялардың халықаралық қауымдастығының Орталық кеңесі 1999 жылы 17 қарашада қабылдаған.

² қараңыз. Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 15 маусымдағы Конституциялық заң.

³ қараңыз: Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» 2007 жылғы 29 мамырдағы №01-4/1 жолдауы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» 2008 жылғы 23 маусымдағы №09-6/1 жолдауы.

⁴ Қараңыз: Судьялардың жалпыға ортақ хартиясының 13-бабы. Лиссабон, 1998 жылғы 10 шілде.

элементін қамтитын қаржылық жеңілдіктер барынша жоғары жалақымен ауыстырылуға (орны толтырылуға) тиіс.

Киев конференциясының ұсынымдарында ұзақ мерзімді перспективада жеңілдіктер, сыйақылар және артықшылықтардан бас тартылуы тиіс және судьялардың жалақылары судьялардың жақсы өмір сүру жағдайын қамтамасыз ететін және олардың кәсіптерінің жауапкершілігіне барабар деңгейге дейін көтерілуі тиіс¹.

Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес түрлі жәрдемақыларды төлеуді көздейтін, сондай-ақ судьяларға медициналық қызмет көрсету және тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін нормалар туралы айтылады.

81-бап

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық істер, жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер беріп отырады.

81-бап 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

ҚР Конституциясының 81-бабы бірнеше редакциядан өткен. 1995 жылы Конституция қабылданған сәттен бастап 2007 жылғы редакциясына дейін 81-бапта ҚР Жоғарғы Соты «жалпы юрисдикциядағы соттардың соттылығындағы» істер бойынша жоғары сот органы болып табылады және заңда көзделген процестік нысанда олардың қызметіне қадағалауды жүзеге асырады. 2007 жылғы редакциясында «жергілікті және басқа да соттарды» көрсете отырып, өзекті тұжырым пайда болды, алайда бұрынғы редакциясында болған қадағалау функциясы сақталып қалған.

«Жергілікті және басқа да соттар» ұғымына Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 3-бабында түсіндірме берілген және 2008 жылғы 17 қарашадағы Конституциялық заңмен нақтыланған. Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңның 3-бабының ережелеріне сәйкес «жергілікті соттарға» облыстық және оларға теңестірілген соттар, аудандық және оларға теңестірілген соттар жатады. Қазақстан Республикасында «басқа да соттар», оның ішінде мамандандырылған соттар құрылуы мүмкін,

¹ қараңыз. Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдерінде сот билігінің тәуелсіздігі мәселелері жөніндегі Киев конференциясы Ұсынымдарының 13-тармағы. Сотты басқару, судьяларды іріктеу және есеп беруі (2010 жыл 23-25 маусым).

оларды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен ҚР Президенті құрады. Төмен тұрған сот сатыларының қаулыларын қадағалау институты Қазақстанда 1937 жылдың 26 наурызында Кеңестің Бүкілқазақстандық X съезінде Социалистік Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау туралы қаулы қабылданғаннан бері жүзеге асырылып келген. Қаз КСР Жоғарғы Соты жоғары сот органы болған және қадағалау және кассация тәртібімен төмен тұрған сот органдарының шешімдерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері болған. Социалистік елдердің сот жүйесінде кең таралған сот қадағалау институты құқықтық қорғаудың тиімсіз құралы ретінде, оның ішінде қадағалау рәсімінің жетілдірілмеуіне байланысты Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының шешімдерінде, Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясының құжаттарында¹ талай сынға ұшыраған. Атап айтқанда, көрсетілген сот қадағалау бойынша процестік нысан ережелерін іске асыру құқықтық анықтылық принциптерінің және «*res judicata*»² бұзылуына әкеп соғады деп санайды.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының юрисдикциясы мен практикасы Қазақстан Республикасында қолданылмағанымен, сот төрелігінің халықаралық-құқықтық және еуропалық стандарттары кез келген ұлттық құқықтық жүйеде ерікті түрде қолданылуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы ҚР Заңына сәйкес қадағалау қылмыстық процестен процестік нысан ретінде жойылған және қылмыстық істер бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттарда қарала бастады. Қазіргі уақытта ҚР ҚПК 313, 484-баптарына сәйкес Жоғарғы Сот кассациялық тәртіппен заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға өтінішхаттар бойынша істерді қарайды.

ҚР Конституциясының 81-бабынан (2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында) және Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 17-бабы 1-тармағынан Жоғарғы Соттың төмен тұрған соттарды қадағалау бойынша өкілеттіктері туралы ереже алынып тасталды.

Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы 2017 жылғы 15 маусымдағы ҚР Конституциялық заңымен Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңы жаңа редакцияда баяндалды: «Жоғарғы Сот

¹ Ресейге қарсы Ряхтың ісі бойынша Еуропа сотының 2003 жылғы 23 шілдедегі қаулысы, 59-тармағы. URL: <http://www.echr.ru/documents/doc/new/003.htm>

² Бұл принципке сәйкес ешбір тараптың істі қайта қарау және ол бойынша жаңа шешім қабылдау мақсатында түпкілікті және міндеттейтін сот шешімін қайта қарауды талап етуге құқығы жоқ екенін жариялайды. Жоғары тұрған соттардың қайта қарау құзыреттері қайта қарауды ауыстыру үшін емес, сот қателерін, заңсыз сот шешімдерін түзету үшін қолданылуы тиіс. Қайта қарау бүркемеленген апелляция ретінде қарастырылмайды, мәселеге екі түрлі көзқарастың болуының қарапайым мүмкіндігі қайта қарауға негіз болмайды.

жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады».

Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 17-бабы 2-тармағының 2,3-абзацтарына сәйкес Жоғарғы Сот:

1) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды¹;

2) нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады.

Осылайша, Жоғарғы Сот сот практикасын жинақтау жөніндегі қызметті жүзеге асырады, ол Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысын және Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларын қабылау үшін дайындық сатысы ретінде сот практикасының жинақтаулары мен шолуларын қабылдаумен аяқталады.

Бірінші кезекте, сот практикасын жинақтау және одан кейін түсініктеме беру (қажет болған жағдайда) кейбір құқықтық жүйелерде сақталмайтын сот практикасының бірыңғай болуын қамтамасыз етуге бағытталған, мысалы, доктринаның және сот прецеденті рәсімдерінің әрекеті есебінен. Осылайша, Жоғарғы Соттың бұл қызметі ұйымдастырушылық функциясын орындайды. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының заңдық күші аталған қызметтің де билік-өкімдік сипатынан хабар береді және «жұмсақ қадағалау» нысаны болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілердің кейбір ережелерін қолдануда әдеттегі қателер мен кемшіліктердің анықталуы Жоғарғы Соттың бірқатар нормативтік қаулыларын қабылдауға негіз болған. Мәселен, Жоғарғы Соттың «Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының преамбуласында: «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау практикасын жинақтау нәтижесін талқылай келе, соттардың аталған жазаның түрін тағайындауда айтарлықтай қателерге жол беретінін атап өтті»² делінген.

¹ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы тараулардың бірінде «қорытудың мақсаты қорытылып отырған санаттағы істер бойынша сот практикасын зерделеу, соттардың құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалы мәселелерді анықтау, заңнама біркелкі қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады» деп көрсетілген. Осылайша, соттардың «сот практикасын қорыту» жөніндегі қызметі төмен тұрған соттарға міндетті түрде түсініктеме немесе нұсқаулар беруді көздейді. URL:<http://krg.sud.kz/rus/content/obobshchenie-sudebnoy-praktiki-rassmotreniya-del-i-materialov-povoprosam-ispolnitelno>.

² «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР КК 2001 жылғы 19 қазандағы №15 НҚ.

Қазақстанда сондай-ақ Жоғарғы Соттың төмен тұрған соттарға (бірінші кезекте, облыстық) сот практикасын жинақтау туралы¹ тапсырма жолдауы таралған.

ҚР КК және ҚР ЖС нормативтік қаулылары ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық болып табылады. Құқықтық актілер туралы ҚР Заңының 7-бабында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары нормативтік құқықтық актілердің негізгі түрлеріне жатқызылған.

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларды қабылдау рәсімі Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында, Жоғарғы Соттың жалпы отырысының регламентінде белгіленген. Көрсетілген Конституциялық заңның 21-бабына сәйкес сот практикасын зерделеу және жинақтау жөніндегі жұмысты Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы ұйымдастырады. Сот практикасын жинақтау ҚР Жоғарғы Сотының Жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады және жарты жыл ішінде орындалады. Көрсетілген Конституциялық заңның 22-бабында Жоғарғы Соттың жалпы отырысы нормативтік қаулылар қабылдайды, сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер береді және заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, бұл ретте нормативтік қаулылар Жоғарғы Соттың жалпы отырысында Жоғарғы Сот судьялары санының кемінде үштен екі даусымен және Жоғарғы Сот судьялары жалпы санының кемінде төрттен үш кворумы болған кезде қабылданады деп белгіленген.

Жоғарғы Соттың жалпы отырысы регламентінің 27-тармағына сәйкес «жалпы отырыста сот практикасы мәселелерін талқылау судьяның баяндамасы немесе Жоғарғы Сот судьяларының, мүдделі мемлекеттік орган өкілінің, ғылыми-консультативтік кеңес мүшелерінің сөз сөйлеуі түрінде өтеді. Талқыланатын мәселе бойынша Конституциялық Кеңес Төрағасының, Бас Прокурордың, Әділет министрінің, Президент Әкімшілігі өкілінің және басқа шақырылған адамдардың пікірлері тыңдалады». Жоғарғы Сот Пленумының нормативтік қаулылары, қаулылары және интерпретациялық актілері Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қабылданады.

Жоғарғы соттардың нормативтік қаулыларының ерекшеліктері ТМД-ның бірқатар елдерінде ғылыми заң әдебиетінде, сарапшылар, оның ішінде шетел сарапшылары арасында жиі пікірталас тудырады. Венециялық комиссиясының пікірінше, жоғарғы соттардың қаулылары мен түсіндірмелерінің міндетті сипаты туралы ереже судьялардың тәуелсіздігі принципін бұзады және сот төрелігін жүзеге асыруға, бірінші кезекте, судьяның «ішкі сенімі бойынша» жүзеге асырылатын

¹ Мысал ретінде Жоғарғы Соттың жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексін қолдану бойынша сот практикасын қорыту туралы 2017 жылғы 1 маусымдағы № 6001-17-3-1-7/182 Алматы облыстық сотына берген тапсырмасын келтіруге болады.

танымдық әрекетіне араласу болып табылады¹. Венеция комиссиясының сот жүйесінің тәуелсіздігі туралы 2010 жылғы қорытындыларының бірінде «сот жүйесіндегі қатаң иерархиялық тәртіп судьялардың өздерін бастықтың бұйрығына бағынатын мемлекеттік қызметшілер сияқты болып кетуіне әкеп соғуы мүмкін»² деп айтылады.

Н.С.Ахметова, Д.Бейсембеков бұл пайымдауға қарама-қарсы ҚР Конституциясының «судья сот төрелігін жүзеге асыруда тәуелсіз және Конституция мен заңға бағынады» деп көрсетілген 77-бабының 1-тармағын сөзбе-сөз мағынасында түсінуге болмайды деп көрсетеді³. Соттың тәуелсіздігі принципінің теңгерімділігі туралы және қалыптасқан ұлттық доктрина мен практиканы ескере отырып, сот практикасының бірыңғайлығы туралы мәселені түрлі құқықтық және сот жүйелері шешуде. Өлшеп-пішілген тәсіл ретінде Б.Ааронның пікірін келтіруге болады, ол «ешқашан судьяның абсолюттік сенімі болмайды, себебі ол шектеулі және рәсімдермен, ақылға сыйымдылық және ішкі сенімді қолдану талаптарымен белгіленген»⁴.

Төмен тұрған соттың Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына қарама-қайшы қаулы қабылдауы ҚР АПК 365-бабының негізінде: материалдық заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын дұрыс түсіндірмеу салдарынан сот қаулысының күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіз болады.

82-бап

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

2. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

3. Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін. Сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

¹ ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі офісі (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) мен Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық Комиссия (Венеция комиссиясы)–Бірлескен қорытынды CDL-AD(2016)025-rus 108 жалпы отырыста Венеция комиссиясы мақұлдаған «Конституцияға өзгерістер туралы» заң жобасы бойынша (Венеция, 2016 жыл 14-15қазан),65-тармақ.

² CDL-AD (2015)014сорт. «Қырғыз Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасы бойынша, 72-тармақ.

³ Н.С. Ахметова, Д. Бейсембеков. Правовая основа и юридическая сила нормативных постановлений Верховного Суда республики Казахстан // ҚарМУ Жаршысы. Қарағанды, 2009. С. 10.

⁴ Аарон Б. Судейское усмотрение / Ағылшын тілінен аударылған. М.: НОРМА, 1999. С. 30.

4. Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.

82-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

82.1. Жоғарғы Сот судьясы лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңында бекітілген.

Судьялыққа кандидаттарға қойылатын жалпы талаптардан басқа, Жоғарғы Сот судьясының лауазымына үміткерлер үшін олардың жұмыс өтіліне қосымша талаптар белгіленген, атап айтқанда: заңгерлік кәсібі бойынша кемінде 20 жыл жұмыс өтілінің, оның кемінде 10 жылы судьялық өтілінің, оның ішінде 5 жыл облыстық соттағы судьялық жұмыс өтілінің болуы.

Бұдан басқа, Жоғарғы Сот судьясы лауазымына кандидат Жоғарғы Соттың жалпы отырысының оң қорытындысын және жоғары тұрған соттың екі судьясы мен отставкадағы бір судьяның жазбаша кепілгерлігін алуы тиіс.

Жоғарғы Сот Төрағасының лауазымына кандидатқа судьялық өтілдің болуы, Жоғарғы Соттың жалпы отырысының оң қорытындысының және тиісті жазбаша кепілгерліктің қажеттілігі туралы талаптар қолданылмайды.

Кеңестің Жоғарғы Сот судьясының лауазымына кандидаттарды іріктеу жөніндегі қызметі Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңымен регламенттелген.

Жоғарғы Сот судьяларының бос лауазымына кандидаттарды іріктеуді Жоғары Сот Кеңесі бос лауазымдарға орналасуға өтініш берген адамдар арасынан конкурстық негізде жүзеге асырады. Бұл ретте кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған адамдарға басымдық беріледі.

Конкурстық іріктеудің қорытындылары бойынша ҚР ЖСК Жоғарғы Сот судьясының бос лауазымына кандидаттарды ҚР Президентіне ұсынады. ҚР Президенті ұсынылған кандидатурамен келіскен жағдайда көрсетілген лауазымға кандидатты сайлау мәселесін қойып, Парламент Сенатына ұсыным енгізеді.

Жоғарғы Сот судьялары қызметке Парламент Сенатының қаулысымен сайланады және оларға тұрақты негізде өкілеттіктер беріледі.

Жоғарғы Соттың Төрағасын Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша 5 жыл мерзімге Сенат сайлайды.

82.2. Жергілікті және басқа соттарға мыналар жатады:

– аудандық және оған теңестірілген соттар (қалалық және аудандық соттар, мамандырылған соттар (экономикалық, кәметке толмағандардың істері, әкімшілік, қылмыстық істер жөніндегі) және гарнизондардың әскери соттары);

– облыстық және оған теңестірілген соттар (Астана, Алматы қалаларының соттары және Қазақстан Республикасының Әскери соты).

Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес аудандық соттың судьясы болып:

1) отыз жасқа толған;

2) жоғары заң білімі, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттері, мінсіз беделі және әдетте, сот отырысының хатшысы, сот консультанты (көмекшісі), прокурор, адвокат ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі не заңгерлік кәсібі бойынша кемінде 10 жыл өтілі бар;

1) біліктілік емтиханын тапсырған;

2) медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқ екендігін растаған;

3) негізгі жұмыс орнынан қол үзіп, сотта ақы төленетін бір жылдық тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң қорытындысын алған;

4) полиграфологиялық зерттеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматы тағайындала алады.

Мамандырылған магистратурада оқуын аяқтаған және сонда біліктілік емтиханын тапсырған адамдар, сондай-ақ лауазымынан теріс себептер бойынша босатылған судьяларды қоспағанда, бұрын кемінде 5 жыл тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар біліктілік емтиханын тапсырудан және соттарда тағылымдамадан өтуден 4 жыл мерзімге босатылады.

Ақы төленетін тағылымдамадан және полиграфологиялық зерттеуден өту талаптары жұмыс істеп жүрген судьялар болып табылатын кандидаттарға қолданылмайды.

Сонымен қоса, судья лауазымынан өкілді органдардағы мемлекеттік лауазымға немесе сот төрелігін ұйымдастырушылық жағынан қамтамасыз етумен тікелей байланысты лауазымға сайланған не тағайындалған адамдар ақы төленетін тағылымдамадан өтуден босатылады.

Облыстық сот судьясының лауазымына кандидаттарға қосымша талаптар қойылады, атап айтқанда: заңгерлік кәсібі бойынша кемінде 15 жыл жұмыс өтілінің, оның кемінде 5 жылы судьялық жұмыс өтілінің болуы. Сондай-ақ олар тиісті облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысын және жоғары тұрған соттың екі судьясы мен отставкадағы бір судьяның жазбаша нысандағы кепілгерліктерін алуға тиіс.

Жергілікті және басқа да соттар судьяларының бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеуді ҚР ЖСК бос лауазымдарға орналасуға өтініш берген адамдардың арасынан конкурстық негізде жүзеге асырады.

Өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша ҚР ЖСК Республика

Президентіне жергілікті және басқа да соттар судьяларының бос лауазымдарына кандидаттарды ұсынады.

Жергілікті және басқа да соттардың судьялары Мемлекет басшысының жарлығымен тұрақты негізде тағайындалады.

Аудандық сот төрағасының лауазымына кандидаттарды іріктеуді де ҚР ЖСК конкурстық негізде жүзеге асырады, ал облыстық сот төрағасының лауазымына кандидаттарды ЖСК Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасының енгізген ұсынымы бойынша баламалы негізде қарайды.

Аудандық соттар төрағаларының лауазымдарына кандидаттар жұмыс істеп жүрген судьялар немесе судья лауазымында кемінде 5 жыл өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Облыстық соттар төрағаларының лауазымдарына кандидаттар жұмыс істеп жүрген судьялар немесе судья лауазымында кемінде 10 жыл өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Бұл ретте жергілікті және басқа да соттар төрағаларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған адамдарға басымдық беріледі.

Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары қызметке Мемлекет басшысының жарлығымен тұрақты негізде 5 жылға тағайындалады. Бұл ретте оларды тиісті сотта атқаратын лауазымына қатарынан екі реттен артық тағайындауға болмайды.

82.3. Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Жоғарғы Сотта:

- азаматтық істер жөніндегі сот алқасы;
- қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы;
- мамандырылған сот алқасы жұмыс істейді.

Облыстық соттарда азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі сот алқалары бар.

Облыстық соттардың сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Соттың сот алқалары төрағаларының бос лауазымдарына кандидатураларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғарғы Сот Төрағасының енгізген ұсынымы бойынша ҚР ЖСК баламалы негізде қарайды.

Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының лауазымына кандидат Жоғарғы Сот судьялары арасынан ұсынылады.

Облыстық соттардың сот алқалары төрағаларының лауазымдарына кандидаттар жұмыс істеп жүрген судьялар немесе судья лауазымында кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар адамдар арасынан ұсынылады.

Бұл ретте облыстық соттың немесе Жоғарғы Соттың сот алқасы төрағасының лауазымына кандидаттарды іріктеу кезінде кадр резервінде тұрған адамдарға басымдық беріледі.

Облыстық соттардың және Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары Мемлекет басшысының жарлығымен 5 жыл мерзімге тағайындалады. Бұл ретте оларды тиісті сотта атқаратын лауазымына қатарынан екі реттен артық тағайындауға болмайды.

82.4. Жоғары Сот Кеңесі Төрағадан және Республика Президенті тағайындайтын басқа да адамдардан құралады.

Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңына сәйкес ҚР ЖСК құрамына лауазымы бойынша Жоғарғы Сот Төрағасы, Бас Прокурор, Әділет министрі, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет агенттігінің Төрағасы, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің тиісті тұрақты комитеттерінің төрағалары кіреді.

ҚР ЖСК мүшелерінің жартысын судьялар және отставкадағы судьялар құрайды, оларды Жоғарғы Соттың жалпы отырысы сайлап, Мемлекет басшысына тағайындауға ұсынады.

ҚР ЖСК құрамына судьялар мен отставкадағы судьялардың кандидатураларын Жоғарғы Соттың жалпы отырысы ҚР ЖСК-да аудандық және облыстық соттар, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ отставкадағы судьялардың тең өкілдігі болуы қамтамасыз етілуін ескере отырып, облыстық соттардың жалпы отырыстары ұсынған кандидаттар арасынан қарайды.

Бұдан басқа, ҚР ЖСК құрамына Республика Президенті басқа да адамдарды, оның ішінде заңгер ғалымдарды, адвокаттарды, шетелдік сарапшыларды, Судьялар одағының өкілдерін тағайындай алады.

Кеңестің осындай құрамы халықаралық стандарттарға толығымен сәйкес келеді. Егер 1998 жылғы 10 шілдедегі Судьялар мәртебесі туралы заң жөніндегі Еуропа хартиясына жүгінсек, онда судьяны іріктеуге, тандауға, тағайындауға, қызметі бойынша жылжуына немесе судья лауазымында болуының аяқталуына байланысты әрбір шешімге қатысты Заң атқарушы және заң шығарушы биліктен тәуелсіз органның араласуын көздейді, бұл органда судьялардың неғұрлым кең өкілдігіне кепілдік беретін тәртіппен осындай судьялар сайлаған судьялар отырысқа қатысушылардың кемінде жартысы болуы тиіс.

Кеңес Төрағасы мен лауазымы бойынша Кеңес мүшелерінен басқа ҚР ЖСК мүшелері өз өкілеттіктерін 3 жыл жүзеге асырады.

82.5. Кеңес мәртебесі және оның жұмысын ұйымдастыру Жоғары Сот Кеңесі туралы ҚР Заңымен белгіленеді.

Аталған Заңға сәйкес ҚР ЖСК Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын автономиялы мемлекеттік мекеме болып табылады.

Бұған дейін ҚР ЖСК Республика Президенті жанындағы консуль-

тативтік-кеңесші орган, одан кейін заңды тұлға құрмастан құрылатын мекеме болды, ал 2016 жылдан бастап автономиялы мемлекеттік мекеме болып қайта құрылды.

Кеңестің заңды тұлға болып табылатын аппараты бар.

ҚР ЖСК отырыстарын өткізу тәртібі және оның қызметінің басқа да ұйымдастырушылық мәселелері Кеңес регламентінде бекітілген.

ҚР ЖСК мүшелері өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз. Сонымен қатар олардың соттардың және судьялардың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласуға құқығы жоқ.

83-бап

1. Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

3. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жыл.

4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

83.1. 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен Конституцияның 83-бабының 1-тармағына прокуратура жүйесінің құқықтық құрылысын жетілдіруге бағытталған, құқық қорғау қызметін одан әрі жаңғырту аясында оның функцияларын іске асыру нысандарын қайта қарауға мүмкіндік беретін түзетулер енгізілді.

Конституцияның 83-бабының 1-тармағының жаңа редакциясы Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев қойған қоғам мен мемлекетті одан әрі демократизациялау бағытына сәйкес келеді, еліміздің даму логикасына және

жалпы әлемдік қауымдастықтың дамуына сүйенеді¹ және Конституциядағы басқа да жаңалықтар сияқты өмір талабынан туындап отыр².

Конституцияның 83-бабы жалпы прокуратура қызметінің бұрынғы құқықтық мәртебесі мен бағыттарының негізін сақтайды, қарқынды дамып жатқан қоғамның заманауи талаптарымен үйлеседі. Конституция прокуратураның құқықтық орны мен функцияларын айқындай келе, бұл органның жариялы-құқықтық және жекеше-құқықтық салалардағы қалыптасқан рөлі мен мақсатын негізе ала отырып, құқықтық табиғатын ескереді.

Прокуратураның конституциялық функциялары, ең алдымен, Негізгі Заңның жоғарғы заң күшін қамтамасыз етумен, заңдылықты нығайтумен және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсаттарына байланысты.

Конституцияның 83-бабының жаңа редакциясы прокуратураның негізгі үш функциясын бекітеді:

– мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады;

– сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді;

– мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Конституциялық новелланың мәнісі жаңа, заманауи үлгідегі прокуратураны қалыптастыру болып табылады, оған заңдылықты сақтау мәселелерін жағдаят бойынша емес, кешенді түрде шешу маңызды болуы тиіс.

Конституцияның 83-бабы нақты мәселелерді шешуді заң шығарушының құзырында қалдырады, сонымен қатар прокуратураға қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық қатынастар сияқты тармақталған функциялар беру мүмкіндігін де жоққа шығармайды.

Бұндай конституциялық ұстаным Еуропа прокурорларының Консультативтік кеңесінің «Прокуратураның қылмыстық-құқықтық саладан тыс рөлі туралы» қорытындысында баяндалады, оған сәйкес мемлекет прокуратураның қандай да болмасын бір моделін таңдауда ортақ әрі бұқаралық мүддені, адам құқығы мен бостандығын қорғау және заң үстемдігін қамтамасыз ету мақсатын көздеуі тиіс, бұл прокуратура органдарының функциялары мен өкілеттіктерін нақты айқындауды талап етеді, ал прокурордың өз міндеттерін орындауы заңдылық, объективтілік, әділдік және бейтараптылық негізінде жүргізілуі керек³.

¹ ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуі //Казахстанская правда.2017ж.26 қаңтар.

² ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға жария түрде қол қою салтанатында сөйлеген сөзі //Казахстанская правда. 2017ж.13 наурыз.

³ Еуропа прокурорларының Консультативтік кеңесінің Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетіне ұсыну үшін «Прокуратураның қылмыстық-құқықтық саладан тыс рөлі

83.1. Конституцияның 83-бабының 1-тармағына сәйкес прокуратура қызметінің негізгі бағыттарының бірі Қазақстан Республикасы аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау болып табылады.

Конституцияның 83-бабы жоғары қадағалауды бұрынғы редакциясындағыдай тек заңдарды қолданумен ғана шектемейді, оның нысанын заңдылықты сақтаумен кеңейтеді. Негізгі Заң жоғарғы қадағалауды заңдылықты сақтауға қайта бағдарлай отырып, құқықтық мемлекеттің бұлжымас шарты болып табылатын құқық үстемдігіне, субъектілердің императивтік нормаларды бұзбауына бағытталған.

Қолданыстағы Конституцияның 83-бабы 1-тармағының бұрынғы редакциясынан айырмашылығы – жоғары қадағалаудың шегі заңмен белгіленетін түбейгейлі талапты бекітеді. Тиісінше, қадағалаудың мәнін, нысанын, ол қолданылмайтын адамдар тобын анықтау – заң шығарушының құзырында.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 15 қазандағы №8 Нормативтік қаулысында прокурорлық қадағалаудың жоғары қадағалу ретіндегі конституциялық сипаттамасы түсіндірілген.

Көрсетілген Нормативтік қаулыға сәйкес жоғары қадағалаудың мәні прокуратура органдарының өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттік органдар, соның ішінде, қадағалау өкілеттігіне ие органдар жасаған іс-әрекеттер мен қабылдаған шешімдердің заңдылығын тексеріп, олар заңсыз болған жағдайда прокурорлық шара қолдана алатынында¹.

Бұ ретте, прокурорлық қадағалаудың ерекшелігі прокуратураның тек Қазақстан Республикасы атынан және бүкіл мемлекет аумағында жүзеге асырылатын жоғары қадағалау сатысы болуымен байланысты.

Конституцияның 83-бабы 1-тармағына сәйкес прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді.

Прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру өкілеттігінің сипаттамасы «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын; 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1997 жылғы 6 наурыздағы №3 Нормативтік қаулысында берілген.

туралы» №3 қорытындысы, 2008 жылы 17 қазанда Страсбургте өткен ЕПҚК 3-ші жалпы отырысында қабылданған. //ЕПҚК қорытындыларының жинағы, 2017 ж. наурыз. 23-б.

¹ «Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2008 жылғы 15 қазандағы N 8 НҚ.

// Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулыларының жинағы – Астана, 2012 (қайта басылған). 453-б.

Көрсетілген Нормативтік қаулыға сәйкес Конституцияда және ағымдағы заңнамалық актілерде сотта мемлекеттің мүддесін жүзеге асыратын прокуратурадан басқа орган көрсетілмеген. Конституция прокурорға сотта мемлекет мүддесін білдіру міндетін жүктейді, бұл оның процестік өкілеттігінің көлемін арттырады. «Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді» деген конституциялық норманы прокуратураның конституциямен айқындалған қызметінің бағыты деп түсінген жөн. Прокурорға сотта мемлекет мүддесінің өкілі ретінде процестік құқықтар беріледі¹.

Прокурордың сот төрелігін жүзеге асыруының негіздемесі, тәртібі және ерекшелігі, сотта мемлекет мүддесін білдіру кезіндегі прокурордың міндеттері ҚР ҚПК, ҚР АПК, ҚР ӘҚТК және өзге де заңнамалық актілермен айқындалады.

Азаматтық сот ісін жүргізуде Бас Прокурор кассациялық сатыдағы сотқа тек заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіруге құқылы. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне прокурор қайта қарау туралы өтінішхат енгізеді.

ҚР АПК 54-бабының 3-бөлігінде прокурордың құқығы және ол бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және мүдделерін қорғау үшін заңнамаға сәйкес сотқа талап қоюмен, арызбен жүгінуге құқылы тұлғалардың санаты көзделген.

Прокуратура мемлекет атынан *қылмыстық қудалауды жүзеге асырады*.

Конституцияның бұрын қолданыста болған редакциясындағы 83-бабының 1-тармағына сәйкес қылмыстық қудалауды *заңмен белгіленген тәртіпте және шекте* жүзеге асыратын.

Жаңа редакциясындағы түбегейлі өзгеріс Конституцияның енді прокуратураға қылмыстық қудалауды *мемлекет атынан* жүзеге асыру өкілеттігін берілуінде. Конституцияның 83-бабының 1-тармағынан «*заңмен белгіленген тәртіпте және шекте*» деген сөздер алынып тасталды. Бұл түзетулер 83-баптың 1-тармағының нормасына басқа мағына береді, оның мазмұнын өзгертеді.

Негізгі Заңның 83-бабының 1-тармағы прокуратураның мемлекет атынан *қылмыстық қудалауды жүзеге асыратынын* бекіте отырып, қылмыстық процестің осы сатысындағы прокуратураның жетекші рөлін ерекше атап өтеді. Конституция өзге мемлекеттік органдарға мұндай құқық бермейді.

Сонымен қатар, Конституция прокуратураның қылмыстық қудалауды жүзеге асыруына заңнамалық шек қояды талап етпейді. Ол прокурорды мемлекеттің, яғни Қазақстан Республикасының атынан қылмыстық

¹ «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын; 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 НҚ // Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулыларының жинағы – Астана, 2012 (қайта басылған). 41-42 б.

қудалауды жүзеге асыруға тікелей міндеттейді, бұл аталған функцияны тек қана прокуратураның жүзеге асыруын көздейді.

Бұл аталған салада жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының барынша осал әрі мемлекеттің қорғауына мұқтаж болуымен байланысты. Осы мәнмәтінде заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі прокурорлық қызметтің мәні, оның құқық қорғау әлеуеті барынша айқын көрінеді.

Конституцияның 83-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатының конституциялық новеллаларымен үйлесімділікке және қылмыстық қудалау тұжырымдамасын қайта қарауға бағытталған.

«Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларын қайта қарау туралы» ҚР ҚК 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 Нормативтік қаулысына сәйкес «конституциялық түзетулер Республика Конституциясының қолданылатын құқық жүйесіндегі үстемдігін және еліміздің бүкіл аумағында сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, ерекше қорғалатын конституциялық құндылықтардың тізбесін кеңейтуге және қорғалу деңгейін арттыруға, конституциялық бақылауды күшейтуге, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің мазмұнын, шарттары мен шектерін нақтылауға бағытталған»¹.

Конституция бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын жалғыз мемлекеттік орган прокуратура болып табылатынын назарға ала отырып, қылмыстық істерді тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізудің, істің тағдырын және қылмыстық қудалау шеңберіне тартылған адамның процесілік мәртебесін анықтайтын маңызды шешімдер қабылдаудың негізгі тәсілдерін өзгерту қажеттігі туындайды.

83.2. Республика прокуратурасы төмен тұрған прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды.

Прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар (республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы астанасының прокуратуралары, бас әскери және көлік прокуратуралары), аудандық және оларға теңестірілген қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралар (әскери, табиғат қорғау, көлік, арнайы объектілер прокуратуралары) құрайды.

Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті мен Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау академиясы да прокуратура жүйесіне кіреді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына Республиканың Бас Прокуроры басшылық етеді. Прокуратура органдары, ведомстволары мен мекемелерінің қызметі төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуына негізделген.

¹ «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларын қайта қарау туралы» ҚР ҚК 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 Нормативтік қаулысы.

// Казахстанская правда. 2017 жыл 21 сәуір.

Аудандық және оған теңестірілгендерден басқа прокуратура органдарында кеңестік орган болып табылатын алқа құрылады. Алқа отырыстарында прокуратура органдарының қызметі мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурордың, ведомство басшысының, облыс прокурорының немесе оған теңестірілген прокурордың ұйғаруы бойынша мүдделі адамдардың қатысуымен алқалы түрде қарауды талап ететін, анықталған заңдылықты бұзушылықтармен байланысты өзге де мәселелер қаралады.

Заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілері олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы үшін міндетті. Прокуратура өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады.

Прокуратура Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді. Бұл есеп прокуратура органдары жүзеге асыратын ерекше өкілеттіктерден тұрады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы белгіленген мерзім ішінде – әр тоқсанда кемінде бір рет Бас Прокурордың елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура қызметінің нәтижесі туралы есебін тыңдап, қажетті ақпарат алуы тиіс (*Президент туралы ҚР Конституциялық заңының 13-бабының 3) тармақшасын қараңыз*).

83.3. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жылды құрайды. Түсіндірме беріліп отырған тармаққа сәйкес Бас Прокурордың қылмыс үстінде ұсталған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларына конституциялық иммунитеті бар¹.

Парламент Сенатының Бас Прокурорды қызметке тағайындауға келісім беруі, оны Республика Президентінің тағайындауы және қызметтен босатуы Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы және Республика Президенті туралы ҚР конституциялық заңдарында айқындалған.

ҚР Бас Прокурорына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәртібі ҚР ҚПК-да регламенттелген (ҚПК 551-бабы).

1 ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 4-тармағын, 71-бабы 5-тармағын, 79-бабы 2-тармағын, 83-бабы 3-тармағын және 15-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 10 НҚ сәйкес «Ауыр қылмыс» санатының атап өтілуін қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесін белгілеу деп түсіну керек, бұл, егер тұлға ауыр қылмысқа қарағанда жеңілдеу қылмыс жасаған жағдайда, тиісті органдардың келісімі болуы міндетті екенін және, керісінше, ауыр қылмыс және ең қауіптісі - ерекше ауыр қылмыс жасаған кездердің бәрінде келісімнің қажет еместігін білдіреді.

//ҚР КК қаулыларының жинағы–Астана,2012(қайта басылылып шыққан).262-265 б.

Бас Прокурорды қол сұғылмаушылық құқығынан айыру рәсімі Парламент Сенатының Регламентінде егжей-тегжейлі белгіленген. Шешім қаулымен рәсімделеді. Сенат келіспеген жағдайда, шешімінде қабылдамаудың толық дәлелдемесі болуға тиіс.

Бас Прокурордың орынбасары Парламент Сенатының шешімін алғаннан кейін іс бойынша одан әрі іс жүргізу заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Бас Прокурорға қатысты істі сот тәртібімен қараудың заңдылығын қадағалауды Бас Прокурордың бірінші орынбасары жүзеге асырады.

Лауазымды тұлғалардың жекелеген санаттарын конституциялық қол сұғылмаушылығынан айыру және жауаптылыққа тарту мәселелеріне «Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 4-тармағын, 71-бабы 5-тармағын, 79-бабы 2-тармағын, 83-бабы 3-тармағын және 15-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2003 жылғы 30 қаңтардағы № 10 Нормативтік қаулысында түсіндірме берілген¹.

83.4. Прокуратураның құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібі заңда айқындалады.

Конституцияға сәйкес бірқатар мемлекеттік органдардың мәртебесінің өзекті элементтерін тікелей Конституциямен айқындаумен қатар, мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің жекелеген тұстарын реттеу конституциялық заңмен немесе заңмен жүзеге асырылады. Сонымен бірге Конституцияның бірқатар нормаларының мағынасына сәйкес мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайы Республика Президентінің жарлықтарымен, Үкімет қаулылармен және өзге заңға тәуелді актілермен белгіленеді².

Конституцияның 83-бабының 4-тармағына сәйкес Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді, бұл оның конституциялық мәртебесімен және мемлекеттік органдардың құрылымы туралы айрықша ережемен байланысты.

Прокуратура қызметінің заңнамалық негізін ҚР ҚПК, ҚР АПК, ҚР ӘҚТК және прокуратура туралы, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы, құқық қорғау қызметі туралы және т.б. ҚР заңдары құрайды.

Прокуратура қызметін заңнамалық реттеу бірнеше сатыдан өткен. Ұлттық прокуратураның қалыптасуының негізін қалаған прокуратура органдарының Бас Прокурорға бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйесі 1991 жылы 6 желтоқсанда құрылған³. Прокуратураны заңдардың

¹ Сол жерде.

² Қараңыз: ҚР КК «Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» 2008 жылғы 15 қазандағы N 8 НҚ.// ҚР КК қаулыларының жинағы – Астана, 2012 (қайта басылып шыққан).452-453 б.

³ ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің «ҚазКСР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, оларды олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» 1991 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысы // ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомосі.–1991.–№48-50.

дәл және бірізді орындалуын қадағалайтын жоғары қадағалау органы ретінде жариялаған «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» алғашқы Заңды¹ 1992 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған. Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты Президент 1995 жылы 21 желтоқсанда прокуратура қызметінің құқықтық өрісін өзгерткен «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заң күші бар Жарлығын² шығарды.

Конституциялық өзгерістерге байланысты 2017 жылы 30 маусымда «Прокуратура туралы» ҚР Заңы қабылданып, онда прокуратура органдарының мақсаты, қызметінің құқықтық негіздері, прокурорлық қадағалау салалары (қадағалаудың негізгі бағыттары, мәні, нысандары, шектері және түрлері), ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері, сотта мемлекеттің мүддесін білдіру және қылмыстық қудалау, құқықтық актілері және прокуратура органдарының жүйесі, сондай-ақ өзге де мәселелер айқындалған.

Прокуратура органдарының міндеттеріне: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру; заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың зардабын анықтау және жою; құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру жатады. Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалған өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Прокуратура қызметінің өзге де бағыттарына: заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру, арыз-шағымдарды қарау, сондай-ақ прокуратура ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының қызметі жатады.

Прокуратура туралы ҚР Заңының жеке тармағында прокурордың мәртебесі, өкілеттіктері және қызметінің кепілдігі айқындалған. Онда прокурордың құқықтары, міндеттері, қызметінің құқықтық кепілдіктері, прокуратураның жауапкершілігі, еңбекті құқықтық реттеу, қызметтік және өзге де қаржылық, материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері реттеледі.


Прокуратура органдарының жұмысы Бас Прокурор шығаратын, прокуратураның ұйымдастырылуы және қызметі мәселелерін реттейтін актілердің: бұйрықтардың, өкімдердің, ережелердің, нұсқаулықтардың, регламенттердің және басқаларының негізінде құрылады.

84-бап. 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес алынып тасталған.

¹ «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1992 жылғы 17 қаңтардағы ҚР Заңы

// Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостері.–1992.–№5.

² ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заң күші бар Жарлығы// Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостері.–1995.–№24.



VIII Бөлім
ЖЕРГІЛІКТІ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

85-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

ҚР Конституциясының түсіндірме беріліп отырған бабы бірыңғай мемлекеттік билік жүйесінің бірден бір және маңызды тармағына – жергілікті мемлекеттік басқаруға арналады.

Аталған конституциялық норма жергілікті мемлекеттік басқару құрудың басты құқықтық негізі болып табылады. Бұл баптың әр термині өте мазмұнды және өз кезегінде, жергілікті мемлекеттік басқаруға қатысты барлық қатынастарды жеке-жеке реттеуге бағытталған заңнамалық нормалар жүйесінің құрылуына алып келді. Тиісті аумақтарда басқару функциясын жүзеге асыратын жергілікті өкілді және атқарушы органдардың міндеттері мен құзыреттерін регламенттеуге бағытталған «арнайы» заңдардан бөлек, жергілікті мемлекеттік органдардың мәселелеріне қатысты нормалар басқа көптеген құқықтық актілерде бекітілген. Бұл актілер Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы ретінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен тұрады.

ҚР Жер кодексінде жергілікті билік органдарының құзыретіне 100-ден астам және ҚР Су кодексінде 60-қа жуық сілтеме келтірілгенін атап өткен жөн. Халықтың денсаулығы туралы ҚР Кодексінде жергілікті басқару органдарының құзыретіне арналған 40-қа жуық норма қарастырылған. Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу институттары мен тетіктерін енгізу де жергілікті билік органдарының құзыреттерін жаңа өкілеттіктермен толықтырусыз өтпеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы ҚР Заңын атап көрсетуге болады, онда жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілеттігі 9 рет аталады.

Қолданыстағы иерархияның: Конституцияның, конституциялық заңдардың, жергілікті мемлекеттік басқаруға арналған кодекстер мен заңдардың нормаларының сан алуандығы оларды мерзімді түрде түсіндіру, түсіндірме беріп отыру қажеттігін анықтайды.

Профессор С.Ф. Ударцев дәл атап еткендей, ұсынылып отырған түсіндіру: «заңдардың және конституцияның ара қатынасын белгілейді, олардағы күмәнді қарама-қайшылықтарды жояды, заңнаманы түзетпей, қарама-қайшы заңдарды өзгертпей және күшін жоймай болмайтынын атап көрсетеді»¹.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жергілікті мемлекеттік басқару құрылымы мен жүйесі біркелкі регламенттелген. Бірқатар ерекшеліктері бар жекелеген әкімшілік-аумақтық құрылымдарда өзгешілік болады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңның 2-бабы 1-тармағына сәйкес аталған саладағы заңнама Конституцияға негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Мәселен, егер «базалық» Заң «жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін» регламенттесе, ал Алматы және Астана қалаларына арналған басқа екі заң спецификасын, бірқатар ерекшеліктерін және аталған қалалардың атқарушылық билік жүйесіндегі мәртебесін ескере отырып, жергілікті мемлекеттік басқару мәселерін реттеуде белгілі бір қосымша болып табылады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында «біздің заңнамамызды жаңа жағдайға бейімдеу керек» деп атап көрсетілген.

Ғылым мен технологияның дамуы, азаматтардың күнделікті өміріне жаңалықтардың, «ақылды» үй, «ақылды» қала сияқты жобалардың енгізілуі ҚР Заңнамасына тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талап етеді.

Мемлекет басшысының жоғарыда келтірілген тапсырмасына сәйкес заң шығарушылардың біздік күнделікті өмірімізге енгізіліп жатқан жаңалықтар мен жаңа технологияларға дер кезінде нормативтік-құқықтық ден қоюы өзекті болып табылады. Заңнаманы қазіргі жағдайға бейімдеу мәселесі құқық қолдану және сот билігіне қатысты.

«Ақылды» қала жобасы қалалықтардың өміріндегі қауіпсіздік, көлік, медициналық қызмет, коммуналдық шаруашылық, абаттандыру және т.б. салаларды қамтиды². Дерек көздері: бейнекамералар, түрлі датчиктер, сенсорлар, ақпараттық жүйелер және басқалар. Дерек көздері жергілікті мемлекеттік басқару үшін өзекті, өйткені бюджет шығынын барынша

¹ Ударцев С.Ф. Конституция и эволюция общества (вопросы теории и философии права).-СПб.: Университетский издательский консорциум, 2015 год.-С.191.

² Источник <https://iot.ru/gorodskaya-sreda/opyt-umnykh-gorodov-ili-praktikamegap-olisov-upravlyaemykh-dannymiот14августа2017года>.

азайтудың және энергия пайдалану, сумен, жылумен қамтамасыз ету т.б. шығынын азайту амалдарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы ҚР Заңының преамбуласында аталған заңның Қазақстан Республикасы астанасының жұмыс істеуі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оның қызметінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды. Сонымен қатар, бұл құқықтық акт астанадағы жергілікті мемлекеттік басқарудың ерекшелігін регламенттеуге бағытталған. Бұл құқықтық актінің қолданыстағы он бес бабының көбі астанадағы жергілікті мемлекеттік басқарудың ерекшелігін бекітеді.

Мысалы, Астананың мәртебесі туралы ҚР Заңының астананың жергілікті атқарушы органының өкілеттіктеріне арналған 9-бабы 40-тармақшадан тұрады, олар астананың жергілікті атқарушы органының жергілікті мемлекеттік басқарудың түрлі салаларындағы өкілеттіктерін егжей-тегжейлі айқындайды.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды реттеуге бағытталған алғашқы заңнамалық актілердің бірі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі ҚР Заңы болғанын атап өту керек, онда қаланың бірқатар ерекшеліктеріне байланысты Алматы қаласының айрықша мәртебесін айқындайтын құқықтық негіздер белгіленген, атқарушы және өкілді органдардың құзыреттері бекітілген.

Мемлекеттік билік Конституцияның 3-бабының 4-тармағында бекітілген заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуден бөлек, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқаруға бөлінуін де көздейді.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды қалай түсінуге болатынын, ҚР Конституциясының 85-бабындағы осы және басқа ұғымдардың қандай элементтерден құралатынын талдап көрейік.

85.1. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы ҚР Заңының 1-бабының 8-тармақшасында жергілікті мемлекеттік басқару деп тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, өз құзыреті шегінде оны дамыту мақсатында жүзеге асыратын қызметі деп түсінген жөн.

Жергілікті мемлекеттік басқару биліктің әр түрлі жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып қалыптастырылатын, билік вертикалінің төмен тұрған деңгейіндегі мемлекеттік биліктің маңызды құқықтық құралы болып табылады. Академик Г.С.Сапарғалиев атап өткендей: «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқаруы мемлекет тетігінің ерекше бөлігі болып табылады және белгілі бір дербестікке ие»¹.

¹ Сапарғалиев Г.С. Конституциялық құқық, Академиялық курс, 2006 жыл. – 186-б.

Соңғысы дербес жергілікті коммуналдық мүлік арқылы (ҚР АҚ 192-бабы), бюджеттен және жергілікті бюджетке түсетін салық арқылы (ҚР Бюджет кодексінің 50,51,52,52-1 баптары) қамтамасыз етіледі, бұл ҚР АҚ, ҚР Бюджет кодексі және Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңымен белгіленген.

Атап айтқанда, ҚР АҚ (Жалпы бөлімі) 192-бабы 3-тармағында «коммуналдық меншік жергілікті қазынадан және заң құжаттарына сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады», ал жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлік жергілікті қазынаны құрайды деп қарастырылған.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауында билікті орталықсыздандыру және жергілікті билік органдарының қаржылық дербестігін нығайту бөлігінде «облыстық деңгейде шығыс уәкілеттілігін шоғырландыруға» жол бермеудің маңыздылығы аталып өтілді. Республика Президенті «оларды әрі қарай ауданға және ауылдық деңгейге берген жөн. Әкімдер өңірлік және жергілікті маңызы бар мәселелерді шешулері тиіс...» екенін баса айтты.

Осылайша, жергілікті мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеуді жетілдіру және тиісінше аражігін ажырату процесінде ҚР АҚ (жалпы бөлімі) 2017 жылғы 11 шілдедегі Өкілеттіктерді қайта бөлу туралы ҚР Заңына сәйкес толықтырылып, атқарушылық вертикаль деңгейлері бойынша бірқатар өкілеттіктердің аражігін ажырату жүргізілді.

2017 жылдың шілдесінен коммуналдық меншік және тиісінше оған басшылық ету жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару деңгейлері бойынша бөлінеді:

облыстық, республикалық деңгейдегі қала, астана;

аудандық (облыстық маңызы бар қала);

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, селолық округтер (жергілікті өзін өзі басқарудың коммуналдық меншігі) және олар 2018 жылдың қаңтарынан бастап кезең-кезеңмен енгізіледі.

85.2. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халық сайлайтын сайланбалы органдар болып табылады. Мәслихаттар жекелеген әкімшілік-аумақтық бөліністің мүддесіне өкілдік етуші ретінде депутаттарды сайлаған халықтың арман-тілегін және еркін білдіруге тиіс. Сонымен бірге жалпы мемлекеттік мүдделерді жүргізеді.

Мәслихаттарды құру бірқатар заңнамалық актілермен – ҚР Конституциямен, Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңымен, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы ҚР Заңымен регламенттеледі.

Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңында тиісті мәслихаттағы депутаттардың санын ҚР ОСК мына шекте анықтайды деп бекітілген:

облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалаларының мәслихаттарында – елуге дейін, қалалық мәслихатта – отызға дейін, аудандық мәслихатта – жиырма беске дейін.

Астана қаласының мәслихатында қазіргі кезде жиырма бес депутат бар.

Мәслихат заңды тұлға болып табылмайды, сессия кезінде және әкімдіктер сияқты тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе жұмыс істейді. Олар тұрақты әрекет ететін атқарушы-өкімді орган болып табылмайды, ол тек атқарушы билікке тән.

85.3. Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

ЖАО атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын жергілікті мемлекеттік басқарудың өзегі болып табылады.

Жергілікті атқарушылық-өкімдік билігі жүйесін әкім басқарады. Конституцияда және Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңында әкім Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады, ЖАО-ны (ол құрылған жағдайда) басқарады және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімшелерінің келісілген қызметін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару өкілеттіктері және өзін-өзі басқару функциясы берілген, тиісті аумақта әлеуметтік-экономикалық дамудың жай-күйіне жауапты атқарушы органдарға басшылықты жүзеге асырады деп көзделген.

Жергілікті атқарушы билікті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылатын әкімдіктер жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы билік жүйесіне мемлекеттік мекеме нысанында құрылатын және әкімшілік-аумақтық бөліністерді және тұрғындарды жайлы әрі қолайлы жүріп-тұруы мен қызмет етуін қамтамасыз ететін түрлі салалары реттейтін, басшылық жасайтын басқармалар кіреді. Сумен, энергиямен, жылумен қамтамасыз ету, азаматтық және жол құрылысы, коммуникация, өзге де коммуналдық және көлік қызметі, азық-түлік және қоғамдық қауіпсіздік, кәсіпкерлік, сауда-саттық, инвестиция, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт – бұлар тек жергілікті атқарушы билік органдарының күнделікті және тәулік бойы реттейтін, атқаратын және бақылайтын жауапкершілік зонасының негізгі бөлігі ғана.

Санамаланған қызмет аясы мен салалары белгіленген тәртіппен, аталып өткендей, тиісті жергілікті бюджетпен қаржыландырылады.

А.И. Худяков айтқандай, «қаржы – бүкіл қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету элементі болып табылады»¹.

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарды тиісті мәслихат бекіткен әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасы шеңберінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады (Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы ҚР Заңының 39-бабы).

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі тиісті мәслихаттың келісімімен ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады делінген Заңның 29-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында.

Атқарушы органдардың басшылары азаматтардың қолайлы әрі жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қарауындағы бағыттарда (білім беру, денсаулық сақтау, туризм және спорт, кәсіпкерлікті қолдау, энергетика, құрылыс, жұмыспен қамту, азаматтардың жекелеген санаттарын қолдау, абаттандыру, ауыл шаруашылығы, жолаушылар көлігі, және т.б.) қызметтерін жүзеге асырады.

Қазақстанда әкімдіктердің мыналай буындары жұмыс істейді: 1) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың (14 облыстық әкімдік, республикалық маңызы бар қала Алматы және елорда Астана); 2) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар). Республикалық маңызы бар қаладағы аудандар, мысалы, Алматы қаласында 8 аудан, Астана қаласында – 3, Шымкент қаласында – 4 және Қарағанды қаласында – 2 аудан, аудандық маңызы бар қалалық, кент және ауыл (селолық).

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктері Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді. Республикалық маңызы бар қаланың (астананың) әкімдіктері, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалаларың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), округ әкімдіктері құрылмайтын болғандықтан, олар тиісті атқарушы органдардың бөлігі болып табылады.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктерінің міндеттері ортақ – атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын тиісті аумақты дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз ету. Әкімдіктердің көрсетілген буындарының әрқайсысы бұл міндеттерді өз құзыреті шегінде шешеді.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) әкімдігін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі басқарады.

¹ Избранные труды по финансовому управлению. Составитель Сулейменов М.К., Порохов Е.В., Карасева М.В. Шаукенов А.Т.-СПб: Изд. «Юридический центр-Пресс», 2010.–58-б.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімі әкімдікті өзінің орынбасарларынан, әкім аппаратының басшысынан, атқарушы органдардың бірінші басшыларынан құрады. Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігінің дербес құрамы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихатының сессиясымен келісіледі және олар тиісті шешім қабылдайды. Облыс әкімдігінің мәжілістерін дайындау және өткізу, шешім қабылдау тәртібі «Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктерінің үлгі регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі №546 қаулысы негізінде әзірленген регламентпен айқындалады.

ЖАО-ны (әкімдік) әкім құрады. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі алқалы орган болып табылады.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімін қызметіне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихатының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Қызметінен Қазақстан Республикасы Президенті босатады (жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 28-бабы). Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімінің орынбасары жоғары тұрған уәкілетті органдардың келісімі бойынша тағайындалады, олардың шекті санын ҚР Үкіметі анықтайды (көрсетілген ҚР Заңының 29-бабының 1-тармағы 4) тармақшасы). Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте нысанды киім кию құқығы берілген және әскери немесе арнайы атақ берілетін басшылардан бөлек, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары әкімнің өкімімен тағайындалады.

ЖАО-ның алқалы шешіміне – әкімдіктің қаулысы, әкімнің жеке актілеріне – шешімдер мен өкімдер жатады (жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 37-бабы 3-тармағы).

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдігі консультативтік жұмысты жүзеге асырады, ол үшін ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша консультативтік-кеңестік органдарды құрады. Қазақстан Республикасының заңнамасы бүкіл әкімдікке емес, жекелеген мемлекеттік қызметшілерге жауапкершілік нысанын көздейді.

Заңнамалық нормаларға сүйене отырып, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдері өкілеттіктерінің мына топтарын көрсетуге болады:

1) тағайындалған әкімшілік-аумақтық бөліністің орталық мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, халықаралық қаржы-экономикалық институттармен және ұйымдармен, сондай-ақ жергілікті тұрғындармен және жекелеген азаматтармен өзара қарым-қатынас жасауына байланысты – өкілдік;

2) Республика Президенті мен Үкіметінің саясатын, актілері мен тапсырмаларын орындауға міндетті әрі өз функциялары мен өкілеттіктерін іске асыру барысында жоғары тұрған басшылары қойған мақсатты индикаторларға, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін өкімдік сипаттағы актілерді шығаруға құқылы, кей уақытта міндетті болғандықтан – атқарушылық-өкімдік;

3) Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және төмен тұрған әкімдердің бақылау өкілеттіктері сеніп тапсырылған аумақта Мемлекет басшысының стратегиялық, саяси және заңнамалық актілерін, ҚР Үкіметінің актілері мен тапсырмаларын, әкімдіктің қаулыларын, әкімдердің өкімдері мен шешімдерін, оның ішінде ресми хаттамамен рәсімделген тапсырмаларын орындау міндетінен туындайды.

Әкімнің жергілікті атқарушы биліктің басшысы ретіндегі өкілеттіктерінің тізбесі аталғандармен шектеліп қалмайды және жоғарыда көрсетілген заңдардың нормаларынан туындайтын басқа да өкілеттіктерден тұрады. Шартты түрде олар норма шығармашылық, кадр сипатындағы, тәртіптік және т.т.

85.4. Жергілікті атқарушы органдар жүйесінде мемлекеттік мекемелер нысанында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімінің аппараты болады. Олардың құқықтық мәртебесі Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 1-бабының 2) тармақшасында белгіленген, онда әкім аппараты әкім қызметінің ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады деп көзделген.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппаратын, тиісінше, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

Астананы мысалға келтіре отырып, Астана қаласы әкімінің аппаратын атауға болады, Астана қаласындағы 3 ауданның аппараты және бір мезгілде бюджет бағдарламасының әкімшілері болып табылатын 26 атқарушы-өкімдік орган.

86-бап

1. Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

86-баптың 2-тармағына 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес өзгертулер енгізілді.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5. Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

86-баптың 5-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

6. Мәслихаттардың құзіреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, олардың депутаттарының құқықтық жағдайы заңмен белгіленеді.

86.1. Қазақстан Республикасында жергілікті өкілетті органдар сайланбалы орган болып табылады, оларды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің халқы құрайды. Мәслихаттардың құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңнамасымен анықталады. Конституцияға 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен енгізілген өзгерістер мен түзетулерге сәйкес мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі ретінде анықталады. Конституцияның 89-бабының 2-тармағы мәслихаттарды сөзсіз жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде анықтайды.

1985 жылғы 15 қазандағы Жергілікті өзін – өзі басқарудың Еуропалық хартиясы мыналарды белгілейді: 1) жергілікті өзін-өзі басқару демократиялық құрылыс негіздерінің бірін құрайды; 2) азаматтардың мемлекетті басқаруға құқығы жергілікті деңгейде іске асырылуы керек; 3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нақты өкілдіктерінің әрекет етуі азаматтарға басқарудың тиімділігін қамтамасыз етеді; 4) демократиялық жолмен құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз құзіретіне қатысты автономияға, оның жұмыс істеу тәртібіне және ол үшін қажетті қаражатқа ие болуы керек.

2012 жылғы 28 қарашада Қазақстан Республикасында ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Азаматтардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі халықтың еркін білдіру жолымен өзін-өзі басқаруды іске асыруға конституциялық құқығын қамтамасыз ететін міндеттерді іске асыруда мәслихаттар басты рөлге ие. Мәслихат – тиісті аумақ халқының тікелей демократия арқылы қалыптастыратын биліктің өкілді органы. Осылайша, халық мемлекет ісін басқаруға өзінің қатысу құқығын тиісті мәслихат депутаттарына береді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың басты принциптерінің бірі жергілікті органдардың, оның ішінде мәслихаттардың елді мекеннің барлық тұрғындарының заңды мүдделері есебімен жергілікті мәндегі мәселелерді дербес шешуі болып табылады. Осы мақсатта басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне халықты белсенді тарту тетіктерін құру және дамыту қажет.

Жергілікті орындарда мемлекеттік билікті ұйымдастыру ретінде жергілікті өзін-өзі басқару идеясын реттейтін ҚР Конституциясы аумақтық басқарудың барлық жүйесін қайта құру, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін жақсарту міндеттерін қойды. Жергілікті өзін-өзі басқаруды құқықтық реттеудің заманауи кезеңі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын кеңейтумен, олардың аумағындағы істердің жағдайына жауапкершіліктерін көтерумен сипатталады.

Демократиялық құқықтық мемлекет құру тиімді әрекет ететін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің болуын көздейді. Халық тарапынан егеменді билікті іске асырудың конституциялық нысаны ретінде Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару қоғамды басқарудың өзіндік тәсілі болып табылады. Соңғы жылдардағы реформа барысында жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру өзін-өзі басқаруды дамыту үшін саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық негіз құрусыз мүмкін емес.

Жергілікті өкілді органдар өз қызметін толығымен құқықтық негізде іске асырады. Мәслихаттар жергілікті бюджеттерден қаржыландырылады, олар елдің мемлекеттік бюджетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2007 жылғы 21 мамырдағы және 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР заңдарымен Қазақстанда өткізілген конституциялық реформалардың жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардың рөлін арттырғанын атап өткен

жөн. Бұл мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін қайта бөлумен байланысты, ол кезде өкілеттіктер мен жауапкершіліктердің көбі жергілікті орындардағы өкілді билік органдарына ауысады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және қызметі заң аясында іске асырылады, ол жергілікті өзін-өзі басқару туралы қағиданы қамтитын жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңы биліктің жергілікті органдарына мемлекеттік істердің елеулі бөліктерін реттеуге, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді өз жауапкершілігіне ала отырып дербес шешу құқығын береді. Нәтижесінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдары екі түрлі сипаттағы міндеттерді атқарады: 1) тиісті аумақтағы істердің жағдайына жауапты және 2) мемлекеттік емес міндетті атқарады. Сонымен қатар, жергілікті билік органдары жұмысының қомақты бөлігін мемлекеттік істер алып отыр.

Конституция және заңдар аса маңызды әлеуметтік қатынастарды реттейді, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің негіздеріне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейді. Яғни, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметі негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңда бекітілген. Осы негіздеуші принциптер мен нормалар мемлекеттік органдар, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару органдары туралы конституциялық ережелерден туындайды. Бұл принциптер мен нормаларға: жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау, халықтың жергілікті мәндегі мәселелерді шешуге қатысуы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының олардың құзіреттілігі шегіндегі тәуелсіздігі, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен байланыс жатады.

Жергілікті өкілді органдар сайлау арқылы құрылады және тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс халқының еркін білдіреді. Сонымен бірге, мәслихаттардың міндеттері тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін іске асыру кезінде жалпы мемлекеттік мүддені ескеруі тиіс екенін атап өтеміз.

86.2. Мәслихаттар тікелей сайлау құқығы арқылы құрылатын сайланбалы орган болып табылады. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында өмір сүретін әр азамат өзінің конституциялық құқығын сайлауда іске асыруға құқылы. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы ҚР Конституциялық заңы мәслихат депутаттарын сайлау рәсімін регламенттейді.

Сайлау құқығы принциптері негіздеуші бастаманы белгілейді, оларға азаматтардың конституциялық құқығын құқықтық реттеудің барлық тетігі жинақталады және мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, оның ішінде мәслихаттарға сайлануға және сайлауға қатысуға құқылы. Олар тек қана сайлау туралы заңнама негіздерінде ғана емес, сонымен бірге, сайлаушылардың, кандидаттардың, сайлау бірлестіктерінің, сайлау комиссияларының және сайлауға қатысатын өзге де қатысушылар әрекеттерінің заңдық және құқықтық басты критерийлері болып табылады, азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыруға және қорғауға байланысты

қатынастарын құқықтық реттеу басымдықтарын көрсетеді. Жалпылық принципі (кез келген кемсітушіліктің болмауы) азаматтар жынысына, ұлтына, нәсіліне, діни көзқарастарына және сеніміне, сондай-ақ, мүлдіктік және лауазымдық жағдайларына қарамастан нақты жасқа жетуі бойынша сайлауға қатыса алатынын және сайлана алатынын білдіреді. Бұл принципке заңнамамен белгіленген психикалық тұрғыдан сау емес және сот шешімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарындағы тұлғалар үшін сайлауға қатысуға қойылған тыйымдар қайшы келмейді. Жалпы сайлау, оның ішінде мәслихаттардың депутаттарын сайлаудағы құқық Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 4-бабында бекітілген.

Тең сайлау құқығы принципі Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 5-бабында бекітілген және онда сайлаушылардың мәслихат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысы болатындығы, ал кандидаттардың сайлауға тең құқықтармен және шарттармен қатысуына кепілдік берілетіндігі айтылған.

Тікелей сайлау азаматтардың мәслихат депутаттарын тікелей сайлайтындығын, бұл сайланған депутаттар мен сайлаушылардың арасында байланыс құратындығын білдіреді. Тікелей сайлау депутатты өз сайлау округіндегі сайлаушылардың бақылауына қояды, бұл депутаттың округтің сайлаушыларымен жиі кездесуіне және оларды тыңдауына, нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау кезінде округ тұрғындарының мүдделерінің ескеруіне жол ашады. Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 6-бабына сәйкес тікелей сайлау құқығы азаматтарға мәслихат депутаттарын сайлау кезінде беріледі.

Жасырын дауыс беру қағидасы кез келген органдар, лауазымды тұлғалар, сондай-ақ, қоғамдық бірлестіктер тарапынан сайлаушылардың еркін қалай да бір бақылау мүмкіндігіне жол бермейді. Сайлаудың құпиялылығын сақтауды басты міндеттердің бірі ретінде, оның ішінде кезек күттірмейтін дауыс беру, берілген орыннан тыс жерде дауыс беру, сондай-ақ, пошта арқылы дауыс беру кезінде де сайлау комиссияларына жүктеледі. Сонымен бірге, жасырын сайлау сайлаушының құқы болып табылатынын ұмытпаған жөн. Егер сайлау комиссиялары азаматтардың еріктерінің құпиялылығын қамтамасыз ететін заңның барлық талаптарын орындауға міндетті болса, сайлаушыларды жасырын сайлау кабинасында сайлау бюллетенін толтыруға мәжбүрлемеуі керек. Олар оны егер олардың әрекеті насихаттау әрекетіне жатпаса, осы шартпен құпия сайлау үшін кабинадан тыс жерде орындай алады. Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 8-бабында жасырын сайлау қағидасы бекітілген.

86.3. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Осылайша, мәслихатқа сайлану кезінде азаматтың сайлау құқығын іске асыру кезінде жасына байланысты сайлау цензімен шектеледі, тиісінше ол

жиырма жасқа жеткен Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек, себебі сайланудың саяси құқығы тек қана Қазақстан Республикасының азаматтарына таралады.

Қазақстан Республикасының азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады. Бұл талап тұрғылықты мекенжайына және тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің мүдделерін білуіне байланысты.

Бұған дейін аталып өткендей, тиісті мәслихат депутаттарының санын ҚР ОСК мынадай шектерде: облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында – елуге дейін; қалалық мәслихатта – отызға дейін; аудандық мәслихатта – жиырма беске дейін белгілейді.

ҚР ОСК белгілеген оның депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үші сайланған жағдайда мәслихат заңды болып есептеледі.

86.4. Мәслихаттардың қарауына жататын мәселелердің шеңбері өкілеттіктер болып табылады. Заңнама бойынша оларға:

1) тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) олардың құзіретіне жататын жергілікті әкімшілік-аумақтық орналасу мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихаттың құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 6-бабына сәйкес мәслихаттардың құзіретіне:

– тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері іске асыратын (әрбір қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ бойынша жеке-жеке) бюджеттік бағдарламаларды бекіту;

– Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың базалық құрылымдары негізінде қалыптастырылған әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын әкімнің ұсынуы бойынша бекіту;

– жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын бекіту;

– сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту;

– әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімдіктің дербес құрамын келісу;

– ҚР заңнамасында айқындалған тәртіппен, әкімнің ұсынуы бойынша ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшысының лауазымына кандидатураны келісу;

– атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

– ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларының есептерін қарау және олардың қызметін бағалау;

– Қазақстан Республикасының сайлау туралы заң актісіне сәйкес аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін жасырын немесе ашық дауыс беруді өткізу жолымен сайлау;

– жергілікті бюджеттің, аумақты дамыту бағдарламаларының атқарылуына бақылау жасау;

– облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін қарау;

– мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерін тексеру комиссиялары жұмыстарының жоспарына енгізу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына ұсыныстар енгізу;

– мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихаттың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

– әкімнің ұсынуы бойынша ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша әкімдік жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың дербес құрамын бекіту;

– әкімнің ұсынысы бойынша «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру;

– облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі әзірлеген және ұсынған «Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы» атағын беру қағидаларын бекіту;

– облыстың (қаланың, ауданның) Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені әзірлеу және бекіту;

– Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;

– азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың

құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Осылайша, мәслихаттардың өкілеттіктеріне талдау жасай отырып, мәслихаттардың ықпал етуінің ең күшті тетіктері: жоспарларды бекітумен; аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекітумен; бюджеттік бағдарламаларды бекітумен және оның атқарылуы туралы есеппен; жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және кедейлік ауқымын қысқарту жөніндегі бағдарламаларды бекітумен байланысты екенін атап өткен жөн.

Мәслихаттың бақылау өкілеттіктері атап көрсетілуі мүмкін: атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және өкілеттіктердің тиісті органдарына қатысу және мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жауапты тұлғалардың жауапкершілігін қарау; ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларының баяндамаларын қарау және олардың қызметін бағалау; аумақтарды дамытудың жоспарлары мен тиісті бағдарламаларының (әлеуметтік – экономикалық және т.б.) орындалуын бақылау; бюджеттің орындалуын бақылау.

86.5. Мәслихаттар өз қызметінде жалпымемлекеттік мүдделерді ескеруі тиіс, сондықтан Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 4-бабына сәйкес, мәслихаттар өз қызметінде:

1) ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтауға;

3) қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстануға;

4) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мәслихаттарға Қазақстан Республикасының шегінде бірыңғай еңбек нарығын, капиталды, қаржыны қалыптастыруға, тауарлар мен қызмет көрсетуді еркін алмасуға кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға тыйым салынады.

Мәслихаттар қабылдайтын аумақты дамыту жоспарлары Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарларына сәйкес келуге тиіс.

Бұл жайт Қазақстан Республикасы Конституциясының 85-бабына сәйкес туындайды, оған сәйкес «жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады». Яғни, мәслихаттар орындарында екі түрлі рөл атқарады. Бір жағынан, олар мемлекеттік басқару органдарының жалпы жүйесіне кіреді, екінші жағынан, жергілікті халық сайлайтын жергілікті өкілді органдар ретінде мәслихаттар арқылы азаматтар өзін-өзі басқаруға арналған құқығын жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 89-бабының 2-тармағы).

ҚР Конституциясының 86-бабының 5-тармағының нормасында мәслихаттың өкілеттігін Республика Президенті Премьер-Министрмен және Парламент Палаталарының төрағаларымен консультациялардан кейін мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкіндігі белгіленген.

Конституцияға 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңымен мәслихатты таратуға қатысты өзгерістер енгізілді. Егер бұған дейін Республика Президенті мәслихатты мерзімінен бұрын тарату туралы шешімді жеке қабылдай алатын болса, қазір бұндай жауапты шешім қабылдау үшін Президент Премьер-Министрмен, сондай-ақ Парламент Палаталарының төрағаларымен консультация өткізеді. Жоғары өкілді орган – Парламент өкілдерінің және жоғары атқарушы орган басшысы – Премьер-Министрдің пікірін анықтау қажеттілігін қарастыратын қосымша процедура объективті және әділетті шешім қабылдауға ықпал етеді.

Республика Президенті – халық бірлігінің және мемлекеттік биліктің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі, сондықтан Конституцияның, саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың бұзылуы бойынша қауіп төнген жағдайда ол жекелеген органдарды, оның ішінде жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардың да өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға дейін тиісті шара қабылдауы мүмкін.

86.6. Мәслихаттардың қызметін ұйымдастыру тәртібі Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңымен, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңымен, қолданыстағы құқықтың басқа да актілерімен және мәслихат регламенттерімен реттеледі.

Мәслихаттарды құрудың тәртібі, құзіреті және жұмысын ұйымдастыру Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңымен айқындалады. Мәслихат қызметтерінің процедуралық және ұйымдастыру қызметі мәслихаттардың регламенттерімен реттеледі. Мәслихаттардың үлгілік регламентін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Әрбір мәслихат сессиясында бекітілетін өзінің регламентін қабылдайды. Мысалы, Астана қаласы мәслихатының регламенті Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 219/31-5 шешімімен бекітілді. Регламент мәслихат сессияларын, оның органдарының отырыстарын өткізу, оларға мәселелер енгізу және қарау, мәслихат органдарын құру және сайлау, олардың қызметі туралы есептерді, халық алдында мәслихаттың атқарған жұмысы және оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы есептерді тындау, депутаттардың сауалдарын қарау тәртібін, мәслихаттағы депутаттық бірлестіктердің өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыруды, сондай-ақ дауыс беру, аппарат жұмысының тәртібін және басқа да рәсімдік және ұйымдастырушылық мәселелерін белгілейді.

Мәслихаттар өз қызметін іске асыру барысында мынадай актілер шығарады:

1. Мәслихаттың өзінің құзыреттілігі мәселесі бойынша шығаратын актілері мәслихат шешімдері болып табылады.

2. Жергілікті бюджеттердің кірістерін қысқарту немесе жергілікті бюджет шығыстарын көбейтуді қарастыратын мәслихат шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарастыруға енгізіледі.

3. Мәслихаттың өзінің құзіреті шегінде қабылданған және азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресми жариялауға жатады және тиісті аумақта орындалуы міндетті.

4. Жалпы мәнге ие, азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Әділет министрлігінің аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.

Мәслихат азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты шешімдерді Құқықтық актілер туралы ҚР Заңында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып қабылдайды.

87-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың,

республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы.

87-баптың 4-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

87-баптың 5-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңы редакциясында баяндалған.

6. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылуы және олардың қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.

87.1. Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – бұл облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері (облыстық маңызы бар қаланың) басшылық ететін алқалы атқарушы орган, өз құзыреті шегінде тиісті аумақтың жергілікті мемлекеттік басқаруын және өзін-өзі басқаруын жүзеге асырады. Әкімдіктер, жергілікті атқарушы орган ретінде Республика Үкіметі басқаратын Қазақстан Республикасының бірыңғай атқарушы органының құрамдас бөлігі болып табылады, тиісті аумақты дамытудың мүддесі мен қажеттілігін үйлестіре отырып, атқарушы органның жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Әкімдер басқаратын әкімдіктер, облыстың, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде құрылады және Қазақстан Республикасы атқарушы органының бірыңғай жүйесіне кіреді. Олар тиісті аумақты дамытудың мүддесі мен қажеттілігін үйлестіре отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдардың қызметі Республика Президентіне, Үкіметіне, жоғары тұрған әкімге есеп беру; тиісті мәслихатқа оның қарайтын мәселелері бойынша есеп беру, заңдылық, дара басшылық, азаматтардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету, өз құзыреті шегінде дербес, өз қызметі және қабылдаған

шешімдеріне жауапкершілік, бақылауда болуы принципі бойынша жүзеге асырылады.

Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі облыс, республикалық маңызы бар қала, астана (облыстық маңызы бар қала) әкімінен, әкімнің орынбасарларынан, әкім аппараты басшысынан, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларынан құралады. Әкімдіктің дербес тізімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты сессиясының шешімімен келісілуі тиіс.

Төмен тұрған әкімшілік-аумақтық бөліністегі (республикалық маңызы бар қалада (астанада) аудандық, аудандық маңызы бар қалада, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтық) әкімдіктер құрылмайды. Осы жергілікті аумақтарда атқарушы билік қалада аудан әкімімен, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері арқылы жүзеге асырылады.

Облыстың, қаланың немесе ауданның аумағында жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және жергілікті мемлекеттік басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ орталық атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте орталық атқарушы органның функциясын жүзеге асырушы тиісті әкім арқылы құрылған атқарушы органдар қызмет атқаруы мүмкін.

Тиісті әкім арқылы құрылатын атқарушы органдар, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік өкілеттік берген мемлекеттік мекеме болып табылады. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңның 39-бабының нормаларына сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар тиісті мәслихат бекіткен әкімшілік-аумақтық бірліктің басқару схемасының шеңберінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі арқылы құрылады, таратылады және қайта ұйымдастырылады. Олардың қызметін ұйымдастыру мен құзыретінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заң талаптарын сақтай отырып, тиісті әкімдік белгілейді.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 38-бабына сәйкес әкімнің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді әкімнің аппараты жүзеге асырады. Әкімнің аппараты, жергілікті атқарушы органның және әкімнің қызметін қамтамасыз етуші, жергілікті бюджеттен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

Әкімнің аппараты тиісті әкімдіктер арқылы құрылады, қысқартылады және қайта ұйымдастырылады, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты тиісті

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі арқылы құрылады, қысқартылады және қайта ұйымдастырылады. Қаладағы аудан әкімдерінің аппараттары, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің республикалық маңызы бар қаланың, астананың (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі арқылы құрылады, қысқартылады және қайта ұйымдастырылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала, астана, облыстағы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы аудан әкімі аппаратының басшысын Республика Президенті белгілейтін уәкілетті тұлға, сондай-ақ Мемлекет басшысы белгілейтін тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Әкімнің жоғарыда аталған аппарат басшыларын қызметке тағайындауға немесе қызметінен босатуға келісім беру туралы ұсынымды, Мемлекет басшысының келісімі бойынша немесе оның өкілеттігі бойынша Әкімшілік Басшысы тағайындайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 «Мемлекеттік билік органының жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен бекітілген (өзгерістерімен және толықтыруларымен) саяси мемлекеттік қызметшілерді және басқа лауазымды тұлғаларды қызметке тағайындау және одан босатуды келісу тәртібі туралы Ереженің 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдері енгізеді. Президент Әкімшілігіне тиісті әкім аппаратының басшысын қызметке тағайындау немесе одан босату жөнінде берілген материалдар Әкімшіліктің мемлекеттік қызмет және кадр саясаты мәселелеріне жетекшілік ететін Әкімшіліктің құрылымдық бөлімшесіне жоғарыда аталған Ережеде көзделген құжаттардың толық тізбесінің болуы және ресімделуінің сапасына тексеру жүргізу және тіркеу үшін жолданады.

Егер Мемлекет басшысы немесе оның Әкімшілігінің Басшысы басқа шешім қабылдамаған болса, Республика Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және аумақтарды дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерінде облыстың, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппаратының, облыстағы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның басшысының кандидатурасы алдын-ала зерделеуге жатады. Келісуге берілген материалдарды қарағаннан кейін және қажетіне қарай Мемлекет басшысын хабардар ете отырып, Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы әкім аппаратының тиісті басшысын қызметке тағайындауға, қызметінен босатуға келісім беру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әкім өкілеттіктерінің тоқтатылуына, жаңа әкімнің тағайындалуы немесе сайлануына байланысты әкім аппаратының мемлекеттік қызметшілері қызметінің мәселелері де заңнамамен анықталады. Әкім аппараты, оның құрылымы туралы ережені тиісті әкімдік бекітеді.

Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттері мен облыстардың, Алматы және Астана қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті саны; кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің аппараттары штат санының лимиті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» № 1324 қаулысымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген. Әкімдерге штаттық кестелерді бекіткен кезде Республика Үкіметінің аталған қаулысымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың штат санының нормативтерін пайдалану ұсынылады.

87.2.1). Конституция нормалары тиісті аумақтарды дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен байланысты жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыру, коммуналдық меншікті басқару, жергілікті бюджет, экономикалық, әлеуметтік сала ретінде әкімшілік-аумақтық бірліктердің тіршілігін қамтамасыз етудің осындай негізгі салаларындағы жергілікті атқарушы органдар өкілеттіктерінің ашық, толық емес тізбесін қамтиды.

Жергілікті атқарушы органдардың қарамағына ең алдымен жоспарларды, аумақтарды, жергілікті бюджетті дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету жатады. Жоспарларды, аумақтарды, жергілікті бюджетті дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеу кезінде жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын және тиісті өңірдің бюджеттік параметрлерін, жергілікті бюджет туралы мәслихаттардың шешімдерін және стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын орнату мақсатында Қазақстан Республикасын дамытудың Стратегиялық жоспарын, мемлекеттік бағдарламаларды, Республика Президентінің Жолдауларын ескере отырып әзірленетін өзге де құжаттарды пайдаланады.

Мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары мен жоспарлары жылдар бойынша бөлінген бесжылдық кезеңге арналған өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, үрдістерін, басымдықтарын, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерін қамтиды. Мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде үш жылға арналған бюджеттік параметрлерінің болжамы өңірдің салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын, тиісті жергілікті бюджеттердің болжамдары мен бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері бойынша шығындардың болжамды көлемдерін қамтуы тиіс. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік-экономикалық дамудың қосымша көрсеткіштері мен бюджеттік параметрлерді қосуы мүмкін. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары мен бюджеттік параметрлерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті

органдар жыл сайын жылжымалы негізде әзірлейді, оны жергілікті атқарушы органдар мақұлдайды және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы әлеуметтік-экономикалық дамытудың болжамын әзірлеу және мақұлдау, облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасын тиісті мәслихаттың бекітуіне ұсыну, және оның орындалуын қамтамасыз ету облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігінің құзыретіне кіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Жарлығына (өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы әзірлейді және өңірлік даму және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен, мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келісіледі.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) дамыту бағдарламасын ауданның (облыстық бағыныстағы қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы әзірлейді және облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органымен, облыстың мүдделі атқарушы органдарымен келісіледі.

Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламасының іске асырылу мониторингін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы жүргізеді.

Облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламаларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы жүргізетін бағалаудан басқа, іске асырылуды бағалау Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасының іске асырылу мониторингін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және облыстың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары жүргізеді.

Іске асыруға мониторинг пен оны бағалаудың нәтижелері бойынша аумақтарды дамыту бағдарламалары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары түзетілуі мүмкін. Аумақтардың дамыту бағдарламасының іске асырылуын бақылауды тиісті жергілікті өкілді орган жүзеге асырады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 3-бабының 1-тармағының нормаларына сәйкес жергілікті

мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару қызметінің экономикалық және қаржылық негізін жергілікті бюджет; коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлік; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммуналдық меншіктегі өзге де мүлік құрайды.

Бұдан басқа, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыруға құқылы. Мұндай көздер мынадай түсімдерден қалыптастырылады: аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беруден түсетін кірістер; жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары; сыртқы (көрнекі) жарнаманы оларды орналастырудың тиісті объектілерінде; аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте; ауданда тіркелген көлік құралдарында орналастырғаны үшін төлемақы; аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері ҚР ӘҚТК баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін алатын айыппұлдар.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттері тиісінше облыстық мәслихаттардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихаттарының және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттарының шешімдерімен бекітіледі.

Облыстың бюджеті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджет кодексінде айқындалған түсімдер есебінен қалыптасатын, және облыстық деңгейдегі, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры болып табылады.

Облыстың бюджеттері, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері тиісінше облыстық мәслихаттардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихаттарының шешімдерімен бекітіледі.

ҚР Бюджет кодексінің 6-бабының 1-тармағына сәйкес облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті жергілікті бюджеттерге жатады. Жергілікті бюджеттерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар ҚР Үкіметі айқындайтын Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібінің негізінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және бюджеттің параметрлерін ескере отырып, жоспарлы кезеңге әзірлейді.

Облыстың бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің шығыстарын жоспарлау үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын әзірлейді және ағымдағы қаржы жылының

15 мамырына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Нәтижелерге бағалау жүргізілген жағдайда Қағидалардың аталған тармағында көрсетілген құжаттарға бағалау нәтижелері қоса беріледі.

Әкімшілік бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның арасындағы келіспеушіліктерді тиісті әкімдік құратын бюджеттік комиссия қарайды.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері және жаңа бастамаларға арналған лимиттер, бюджеттер жобаларының көрсеткіштерін айқындау, бюджеттер жобаларының көрсеткіштерін анықтау бойынша ұсыныстар әзірлеу ҚР Бюджет кодексінің 58-бабына сәйкес бюджеттік комиссиялардың құзыретіне кіреді

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасын жасайды және оны облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың бюджеттік комиссиясының қарауына енгізеді. Бұл ретте облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасын қарау және белгілеу ағымдағы қаржы жылының 15 қыркүйегінен кешіктірмей, және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасын қарау және белгілеу ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей аяқталады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасын ағымдағы қаржы жылының 1 қазанынан кешіктірмей облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарауына ұсынады, және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасын ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қала) жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органдары облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасын қарағаннан кейін олар жобаны ағымдағы қаржы жылының 15 қазанынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді. Жергілікті атқарушы орган аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасын ағымдағы қаржы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа енгізеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстың маңызы бар қаланың) мәслихаты тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешім қабылдағаннан кейін облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі мәслихаттың осындай шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды.

Қаржы жылы аяқталғаннан кейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты мен тексеру комиссиясына облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің орындалуы туралы жылдық есепті ұсынады.

87.2.2). Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттің негізгі көздерінің бірі ретінде коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады. ҚР АҚ 192-бабының 3-тармағына сәйкес коммуналдық меншік жергілікті қазынадан және заңнамалық актілерге сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады. Жергілікті бюджеттің қаражаттары және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық меншік жергілікті қазынаны құрайды. ҚР АҚ 192-бабының 3-тармағының 3-1-тармақшасына (Жалпы бөлім) сәйкес коммуналдық меншік (жергілікті) мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) меншік болып бөлінеді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің мемлекеттік мүлкі ретінде коммуналдық меншіктің құқықтық режимі ҚР АҚ, мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңымен анықталады. Аталған Заңның 2-бабының 3-тармағына сәйкес коммуналдық меншіктің құрамына жергілікті қазынаның мүлкі: жергілікті бюджет қаражаттары; коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге коммуналдық мүлік; коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлік кіреді. Әкімшілік-аумақтық бірліктің атынан коммуналдық меншікті басқаруды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Коммуналдық меншік коммуналдық заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында бекітіліп берілуі мүмкін.

Коммуналдық мүлікті басқару кезінде жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңымен (Қазақстан Республикасының заңдарымен, ережелермен) және осы мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын өзге де актілермен белгіленген өз құзыретінің шеңберінде коммуналдық мүлікке өздерінің құқықтарын іске асыру бойынша өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

Жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі бойынша коммуналдық мүлік облыстық коммуналдық мүлік және аудандық коммуналдық мүлік болып бөлінеді. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі облыстың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне теңестіріледі. Бұл ретте республикалық маңызы бар қалада, астанада коммуналдық мүлікті

жергілікті мемлекеттік басқарудың аудандық деңгейі бөлінбейді және құрылмайды.

Облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі ауданның коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне теңестіріледі. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңына сәйкес аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдік аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншікті заңнамалық актілерге сәйкес басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Сонымен бірге, әкімдік ҚР Үкіметі бекіткен аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруына берілетін аудандық коммуналдық мүліктің Үлгілік тізбесінің негізінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруына берілетін аудандық коммуналдық меншіктің тізбесін айқындайды.

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқаруға берілген аудандық коммуналдық мүлікті кейіннен сатып алу құқығынсыз жеке тұлғалармен мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мүліктік жалға (жалға алуға) береді; коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға берілген, бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін және қызметінің басым бағыттарын анықтайды; берілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді; аудандық коммуналдық заңды тұлғалар берілген объектілерді басқаруды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың қарауына берілген аудандық коммуналдық меншік объектілерін басқарудың өзге де мәселелерін шешеді.

Мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне берудің құқықтық мәселелері Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңының 9-бабында бекітілген: «Мүлікті республикалық мүліктің құрамынан коммуналдық мүліктің құрамына немесе керісінше ... беру Қазақстан Республикасының республикалық мүлікке құқықтарының тоқтауы және әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық мүлікке құқықтарды алу үшін немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық мүлікке құқықтарының тоқтауы және Қазақстан Республикасының республикалық мүлікке құқықтарды алу үшін негіз болып табылады».

Мемлекеттік мүлікті осылай берудің түрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 01 маусымдағы «Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» № 616 қаулысының нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Жергілікті мемлекеттік басқарудағы коммуналдық меншіктегі мемлекеттік мүлікті бір деңгейден екіншісіне беру облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру Мемлекеттік мүлік туралы

ҚР Заңының 10-бабының 3-тармағымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Осылай, облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының және облыстың жергілікті атқарушы органының шешімдерінің негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі.

Коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне мемлекеттік мүлікті беру туралы шешім қабылданғаннан кейін беретін және қабылдайтын тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары қол қоятын және облыстардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының басшылары бекітетін беру актісі отыз күн мерзімде ресімделеді.

Мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңының 17 және 18-баптарында коммуналдық меншікті басқару бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдардың құзыреті белгіленген. Осылай, аталған Заңның 17-бабының нормаларына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары облыстық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады; облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдайды; облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп береді; облыстық коммуналдық мүліктің есепке алынуын ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; сондай-ақ облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға береді; облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім қабылдайды және өзіне мемлекеттік мүлік туралы ҚР Заңында және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға беру) беру тәртібі ҚР Ұлттық экономика министрінің «Мемлекеттік мүлікті жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 17 наурыздағы №10467 бұйрығымен айқындалады. Сенімгерлік басқаруға беру Ұлттық экономика министрінің «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 21 қаңтардағы №10111 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Коммуналдық мүлікті жекешелендіру кезінде ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 09 тамыздағы № 920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алады.

87.2.3). Конституция жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату мәселелерін, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешуді жатқызады. Мысалы, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 29-бабының нормаларына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің құзыретіне келесі лауазымды тұлғаларды:

– жоғары тұрған уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша, шекті санын ҚР Үкіметі белгілейтін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің орынбасарларын;

– облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аппараты құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нысанды киім киіп жүру құқығы және әскери немесе өзге де арнаулы атақ берілетін басшыларды қоспағанда, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларын қызметке тағайындау және қызметінен босату жатады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларына, сондай-ақ аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың, республикалық маңызы бар қаланың аудандық, астанадағы аудан) әкімдеріне заңнамаға сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану мәселелерін шешу; аудандық (облыстық маңызы бар қалалық, республикалық маңызы бар қаладағы аудандық, астанадағы аудандық) әкімдіктер мен әкімдердің жұмысын үйлестіру; төмен тұрған әкімдердің қызметін бақылауды жүзеге асыру жатады.

Сонымен бірге, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астана әкімінің өзінің жекелеген өкілеттіктерін жүзеге асыруды төмен тұрған әкімдерге беруге құқылы.

87.2.4). Жергілікті атқарушы органдардың басқаруына Республика заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерін жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру да жатады. Осылай, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 27-бабының нормаларына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің құзыретіне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасау; аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша өкілеттіктері; заңнамаға сәйкес жер, су қатынастарының реттелуін жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктері жатады.

Жергілікті атқарушы органдарға оларға өзге де заңнамалық актілермен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру жатуы мүмкін. Мысалы, діни қызмет туралы ҚР Заңының 5-бабының нормаларына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша:

- 1) өңірдегі діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді;
- 2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 3) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 4) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 5) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- 6) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- 7) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;
- 8) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдайды;
- 9) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 10) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді.

87.3. Жергілікті жерлерде мемлекеттік басқарудың кез келген ел үшін принципті маңызы зор. Бұл жалпы мемлекеттік істерді тиімді іске асыруды және жергілікті маңызы бар мәселерді, азаматтардың билік органдарымен қарым-қатынас жасауы арқылы өз конституциялық құқықтары мен бостандықтарын пайдаланудағы ыңғайлылығын, мемлекеттік және аумақтық ұжымдардың өмірінде өзін-өзі (қоғамдық) басқарудың қайнар көздері арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз етеді, қорытындысы – орталықтандыру мен орталықсыздандырудың ұтымды ара қатынасы, биліктің жұмылуы мен жазылуы.

Қазақстан Республикасында ең алдымен экономика нарығына негізделген жаңа қоғамдық құрылыстың салынуына қарай, істерді, билік өкілеттіктерін және ресурстарды орталықтан өңірлерге және жергілікті

жерлерге бере отырып, мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру процесі жүзеге асырылуда.

Дәуірлік маңызға ие «Қазақстан–2050» Стратегиясы биліктің жергілікті жерлердегі қарым-қатынасын жаңғыртудың заманауи кезеңін ашты. ҚР Президенті оны жариялау қарсаңында 2012 жылы 28 қарашада №438 Жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіткен болатын.

«Қазақстан–2050» Стратегиясына және аталған Тұжырымдамаға сәйкес 2013 жылы мәслихаттарға және әкімдіктерге қосымша өкілеттіктер, қажетті қаржы және өзге ресурстар беру бойынша ауқымды шаралар қабылданған.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату туралы» 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарлығы орталықсыздандыру процесін одан әрі кеңейту және тереңдету бойынша жаңа ауқымды қадам болды. Бұл құжатта Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуға, орталық және жергілікті органдардың – Үкіметтің, ведомстволардың орталық атқарушы органдарының құрамына кіретін орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың дербестігі мен жауапкершілігін көтеруге негізделген мемлекеттік басқару принциптері айқындалған.

Бұл Жарлықпен жергілікті атқарушы органдарға: тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті маңызы бар міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру; атқарушы биліктің жалпымемлекеттік саясат жүргізуін тиісті аумақтың мүдделерімен және даму қажеттіліктерімен үйлесімде қамтамасыз ету; жергілікті маңызы бар міндеттердің шешілуін және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау; коммуналдық меншікті басқару; аумақтарды дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету; тиісті аумақ шегінде жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды және қағдалауды жүзеге асыру; тиісті аумақта қоғамдық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздік жөніндегі қызметті қамтамасыз етуге қатысу; жергілікті маңызы бар мемлекеттік қызметтер көрсету; жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктер жүктелген.

Осы Жарлықпен Үкіметтен орталық атқарушы органдарға және жергілікті атқарушы органдарды қарауына; орталық атқарушы органдардан – жергілікті атқарушы органдарға; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарынан – аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының қарауына берілетін нақты функциялардың тізбесі белгіленген.

2014 жылы 2 қыркүйекте V шақырылымдағы Парламенттің төртінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Республика Президенті –

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «жергілікті органдарға функцияларды беру – оларға тек қана үлкен өкілеттіктер беру емес. Бұл олардың барлық мақсатты көрсеткіштерді іске асыруға және қол жеткізудегі жаңа жауапкершіліктері» екенін баса айтты.

1995 жылғы Конституция қолданылып отырған жиырма жыл ішінде жергілікті жерлердегі биліктің, оның ішінде әкім сияқты негізгі қызметтің өкілдік сипаты күшейіп, әкімдердің, әкімдіктердің және мәслихаттардың өзара қарым-қатынасы бірте-бірте нығайып келеді.

Жергілікті атқарушы орган – әкімдіктер Республиканың атқарушы билігінің бірыңғай жүйесіне кіреді, оның вертикалін құрайды.

Жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқарады. Әкім тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз етеді.

Конституциялық-құқықтық қызметтер мен өкілеттіктер жинағы бойынша әкім атқарушы биліктің жеке дара органы болып табылады. Дегенмен, оның Республика Президентінің және Үкіметінің өкілі ретінде заңнамалық тұрғыдан анықталуы оны атқарушылық тармақтан, демек атқарушы органдардың біртұтас жүйесіне кіретін әкімдіктен қандай да бір оқшауланған жағдайға қояды. Мысалы, облыс әкімі, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі өз құзыретінің мәселелері және облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің алдында жауап береді.

Сонымен бірге, 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен енгізілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президентінің тағайындауы туралы конституциялық новелла жергілікті өкілді органдардың рөлі мен маңызының артқанын көрсетеді.

Бұдан бөлек, ҚР Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығы негізінде әкімдердің халық алдында есеп беруі жүргізіледі, олазаматтардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының әрдайым назарынан тыс қалмайды.

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі облыста жергілікті жерлерде жалпы мемлекеттік саясатты орындау өкілеттіктеріне ие және жауапкершілікте болады. Жергілікті мемлекеттік басқару

және өзін-өзі басқару туралы Заңның 29-бабының нормаларына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі заңнамаға сәйкес: мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мүддесін білдіреді; орталық атқарушы органдар басшыларына орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің заңдарды, Республика Президенті мен Үкіметінің актілерін, облыс әкімі мен әкімдігінің актілерін олардың орындауға қатысты бөлігіндегі қызметі туралы ұсыныс енгізуге құқылы; орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі заңдарды, Республика Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауға қатысты бөлігінде жұмыстағы кемшіліктерін жоймаған ретте облыс әкімі Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне тиісті қорытынды енгізуге құқылы; аудандық (облыстық маңызы бар қалалық, республикалық маңызы бар қаладағы аудандық, астанадағы аудандық) әкімдіктер мен әкімдер жұмысын үйлестіреді; төмен тұрғын әкімдердің қызметін бақылауды, сондай-ақ заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), әкімдігі Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүдделеріне және даму қажеттілігіне қарау атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың әкімдігі жергілікті мемлекеттік басқару мүддесі үшін ҚР заңнамасымен өзіне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың әкімдігі ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты алдында өзіне жүктелген функциялардың іске асырылуына жауапты болады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңның 31-бабында жүктелген өкілеттіктерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігіне, республикалық маңызы бар қалада (астанада) қалалық әкімдік жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі ҚР Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады және өкілеттігін тоқтатады. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімін қызметіне тағайындауды мәслихатпен келісу тәртібі Заңмен айқындалады.

Қаладағы аудан, аудандық, кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тиісті аудандық (қалалық) әкімдіктің лауазымды адамы болып табылады және мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда оның атынан сенімхатсыз өкілдік етеді.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 35-бабының нормаларына сәйкес қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары

мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады; салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі; әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеп, тиісті мәслихаттың бекітуі үшін жоғары тұрған әкімдіктің қарауына енгізеді; азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдеседі; заңнамада қарастырылған басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент және ауыл әкімі өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуы үшін жоғары тұрған әкімнің, аудандық (облыстық бағыныстағы қала), республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының алдында жауап береді.

Мемлекеттік басқару қызметтерімен қатар қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент және ауыл әкімі жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметін де жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидалардың 61 және 62-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін аудандардың (қалалардың) әкімдері облыс әкімдерінің келісімімен қызметінен босатады. Аудан (қала) әкімі Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қаласының, ауылдық округінің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенті мен ауылының әкімі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы оның өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап үш күн мерзімде тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясына хабарлайды.

«Қазақстан–2050» Стратегиясына, аталған Тұжырымдамаға және Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес, Қазақстанда 2013 жылы тәуелсіздік тарихында алғаш рет аудандық маңызы бар қалалардың, селолық округтардың, кенттер мен ауылдардың 2454 әкімі сайланған, олардың жауапкершілік аймағында 8 миллионға жуық

қазақстандық тұрады. Әкімдердің сайланбалылығы халықтың тарапынан олардың әрекетіне бақылауды күшейту мүмкіндігін кеңейтеді, мәслихаттар мен азаматтардың әрбір жекелеген аумақтық қоғамдастықтағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға әсерінің артуына ықпал етеді.

87.4. Конституцияның 87-бабы 4-тармағы мынадай норманы қамтиды: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңмен белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті әкімді лауазымынан өз қарауы бойынша босатуға құқылы.

Қаралып отырған бап Конституцияның «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» деп аталатын VIII тарауына кіреді, ол Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық орналасуының атқарушы органдары саласында конституциялық құрылыстың негіздерінің ережелерін нақтылайды әрі егжей-тегжейлі ашады.

Конституцияның 87-бабының 4-тармағы реттейтін нысанасы бұған дейін 1993 жылғы ҚР Алғашқы Конституциясының 15-тарауы құрамындағы 92-баптың мына редакциядағы нормаларымен регламенттелген: Жергілікті атқарушы органның басшысын заңмен белгіленген тәртіпте Президент немесе тиісінше жоғары тұрған атқарушы органның басшысы қызметіне тағайындайды және қызметінен босатады.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес 87-баптың 4-тармағында былай көрсетілген: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін *Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша* Республика Президенті қызметіне тағайындады. Өзге әкімшілік-аумақтың бөліністердің әкімдерін олардан жоғары тұрған әкімдер тағайындады. Республика Президенті әкімдерді лауазымынан өз қарауы бойынша босатуға құқылы.

1998 жылы 7 қазанда және 2007 жылы 21 мамырда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар және 2011 жылы 2 ақпанда – «Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтыру енгізу туралы» Заң қабылданған. Аталған заңдардың әрқайсысы Конституцияны реформалау және мемлекеттілікті жетілдірілу сатыларын сипаттайды.

Конституцияға 1998 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар халықтың мемлекетті басқаруға қатысуының белсенділігін арттыру мақсатында мемлекеттің саяси жүйесін жетілдіруге бағытталған болатын.

87-баптың 4-тармағына енгізілген өзгерістерді талдауды жалғастыра келе, 1998 жылы осы тармаққа енгізілген өзгерістерді атап өтейік: өзге әкімшілік-аумақтың бөліністердің әкімдері қызметке *Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен* тағайындалады немесе сайланады.

2007 жылғы Конституциялық новеллалармен Негізгі Заңның жергілікті мелекеттік басқару және өзін-өзі басқару қызметін т.б. регламенттейтін жекелеген нормалары өзгертілген.

2007 жылғы Конституциялық реформаның маңызды новеллаларының бірі – Республика Президентінің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметіне тағайындау тәртібінің өзгеруі болды. Енді олар қызметке облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен тағайындалады.

ҚР Конституциясының 87-бабының 4-тармағындағы 2007 жылғы өзгерту облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерінен басқа әкімшілік-аумақтың бөліністердің әкімдерін тағайындау немесе сайлау тәртібін заңмен анықтауды көздеген. Осылайша, Мемлекет басшысының көрсетілген өкілеттігі Республика Парламентіне берілді. Бұл ретте, Республика Президентінің барлық деңгейлердегі әкімдерді өз қарауы бойынша қызметінен босату құқығы сақталып қалды.

Енді азаматтармен тікелей жұмыс істейтін және жергілікті жерде проблемаларды тікелей шешетін әкімдердің барлығы сайланатынын атап өткен жөн.

Бұл жергілікті әкімдердің қызметіне азаматтардың бақылауды күшейту мүмкіндігін кеңейтеді, сондай-ақ мәслихаттардың және барлық азаматтардың әрбір жекелеген аумақтық қауымдастықтағы ахуалға тікелей ықпалының артуына мүмкіндік береді.

Осылайша, саяси жүйені жаңғырту, қазақстандықтардың жергілікті басқаруға белсенді қатысуы практикасы мен дәстүрін кеңейту жолында тағы бір маңызды қадам жасалды.

87.5. Мәслихат сайланбалы орган ретінде облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғындарының еріктерін білдіреді және ҚР заңнамасына сәйкес оны жүзеге асыру мен бақылауға қажетті шараларды анықтай алады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңында әкімдерге сенімсіздік білдіру тәртібі белгіленген, ал қазір ол жеңілдетілген (бұрын депутаттардың барлығының жалпы санынан кемінде 2/3 шешімі қабылданушы еді, ал қазір көпшіліктің дауысы жеткілікті). Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару органдарының жиналысы мен жиыны шешімінің орындалуына кепілдікті күшейту үшін әкімдердің қызметтеріне жергілікті қауымдастықтың (жиын және жиналыс) бақылау өкілеттігі (мониторинг) белгіленген.

Мәслихаттың маңызды бақылау өкілеттігінің бірі әкімге сенімсіздік білдіру және Президенттің немесе жоғары тұрған әкімнің алдына әкімді босату туралы мәселе қою болып табылады. Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіруі туралы мәселені қарауына жоспарлардың, аймақты экономикалық және әлеуметтік дамыту бағдарламасының, жергілікті

бюджеттің орындалуы туралы әкімдер ұсынған есептерді мәслихаттың екі рет бекітпеуі негіз бола алады.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 24-бабына сәйкес мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық ету мәслихат депутаттарының қолдарын жинау арқылы жүзеге асырылады. Қолдарды жинауды мәслихаттың бастамашы депутаттары ұйымдастырады және ол қол қою парақтарымен ресімделеді. Қол қою парақтарын жинау мәслихаттың бастамашы депутаттары жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Толтырылған қол қою парақтары мәслихат хатшысына тапсырылады, ол бес жұмыс күні ішінде жиналған қолдардың түпнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады. Тексеру нәтижелері бойынша мәслихаттың бастамашы депутаттары қолдарының түпнұсқалығы туралы хаттама жасалады.

Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру жөніндегі сессиясы мәслихаттың бастамашы депутаттары қолдарының түпнұсқалығы туралы хаттама ресімделген күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі. Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру жөніндегі сессиясы барысында әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашы болған себептер талқыланады, дауыс беру өткізіледі. Әкімге сенімсіздік білдіру, егер бұл шешімге мәслихат депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, жүзеге асты деп есептеледі. Мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіру жөніндегі сессиясы мәслихат сессиясының шешімімен ресімделеді. Әкімге сенімсіздік білдірілген жағдайда, мәслихат сессиясының шешімі Қазақстан Республикасының Президентіне не жоғары тұрған әкімге дереу жолданады, өйткені әкім Қазақстан Республикасының Президентінің және Үкіметінің өкілі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті не жоғары тұрған әкім сенімсіздік білдіру туралы мәслихат сессиясының шешімін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде әкімнің өкілеттігін тоқтату туралы мәселені қарайды не оған өз міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады. Егер Қазақстан Республикасының Президенті не жоғары тұрған әкім сенімсіздік білдіруді қабылдамаған жағдайда, бірінші рет сенімсіздік білдірілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін мәслихат депутаттары депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының Президенті не жоғары тұрған әкім алдында қайтадан сенімсіздік білдіруге құқылы. Бұл жағдайда әкімді Қазақстан Республикасының Президенті не жоғары тұрған әкім қызметінен босатады.

87.6. Қазақстан Республикасының Конституциясы тек жергілікті атқарушы органдардың құзыретін, ұйымдастырылуын және қызметі тәртібінің негіздерін белгіледі.

Жергілікті атқарушы органдардың барынша толық және егжей-тегжейлі құзыреті, олардың ұйымдастырылуы және қызметінің тәртібі

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңымен белгіленген.

Аталған заң мемлекеттің ҚР Конституциясының нормаларына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, әкімдіктердің, әкімдердің, сондай-ақ салалық жергілікті атқарушы органдар қызметінің құзыретін, тәртібін анықтайды.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңмен белгіленген құқықтық нормалар жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етудің жекелеген бағыттары мен тетіктерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау үшін негіз болып табылады.

88-бап

1. Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

2. Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

88.1. Түсіндірме беріліп отырған баптың 1-тармағынан көрініп тұрағандай, мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдерді, ал әкімдер – шешімдер мен өкімдерді қабылдайды.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңына сәйкес мәслихат өз шешімін кезекті және кезектен тыс сессияларда қабылдайды. Шешімдер мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Егер мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі мәслихат сессиясына қатысса, ол заңды болады. Мәслихаттың шешімі – алқалық құқық шығармашылық актісі, өйткені, сессиялық тәртіпте депутаттардың жалпы жиналысында қабылданады. Осылайша қабылданған шешімге сессия төрағасы және мәслихат хатшысы қол қояды.

Мәслихат депутаттары қабылдаған шешімдер нормативтік құқықтық та, жеке-дара сипатта да болуы мүмкін. Мәслихат шешімінің нормативтік құқықтық сипаты оның әкімшілік-аумақтық бірліктің барлық аумағында орындау үшін міндеттілігінде, оның күшінің осы аумақтағы жұмыс істейтін немесе орналасқан барлық субъектілерге қолданылуында. Сессия төрағасын және мәслихат хатшысын қызметке сайлау және одан босату туралы шешім жеке-дара сипатқа ие шешімнің үлгісі бола алады.

Нормативтік құқықтық сипаттағы шешімдер және әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер әкімнің актілеріне жатқызылады. Әкімдік қаулы шығарады, оған әкім қол қояды, ол да нормативтік құқықтық актілерге жатқызылады. Әкімдіктің және (немесе) әкімнің өз құзыретінің шегінде шығарылған актілерінің тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің бүкіл аумағында міндетті күші бар.

Нормативтік құқықтық актілер туралы Заңға сәйкес мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері қол қойылған түпнұсқаларына сәйкес толық графикалық форматта ҚР Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жатады.

Нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау олар күшіне енгізілгеннен кейін отыз күнгізілбелік күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды ҚР ӘМ және оның аумақтық органдары жүзеге асырады. Жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жариялануын бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, сондай-ақ әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері егер актінің өзінде өзгеше мерзімдер көрсетілмесе, олар алғаш рет ресми жарияланған күннен кейінгі он күнгізілбелік күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі.

Жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері әділет органдарында мемлекеттік тіркелген соң күшіне енеді. Тіркеу мәслихаттардың, әкімдіктердің және әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін күшіне енгізу үшін қажетті жағдай болып табылады.

Әділет органдарына ұсынылған актілерді мемлекеттік тіркеу құқық нормасының болуы, актінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі нысанасына заң сараптамасын жүргізу және мемлекеттік тіркеу нөмірі беріле отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Тіркелмеген нормативтік құқықтық актілердің заңдық күші болмайды және егер әділет органдарының шешіміне белгіленген тәртіппен шағым жасалмаса, оларды шығарған орган күшін жоюға тиіс.

Мүдделі мемлекеттік орган мемлекеттік тіркелуге жататын нормативтік құқықтық актіні тіркеуден бас тартылуына сот тәртібімен шағым жасауы мүмкін. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері негізгі нормативтік құқықтық актілерге жатқызылады. Қазақстан Республикасының заңдарында туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілердің өзге де нысандары көзделуі мүмкін. Туынды түрлердегі нормативтік құқықтық актілер негізгі түрлердегі нормативтік құқықтық актілер арқылы қабылданады немесе бекітіледі және олармен біртұтас болады. Оларға: регламенттер, ережелер, қағидалар, нұсқаулықтар жатады. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысында алатын орны негізгі түрдегі актінің деңгейімен анықталады.

Нормативтік құқықтық актілердің сатысында мәслихаттардың нормативтік шешімдері, әкімдіктердің қаулылары, әкімдердің шешімдері соңғы деңгейде болады. Осыған байланысты төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуі тиіс.

Әкім уәкілеттік берген, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілер шығаруға құқығы жоқ. Мәслихаттардың нормативтік құқықтық актілеріне мәслихат сессиясының төрағасы, әкімдіктердің нормативтік құқықтық актілеріне және әкімдердің шешімдеріне әкім қол қояды.

88.2. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 7-бабының 2-тармағына сәйкес мәслихаттардың жергілікті бюджет кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған жағдайда ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

Бұл ереже жер-жерлердегі билік тармақтарымен органдары арасындағы тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің бір бөлігі ретінде енгізілген. Сондықтан, Конституцияның 61-бабының 6-тармағында бекітілген норма редакциясы мазмұнымен жоғарыда аталған нормаларының ұқсастығы кездейсоқ емес.

Бұдан басқа, осындай ережелерді Конституцияға және заңнамаларға бірінші деңгейде енгізу өкілді және атқарушылық органдар арасында өкілеттіктердің бөлінуін бекітеді.

Алайда, қазіргі таңда, заңнамалық тәртіпте бюджеттік мәселелер бойынша мәслихат шешімдерінің жобаларына әкімдердің қорытындыларын жасау және алу тәртібін іске асырудың құқықтық тетігі әзірленбеген. Оны жергілікті бюджет жобасын әзірлеу және бекітудің мәслихатқа, сондай-ақ оны орындау туралы есептің әкімдікке емес, әкімге ұсынылатынымен түсіндіріледі (жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы

ҚР Заңының 27-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы). Бүгінде, мәслихаттың алдында өзіне жүктелген міндеттердің іске асырылуына әкімдер емес, әкімдіктер жауап береді (Заңның 27-бабының 3-тармағы). Бюджет мәселелері әкімнің құзырына кірмейді.

Осыған байланысты, Конституцияның 88-бабының түсіндірме беріліп отырған тармағы тиісті түзетулерді қажет етеді деп есептейміз.

88.3. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 7-бабына сәйкес мәслихаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерін мәслихаттың өзі жояды не сот тәртібімен жойылады.

ҚР АПК нормаларына сәйкес сот нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның құзыретін, бүкіл нормативтік құқықтық актінің немесе оның бөліктерінің ҚР Конституциясына, заңдарға және Республика Президентінің жарлықтарына сәйкестігін тексереді.

Заңға қайшы келеді деп танылған нормативтік құқықтық актіні сот тәртібімен қараған кезде аталған актіні қабылдау үшін негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеттілігі мемлекеттік органға немесе актіні қабылдаған лауазымды тұлғаға жүктеледі. Нормативтік құқықтық актіні тұтастай немесе оның жекелеген бөлігін жарамсыз деп таныған сот шешімі мемлекеттік орган үшін міндетті.

88.4. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 37-бабына сәйкес әкімдік және (немесе) әкім актілерінің қолданылуын тиісті прокурордың тоқтата тұруы мүмкін. Республика Президенті, Үкіметі, жоғары тұрған әкімдік және (немесе) әкім, әкімдіктің және (немесе) әкімнің өзі, сондай-ақ соттың шешімі әкімдік және (немесе) әкім актілері қолданылуын жоюы не толық немесе ішінара тоқтата тұруы мүмкін.

89-бап

1. Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін.

89-баптың 2-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

3. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен олардың қызметі заңмен реттеледі.

89-баптың 3-тармағы 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі.

89.1. Дәстүрлі түрде заң әдебиетінде жергілікті өзін-өзі басқару деп тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің және оның сайлаушы органдары халқының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес және мемлекет кепілдік беретін қызметі, жергілікті жерлерде халық билігін жүзеге асырудың дербес нысаны немесе жергілікті аумақтық ұжымның өкіметі түсініледі¹.

Ресей зерттеушілерінің пікірінше, жергілікті өзін-өзі басқару – азаматтық қоғам институты. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі арқылы ел тұрғындары жергілікті істерді шешуге қатысады. Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтар үшін олар қалыптастыратын өкімет органдарының демократиялық өзара қарым-қатынас дағдыларын алуға және жариялы биліктің барлық деңгейлеріндегі қызметінің тиімділігін қоғамдық бақылауға мүмкіндік береді².

«Ресей Федерациясында жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың жалпы қағидаттары туралы» Ресейдің 2003 жылғы 6 қазандағы федералдық Заңында жергілікті өзін-өзі басқару «Ресей Федерациясының Конституциясымен, федералдық заңдарымен белгіленген жағдайларда – Ресей Федерациясы субъектілерінің заңдармен белгіленген шекте, тарихи және өзге де жергілікті дәстүрлерді ескере отырып, жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың тікелей және (немесе) жергілікті өзін-өзі басқару органы арқылы дербес әрі өзіне жауапкершілік ала отырып шешуін қамтамасыз ететін халықтың өз билігін жүзеге асыруының нысаны» деп айқындалады³.

Дегенмен, ресейлік нормативке талдау жасай келе жергілікті өзін-өзі басқару анықтамасы, 1993 жылғы РФ Конституциясының ережелеріне негізделетінін анық түсіну қажет. 12-бабында: «Ресей Федерациясында жергілікті өзін-өзі басқару танылады және кепілдік беріледі. Жергілікті өзін-өзі басқару өз құзыреті шегінде дербес. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік билік органдарына жатпайды.»⁴ Осы баптың бірінші және екінші сөйлемдерінде көрсетілген жергілікті өзін-өзі басқаруды ортақ бағалау кезінде, үшінші сөйлемі қазақстандық және ресейлік тұрғыдан

¹ Конституционное (государственное) право зарубежных стран. 2-том. М., 1995. – С.394; Чиркин В.Е. Государствоведение. – М., 1999. –375-6

² Тимофеев Н.С. Мемлекеттік саяси дамудың кейбір заманауи аспектілері // Вестник Московского ун-та. Серия 11. Право. – 2002. – № 4. – 49-6

³ Собрание законодательства РФ 2003, № 40, ст. 3822.

⁴ Собрание законодательства РФ. – 2014. – № 31. – Ст. 4398.

тұжырымдамалық алшақтығы анықталды, бұл туралы кейінірек айтылады. Осы факторды РФ Конституциясының (8-тарау, 130-133-баптары), жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамасының нормаларын талдау кезінде, сондай-ақ Ресей Федерациясының тәжірибесін ескеру туралы ұсыныстар әзірлеу кезінде және кейін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен практикасын одан әрі жетілдіру кезінде ескеру қажет.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңында жергілікті өзін-өзі басқару «халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын осы Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет» ретінде қарастырылады. Көріп отырғанымыздай, осы анықтама жалпы қабылданған тұрғыдан сәйкес келеді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды конституциялық-құқықтық реттеудің теориялық базасы 1985 жылғы 15 қазандағы Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы бекіткен муниципалдық демократия мен муниципалдық басқарудың көпшілік таныған құндылықтары болып табылады. Ол жергілікті өзін-өзі басқаруды «өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік істердің елеулі бөлігін регламенттеу және оны заң шеңберінде өз жауаптылығымен және жергілікті тұрғындардың мүддесі үшін басқару құқығы және нақты қабілеті» (3-1-бап) ретінде түсіндіреді. Хартия: демократиялық жолмен құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз құзыретіне қатысты кең ауқымды автономиясы және ол үшін қажетті қаражаты болуы тиіс¹ деп белгілейді.

Қазіргі заманның заң ғылымында поскеңестік кеңістіктегі, алыс шетелдік елдердегі сияқты жергілікті өзін-өзі басқаруды айқындауға екі негізгі көзқарас қалыптасқан.

Бірінші көзқарас өзін-өзі басқарудың қоғамдық табиғатына негізделген, оған сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару институтын мемлекет құрмайды, азаматтардың жергілікті маңыздағы мәселелерін бірлесіп шешу үшін өздігінен ұйымдасқан түрі ретінде көзделеді².

Екінші көзқарастың негізінде өзін-өзі басқарудың, оны жергілікті жерлерде мемлекеттік биліктің жалғасы ретінде қарастыратын «мемлекеттік» теориясы жатыр. Жергілікті органдар жалпы ұлттық стандарттар мен жалпы ұлттық басшылыққа сәйкес халыққа қызмет көрсететін орталық ведомстволардың агенттері ретінде танылады³. Аталған теория халық сай-

¹ Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы. 1985 жылы 15 қазанда Еуропа Кеңесі қабылдаған. //Халық депутаты. – 1993. – № 11. – С.3–6

² Российской Федерации. Проблемный комментарий / Жауапты. ред. Четвернин В.А. – М., 1997. – С.98; Прохорова В.Т. Органы территориального общественного самоуправления //Государство и право. – 1992. – № 7. – С.46-52

³ Граверт Р.Органдардың қаржылай автономиясы,ФРГ-дағы жергілікті өзін-өзі басқару //Мемлекет және құқық. – 1992. – № 10. – 107-6; RhodesR. TheNational World of Local Government. – L., 1986. - P.1

лайтын және Үкімет, мемлекет өкілдері ретінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жекелеген мемлекеттік функцияларды жүктеу мүмкіндігі ретінде бекітетін мэрлердің, префектілердің екі ұдай мәртебесін ескереді.

Ғ.С. Сапарғалиевтің пікірі бойынша «формальды түрде жергілікті мемлекеттік басқаруды өзін-өзі басқарудан бөліп алуға болады, ал іс жүзінде «олардың табиғи байланысу элементтері болуына орай» оны істеу мүмкін емес»¹.

Жергілікті өзін-өзі басқару туралы дербес, мемлекеттен толықтай тәуелсіз құбылыс ретінде айтуға мүлде негіз жоқ екені сөзсіз. Мемлекет, жергілікті өзін-өзі басқаруды тани отырып, ерікті түрде жергілікті өмірдегі мәселені шешу жөніндегі өз өкілеттіктерінің бір бөлігін береді, арнаулы заң қабылдау және жергілікті өзін-өзі басқару актілерін мемлекеттік тіркеу арқылы оның қызметін заңдастырады, оның қаржылық және экономикалық базасын қалыптастыруға жағдай жасайды, оның органдарының қызметін заңдарды сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, бөлінген бюджет қаражатын мақсатты пайдалану бөлігінде бақылайды.

Қазақстанның Конституциясында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару негіздері бір бөлімде бекітілген. Бұл ретте, жергілікті өзін-өзі басқару дербестігінің шеңберлері заңмен шектелген және басқарудағы орталықтандырылған және орталықсыздандырылған бастаулар арақатынасының дәрежесіне байланысты болады.

Қалай болған күнде де, жергілікті өзін-өзі басқаруды танудағы елеулі дүние азаматтардың жергілікті істерді, жергілікті тұрғындардың өміріне неғұрлым қолайлы жағдай жасау, оларға көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, тиісті аумақтағы ресурстық әлеуетті анағұрлым толық пайдалану, оны тиімді дамыту мақсатында дербес шешу құқығы болып табылады.

Республикамызда жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу әрекеті алғаш рет «Қазақ КСР жергілікті өзін-өзі басқару және Жергілікті халық депутаттарының кеңесі туралы» Қазақ КСР 1991 жылғы 15 ақпандағы Заңында қабылданғанын атап өту керек. Аталған Заң жергілікті кеңестердің екі жақты мәртебесін бекітті: мемлекеттік билік органы ретінде және өзін-өзі басқару органы ретінде. Бірақ жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жасалмады. Мемлекеттің қоғам өмірінің барлық саласындағы монополиясы, иерархия қағидаттарынан құрылған Кеңестер жүйесінің біртұтастығы, халықтың өзін-өзі басқару дағдысының болмауы оның қалыптасуына кедергі келтірді. Дегенмен, өзін-өзі басқарудың жекелеген элементтері осы кезеңде пайда болды. Бұл бірқатар өңірлерде қоғамдық өзін-өзі басқару комитеттерінің құрылуынан көрінді. 1991 жылғы Заң олардың қызметін аумақтық қоғамдық өзін-өзі басқару туралы нормалар енгізу арқылы заңдастырды.

¹ Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Академиялық курс. – Алматы, 2002. –512-б, 513.

1992 ж. қаңтарда атқару комитеттерін алмастырған және жоғарыдан тағайындалған жергілікті әкімшілік,¹ басшылары институтын енгізу, іс жүзінде өз органдарын таңдауда «жергілікті жерлердің» дербестігінен өзін-өзі басқарудың негізгі қағидаттарының бірінен ауытқуды білдірді.

1993 жылғы ҚР Конституциясында «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымының өзі болмады. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы ҚР Заңында да жергілікті өкілді және атқарушы органдардың мәртебесі мен өкілеттіктері мемлекеттік биліктің субъектілері ретінде белгіленді.

1995 жылғы ҚР Конституциясында дамыған, демократиялық елдердің оң тәжірибесін әрі өзінің дала демократиясының институты түріндегі тарихи дәстүрлерін ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқару идеясына қайта оралды. Бастысы, Негізгі Заңда – халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешудегі дербестігіне назар аударылды.

Алайда, Конституцияның жергілікті өзін-өзі басқару туралы ережелерін іске асыру созылып кетті. 2001 жылы 23 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы мәслихаттардың, әкімдердің және әкімдіктердің жергілікті мемлекеттік басқару органдары ретіндегі мәртебесі мен өкілеттіктерін реттеді. Сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқарудың анағұрлым оңтайлы моделін іздестіру жұмысы жалғаса берді. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобаларының бірнеше нұсқасы дайындалды.

Конституцияға 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен енгізілген өзгерістер мәслихаттар мәртебесін өзгертті, олар жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып танылды, бұл ретте өздеріне мемлекеттің жергілікті өкілді органы мәртебесін сақтап қалды. Сөйтіп, елімізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыру негізіне дәл осы өзін-өзі басқарудың «мемлекеттік» теориясы алынды.

2009 жылы базалық Заңға тиісті түзетулер енгізілді, солардың нәтижесінде оның мазмұны ғана емес, атауы да өзгерді². Бұдан басқа, осы кезеңнің ішінде жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктері кеңейе түсті, жекелеген аудандар мен қалалардың әкімдерін мәслихаттардың сайлауы енгізілді.

ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы ұлттық құқықты дамытудың негізгі бағыттарын алдағы онжылдыққа айқындап берді³. Тұжырымдамада жергілікті өзін-өзі басқару институтының қалыптасуына

¹ «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР халық депутаттары жергілікті кеңесі» Қазақ КСР Заңына көшпелі кезеңде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1992 жылғы 13 қаңтардағы ҚР Заңы.

² «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы ҚР Заңы.

³ Казахстанская правда.–2009.–25 тамыз.

арнайы көңіл бөлінді. Атап айтқанда, «жинақталған тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының аражігін ажыратып қана қоймай сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жергілікті маңызы бар мемлекеттік функцияларды іске асыруға кең ауқымда тарту қажет. Бұл ретте, мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін жасау мақсатында осы жұмысты мемлекеттік биліктің әртүрлі деңгейлерінің арасындағы қызмет салаларының, функциялары мен жауапкершілігінің аражігін одан әрі ажыратумен бір мезгілде жүргізу қажет».

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың сапалық тұрғыдағы жаңа кезеңі ҚР Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығымен¹ Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекітуден басталды.

Тұжырымдамада жергілікті өзін-өзі басқарудың пәрменді жүйесін қалыптастыру мен дамытудың мынадай екі кезеңі көзделеді:

бірінші кезең (2013–2014 жылдар) – басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту;

екінші кезең (2015–2020 жылдар) – жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту.

Бірінші кезеңде мынадай міндеттерді шешу көзделді.

Бірінші кезең (2013–2014 жылдар) – басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту;

1. Ауылдар (селолар), кенттер, аудандық маңызы бар қалалар деңгейлерінде жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары мен жиындары арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде халықтың рөлін арттыру.

2. Қала халқын басқару шешімдерін қабылдау процесіне белсенді тарту тетіктерін құру және дамыту.

3. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдық (селолық) округтерде, ауылдық (селолық) округтердің құрамына кірмейтін ауылдарда (селоларда) әкімдерді сайлауды енгізу. Сайлау енгізілген кезде әкімдер ауылда (селода) және аудандық маңызы бар қалада жергілікті өзін-өзі басқарудың жеке өкілді органын құрмай, атқарушы органның да, өкілді органның да функцияларын бірге атқаратын болады.

4. Басқарудың төменгі деңгейлерінің қаржылық дербестігін кеңейту.

5. Өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудағы өз құқықтары мен мүмкіндіктерін іске асыру мәселелері бойынша халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жөнінде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Тұжырымдама қарқынды түрде іске асырылуда. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңына Тұжырымдамада қойылған міндеттерді шешуге бағытталған тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹ Казахстанская правда.–2012.–29 қараша.

2013 жылы 24 сәуірде Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидасы бекітілді. Төменгі деңгейдегі әкімдерді аудан (қала) әкімдерінің ұсынуы бойынша аудан (қала) мәслихаттары баламалы негізде сайлайды. Қызметінен босату аудан (қала) әкімінің шешімімен ғана жүзеге асырылады¹.

Екінші кезеңде жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару функцияларының аражігін одан әрі ажырату (функцияларды беру) мәселелері қаралып, өзін-өзі басқару органдарының бюджетін және меншігін қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ ауылдық округтер деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді оңтайландыру мәселелері пысықталатын болады (толыққанды жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру үшін әлеуетті ұлғайту мақсатында).

Атап айтқанда, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңына аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдың, кенттің, селолық округтің әкімдеріне жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс түсетін көздерін қалыптастыру құқығын белгілейтін толықтырулар енгізілген. Олардың қандай түсімдерден қалыптастырылатыны нақты айқындалған.

89.2. Конституцияда азаматтар өздерінің өзін-өзі басқару құқығын іске асырудың негізгі нысандары өзгеріске ұшырады. Бұдан бұрын олар жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау, сайлау және басқа да өзін-өзі басқару органдарының қызметі, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке өзі жүгіну, жеке және ұжымдық өтініштер беру құқығы ретінде танылған. Бұл тұрғындардың жергілікті маңыздағы мәселелерін тікелей шешу мүмкіндігін шектеді, өйткені конституциялық нормада жергілікті өзін-өзі басқару нысандарының жабық тізбесі көзделген. Азаматтардың ерік білдіруінің кез келген басқа тәсілдері (мысалы, жиналыстар, жиындар) заңда бекітілсе де, іс жүзінде олар конституциялық өрістен тыс қалды.

2007 жылы қабылданған баптың жаңа редакциясында азаматтардың өзін-өзі басқаруды іске асырудың тікелей нысандары ашылмайды, бұл олардың әр түрлі болуына мүмкіндік жасайды. Ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауы ғана емес, азаматтардың жиналыстары мен жиындары және т.б. болуы мүмкін.

Атап айтқанда, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 39-3-бабында жергілікті қоғамдастық жиналысы мен жиынын өткізу тәртібі, онда қаралатын мәселелер бекітілген.

Осылайша, жергілікті қоғамдастық жиыны жергілікті мәні бар аса маңызды:

¹ «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы»

ҚР Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығы.

– жергілікті қоғамдастықтың басым міндеттерін және оларды іске асыру мерзімдерін айқындау;

– жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың құрамын және олар жіберілетін мерзімді айқындау;

– аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мәслихаттарына, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдеріне, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті маңызы бар мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізу;

– әкімдердің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша олардың есептерін тыңдау және талқылау;

– аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтың Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын ісе асыру нәтижесі туралы жыл сайынғы есептерін тыңдау және талқылау;

– аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы мәслихаттың есептерін тыңдау және талқылау;

– жергілікті қоғамдастық жиыны айқындаған жергілікті маңызы бар өзге де мәселелер бойынша қажетіне қарай өткізіледі.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы:

– бюджеттік бағдарламаларды талқылау және бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қауымдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын қарау;

– жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану мәселелерін талқылау;

– жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға мониторинг жүргізу мақсатында жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылар арасынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

– жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын және жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін пайдалануға жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

– жергілікті өзін-өзі басқару қаражаты есебінен алынған мүлікті иеліктен шығаруды келісу;

– жергілікті қауымдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

– аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатына одан әрі ұсыну үшін аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметіне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

– аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтың әкімін қызметінен босату туралы мәселеге бастама жасау;

– жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныс енгізу;

– жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі.

Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуге жол беріледі. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдер сайланады. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері әзірлейді және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мәслихаттары бекітеді. Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді¹.

Жергілікті қоғамдастық тұрғындарының жергілікті маңызы бар мәселелерді тікелей шешудің басқа да нысандарын дамытқан жөн, мәселен оларға тікелей дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық Жарғысын қабылдау құқығын беру.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды азаматтар сайлау және өзге де органдардағы өздерінің өкілдері арқылы, соның ішінде 2007 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару органдары деп саналатын мәслихаттар арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар, конституциялық норма жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа да органдарын құруға мүмкіндік береді.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 2-1-бабының 2-тармағында мынадай конституциялық норма берілген: «Жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті қоғамдастық мүшелері тікелей, сондай-ақ мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады».

2015 жылы аталған Заңға жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңесін (бұдан әрі – Кеңес) – қала әкімінің халықпен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша әкімдік жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құру туралы норма енгізілген.

Олар мәслихаттың шешімі негізінде қалалық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша бір немесе бірнеше сайлау округтерінің шекарасында әкім ұсынған құрамда, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, пәтер иелері кооперативтерінің ұсынымы бойынша тұрғындар арасынан құрылады. Олардың қызметінің нысаны, негізгі міндеттері, құзыреті үлгілік ереже негізінде тиісті мәслихат бекітетін ережемен айқындалады².

¹ «Жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі тәртібін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 қаулысы //ҚР ПУАЖ.–2013.–№60. –821–бап

² ҚР Ұлттық экономика министрінің «Жергілікті өзін өзі басқарудың аумақтық кеңестері туралы үлгі ережені бекіту туралы» 2015 жылғы 19 қарашадағы №703 бұйрығы.

Кеңестің негізгі міндеттері: аумақтық маңызы бар мәселелерді шешу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша азаматтардың құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу; азаматтармен жұмыс істеуде өкілді және атқарушы органдарға көмек көрсету болып табылады. Кеңес мемлекеттік органдарға аумақтық маңызы бар мәселелер және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді; абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, санитариялық жағдай және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша азаматтардың пікірлерін зерделейді, талдайды және ескереді т.т.

Кеңестер құру өзін-өзі басқарудың «басқа» органдары туралы конституциялық норманы іске асыруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, оларды құру тәртібі Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңына онша сыйыспайды. 117-бабына сәйкес «өзге» жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттар ұсыну құқығы сайлау құқығы ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтарда жинақы тұратын кемінде елу азамат болған жағдайда құқылы азаматтар жиналысында, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну жолымен – азаматтарда болады. Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көпшілік санын алған кандидаттар берілген мандаттарға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелері болып саналады (125-бап).

Алайда, заңнама әзірше мәслихаттардан бөлек, халық сайлайтын өзге жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құруға жол бермейді. Аумақтық кеңестер – қала тұрғындарын жергілікті мәселелерді шешуге қатыстыруға бағытталған органдар. Ауылдық деңгейде халық жергілікті өзін-өзі басқаруға азаматтардың кездесулері мен жиналыстары арқылы қатысады. Алайда, қай қайсысын алсаң да, олардың құзыреттері шектелген, қабылдайтын шешімдерінің оларға әкім санкция бермесе заңдық күші жоқ немесе ұсынымдық сипатқа ие. Сонымен қатар, олардың мәслихат депутаттарын кері шақырту құқығы жоқ, яғни депутаттардың халық алдындағы жауапкершілігі туралы Заң нормасы тек формальды сипатқа ие.

Мәселен, Алматы қаласының аудандарында жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері құрылған, олар кездесулерде, жиналыстарда, тұрғындардың конференцияларында тұрғындардың барынша белсенді бөлігінен, пәтерлер мен үйлердің меншік иелері кооперативтерінің, ұлттық мәдени орталықтарының, Ардагерлер кеңесінің, жастар ұйымдарының, көп балалы аналар мен мүгедектердің өкілдерінен, округ аумағы шекарасында орналасқан басқа да ұйымдардың өкілдерінен қалыптастырылады. Жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы конференцияда сайланады және Алматы қалалық мәслихатының сессиясында бекітіледі. Төрағалардың кандидатурасы халықпен, қоғамдық ұйымдармен, жұмыс тәжірибесін ескере отырып, аумақтық округтардың активтерінің жиналыстарында, еңбек ұжымдары өкілдерінің конференцияларында алдын ала талқыланады, тиісті сайлау округы депутатының пікірі ескеріле отырып іріктеледі.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды қаржыландыру қала бюджетінен, заңды және жеке тұлғалардың салымдарынан, заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден қамтамасыз етіледі. Жергілікті өзін-өзі басқару комитеттерінің аудандар, қалалар әкімдері аппараттарымен өзара әрекет мәселелерін аудандар, қалалар әкімдері аппараттарымен тағайындайтын үйлестірушілері қамтамасыз етеді.

Аталған құрылымдар қоғамдық негізде әрекет еткенімен және билік функциясы болмағанмен ЖӨК төрағасы жалақыны жергілікті бюджеттен алады. Сондықтан, олардың қызметтерінің құқықтық негізін, әсіресе қалыптастыру бөлігінде заңнама нормаларына сәйкестендіру қажет. Сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңында мәслихаттардың осындай органдарды құру және олардың мәртебесі мен өкілеттіктерін анықтатын нормативтік құқықтық акт қабылдау құқығын бекіткен жөн.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық негізі деп Конституцияда бір топ халық тығыз тұрып жатқан жергілікті қоғамдастықтың аумағын атайды. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 2-1-бабында мыналар нақтыланады: «Жергілікті өзін-өзі басқару облыс, аудан, қала, қаладағы аудан, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауыл шегінде жеке жүзеге асырылады». Өзгеше айтқанда, жергілікті өзін-өзі басқару аумақтық бөліністің барлық деңгейлерінде көзделген.

«Жергілікті қоғамдастық» деп «шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығын» түсіну керек¹.

Конституция аумақтық шектердің негізі деп формальды, әкімшілік-аумақтық факторларды емес, объективті қалыптасқан халықтың әлеуметтік нысандарын алады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық негізінің басты өлшемі бірге орналасу қағидаты болып табылады. Бұл муниципалдық құралымдар шекараларының әкімшілік-аумақтық бірліктің шекараларымен сай келуі міндетті емес деген сөз.

Бірақ халықтың тығыз тұруынан басқа аумақтық муниципалдық қоғамдастықтың пайда болуының басқа да факторлары бар: аумақтың өзінің тығыз болуы; оның салыстырмалы түрдегі оқшаулығы; өндірістік (жолдар, байланыс және көлік кәсіпорындары, энергиямен және сумен жарақтайтын объектілер) және әлеуметтік инфрақұрылым (сауда, денсаулық сақтау, білім беру мекемелері) объектілерінің болуы және басқалар.

Жергілікті өзін-өзі басқару барлық әкімшілік-аумақтық бірліктерде формальды түрде танылатынына қарамастан, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңның 3-1-тарауының нормалары,

¹ ҚР Парламентінің Жаршысы.–2001.– №3.–Ст.17.

ең алдымен, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін басқарудың төменгі деңгейінде – аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдық округтерде, кент пен ауылдарда қалыптастыруға бағытталған.

Конституциялық нормаға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін. Бұл мемлекеттік және жергілікті үкімет арасындағы тығыз байланыстың болуымен, функциялар мен өкілеттіктерді ажыратудың күрделілігімен, кейде мүмкін еместігімен түсіндіріледі. Конституцияда мұндай норманың көрініс табуы сөзсіз алға жылжу болып табылады, себебі заң жүзінде жергілікті өзін-өзі басқарудың өміршең моделін жасауға мүмкіндік береді.

Әңгіме өзінің екі ұдай мәртебесіне орай мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын мәслихаттар туралы ғана емес, қоғамдық құралымдар болып табылатын дәл осы өзін-өзі басқарудың басқа да органдары туралы болып отыр. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды беру міндеттілігі емес, мүмкіндігі көзделген. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар олардың айрықша құзыретіне кіретіндерінен басқа жекелеген мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беруге құқылы. Бұл ретте функцияларды беру тиісті материалдық-қаржылық қамтамасыз етумен сүйемелденуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, өзін-өзі басқару органдарының қызметі миф болмақ. Мұндай функциялардың орындалуын оларды берген органдар тарапынан бақылау нысандарын да белгілеу қажет.

Мемлекеттік функцияларды беруді заңға сәйкес жүзеге асыруға болатынын атап өту керек. Алайда қолданыстағы Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заң жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды беру тәртібін айқындамағанымен қоймай, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару функцияларының да аражігін ажыратпайды.

Мұндай ажыратуға жанама нұсқауды аталған Заңның 1-бабының 7) тармақшасынан ғана байқауға болады. Онда «жергілікті маңызы бар мәселелер» ұғымы «реттелуі осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты облыс, аудан, қала, қаладағы аудан, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауыл қызметінің мәселелері» ретінде айқындалған. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу функциялары жүктелгендіктен (1-бабының 10) тармақшасы) «жергілікті маңызы бар мәселелер» және «жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері (функциялары)» ұғымдарының арасына теңдік белгісін қою қисынды.

Осылайша, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын ажыратудың бір өлшемі белгіленді – аумақтық бірліктің көпшілік тұрғынының құқықтарымен және заңды мүдделерімен байланысы.

Біздің ойымызша, бұл жеткіліксіз. Функцияларды ажыратудың басқа да өлшемдерін айқындау қажет, не жергілікті қоғамдастықтың қарау нысанасын нақты түрде бөліп алу қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды берудегі шет мемлекеттердің оң тәжірибелерін зерделеген дұрыс.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды берудегі шет мемлекеттердің тәжірибелерін жинақтау мемлекет өкілеттіктерін жергілікті билік өкілдеріне беру рәсіміне қойылатын келесі талаптарды атап көрсетуге мүмкіндік береді:

1. өкілеттіктерді бер субсидиарлық принципіне сәйкес жүргізіледі;
2. жекелеген мемлекеттік өкілеттіктерді беру арнаулы заңнамалық акт негізінде, қосымша келісімдер және (немесе) шарттарды қосу мүмкіндігімен жүзеге асырылады;
3. рәсім мемлекет тарапынан жергілікті билік органдарына қажетті материалдық, қаржылық, ақпараттық және өзге де ресурстарды берумен қатар жүргізіледі;
4. берілген өкілеттіктер мемлекеттік-құқықтық табиғатын сақтап қалады, сонымен бірге мемлекеттік билік өкілдері берілген өкілеттіктердің орындалуымен бірге берілген қаражат пен ресурстардың пайдаланылуын бақылайды, оны іске асыру бойынша нұсқау беру құқығын («императивтік консультация») сақтап қалады;
5. жергілікті билік органдарына берілген қаржылық, материалдық және өзге де ресурстар шегінде берілген мемлекеттік өкілеттіктерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін мемлекет алдында жауаптылық белгіленеді¹.

89.3. Жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы мен қызметі біздің елімізде Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңымен реттеледі.

Көрсетілген Заңда жергілікті өзін-өзі басқарудың ұғымдық аппараты, оның құқықтық негіздері, жергілікті өзін-өзі басқарудың экономикалық және қаржылық негіздері айқындалады, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қалыптасу тәртібі, құқықтық мәртебесі мен құзыреті бекітіледі.

Мәслихаттарды қалыптастыру тәртібі (тиісті аумақтық бірлікте тұратын азаматтардың жалпыға бірдей тікелей дауыс беруі арқылы) олардың өкілді сипатын көрсетеді. Оның өкілеттіктерінің көпшілігі, мемлекеттік функцияларды іске асыруға бағытталғанына қарамастан, жергілікті қоғамдастық тұрғындарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге тікелей байланысты, сондықтан жергілікті өзін-өзі

¹ Пивоваров К.А. Делегирование государственных полномочий местным органам власти: Зарубежный опыт//Сибирский Юридический Вестник.-2002.-№1.-<http://www.traktat.ru>.

басқарудың алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға тікелей немесе жанама қатысы бар.

Барлық деңгейлердегі әкімдерді қоса алғандағы жергілікті атқарушы органдарға, жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерімен қатар, жергілікті өзін-өзі басқару функциялары жүктелген. Әсіресе, бұл ауданның, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдың, ауылдық округтердің әкімдеріне қатысты. 2017 жылғы конституциялық реформа төменгі және орта буындағы әкімдерді сайлау немесе тағайындау мүмкіндігі туралы нормана өзгертті. Егер бұрын бұл тәртіпті Президент айқындаса, қазір ол заңмен белгіленеді.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңына «Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуы» деген 3–1-тарау енгізілді. 39-1-бабы бойынша Қазақстан Республикасының азаматын жергілікті қоғамдастық мүшесі деп тануға жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бөлініс шекарасының аумағындағы тұрғылықты жері бойынша оны тіркеу фактісі негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматтарының жергілікті қоғамдастық мүшелігіне кіруінің осы бапта көзделген негіздерден басқа, қандай да бір өзге де шарттарының (мысалы, жылжымайтын мүлігінің немесе тұрақты жұмыс орнының болуы) белгіленуіне жол берілмейді. Жергілікті қоғамдастық аумағында тұрақты тұратын жері бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар осы Заңда немесе халықаралық шартта белгіленген шектерде жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысуға құқығы бар.

Бұл Заңда жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері белгіленген. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің: шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, сеніміне, саяси партияларға және қоғамдық бірлестіктерге тиесілігіне қарамастан тікелей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдары арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға; Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға; жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқылы. Жергілікті қоғамдастық мүшелері: Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға; Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға ықпал етуге; мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға және олардың дамуына ықпал етуге міндетті. Аталған құқықтар мен міндеттердің көбі Конституция нормаларынан туындайды.

Көрсетілген Заңға сәйкес жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумағында жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі. Олардың жұмысына белсенді сайлау

құқығы бар адамдар қатыса алады. Заңда кездесулер мен жиналыстардың құзыреті, оларды шақыру және жүргізу, онда қабылданған шешімдерді іске асыру тәртібі, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің бюджет қаражатына жасалатын мониторингке қатысу нысандары белгіленген.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының аталған тарауында жергілікті өзін өзі басқару органдарының міндеттері де, олардың мемлекеттік органдармен өзара қатынасы және жауаптылығы белгіленген.

89.4. Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі. Бұл өзін-өзі басқару органдары өз өкілеттіктерін олардың қызметіне мемлекет тарапының тікелей араласуынсыз жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқару органдарына олардың түрлі жағдайларда қалай әрекет етуіне, қандай шешім қабылдауына нұсқаулар мен міндетті ұйғарымдар беруге құқылы емес деген сөз. Бірақ бұл дербестіктің шеңберлері өлшеусіз емес, бұл олардың өкілеттіктерімен шектелген, бұлар өз кезегінде, заңнамалық түрде бекітілуі тиіс.

Егер өзін-өзі басқару органдары өз өкілеттіктері шегінен шығып, қолданыстағы заңнама нормаларын бұзатын болса, онда мемлекет араласуы тиіс. Бұл жергілікті мемлекеттік басқару органдарына да және тиісті құқық қорғау органдарына да қатысты.

Бірақ жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы ҚР Заңында мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын ажырату жүргізілмеген, жергілікті қоғамдастықтың жүргізу мәні анық айқындалмаған, мәслихаттардан басқа жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа органдарын құру қарастырылмаған. Сондықтан да өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктері заңнамалық тұрғыдан бекітілмеген. Бұлардың барлығы әзірге жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, көбінесе қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін заңи актілерімен ғана реттелуде.

Ресейлік авторлар РФ заңнамасында бекітілген жергілікті өзін-өзі басқарудың мынадай заңдық кепілдіктерін айқындаған:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару құқықтарын шектеуге тыйым салу.
2. Азаматтардың тікелей ерік білдіру арқылы қабылдаған шешімдердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен лауазымды адамдарының шешімдерінің міндеттілігі.
3. Мемлекеттік биліктің жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен лауазымды адамдарының өтініштерін оларға жіберілген мемлекеттік лауазымды адамдардың, ұйымдардың қарауы.
4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық-экономикалық дербестігінің кепілдігі (муниципалдық меншікті дербес басқару; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының муниципалдық мүлікті жеке және заңды тұлғаларға, мемлекеттік биліктің федералды және өңірлік органдарына, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына уақытша және тұрақты пайдалануға беру, иеліктен шығару, федералды заңдарға сәйкес өзге де

мәмілелерді жасау, муниципалды кәсіпорындар мен мекемелер құру, шаруашылық қоғамдастықтарын құруға қатысу, муниципалдық бюджеттің болуы құқығы және т.б.)¹.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ҚР Заңының 39–5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайлар жасайды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығын жүзеге асыруына жәрдемдеседі.

Сондықтан, олардың құқықтарын қамтамасыз ететін және қорғайтын арнайы экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық шараларды белгілеу қажет. Мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқару органдарына олардың функцияларының жүзеге асырылуына жәрдемдесуі тиіс. Жәрдемдесу мен әріптестіктің мынадай түрлі нысандары болуы мүмкін: әр түрлі жобаларды қаржылай қолдау, жергілікті бюджеттен жеңілдікпен несиелер беру, ұйымдастырушылық (әкімшілік үй-жайлар беру), ақпараттық және кеңесшілік көмек және т.б.

Осылайша, жоғарыда аталған барлық проблемалар кешенінің шешімін тапқан жағдайда ғана Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқарудың толыққанды және тиімді жүйесінің құрылуы туралы айтуға болады.

¹ *Игнатюк Н.А. Павлушкин А.В.* Муниципальное право. Оқу құралы. – М.: 2007- <http://all-books.biz/pravo-munitsipalnoe>



IX Бөлім
ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ
ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

90-бап

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұрынғы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.

2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні деп жарияланады.

90.1. Аталған нормада Негізгі Заңның заң күшіне енген сәті анықталады: бүкілхалықтық дауыс беру нәтижесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңда бүкілхалықтық дауыс беру нәтижесінде қабылданған құқықтық актілерге қатысты референдумда қабылданған Конституция, конституциялық заңдар, заңдар, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар референдумға шығарылған өзге мәселелер бойынша шешімдер Конституцияның өзінде, конституциялық заңдар, заңдар, оларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар референдумға шығарылған шешімде басқа мерзім көрсетілмесе (34-бап), *референдум нәтижелері ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді* деп көзделген. Алайда, Конституцияның 90-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының Конституциясы *референдум нәтижелері ресми жарияланған күннен бастап* заңды күшіне енеді деп бір мағынада белгіленген.

Ресми жариялау – аталған Конституциялық заңның 33-бабына сәйкес Орталық референдум комиссиясының ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын, дауыс беру нәтижелерін жалпыға жария ету және назарларына жеткізу.

Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдау жөніндегі республикалық референдум 1995 жылғы 30 тамызда өтті, ал ОСК оның нәтижесін «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 1995 жылғы 5 қыркүйекте жариялады. Демек, Республика

Конституциясының заңды күшіне енген датасы 1995 жылдың 5 қыркүйегі болып табылады.

Одан тыс, Конституцияның 90-бабының 1-тармағы ҚР Конституциясының күшіне енуі *бір мезгілде бұрын қабылданған Конституцияның (1993 ж. 28 қаңтар) қолданылуы тоқтатылатынын білдіреді*, деп айқындайды.

Осыған байланысты республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі, себебі сол күні бұрынғы Конституцияның (1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылданған) қолданылуы тоқтатылады.

Сонымен бірге, Конституцияның қорытынды тарауында мемлекеттік билік органдарының жаңа конституциялық негіздерге ауысуының ерекшеліктеріне байланысты жекелеген конституциялық нормалардың күшіне енуінің (мерзімін қоса алғанда) ерекше шарттары айтылады. Мысал ретінде, ҚР Президенті өкілеттігінің бес жылдық мерзімі туралы (94-1 бап) және Парламент Мәжілісінің депутаттарын партиялық тізімдер бойынша сайлау туралы (95-бабы 2-тармағы) конституциялық ереженің қолданысқа енгізілу тәртібіне қатысты бір реттік конституциялық норманы келтіруге болады. Жаңа конституциялық негіздерге ауысу бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар шеңберінде ҚР Президенті 1995 жылғы 6 қыркүйекте «1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін қамтамасыз ету және Республика қабылдаған халықаралық шарттық міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар туралы» және «Қазақстан Республикасы Конституциясы туралы» Жарлықтарға қол қойды, сондай-ақ Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевқа елдің жаңа Конституциясын ресми ұсыну салтанаты өткізілді¹.

ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасы Конституциясы туралы» 1995 жылғы 6 қыркүйектегі № 2454 Жарлығын орындау үшін жүзеге асырылған Конституция мәтінінің жариялануы конституциялық процестің қорытынды сатысы болды.

Аталған құқықтық актіге сәйкес 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданған ҚР Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы Республиканың Президентінде сақталады, ал он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған бұрынғы Конституция мәтінінің түпнұсқасы мәңгілік сақтау үшін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатына берілді.

¹ Қараңыз.: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызметінің хроникасы.–А.,1997.С.262.

90.2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні деп жарияланады.

Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы ҚР Заңына сәйкес 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні, яғни қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаға арналған мемлекеттік мереке деп белгіленген (1 және 3-баптар).

30-тамыз – мереке және жұмыс істемейтін күн, ол демалыс күніне тұспа-тұс келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болады. Демалыс күндерін жұмыс күндеріне ауыстыру құқығына Республика Үкіметі ие (ҚР Еңбек кодексінің 85-бабы 3-бөлігі).

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мерекелер дәстүрлі түрде бұқаралық ойын-сауықпен аталып өтеді, ал Конституция Күнін мейрамдауға қатысты салтанатты шаралар қоғамдық-саяси іс-шаралармен бірге өткізіледі.

Жоғарыда аталған Заңның 1-бабына сәйкес, мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

Ресми іс-шараларға оны өткізу тиісті мемлекеттік органның (лауазымды тұлғаның) құқық қолдану актісімен көзделген (расталған) іс-шаралар жатады.

Бұған дейін Мемлекет басшысының шешімі бойынша Конституция Күні құрметіне арнап өткізілген ресми іс-шаралардың бірі – әскери парад. Мерекелік әскери парад 2009–2011 жылдары үш рет өткізілді.

Осылайша, 2011 жылғы 30 тамызда Конституция қабылданған күні, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығында, айтулы мерекелік шаралардың бірі – ол әскери парад болды, онда Тұңғыш Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә.Назарбаев шеруге қатысушыларға: «Сендер – Отанымыздың даңқты қорғаушысыңдар, ортақ үйіміздің тыныштығын сақтау – сендердің қасиетті борыштарың. Сендер Конституциямызды, Отанымыздың тәуелсіздігін қорғап жүрсіндер. *Қазақстан – Конституция күні әскери шеру өткізетін жалғыз мемлекет. Бұл біздің ерекше дәстүріміз, ол мемлекетіміздің күш-қуатын да, бейбіт жетістіктерін де, қоғамның біртұтастығы мен ауызбірлігін көрсетеді.* Әрқайсыларыңа айтарым, ұлы борыштарыңа лайықты болындар, жауынгерлік рухты нығайтындар, әскери шеберліктеріңді шындандар. Қазақстан шекарасының мызғымастығы сендердің қолдарыңда»¹, – деген болатын.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштерінің Бас Қолбасшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Конституциясына арналған Әскери парадта сөйлеген сөзін қараңыз.// http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-verkhovnogo-glavnokomanduyushchego-vooruzhennyimi-silami-rk-nursultana-nazarbaeva-na-par_1340716203.

91-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгертулер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер Президент оны Парламенттің қарауына беру қажет деп ұйғарса, Конституцияға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Мұндай жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданады. Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, онда Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік даусымен Парламент осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға хақылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар Республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, ол өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

91-баптың 1-тармағына 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңымен және 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен өзгерістер енгізілген.

2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.

91-баптың 2-тармағы 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының редакциясында баяндалған.

3. Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.

91-бап 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес 3-тармақпен толықтырылды.

91.1. Конституцияға Республика Президентінің өз бастамасымен, Парламенттің немесе Үкіметтің ұсынысымен қабылданған шешімі бойынша өткізілетін республикалық референдум өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін. Егер Президент оны Парламенттің қарауына беру қажет деп ұйғарса, Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы республикалық референдумға шығарылмайды. Мұндай жағдайда Парламенттің шешімі Конституцияда белгіленген тәртіппен қабылданады.

«Қазақстан Республикасы Парламенті өзгерістер мен толықтырулар енгізген Конституция нормалары бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясы 53-бабының 1) тармақшасына және 91-бабының 1-тармағына ресми түсінік беру туралы» ҚР КК 1998 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысына сәйкес, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе қою құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламенті мен Үкіметіне тиесілі. Бұл құқығын Республика Президенті заң жобасын республикалық референдумға шығару арқылы немесе Парламенттің қарауына беру арқылы жүзеге асыра алады. Парламент шешімі бұл жағдайда Конституцияның 53-57, 62 және 91-баптарында белгіленген талаптарды сақтай отырып қабылданады.

1995 жылғы ҚР Конституциясы қолданыста болған кезеңде оған төрт рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес Негізгі Заңның үш жылдық қолданылуы негізінде Конституцияның он тоғыз бабы нақтыланды және толықтырылды.

Парламент Мәжілісінің тепе-тең өкілдік ету жүйесі бойынша ауыстырылатын құрамы он мандатқа артты. Президенттің айрықша құзыреті және қосымша депутаттық бақылау өкілеттігі, сондай-ақ заң шығарушылардың Мемлекет басшысы келіспейтін конституциялық түзетулер енгізу мүмкіндігі есебінен Парламенттің позициясы біршама күшейтілді. Конституция әкімдерді (облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астанадан басқа) Республика Президенті айқындайтын тәртіп бойынша сайлау (немесе тағайындау) туралы ережемен толықтырылды. Қылмыстық процесте алқабилер институты құрылды және басқа новеллалар енгізілді.

Еліміз ХХІ ғасырдың басында қол жеткізген жетістіктердің жаңа жағдайында саяси жүйені ауқымды түрде демократизациялау 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен жүзеге асырылды. Екінші рет Конституцияның қырық бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, ол 94-1 бабымен толықтырылды.

Аталған конституциялық норманың мазмұнды ұстанымдары: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайту; қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың ролін жандандыру, оның нақты жүзеге асырылуы заманауи азаматтық қоғамды құруға

әкеледі, саяси партияларды мемлекеттік механизмге біріктіру және оларды халықтың еркін білдіретін басты құралға айналдыру және одан әрі мемлекеттік билікке түрлендіру (тепе-тең сайлау жүйесі бойынша 98 мәжіліс депутатын сайлау); жалпы Парламенттің заң шығару және өкілдік функцияларын айтарлықтай байыту арқылы парламентаризмді орнықтыру, Парламенттің Мәжілісі мен Сенатының мәртебесін жаңарту, Мәжілістің құрамы мен қызметіне партиялық бағдарламалардың жетекшісі функциясын беру, депутат мәртебесін және Парламент құзыретін іске асырудың ұйымдастыру нысандарын жетілдіру; Президент тағайындайтын сенаторлардың санын он беске дейін арттыру; биліктің заң шығарушы тармағы – Парламент (ең алдымен Мәжіліс) пен партиялық бағдарламаларды іске асырудың мемлекеттік құралы болатын биліктің атқарушы тармағы – Үкіметтің арасындағы өзара қарым-қатынастың жаңа тетігін қалыптастыру, Қазақстан халқы ассамблеясы, оған тоғыз мәжіліс депутатын сайлау; Президент – Парламент – Үкімет үш тағанында билік ресурстарын біршама қайта бөлу; жергілікті өзін-өзі басқарудың түбегейлі жаңа сипаты және басқалар.

Үшінші рет – 2011 жылғы 2 ақпандағы ҚР Заңымен Конституцияның бір ғана 41-бабы түзетілді. Ол Республика Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу мүмкіндігі туралы 3-1-тармақпен толықтырылды. Толықтыру енгізу Парламент қабылдаған заңмен және Конституциялық Кеңестің шешімімен Республика Президентінің өкілеттігін референдум арқылы ұзарту туралы бес миллионнан астам қазақстандықтың бастамасы арасындағы кенеттен туындаған коллизияны алып тастау бойынша Республика Президенті – Елбасының әрекетімен болды.

Конституциялық реформаның төртінші кезеңі 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылды.

Конституциялық Кеңестің Жолдауында атап өтілгендей, 2017 жылғы конституциялық реформа «Қазақстан–2050» Стратегиясының, Қазақстанның бәсекеге қабілетті отыз мемлекеттің қатарына кіруі аясында қоғам мен мемлекетті кезең-кезеңмен және жан-жақты өзгеруі жолында жаңа әрі заңды саты болды. Ол Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалдық реформасының орындалуын көздейді және жаңғыртудың үшінші сатысы шеңберінде Қазақстанның сапалы өсуі және жаһандық бәсекеге қабілеттілікте еліміздің мықты ұстанымын қамтамасыз ету үшін саяси-құқықтық алғышарттарын құрады¹.

2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік биліктің бірлігі мен бөлінуі принципі негізінде Президент, Парламент және Үкімет арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлу жүзеге асырылды, Мемлекет басшысының конституциялық мәртебесі нақтыланды, оның кейбір функциялары Үкіметке берілді, Үкіметтің Парламентке есеп беруі және

¹ «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» ҚР КК 2017 жылғы 9 маусымдағы №09-2/5 жолдауы.

бақылауында болу тетігі күшейтілді, Жоғарғы Соттың сот жүйесіндегі функцияларын айқындайтын түзетулер және т.б. енгізілді.

Конституциялық бақылау өрісі, сондай-ақ конституциялық реттеу нысанасы бойынша шектеулерді толықтыру арқылы мемлекеттің тәуелсіздігі, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы негізін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі енгізілген ерекше қорғалатын құндылықтардың тізбесі кеңейтілді.

Заң жобасын бүкіл халық болып талқылады, сонымен қатар түзетулердің жобасы Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясының (Венеция комиссиясы) 110-шы жалпы отырысында қаралу нәтижесінде оң қорытынды алды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумның ерекшелігі – оны Республика Президентінің, Парламентінің немесе Үкіметінің өз бастамасымен жүргізуге болатынында. Референдум өткізу туралы ұсыныстарды қарау нәтижесі бойынша Президент: референдум тағайындау, референдумды өткізу туралы бастаманы қабылдау туралы, референдумды өткізбей-ақ, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Президент енгізген референдум бастамасын қабылдамауға Парламенттің құқығы бар (осы өкілеттік Парламентке 1998 жылғы 7 қазандағы Конституциялық түзетулер туралы ҚР Заңымен берілген), ол Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бес-тен төртінші көпшілік дауысымен осы өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға енгізу туралы заң қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті осы заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады.

Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан көбі олар үшін *облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде жақтап дауыс берсе*, қабылданды деп есептеледі (2007 жылдан бері).

Референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар және Республика Президентінің немесе мемлекеттік өкімет органдарының актілерімен қандай да бір қуаттауды қажет етпейді.

91.2. Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдум немесе Конституцияда және заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес Парламент енгізе алады.

Түсіндірме беріліп отырған нормада белгіленген осындай талаптардың бірі – 2017 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде мемлекет тәуелсіздігінің мызғымастығын және Республика қызметінің

түбегейлі принциптерін белгілеу арқылы толықтырылған шектеулер болып табылады.

Нәтижесінде, бүгінгі күні Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуде мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.

Бұған дейін Конституциялық Кеңес Парламенттің құзыретіне және халықаралық актілердің мазмұнына қатысты түсіндірме берген: біріншіден, Парламент Республика Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияның 91-бабының 2-тармағында аталғандарды қоспағанда, барлық мәселелер бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, екіншіден, «халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының Конституцияның 91-бабы 2-тармағының ережелерін бұзатын шешімдері Қазақстан үшін міндетті деп танылмайды».

Республика Конституциясы мәселелерді санамалау арқылы түзету енгізуге шектеу қояды, ол бойынша конституциялық реттеу нәтижесі өзгертуге жатпайды. Осыған байланысты, шетелдің конституциялық-құқықтық практикасы Негізгі Заңның барынша маңызды нормаларының тұрақтылығын қамтамасыз етудің түрлі амалдары бар екенін айғақтайды

Посткеңестік кеңістікте осындай шектеулерді орнатудың түрлі тәсілдері: өзгертуге болмайтын ережелер немесе баптарды белгілеу нысанында (Өзірбайжан, Армения, Молдова, Тәжікстан), өзгерту үшін міндетті түрде бүкілхалықтық референдум өткізу талап етілетін Конституцияның мәселелерін, баптарын, бөлімдерін тізімдеу нысанында (Беларусь, Литва, Молдова, Эстония), міндетті түрде референдумның бекітуі нысанында (Украина), арнайы құрылтай органын шақыру (Ресей) нысанында қолданылады.

Қазақстан Конституциясына енгізілген түзетулер жағдайында, олардың реттеу нысанасының көлемі аз болғанымен, мазмұны терең, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізудің күрделі рәсімімен жиынтығында, сондай-ақ Республика Президентінің конституциялық процестегі айрықша рөлімен Республиканың конституциялық құрысы негіздерінің сенімді кепілі болып табылады.

Осы нормада белгіленген шектеулер мемлекетіміздің негізгі құндылықтары мен қызметінің принциптерін айқындайтын Конституцияның нормаларына негізделген.

Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму;

қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу (Конституцияның 1-бабы).

Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді (Конституцияның 2-бабы).

Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі принциптері және конституциялық принциптерінің негізін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қалаған. Олар адам мен азамат, қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды, заңнаманың мазмұнын айқындайды.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен құзыреті Конституцияда және «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» ҚР Конституциялық заңында белгіленген.

Түсіндірме беріліп отырған норма егеменді Қазақстанның қалыптасуы мен дамуында баға жетпес рөл атқарған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мәртебесінің өзгермейтінін белгілейді. Біздің Мемлекетіміз басшысының жан-жақты ойластырылған және сындарлы стратегиялық шешімдерінің негізінде Қазақстан дербес және тәуелсіз елге айналды, халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алды.

Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі бола отырып, 2017 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде заңды күшіне енген заңның немесе өзге құқықтық актінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау мәселесі бойынша Конституциялық Кеңеске жүгіну құқығына ие болды. Бұл құзыретін ол адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесі үшін іске асырады.

Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі функциясын ол Конституцияға өзгерістер мен толықтырулардың жобасын түсіндірме беріліп отырған норманың (Конституцияның 44-бабы 10-1-тармақшасы, 91-бабы 3-тармағы) талаптарына сәйкестігін тексеру үшін конституциялық бақылау органына жүгіну жөніндегі жаңа құзыреті арқылы (2017 жылдан бері) жүзеге асыра алады, яғни онда санамаланған Қазақстанның конституциялық құрылысының маңызды сипаттамалары өзгермейді.

91.3. Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар республикалық референдумға немесе олардың Конституцияның 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болғанда Республика Парламентінің қарауына шығарылады.

Осы конституциялық норма 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Заңының негізінде енгізілді.

Бұған дейін Конституциялық Кеңестің Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарау құзыреті шеңберінде оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға қосымша конституциялық бақылау туралы айтылған болатын. Бұл жағдайда конституциялық бақылау Конституциялық Кеңеске жүгіну құқығы бар субъектілердің – Президенттің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, депутаттардың жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің қарап-шешуіне байланысты болған¹.

Көрсетілген конституциялық процесс шарттарының маңыздылығы республикалық референдум шешімдерінің негізінде Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу мүмкіндігі жағдайында көрінеді, себебі бұрын референдум шешімі Конституциядан басым болған жағдайда референдум қабылдаған актілерге конституциялық бақылау жүргізілмеген.

Республикалық референдум туралы ҚР Конституциялық заңының 35-бабына сәйкес референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар және Республика Президентінің немесе мемлекеттік өкімет органдарының актілерімен қандай да бір қуаттауды қажет етпейтінін естеріңізге саламыз, ал референдум қабылдаған шешім мен Конституцияның, конституциялық заңдардың, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің арасындағы сәйкессіздіктер *Конституцияны, конституциялық заңдарды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы жойылады.*

92-бап

1. Конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс. Егер Конституцияда конституциялық деп аталған заңдар немесе заң күші бар актілер ол күшіне енген кезде қабылданып қойған болса, онда олар Конституцияға сәйкес келтіріледі де, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары деп есептеледі.

2. Конституцияда аталған өзге заңдар Парламент белгілейтін тәртіп пен мерзімде, бірақ Конституция күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

3. Республика Президентінің өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша

¹ **қараңыз:** Республика Президентінің өтініші бойынша конституциялық іс жүргізу нәтижесі ретінде ҚР КК «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 НҚ.

қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шыққан және заң күші бар Жарлықтары Республика заңдарын өзгерту, толықтыру немесе күшін жою үшін көзделген тәртіппен ғана өзгертілуі, толықтырылуы немесе күшін жоюы мүмкін. 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-бабының 12-15, 18 және 20-тармақтарымен көзделген мәселелер бойынша өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде шыққан Республика Президентінің Жарлықтары Республика Парламентінің бекітуіне жатпайды.

4. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс.

92.1. Конституциялық заңдар Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс. Егер Конституцияда конституциялық деп аталған заңдар немесе заң күші бар актілер ол күшіне енген кезде қабылданып қойған болса, онда олар Конституцияға сәйкес келтіріледі де, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары деп есептеледі.

Жаңа Конституцияны қабылдау, заңнаманы оның нормаларымен сәйкес келтіру қажеттігін қарастырады. Бірінші кезекте, бұл нормативтік құқықтық актілер сатысында Конституциядан кейін тұратын және аса маңызды (конституциялық нормалардан кейін) қоғамдық қатынастарды реттейтін конституциялық заңдарға қатысты болады.

Конституцияда көзделген мәселелер бойынша қабылданатын Конституциялық заңдар әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік дауысымен (62-баптың 4-тармағы) Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс деп белгіленді.

Барлық конституциялық заңдар негізінен белгіленген мерзімде, яғни 1996 жылғы 5 қыркүйекке дейін конституциялық заң күші бар Президент Жарлықтарының нысанында қабылданған¹, өйткені Конституциялық Соттың шешімдері негізінде XIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы нәтижесінде мемлекет дамуының бұл кезеңінде «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы ҚР Заңының нормалары қолданылған болатын.

Осы Заңға сәйкес Президентке Конституцияның негізінде және соған сәйкес жаңадан сайланатын Жоғарғы Кеңестің бірінші сессиясының

¹ Қараңыз: ҚР Конституциялық Сотының 1995 жылғы 6 наурыздағы Қаулысы; ҚР Конституциялық Сотының 1995 жылғы 10 наурыздағы Қосымша ұйғарымы; ҚР Конституциялық Сотының 1995 жылғы 11 наурыздағы Қосымша қаулысы.

жұмысы басталғанға дейінгі мерзімге тиісті заңдар қабылданғанға дейін қолданыла беретін заң күші бар актілер шығару құқығы берілген.

1995 жылғы жаңа Конституцияның нормаларына сәйкес Республика Парламентін қалыптастырғанға және қызметін бастағанға дейін Президенттің конституциялық заң күші бар мынадай: «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі, «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қазандағы, «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 2 қарашадағы, «Үкімет туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы, «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 20 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы жарлықтары қабылданған болатын.

Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясы барысында оларға тиісті, оның ішінде құқықтық актілер нысанында өзгерістер енгізілді.

1996 жылы 24 қаңтарда Парламент «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы»¹ Конституциялық заң қабылдады. Кейінірек, 2000 жылы Парламент бұрын қолданылған заң күші бар Жарлықтың орнына «Сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» жаңа ҚР Конституциялық заңы, ал 2004 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заң күші бар Президент Жарлығына тиісті түзетулер енгізілді².

92.2. Конституцияда аталған өзге заңдар Парламент белгілейтін тәртіппен мерзімде, бірақ Конституция күшіне енген күннен бастап кемінде екі жылдан кешіктірілмей қабылдануға тиіс.

Конституциялық нормаларда қарастырылған «жай» заңдарды қабылдауға Конституция күшіне енген күннен бастап екі жыл берілген, яғни оларды қабылдаудың шекті мерзімі – 1997 жылғы 5 қыркүйек. Осы талапты орындау заң шығару процесінің белгіленген тәртібі мен мерзімдерін сақтау қажеттілігімен байланысты.

Конституцияның мазмұнынан туындайтын заңдарды қабылдау мерзімдері Парламенттің заң шығару жұмысының жоспарларына сәйкес, бірақ Конституцияда белгіленген шекті мерзімдер ескеріліп белгіленген.

Конституцияда аталған заңдар белгіленген екі жылдық мерзім ішінде қабылданған, олардың ішінен кейбірулері ертерек қабылданған, бірақ өзінің заң күшін 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін сақтап қалған³.

¹ Мемлекеттік рәміздер туралы ҚР Конституциялық заңның қабылдануына байланысты күшін жойды.

² Қараңыз; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 жылғы 24 қарашадағы Конституциялық заң.

³ Қараңыз, мысалы, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңы, Әкімшілік-аумақтық бөлініс туралы ҚР Заңы т.б.

Конституциялық-құқықтық тәжірибе көрсеткендей, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру және олардың қызметін заңнамалық реттеу мәселесі ерекшелік болып табылды. Олар 2007 жылғы конституциялық реформадан кейін ғана жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың жаңа тәсілдері негізінде заңмен реттелді, оған сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару арнайы құрылған өзін-өзі басқару органдары арқылы ғана емес, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару органдары – мәслихаттар арқылы жүзеге асырылады (Конституцияның 89-бабы 2-тармағы).

Нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастыру және қызмет ету тәртібі, сондай-ақ олардың дербестігінің құқықтық кепілдіктері жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы бірыңғай Заңмен¹ реттеледі.

92.3. Республика Президентінің өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес шыққан және заң күші бар жарлықтары Республика заңдарын өзгерту, толықтыру немесе күшін жою үшін көзделген тәртіппен ғана өзгертілуі, толықтырылуы немесе күшін жоюы мүмкін.

Осы конституциялық ереже заң үстемдігі қағидатын іске асыруға процестік кепілдіктер белгіленгенін айғақтайды, өйткені Мемлекет басшысының актілеріне (зандық күші бойынша заңдарға теңестірілген) түзетулер заң шығару қызметі үшін белгіленген талаптарға сай енгізілген. Олар Парламент туралы ҚР Конституциялық заңымен, Парламент және оның Палаталарының регламенттерімен, сондай-ақ басқа нормативтік құқықтық актілермен айқындалған.

1993 жылы қабылданған ҚР Конституциясының 64-бабының 12–15, 18 және 20-тармақтарымен көзделген мәселелер бойынша өзіне берілген қосымша өкілеттікті жүзеге асыру мерзімі ішінде шыққан Республика Президентінің Жарлықтары Республика Парламентінің бекітуіне жатпаған.

Президентке уақытша қосымша өкілеттік беру туралы ҚР Заңының 2-бабына сәйкес Президентке жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңестің бірінші сессиясының жұмысы басталғанға дейін және кейін бекіте отырып, қажет болған жағдайда:

Республиканың Жоғарғы және Жоғары Төрелік Сотын сайлау, төмен тұрған соттарды қалыптастыру тәртібін анықтау;

Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық банкі Төрағасын қызметке тағайындау;

Жоғарғы және Жоғары Төрелік Сотының төрағасы мен судьяларын, Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық банкі Төрағасын қызметтен босату;

¹ Қараңыз: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы ақпандағы ҚР Заңы.

халықаралық шарттарды ратификациялау және күшін жою;
соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешу құқығы берілген.

1995 жылғы ҚР Конституциясының қабылдануына және жаңа заң шығарушы орган – қос палаталы Парламенттің құрылуына байланысты көрсетілген мәселелер бойынша Президент актілерін одан әрі бекіту рәсімінен бас тартқан жөн деп шешілді.

Жалпы бұл шара Қазақстанның саяси тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етуге, халықаралық-құқықтық саясат пен практикадағы егеменді мемлекеттің алғашқы қадамдарына әлемдік қоғамдастықтың сенімін сақтауға және нығайтуға бағытталған болатын.

Сонымен қатар, 1995 жылғы Конституцияның қабылдануымен бұған дейін қызмет істеген Жоғары Төрелік Соты таратылып, Конституциялық Соттың орнына жаңа конституциялық бақылау органы – Конституциялық Кеңес, сондай-ақ құзыреті бұрынғы Жоғарғы Кеңестің құзыретінен мазмұнды түрде ерекшеленетін қос палаталы Парламент қалыптастырылды.

92.4. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген заңнама оған қайшы келмейтін бөлігінде Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкестендірілуі керек.

Осы норманы түсіндіру «Қазақстан Республикасы Конституциясы 92-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 15 маусымдағы № 8/2 қаулысында мазмұндалған, ол бойынша «сәйкес келтіру» ережесі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілердегі Конституцияға қайшы нормаларды осы актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, мұндай актілердің тұтастай немесе олардың жекелеген бөліктерінің күшін жою, сондай-ақ жаңа құқықтық актілерді қабылдау жолымен жою қажеттілігін білдіреді. Қолданылып жүрген заңдарды Конституцияға сәйкес келтіру үшін Конституция белгілеген екі жылдық мерзім құқық шығармашылық қызметін жүзеге асырушы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады. Аталған әрекеттерді белгіленген мерзімде орындамау Конституция нормаларын бұзу болып табылады. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген заңнама оған қайшы келмейтін бөлігінде оны конституциялық нормаларға сәйкес келтіргенге дейін өзінің заңдық күшін сақтайды.

Аталған конституциялық ереже Конституцияның заңнама жүйесіндегі жоғары заң күшімен айқындалады¹.

Конституцияның түсіндірме беріліп отырған бабы конституциялық заңдардың *Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде* (92-баптың 1-тармағы), «Конституцияда аталған» өзге заңдар – Парламент айқындаған тәртіппен және мерзімде, бірақ *Конституция күшіне енген күннен бастап екі жылдан кешіктірілмей* қабылдануға тиіс (92-баптың 2-тармағы).

¹ Құқықтық актілер туралы ҚР Заңының 13-бабы 1) тармақшасына сәйкес – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

Заңнаманы Конституцияға сәйкес келтіруге арналған екі жылдық мерзімді есептеу нүктесі *оның қабылданған күні* болып табылады, тиісінше белгіленген тәртіппен қабылданған барлық нормативтік құқықтық актілерге (конституциялық заңдар мен заңдарды қоспағанда) тиісті түзетулерді 1997 жылдың 30 тамызына дейін енгізу қажет болған.

Практика көрсеткендей, заңнаманы конституциялық нормаларға сәйкес келтіру, әсіресе, Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейінгі кезеңде өзекті болады.

Заңнаманы Конституцияға сәйкес келтіру үшін бұл жағдайда қандай да бір мерзім қарастырылмаған, бірақ құқық қолдану процесі кезінде Конституция мен өзге нормативтік құқықтық актілердің арасында қайшылықтар анықталған жағдайда конституциялық нормалар басымдыққа ие болады.

Конституцияның 4-бабының 2-тармағына сәйкес Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

Қажет болған жағдайда соттардың бастамасымен ғана емес (Конституцияның 78-бабы), Президенттің шешімі бойынша да (Конституцияның 44-бабы 10-1 тармақшасы) заң күшіне енген және қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің мазмұнына конституциялық бақылау тетігі іске қосылуы мүмкін.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесі үшін Президент Конституциялық Кеңеске *заң күшіне енген заңды немесе өзге құқықтық актіні* қарау туралы өтініш жолдауға құқылы.

93-бап

Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті.

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік тіл саясаты кезең-кезеңмен және жүйелі түрде іске асырылып келеді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы тамыз айындағы Ұлытау төріндегі сұхбатында мынадай ой айтады: «Мәселен, жұрттың ба-сынан соғып отырып, қазақ тіліне әкеліп, қантөгіс қылып, тәуелсіздіктен айырылу керек пе, әлде ептеп-ептеп амал қолданып, мәселемізді шешу керек пе? Әңгіме сонда. Ал таңдайық, қайсысын аламыз? Сондықтан мен бұл жерде де сабырлылық керек деп ойлаймын»¹. Негізгі Заңның 7

¹ Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: <http://www.akorda.kz>.

және 93-баптарының ережелерін іске асырудың конституциялық практикасы бейбіт жолмен, ақылмен және шыдамдылықпен сипатталады (*Конституцияның 7-бабына түсіндірмені де қараңыз*)

Мемлекеттік тіл саясаты ҚР Конституциясына, еліміздің дамуының ұзақ мерзімді стратегияларына, Қазақстанның ел бірлігі доктринасына, осы салада әрекет ететін тұжырымдамаларға, еліміздің заңдарына, Үкіметтің және басқа да орталық және жергілікті мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарының құқық қолдану актілеріне, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының шешімдеріне негізделеді. Осы маңызды істе қоғамның ғылыми, теориялық, идеологиялық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық ресурстарын біріктіретін басты құрал Республика Президенті ғана бекітетін Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазіргі таңда, ҚР Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әрекет етеді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымда қызмет етуін қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты. Бағдарламаның барлық іс-шаралары Конституцияның 7-бабына және ҚР КК 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысына қатаң сәйкестікте құрылған.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде мына мақсаттар көзделген: 1) мемлекеттік тіл – ұлттық бірліктің басты факторы; 2) мемлекеттік тілдің кең көлемде қолданылуын насихаттау; 3) дамыған тіл мәдениеті – интеллектуалды ұлт әлеуеті; 4) қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту. Жоғарыда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін негізгі төрт бағыт айқындалған: мемлекеттік тілді меңгеру; мемлекеттік тілді дәріптеу және қолданылу аясын кеңейту; қазақстандықтардың тілдік мәдениеті деңгейін көтеру; лингвистикалық капиталды дамытуға қолайлы жағдайлар жасау.

Бағдарлама 3 кезеңмен іске асырылады. Бірінші кезеңде (2011 – 2013 жылдар) тілдерді одан әрі дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық базасын жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар өткізілді. Екінші кезең (2014 – 2016 жылдар) аясында мемлекеттік тілді оқып-үйрену және қолдану саласында, сондай-ақ тілдік әралуандықты сақтауда жаңа стандарттар, технологиялар мен әдістерді енгізу жөніндегі практикалық шаралар кешенін іске асыру қарастырылады. Бағдарламаның үшінші кезеңінде (2017 – 2020 жылдар) мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесін бақылау тетіктерін енгізу жұмысын ұйымдастыру көзделеді.

Мемлекеттік тілді меңгерген («Қазтест» жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының тіл білу деңгейін бағалау жүйесіне сәйкес

емтихан тапсыру нәтижесі бойынша) тұрғындардың үлесі 2014 жылға қарай – 20%, 2017 жылға қарай – 80%, 2020 жылға қарай – 95%-ды құрауы тиіс. Аталған Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде басталған жұмыстардың логикалық жалғасы болады. Бұл кезеңде тілдік құрылыс стратегиясы мына үш бағытпен айқындалған: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау, Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту. Сондай-ақ осы кезеңде Мемлекет басшысының бастамасы бойынша «Тілдің үш тұғырлылығы» ұлттық мәдени жобасын іске асыру жұмысы басталды.

Бағдарламаны іске асыру қорытындысы Қазақстан Республикасында тіл құрылысының келешекпен сабақтас негізін қалады:

– мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымы елеулі түрде кеңейді: қазақ тілінде оқытатын балабақшалар – 1178 (2001 жылмен салыстырғанда 876-ға өскен), мектептер – 3821 (2001 жылмен салыстырғанда 173-ке артты), 101 мемлекеттік тілді оқыту орталығы құрылды;

– іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру процесі белсенділікпен іске асырылып келеді (мемлекеттік органдардағы қазақ тіліндегі құжаттардың үлес салмағы шамамен 67 %-ды құрайды);

– мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік базасы әзірлену үстінде (көп деңгейлі оқу-әдістемелік кешендер, жалпы таралымы 720 мың дана 10 түрлі сөздік, жалпы таралымы 260 мың дана екі және үш тілді 8 салалық сөздік жарық көрді);

– мемлекеттік тілді меңгеру процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында интернет-портал құрылып, тұрақты түрде жаңартылып отырады (сервистің 20-дан астам түрі, әлемнің 50 елін қамтитын белсенді тұтынушылар аудиториясы бар);

– мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметі нығаюда (мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) контентінде қазақ тіліндегі хабарлардың көлемі, сонымен қатар баспасөздегі мемлекеттік тілдің үлесі 50 %-дан жоғары);

– шетелде тұратын отандастармен мәдени байланыстарды дамыту және нығайту жөніндегі жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде;

– Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі құрылды (жалпы білім беретін 7100 мектептің 3755-і қазақ тілінде, 1256-і орыс тілінде, 14-і өзбек тілінде, 13-і ұйғыр тілінде, 3-і тәжік тілінде оқытады, 2059-ы - аралас мектептер; 9410 мектепке дейінгі білім беру мекемесінің 5928-і қазақ тілінде, 1416-ы орыс тілінде, екі тілде оқытатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны – 2058, 8-і басқа

тілдерде оқытады; этномәдени бірлестіктердің 190 жексенбілік мектебінде 30 этностық топ ана тілін үйренуде; Қазақстандағы 52 театрдың 3-і аралас тілде, 11-і орыс тілінде, 1-і - корей, 1-і - неміс, 1-і - өзбек және 1-і ұйғыр тілдерінде).

Осылайша, мемлекеттік тіл қазақстандықтардың рухани және ұлттық бірлігінің негізгі факторына айналды. Оны меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының борышы әрі міндеті, жеке бәсекеге қабілеттілігін және қоғамдық өмірге белсене ат салысуын айқындайтын түрткі болуы тиіс.

94-бап

1. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Конституция белгілеген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктеріне ие болады және оларды 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдумда қабылданған шешім бойынша белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Республика Президенті өкілеттігінің қазіргі мерзімі Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған Республика Парламентінің қаулысымен қысқартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент Мәжілісі бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындайды. Осы сайлаудың қорытындылары бойынша сайланған Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант береді және жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады.

94-баптың 1-тармағы 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес толықтырылды.

2. Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Вице-Президенті өзі сайланған мерзім аяқталғанға дейін өкілеттігін сақтайды.

94.1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевты 1991 жылдың 1 желтоқсанында алғаш рет бес жылдық мерзімге Қазақ КСР Президентін сайлау туралы Заңның негізінде бүкіл халық болып сайлады. 1991 жылдың 10 желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі

Президиумының «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысы туралы» 1991 жылғы 4 желтоқсандағы Қаулысына сәйкес салтанатты отырыста Республика жұртшылығының қатысуымен Н.Ә.Назарбаев ант қабылдады және лауазымына кірісті.

Аталған тарихи оқиғаның құрметіне мемлекеттік мереке – 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні енгізілді.

1995 жылғы 29 сәуірде Республикалық референдум өткізіліп, оған Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктерін 2000 жылға дейін ұзарту туралы мәселе шығарылды. Халықтың 94% астамы қатысқан, жаппай халықтық дауыс беру нәтижелері бойынша Республика Президентінің өкілеттілігі 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Республика Парламенті 1998 жылғы 7 қазанда Конституцияға Республика Президентінің өкілеттік мерзіміне қатысты өзгеріс енгізді, өкілеттікті 7 жылға дейін созды. Сол уақытта Парламент Республика Президенті Н.Ә.Назарбаевтың келісімімен 1999 жылғы 10 қаңтарда мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы шешім қабылдады. Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңына сәйкес Республика Президентін сайлау көрсетілген мерзімде жүргізілді. Сайлаушылардың басым көпшілігі жаңа 7 жылдық мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына Н.Ә.Назарбаевты таңдады. Сайлау қорытындылары бойынша сайланған Н.Ә.Назарбаев Конституцияның 42-бабының 1-тармағына сәйкес сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант беріп, лауазымына кірісті. Осы сәттен бастап Н.Ә.Назарбаев Республика Президентінің өкілеттігін жүзеге асыра бастады.

2005 жылы туындаған Президенттің кезекті сайлау күніне қатысты өткір пікірталасқа байланысты, Республика Парламенті депутаттарының тобы Конституциялық Кеңеске Конституцияның 41-бабының 1-тармағына және 94-бабының 1-тармағына түсіндірме беру және Конституцияның көрсетілген қандай нормалары басымдыққа ие екенін және тиісінше олардың қайсысын Республика Президентінің кезекті сайлау күнін белгілеу және Парламент Мәжілісінің сол күнді жариялауы кезінде басшылыққа алу керек екенін айқындау өтінішімен жүгінді.

Өтініш субъектісінің пікірі бойынша Конституцияда кезекті президенттік сайлауды өткізу мерзімдерін әртүрлі айқындайтын нормалардың болуы өтініш беруге негіз болды, атап айтқанда:

«Егер ҚР Конституциясының 41-бабының 1-тармағын басшылыққа алсақ, онда оны президенттік сайлаудың барлық жағдайы үшін ортақ норма ретінде бағалауға болады, онда осындай кезекті сайлаулар 2005 жылдың желтоқсан айының бірінші жексенбісінде өткізілуі тиіс, өйткені қазіргі мемлекет басшысы өкілеттіктерінің жеті жылдық мерзімі 2006 жылғы 20 қаңтарда күшін тоқтатады, яғни 7 жыл бұрын Қазақстан Президенті сайланған күні ант берді (ант беру сәті Конституцияның 42-бабының

1-тармағына сәйкес сайланған мемлекет басшысының лауазымға тағайындалу сәті болып табылады).

Егер Конституцияның сөзсіз бір рет қолданылатын нормасы болып табылатын, яғни 1999 жылғы 10 қаңтарда өткен сайлау қорытындылары бойынша сайланған, іс басындағы Мемлекет басшысының өкілеттік мерзімі өткеннен кейін кезекті президенттік сайлауға есептелген, 94-бабының 1-тармағына негізделсек, бұл жағдайда сайлауды 2006 жылғы желтоқсан айының бірінші жексенбісінде өткізу керек. Бұл ретте, іс басындағы Президент өкілеттігін жүзеге асыратын мерзім 7 жылға және 11 айдан астамға тең болады, мұны Конституцияның 41-бабы талаптарының мәнмәтінінде президенттік өкілеттіктердің жеті жылдық конституциялық мерзімін сақтамау ретінде бағалауға болады».

Конституциялық Кеңес мынадай ресми түсіндірме берді: «Конституцияның 94-бабының 1-тармағының ережесі жүгіну мәніне қолданылады, осылайша Республика Президенті сайлауының нақты жағдайында Негізгі Заңның 41-бабының 1 және 3-тармақтарын іске асыру үшін қызмет ететіндігін түсіну керек. Көрсетілген конституциялық нормаларды олардың жиынтығында қолдану қажет. Конституцияның 94-бабының 1-тармағының және 41-бабының 1 және 3-тармақтарының мағынасына сүйене отырып, Республика Президентінің кезекті сайлауы 2005 жылдың желтоқсан айының бірінші жексенбісінде өткізілуі тиіс»¹.

Конституциялық Кеңес осы шешімді шығарғаннан кейін Мемлекет басшысының кезекті сайлауын Парламенттің Мәжілісі 2005 жылғы 4 желтоқсанға жариялады.

94.2. Конституцияның осы бабының 2-тармағы Республика Президентімен бірге сайланған Республиканың Вице-Президентінің өкілеттіктерін сақтаудың уақытша мерзімдерін белгілейді.

Қазақ КСР Президентінің сайлауы туралы Заңға сәйкес Вице-Президент Республика Президентімен бірге 5 жыл мерзімге сайланған. 1993 жылы ҚР Конституциясының өтпелі ережелерінің 10-бабында «Конституция күшіне енгенге дейін қолданыста болған Қазақ КСР заңнамасына сәйкес сайланған Республика Вице-Президенті өз өкілеттіктерін кезекті президенттік сайлауға дейін сақтайтындығы» көзделген болатын. Өйткені, кезекті президенттік сайлау болмаған, ал Республика Президентінің өкілеттігі Республика референдумымен 2000 жылға дейін ұзартылды, онда Вице-Президенттің өкілеттігі 1996 жылғы 1 желтоқсанда тоқтатылуы тиіс болатын. Алайда, 1995 жылғы жаңа Конституцияда Вице-Президент посты көзделмегендіктен, онда Вице-Президент өкілеттігі мәні бойынша жаңа Негізгі Заң күшіне енген сәттен бастап тоқтатылды.

¹ «Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 1 және 3-тармақтарын және 94-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК-нің 2005 жылғы 19 тамыздағы № 5 қаулысы.

94-1-бап

Конституцияның 41-бабы 1-тармағының Республика Президентінің өкілеттік мерзімін белгілейтін ережесі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлауда сайланған Республика Президентінің жеті жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылатын болады.

94-бап 2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңына сәйкес 1-тармақпен толықтырылды

Республика Президентінің өкілеттілік мерзімін айқындайтын Конституцияның 41-бабы 1-тармағының ережесі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлауда сайланған Республика Президентінің жеті жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылады.

2007 жылғы 21 мамырдағы ҚР Заңымен президенттік мандат мерзімі жеті жылдықтан бес жылдыққа қысқартылды. Өкілеттіктің жаңа бесжылдық мерзімі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы сайлауда сайланған Республика Президентінің жеті жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылады.

Кейіннен (2011 және 2015 жылдары) Қазақстан Республикасының Президенті бес жыл мерзімге сайланды.

95-бап

1. Бірінші сайланған Сенат депутаттарының жартысы төрт жыл мерзімге, депутаттардың екінші жартысы екі жыл мерзімге конституциялық заңмен белгіленген тәртіппен сайланады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Мәжілісі депутаттарын партиялық тізімдер негізінде сайлау туралы ережелері екінші шақырылатын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап қолданылады.

95-бап 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңына сәйкес 2-тармақпен толықтырылды.

95.1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау тәртібі Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының 69-84-баптарды қамтитын 11-тарауында айқындалған. Сенатқа бірінші сайлау Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 2 қазандағы

Жарлығымен 1995 жылғы 5 желтоқсанға тағайындалды. Сайлауға келесі талаптарға жауап беруге тиісті таңдаушылар қатысты: олар Қазақстан Республикасының азаматы, облыстық, қалалық (Алматы мен Астана қалаларының), аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттары болуға тиіс; әрбір таңдаушы Сенат депутаттарының сайлауы кезінде бір дауысқа ие. Ресми кандидаттар болу құқығына 62 адам үміттенді: 44 адамның кандидатурасы мәслихаттар сессияларында ұсынылды, 18 адам өзін-өзі ұсынды: тіркеу кезеңінде 1995 жылғы 26 қазаннан бастап 15 қарашаға дейінгі кезеңде 49 кандидат тіркелді.

Сенаттың бірінші шақырылымы таңдаушылардың – барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының Сенат депутаттарының 2 мандаты бойынша жеке дауыс беру қорытындылары негізінде қалыптастырылды. Аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттардың атын 2 бюллетеньге алфавит бойынша мүмкіндігінше бірдей мөлшерде енгізді. Егер ресми тіркелген кандидаттар саны тақ болса, онда бірінші бюллетеньде бір кандидатқа артық болды. Әрбір таңдаушы қолына 2 бюллетеньнен алды және ол сайлау кабинасында әрбір бюллетеньде артық көрген кандидаттың біреуінің тегін қалдыруға тиіс болды, қалған кандидаттардың тегін ол сызып тастауға тиіс болды. Дауыс беру қорытындылары жеке әрбір мандат бойынша дауыстарды санап, Сенат депутаттарының 2 мандаты бойынша жеке-жеке анықтады. Кандидат, егер ол дауыс берудің бірінші турында дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың жалпы санынан кем дегенде 50 пайызын алса, сайланған болып есептелді. Егер бірінші турда ешкім дауыстардың кем дегенде 50 пайызын алмаса, дауыстардың көпшілігін алған 2 кандидат бойынша қайта сайлау тағайындалады: дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың жалпы санынан дауыстардың кем дегенде 40 пайызын алғаны жеңімпаз болып саналады.

Дауыс берудің қорытындысын шығарған кезде 2 кандидат Сенат депутаты болып шығады: бірінші шақырылған 4 жыл мерзімдегі Сенат депутаты депутаттар-таңдаушылардың көбірек дауыстар санын алған депутат болды; басқа депутат 2 жылға сайланған бірінші шақырылған Сенат депутаты болып шықты. Егер 2 депутатқа да берілген дауыстар саны тең болса, олардың әрбірінің өкілеттік мерзімін жеребе шешті. Осылайша, 1995 жылғы 5 желтоқсанда өткен және 1996 жылғы 31 қаңтарда өткен қайта сайлаудағы (Көкшетау және Семей облыстары бойынша) сайлау нәтижелері бойынша Парламент Сенатының 40 депутаты сайланды; 7 депутат Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы Жарлығымен тағайындалды.

Келесі шақырылатын Сенат депутаттарын сайлау қолданыстағы ҚР Конституциясының 51-бабы 2-тармағында айқындалады, оның мәні «Сенат депутаттарын сайлау жасырын дауыс беру арқылы жанама сайлау құқығының негізінде жүзеге асырылатынында» және «Сенаттың сайлау

натын депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланатынында».

ҚР Конституциясының 50-бабы 5-тармағында сайланған Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімдері 6 жыл деп белгіленген, ал Конституцияның 51-бабы 2-тармағында сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайлануы тиіс екендігі қарастырылған. 50-баптың 5-тармағы бойынша алты жылдық мерзімге қатысты бұл норма екінші шақырылған Сенат депутаттарына қолданылатынын атап өту қажет. Конституцияның 51-бабы 2-тармағына сәйкес 1997 жылғы қазанда сайланған Парламент Сенаты депутаттарының жартысын қайта сайлау 2-ші шақырылған Парламент құрамында олардың өкілеттігінің 3 жылдық мерзімі аяқталғанға дейін 2 ай ішінде өтуге тиіс. ҚР Конституциясының 95-бабы 1-тармағы ереже түрінде «бірінші сайланған Сенат депутаттарының жартысы төрт жыл мерзімге, депутаттардың екінші жартысы екі жыл мерзімге конституциялық заңмен белгіленген тәртіппен сайланады» деп, тек бірінші шақырылған Парламент Сенатының сайланған депутаттарының өкілеттік мерзімін белгілейді». Бұл жерде келтірілген пікірлер «Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабы 5-тармағын, 51-бабы 2-тармағын 95-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК жылғы 1999 жылғы 29 қарашадағы № 24/2 қаулысынан келіп шығады, ол 1999 жылғы 25 қарашада Парламент Сенаты Төрағасының Конституцияның бірқатар баптарына, соның ішінде ҚР Конституциясының 95-бабы 1-тармағына ресми түсіндірме беру туралы Конституциялық Кеңеске жіберген өтінішіне байланысты қабылданды.

Көріп отырғанымыздай, еліміздің Парламенті Сенаты әрбір үш жылда жартылай жаңартылады. Мұндай алмастыру бір жағынан Сенат депутаттары қызметінің сабақтастығын, басқа жағынан тың бастамалар, жобалар ендіре алатын жаңа күштерді, жаңа депутаттарды тартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай жаңару Сенаттың уақыттың жаңа тегеурінді талаптарын қарсы алуға әрқашан дайын болуына және назар аударуына мүмкіндік туғызады.

Осы уақытта Парламент Сенатында 47 депутат бар (32 сайланатын сенатор және 15 – Республика Президенті тағайындайтын).

95.2. Бірінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары бір мандатты сайлау округтерінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланғанын атап өту қажет. Мәжіліске бірінші сайлау ҚР Президентінің 1995 жылғы 2 қазандағы Жарлығымен 1995 жылғы 9 желтоқсанға тағайындалды. Бұл сайлауда 67 депутат сайланды. Мәжілістің екінші шақырылымы 1999 жылғы 10 қазанда мажоритарлық жүйе негізінде сайланды (67 депутаттық орын бір мандатты округтер бойынша және пропорционалдық жүйе негізінде сайланды: партиялық тізімдер бойынша таңдалатындар үшін 10 депутаттық орын бөлінді). Осылайша екінші

шақырылған Мәжілісте 77 депутат болды. Олар ресми тіркелген 67 бір мандатты округ бойынша 547 кандидаттың, саяси партиялардан – 113 кандидаттың («Отан» партиясы, Қазақстанның Коммунистік партиясы, Қазақстанның Аграрлық партиясы, Қазақстанның Азаматтық партиясы, басқа партиялар), 354 өзін-өзі ұсынғандардың ішінен сайланды. Бір мандатты сайлау округтері бойынша, дауыс беруге қатысқандардың жалпы санынан сайлаушылар даусының 50 пайызын алған кандидат сайланған болып есептеледі.

Тиісті партиялық тізімдерге енгізілген Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар еліміздің бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша дауысқа түсті. Облыстық сайлау комиссияларының, Астана мен Алматы қалалық сайлау комиссияларының хаттамаларында жазылған өткен сайлаулардағы дауыстарды санау нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы тиісті партиялық тізімдерге дауыс берген ел бойынша сайлаушылар дауыстарының жалпы санын анықтады. Партиялар бойынша қорытынды деректер мынадай: «Отан» республикалық саяси партиясына 1 622 895 сайлаушы немесе дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санынан 30,89 пайыз дауыс берді; Қазақстанның Коммунистік партиясына 932 549 сайлаушы немесе 17,75 пайыз дауыс берді; Қазақстанның Аграрлық партиясына 663 351 сайлаушы немесе 12,63 пайыз дауыс берді; Қазақстанның Азаматтық партиясына 590 184 сайлаушы немесе 11,23 пайыз дауыс берді. Осы көрсеткіштердің негізінде «Отан» партиясынан 4 адам депутат болды, Қазақстанның Коммунистік партиясынан – 2, Қазақстанның Аграрлық партиясынан – 2, Қазақстанның Азаматтық партиясынан – 2 (жалпы – 10 адам). Қалған 6 партия – Қазақстанның Ұлттық конгресі партиясы, Қазақстанның даму партиясы, Қазақстанның «Азамат» демократиялық партиясы, «Алаш» ұлттық партиясы, Республикалық саяси еңбек партиясы Парламент Мәжілісіне кірмеді, өйткені дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы санынан жеті және одан артық пайыз дауысын ала алмады.

Жеті пайыздық кедергі туралы норма «Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1999 жылғы 6 мамырдағы ҚР Конституциялық заңында қабылданды. Бұл норма қазіргі қолданыстағы сайлау туралы ҚР Конституциялық заңының мәтініне қосымша 97-1-бап ретінде енгізілді.

2007 жылдан бастап Парламент Мәжілісінің депутаттық корпусы пропорционалдық сайлау жүйесінің негізінде қалыптасады, оның мәні еліміздің барлық электоратының партиялық тізімдер бойынша 98 депутаттық орынды толтыру үшін дауыс беруінде болып отыр; 9 депутаттық орынды Қазақстан халқы Ассамблеясында дауыс беру қорытындылары бойынша депутаттар иеленеді. Саяси партиялар мен Ассамблея өкілдері 2007 жылғы және 2012, 2016 жылдардағы сайлау науқандары кезеңінде

Парламент Мәжілісінің 107 депутаттық орнына үміткер болды. 2012 және 2016 жылдардағы сайлау науқандары Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттық корпусында көп партиялыққа әкелді.

96-бап

Конституция күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті онда белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтарына, міндеттері мен жауапкершілігіне ие болады.

Өтпелі кезеңдерде атқарушы билік органдарының тұрақты жұмыс істеуі үлкен маңызға ие, өйткені экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да салаларды басқару үдерісі үздіксіз болуы тиіс.

Осы бап 1993 жылғы Конституцияға сәйкес құрылған Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің үздіксіз жұмыс істеуін, сабақтастығын және бірқалыптылықпен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ауысуын қамтамасыз етті.

Атқарушы билік органының атауын өзгерткеннен басқа, 1995 жылғы Конституция Үкіметтің мәртебесін: оны құрудың тәртібін, құзыретін, Үкіметтің Президентке және Парламентке есеп беруін және бақылауына алынғанын, жоғары мемлекеттік органдар жүйесінде өзара қарым-қатынас жасауының негізін айтарлықтай өзгертті.

Түсіндірме беріліп отырған бап өтпелі кезеңде Үкіметтің сабақтастығын және заңдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

97-бап

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің бірінші құрамы былайша құрылады: Республика Президенті, Парламент Сенатының Төрағасы мен Парламент Мәжілісінің Төрағасы Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір-бірден үш жыл мерзімге, ал Конституциялық Кеңестің мүшелерінен бір-бірден алты жыл мерзімге тағайындайды, Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республика Президенті алты жыл мерзімге тағайындайды.

Конституциялық Кеңестің бірінші құрамы 1996 жылғы ақпанда жасақталды. Қазақстан Республикасы Президенті Конституциялық Кеңестің Төрағасы етіп Ю.А.Кимді, Конституциялық Кеңестің мүшелері етіп – В.В.Мамоновты және С.Н.Сәбікеновті тағайындады, Парла-

мент Сенатының Төрағасы Конституциялық Кеңестің мүшелері етіп Н.И.Ақуевті және С.Ғ. Темірболатовты, Парламент Мәжілісінің Төрағасы – О.Қ.Ықсановты және В.Д.Шопинді тағайындады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 71-бабы 3-тармағының екінші абзацының нормасын ресми түсіндіру туралы» ҚР КК 2011 жылғы 16 наурыздағы № 3 Нормативтік қаулысында ҚР Конституциясының 71-бабының нормаларымен ҚР Конституциялық Кеңесінің құрамы; мандатының ұзақтығы және Төрағасы мен мүшелерін тағайындау тәртібі; оларға қойылатын талаптар және қызметінің кепілдіктері айқындалған деп көрсетілген.

Негізгі Заңның осы бабының 3-тармағы екінші абзацында Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады деп көзделген. Конституциялық Кеңестің мүшелерін алмастыру конституциялық бақылау органының қызметіндегі ауыспалылық пен сабақтастықтың оңтайлы үйлесімдігіне қол жеткізудің бір құралы болып табылады. Конституцияның 71-бабы 3-тармағы екінші абзацының талабын ескере отырып, Конституциялық Кеңес мүшелерінің мерзіммен тағайындалуын, бұл мемлекеттік органның құрамдары ауысуының кезеңділігі, қажетті жағдайларда, белгіленуі мүмкін деп түсінген жөн.

Бұл мақсатта Конституцияның «Қорытынды және өтпелі ережелер» деп аталатын IX бөлімінің 97-бабына Конституциялық Кеңес құрамының жартысы үш жылға, екінші жартысы – алты жылға тағайындалатын рәсім енгізіліп, бірінші құрамды қалыптастыру кезінде ол жүзеге асырылған.

Конституцияның 97-бабының ережесі конституциялық құрылыстың қазақстандық тәжірибесіне сәйкес конституциялық бақылау институтын түрлендіру мақсатында бір рет пайдаланылды. Конституциялық Кеңестің кейінгі мүшелерін тағайындау Конституцияның 71-бабы 3-тармағына сәйкес жүргізілуде.

1996–2017 жж. қызмет атқару аралығында Конституциялық Кеңестің құрамы сегіз рет жаңартылды.

98-бап

1. Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде құрылады. Олар құрылғанға дейін жұмыс істеп тұрған сот төрелігі мен тергеу органдары өз өкілеттіктерін сақтайды.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының және Жоғары Төрелік Сотының, жергілікті соттардың судьялары Конституцияда көзделген соттар құрылғанға дейін өз өкілеттіктерін сақтайды. Судьялардың бос орындары Конституцияда белгіленген тәртіппен толықтырылады.

98.1. Конституцияда көзделген сот төрелігі мен тергеу органдары тиісті заңдарда көзделген тәртіп пен мерзімде құрылады. Олар құрылғанға дейін жұмыс істеп тұрған сот төрелігі мен тергеу органдары өз өкілеттіктерін сақтайды.

1993 жылғы Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында сот билігі Конституциялық Сотқа, Жоғарғы Сотқа, Жоғары Төрелік Сотқа және заңмен құрылатын төмен тұрған соттарға тиесілі болды. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасының Конституциясын қорғайтын сот билігінің жоғары органы болып табылды, ал Жоғарғы Сот, Жоғары Төрелік Сот өз құзыретіндегі мәселелер бойынша сот билігінің жоғары органдары болды, сонымен бірге төмен тұрған соттарға сот қадағалауын жүзеге асырды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі конституциялық заңдармен, ал соттардың қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі – заңмен белгіленді.

1995 жылғы Конституция нормаларына сәйкес соттарды құру үшін тиісті заңдарды, ал олардың құқықтық мәртебесін анықтау үшін конституциялық заң қабылдау қажет болды, себебі Республиканың Жоғарғы Соты және жергілікті соттар заңмен, ал Республиканың сот жүйесі Конституциямен және конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 75-бабының 3 және 4-тармақтары).

Осылайша, сот құрылымының жаңа жүйесіне ауысуды жүзеге асыру үшін көрсетілген заңнамалық актілер мен тиісті құқық қолдану актілері қажет болды, сол себепті біраз уақыт бойы сот төрелігі мен тергеу органдарының өкілеттіктері сақталды.

Көрсетілген конституциялық тұжырымда соттар туралы ғана емес, тергеу органдары туралы айтылады, оның себебі 1995 жылғы Конституцияға сәйкес (2007 жылғы редакциясына дейін) анықтау мен тергеу органдарының конституциялық мәртебесі болған.

2007 жылғы 21 мамырдағы Заңға сәйкес алынып тасталған Конституцияның 84-бабында, атап айтқанда, «Қылмыстық істер бойынша анықтау мен алдын ала тергеуді арнаулы органдар жүзеге асырады және бұлар сот пен прокуратурадан бөлінген. Анықтама жүргізу, тергеу органдарының өкілеттігі, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, Қазақстан Республикасындағы жедел-іздістіру қызметінің мәселелері заңмен реттеліп отырады» деп айқындалған.

98.2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының және Жоғары Төрелік Сотының, жергілікті соттардың судьялары өз өкілеттіктерін Конституцияда көзделген соттар қалыптастырылғанға дейін сақтаған.

Судьялардың өкілеттіктерін сақтау Республиканың жаңартылған сот жүйесінің қалыптасуы және жұмыс істеуінің құқықтық базасын құру қажеттігімен байланысты болды.

Республика Конституциясы (алғашқы редакциясында) соттарды ауыстырудың мына тәртібін көздеген:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын, алқаларының төрағаларын және *Жоғарғы Соттың судьяларын* Республиканың Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларын, алқаларының төрағаларын және *облыстық соттар мен оларға теңестірілген соттардың судьяларын*, Республиканың Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республиканың басқа *соттарының төрағалары мен судьяларын* Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген Әділет министрінің ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды (82-баптың 1,2,3-тармақтары).

2007 жылғы конституциялық реформаға сәйкес Сенаттың қарауынан Жоғарғы Сот алқаларының төрағаларын сайлау өкілеттігі¹ алынып тасталған және Республиканың жергілікті және басқа соттарының төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Президент тағайындайтын бірыңғай тәртіп белгіленді.

Бастапқыда «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» 1995 жылғы 20 желтоқсандағы ҚР Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығы қолданыста болған, ол 1996 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Онда сот жүйесін Республиканың Жоғарғы Сотының және жергілікті соттарының (облыстық және оларға теңестірілген (Алматы қалалық соты, Қазақстан Республикасы Әскерінің әскери соты), аудандық (қалалық), әскери сот) құрамында құруды көздеген. Бұдан бөлек, аудандық (қалалық) сот мәртебесімен шаруашылық, салық, отбасылық, кәмелетке толмағандар ісі бойынша, әкімшілік және басқа мамандандырылған соттарды құруға болатын.

Тұрақты судьялардан тұратын соттардың құрылуына байланысты жоғарыда аталған Жарлық күшіне енгенге дейін сайланған және тағайындалған Республиканың барлық соттарының судьяларын Әділет министрі мен Жоғарғы Сот Төрағасының бірлескен шешімімен құрылған комиссия Әділет министрі белгілеген мерзім ішінде аттестациядан өткізуі тиіс болған. Сонымен бір мезгілде жаңа процестік кодекстер қабылданғанға дейін процестік заңнаманың қолданысын сақтау қажет деп танылды.

Президенттің 1995 жылғы 19 қазандағы конституциялық заң күші бар Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы», «Қазақстан Республикасындағы Конституциялық сот ісін жүргізу

¹ Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларын, сондай-ақ жергілікті және өзге соттардың төрағаларын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы және Жоғарғы Соттың Жалпы отырысының шешімі негізінде Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесімен Республика Президенті бес жыл мерзімге тағайындайды. Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы ҚР Конституциялық заңының 31-бабы 3-тармағын қараңыз (2008 жылғы 17 қарашадағы редакциясы).

туралы» заңдардың, сондай-ақ басқа нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылды.

Сонымен бірге сот жүйесі туралы конституциялық заң мен жаңа процестік заңнама қабылданғанға дейін Президенттің «Қазақстан Республикасының соттары туралы» 1995 жылғы 20 қазандағы, «Қазақстан Республикасының төмен тұрған соттарын қалыптастыру тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурыздағы заң күші бар жарлықтары қолданыста болған.

Конституция баптарына түсіндірмелердің авторлары:

Айтқожин Қабдулсамих Көшекұлы, Д.А.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының профессоры, заң ғылымдарының докторы;

Артемяева Елена Анатольевна, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Аппаратының бас консультанты;

Арутюнян Гагик Гарушевич, Армения Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, заң ғылымдарының докторы, Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Еуропа комиссиясының (Венеция комиссиясы) мүшесі;

Асанов Жақып Қажманұлы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасының бұрынғы Бас Прокуроры;

Әбдірахманов Қайрат Құдайбергенұлы, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі;

Әбішев Хабылсаят Әзімбайұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, Бас Прокурордың аға көмекшісі – Бас Прокурордың Қазақстан Республикасы Парламентіндегі өкілі, заң ғылымдарының кандидаты, профессор;

Әлібаева Гүлнар Айтжанқызы, Д.А.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының ғылыми-зерттеу жұмысы және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Байбек Бауыржан Қыдырғалиұлы, Алматы қаласының әкімі, саяси ғылымдардың кандидаты;

Байдельдинов Дәулет Лайықұлы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Балтабаев Қуаныш Жетпісұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Бекетаев Марат Бақытжанұлы, Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

Белоруков Николай Васильевич, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі;

Біртанов Елжан Амантайұлы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі;

Бычкова Светлана Федоровна, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Вельчев Борис, Болгария Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы, құқық докторы, профессор;

Дауылбаев Асхат Қайзоллаұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты;

Дәуленов Мирас Мұхтарұлы, «Университет КАЗГЮУ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, С. Зиманов атындағы іргелі және қолданбалы ғылымдар академиясының директоры, PhD докторы;

Донақов Талғат Советбекұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты;

Дүйсенов Еркін Ерманұлы, Д.А. Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының профессоры, заң ғылымдарының докторы;

Дүйсенова Тамара Босымбекқызы, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, экономика ғылымдарының кандидаты;

Ермекбаев Нұрлан Байұзақұлы, Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі, саяси ғылымдар кандидаты;

Жайылғанова Анар Нұралықызы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты;

Жақаева Лейла Сұлтанқызы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Жоғарғы сот Аппаратының) Талдау және жоспарлау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Жалаири Өмірәлі Шакарапұлы, Д.А. Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Жанұзақова Лейла Телманқызы, «Тұран» Университетінің Құқық институты директорының орынбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Жұмақанов Владимир Зейноллаұлы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекишісі – Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы;

Имашев Берік Мәжитұлы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, заң ғылымдарының кандидаты;

Исекешев Әсет Өрентайұлы, Астана қаласының әкімі;

Қасымбеков Махмұд Базарқұлұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы, саяси ғылымдар докторы, профессор;

Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі;

Қаудыров Төлеш Ерденұлы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Қожамжаров Қайрат Пернешұлы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бұрынғы төрағасы;

Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары, заң ғылымдарының докторы;

Малиновский Виктор Александрович, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының докторы;

Мәми Қайрат Әбдіразақұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Меркель Иоган Давидович, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі;

Мұқашев Рахмет Желдібайұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты;

Мұхамедиұлы Арыстанбек, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі, өнертану докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері;

Мұхамеджанов Бауыржан Әлімұлы, Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Латвия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарады, заң ғылымдарының докторы;

Мыңбай Дархан Қамзабекұлы, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – Хатишылығының меңгерушісі;

Назарбаева Дариға Нұрсұлтанқызы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының директоры, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы, саяси ғылымдар докторы;

Нәрікбаев Талғат Мақсұтұлы, «Университет КАЗГЮУ» АҚ ректоры, заң ғылымдарының кандидаты;

Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, саяси ғылымдар докторы;

Нұрмағамбетов Аманжол Мағзұмұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері;

Нұрмұханов Бақыт Маратұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Аппаратының басшысы, заң ғылымдарының кандидаты;

Папуашвили Георгий Нугзарович, Грузияның Конституциялық Сотының бұрынғы Төрағасы;

Рақышева Әлия Ғалымжанқызы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік – құқық бөлімінің меңгерушісі;

Рогов Игорь Иванович, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры Атқарушы директорының орынбасары, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері;

публикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы Төрағасы, Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Еуропа комиссиясының (Венеция комиссиясы) мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Сәбікенов Салахидден Нұрсарыұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры;

Сәбитова Айнұр Әлімханқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Сәрсембаев Марат Алдоңғарұлы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының бұрынғы мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Сартаев Сұлтан Сартайұлы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры;

Смолин Анатолий Сергеевич, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы;

Стамқұлов Ұбайдолла Мырзағалиұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің бұрынғы мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері;

Темірбеков Әлібек Ақылбекұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының докторы;

Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, саяси ғылымдар докторы;

Ударцев Сергей Федорович, «Университет КАЗГЮУ» АҚ Құқықтық саясат және конституциялық заңнама ҒЗИ директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Федотова Зинаида Леонтьевна, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;

Хабриева Талия Ярулловна, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, Ресей Ғылым Академиясының академигі;

Шәкіров Асқар Оразалыұлы, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, заң ғылымдарының кандидаты;

Шапақ Унзила, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Шәріпова Зәуре Тұрлыбекқызы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Аппараты Талдау бөлімінің басшысы.

МАЗМҰНЫ

Қабылданған қысқартулар	5
Оқырманға	13
Кіріспе	16
Преамбуласы	19
I Бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	21
1-бап	22
2-бап	25
3-бап	39
4-бап	42
5-бап	64
6-бап	83
7-бап	89
8-бап	93
9-бап	95
II Бөлім. АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ	97
10-бап	98
11-бап	109
12-бап	114
13-бап	121
14-бап	130
15-бап	133
16-бап	136
17-бап	145
18-бап	150
19-бап	164
20-бап	171
21-бап	180
22-бап	185
23-бап	187
24-бап	193

25-бап	215
26-бап	221
27-бап	227
28-бап	240
29-бап	245
30-бап	251
31-бап	255
32-бап	257
33-бап	265
34-бап	270
35-бап	272
36-бап	275
37-бап	280
38-бап	285
39-бап	287
III Бөлім. ПРЕЗИДЕНТ	293
40-бап	294
41-бап	301
42-бап	307
43-бап	310
44-бап	310
45-бап	358
46-бап	365
47-бап	373
48-бап	377
IV Бөлім. ПАРЛАМЕНТ	379
49-бап	380
50-бап	382
51-бап	386
52-бап	392
53-бап	396
54-бап	404
55-бап	414
56-бап	417
57-бап	421
58-бап	429
59-бап	436
60-бап	442
61-бап	446

62-бап	461
63-бап	469
V Бөлім. ҮКІМЕТ	473
64-бап	474
65-бап	477
66-бап	479
67-бап	483
68-бап	484
69-бап	485
70-бап	486
VI Бөлім. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС	489
71-бап	490
72-бап	497
73-бап	506
74-бап	509
VII Бөлім. СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ	513
75-бап	514
76-бап	522
77-бап	526
78-бап	537
79-бап	541
80-бап	547
81-бап	550
82-бап	554
83-бап	559
84-бап	566
VIII Бөлім. ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ	567
85-бап	568
86-бап	575
87-бап	584
88-бап	604
89-бап	607
IX Бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР	623
90-бап	624
91-бап	627
92-бап	633

93-бап	638
94-бап	641
94-1-бап	644
95-бап	644
96-бап	648
97-бап	648
98-бап	649
Конституция баптарына түсіндірмелердің авторлары	653

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры
Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ.
Ғылыми-практикалық түсіндірме**

Ғылыми-практикалық түсіндірме Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы 2014 жылғы 29 сәуірдегі Қарыз туралы № 8361-KZ келісім шеңберінде Сот төрелігі секторын институционалдық нығайту жобасының қолдауымен әзірленді және шығарылды¹.

¹ Осы жарияланым Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі іріктеп алған сарапшылар тобы жұмысының нәтижесі. Онда мазмұндалған тұжырымдар, түсініктер және қорытындылар Дүниежүзілік Банктің атқарушы директорларының немесе олар ұсынып отырған үкіметтердің пікірлерін білдірмеуі мүмкін. Дүниежүзілік Банк осы жарияланымда келтірілген деректердің дәлмедәл екендігіне кепілдік бермейді.

Басуға 14.03.2018 ж. қол қойылды. Қалыбы 70x100 $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы 53,95.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 3285.

Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41

ISBN 978-601-06-4945-3



9 786010 649453

